**Аннотация.** Мақалада балалар мен жасөспірімдердегі суицидтік бағыттағы аутоагрессивті мінез-құлықтың қауіпті факторларын талдауды ескере отырып, кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу мәселесіне теориялық шолу берілген. Баланың аутодеструктивті мінез-құлқының жіктелуі, сондай-ақ суицидтік бағыттағы балалар мен жасөспірімдердің аутоагрессивті мінез-құлқының тәуекелдерін факторлық талдау ұсынылған.

**Кілт сөздер.** Агрессивті, аутоагрессивті мінез-құлық; алдын алу; балалар мен жасөспірімдер; суицидтік мінез-құлық; әлеуметтік тәуекелдер.

**Аннотация.** В статье представлен теоретический обзор проблемы профилактики суицидального поведения несовершеннолетних с учетом анализа рискогенных факторов аутоагрессивного поведения суицидальной направленности у детей и подростков. Представлена классификация аутодеструктивного поведения ребенка, а также факторных анализ рисков аутоагрессивного поведения детей и подростков суицидальной направленности.

**Ключевые слова.** Агрессивное, аутоагрессивное поведение; профилактика; дети и подростки; суицидальное поведение; социальные риски.

**Annotation.** The article presents a theoretical overview of the problem of prevention of suicidal behavior of minors, taking into account the analysis of risk factors of autoaggressive behavior of suicidal orientation in children and adolescents. The classification of the child's auto-destructive behavior is presented, as well as factor analysis of the risks of auto-aggressive behavior of suicidal children and adolescents.

**Keywords.** Aggressive, auto-aggressive behavior; prevention; children and adolescents; suicidal behavior; social risks.

Психолого-педагогические исследования, проводимые специалистами, работающими с семьями и с несовершеннолетними, направлены на изучение проблемы диагностики, профилактики и коррекции девиантного поведения. Большую значимость играет выбор методологии обоснования технологии профилактики аутоагрессивного поведения суицидальной направленности у детей и подростков.

Отметим, что в процессе формирования личности в период детства одним из ключевых направлений работы специалистов педагогического, психологического, социального, медицинского профилей является применение технологий сопровождения процессов развития ценностей, системы отношений, личностных качеств и паттернов поведения, способствующих успешной социализации и адаптации в социуме.

В процессе воспитания, развития, социализации и культуры личности несовершеннолетнего семья, образовательные, социальные организации создают условия для формирования системы ценностей, необходимых для гармоничного взросления. К таким ценностям могут быть отнесены следующие: человек, семья, природа, Родина, жизнь, здоровье, труд, дружба и многие другие. Формирование ценности жизни и здоровья, в том числе, занимает длительное время, требует планомерной и систематической педагогической

деятельности со стороны родителей (законных представителей), институциональных учреждений.

В процессе воспитания и социализации необходимо учитывать причины и факторы, способствующие формированию неадаптивного, ненормативного, нежелательного поведения. Девиантное поведение в подростковом возрасте характеризуется устойчивостью и продолжительностью. К таким формам может быть отнесено агрессивное поведение несовершеннолетнего, включая суицидальную направленность. Оно характеризуется кумулятивностью и направленностью на себя (аутоагрессия) или другого (агрессия).

К факторам стресс-диатеза авторы относят:

- 1) отягощенную наследственность,
- 2) особенности личностного развития,
- 3) характерологические особенности,
- 4) психические расстройства,
- 5) отсутствие социальной поддержки,
- 6) наличие или отсутствие религиозных убеждений,
- 7) употребление алкоголя и других психоактивных веществ,
- 8) соматические заболевания.

Следует обратить внимание, что, говоря о рисках суицидального поведения среди детей и подростков, специалисты психолого-педагогического и социального профилей осуществляют профилактическую работу на первичном, вторичном и третичном уровнях. Подчеркнем, что суицид – основная причина смерти у сегодняшней молодежи; как правило, суицид не происходит без предупреждения; суицид можно предотвратить. В основе профилактики лежит формирование и развитие такого личного качества как жизнестойкость, включающего такие компоненты как физическую, психологическую и социальную устойчивость [2]. Важным аспектом, на наш взгляд, является и выработка моделей асертивного поведения.

Суицидальное поведение рассматривается как самостоятельная форма поведения, ключевым располагающим фактором которого является суицидальный диатез (или стресс-диатез). Классическое определение суицида, сформулированное Эмилем Дюркгеймом в 1897 году. Популяционная частота суицидов служит одним из достоверных индикаторов социального, экономического и политического состояния общества, а ее величина напрямую связана с уровнем существующего в нем социального благополучия / неблагополучия.

Факторами риска формирования суицидальной тенденции являются следующие:

1 группа. Интраперсональные факторы: психические заболевания; злоупотребление психоактивными веществами; соматические заболевания, сопровождающиеся сильной болью или существенным ограничением жизнедеятельности.

2 группа. Экстраперсональные факторы: проблемы взаимоотношения с другими людьми и обществом; подверженность насилию и получение психических травм; социальные стрессы; бедность и безработица.

По данным ВОЗ средний показатель самоубийств составляет 15,1 на 100000 человек, а гендерное соотношение – мужчина : женщина – 3,5:1. Самоубийства доминируют в возрастной группе 15–34 лет, где они занимают первое или второе место в качестве причины смерти представителей обоих полов (ВОЗ, 2001). Российским исследователем О.Н. Тиходеевым установлено, что склонность к самоубийству тесно связана с мутациями генов SLC6A4 и COMT.

Первый из них контролирует передачу нервных импульсов при помощи серотонина, второй – отвечает за уровень веществ, регулирующих активность нервной системы (дофамина, адреналина и норадреналина).

Формируются личностные качества: агрессивность, импульсивность, неустойчивость к стрессу, ангедония.

Аутоагрессивное и аутодеструктивное поведение может включать следующие формы (рисунок 1).




Рис. 1. Классификация типов аутоагрессивного поведения

Типами аутоагрессивного поведения являются: суицидальное поведение: осознанные действия, направленные на добровольное лишение себя жизни; суицидальные эквиваленты и аутодеструктивное поведение: неосознанные действия (иногда преднамеренные поступки), целью которых не является добровольное лишение себя жизни, но ведущие к физическому (психическому) саморазрушению или к самоуничтожению; несуйцидальное аутоагрессивное поведение: различные формы умышленных самоповреждений (самоотравлений), целью которых не является добровольная смерть (или заведомо неопасные для жизни) [3,4].

По нашему мнению, рисковенными факторами суицидального поведения детей и подростков являются три группы: проблемы во взаимоотношениях с родителями; проблемы в школе; проблемы во взаимоотношениях со сверстниками [5,6].

Необходимо учитывать особенности и тенденции суицидального поведения у несовершеннолетних в зависимости от временных факторов (сравнительный анализ дан специалистами ЮНИСЕФ) (рисунок 2).




Рис. 2. Факторы риска по основанию «время»



Обратим внимание на *диагностические критерии депрессивного эпизода согласно МКБ-10* (Международной классификация болезней 10-го пересмотра):

**Основные симптомы:**

- 1) снижение настроения, очевидное по сравнению с присущей пациенту нормой, преобладающее почти ежедневно и большую часть дня и продолжающееся не менее двух недель вне зависимости от ситуации;
- 2) отчетливое снижение интересов или удовольствия от деятельности, обычно связанной с положительными эмоциями;
- 3) снижение энергии и повышенная утомляемость.

**Дополнительные симптомы:**

- 1) сниженная способность к сосредоточению и вниманию;
- 2) снижение самооценки и чувство неуверенности в себе;
- 3) идеи виновности и уничижения (даже при легких депрессиях);
- 4) мрачное и пессимистическое видение будущего;
- 5) идеи или действия, касающиеся самоповреждения или самоубийства;
- 6) нарушенный сон;
- 7) нарушенный аппетит.

Специалисты, работающие с семьями и с детьми, имеющие соответствующую профессиональную подготовку с работой с суицидальными рисками, могут использовать следующий инструментарий, методики изучения мотивов, предрасположенности, склонности к суицидальному поведению [7,8]:

- 1) метод клинического интервью (по Б.Д. Менделевичу);
- 2) патохарактерологический диагностический опросник (ПДО; А.Е. Личко);
- 3) клинический опросник оценки невротического состояния К.К. Яхина и Д.М. Менделевича (К-78);
- 4) опросник суицидального риска (ОСР), модификация Т.Н. Разуваевой;
- 5) характерологический опросник (опросник К. Леонгарда);
- 6) методика измерения уровня тревожности Тейлора (адаптация Т.А. Немчинова);
- 7) стандартизированный многофакторный метод исследования личности – СМИЛ (невротические шкалы)
- 8) методика «Определение смысложизненных ориентаций» Д.А. Леонтьева (тест СЖО) и другие [1].

Таким образом, диагностика и профилактика суицидальной направленности в поведении детей и подростков связана с учетом целого комплекса факторов, включая не только клинические риски, но и социальные (личностно-семейные конфликты, деструктивные отношения в семье, развод, болезнь или смерть близких, одиночество, измена супруга(и), неудачная любовь, неудовлетворенность поведением «значимых других», недостаток внимания и заботы со стороны окружающих и др.). Принимая во внимание данные факторы, необходимо использовать комплексные психолого-педагогические технологии предупреждения через универсальную и селективную профилактическую работу специалистов междисциплинарной команды.

**Литература:**

1. Бабарахимова, С. Б. Идентификация суицидального риска у подростков с учетом типов семейных явлений / С. Б. Бабарахимова, В. К. Абдуллаева // Вопросы психического здоровья детей и подростков. – 2020. – Т. 20, № 1. – С. 59-64.
2. Гусева, Т. А. Жизнестойкость как условие предупреждения суицидальных рисков у несовершеннолетних / Т. А. Гусева // Актуальные проблемы безопасности несовершеннолетних : материалы международного круглого стола, Белокуриха, 21 ноября 2014 года. – Белокуриха: Алтайский государственный университет, 2015. – С. 17-20.

3. Купченко, В. Е. Фрустрация и тревожность подростков с различным риском дезадаптивного поведения (на примере риска суицидального поведения) / В. Е. Купченко // Социально-психологическая адаптация мигрантов в современном мире : Материалы 4-й Международной научно-практической конференции, Пенза, 23–24 марта 2018 года / Ответственный редактор В. В. Константинов. – Пенза: Издательство "Перо", 2018. – С. 213-219.
4. Персидская, А. Е. Педагогическое предупреждение риска суицидального поведения подростков : специальность 13.00.01 "Общая педагогика, история педагогики и образования" : автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук / Персидская Александра Евгеньевна. – Чита, 2006. – 22 с.
5. Приступа, Е. Н. Использование метода кейс-стади (ведение случая) в социальной работе с семьей / Е. Н. Приступа // Отечественный журнал социальной работы. – 2015. – № 3(62). – С. 155-162.
6. Приступа, Е. Н. Социально-педагогическая профилактика нарушений индивидуального социального здоровья школьников / Е. Н. Приступа ; Министерство образования и науки Российской Федерации, Российский государственный социальный университет. – Москва : Российский государственный социальный университет, 2007. – 291 с. – ISBN 978-5-7139-0397-8.
7. Прогнозирование суицидального риска путем оценки факторов резилентности : Методические рекомендации № 95 / М. С. Зинчук, Г. В. Кустов, Н. И. Войнова [и др.] ; Государственное бюджетное учреждение здравоохранения города Москвы «Научно-практический психоневрологический центр имени З.П. Соловьева Департамента здравоохранения города Москвы». – Москва : Департамент здравоохранения города Москвы, 2022. – 25 с.
8. Сташкова, А. А. Особенности диагностики риска формирования суицидального поведения у старшеклассников / А. А. Сташкова // Современные подходы в оказании экстренной психологической помощи : Материалы V Всероссийской научно-практической конференции, Москва, 25–27 марта 2017 года / Под редакцией А.В. Кокурина, В.И. Екимовой, Е.А. Орловой. – Москва: "Русайнс", 2017. – С. 287-291.



**ӘӨЖ 159.9.**

## **ИСЛАМ ДІНІНІҢ СУИЦИДКЕ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

**Бөлеев Қалдыбек - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты, Қазақстан, Тараз қ.**

**Аннотация.** Мақалада ислам дінінің суицидке көзқарасы және оның алдын алу жолдары қарастырылған.

**Кілтті сөздер:** өзін-өзі өлтіру, суицид, суицидтің алдын алу.

**Аннотация.** В статье рассматриваются взгляд религии ислама на суицид и пути его профилактики.

**Ключевые слова:** Самоубийство, суицид, профилактика суицида.

**Annotation.** The article discusses the view of the religion of islam on suicide and ways of prevention.

**Keywords:** suicide, suicide prevention.

Қазіргі әлемдік діндер иудаизм, христиан, түрлі діни секталар, ислам адамның өзін-өзі өлтіруі – суицид мәселесін қолдамай, оған қарсы болған. Оның себебі, Алла тағала жаратқан адам құқықтарының ішіндегі ең маңыздысы – әрбір адамның өмір сүруге деген құқығы. Өмір Алланың адамға тарту еткен ең үлкен сиының бірі. Сол себепті Алланың берген өміріне нақақтан қол сұғуға ешкімнің құқығы жоқ. Қасиетті Құранда: **«Расында адам баласын ардақтадық, әрі оларды құрылықта көлікке, теңізге кемеге мінгіздік, адал-пәк нәрселермен ризықтандырдық және оларды басқа жаратқандарымыздан әлдеқайда артық жараттық»** [1] делінген аяттар бар.

Шариғатта суицид жасаушы адамды «мунтахир» деп атайды. Мұндағы суицид жасаудың үкімі – харам. Сондай-ақ жанды сақтау исламның негігі бес мақсатының біріне айналды. Кез келген өмір иесі өз өміріне қол сұғып, өзін - өзі өлтіруге құқығы жоқ. Мұндай істің қатаң тыйым салынғандығына Құранның төмендегідей аяттары дәлел: «Нисса» сүресінің 29-шы аятында Алла Тағала: **«Ей, мүміндер! Малдарыңды араларыңда тура болмаған (яғни парақорлық, қарақшылық, өсімқорлық) жолдармен жемендер! Бірақ өзара ризалықпен болған сауда-саттық арқылы кәсіп қылыңдар. Және өз-өздеріңді өлтірмеңдер! Әлбетте, Алла сендерге мейірімді»** [2]-дейді.

Имам Куртуби осы аяттарға қатысты былай депті: **«Бұл аяттағы мақсат адамның өз өміріне қол жұмсамауын қамтиды»** деген. Ең әуелі тура мағынасы, адамның өз-өзіне қол жұмсамауына, қазіргі заманның тілімен айтқанда «суицидке» тыйым салу екендігін көруге болады.

Сонымен қатар Құранның «Ниса» сүресінің: **«Өз-өздеріңді өлтірмеңдер! Расында, Алла сендерге ерекше мейірімді. Ал кім осы айтылғанды дұшпандық, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз. Бұл Аллаға оңай»** [2] дегенін ислам ғалымы Ибн Кәсир төмендегідей түсіндірген:

1. Алла тағала «өздеріңді өлтірмеңдер» деп айту арқылы мұсылман қауымына қатаң ескерту жасаған;

2. Осыдан кейін «Расында, Алла сендерге ерекше мейірімді» деу арқылы үмітсіздік пен келешекке сенбеушіліктің рухани емі айтылады. Мұнда «өздеріңді өлтірмеңдер» деген тыйым мен «Расында, Алла сендерге ерекше мейірімді», - дегенін саралап қарасақ адамның өзін өлтіруіне ең алдымен оның үмітсіздігі себеп болды. Одан соң Алланың адамды мейіріммен жаратуының да мәні бар. Енді бұл аяттан «Алла ерекше мейірім танытқанда, қалайша сендер өздеріңе қол жұмсайсыңдар?» дегендей мағынаны да аңғаруға болады.

3. Осының бәріне мән бермей Алланың тыйымына қарсы келіп, өзін-өзі өлтірген кісінің ақыры – жалын атқан тозақ отының азабы болатыны туралы бұл аятта: **«Кім осы айтылғанды дұшпандық, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз. Бұл – Аллаға оңай»**, деп келтірілген. Сонда өз-өзіне қол жұмсаудан аулақ болу үшін адамдарға осы аятта жеткілікті.

Суицидтің харам (яғни, тыйым салынған) түріне адамның кез-келген нәрсемен өзін өзі өлтіруі де жатады. Оны Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) келесі сөздерінен көруге болады. Ислам ғалымы Әбу Һурейрадан бізге жеткен хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Кімде-кім таудан құлап, өзін-өзі өлтірсе, жаһаннам отына мәңгі-бақилыққа құлайды. Кімде кім у ішіп, өзін-өзі өлтірсе, ол жәһаннам отында мәңгі сол уын қолына ұстап ішіп тұрады. Кімде-кім өзін-өзі темірмен өлтірсе, жәһаннам отында сол темірін қолына ұстап өзін-өзі мәңгі бақи ұрумен болады»** [3] деген.

Бұл хадисте, адам өзін-өзі қандай құралмен өлтірсе де, ол суицид болып табылатыны, ал ондай адам тозақпен азапталадыны анық айтылған екен.

Ғалым Сәбит Ибн Даххақ Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сол хадисін: **«кім өз жанын қандай затпен қиса, тозақта сол затпен азапталады»** [4] деген. Бұл суицидтің тікелей түріне жатады, өйткені адам оны қасақана жасаған.

Суицидтің тағы бір харам түріне – Алланың берген сынына, басына түскен қиындыққа шыдай алмай өзіне өлім тілеуіне, тағдырына разы болмай өзіне-өзі қол салуы да жатады. Өйткені адамның жаны, тәні, өмірі – Алланың тарапынан берілген аманаты. Егер оның өмірі жан шыдатпайтын дәрежеде қиын болса, оған қатысты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мына бір хадисінде: **«Қиыншылықтар үшін өлімді қаламандар! Шыдай алмаған адам: «Я, Раббым менің өмір сүруім қайырлы болса, өмір сүруді, өлім қайырлы болса, өзімді нәсіп ет!»,»** деп айту керектігін үйретеді. Имам Әбу Һурейрадан жеткен хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): **«Сендердің біреулерің өзіне өлім тілемесін. Бәлкім, егер ол жақсы пенде болса, ұзақ өмір сүріп, жақсылығы көбейе түсер, сөйтіп (өмірі) ол үшін қайырлы болар. Бәлкім, егер жаман адам болса, жамандығынан тыйылар»** [5]-деген екен.

Бұл хадистерден көретініміз, кез келген мұсылман әрдайым алға үмітпен қарап, уақытша келген сынақтарға сабыр етуі тиіс. Ал адам түңілсе, бұл дүниенің қиындығына «суицид арқылы құтылам» деп ойлаудан бұрын, Ақыретте есеп, ал тозақта соған сай азап бар екенін білуі керек. Сондай-ақ Әбу Һурайша Алланың елшісінің (с.ғ.с.): **«Кім өзін-өзі тұншықтырса, өзін-өзі тұншықтыруын отта жалғастырады, ал кім өзін-өзі сойып өлтірсе, мұны отта да істейді»** [6]- деп айтқанын жеткізген.

Сонымен, жоғарыдағы аяттар мен хадистерден, ислам дінінің адамның өзіне-өзінің қол жұмсауы ең үлкен күналардың қатарына жатқызғанын байқауға болады. Себебі жан – Алла тағаланың адам баласына берген қасиетті аманаты, ал адамның өз өмірін қиуы – сол аманатқа жасалған қиянат. Сондықтан Аллаға деген сенімі бар, өмірде болып тұратын қиындықтарды сынақ деп біліп, төзімділік пен сабырлық сақтау керек. Осылайша ол қиын жағдайларда да өз-өзіне қол салмайды.

Құран кәрімнің «Бақара» сүресінің 195 - ші аятында: **«Өз бастарыңды қауіпке тікпендер...»** [7] – деп адамзатқа бұйрық берген. Алла елшісі (с.ғ.с.) адам өзін-өзі өлтіру арқылы бұл өмірдің қиыншылығымен құтылғанмен, о дүниеде Ақыреттің азабынан құтыла алмайтындығын айтып отыр.

Сонымен, ислам дінінің суицидке көзқарасына Құран аяттарындағы Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистеріндегі және ислам ғалымдарының зерттеулеріндегі сөздері арқылы қысқаша болса да шолу жасадық.

Ғалым – педагогтер Г.А.Қасен, Ә.Қ.Мыңбаева және Э.М.Садуақасова өздерінің «Суицидтің алдын алу» атты зерттеу еңбегінде суицид проблемасының шетелдік, отандық ғалымдардың және қоғам қайраткерлерінің еңбектерінде қарастырылуы, жастар арасындағы суицидтің алдын алу проблемасын класификациялау, жас жеткіншектер мен жасөспірімдердің арасындағы әртүрлі жастағы суицидтің психологиялық -педагогикалық алдын алу, жастар арасындағы суицид проблемасын алдын алудың ғылыми негізделген принциптері, шетелдік, ТМД елдері мен Қазақстанда суицидтің алдын алу және оған қарсы бағдарламалар тәжірибесіне талдау жасалынған [8].

Бүгінгі таңда бүкіл адамзат қоғамының әлемдік деңгейдегі аса қауіпті дертіне айналған суицидтің алдын алу бойынша көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарының бар екендігін ескеріп, исламтанушы А. Игілікова мен К. Құттиевтің «Өлімнен мән іздеген жандар» [9] атты еңбегіндегі «Ғалымдарымыз суицидтің алдын-алу үшін әрбір адам, сенім жүйесін (ақидасын) дұрыстау керек деп» ескертеді және төмендегі жолдарды ұсынады [9,131-142 б.б.]:

1. Әр пендені тағдырдан хабардар ету;
2. Пайда беру де, зиян тигізу де тек бір Алланың құзырында екендігіне иман келтіру;
3. Алла туралы жақсы ойда болу, оның әрбір істі өзінің даналығымен жасайтындығын білу;
4. Пенденің басына келген әр нәрседе өзі үшін бір қайыр (жақсылық) бар екенін білу;

5. Бұл дүниенің өлім жеткенге дейін сынақ екендігін біліп, оған сабыр ету;
6. Басқа сынақ келгенде өзінен жағдайы төмен адамға қарау;
7. Суицидтің тағы бір себептерінің бірі – білімсіздік;
8. Өлімнен кейін өмірдің бар екенін білу;
9. Өз әрекетін ақылға салып көру – дей келіп; «Суицидтің нәтижесімен күресуден бұрын оның алдын алу жұмыстарын жүргізген жөн. Оның басты емі – иманда. Жүрекке имандылық ұялату – негізгі шарт.

Егер әрбір пенде жоғарыда айтылғандарды жүрегіне сіңіретін болса, әлемде өзін-өзі өлтірушілердің саны азаяры еді. Мұны статистикалық мәліметтерден байқауға болады. Себебі суицидтің ең төмен көрсеткіші мұсылман елдерінде тіркелген. Мәселен, халқы қаншалықты кедей жағдайда өмір сүріп жатса да, Африкада Нигерия елінде суицидтің не екенін де білмейтін адамдар бар», [9,143б.] – деп қорытындылаған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құран кәрім: «Исра» сүресі, 70 аят.
2. Құран кәрім: «Ниса» сүресі, 29 аят.
3. Мұхаммед пайғамбардың 1001 хадистері.
4. Сахих әл – Бухари. Әдеп кітабы / Аударғандар: Ұ. Шөйбек, Қ. Қыдырханұлы. – Алматы: Кәусар – Саяхат, 2007. – 927 б.
5. Құрманбаев Қ. Исламдағы адам құқықтары. – Алматы, 2012. – 204 б.
6. Спатай Қ. Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны. – Алматы: Кәусар-саяхат, 2014.-604 б.
7. Құран кәрім: «Бұқара» сүресі, 175 аят.
8. Қасен Г.А., Мынбаева А., Садвакасова З.М. Профилактика суицида среди молодежи через призму зарубежного и отечественного опыта.-Алматы: Қазақ университеті, 2020.-105 с.
9. Игілікова А., Құттиев К. Өлімнен мән іздеген жандар. – Алматы: «Нұр – Мұбарак» баспасы, 2021.-161 б.



**УДК 159.9:316.624**

### **ӨЗІН-ӨЗІ ӨЛТІРУ – ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ЕМЕС**

**Акажанова Алма Тәуірбекқызы**  
**психология ғылымдарының докторы, профессор**  
**Абая атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы**

**Аннотация.** Мақалада дүние жүзін мазалап отырған суицид мәселесі қарастырылады, шетел және отандық зерттеушілердің тұжырымдамалары сипатталады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының суицид көрсеткіштері туралы мәлімдемелері орын алады. ТМД елдеріндегі (ерекше Ресей, Қазақстан) кәмелет жасына толмағандардың көрсеткіштері ең жоғары деңгейде екені жарияланады. Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері жиі болуына байланысты, автор суицидтің негізгі себептерін көрсетіп, тіршіліктің басты құндылығы – адамның өмірі екеніне ерекше көңіл аударып, суицид қиындықтан шығар жол емес екенін баяндап, төмендету бағыттың бірі Ислам діні деп, қасиетті Құрандағы бірнеше «Ниса сүрелерін» келтіреді, маңыздылығын түсіндіреді.

**Кілт сөздер:** суицид, дүниежүзілік ұйым, девиантты мінез-құлық, кәмелетке толмаған, өзіне-өзі мерт қылу, суицидтік әрекеттер, психикалық күй, мұсылман діні, Құран.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема суицида, которая волнует весь мир, описываются концепции зарубежных и отечественных исследователей. Описаны показатели Всемирной организации здравоохранения о высоком уровне самоубийств среди несовершеннолетних в странах СНГ (особенно Россия, Казахстан). В связи с частыми суицидальными попытками среди подростков, автор указывает основные причины их суицидального поведения, особое внимание обращает на то, что главной ценностью является человеческая жизнь, поэтому суицид не является выходом из трудностей. Автор цитирует и указывает на важность «суры Нисы» из Корана, и считает, что исламская вера поможет уменьшению совершения суицида.

**Ключевые слова:** суицид, всемирная организация, девиантное поведение, несовершеннолетний, покончить жизнь самоубийством, суицидальные действия, психическое состояние, мусульманская вера, Коран.

**Annotation.** The article considers the problem of suicide, which worries the whole world, describes the concepts of foreign and domestic researchers. The World Health Organization indicators of a high level of suicides among minors in the CIS countries (especially Russia, Kazakhstan) are described. In connection with the frequent suicide attempts among adolescents, the author indicates the main reasons of their suicidal behavior, emphasizes that the main value is human life, so suicide is not a way out of difficulties. The author quotes and points to the importance of "Surah Nisa" from the Quran, and believes that Islamic faith will help to reduce the commission of suicide.

**Keywords:** suicide, worldwide organization, deviant behavior, juvenile, suicide, suicidal acts, mental state, Muslim faith, Koran.

Қазіргі кезде дүние жүзі бойынша өз-өзіне қол жұмсау мәселесі қоғамды дүр сілкіндірген жағдайдың бірі. Ресей ғалымы Г.В. Старшенбаумның айтуынша, «әлемде бір күннің ішінде 2300 адам өз-өзін өлтіреді, ал бір жылда – 800 мың адам өмірмен қоштасады. Өртүрлі мәліметтер бойынша 8 ден 30 миллиондай адамдардың суицидтік әрекеттері сәтсіз аяқталады екен» [1, 9 б.].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) суицид көрсеткіштері бойынша барлық елдерді үш топқа бөледі: өз-өзін өлтірулердің төмен деңгейі (100 мың адам санына жылына 10 адамнан) – Грекия, Италия, Гватемала, Филиппиндер, Албания, Доминика Республикасы, Армения. Өз-өзін өлтірудің ең төменгі деңгейі Мысыр елінде тіркелген: өз-өзіне қол жұмсаудың орташа деңгейі (100 мың адам санына жылына 10-нан 20-ға дейін). Өзін-өзі өлтірудің жоғары және өте жоғары деңгейі: Венгрия, ФРГ, Австрия, АҚШ, Ресей, Латвия, Литва, Эстония. Бүгінгі күні ДДҰ әлеуметтік мониторинг зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша Қазақстан мемлекетінде өз-өзіне қол жұмсау деңгейі жоғары екенін бәрімізге мәлім.

Біздің заманымызда өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері біркелкі патологиялық әрекет ретінде қарастырылады. Көптеген жағдайда бұл психикалық тұрғыдағы қарапайым адамдардың мінез-құлқы. Осыған қатысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мамандарының «суицид жаһанды жайлап барады», – деген сөзі бекер емес. Әлемде жыл сайын жиырма миллионға жуық адам өз өмірлерін қиюға бел буатын болса, олардың бір миллионы жарық дүниемен қош айтысады. Өкініштісі, әлгі бір миллионның сегіз мыңы – қазақстандықтар. Бұл дегеніңіз, біздің елде сағат сайын бір кісі суицидтен бақилыққа аттанып жатқандығын көрсетеді. Яғни, республикада жыл сайын өз еркімен өлімге бас тігушілер қатары арта түсуде.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) статистикасына көңіл аударатын болсақ, өзін-өзі өлтіру (суицид) саны бойынша Қазақстан үшінші орынға ие, ал Орта Азия мемлекеттер арасында алдыңғы қатарда. Халықаралық ұйым сарапшыларының айтуынша, мұндай көрсеткіштер өлім деңгейін өлшемінің екі есе жоғары екендігін байқатады. Мысалы,

Қазақстанда 2018 жылы екіжарым мыңнан астам суицид әрекеттері тіркелген. Тізім бойынша ең депрессивті аймақтарға Алматы, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары жатады. Ең көп суицидтік оқиғалардың орын алуы Алматыда (310), 2-ші – Шығыс Қазақстан (284), ары қарай Қарағанды (281), Түркістан (239), Қостанай (231) адам өз өмірлерін құрбан еткен. Өзін-өзі өлтіруге көп жағдайда ауыл тұрғындары барады екен, ашып айтқанда, 35-44 аралығындағы ер адамдар. Жауапкершіліктері жоғары болғандықтан, бірақ ойдағыдай оны орындай алмағандықтан еркектер жиі стресске ұшырайды.

Өзін-өзі өлімге итермелеу жолын кеңірек қарастырсақ бұл: өз-өзін жою немесе аутодеструктивті әрекеттерге (ішімдік, темекі, нашақорлық заттарды пайдалану, шексіз артық тамақтану т.с.с.) жатады. Суицидтік әрекеттерді медициналық-құқықтық тұрғыдан әртүрлі жағынан қарастыруға болады (себебі, мотиві, түрі). Мысалы, қатыгездікпен өз-өзін өлтіру (өзін ату, асылып өлу, қан тамырын кесу) көп жағдайда бұл әрекеттерге ер адамдар барады, ал әйел адамдарда (медикоментозды препараттарды қолдану, химиялық улы заттарды пайдалану) жиі кездесіп жатады. Өз-өзіне қолжұмсау деген сөздің астарынан екі түрлі жағдайды байқап, қарастыруға болады: біріншіден, жекелік мінез-құлықтық әрекет; екіншіден – әлеуметтік көрініс ретінде. Егер мінез-құлықтық әрекеттер психология, этика және медицина ғылымдарының зерттеу пәні болып табылса, ал өз еркімен өлімге бару әлеуметтік саланың, әлеуметтік психологияның зерттеу нысаны, аумағы болып есептелінеді.

Суицидке барудың басты себептерінің бірі – бұл әлеуметтік-экономикалық мәселелер және отбасындағы ата-аналар мен балалардың арасындағы қарым-қатынастың нашарлауы, отбасындағы қарапайым әлеуметтік қажеттіліктердің қамтамасыз етілмеуінде. Жылдан жылға өлім мәселесі арта түсуде, оның себептерін анықтау барысында келесі жағдаяттарға көңіл бөлу жөн болар: отбасында туындаған дағдарыстық жағдайлар, мемлекетте және дүние жүзінде туындаған экономикалық тепе-теңсіздік мәселесі, қоғамдық өмірде кездесетін ішімдікке салыну, нашақорлық, зорлық-зомбылық, бәсекелестік т.с.с.

Эмиль Дюркгеймнің тұжырымы бойынша, адам тығырыққа тірелгенде немесе оны қоршаған орта, әлеуметтік топ одан бас тартса, оқшауланса ол өзін-өзі өлтіруге дейін барады. 1897 жылы Э. Дюркгеймнің «Өз-өзін өлтіру» («Самоубийство») атты еңбегі жарық көрді. Зерттеуші өлімге итермелейтін себептердің бірі: қоғам мен индивидтің арасындағы қарым-қатынастың әлсіреуі; альтуристік сезім; «аномиялық» жағдаят – қоғамдағы дағдарыс жағдайдың ықпалы деген тұжырым жасаған [2].

Эрих Фромның пікірінше, дамып келе жатқан қоғамға адам икемделе алмаса, жекелену, оқшаулану сезімдері оны баулап алады да, сол себептен невротикалық жағдайға ұшыраған тұлға одан арылу жолы – өзіне қол жұмсау деген тұжырымға келеді [3].

Тіршіліктегі басты құндылық – адамның өмірі екені бәрімізге белгілі. Бір күннің ішінде сан мыңдаған адам өмірге келіп жатса, сол секілді сан мыңдаған адам бақилық болады. Оның ішінде, талқаны таусылып Жаратушы қалауымен өмірден озатындарын айтпағанда, өз өміріне балта шауып, ажалынан бұрын өмірімен қоштасатындары қаншама. Бүкіл әлемді аландатып отырған осынау мәселе отандық ғалым-зерттеушілерді де бей-жай қалдырмай, соңғы жылдары жиі талқыға салынғаны белгілі. Отандық зерттеуші *Қасен Г.А.* суицидтік мінез-құлықты өзінің өмірін қиюға деген ұмтылысымен байқалатын және өзінің маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында кездескен қиындықтардан пайда болған адамның жағымсыз белсенділігінің әртүрлі формасы деп түсіндіреді. Шиеленіскен эмоционалды күйді бастан кешкен дағдарыс сәттерде, адам дұрыс жолды тауып алмайтындай сезімге ие болады, сол себептен ол өмірінің мәнін жоғалтады.

Статистикалық сараптама көрсеткіші бойынша суицидтік әрекеттер 15-24 жастар аралығында жиі кездесетіні анықталған және бұрынғымен салыстырғанда соңғы он жылда өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері үш есеге өскен. Мұндай жағымсыз жағдайлар балаларды түрлі заң бұзушылыққа алып келіп, теріс жолдарға түсуге, ауытқы мінез-құлықтың қалыптасуына себепші болады. Аталарымыздың ғасырлар бойы айтып келе жатқан келесі

сөздеріне «Құдай өзі берген жанын өзі ғана ала алады», ежелгі қағидасына сәйкестенбейтін, өз-өзіне қол жұмсаудың, қоштасуының сыры неде? Медициналық-психологиялық зерттеу сараптама қорытындыларына назар аударсақ: суицидтің сыры да, себептері де көп екендігі байқалады, соған байланысты бұл мәселенің діни жағына көңіл аударайық.

Ислам дінінде өз-өзіне қолжұмсауға қатаң тиім салынады. Құран кітапта «өз-өзіне қол жұмсау» деген сөз мүлдем қарастырылмаған. Дінге сенген әрбір мұсылман өзінің «маңдайына» жазған өмірін сүру керек деп түйіндейді. Өзіне-өзі қол жұмсау психикалық көңіл-күйдің немесе жан дүниесінің әлсіреуінен ішкі күйзеліске қатысты туындайтын ой, тұжырым.

Бұл мәселені жан-жақты қарастыру және әсіресе жастарға түсіндірген жөн. Мысалы, Құдіреті күшті Алла Тағала қасиетті Құранда: «Өздерінді өздерің өлтіруші болмаңдар. Сендер үшін Алланың мейірімі мол («Ниса сүресі, 29-аят) деп, келесідей жолдармен жалғастырады: «Егер кімде-кім шектен шығып, зұлымдық пиғылмен жасаса, Біз оны тозаққа кіргіземіз. Бұл Құдыретке оп-оңай («Ниса сүресі, 30-аят).

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әл-Бухариден жеткен хадисінде: «Кімде-кім өзін темір қарумен өлтірген болса, ол тозақта әрқашан сол темірді көтеріп жүреді Ал кімде-кім у ішіп өлетін болса, ол адам тозақта мәңгі у ішіп жүретін болады. Егер біреу өзін өлтірмек болып таудан құласа, ондай адам тозақта мәңгі құздан құлап бара жатады» депті. Ендеше, мұндай қылықтардан, қасіреттен құтылудың жолы – балаларымызға ерте бастан ислам тәрбиесін үйретіп, түрлі жағымсыз мінез-құлықтық әрекеттерге жол бермеу [4, 69 бет].

Соңғы жылдары осы бір «Жасөспірім суициді» деген ұғым өз алдына қауыпты дертке айналды. Бұл жағдайдың қауіптілігі – өмірдің балдай дәмін енді ғана татып келе жатқан жас балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау жиі кездесіп, оларды да баулай бастады. ТМД елдеріндегі (ерекше Ресей, Қазақстан) 15-19 жас аралығындағы кәмелет жасына толмағандардың көрсеткіштері ең жоғары деңгейде екені жарияланды.

Зерттеушілердің пайымдауынша, 10-12 жастағылардың ұғымы бойынша өлім уақытша құбылыс ретінде бағаланады. Өмір мен өлім ұғымдарын олар ажырата алмайды, өлімге деген эмоциялық көзқарасы өз тұлғасынан абстракцияланады. Өз өліміне басқалардың жауапты екендігін көруге ұмтылыс немесе «екінші рет туылуға» деген үмітпен балалар мен жасөспірімдердің суицид әрекеттеріне баратындарға тән құбылыс. Өлім туралы ойлардың пайда болу себептерінің бірі: бала санасында өлім туралы айқын түсініктің мүлдем болмауынан, өмірден кетудің атрибуттарының қызықтыруы (траур, жерлеу, дүниеден кеткендер туралы жақсы сөздер және т.б. жағдайлар). Жас ерекшеліктеріне, өмірлік тәжірибенің болмауына және қорқыныш сезімінің төмендігіне байланысты оларда өлгеннен кейін дүниеге қайта оралуға болмайтыны туралы түсінік қалыптаспаған. Бала екі жақты болмыс мүмкіндігін мойындайды: айналасындағылар үшін өлді деп есептелінгенімен олардың қапалануына куә болып, өзінің жерленуі мен өзін ренжіткендердің өкінуін бақылай алатындай сезімде болатындығы. Көп жағдайларда жасөспірімдер өзін ренжіткен адамдардан кек алуды, өкіндіруді көздейді, олардың жылап-сықтағанын қажетсінеді. Жасөспірімнің жас шамасының түрлі кезеңдерінде – ерте (12–14 жас), орта (15–16 жас) және жоғары (17–18 жас) – девианттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен көрініс алуының физиологиялық, психологиялық, тұлғалық және жеке қасиеттеріне байланысты өзіндік ерекшеліктері байқалады, көрініс береді [5, 145-147].

Өзіне-өзі қол жұмсау – психикалық көңіл күйдің немесе жан дүниесінің әлсіреуінен ішкі күйзеліс арқылы туындайтын жағымсыз ой. Ғалымдардың пайымдауынша, өзінің әрекетіне есеп бере алмайтындар (яғни бес жасқа толмаған балалардың өлімі) өз-өзіне қолжұмсады деп есептелмейді, ол оқыс туындаған жағдаятқа жатады. Суицидтің жас ерекшелік динамикасына көз жүгіртсек, мұндай жағымсыз әрекет 13 жастан кейін орын алатыны байқалған. Сондықтан да «суицид», «суицидтік мінез-құлық» ұғымдарына, шығу тарихына, табиғатына және жіктелуіне қазіргі кезде ерекше көңіл аударылады.



Жеткіншекті суицидке итермелейтін тағы бір жағдай – ғашықтық сезім немесе махаббат. Қазіргі кезде бәрімізге белгілі Шекспирдің кейіпкерлері Ромео мен Джульеттаның бір-біріне деген мәңгілік махаббаты. Ғашықтық жолында олар өмірлерін қиюға дейін барады. Өртүрлі жолдармен өмірден өтуін жөн көрген жеткіншектеріміз сан қилы оқиғаларды ойластырып, сезімдерін қағаз бетіне түсіріп, хат түрінде тастап кетуге тырысады. Өлер алдындағы соңғы қоштасуды психологияда «Вертер синдромы» деп атайды.

Суицид көбіне мінез-құлықтың көрінісінен байқалады: Мысалы, мінез-құлықтың кенеттен өзгеруі. Сабақтан, жұмыстан бас тарту, туыс-жақындарынан алыстау, ағаттық әрекеттерге бару. Өз-өзіне қол жұмсауға жәрдемдесетін құралдарды ойластыру, осы туралы мәліметтерді жинау, сыртқы бейнеге деген салғырттықты байқату, сананың шектеулілігі.

Суицидтік әрекеттерге байланысты сезімдерді талдай келе суицидолог-мамандар оның негізгі төрт себебін белгілейді:

- 1) оқшаулану сезімі – мені ешкім түсінбейді, ешкімге керек емеспін;
- 2) дәрменсіздік – өмірінде болып жатқан оқиғаларды бақылай алмау сезімі;
- 3) күдер үзгендік – келештен жақсылық күтпеу;
- 4) өзіндік мандымсыздық сезімі – өз-өзінді төмен бағалау, өзің үшін уялу, жекелік абыройдың жәбірленуі, жаралануы [6, 179].

Қорыта келе, өз-өзіне қол жұмсаудың жалпы себептері: тұлға мен оны қоршаған жақын ортаның өзара әрекеттесуінің бұзылуы, отбасындағы психикасын жаралайтын өткір жағдайлардың әсері, ата-ананың жылулығының болмауы, әлеуметтік-психологиялық тұрақсыздық, әлеуметтегі шапшаң өзгерістер, үлкендер тарапынан көрсетілетін зорлық-зомбылық, қарым-қатынастағы қатыгездік, психологиялық, физикалық және сексуалды зорлық, нашакорлық және маскүнемдік, ертеңгі күнге деген сенімсіздік, өмірдің мәнін жоғалту, адамгершілік, этикалық құндылықтардың құлдырауы, өз-өзін түсінбеуі, эмоционалды және интеллектуалды өмірінің жұтандығы, жауапсыз махаббат т.с.с.

Үндістан Премьер министрі Джавахарлал Нерудің мына сөздерін жастар есте сақтаулары қажет: «Өмірдің қызығын көрудің бір-ақ жолы бар – батыл болып, жеңілістер мен ауыртпалықтардан қорықпау».

### Әдебиеттер

1. Старшенбаум Г.В. Суицидология и кризисная психотерапия. – М.: Когито-Центр, 2005. – 376 с.
2. Дюркгейм. Э. Самоубийство: социологический этюд/пер. С фр. А.н. Ильинского. – М.: Мысль, 1994. – 400с.
3. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. – М.: Республика, 2006. – 205 с.
4. Құран кәрім /Ауд. Р. Нысанбайұлы, У. Қыдырханұлы. – Алматы: Жазушы, 2009.
5. Акажанова А.Т. Девиантология (Ауытқы мінез-құлық психологиясы): Оқу құралы. 2-ші шығарылым, толықтырылған. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2021. – 282 б.
6. Змановская Е.В. Девиантология: Учебное пособие для высш.учеб.заведений. – М.: Академия, 2004. – 288 с.

УДК 159.913:613.86-057.875

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ертукешова Гулия Муратбековна, психология мамандығының 1-курс докторанты**  
**Байжуманова Бибианар Шаймерденовна, психология ғылымдарының кандидаты**  
**ШЖҚ РМК «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»**  
**Қазақстан, Астана қаласы**

**Аннотация.** Мақалада психологиялық әл-ауқат мәселесі мен «Психологиялық әл-ауқат» ұғымына ғалымдардың берген теориялары, оның басқа ұғымдармен байланысы және студенттердің психологиялық әл-ауқатына әсер ететін факторлар қарастырылған.

**Кілт сөздер:** психологиялық әл-ауқат, тұлға, психосоматика, психика, психологиялық денсаулық.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема психологического благополучия и теории, придаваемые учеными понятию «Психологическое благополучие», его связь с другими понятиями, факторы, влияющие на психологическое благополучие студентов.

**Ключевые слова:** психологическое благополучие, личность, психосоматика, психика, психологическое здоровье.

**Annotation.** The article deals with the problem of psychological well-being and the theories attached by scientists to the concept of "Psychological well-being", its connection with other concepts, factors affecting the psychological well-being of students.

**Keywords:** psychological well-being, personality, psychosomatics, psyche, psychological health.

Қазіргі уақытта психологиялық әл-ауқат мәселесі бүкіл әлемде позитивті психология қозғалысының кең таралуына байланысты өзекті бола түсуде. Психологиялық әл-ауқат ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана зерттеу тақырыбына айналды. Психологиялық әл – ауқат - бұл әр адамның "ішкі әлемінің" күйі. Психологияда бұл мәселеге деген қызығушылықтың артуы өткен ғасырдың соңғы онжылдығында болды. Ғылыми зерттеушілердің психологиялық әл-ауқат мәселесіне деген қызығушылығы көбінесе біздің қоғамда болып жатқан тенденцияларға байланысты. Әрбір үшінші ересек адамға стресске қарсы тұру үшін психологиялық қолдау қажет. Қазіргі уақытта игілік, өмірлік ізгіліктер, салауатты қоғам туралы әртүрлі идеяларға негізделген психологиялық әл-ауқатты түсінудің бірқатар тәсілдері әзірленуде. Психологиялық әл-ауқат ғылыми ұғым ретінде гуманистік психологияның негізгі теориялық және әдіснамалық принциптеріне негізделген.

Сонымен қатар, психологиялық әл-ауқат өзіне деген сенімділік, өзін-өзі бағалау, өмірге оң көзқарас, ізгі ниет, көпшілдік, эмоционалды тұрақтылық сияқты жеке ерекшеліктермен тығыз байланысты. Сондықтан психикалық және психологиялық денсаулықтың ерекшеліктерін зерттеу өте маңызды.

"Психологиялық әл-ауқат" құбылысын зерттеумен Н. Брэдберна, А.А. Кроник сияқты ғалымдар айналысқан [3].

К. Риф [6] психологиялық әл-ауқаттың негізгі көп өлшемді моделін жасап, басқа зерттеушілер арасында ең танымал болды.

Бұл модель психологиялық әл-ауқаттың алты негізгі элементін қамтиды:  
- өзін-өзі қабылдау;

- басқалармен оң қарым-қатынас;
- автономия;
- қоршаған ортаны басқару (құзыреттілік);
- өмірде мақсаттардың болуы;
- жеке өсу;

«Психологиялық әл-ауқат» ұғымы психикалық денсаулық және өмірдің мәні сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. П.П.Фесенко жазғандай, «тұлға психологиясындағы зерттеулер бұл сұраққа нақты жауап бермейді», бірақ автор өзінің зерттеулеріне сүйене отырып, өмірдің мәні мен тұлғаның психологиялық әл-ауқаты тікелей және бір-бірімен айтарлықтай байланысты деп тұжырымдайды[4].

Психологиялық әл-ауқат туралы К.Рифф [6] жасаған теория негізінде психологиялық әл –ауқаттың әртүрлі салаларын зерттеуде кеңінен қолданылған сауалнама жасады. Психологиялық әл-ауқат дәрежесі әртүрлі субъективті және объективті факторлармен, соның ішінде қоршаған ортаның сипаттамаларымен, олардың әсер ету дәрежесі олардың жеке тұлға үшін маңыздылығымен анықталады. Отандық психологтар психологиялық әл-ауқатты зерттей отырып, өздерінің көп деңгейлі моделін ұсынды, оның авторы А.В. Воронина [1]. Бұл модель психологиялық әл-ауқаттың 3 деңгейін қамтыды, олар: *психосоматикалық, психикалық, психологиялық денсаулық*.

Әрбір деңгей үшін автор субъективті өлшем параметрлерін де, сыртқы сарапшылар бағалайтын объективті параметрлерді де ұсынады. Сондай-ақ, психологтар психологиялық әл-ауқаттың жекелеген элементтерінің өзара байланысына және олардың әртүрлі жеке және әлеуметтік факторлармен байланысына баса назар аударды.

Психологиялық әл-ауқат құбылысын зерттеудің барлық тәсілдері бірнеше топқа бөлінеді. "Психологиялық әл-ауқат" ұғымы адамның ішкі әлемінің жағдайы мен ерекшеліктерін сипаттайды, олар әл-ауқат тәжірибесін, сондай-ақ ситуациялық әл-ауқатты тудыратын және көрсететін мінез-құлықты анықтайды.

Студенттердің психологиялық әл-ауқаты зерттеле бастады, ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі артып, психометриялық тұрғыдан негізделген құралдар әзірленіп, қолжетімді болуда. Зерттеуші Л.В. Карапетян [2] өзінің ғылыми еңбектерінде «психологиялық әл-ауқатты» әлеуметтік, мәдени, экономикалық, психологиялық, физикалық және рухани факторлардың жиынтығы ретінде сипаттады. Шетелдік психологтар, мысалы: А. Маслоу [4], К.Роджерс [5] - тұлғаның оң психологиялық жұмысының мәселелерін қарастырды. Егер студенттер физикалық тұрғыдан сау және дамыған ғана емес, сонымен қатар психологиялық тұрғыдан қауіпсіз болса, оқу іс-әрекеті сәтті жүзеге асырылады. Сондықтан психологиялық әл-ауқат білім беру жүйесіндегі басты мақсат болуы керек.

Студенттік жылдар - бұл студенттердің психологиялық әл-ауқатының деңгейін өзгертуге немесе төмендетуге қабілетті әртүрлі дағдарыстардың (бейімделу, кәсіби қалыптасу) пайда болуын анықтайтын кәсіби қалыптасу кезеңі. Табысты оқу іс-әрекетінің негізгі сипаттамалары: нақты мақсат қою кезінде өзінің мүмкіндіктерін барабар бағалау; студенттің орындайтын жұмысына жауапкершілікпен қарау, жоспарланған жұмыстың оңды орындалуына ұмтылу; мақсаттылық, рефлексия дағдылары және өз сәтсіздіктерін абыроймен қабылдай білу. Студенттердің психологиялық әл-ауқатына әсер ететін факторларды атауға болады: өзін-өзі реттеу дағдылары мен дағдыларының жоғары деңгейі, сондай-ақ оқу және кәсіби қызметтегі жетістіктер. Бұған материалдық байлық, табысты білім, спорттағы жетістіктер, жеке өсу, сүйікті хобби, жақсы отбасылық қарым-қатынас, жеке қарым-қатынас кіреді. Оқуды бітіргеннен кейін-табысты жұмысқа орналасу, өз отбасын құру, саяхаттау немесе тұрғылықты жерін ауыстыру (жақсартылған жағдайларға, мысалы, өз пәтерін сатып алу), сондай-ақ тұрақты жеке өсу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру.

**Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:**

1. Воронина. А.В. Проблема психологического здоровья и благополучия человек: обзор концепций и опыт структурно –уровневого анализа /текст/ А.В.Воронина //Сибирский психологический журнал.-NO 3.- 2005. -142-145 с.
2. Карапетян. Л.В. Анализ типов базовых жизненных установок /текст/ Л.В.Карапетян // Известия Уральского государственного университета.– NO 1 (71). -2010 –123-134 с.
3. Кроник. А.А. К аузометрия:Методы самопознания, психодиагностики и психотерапии в психологии жизненного пути /текст/ А.А.Кроник.Р.А.Ахмеров//Москва: Смысл, - 2008.- 284 с.
4. Маслоу.А.Г. Самоактуализированные люди: исследования психологического здоровья / А.Г.Маслоу// Москва, - 2010 – 258 с.
5. Роджерс К.Р. Гуманистическая психология. Теория и практика / К.Р.Роджерс // Издательство: «МОДЭК», «НОУВПО Московский психолого –социальный университет», - 2013 – 456 с.



УДК 041700

**ПРОФИЛАКТИКА СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ СРЕДИ ДЕВУШЕК-ПОДРОСТКОВ В ПЕРИОД БЕРЕМЕННОСТИ.**

**Целищева Анна, бакалавр, педагог-психолог,  
ГКП на ПХВ «Текелийская городская больница»  
Казахстан, область Жетысу, г.Текели**

**Аннотация.** В статье рассматриваются возможное суицидальное поведение девушек-подростков в период беременности на примере статистики по городу Текели за 6 лет. Изменение работы организма, амбивалентное отношение к беременности, реакция окружающих и другие факторы, влияющие на суицидальное поведение при «аффекте узнавания себя беременной», возможная случайная утрата жизни при попытке избавиться от нежеланной беременности без обращения в медицинскую организацию. Влияние суицидального поведения во время беременности и постнатального периода на рожденного ребенка матерью-подростком. Рассматриваются причины, диагностика и помощь при суицидальном риске беременных девушек-подростков.

**Ключевые слова:** Суицидальное поведение, амбивалентное отношение, аффект, постнатальный период, суицидальный риск.

Для любой несовершеннолетней девушки беременность в подростковом возрасте оборачивается сильным стрессом. Страдает не только ее физическое здоровье, серьезная перестройка происходит на психологическом уровне. Организм подростка 14-17 лет еще не до конца сформировался, чтобы перенести дополнительную нагрузку без последствий.

Депрессия является одним из наиболее часто встречающихся психопатологических расстройств аффективного спектра во время подростковой беременности и после родов у матерей-подростков, а также в период аффекта узнавания себя беременной.

Рассмотрим депрессию с точки зрения психологического анализа у небеременных. Даже вне беременности у пациентов с депрессией до 70 % возникают мысли о самоубийстве. Однако в большинстве случаев данные расстройства, в силу ряда причин, остаются не диагностированными. 90% людей, которые умирают в результате самоубийства, страдали от

психического расстройства, чаще всего от депрессии. В депрессии суицидальное поведение является одной из форм психогенных реакций, возникающих на фоне акцентуаций характера, психопатий или остаточных явлений органического поражения головного мозга.

Такая реакция может быть ограничена всего лишь мыслью или представлением о суициде, либо выразиться в совершении суицидальной попытки. В последнем случае решение заранее не обдумывается, а возникает по механизму «короткого замыкания». В отличие от демонстративных суицидальных реакций, суицидальные реакции протеста совершаются в одиночестве. Начало течения депрессии сопровождается изменениями со стороны вегетативных


реакций (изменение пульса и дыхания, спазм периферических кровеносных сосудов, выступание пота и другие), резко выраженными изменениями в произвольно-двигательной сфере (торможение, возбуждение или перевозбуждение, нарушение координации движений). Сильный аффект обычно нарушает нормальное течение высших психических процессов — восприятия и мышления, иногда вызывает сужение сознания или его помрачение. Если смертельный исход не наступил, то подростки, как правило, стыдятся своего поступка, стараются его скрыть, тогда, как демонстративная реакция рассчитана на внимание и сочувствие окружающих.

Основными мотивами суицидального поведения подростка во время беременности являются:


- реакция на беременность;
- переживание обиды, одиночества, отчужденности и непонимания;
- действительная или мнимая утрата любви родителей, неразделенное чувство, ревность;
- переживания, связанные со смертью, разводом или уходом родителей из семьи;
- чувства вины, стыда, оскорбленного самолюбия, самообвинения;
- боязнь позора, нежелание извиниться;
- чувство мести, злобы, протеста;
- желание привлечь к себе внимание, вызвать сочувствие, избежать неприятных последствий, уйти от трудной ситуации;
- сочувствие или подражание товарищам, героям книг или фильмов («эффект Вертера»)

Работая психологом ПМСП в городской больнице города Текели, представляю данные по беременности несовершеннолетних за последние 6 лет (2017-2022 год).

**Факты обращения несовершеннолетних в ПМСМ в связи с беременностью за 2017-2022 г. Текели.**




**По фактам обращения несовершеннолетних в связи с беременностью насчитывается 43 девушки-подростка. Из них роды закончились в срок -40, медицинский аборт-2, замершая беременность-1.**



Встав на учет по беременности, будущая мама должна проходить на прием к психологу дважды, за весь период беременности при универсальной модели и, и большее количество раз при прогрессивной модели наблюдения за беременной женщиной (УПМ). Психолог работает наряду с участковым врачом, участковой медсестрой по универсально-прогрессивной модели (УПМ), социальным работником и другими специалистами ПМСП в составе мультидисциплинарной команды по наблюдению за беременными женщинами в городской больнице. С беременными девушками-подростками - это чаще **прогрессивная модель патронажного обслуживания, согласно стратегии которой - здоровье ребенка рассматривается в контексте семьи (например, наличие депрессии у матери или отца, пренебрежительное или жестокое обращение) и местного сообщества, а не изолированно от семьи и окружения команды вокруг ребенка. И, в этом случае, окружающие совсем забывают, что перед ними не взрослая сформировавшаяся личность, а подросток, максимально зависимый от внешнего эмоционального воздействия. Практически все беременные девушки-подростки имели депрессию и суицидальные мысли в период узнавания себя беременной. По данным Текелийской городской больницы в период 2017-2022 гг среди несовершеннолетних беременных мысли о суициде появлялись у 36 девушки подростка.**

#### Наличие суицидальных мыслей у девушек-подростков в процентах.



В современном обществе все еще поддерживается мнение, что молоденькие девушки рано беременеют в силу своей распушенности, отсутствия трезвого мышления. Это ошибочное предположение. Проявлять в такой ситуации агрессию, демонстрировать пренебрежительное отношение к подросткам, столкнувшимся с проблемой, нельзя. Беременность в раннем возрасте может стать следствием ряда ситуаций: в вопросах полового воспитания допускается формальный подход, сексуальное раскрепощение общества, пренебрежение правилами безопасности, существуют и более страшные причины раннего вступления в половую жизнь, связанные с насилием, принуждением к сексуальным отношениям.

Узнав о беременности несовершеннолетней дочери, родители, в большинстве случаев, ведут себя не самым лучшим образом: ругают дочь, сыплют упреками, угрожают отказом в материальной помощи, принуждают к аборту. Это первая реакция родителей на шоковое известие. Успокоившись, и хорошо подумав, они, конечно, не стали бы так себя вести. Но они не успели успокоиться и подумать — и подросток, возможно, выдаст в ответ свою шоковую реакцию, которая может закончиться уходом из семьи и даже суицидом.

Девушки-подростки в период узнавания себя беременной часто пессимистично оценивают будущее, однако такое отношение носит не генерализованный характер, а ограниченный зоной определенных событий. Депрессивная симптоматика проявляется в жалобах, в высказываниях женщин, не отражаясь существенным образом на их внешнем облике и поведении. Динамика состояния характеризуется тем, что сниженное настроение не приобретает свойств стойкой подавленности, а подвержено значительным колебаниям. Важно заметить, что депрессивное расстройство нередко сочетается с тревожными и астеническими проявлениями в эмоциональной сфере. Одной из разновидностей такого типа суицидального поведения является реакция беременной пассивного протеста в подростковом возрасте.

В настоящее время принята точка зрения, что в инициации дородовой и послеродовой депрессии участвует комплекс биологических, психологических и социальных факторов. Известно, что депрессия в период беременности расценивается как фактор риска для развития послеродовой депрессии. Показатели острого суицидального риска среди молодых беременных: постоянные суицидальные мысли, безнадежность и чувство вины, сильное стремление к суицидальным действиям, прямые и косвенные сообщения, относящиеся к самоубийству. Девушки-подростки, беременные или уже ставшие матерями, в семь раз больше предрасположены к совершению самоубийства, чем другие подростки. Сравнение матерей-подростков с другими девушками, имевшими одинаковые показатели социально-экономических лишений, плохой школьной успеваемостью и низкими устремлениями в образовании, свидетельствует о ничтожном различии их шансов в жизни.

Одна четверть матерей-подростков рожают второго ребёнка в пределах 24 месяцев от первого. Факторы, которые определяют, какая мать в большей мере готова к таким быстрым повторным родам, включают замужество и образование: такая готовность уменьшается с уровнем образования молодой женщины или её партнёра и увеличивается, если она выходит замуж. Дочери родителей-подростков более предрасположены сами стать матерями-подростками. Сын матери-подростка в три раза более предрасположен к тюремному заключению.


В любом случае, что бы ни стало причиной беременности, девушке необходимо чувствовать поддержку со стороны близких. Важно, чтобы она могла открыто рассказать о своей ситуации, не услышав от взрослых упреков, оскорблений. Родители должны понимать, что эмоциям в этом вопросе не место, и что девушке, оказавшейся в подобной ситуации, гораздо страшнее, чем взрослым, уже состоявшимся в жизни людям.

Если своевременно оказать молодой матери социально-психологическую поддержку окружающими, включая родителей, друзей, образовательную и медицинскую организацию, подготавливая общество, что подростковая беременность может случиться с вашим ребенком, мы сможем убрать стигматизацию беременных девочек-подростков, а значит аффект узнавания себя беременной будет намного ниже. А следовательно и суицидов и криминальных аборт и запущенных случаев выявления патологической беременности молодыми девушками-подростками не будут иметь место.

#### **Список использованной литературы:**

1. Перинатальная психология И.В. Добрянников.
2. Универсально-прогрессивная модель UNICEF.

3. Анализ проблемы раннего материнства в Казахстане: ОО «Лига женщин творческой инициативы».
4. Психологические аспекты подростковой беременности Михайлин Е.С., Деменцов И.Б
5. Индивидуально-психологические аспекты суицидального поведения. Амбрумова А.Г В
6. Семейная диагностика и профилактика суицидального поведения. Амбрумова А.Г., Постовалова Л.И. В
7. Суицид, как феномен социально-психологической дезадаптации личности. Амбрумова А.Г., Тихоненко В.А
8. Ранняя беременность и ее последствия. Потехина Е.С., Чугунова А.В. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015.



ӘӘЖ 37.061

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Тағайбаева Айнаш Мухамеджановна, педагог-психолог,  
№48 жалпы орта білім беретін мектеп, Қазақстан, Мерке ауданы

**Аннотация.** Мақалада «суицид» ұғымының мәні, пайда болу себептері, оған бел байлайтын адамдардың іс-әрекетінің себеп салдары, мұндай жолға түскен адамдарға көмектесетін, алдын алуға мүмкіндік беретін жолдар мен әдістер туралы айтылады.

**Кілт сөздер:** суицид, адамның әдейі өз-өзіне қол жұмсау себебі, суицидке тән қасиеттер, психологиялық күйзеліс.

**Аннотация.** В статье рассказывается о сущности понятия «суицид», причинах возникновения, причинных последствиях действий тех, кто к нему привязан, о путях и методах, которые помогают людям, оказавшимся на таком пути, позволяют предотвратить.

**Ключевые слова:** суицид, причина умышленного самоубийства человека, суицидальные черты, психологический стресс.

**Annotation.** The article discusses the essence of the concept of "suicide", the reasons for its occurrence, the causal consequences of the actions of people who are committed to it, Ways and methods that help people who have embarked on such a path, allow them to prevent it.

**Keywords:** suicide, the reason for the deliberate suicide of a person, the qualities inherent in suicide, psychological distress.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді елендетіп, қоғам дертіне айналып отырған суицид мәселесі, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен сан түрлі қиындықтар бала психологиясына кері әсер етуде. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 10 қыркүйек – Дүниежүзілік суицидті болдырмау күні деп белгіледі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша 20% балалардың жеткеншек және жасөспірім кезеңдерінде өз-өзіне қол жұмсау көптеп кездеседі.

Осы мәселеге орай Суицидалогия деп аталатын үлкен бір ғылыми бағыттағы авторлардың зерттеуіне жүгінсек, жалпы, өзіне-өзі қол жұмсаудың басты сылтауы элеуметтік-психологиялық бейімделе алмауы болып табылады. Суицид (лат: suicide – өзін өлтіру) – ауру, рухани азап және психологиялық дағдарыс, ішкі күшті жанжал, ішкі эмоционалды қуатын шығару негізінде, адамның әдейі өз-өзіне қол жұмсау себебінен соңы өлімге әкеліп соғатын жағдай.



Суицид деген термин XVII ғасырда пайда болған. Бірақ XVIII ғасырдың ортасына дейін бұл ұғым кеңінен қоғамда пайдаланылған емес. Тек XX ғасырдың басында адамдардың өзіне қол жұмсауының етек алуына байланысты ғылымда «суицидология» атты дербес зерттеу саласы қалыптасты. «Суицид» термині алғаш рет Томас Браунстың 1635 жылы жазылып, 1642 жылы басылып шыққан «Религия» атты еңбегінде қолданылды. Ал кейбір авторлардың айтуы бойынша (Хайд Д., 1972 ж; Блох Д., 1998 ж.) термин XII ғасырда қолданысқа түсті. 1651 жылы Оксфордтық сөздікте суицидке толығымен сипаттама бергеніне қарамастан, термин ұзақ уақыт бойы әдебиеттерде қолданылмады [1].

«Суицидология» түсінігі алғаш рет орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттерде XIX ғ. соңында қолданылса, батыс елдерінде танымал суицидологтардың бірі Э.Шнейдман айтуы бойынша тек 1929 жылы ғана қолданыла бастады. Бұл қазіргі кезде танымал саланың бірі, өзіне психология, психиатрия, әлеуметтану, биология сияқты көптеген ғылымдарды біріктіреді. Суицидке бел байлайтын адамдарды теориялық және тәжірибе жүзінде зерттейтін, себеп салдарын анықтайтын, бұндай жолға түскен адамдарға көмектесетін, алдын алуға мүмкіндік беретін ғылымды – суицидология деп атаймыз. Ал адам бойында суицидке деген әрекеттердің байқалуы суицидалды мінез – құлық деп түсіндіріледі.

Суицидтің жасалуы екі фазадан тұрады: қалпына келу, өзі немесе басқа адамдар көмегімен адамның суицидалды талпыныстары жойылады және қалпына келмейтін.

Өз өзін өлтіру – қазіргі өмір сүріп отырған қоғамның талаптарына тұлғаның әлеуметтік – психологиялық үйренбеуінің нәтижесі. Психологиялық күйзеліс жеке бас, отбасылық, әлеуметтік және шығармашылық қақтығыстар нәтижесінде пайда болады. Итермелейтін бір себеп болғанымен, оған көптеген мәселелер өз әсерін тигізіп, бұл уақытта суицид ойы қалыптасып, дами бастайды. Дегенмен, суицидке адамды шешімнің болмауы итермелейді. Ол өз болашағын құрастыра алмайды. Және бұл кезде адамның күшті, ерікті немесе эмоционалды тұрақты адам екені ешбір маңызды болмайды. Өз өзін өлтірушілік әртүрлі типті адамдарда кездеседі. Мысалы, салмақты емес адам, суицидті көңіл – күйінің өзгеруі барысында жасаса, ерікті адам бұрын алдын ала ойланып, жоспарланған суицид жасайды. Бірақ олардың әрқайсысын біріктіретін ортақ заңдылықтары бар: бұл тұлға үшін сол жағдайдың маңыздылығы. Осыдан әрбір адам пайда болған жағдайда әртүрлі әрекет етеді.

Ғалымдардың айтуынша суицидтің үш түрі бар: шынайы, демонстративті, жасырын суицид. Шынайы суицид оған барған адам өмірден түңіледі, үнемі көңілсіз болып жүреді, өлгісі келеді. Оны қоршаған ортасы адамның осындай күйін байқамауы да мүмкін. Демонстративті суицид өзін-өзі өлтіргісі келгендердің көбі өлместен бұрын өзгелердің назарын өзіне аударғысы келеді. (Мысалы біреумен ренжіссе, қолына суық қару алып, болмаса арқан, жіп ала жүгіріп, «өлем» деуі). Жасырын суицид. Бұл түрінде адам өз-өзін өлтіру жақсы іс еместігін түсінеді [2]. Бірақ қиындықтан шығар шара, жол жоқ болып көрінгендіктен, өлімге апаратын істерге бас тігеді. (Мысалы: нашақорлық, алкоголизм, көлікте қауіптірек жүру, спорттың экстремальды түрімен немесе қауіпті бизнеспен айналысу және т.б.).

Жыл сайын 10-20 миллион адам суицид жасауға бекінеді. Олардың бір миллионға жақыны жарық дүниемен қош айтысады. Алдыңғы қатарлы суицид жасаушылардың отаны ретінде, басқасын айтпағанда, көрші алпауыт мемлекеттер Ресей мен Қытай және Қазақстанды атауға болады. Суицид ішкі эмоционалды қуатын шығару негізінде, адамның әдейі өз өзіне қол жұмсау себебінен соңы өлімге әкеліп соғады. Қазіргі кезде соңғы бес жылда жастар арасында өзін өлімге қоғандардың саны артып, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан елдегі азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде үшінші орында екен. Бір миллион адамның 8 мыңы Қазақстандықтардан тұрады. Бұл дегеніміз әр бір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек 5 жасқа дейінгі балаларда өзін-өзі өлтіру әрекетіне бару өте сирек кездеседі. Жанұялық қақтығыстарға байланысты 9 жасқа дейін 2,5%, ал 9

жастан кейін 80% өзін-өзі өлтіру әрекетіне барады екен. Жеткіншек кезеңінде суицидалды әрекеттің себебі болып ата-анасымен, мұғалімдерімен қақтығысқа бару салдары болып табылады. Жастар арасында әсіресе қыздар арасында, әсіресе қыздарда өздерінің жігітеріне байланысты суицидальді әрекеттерге баратыны анықталды.

Суицидтың ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы. Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидалды кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің төмендеуімен сипатталады [3]. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы т.б.

13 жасқа дейін суицид өте аз кездеседі. 14-15 жастан бастап белсенділік артып, 16-19 жаста максимумға дейін жетеді. Себебі, бала кішкене кезде өзіне ауыратын іс әрекеттер жасамайды, ал уақыт өте келе адам бойында агрессиялық мінез – құлық байқалып өздерін бұл өмірден жоюға талпыныстар көбейеді. Жасөспірімдерде көбінде парасуицидалды мінез байқалады: өлім тақырыбына сөйлесу, өлімге деген қызығушылық пен қорқыныш, суицидалды ойлар, қоршаған адамдарды қорқыту үшін жасалатын суицидалды талпыныстар. Ең қызығы жасөспірімдер арасында кездесетін суицид өз өзін жоюға емес, әлеуметтік қарым – қатынас бұзылыстарын қалпына келтіруге негізделген. Жасөспірімдік суицидтің психологиялық мағынасы өз мәселесіне басқалардың көңілін аударту, көмек сұрау. Бұл кезде адамда жеткілікті түрде өлім туралы мағлұмат жоқ, өлім туындаған мәселеден кетіп, ұзақ уақытқа созылатын ұйқы, басқа жақсы өмірге өту көпірі деп түсініледі.

Жасөспірімдік суицидке тән мінез қасиеттері төмендегідей:

1. Суицидке аз уақытқа созылатын, күрделі емес жақын адамдар (мектепте, жанұяда, топта) арасында туындайтын қақтығыс тән;
2. Бұл қақтығыс соңғы және шешуші мәселе ретінде қарастырылып, ішкі күйзелісті тудыртады;
3. Суицидалды мінез демонстративті болып келеді, бұл жерде қоршаған адамдарды қорқыту мақсатымен жасалатын әрекеттер кездеседі;
4. Суицид аффект жағдайында жасалатын, ойланбай, жоспарланбай жасалған әрекет болып табылады;
5. Өз өзін өлтіруші өлім құралын дұрыс таңдамауы мүмкін (2-3 қабаттардан секіру, жұқа жіп т.б.).

Жалпы суицид әрекетін жасағалы дайындалып жүрген жасөспірімдердің өзіне тән қасиеттері де байқалады [4]. Оларға: мазасыздық деңгейінің жоғары болуы, ұйқының бұзылысы, қорқынышты түстерді көруі, агрессия, апатияның кездесуі, жасаған іс әрекеттерге жауапкершіліксіз қарай бастауы, өз өзінің кемшіліктерін жиі айта беруі, қоршаған адамдарды жек көру, өмірінің мағынасыз өтіп жатқандығы туралы сөздер қозғауы, махаббат объектісінің жоғалуы, наркотикалық заттарды, алкогольді қолдануы, сабақ үлгерімінің төмендеуі, өмірлік қызығушылықтардың байқалмауы, достарымен қарым – қатынастың бұзылуы.

Ал суицидтің таралуының себептеріне тоқталып өтейік:

- Көбінде отбасылары нашар тұратын балалар жақын болып келеді. Ата-анасы ұрсыс керістен көз ашпайды, ішімдікке, нашақорлыққа бейім болады. Бала ешбір жанұя мүшесінен жылулық көрмейді. Құпиясын ашып, сырласуға деген адам таппай, эмоционалды жағдайы нашарлайды;
- Махаббат объектісі жоғалғанда да жасөспірімдер сезімтал болуына әкеледі. Мысалы, баланың кішкене кезіндегі атаанасын жоғалтуы кездеседі. Баланың көңілінде сақталып жатады. Енді бір рет жақын адамы (жолдасы, туысы, ғашығы т.б) қайтыс болған жағдайда адам стресске шалдығып, кейін депрессияға айналып, нәтижесінде суицидке әкеледі;

- Көп кездесетін себептердің бірі – депрессия. Бұл кезде адамның көңіл-күйі нашарлап, шар шаңқы, ойланғыш болып келеді. Өмірдегі басты мақсаты, қызығушылығы жойылады.

- Нашақорлық және ішімдік әсерінен жасалуы да мүмкін. Ойлана келіп емес, тек аяқ астынан пайда болған стимулдар әсерінен жасауы мүмкін.

- Өз эмоцияларын қадағалай алмайтындар. Олардың пікірінше тек бұл өмірден кетіп қана жан рахатына, тыныштыққа қол жеткізуге болады деп ойлайтындар.

- Еліктеу. Жасөспірімдер арасында бір–біріне деген еліктеушілік қатты байқалады. Мысалы, АҚШ-та Техас штатының Пиано қаласында орта мектеп оқушысы өзөзін тұншықтырып өлтірген соң, оған еліктеп сол сыныптың 8 жасөспірімі суицидтік әрекеттер жасаған.

- Ауру ретінде де кездеседі. Олар галлюцинациямен зардап шегеді, бұл кезде оларға біреудің дауысы бұндай әрекеттер жасау керектігін айтатындай болып көрінеді.

- Тұқым қуалау. Суицидке баратындардың ата тектерінде бұндай жолмен дүниеден қайтқан адамдар, байқалатындықтарын зерттеушілер анықтаған.

- Жасөспірімдік кезеңде балалар барлығын жүрегіне жақын қабылдайды. Сол кезге тән алғашқы ғашық болу, махаббат сезімі тән.

Сондықтан олардың көңілін қайтарған адамдарды жазалау мақсатымен де атқарады.

Суицидалды талпыныстар жасаған жасөспірімдермен арнайы мамандар жұмыс атқарғанымен, талпыныстар көп жағдайда қайталанып, соңы өліммен аяқталады. Бұндай талпыныстардың көбі «бақытсыз махаббат» әсерінен болып келеді. Заман ағымының өзгеруіне байланысты, соңғы кезде өз жынысының адамына деген махаббатты, бұрынғы заманға қарағанда өте жиі кездестіреміз. Бұндай жасөспірімдер өздерін басқа жасөспірімдерге қарағанда сенімсіз, өмірлік сыңарларын таба алмайтын, махаббатқа тұрақты етіп сезінеді [5].

Сондықтан өз «махаббат объектілерімен» ажырасып, қақтығысқа түскенде өздерін ешкімге керек емес деп сезініп, суицидалды талпыныстар жасайды. Сонымен қатар «бақытсыз махаббат» қалыпты бағдарды жасөспірімдер арасында кездесіп, суицидалды талпыныстардың себебі болатын жағдайларда да кездеседі. Мысалы, бір қызды ұнатқан ер бала жолдастарын үйіне қонаққа шақырады. Қызға жүрегіндегі сырын айтып, демалуға далаға шығып кетеді. Үйге кіргенде сол қызды өзінің досы құшақтап отырғанын көріп, ас бөлмеге барып өз белбеуіне асылып қалған. Қуанышқа орай досы үлгеріп, аман есен алып қалған.

Міне, осы сияқты жағдайларды тізбектей жаза берсек, саны шексіздікке шейін жетеді. Ойланбастан суицидке бел буатын импульсивті адамдарға тән қасиет.

Яғни, дәрігерлер тілімен айтатын болсақ «Жүйке – жүйенің қозғалмалы типі». Жасөспірімдер махаббаттың біреуі кетсе, екіншісі келетіндігін ұғына бермейді. Жалпы барлық жасөспірімдерге алдымен іс әрекетті жасап, артын ойлау қасиеті тән. Ертеңгі күн туралы ойлар адамның жасы ұлғайған сайын келе бастайды.

Жасөспірімдердің бұл қайғылы қадамға баруына ата – ананың да өз әсері бар. Жасөспірім үйі – бейбітшілік, тыныштық, өмір моделі. Ал кейде болып тұратын қақтығыстарға толы өмір болса, жанұя мүшелері бір – біріне қолдау көрсетпесе, бұл дүниеде өмір сүріп не керек? Міне осы сияқты пікірлермен суицидке бел байлаған жасөспірімдермен жұмыс атқаратын психолог, психиатрлар өте жиі естіп жатады.

Ауруханаға өз өзін өлтіруге талпыныс жасаған қызды әкелген. Қыз әрқашан «идеал оқушы» моделін ұстаған. Анасы қызына жақсы білім беру мақсатымен мектептен мектепке ауыстыртып отырған. Жасөспірімде сөздік қорында жолдастар деген сөз кездеспеген. Себебі, қыз бір топқа енді ғана бейімделе бастағанда, оны екінші мектепке ауыстырады. Осылай қыз өзін «қаңбаққа» теңеген. Анасы қай кезде басқа топқа жібергісі келсе, сол кезде қыз басқа

жаққа кетеді. Жасөспірім басқа өз құрдастарына қарап, әрқашан қызығады. Ал өзіне келетін болсақ, не достары, не тұрақты сыныптастары болмаған. Сөйтіп, жасөспірімде әлеуметтік байланыс үзіліп, өз – өзіне қол жұмсаған. Яғни, жасөспірімдік кезде білім алудан да басқа қызықтар кездеседі. Сол кезде ата – аналар өз балаларына жан – жақты қолдау беру керектігін есте сақтаған жөн.

Келесі суицидке итермелейтін себептерге мектеп, білім алу мекемелері жатады. Әрқашан жақсы оқитын оқушы мен нашар оқитын оқушы арасында қабырға жүреді. Жаман оқитын балаға екіншісін үлгі тұтады. Мысалы келесідей жағдай кездескен. Жаңа мектепке ауысып келген қыз баланың мектепке бейімделуі өте ақырын жүріп жатты. Сабағы жағынан үлгермей, нашар оқитын оқушылар қатарына жата бастады. Ал оның апайы керісінше, сол мектепке бауыр басып кетті. Ұстаздар апайын мысалға ала отыра кішкене сіңлісіне, өздері байқамастан қысым көрсете бастады. Ата – анасының жұмысқа кеткенін тосып, ас бөлмеге сабақ қараймын деген сылтаумен ұзақ отырады. Апайы ақ параққа көптеген сөздерді жазып жатқанын көріп, шынында сабақ оқумен айналысқан екен деп өз сабағына кетіп қалады. Ата – анасы жұмыстан келген соң қызының ас бөлмеде аяқ киімінің белбеуіне асылып қалғанын көреді. Не себепті бұл әрекетке барғанын ата – анасы ұқпай киім – кекештерін, қалтасын ақтара бастайды. Қыздың қалтасында не себепті бұлай жасағаны, кім кінәлі, ұстаздардың қысымы туралы жазылған хатты тауып алады. Өкінішке орай, мектептің, ұстаздардың жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуына кері әсер ететін жағдайлар да кездесіп жатады.

Жалпы қорытындылай келе қандайда болмасын үрдіске өз себептері әсер етеді. Яғни, бұл жағдайда әлеуметтік – психологиялық себептер. Жасөспірімдік кезеңнің өзі өте күрделі кезең болып келеді. Жалпы жасөспірімдік кезең әрбір индивид үшін қиындықтар мен сындарға толы кезең. Бұл уақыт ересек өмір мен балалық шақ арасындағы өтпелі көпір. Үнемі құрбы-құрдас, сыныптас және мұғалімдер тарапынан болатын жазықсыз ескертулер мен төмендетулер, мейірім түсінігі жоқ ата-ананың әсері жасөспірімнің өмірге деген көзқарасы солғандай бола бастады, мұндай жолдан шығудың бірден-бір жолы ол өз-өзін өлтіру деп түсінеді.

Ал әрбір баланың бақыты бұл отбасындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың оңтайлылығы, ата-аталар жағынан көңіл бөлушілік, түсінушілік болып табылады деп ойлаймыз. Сонда ғана өз-өзіне қол жұмсайтын балалардың саны азаяр деген үміттеміз.

Қорыта келе, психологиялық кеңес бергім келеді: өмірдің мәні мен сәні, қызығы мен қуанышы, арайлап атқан әр таңы жүрегіңізге, өміріңізге деген махаббат сезімін оятсын. Алаңсыз өмір сүріп, уайымсыз күн кешіп жатқан болашағыңыз бүгінгіден де нұрлы болуына үздік біліміңмен үлес қосуға талпыныңыздар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбікенова А. Өскелең ұрпақ арасындағы суицид мәселелері // Қызықты психология. Алматы, 2009. №6. Б. 7-8.
2. Қаражанова Ж. Суицидтік әрекеттің негізгі факторлары және суицидтік мінез көріністері // Қызықты психология. – Алматы, 2010. №4. Б. 15-16.
3. Қазіргі мектеп оқушысының социологиялық портреті (Социологиялық зерттеу). - Астана: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 141 б.
4. Елшібаева К.Ф. Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу. (Оқу-әдістемелік басылым). -Астана: Арман-ПВ, 2012.
5. Источник: <https://www.tarbie.kz/32478>

ӘОЖ: 376.37

## СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДАҒЫ СУИЦИДТІК ҚАУІПТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Асқарбек А.Қ.(магистрант), ф.ғ.к., аға оқытушы Ақилбаева Г.И.  
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық университеті  
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы

**Аннотация.** Бұл мақалада жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың этиологиясы және суицидтік қауіптің психологиялық факторлары қарастырылады. СТЖД балаларды ерекшеліктеріне қарай классификациялау талданады. Автор жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың ауызша коммуникация дағдыларын дамытуға бағытталған алғышарттарын назарларыңызға ұсынады.

**Түйінді сөздер:** әдіс пен тәсілдер, этиологиясы, аутоагрессия, эмпатия, суицидальды қауіп.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются психологические факторы суицидального риска и этиология детей с общим недоразвитием речи. Проанализирована классификация детей по признакам ОНР. Автор представляет вашему вниманию предпосылки навыков устного общения детей дошкольного и младшего школьного возраста, у которых не развит общий речевой язык.

**Ключевые слова:** методы и подходы, этиология, аутоагрессия, эмпатия, суицидальный риск.

**Abstract.** This article discusses the psychological factors of suicidal risk and the etiology of children with general underdevelopment of speech. The classification of children according to the signs of general underdevelopment of speech was analyzed. The author presents to your attention the prerequisites for the oral communication skills of preschool and primary school children who do not have a common speech language.

**Keywords:** methods and approaches, etiology, autoaggression, empathy, suicidal risk.

Қазіргі таңда, елімізде, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде сөйлеу тілі бұзылысы көптеп кездесуде, оның ішінде сөйлеу тілі ақаулықтарының ішіндегі ең көп тараған және күрделі түріне жататыны сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) болып саналады. Мұндай балалар кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж. Республикамызда бұл балалар әр түрлі арнайы білім беру, түзету мекемелерінде көмек алуға құқылы. Бүгінде, ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуында ауытқуы бар балаларға, олардың ата-аналарына деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеруде, сонымен қатар, ерекше балаларға қатысты Қазақстанның бірқатар халықаралық құжаттарға қол қоюы және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында [1], ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» Заңы, 2005ж. Оларға қатысты біршама мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді. Республикада арнайы оқыту саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан ерекше білімді қажет ететін балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі. Оқыту үрдісін жүргізбес бұрын аталған қазақ тілді балалардың ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеу қажет.

Соның бірі ретінде, қазіргі білім беру мекемелерінде балалар арасында сөздерді байланыстырып сөйлеуде дыбыстарды айтуда қиындықтар туындауы көптеп кездеседі. Сөздерді айту барысында, мектепке дейінгі жастағы балалар арасында бір немесе бірнеше дыбыстарды айта алмай, қате айту секілді жағдайлар орын алуда. Сөз - сөйлеу тілінің негізгі

бөлігі болып табылады. Ол өз қызметінде - заттардың нақты аталуын, қызметін, белгісін, адамның сезімін, түрлі қоршаған орта құбылыстарын түсіндіруді мақсат етеді. Сөз грамматикалық құрылымның көмегімен, сөйлеу қызметін жүзеге асырады.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы - сөйлеу тілінің түрлі күрделі бұзылыстары, мұнда дыбыстық және мағыналық жақтарына қатысты сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуы бұзылған. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бірмезгілде даму механизмі бойынша ауызша сөйлеу тілі бұзылыстарының түрлі формаларында бақыланады (алалия, дизартрия және т.б.) Жалпы сапалық белгілері ретінде сөйлеу тілінің кеш пайда болуы, сөздік қорының жеткіліксіздігі, аграмматизмдер, дыбыс айту бұзылыстары, дыбыс түрлендіру бұзылыстары білінеді [2].

Сөйлеу тілінің дамымауы немесе тежелуі түрлі деңгейде айқындалады, сөйлеу тілінің бұзылыс деңгейіне қарай оларды білім алатын, сонымен қатар арнайы білім беруді қажет ететіндер деп бөлуге болады. Сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстарының ішінде алалия, дизартрияның түрлері, тұтықпаның кейбір түрлері және т.б. кездеседі. Баланың сөйлеуі дұрыс әрі неғұрлым бай болса, соғұрлым қоршаған шындықты тану мүмкіндіктері кең болады, бала өз ойын кеңінен айта алады, сонымен бірге үлкендермен, құрдастарымен толыққанды қарым-қатынаста болады, және психологиялық дамуы белсенді түрде жүзеге асады. Сондықтан баланың сөйлеу тілін өз уақытында қалыптастыру, оның дұрыстығын, сөйлеу тілінің түрлі бұзылыстарының алдын алу мен түзету өте маңызды. Біздің зерттеуіміздің мәселесі, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының түрлері болып табылады. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауын (ары қарай СТЖД) Ресейлік дефектология ғылыми зерттеу институтының Р.Е.Левина бастаған ғалым қызметкерлер (Н.А.Никашина, Г.А.Каше, Л.Ф.Спирова, Г.И.Жаренкова және т.б.) 50-60 жылдары мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тіл бұзылыстарын жан-жақты зерттеу қорытындысының нәтижесінде ғылыми тұрғыдан негіздеді. Бұл мәселемен отандық ғалымдардан Өмрбекова Қ.Қ., Мовкебаева З.А., Сулейменова Р.А., Ильмуратова Г.А., Балықбекова В., Айтжанова Р.К., Ерсарина А.К. айналысты.

Педагогикалық теория мен практиканың қазіргі таңдағы даму кезеңінде аса назар ерекше білім беруді қажет ететін қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіне деген концептуалдық бағыттарды қайта қарастыру және түзету әсерлерінің нәтижелілігін арттыру мақсатында оларды оқыту мазмұнын жетілдіру мәселесі туындады (Н.Н. Малофеев, Е.Л. Гончарова, О.И. Кукушкина, О.С. Никольская, Е.Л. Гончарова [3]). Түзету педагогикасы саласындағы жұмыс жүргізетін зерттеушілердің анықтаулары бойынша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арасында сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың тобы ең үлкен топты құрайды, ал олардың арасында жалпы тіл бұзылыстары бар балаларды бөліп қараған дұрыс. Дыбыстарды бұзып айтуы, фонетикалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен сөйлем құрылысының артта қалуы жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың барлығына тән кемшілік.

Сөйлеу тілі бұзылыстарына әкелетін барлық этиологиялық факторлар полиморфты және күрделі. Көп жағдайда жалпы сөйлеу тілінің дамымауы түрлі факторлардың комплексті әсер етуі салдарынан болады, тұқымқуалаушылық бейімделуден, орталық жүйке жүйесінің органикалық жетіспеушілігінен және қоршаған ортаның қолайсыздығынан. Кейде бұл себептер бұзылыстың туындауындағы басты, ал кейде қосалқы факторлар болып табылады. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы жұқпалы ауруларды өткергеннен немесе өткір немесе созылмалы уланудан пайда болуы мүмкін. Бұған анасының жүктілік кезіндегі ерте немесе кеш токсикоз болуы, қандарының сәйкессіздігі, босану кезіндегі жарақаттар мен патологиялар, орталық жүйке жүйесінің аурулары, баланың алғашқы жолдарындағы бас ми жарақаттары және т.б. әсер етеді. Сөйлеу тілі бұзылыстарының айқындалу құрылымы мен деңгейі бас миының зақымдалу күрделілігі мен оқшаулануына тәуелді. Сонымен, бас миының жатырышілік зақымдалуы

кезіндегі сөйлеу бұзылыстары басқа да полиморфты даму бұзылыстарымен байланысады (есту, көру, тірек-қимыл аппараты, интеллект). Сөйлеудің сөйлеу-қозғалыс механизмін қамтамасыз ететін құрылым аймағында бас миының зақымдалу локализациясы кезінде сөйлеудің дыбыс айту жақтарының бұзылысы-дизартрия пайда болады. Ең ауыр және тұрақты түрі жалпы сөйлеу тілінің дамымауы болып табылады.

Орталық жүйке жүйесіндегі қозу мен тежелу секілді психикалық үрдістердің түрлі ауытқушылықтары жалпы сөйлеу тілінің дамымауының функционалды себептері болып келеді. Ақыл - ойының артта қалуы, есте сақтаудың түрлі бұзылыстары және басқа да психикалық функциялардың бұзылыстары психоневрологиялық себептері болып саналады. Ең күрделі сөйлеу бұзылыстары сөйлеу тілінің фонетико-фонематикалық, сондай-ақ лексико-грамматикалық жақтарын қамтиды.

Сөйлеу тілінің дамуын үш критикалық кезеңге бөлуге болады. Бірінші критикалық кезең (1-2 жас) - бұл сөйлеу тілінің алғышарттарының қалыптасуы. Бұл кезеңде сөйлеу тілінің дамуы басталады, коммуникативті мінез-құлық негіздері қалыптасады. Бір жарым жаста бала фразалық сөйлеу тілін қолдана бастайды, оның енжар сөздік қоры 150 сөзді, ал белсендісі-50 сөз шамасын құрайды. Осы уақытта Брок аймағындағы сөйлеу тілі қыртыстарының белсенді дамуы жүреді. Критикалық сәт болып 14-18 айлық жас кезеңі саналады, онда сөйлеу тілі дамуына болмашы қолайсыз факторлар әсер етеді.

Екінші критикалық кезеңде (3 жас) сөйлеу тілінің белсенді дамуы жүреді. Бала қарым-қатынас тіліне көшеді. Бұл жаста келеңсіздіктерді байқауға болады және т.б.

Сөйлеу жүйесінің шамадан тыс жүктелуі нәтижесінде түрлі бұзылыстар, мысалыға тұтығу пайда болуы мүмкін. Бала сөйлеу қарым-қатынасына түспей, тұйықтанады. Кейде мұндай тұтығудың түрін эволюционды деп атайды, яғни баланың нақты жасымен байланысты. Былай болуы мүмкін: мутизм туындап, сөйлеу тілінің дамуы артта қалады.

Үшінші критикалық кезең (6-7 жас)- балалардың көпшілігі мектепке барып, психикаға қосымша күш болып табылатын жазбаша сөйлеу тілін меңгере бастайды. Балаға жоғары талаптар қойылады, соның нәтижесінде тұтықпаға әкелетін жүйке жүйесінің ақаулықтары пайда болуы мүмкін. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда әрқашан дыбыс айтудың бұзылысы, фонематикалық естудің дамымауы, сөздік қор мен грамматикалық қатардың қалыптасуындағы айқын артта қалуы белгіленеді. Бұл балалар өзін қоршаған адамдармен байланысқа өзбетінше түседі, алайда оларда еркін тілдесу қиынырақ. Олар дұрыс дыбыстай алатын дыбыстарының өзі олардың еркін сөйлеу тілінде жеткілікті анық дыбысталмайды.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда дыбыс айту бұзылыстарының барлық түрі байқалады - ысқырық және ызың сигматизмі, ротатизм, ламбдацизм, дыбыстау мен жұмсарту бұзылыстары. Сөздің дыбыстық топтастырылуында, буындық құрылымында тұрақты қателіктер белгіленеді. Фонематикалық есту мен қабылдаудың жеткіліксіз дамуы балаларда сөздерді дыбыстық талдау мен жинақтауға өзбетінше дайындығының қалыптасуына әкеп соғады және олар логопедтің көмегінсіз сауат ашуды меңгере алмайды. Сонымен қатар даму деңгейіне шартты түрде бөлу қарастырылған, мұнда белсенді сөйлеу тілінің айтарлықтай артта қалуы, шектелген сөздік қор, аграмматизм, дыбыс айту мен фонематикалық қабылдаудың жеткіліксіздігі ортақ болып табылады.

Бір деңгейден басқасына өту жаңа тілдік мүмкіндіктердің пайда болуымен, белсенді сөйлеу тілінің жоғарылауымен, тілдің мотивациялық негіздерінің өзгеруімен анықталады.

Сөйлеу тілінің қалыптаспағандығының көрсеткіші есебінен оның дамымаушылығының 4 деңгейі бөліп қарастырылады.

*Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының бірінші деңгейінде* тілдің мүлде қалыптаспауы байқалады. Ондайларды мылқау балалар дейді. Бұл деңгейдегі балалардың кісімен тілдескенде анық байқалатын тіл кемістіктері мынандай болып келеді: былдырлап сөйлейді, жеке дыбыстарға еліктейді, жекелеген зат есімдік сөздермен, күнделікті тұрмыста айтылып жүрген етістік сөздерді пайдаланады, сөйлемді былдырлап, мүлде түсініксіз етіп үзіп-үзіп

айтады, сөйлемде дыбыстар анық айтылмайды, әрі тұрақсыз, құбылмалы келеді. Олар айтатын деген ойын қолдарын ербеңдету арқылы ым-ишара қолданып, ымдап түсіндіруге тырысады. Сөйлеу тілінің бұндай кемістіктері зияты бұзылған балаларда да болуы мүмкін. Сөйлеу тілінің дамуының *бірінші деңгейін* былай сипаттауға болады:

- Сөздік қоры жоқтың қасы. Ол былдырлап түсініксіз айтылған сөздерден, басқа дауысқа еліктеген дыбыстарда (р-р-р, ш-ш-ш,) күнделікті қолданылатын кейбір оңай сөздерден тұрады (ту-су).

- Баланың енжар сөз қоры пайдаланатын сөз қорынан едәуір молырақ болады, бірақта сөз түсінігі тым таяз. Сөздерді бірнеше рет қайталанған таныс жағдайда ғана түсінеді. Мысалы: «Қолыңды қалтаңнан ал» деген бұйрықты бала дұрыс орындауы мүмкін. «Қалтаңды көрсет» дегенде ол көрсете алмайды. Өйткені ол «қалта» деген сөздің мағынасын түсінбейді. Байланыстырып сөйлеу қабілеті мүлдем дамымаған.

- Сөздің, дыбыстың, буынның құрамын сақтап, қайталау қабілеті дамымаған. Бұл деңгейді қысқаша қолданбалы сөйлеу тілінің болмауы деп сипаттауға болады.

Сөйлеу тілі дамуының *екінші деңгейіндегі* балалар төмендегідей сипатталады:

-Балалардың белсенді сөз қоры зат есім, етістік, сын есім, үстеу сөздерімен толықтырылады.

-Сәтсіз болса да бұл деңгейдегі балалар септік жалғаулар мен жұрнақтарды пайдалана бастағаны байқалады.

-Бұл деңгейде балалар сөзді байланыстырып сөйлей бастайды.

-Сөзді түсінуі жетіледі, белсенді және енжар сөз қорлары толығыады.

- Әлі де көп дыбыстарды және кейбір сөздерді дұрыс айта алмайды. Дыбыстық талдау, жинақтау әдістерін игеруге дайын еместігі байқалады.

Сөйлеу тілі дамуының *үшінші деңгейі* сөйлем құрамындағы лексикалық-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық элементтердің жетілмеуімен сипатталады. Осындай дәрежедегі, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар айналасындағылармен тілдесіп, сөйлесе алады, бірақ қанша дегенмен де өзінің айтатын деген ойын анықтап түсіндіре алмайды. Тіпті, бала дұрыс айта алады-ау деген кейбір дыбыстардың өзі де, өз бетімен сөйлегенде жеткілікті түрде айқын шықпайды.

*Үшінші деңгейде* сөйлеу тілінің дамуы бойынша баланың фонематикалық тілінің жасалуы жасының мөлшерімен салыстырғанда артта қалуы айтарлықтай шамада: олардың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың барлық түрлерінің дұрыс айтылмауы әлі де байқалады (сигматизм, ротацизм, ламдацизм, үндестік ақаулығы, ұяндануы). Сөздегі дыбыстардың түсіп қалатын тұрақты қателері, ең қиын сөздердегі буындардың бұзылуы байқалады. Мысалы: велосипед – сипед, сасипед, сапапа; милиционер – мисонед, мисинел.

Фонематикалық естуі және түйсіну қабілетінің нашар дамуының салдарынан баланың сөздің дыбыстық құрамын талдау және топтау дағдылары өз бетінше қалыптаспауы байқалады, сондықтан балаға логопедтің көмегі көрсетілмесе, кейін мектепте сауатын ашу кезінде балаға қиын болады.

Төртінші деңгей сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің болмашы өзгерістері мен сипатталады. Балаларда айқын дыбыс айту бұзылыстары жоқ, тек [л], [ль], [р], [рь], [и], [щ], [ч], [ш] дыбыстарын дифференциациялау жеткіліксіздігі бар, бала сөздің мағынасын түсіне отырып, оның фонематикалық бейнесін есінде сақтамайды, соның салдарынан оның дыбыстық құрамы мынадай түрде бұрмаланады:

-персеверация (қандайда бір буынды табанды түрде қайталады);

-дыбыстар мен буындардың орнын ауыстыру;

-эмоция (дауыстылардың тоғысуы кезіндегі қысқаруы);

-парафазия (буындарды алмастыру);

-кейбір жағдайда буындарды тастап кету;

-дыбыстарды қосып айту[4].



Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар кеңістіктік-уақыттық параметрлер бойынша қимыл-қозғалыс тапсырмаларын жүзеге асыру кезінде қалыпты дамыған балалардан ерекшеленеді - олар іс-әрекет кезеңдерінің бірізділігін бұзады, оның қосымша бөліктерін түсіреді. Саусақтардың, қол білектерінің қозғалыс координацияларының жеткіліксіздігі, ұсақ моториканың дамымауы жиі кездеседі. Мысалы, допты бір қолдан екіншісіне ауыстыру, оны кішігірім арақашықтықта лақтыру, оны еденге кезекпен-кезек ұру, оң және сол аяқпен кезекпе-кезек секіру, музыка арқылы ритмикалық қозғалыстарды нашар орындайды. Қозғалыс координациясының жеткіліксіздігі, баяулық, бір кейіпте тұрып қалу байқалады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар әлеуметтік бейімделуді қиындататын және мақсатты бағытталған түзетуді қажет ететін психолого-педагогикалық ерекшеліктерге ие.

Суицидті әрекет негізінде мінез-құлықты түсіну керек, оның сипаттамасы саналылық, мақсаттылық, өз өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіреді; әртүрлі бейімділік факторларының симбиозының нәтижесі болып табылатын көріністердің, кезеңдердің әртүрлі диапазонымен сипатталады.

Бірқатар авторлар дизонтогенездің келесі нұсқаларын анықтады: 1) жалпы дамымауы; 2) дамудың тежелуі; 3) зақымдалған даму; 4) дамымаған; 5) бұрмаланған даму; 6) дисгормониялық даму.

Дефицитті даму үшін психикалық дизонтогенездің нұсқаларының бірі сөйлеу бұзылысы болып табылады. Сөйлеу бұзылыстары әртүрлі, олар айтылымның бұзылуынан, сөйлеудің грамматикалық құрылымының бұзылуынан, сөздік қорының кедейлігінен, сондай-ақ сөйлеу қарқыны мен еркін сөйлеуінің бұзылуынан көрінуі мүмкін. Сөйлеудің әртүрлі бұзылыстары, бір немесе басқа жолмен, қалыпты сөйлеу қарым-қатынасына кедергі келтіреді, әлеуметтік бейімделу, тұлғааралық қарым-қатынас мүмкіндігін тежейді. Сонымен бірге сөйлеу тілі бұзылған балалар мен жасөспірімдерде ақаудың ауырлығы мен бекітілуін ескере отырып, алаңдаушылық, эмоционалдық стресс, қозғыштық, импульсивтілік, аффективті реакциялар және т.б. Сөйлеу кемістігі өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігіне ықпал етеді. Жоғарыда аталған ерекшеліктер өте шынай түрде суицидтік мінез-құлықтың қалыптасуына негіз бола алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы
2. Ефименкова Л.Н. Формирование речи у дошкольников. - М., 2010
3. Мастюкова Е.М. Лечебная педагогика. Ранний и дошкольный возраст: Советы педагогам и родителям по подготовке к обучению детей особыми проблемами в развитии. – М., 2007.
4. Логопедия.Өмірбекова К.К., Оразаева Г.С., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., Оқулық. Алматы, 2011.
5. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру, магистрлік диссертация жұмысы - Алматы, ҚазМҚПУ, 2013.

УДК 159.96

## ТРАНЗАКТИЛІ АНАЛИЗ КОНЦЕПЦИЯСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІК ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ЖАРАҚАТТАУДЫ ТАЛДАУ

Дариябекова Меруерт Маратқызы, әлеуметтік ғылымдар магистрі,  
Тараз қаласы «125 International school of Taraz» психологы

**Аннотация.** Мақалада транзактілі анализ концепциясындағы суицидтік шешім қабылдау және өзін-өзі жарақаттау түрлері талданады. Бала кезде қабылданатын суицидтік шешімнің жеті түрі және өзін-өзі жарақаттаудың сегіз мотиві қарастырылады. Бұл тақырып қазіргі уақытта өзекті, өйткені қоғамда суицидке бейімділік деңгейі, өзін-өзі қол жұмсау оқиғалар саны артуда.

**Кілт сөздер:** суицид, өзін-өзі жарақаттау, суицидке бейімділік, транзактілі анализ, суицидтік ой.

**Аннотация.** В статье анализируются типы суицидального принятия решения и самоповреждения в концепции транзактного анализа. Рассмотрены семь типов детских суицидальных решений и восемь мотивов самоповреждения. Данная тема в настоящее время актуальна, так как уровень склонности к суициду в обществе, количество суицидальных инцидентов увеличивается.

**Ключевые слова:** суицид, самоповреждение, суицидальные тенденции, транзактный анализ, суицидальные мысли.

**Annotation.** The article analyzes the types of suicidal decision-making and self-harm in the concept of transactional analysis. Seven types of children's suicidal decisions and eight motives for self-harm are considered. This topic is currently relevant, as the level of suicidal tendencies in society, the number of suicidal incidents is increasing.

**Keywords:** suicide, self-harm, suicidal tendencies, transactional analysis, suicidal thoughts.

Ғылыми әдебиеттерде суицидтің себептері туралы ақпарат өте көп, оның көбі корреляциялық зерттеулер нәтижесі. Көптеген жылдар көлемінде суицидке бейім тұлғаның ерекшелендіруші сипаттарын анықтауға деген ерекше ұмтылыс байқалады. Бұл әдетте жоғары тәуекелге бейім топтарды анықтаумен жүзеге асады. Мысалы, Хассан (1996) өзінің зерттеуінде суицидтің себебі әдетте отбасындағы қиындықтар, жұмыссыздық және денсаулықтың төмендегі екендігін айтады. Джордж (2008) суицид пен психикалық аурулар арасында, әсіресе күйзеліспен байланыс бар екендігін зерттеді. Купер мен Капур (2004) суицидке көбіне ер адамдар бейім екендігін, суицидтікке бейім тұлғалардың тең жартысында өзін-өзі жарақаттау оқиғасы болғандығын, сонымен қатар өмірдегі жағымсыз сәттер сезімтал индивидтердің суицидалды мінез-құлқына стимул болуы мүмкін екендігін айтады.

Психолог жеке клиенттермен жұмыс жасағандықтан, алдындағы отырған адамның суицидке бейім не бейім емес екендігін бірден аңғара алмайды. Күйзелісте жүрген адамдар көп, дегенменде суицидке бейім емес. Күйзеліс пен жұмыссыздық бірін өзін-өзі өлтіруге итермелесе, келесісін жоқ. Мұның себебін білу маңызды.

Зерттеулерге сүйенсек, бала кезінде қорлауға көп кезікен адам, ересек жасында эмоциялық қиындықтарға жиі ұшырайды. Яғни суицидтік ойлар мен әрекеттер адамның ерте жастағы шешімдеріне негізделеді. Суицидке бейім индивидтердің көбі өзінің балалық шағында «өмір сүрме» (не существуй) суицидтік шешімін қабылдаған. Суицидтік шешімді суицидтік тұлғаны анықтаушы фактор және суицидтік мінез-құлықтың негізгі триггері деп қарастыруға болады. Осы арқылы неге бір адам күйзелісте жүріп суицид жасайтынын, басқа адамның жасамайтынын түсіндіруге болады.

Бала кезде қабылданатын суицидтік шешім негізінен жеті түрлі суицидтік шешімді құрайтын тұтас топты қамтиды. Бала мұндай ерте шешімдерді айналасындағылардың физикалық және психологиялық қысымынан қашу үшін, тірі қалу үшін қабылдайды. Бала есейген сайын оның күштірек, күресуге қабілетті бола түсуіне байланысты оның ортасы өзгере бастайды. 6 жастағы кезіне қарағанда жасөспірім шақта бала айналасында болып жатқанды басқара алады. Және нәтижесінде өзін қорғай алатын ересек адамға, индивидуумға айналады.

Бірақ, адам есейіп, өзінің ортасын жақсырақ басқаруға қабілетті болғаныменде оның бала кезде қабылдаған ерте шешімдері әлі де ішінде өмір сүреді. Көп жағдайда ерте шешім өзгермейді. Суицидке бейім индивидтердің оқиғаларынан біз оларға ата-анасының суицидтік сілтемелерді қамтитын сөздер айтуы мүмкін екендігін байқаймыз. Мысалы: ата-анасы баласына төмендегідей айтуы мүмкін:

«Сен біздің кішкентай қатемізің»

«Егер сен болмағанда, мен сенің анаңа үйленбеуіме болар еді»

«Біз тек балаларымыз үшін біргеміз»

«Сені дүниеге әкелерде анаң қатты қиналды»

«Сен мені шаршаттың! Аяққа оратылмай далаға шықшы!».

Егер бала осындай сөздерді бірнеше рет еститін болса, ол мен өлсем, барлығы шешілер еді, өлім мәселені шешудің ең жақсы жолы деген шешімге келуі мүмкін. Мұндай суицидтік сілтемелерді ата-ананың балаға беруінің көптеген әдісі бар. Олар мұны балаға тура және өлімге байланысты сөздермен ашық айтуы мүмкін. Сонымен қатар, мысалы, баланың достарына, таныстарына, интернатқа немесе жабық мектепке қалдырып осындай сілтемелер беруі мүмкін. Тағы бір жолы – балаға физикалық қысым көрсету немесе ата-ананың баланы мүлдем елемей.

Баланың іштей қабылдаған суицидтік шешімдері әртүрлі сипатта болуы мүмкін, соның негізгі жеті түрі төмендегідей:

«Егер сен өзгермейтін болсаң, мен өзімді өлтіремін».

«Барлығы (жағдай) жаман болып кетсе, мен өзімді өлтіремін».

«Бұл мені өлімге әкелсе де, мен саған көрсетемін».

«Мен сені мені өлтіруге мәжбүрлеймін»

«Мен өзімді кездейсоқ жағымсыз оқиға арқылы өлтіремін»

«Сенің мені жақсы көруің үшін, мен (бірнеше рет) өлуге тырысамын»

«Сенің жаныңды жаралау үшін мен өзімді өлтіремін».

1 шешім: «Егер сен өзгермейтін болсаң, мен өзімді өлтіремін»

Мұндай шешімді суицидтік басқа адамдардың басқару құралы ретінде қолданатын адам қабылдауы мүмкін. Бірақ бұл ол адам өзіне өзі қол жұмсамайды дегенді білдірмейді. Ол басқа адамды өзгеруге мәжбүрлеу үшін суицидпен қорқытуы мүмкін. Яғни суицидті мәселені шешу жолы деп қарастыру. Өз шешімімен әрекет етудің негізгі себебі ол өзі қалаған маңызды бір нәрсені ала алмағандығында.

2 шешім: «Барлығы (жағдай) жаман болып кетсе, мен өзімді өлтіремін»

Жеті шешім ішіндегі ең кең тараған түрі осы. Мұндай жағдайда бұл адамның «барлығы (жағдай) жаман болып кетсе» дегенді қалай түсінетінін анықтау керек. Бұл ақшадан айырылу, некенің бұзылуы немесе абыройының төмендеуі болуы мүмкін. Келесі қадам – адам өзінің суицидтік шешімін қалай жүзеге асыруын талдау. Мысалы, биржалық кризис кезінде ақшадан айырылып қалу себебімен өзіне-өзі қол жұмсау көрсеткіші ұлғаяды. Мұндай адамдар акция құнының төмендеуінен жағдай нашарлап кетеді, сол себепті суицидті мәселенің шешімі деп қарауға болады деген тоқтамға келеді.

3 шешім: «Бұл мені өлімге әкелсе де, мен саған көрсетемін»

Мұнда суицид адамның басқаға қандай да бір зиян тигізіп жарақаттағандағы бунт позициясына негізделген. Бұл шешім кезінде адамның бұрынғы қарым-қатынастарындағы

мінез-құлқын салыстыру керек. Сонымен қатар мұнда өлім туралы ойдан құрастыралған фантазияларда кіреді. Адамның өзінің жерлеуіне қатысып тұрғандай және басқа адамдардың қиналып тұрғанын елестету секілді суицидалды фантазиялары болуы мүмкін, себебі ол оларға «көрсетті» ғой.

4 шешім: «Мен сені мені өлтіруге мәжбүрлеймін»

Мұндай жағдай көбінесе үйдегі қатты қысым кезінде болады. Мұндай шешім әскери әрекеттер алаңына өз еркімен баратын сарбаздарда кездеседі. Сондай-ақ, өлім жазасын алған кейбір адамдар, балалық шағында оны мемлекет өлтіретіндей суицидтік шешім қабылдаған.

5 шешім: «Мен өзімді кездейсоқ жағымсыз оқиға арқылы өлтіремін»

Бұл шешімді қабылдаған адам үнемі өзін аса қауіпке, тәуекелге итермелеп отырады соңында ерте ме, кеш пе кездейсоқ жағымсыз оқиға нәтижесінде қаза табуы үшін. Мұндай адаммен жұмыс жасау барысында өмірде қандай тәуекелдерге баратыны, сонымен қатар қандай фантазиялық ойлары бар екендігін зерттеу керек.

6 шешім: «Сенің мені жақсы көруің үшін, мен (бірнеше рет) өлуге тырысамын»

Бұл бірінші шешімге, яғни басқа адамның мінез-құлқын, әрекетін өзгертуге мәжбүрлеу үшін адамның өзін-өзі өлтірумен қорқытатын адамның қабылдаған шешіміне ұқсас. Мұндай адамдармен жұмыс барысында, «махаббат» алғысы келетін адамның кім екенін анықтау қажет. Және адамның осы қажетті махаббатты алуына өзіне қалай кедергі жасайтынын анықтау қажет.

7 шешім: «Сенің жаныңды жаралау үшін мен өзімді өлтіремін».

Бұл шешім үшінші шешімге ұқсайды. Мұндай суицид басқаға зиян келтіруге, жарақаттауға бағытталған. Өлім алдында жазылатын хаттар да суицидтік шешімді қабылдаудың типтері туралы көп ақпарат береді. Сонымен қатар адамда өзінің жерлеуінде қатысып тұрғандай магиялық ойлар да болуы мүмкін.

Өзін-өзі жарақаттау мен суицидтің байланысына келер болсақ, өзін-өзі жарақаттау деп адамның өз денесіне суицидтік ойсыз әдейі физикалық зақым келтіруін айтамыз. Өзін-өзі жарақаттаудың ең кең тараған түріне адамның өз денесін тілуі, күйік, жарақаттау, тесу, шымшу, инлемен қадау және басқалары жатады. Алайда өзін-өзі жарақаттау мен суицид – екеуі бір ұғым деген қате пікір. Себебі өзін-өзі жарақаттау мен суицид – бұл екі түрлі бөлек психологиялық қалып-күй. Нәтижесінде үш түрлі адамдар тобын ажырата аламыз:

1. Өзін-өзі жарақаттайтын, бірақ суицидтік ойлардың болмауы;
2. Суицидтік ойы бар, бірақ өзін-өзі жарақаттауға қабілетсіз;
3. Өзін-өзі жарақаттайтын және суицидтік ойлары да бар адамдар.

Клиентпен жұмыс жасағанда адамның осы үш топтың қайсысына жататынын анықтау керек. Кейде ата-аналар ұлы немесе қызы тамырын немесе денесін тілген болса, суицидтік ойы бар деп нақты айтып жатады, бірақ зерттей келе баланың суицидке бейімділігі жоқ екендігі анықталады.

Дене жарақаттарының мотивациясын зерттей келе, 2009 жылы Гратс пен Чепмен атты ғалымдар өзін-өзі жарақаттаудың 8 түрлі мотивін анықтаған:

1. Өзін-өзі жарақаттау татуировкалардың ганстерлік мәдениеті ретінде;
2. Өзін шынайы сезіну үшін өзін-өзі жарақаттау (диссоциациясы бар адамдарда байқалады);
3. Әйтеуір бір нәрсе сезіну үшін өзін-өзі жарақаттау;
4. Өзін-өзі жарақаттау қысымды азайту және қысымнан құтылу құралы ретінде;
5. Өзін-өзі жарақаттау эмоциялық ауырсынуды физикалық түрде шығару ретінде;
6. Өзін-өзі жарақаттау өз-өзіне қамқорлық жасау ретінде (Мюнхаузен синдромы кезінде);

7. Өзін-өзі жарақаттау өзін жазалау немесе өзіне деген жеккөрушілікті шығару тәсілі ретінде;

8. Өзін-өзі жарақаттау басқа адамдарды басқару немесе көмекке шақыру, басқаның зейінін өзіне аудару құралы ретінде.


Айта кететін маңызды жайт, жоғарыда аталған сегіз мотивтің ешқайсысы өлуге деген құштарлықты қамтымайды. Суицидтің мақсаты – өлім болатын болса, өзін-өзі жарақаттаудың мақсаты мүлдем басқа екенін ажырата білген дұрыс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Работа с суицидальными личностями. Руководство к пониманию, оценке и поддержке / Тони Вайт – К.: «НВП «Интерсервис», 2017 – 366 с.

2. Современный Транзактный анализ / Иан Стюарт и Вэнн Джойнс – Издательство «Метанойя», 2017 – 120 с.

3. Сценарии жизни людей. Школа Эрика Берна / Клод Штайнер – Издательство «Питер», 2021 – 416 с.



**ӘОЖ 37.035.6**

### **СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Кушеров Несипбай Мананбаевич, п.ғ.к., доцент**

**Сарсенов Жандос Бауыржанұлы - педагогика ғылымдарының магистрі,  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
Қазақстан, Тараз қ.**

**Аңдатпа.** Мақала еліміздегі жастар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын-алудағы педагог мамандардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне зерттеуге арналған. Оны әлеуметтік құндылық ретінде қарастырудың маңыздылығы мен оны шешу жолдарына бүгінгі қоғамда айқындау аса өзекті болып отыр.

**Кілт сөздер:** суицидтік мінез-құлық, әлеуметтік құзыреттілік, әлеуметтік құндылық, әлеуметтік-педагог, суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию проблемы формирования социальной компетенции педагогических кадров для работы с детьми с суицидными наклонностями в образовательной системе. Рассмотрение проблемы науки как социальной ценности является актуальным для понимания сути науки и функционирования ее в современном обществе.

**Ключевые слова:** суицидальное поведение, социальная компетентность, социальная ценность, социально-педагогическая, профилактика суицидального поведения

**Annotation.** The article is devoted to the study of the problem of the formation of the social competence of teaching staff to work with children with suicidal tendencies in the educational system. Consideration of the problem of science as a social value is relevant for understanding the essence of science and its functioning in modern society.

**Keywords:** suicidal behavior, social competence, social value, socio-pedagogical, prevention of suicidal behavior

Адамзат тарихында ең жоғарғы құндылықтар категориясында адам өмірінің алатын орны ерекше, сондықтан оның ХХІ ғасырда оның физикалық және психикалық ахуал

көрсеткіштерін әлеуметтік саясаткерлер қоғаммен оның жеке бөліктерінің өмір сапасы дәрежесінің кумулятивті индикаторы ретінде қарастыру қажеттігі аса маңызды мәселе болып отыр [1]. Еліміздегі соңғы уақыттағы практикалық және теориялық зерттеулер жастар арасында зорлық-зомбылық пен түрлі қылмыс, қысым жасау әрекеттерінің тек ересектер арасында ғана емес жастар, оның ішінде жасөспірімдер арасында да өсіп отырғанын мойындауда. Және оның соңы жасөспірімдердің өз өміріне қастандық жасау, тіпті өлімге бару әрекеттерінің жиі орын алып отырғанын көрсетуде. Зерттеулер тек қана психикалық процестер мен механизмдерге емес, сонымен қатар жеке тұлғаны толық қамтитын психологиялық денсаулықты зерттеуге бағытталған.

Суицидтік құбылыстың жалпы себебі әлеуметтік-психологиялық адасу болып табылады, ол көп жағдайда адамның өзіне жақын ортамен өзара қарым-қатынасының бұзылуынан болатын психожарақат әсерінен туындайды, Алайда жасөспірімдер үшін нақты қажетті емес, бұл тек отбасымен және жақындарымен болатын тәртіпбұзушылық болып саналады. Суицидті мінез-құлық категориясына мінез-құлқы мен белсенділігі төмен, өздеріне дене және рухани қауіп төндіретін балалар да жатады [2].

Психотерапевтер суицидті адамның жанын жаралаған жағдайларда өзін өмірден кетуге саналы түрде итермелейтін акт деп анықтайды. Зерттеу жұмыстары жастардың өзін-өзі өлтіруге баруы әке-шешелерінің және педагогтардың оны мазалаған мәселелерге назарын аудару мақсатында екенін көрсетуде деп санайды. Осындай қорқынышты әрекетке оларды ересектердің қайырымсызды, немқұрайлығы, қатыгездігі екендігін танытуы мен қарсы тұруы жетелейді.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулер Қазақстандағы суицидтің 5-14 жастар арасындағы балаларда және 14-24 жастағы жастар арасында өсу тенденциясының басқа дамыған және дамымаған елдермен салыстырғанда жоғары екендігін көрсетуде ([www.unicef.kz](http://www.unicef.kz) [www.unicef.org](http://www.unicef.org)).

Соңғы жылдары Қазақстанда осы мәселе мемлекеттік мекемелер қызметкер-лерімен жан-жақты талқыланып, балалар мен жасөспірімдердің суицидмен күресудің алдын-алу жоспарын әзірледі (2011ж) [5]. Аталған жоспарда мәселені шешудің негізгі бағыттарына ең алдымен суицидтің болу себептері мен онымен күресудің зерттелу жайын әлемдік тәжірибе деңгейінде және олар қол жеткізген табыстарды елімізде қолдану мүмкіндіктерін зерттеу міндеттері қойылды.

Зерттеушілер бұл мәселенің күрделілігіне байланысты әртүрлі деңгейдегі себеп-тердің арасынан жастар мен балалардың психикалық денсаулығын, оның негізінде денсаулық сақтау қызметінің құрылымын бөліп көрсететін: соматикалық, психикалық, психологиялық, әлеуметтік, рухани-адамгершілікке назар аудару міндеттерін бірінші орынға қойып отыр.

Өйткені, ғылыми-теориялық ұстанымдарға сәйкес психикалық денсаулығы жақсы адам - бұл ішкі жан-дүниесінің тепе-теңдік қалпы бар, психологиялық жайлылықты сезінетін, әлеуметтік адаптацияланған, жекелеген психикалық функцияларында (қабылдау, ойлау, ес, зейін, эмоция) ауытқулар орын алмайтын, үйлесімді, тұрмысқа бейімделген жеке тұлға, өзінің ішкі құрылымында қысымы жоқ, кері әсерлерге қарсы тұра алатын қабілеті бар адам. Әлеуметтік адаптацияланғандық келесі белгілерден тұрады: қоғамдық өмір талаптарына бейімделгендік; бұл бейімделгендік деңгейінің төмендемеуі; адамның қылықтары мен қалыптарының нақты жағдайларға сәйкестілігі, яғни адекваттылық; психикалық қалыпты өзіндік тарапынан басқара алуы. Ұсынылған идеалды қалыптан өзгешеліктер болуы мүмкін, алайда олар психикалық, психологиялық ауытқу деңгейіне дейін жетпейді [3].

Сондықтан, индивидтің әлеуметтену процесі психологиялық денсаулықты сақтауды қамтамасыз ететін жетекші бағытқа ие болуы тиіс. Өйткені әлеуметтену процесі, ең алдымен, қоршаған ортасына бейімделу процесі, ол адамның биологиялық, тұқым қуалаушылық қасиеттерінің терең индивидтік өзгерістерімен байланысты. Өмірінің алғашқы күндерінен

бастап-ақ адамның әр түрлі өмір аймақтарына физикалық, физиологиялық және психологиялық, белсенді бейімделуі басталады. Оқыту - арнайы ұйымдастырылған, өту жағдайлары басқарылып, реттеліп отыратын, жеке адамның әлеуметтену процесі. Яғни, оқыту - адамның қоғамдағы динамикалық өмір әрекеті жағдайларында өтетін әлеуметтену процесінің ерекше моделі болып табылады. Оқыту процесі жеке адамды оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі деп түсіндіріледі, әлеуметтік ортада қабылданған нормативтік жүйе бойынша, қоғамның мақсат, міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, моделдерге қойылатын талаптарға жауап береді.

Өкінішке орай, еліміздегі халықтың көпшілігі тұлғаны әлеуметтендірудегі бұзылыстардың басқа түрлерін - өзіндік бағалаудың дұрыс еместігін, талаптану деңгейін, өзіндік бағалаудың төмендеуін - зерттеуге айтарлықтай мән беріп отырған жоқ. Кейбір адамдар қарым-қатынас жасауда қиналса, екіншілері - өзіндік таным мен өзіндік дамуында қиындық сезінеді, ал үшіншілерінде - тұлғаның (көреалмаушылық, жаугершілік және т.б.) және мінез-құлықтың (әр түрлі психологиялық тәуелділік) деструктивтік қасиеттері басым болады. Бұған көп мысалдар келтіруге болады. Мұның бәрі ауру емес, қалыпты тұлғаға тән болады, және де адамның осындай қиыншылықтарды жеңуіне психиатр емес, кәсіби психолог көмек бере алады.

Адам тұлғасының өте күрделі даму кезеңі жасөспірім шақ - 13 пен 18 жас аралығын қамтитын ерекше кезең. Өмірдің осы сатысында жасөспірім физиологиялық және морфологиялық өзгерістерді басынан өткереді, мұның психологиялық салдары болады. Жас өскін әр түрлі сыртқы факторларға қалай жауап беру керектігін білмейді. Көптеген жағдайларда жасөспірімдер эмоцияларын игере алмай, қызуқандылық танытып жатады. Жасөспірім кезеңге аяқ басқан шақта олар ересектерден тәуелсіз болуға және дербес шешімдер қабылдауға ұмтылады, себебі «мен – ересек» ұстанымы қалыптаса бастайды. Бұл жерде ересек адам ретінде өзін сезінуі-жасөспірімдік тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жаңаруы. Сондықтан жасөспірімнің психологиялық және психикалық денсаулығына ерекше назар аудару қажет.

Осы тұрғыда психикалық денсаулық деңгейлік бағытқа сәйкес қарастырылады. Психикалық денсаулықты қалыптастырудың әлеуметтік сипаты ерекше орын алатын-дықтан оны біртекті құрылым емес, көпдеңгейлі күрделі құрылым ретінде қарастырамыз, өйткені оның жоғары деңгейі тұлғалық-мағыналық немесе тұлғалық-денсаулық деңгейі, адамның мағыналық қатынастары деген сапалармен анықталады. Ал келесі деңгей индивидуалды психологиялық денсаулық деңгейі, адамның мағыналық талпыныстарын сәйкестік принципі бойынша жүзеге асыру тәсілін құра алу қабілетіне байланысты. Үшінші психофизиологиялық денсаулық деңгейі психикалық әрекет актілерін ішкі нейрофизиологиялық ұйымдастыру ерекшеліктерімен анықталады.

Осы мақсатта балаларға көмектесу үшін кәсіби білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ету керек. Мектеп жасындағы балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен психологтар алдында мінез-құлқында ауытқушылығы бар балаларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету міндеті тұр. Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыста индивидуалды бағытты дамыту қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі кезде қоғамдағы әлеуметтік қайшылық-тардың басымдық танытуы жасөспірімдердің арасында қылмыстық істер жасауына ықпал етуде. Мектептер мен отбасы жағдайларында кейбір жасөспірімдердің талап-тілектерімен келіспеу, ой-пікірлерімен санаспау, жеке-дара ерекшеліктері мен бейім қабілеттерін ескермеулеріне қарсылық туса, оларға ұсынылған идеялар мен мұраттардың күйреуі, табиғи түрде шиеленіске аарады.

Осы белгіленген міндет-талаптарды тиімді жолмен шешіп және оның жан-жақты дамып,балалар мен жстардың әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін мектепте педагог –

психолог мамандықтармен қоса әлеуметтік- педагог мамандығы да ұйымдастырылған болатын.

Әлеуметтік педагог - өзінің негізгі жұмыс бағыттарын оқушының сабақтан бос уақытын тиімді пайдалану ата-анасымен бірлесе отырып мектептен тыс көптеген қызықты жұмыстар жүргізе алады. Оқушылардың сабақтан бос уақыттағы іс-әрекеті әлеуметтік педагогтің үлесіне тиеді.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс қиын балалармен әр түрлі бағытта жүргізіледі. Ең алдымен алдын алу жұмыстары ұйымдастырылады. Қиын балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс әлеуметтік-педагогикалық сауықтыру жұмыстарын да қамтиды. Сауықтыру шаралары тұлғаға, оның жекелеген психикалық және физикалық қасиеттеріне әсер ету нәтижесі ретінде қарастыруға болады [4].

Әлеуметтік сауықтыру бұл баланың әлеуметтік орта өмір тіршілігіне араласу қабілетін қалпына келтіру үдерісі. Әлеуметтік-педагогикалық сауықтыру бұл балалардың қоғамға белсенді араласуға қажетті тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға, өз бетінше өмір сүруге, қажетті білім алуға қажетті білік, дағдыны меңгеруге бағытталған тәрбиелік сипаттағы шаралар жүйесі.

Сауықтыру бағдарламасының негізгі мақсаты тұлғаның адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру және түзету, балаларға коммуникативті қарым қатынас дағдыларын меңгеруге көмектесі болып табылады. Сауықтыру жұмысынан кейінгі кезең баланың сауықтыру орталықтарынан шыққан соң баланың отбасымен, достарымен, мектеп ұжымымен үйлесімді қарым қатынас орнатуына көмектесумен байланысты [9].

Сол себепті, бақылауға алынған балалармен әлеуметтік-педагогикалық сауықтыру бағдарламасын құруда келесідей жағдаяттар ескерілуі тиіс деп есептейміз:

1. Баланың жағымды қасиеттерін таба білу. Әлеуметтік педагог баланың мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды айтып, жариялауға болмайды. Бала үшін қолайлы жағдай туғызып бала бойындағы жағымды қасиеттерді тауып, сол бойынша әлеуметтік педагог іс-әрекет жасайды.

2. Болашаққа деген сенімділіктің пайда болуы. Мектепте үнемі оқу үлгерімі төмен болғандықтан балалар өзіне деген сенімі жоғалып, болашаққа жоспар құрмайды. Мұндай жасөспірімдер үшін өзінің болашақ кәсібін көру маңызды болып табылады, бұл жағдайда әлеуметтік педагог-психологпен бірлесе отырып баланың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне байланысты болашақ кәсібін анықтауға көмектеседі.

3. Болашақ кәсібін таңдаумен қатар девиантты мінез-құлықты балаларға қоғамдық жұмыстарға араласуы да маңызды болып табылады. Егер де басқа жасөспірімдер оқу, еңбек, жеке қызығушылықтары арқылы өз мүмкіншіліктерін жүзеге асырса, қиын жасөспірімдер үшін бұл орталарға ену қиынға соғады, дұрыс ұйымдастырылмаған бос уақыттың салдарынан өз күштерін қылмыстық әрекеттерге жұмсайды.

4. Жасөспірімдермен сенімді қарым-қатынас орнату. Шыдамдылық пен төзімділік әлеуметтік педагогқа девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыста қажетті маңызды қасиеттердің бірі болып табылады.

Сауықтыру бағдарламаларын құруда баланың жеке тұлғалық қасиеттерімен қатар баланың сол кездегі күйін ескеру аса маңызды. Бұл баланың отбасындағы немесе достары арасындағы кейілжіңмен, үйден қашу, сабақтан қалу секілді жағдайлармен байланысты болуы мүмкін.

Сол себепті біз теориялық және практикалық зерттеу материалдары негізінде сауықтыру шараларын әлеуметтік-психологиялық тренинг көмегімен жүзеге асыру тиімді екенін көрсеткіміз келеді. Өйткені, психикалық саулықтың негізі танымдық іс-әрекетте жатады.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг полифункционалды болады, оның құрамдас компоненті болып табылатын әр-түрлі жаттығулар, топтық дискуссия, ролдік ойындар және



психогимнастика диагностикалық, коррекциялық, дамытушы функцияларды атқарады. Бұл функциялар өзара байланысты, өзара тәуелді болады. Дегенмен, тренингтің нақты бір формасында диагностикалық, коррекциялық, дамытушы функциялардың бірі басыңқы, негізгі болатындай топтық жұмыс ұйымдастырылғаны оңды нәтиже береді.

Олай болса, тренингтердің ересектермен ғана емес, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тұлғалық дамытуда тиімді болатындығын төмендегі О.В.Хухлаева және К.Е.Изард ұсынған сабақтарда дискуссиялық ойындар ұйымдастыру әлеуметтік-психологиялық тренингте қолданылатын жетекші әдістердің бірі деп санауға болады.

Себебі, осы негізде ұйымдастырылған ойындар жүйесі оқушы мен педагог арасында субъект-субъект қатынас принципін жүзеге асыруға, қандайда бір мәселеге әр-түрлі көзқарастарды анықтауға мүмкіндік береді. Алайда дискуссия әдісін бағдарламада қолданудың өзіндік ерекшелігі бар, өйткені кіші сынып оқушылары дискуссия жүргізу дағдыларын игермеген: оларға өзіндік көзқарасты жіктеу емес, ересектің пікірін қабылдау тән болады.

Осы мақсатта, біз, сіздерге дискуссия жүргізудің ерекше ойын формаларын ұсынғымыз келеді. Мысалы «Жол таңдау». «Жол таңдау». Жетекші ханзаданың үш жолдың қиылысында өз таңдауын жасаған ертегіні балалардың есіне түсіреді. Ол өзі таңдау жасап, өзі нәтижелерді алған. Ең жеңіл жолдың сәттілікке әкеле бермейтіндігі анықталады. Жетекші балаларға ойлануды ұсынады: «Мүмкін, біздің өмірімізде де бірнеше жолдың қиылысында тұрғандай оқиғалар болатын шығар, және өз таңдауымызбен қандай жолға түсетініміз, өміріміз қандай болатындығы байланысты». Содан соң жетекші мектепті жол таңдау ортасы ретінде мысалға алуды ұсынады. Тақтаға біреуі мектепке әкелетін бірнеше жолдардың қиылысы салынады. Балалар жетекшімен бірігіп, жолдарға атау береді: «мақтау үшін бестіктерге кез-келген жолмен», «білімге тырысу арқылы», «үштіктерге жалқаулық арқылы». Балалар болашақта қай жолдың жетістікке әкелетіндігін талдайды.

Осы орайда, ерекше ескертетін мәселе бар, ол әлеуметтік-психологиялық тренингтің полифункционалдығын ескере отырып, біз тренингтік сабақты көп сатылы етіп жүргізуіміз қажет. Тренингтік сабақ ұйымдастыру сатысынан басталады. Психологиялық тренингтің аталған принциптері мен ерекшеліктерін негізге ала отырып балаларға жасөспірімдік жасқа дейін - дамудың кризистік кезеңінде «эмоционалды сауаттылықты» қалыптастыру маңызды. Бұл жұмыс К.Е. Изардтың фундаменталды эмоция теориясымен негізделеді, эмоция адамның негізгі мотивациялық жүйесі ретінде, сонымен қатар тұлғаның үрдіс ретінде адамдардың өмір сүруіне білім және мағына береді деп қарастырылады [4]. К.Е. Изард фундаменталды эмоцияларды онға бөледі, әрбіреуі әр-түрлі ішкі уайымдауларға және бұл уайымдардың әр-түрлі сыртқы көріністеріне әкеледі. Балалармен танысу жас мөлшері бойынша фундаменталды эмоция ішкі мәлімет бөлімінің бірінші қадамының мазмұны болуы мүмкін. Мұнда «аяқталмаған сөйлемдер», «сезім суреті» технология-ларын қолдануға болады

Әрине, оқушылардың жас ерекшелігін есепке алатын болсақ, бастауыш сынып оқушыларымен топтық жұмыстан тыс, психопрофилактикалық мақсатта рефлексиялық технологияларды да қолдану аса маңызды. Олар сабақ барысында қолданылады және әрбір баланың рефлексиялық қабілетін дамытуға негіз болады.

Сондықтан, тренинг барысында тек нәтижеге ғана емес, процеске бағытталған, әр баланың даму динамикасын ашатын, диагностикалық бағалау жүйесінен бөлек жүйе қолдану қажет. Ол үшін әлемдік практикада Portfolio Assessment педагогикалық технологиясын қолданылатынын есепке алған жөн. Бұл технология оқушылардың өзіндік(субъективті) бағалау сапасының деңгейлерін өсіреді, рефлексиясын дамытады, тұлғалық дамуды мотивациялайды, яғни диагностикадан басқа оқушының психологиялық денсаулығын қорғауға жағдай тудырады.

Міне, біз, мақаламызда балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын-алудағы педагог мамандардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру-

дың психологиялық-педагогикалық негіздерінің аса маңызды екендігін басты назарда болуын көрсеттік.

Мақаламызды қорытындылай келе, ХХІ ғасырда, яғни цифрлы-технологиялық, урбанизацияланған қоғамда өмір сүруші жастардың психикалық саулығын қорғау және оған тиімді жағдай жасау, оның дамуы мен әлеуметтену белсенділігін қамтамасыз еткенде ғана жақсы нәтижеге қол жеткізеді дегіміз келеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі
2. Хухлаева О.В. Основы психического консультирования и психологической коррекции: Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. - М.: «Академия», 2001.
3. Унарбекова Н.Д. Тұлғаның психологиялық денсаулығы: Монография. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 156 б. ISBN 978-9965-712-20-3
4. Д.А.Ускенбаева, А.С.Қамқабекова. Адамның психикалық денсаулығы мен өмір сапасын субъективті бағалауының өзара байланысы: магистрлік диссертация.- Тараз: ТИГУ, 2021
5. www.unicef.kz www.unicef.org



## **БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СУИЦИДИ МӘСЕЛЕСІ**

**Муленбаева Гулбану Мурасовна, педагог – психолог, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Максим Горький атындағы орта мектебі**

2020 жылғы қыркүйек айында Қазақстан психиатрлары біздің еліміз суицид бойынша бұрынғы кеңестік елдер арасында Литва, Ресеймен қатар алғашқы үштікке енгені жөнінде қорқынышты хабар таратты. Мұның алдындағы бір жыл ішінде үш мың қазақстандық өз-өзіне қол жұмсап, өмірімен қоштасса, былтырғы алғашқы бес айдың ішінде осындай 500 оқиға тіркелген. Әсіресе соңғы уақыттарда о дүниеге өз еркімен аттанған жасөспірімдер санының арта түсуі бізді ойлануға мәжбүр етеді.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид ересек адамдардың суицидінен басқаша. Ересек адамдардың бұндай әрекетке баруы көп жағдайда күйзеліс (депрессия) жағдайына байланысты болады. Күйзеліс кезеңіндегі ересек адамның жағдайын көріп, сезініп және соған сәйкес қандай да бір шара қолдануға, яғни суицидті болдырмауға байланысты әрекеттер жасауға болады. Ал ересек адамдарға қарағанда балалар мен жасөспірімдерде күйзеліс кезеңі жиі бола бермейді (кейбір көрсеткіштерге сүйенсек, бұл 1-5% жағдайында ғана кездеседі). Әдетте бала жасындағы күйзелісті психикалық ауытқу көріністеріне сайып, психиатрдың бақылауына жібереді.

Баланың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының 95-98%-ы аффективті реакциялар нәтижесінде болатындай белгілі. Яғни, эмоционалды қалыптарының тұрақсыздығының жоғары болуына және аса әсерленушілік қасиеттеріне байланысты қандай уақытта бұған қандай реакция беретіндігін ұғынып отыру қиын.

Бала суицидінің ең басты ерекшелігі – оның негізгі мақсаты өлім болмайтындығында. Олар өліммен кері қайта алмайтындығын да жете түсіне бермейді, суицидті өз өмірлеріндегі маңызды мәселені шешу құралы ретінде ғана пайдаланады. Бала суицидінің негізгі себептері мыналар:

- реніштері мен түсінбеушілік сезімдерін уайымдап, сезінулері;

- ата-аналарының өздеріне деген махабатты жоғалтып алуы немесе сол сезімді жалған қабылдауы (жасөспірімдік кезеңде және ерте жастық шақта бұл сезім көбіне алғашқы махабатты толығымен түсіне алмау кезінде болады);

- ата-аналарының біреуі үйден кеткен жағдайда немесе ажырасу толғаныстары;

- ұят, өзін-өзі кінәлау сезімі, жазалаудан қорқу, маскара болу немесе өзін төмен сезінуі;

- дағдарыстар мен өз қатарларының әжуа-мазақ қылу барысында сезінулері;

- шынайы немесе жалған әділетсіздікке, ашуға, ызалыққа қарсы болу сезімі, олардан кек алу сезімінің болуы;

- өзіне көңіл аудару сезімі, өзіне жан ашу сезімін тудыруды қалауы, қандай да бір жағымсыз міндеттерді орындауда қашу, я болмаса, жеңілдік пен айрықша құқыққа ие болғысы келгендегі ұмтылысы кезінде;

- өз жолдас-жоралары, кітап немесе бейне сюжеттегі кейіпкерлерге қарап еліктеуі мен жанашырлық сезімі туғанға байланысты, қандай да бір жаңа жастар ағымына үйірсектенуіне байланысты болады.

Осы айтқандарымыздың ішінен, бала суицидін психологиялық мәні өзінің эмоционалдық шиеленісін тежеуінен болатындығын көреміз. Яғни бала бойында қандай да бір тұрмыстық жағдайлардағы мәселені шешуде тығырықтан шығар жол іздеу керек болғанда, сол шешімді таба алмай қалатындығында.

Балалардың көңіл күй тұрақсыздығы, аса әсерленушілігі, иланушылығы ерекше болғандықтан, мамандар үшін бала суицидін алдын ала болжау қиынға түсетіндігін жоғарыда айтып кеттік. Бірақ та бала мінез-құлқындағы бірқатар белгілерге ересек адамдардың көңіл бөлуі тиіс. Себебі осы белгілер арқылы ғана мүмкін болатын әрекеттің алдын алуға, аутоагрессиялық әрекеттерді болдырмауына септігін тигізеді. Бұлар мыналар:

1. Бала мінез – құлқының аяқ асты өзгеруі: нашар тамақтануы, тым көп немесе аз ұйықтауы, күйгелек болуы, тым іскер, жігерлі болып кетуі, немесе керісінше, алаңғасар, енжар, тым ойшыл болуы; ашушаң немесе тұйық болуы.

2. Бала бұрын қызығып жасайтын ісіне қызығушылығының жоғалуы, ұнайтын заттарына аяқ асты көңіл бөлмей қалуы;

3. Бала тұйықталып, өз сезідері, ішкі күйзелістерімен бөліспей, ашық айтпай қалуы;

4. Сабақтан жиі қалуы, сабақ үлгерімінің төмендеуі.

5. Өлім жайында көп сұрақтар қойып, соған қатысты қызығушылығының артуы;

6. Отбасындағы ұрыс – керіс, түсінбеушілік жағдайында өзіне-өзі қол жұмсау туралы ашық айтуы немесе оны меңзеуі, ишара танытуы туралы әрекеттері: «Мен саған енді кедергі болмаймын» т.б.

7. Баланың қандайда бір ұйымға, діни қауымға баруы немесе сіз түсіне бермейтін құндылықтарға ие болған жастар топтарындағы ұйымның мүшесі болуы;

Сонымен қоса, кімде-кім өлім, өзіне-өзі қол жұмсау туралы көп жария қыла беретін бала мен жасөспірімге қатысты ешқандай әрекетті осы мақсатта жасамайды деп ойлау қате болады. Жалпы, ересек адам мен жасөспірімдерде байқалатын қыр көрсету, «бопсалық әрекеті» және шынайы емес суицид арасындағы шегі анық емес, екіұшты болып келеді, бір әрекеттен екіншіге оңай көшіп кетуі мүмкін.

Баланың өзіне-өзі қол жұмсауын талдауына әлі де болса толық шешім табылған жоқ: тіпті аяғына дейін жеткізбеген бала суицидінде баланың өзі толығымен не үшін бұндай әрекетке барғанын түсіндіре алмайды, себебін ашып айтулары қиын, олардың өзіндік талдаулары жетілмеген және олар өздері суицидті әрекеттің себебін түсіндіре алмайды. Бұл

балалар себептің сылтауы ретінде кездейсоқтықты, қандайдабір күштің болғандығын, тағы сол сияқты болмашы сылтауды айтады.


Болған, біткен суицидті талдайтын болсақ, олар тек ата-ананың, оқытушылардың, бала сыныптастарының орнықсыз болжамдар мен пайымдауларына сүйенеді және осы пікірлер бір-біріне қайшы келіп немесе өзара жоққа шығарып отырады. Осы сәтте өзіне қол жұмсаған баланың ішкі дүниесі туралы ешкім де білмей, беймәлім болғандығы белгілі болады.

Бала суицидіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көріп жүрген материалдардағы мәліметтерге сүйенсек, оларда көбінесе мұғалімді кінәлайды. Бірақ та кез келген балалар психологы мынадай тұжырымға келер еді: ұстаздың сөзіне немесе әрекетіне осынша әсер ететіндей болуына мұғалім (мейлі ол жаман болсын, я жақсы болсын) қазіргі замандағы бала тұлғасы үшін маңызды тұлға болып танылмайды. Бұл балада өзіне маңызды тұлғалар – ата-ана немесе жолдастары арасындағы қарым-қатынаста өзара шешілмеген мәселелер туындаған болу керек.

Жалпы, қорытындылай келе, бала суициді мәселесі тек бір ғана мәселе емес, көп мәселелердің жиынтығы болып табылады. Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бері көптеген арнайы зерттеу орталықтары осы мәселені қарастыруда, көптеген ақпараттар жиналды, соған сәйкес көзқарастар мен теориялар туындады. Бірақ бала суициді бірегей жағдай, «кейінгі уақытпен» көптеген психологиялық тұжырым жасауға болады, ал алдын алу жағдайы әлі де мүмкін емес. Әлі де болса, өзіне-өзіне қол жұмсау мәселесіне қатысты профилактикалық арнайы бағдарламаны өңдеу қажет. Ол бағдарлама бала өмірін түсінетін, оның толыққанды, жан-жақты дамуына көмек беретіндей болуы керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Суицидология: прошлое и настоящее: Сб. статей/ Сост. А. Н. Моховиков. – М. 2001.
2. Бурмистрова Е. В. Психологическая помощь в кризисных ситуациях (предупреждение кризисных ситуаций в образовательной среде). Методические рекомендации для специалистов системы образования. М.: МГППУ, 2006.
3. Черепанова Е. «Психологические мероприятия по предупреждению суицидального поведения среди учащейся молодежи в образовательном пространстве» // «Қызықты психология» №6, 2011. Алматы қаласы.



**УДК 159.9**

### **ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ**

**Мурзатаева А., психология магистрі, оқытушы сарапшы, Сүлейменова Г., п. ғ. к., оқытушы сарапшы, Нұрмағамбетова Б. п. ғ. к., профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан, Павлодар қ.**

**Аннотация.** Бұл мақалада қазіргі қоғамдағы жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын-алу мәселесі қарастырылады. Қазіргі уақытта суицид мәселесі өзекті және жас ұрпақ арасында өткір болып табылады. Статистикалық деректер деструктивті мінез-құлқты зерделеу және оны жас ұрпақ арасында төмендету бойынша алдын алу шараларын күшейту қажеттігін көрсетеді.

Авторлар суицидтік мінез-құлықтың себептерін қарастырады және мәселені шешудің жолдары мен әдістерін ұсынады.

**Кілт сөздер:** фактор, алдын алу, суицид, жанжал, жасөспірім, суицид, аутоагрессия.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема профилактики суицидального поведения подростков в современном обществе. В настоящее время проблема суицида актуальна и имеет остроту среди подросткового поколения. Статистические данные показывают необходимость изучения аудиструктивного поведения и увеличение профилактических мер для снижения среди подрастающего поколения.

Авторами рассматриваются причины суицидального поведения, и предложены пути и методы решения данной проблемы.

**Ключевые слова:** фактор, профилактика, суицид, конфликт, подросток, самоубийство, аутоагрессия.

**Annotation.** This article discusses the problem of prevention of suicidal behavior of adolescents in modern society. Currently, the problem of suicide is relevant and acute among the younger generation. Statistical data show the need to study destructive behavior and increase preventive measures to reduce among the younger generation.

The authors consider the causes of suicidal behavior, and suggest ways and methods to solve this problem.

**Keywords:** factor, prevention, suicide, conflict, teenager, suicide, autoaggression.

Суицидтік мінез құлық қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені қазіргі ұрпақ өз-өзіне қолжұмсауды өмірдің кез келген қиын жағдайын шешудің мүмкін әдісі ретінде қабылдауға бейім. Сонымен қатар, қазіргі уақытта адамдардың суицидтік мінез-құлық туралы әлеуметтік идеялары өзгеріске ұшырайды: суицидтен мүлдем бас тартудан бастап, суицид қолайлы және тіпті орынды болуы мүмкін жағдайлар бар екенін түсінуге дейін. Қазіргі қоғамды стресстік деп сипаттауға болады. Адамға күнделікті күресуге тура келетін көптеген жағымсыз факторлар әсеретеді. Кейбіреулер мұны сәтті орындайды, ал біреу қоршаған ортаның жағымсыз әсерлерімен жеткілікті түрде сәтті күресе алмайды. С. Мудди мен С. Кобейс сәйкес адамға қиын өмірлік жағдайды жеңуге мүмкіндік беретін жеке қасиеттердің бірі-өміршендік, адамның өзі туралы және әлем туралы көзқарастары мен сенімдерінің белгілі бір жүйесі ретінде қарастырылады, бұл адамның психикалық күйінің тепе-теңдігін сақтай отырып, стресстік жағдайларды сәтті жеңуге мүмкіндік беретін қасиет.

Жасөспірімдер мен жастар ортасындағы суицидтік мінез-құлық мәселесі бойынша кейбір отандық және шетелдік зерттеулер қазіргі ұрпақ суицидті қиын өмірлік жағдайдан шығудың мүмкін әдісі ретінде қабылдауға бейім екенін көрсетеді. Егер алдыңғы ұрпақтардың тәрбиесі негізінен белгілі бір жалпыға бірдей қабылданған құндылықтарға негізделген болса, онда қазіргі ұрпақ көптеген ақпаратқа қол жеткізе отырып, қазіргі көзқарастар мен мінез-құлық стереотиптерінен тыс белсенді түрде кеңейіп, ойлаудың және істеудің қабылданған тәсілдерін өзгертеді. Осыған қарамастан, жастар көбінесе тұрақты құндылық жүйесін құруда және олардың мінез-құлқын құруда қиындықтарға тап болады.

Жастар арасындағы суицидтік мінез-құлық қазіргі қоғамның маңызды проблемасы болып табылады, оны тиімді алдын алу шаралары арқылы шешу қажет. Тәуекел факторларын жақсы түсіну қажет. Осы факторлардың күрделі байланысын білу жастар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алудың тиімді жоспарлары мен стратегияларын әзірлеу үшін өте маңызды.

Суицидтік тәуекелдің маңызды психологиялық және психиатриялық факторлары: психикалық аурудың болуы; суицидтік мінез-құлыққа бейім жеке психологиялық ерекшеліктер; бұрын суицидтік немесе өзіне-өзі зиян келтіретін мінез-құлық эпизодтары. Психикалық аурудың болуы суицид ықтималдығын арттыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Депрессия, шизофрения, алкогольге немесе есірткіге тәуелділік, жеке

басының бұзылуы сияқты психикалық ауруларда суицид қаупі жоғары. Әр түрлі мәліметтерге сәйкес, аяқталған суицидті жүзеге асырған адамдардың 29-88% - ы депрессиядан зардап шеккен. Өз-өзіне қол жұмсау-депрессиямен ауыратын адамдардың өлім-жітімінің жоғарылауының негізгі себебі. Депрессиялық бұзылулары бар адамдарда суицидтен болатын өлім қаупі 12-20% құрайды (А.Г. Амбрумова) [1, 13-бет].

Депрессия суицид әрекетін жасаған адамдардың шамамен 2/3 бөлігінде диагноз қойылады. Суицидтік тенденциялар клиникалық депрессиямен ауыратын науқастардың жартысына жуығында кездеседі, суицидтік тәжірибенің қарқындылығы депрессиялық жағдайдың ауырлығымен тығыз байланысты. Үмітсіздік пен дәрменсіздік сезімі, кінә сезімі, қызығушылықты жоғалту және өзін-өзі бағалаудың төмендігі сияқты депрессияның көріністері суицидтік ойлармен тығыз байланысты. Суицидтік әрекеттерді көбінесе депрессияға ұшыраған науқастар антидепрессанттармен емдеу аясында жасайды, әсіресе депрессиялық фазаның басында және соңында, бұл препараттардың белсендіруші әсерімен байланысты. Шизофрения-бұл өз-өзіне қол жұмсау ықтималдығын арттыратын тағы бір психикалық ауру. Бұл кіші топтағы суицид қаупі жалпы популяцияға қарағанда 30-40 есе жоғары. Шизофрениямен ауыратындардың шамамен 10-12% - ы өз-өзіне қол жұмсау арқылы өледі [1, 13-бет].

Шетелдік зерттеушілер шизофрениямен ауыратын науқастарда суицид қаупін арттыратын келесі факторларды анықтайды: психиатриялық стационарға жиі жатқызу, жоғары импульсивтілік, отбасы мүшелері немесе туыстары арасында суицид, психотикалық және депрессиялық белгілердің болуы. Суицид қаупінің жоғары деңгейі алкогольге немесе есірткіге тәуелді болған кезде де байқалады. Әр түрлі шетелдік авторлардың айтуынша, алкогольді немесе есірткіні теріс пайдалану суицидтен қайтыс болған адамдардың 30-55% - у байқалған. Отандық зерттеушілер алкогольизммен ауыратындардың 7-15% - ы өз-өзіне қол жұмсау салдарынан қайтыс болады, ал суицидтік өлім-жітімнің ең көп саны орта жастағы ер адамдарда (Д.И. Шустов) болады деп атап өтті. Депрессия мен шизофрениямен ауыратындар аурудың дамуының басында суицидке жиі ұшыраса, алкогольизммен ауыратындардың суицидтері ауру дамығаннан кейін көптеген жылдар өткен соң пайда болады. Суицидтік мінез-құлық әдетте отбасылық қатынастардың бұзылуы, әлеуметтік оқшаулану, жұмыссыздық, денсаулықтың ауыр проблемалары және науқастардың созылмалы алкогольизациясынан туындаған басқа да қолайсыз факторлар аясында дамиды [2, б.14].

Өз-өзіне қол жұмсау қаупін едәуір арттыратын психикалық ауру-бұл психопатия немесе тұлғаның бұзылуы. Отандық авторлардың пікірінше, психопатиялық тұлғалар суицидтік әрекеттердің 20-40% құрайды. Американдық зерттеушілердің пікірінше, жеке басының бұзылуы суицидтен қайтыс болған адамдардың шамамен 30% - ы және суицид жасағандардың 40% - у диагноз қойылған. Суицидтік немесе парасуицидтік мінез-құлықтың ең үлкен қаупі қозғыш шеңбердің психопатиялық тұлғаларында, эмоционалды тұрақсыз (импульсивті және шекаралық типтер) және диссоциалды тұлғалық бұзылулары бар науқастарда байқалады. Осы типтегі психопатиялық тұлғалардың 69-75% - ы өзіне-өзі зиян келтіру және суицидтік әрекеттер жасайтыны анықталды; пациенттердің бұл санаттары қайталанатын өзіне-өзі зиян келтіру және суицидтік әрекеттермен сипатталады. Көптеген жұмыстар суицидтік мінез-құлыққа бейім жеке психологиялық ерекшеліктерді анықтауға арналған.

В. А. Тихоненко мен Ф. С. Сафуановтың пікірінше, келесі жеке сипаттамалар суицидке қатысты қауіпті болып табылады: эмоционалды жүктемелерге төзімділіктің төмендеуі, интеллекттің өзіндік ерекшелігі (максимализм, категориялық пайымдаулар, "ақ-қара" бағалауға бейімділік), коммуникативті қабілеттердің төмен деңгейі, өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі (төмен, тұрақсыз немесе жоғары), шектеулі репертуар күресу стратегиялары және психологиялық қорғаныстың дамымауы. Сонымен қатар, шетелдік зерттеушілер жоғары импульсивтілік, дихотомиялық ойлауға бейімділік, эмоционалды және когнитивті

процестердің қаттылығы және тұлғааралық мәселелерді шешу қабілетінің төмен деңгейі сияқты суицид қаупін арттыратын психологиялық сипаттамаларды ажыратады. Суицид қаупінің ең сенімді көрсеткіштерінің бірі-бұрынғы суицид әрекеттері немесе парасуицидтік эпизодтар. Кейбір шетелдік авторлар суицидтік әрекеттері бар адамдар суицид қаупінің 20-30 есе артқанын атап өтті, бұл жалпы халық үшін жалпы көрініспен салыстырғанда [2, 14-бет]. Отандық зерттеушілердің пікірінше, әрбір екінші суицид бір жыл ішінде суицид әрекетін қайталайды және әрбір оныншы адам суицидтен қайтыс болады (Г.В. Старшенбаум).

Суицидтік қауіптің әлеуметтік-экологиялық факторлары суицидтің ықтималдығын арттыратын маңызды әлеуметтік-экологиялық факторлардың ішінде ауыр стресстік оқиғалардың әсерін (жақын адамынан айырылу, отбасының бұзылуы, физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық және т.б.), белгілі бір әлеуметтік сипаттамаларды (отбасының болмауы, тұрақты жұмыс және т. б.), суицидтің жоғары өлімге әкелетін құралдарының болуын ажыратады. Суицидтік мінез - құлықты тудыратын ең көп таралған стресстік оқиғалар-жақын адамның қайтыс болуы, жақын адамымен ажырасу немесе қарым-қатынастың үзілуі, әртүрлі тұлғааралық қақтығыстар, баланың өлімі немесе ауыр ауруы, жұмысынан айырылу немесе жұмыс таба алмау. Отандық зерттеушілердің пікірінше, барлық суицидтердің шамамен 2/3 бөлігі жеке және отбасылық себептердің әсерінен болады. Сонымен қатар, 16-20 жас аралығындағы жас ересектерде суицидтің ең көп тараған себебі-сәтсіз махаббат қатынастары, 30-40 жас аралығындағы адамдарда – әртүрлі отбасылық қақтығыстар, 60 жастан асқан қарт адамдарда - жақындарынан айырылу және жалғыздық.

Бірқатар зерттеулер бұрын болған физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық суицид қаупінің деңгейін айтарлықтай арттыратынын анықтады. Нидерландыда 1490 жасөспірімге жүргізілген зерттеу жыныстық зорлық-зомбылықтан аман қалғандардың жарақатсыз құрдастарына қарағанда суицидтік мінез-құлық, депрессия және шекаралық психикалық бұзылулардың басқа түрлері айтарлықтай жоғары екенін көрсетті. Тағы бір зерттеуде өзін-өзі улану әрекетімен ауруханаға жатқызылған әйелдердің басқа себептермен ауруханаға жатқызылған әйелдерге қарағанда бұрынғы жыныстық зорлық-зомбылықты бастан өткеру ықтималдығы айтарлықтай жоғары екендігі көрсетілген. Көптеген зерттеулер Э.Дюркгейм атап өткен отбасылық жағдай мен жұмыспен қамту суицид қаупіне әсер ететін маңызды әлеуметтік сипаттамалар екенін растады. Отбасылық жағдай мен суицид арасындағы байланысты зерттеу жалғызбасты немесе ешқашан үйленбеген адамдар арасында суицидтің жоғары деңгейін көрсетті, одан да жоғары - жесір қалғандар арасында және ең жоғары - ажырасу немесе отбасылық қатынастардың үзілуін бастан өткерген адамдар арасында. Жұмыссыздар арасында суицид деңгейі жұмыс істейтін адамдарға қарағанда жоғары екендігі анықталды.

Жұмыссыздар арасында суицид деңгейі жұмыс істейтін адамдарға қарағанда жоғары екендігі анықталды. Кейбір мәліметтер бойынша, суицид көрсеткіштеріне кәсіби іс-әрекеттің сипаты әсер етеді (мысалы, біліктілігі жоқ жұмысшылар қызметкерлерге қарағанда суицидке жиі ұшырайды), бірақ бұл мәліметтер қарама-қайшы және зерттелген адамдарда байқалуы мүмкін психикалық ауруларды ескермейді [3, 15 бет] .

Суицидтік мінез-құлыққа әсер ететін маңызды фактор-дін. Сенушілердің өзіне-өзі қол жұмсау қаупі тұрақты діни сенімі жоқ адамдарға қарағанда айтарлықтай төмен. Діни нанымдардың сипаты суицид деңгейіне де әсер етеді. Халықтың көп бөлігі исламды немесе католицизмді ұстанатын елдерде басқа елдермен, әсіресе протестантизм басым рөл атқаратын елдермен салыстырғанда суицид деңгейі төмен. Сингапурдағы әртүрлі этникалық топтардың өкілдері арасындағы суицидті зерттеу ислам дінін ұстанатын этникалық малайлықтар арасында суицидтің ең төменгі деңгейі байқалғанын көрсетті, ал суицидтің ең көп саны этникалық индулар арасында — суицидке қатаң тыйым салмайтын индуизмнің ізбасарлары арасында байқалды. Суицидтің қолданылатын әдісі - суицид әрекетінің өліммен

аяқталу ықтималдығын анықтайтын негізгі фактор. Ресейде суицидтің жиі қолданылатын әдістері - өзін-өзі асу, улану (ең алдымен дәрі-дәрмектермен), суық қаруды қолдану және биіктіктен құлау. АҚШ-та суицидтің барлық жағдайларының шамамен 2/3 бөлігі атыс қаруын қолданады. Англияда өз-өзіне қол жұмсаудың жиі әдісі - автомобильден шығатын газдармен улану. Қытайда суицидтің ең көп таралған әдісі - пестицидтермен улану. Халықтың суицидтің жоғары өлімге әкелетін құралдарына (мысалы, атыс қаруы) қол жеткізуін шектеу аяқталған суицид деңгейінің төмендеуіне әкелетіні анықталды.

Суицидтік мінез-құлықты қалыптастыру процесінде биологиялық, психологиялық-психиатриялық және әлеуметтік-экологиялық факторлардың тығыз байланысын атап өту қажет. Мысалы, генетикалық факторлардың суицидтік мінез-құлыққа әсері психологиялық және әлеуметтік-экологиялық факторлардың әсерінен болуы мүмкін. Генетикалық тұрғыдан ауыр адамдар көбінесе белгілі бір стресстік жағдайлардың пайда болуына себеп болатын әлеуметтік мінез-құлыққа бейім, бұл өз кезегінде депрессия мен суицидтік реакцияларды тудыруы мүмкін.

Балалық шақтың айрықша ерекшелігі - өлім ұғымының қалыптаспауына байланысты өлім қорқынышының болмауы. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, баланың өлімі туралы түсінік ересек адамның өлімі туралы түсінікке 11-14 жас аралығында ғана жақындайды. Балалардағы өлім туралы түсінік қалай қалыптасады? Ол өлім туралы идеяның толық болмауынан бастап, ол туралы ресми білімге дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Бірақ бала үшін өлім - бұл алаңдаушылық ұғымы, ол оны өзінің жеке басымен де, жақындарымен де байланыстырмайды. Балада өлім қайтымсыз деген түсінік қалыптаспаған. Ол біраз уақыт болмайды деп, содан кейін ол қайтадан оралады сенеді [4, б.17].

Сонымен қатар, бұл жас суицидтік мінез-құлықтың мақсаттары мен құралдарының сәйкес келмеуімен сипатталады; кейде өлгісі келсе, ересектер тұрғысынан қауіпті емес құралдар таңдалады және керісінше, қолданылатын құралдар мен әдістердің қауіптілігін бағаламау салдарынан демонстрациялық әрекеттер жиі "қайталанады". Пісіп-жетілмегендіктен және өмірлік тәжірибенің жетіспеушілігінен, тіпті болмашы конфликттік жағдайдың өзі үмітсіз болып көрінеді, сондықтан ол суицидке айналады. Бұл жас үшін отбасылық анамнез ауыртпалығы өте маңызды. Отбасылық тәрбиенің суицидогендік компоненттері – артық қорғаныс, қатаң көзқарастары бар ата-аналардың авторитаризмі, ата-аналардың мәдени және білім деңгейінің төмендігі. Отбасымен қақтығыстар көбінесе жас адамның аға буын құндылықтар жүйесін қабылдамауымен байланысты.

Егер айтарлықтай артықшылығы бар ересек суицидтер арасында (1/3) ер адамдар басым болса, онда жасөспірімдер арасында жағдай керісінше: қыздар арасында сол жастағы ұлдарға қарағанда 2,5 есе көп суицид болуы мүмкін (3,9% қарсы 1,6%). Бұл жерде жыныстық айырмашылықтар емес, осы жас диапазонындағы қыздардың озық дамуы туралы айтылады. Әдебиетте жасөспірімдердің суицидінің әртүрлі себептерін сипаттауға болады [4, б. 17].

1. Жеке өмірдегі қақтығыс.
2. Жалғыздық.
3. Өнердің әсері.
4. Бөлінбеген сезімдер.
5. Стандартты емес бағдар.
6. Этникалық дәстүрлерді бұзу.
7. "Суицид гендерде жатыр".

Жасөспірім кезіндегі суицидтік мінез-құлық генезисінде отбасылық фактордың әсері де айтарлықтай. Зерттеуге сәйкес, әке мен ана "проблемалы" жасөспірімдердің тек 21% - идеал болып табылады, "қалыпты" ұлдар мен қыздар тобында бұл көрсеткіш 41% (әке үшін) және 56% (ана үшін) құрайды. Аналар жасөспірімдерге үлкен сенім артады (сауалнамаға қатысқан барлық ұлдар мен қыздардың 77%). Алайда, жасөспірімде суицид синдромы неғұрлым ауыр болса, соғұрлым ол өзінің мазасыздықтарын анасына, тіпті әкесіне де



білдірмейді (23-29%). Ата-аналармен сенімді байланыстың жоғалуы - жасөспірімдердегі суицид синдромының ең күшті стимуляторларының бірі. Өз-өзіне қол жұмсау туралы ойлар жасөспірімді ата-анасына аз сенген сайын азаптайды. Балалардың ата-аналармен жақсы қарым-қатынасы суицид қаупін 1% - ға дейін төмендетеді, керісінше, үнемі ұрыс-керіс бұл тәуекелді 18% - ға дейін арттырады. Бірақ балалар ең ауыртпалықты ата-аналарымен қақтығыстарды емес, олардың өздеріне деген салқын немқұрайлылығын қабылдайды. Жалғыздықтың өлімге әкелетін салқыны кішкентай адамдардың 17% жауаптарында сезіледі, олар өмірінің қиын сәттерінде ешкімнен көмек сұрағысы келмейтінін (немесе сұрай алмайтынын) айтқан кезде. Жоқ, айналадағы ондаған адамдардың арасында - туыстары, жақындары, достары мен мұғалімдері - кішкентай адам өзінің үлкен азабымен бөлісе алатын, жанын жеңілдететін, емдік эмпатия немесе пайдалы кеңес алатын бірде-бір адам болмас еді [5, 6.18].

Жасөспірімдердің суицид мәселелерін зерттеушілерде өз-өзіне қол жұмсауды кім жиі жасайды деген сұрақ туындайтыны заңды. Жасөспірімдердің қайсысы "тәуекел тобына" кіреді? Кім тәуекелге ұшырайды? Адамдардың қай түрі "суицидке" ұшырайтынын анықтау мүмкін болмаса да, кейбір жасөспірімдер өздеріне тап болған нақты жағдайларға және олардың алдында тұрған нақты мәселелерге байланысты өз-өзіне қол жұмсау қаупі жоғары екені белгілі. Суицид қаупі жоғары мүмкіндігі барлар:

- депрессияға ұшыраған жасөспірімдер;
- алкоголь мен есірткіні пайдаланатын жасөспірімдер;
- өз-өзіне қол жұмсау әрекетін жасаған немесе отбасы мүшелерінің біреуінің өзін-өзі өлтіргеніне куә болған жасөспірімдер;
- дарынды жасөспірімдер;
- мектептегі үлгерімі нашар жасөспірімдер;
- жүкті қыздар;
- зорлық-зомбылық құрбандар болған жасөспірімдер.

Жеке алғанда, осы жағдайлардың немесе проблемалардың әрқайсысы онымен кездескен жасөспірім міндетті түрде суицид қаупі жоғары аймақта болады дегенді білдірмейді. Алайда, мұндай проблемалар оның өмірін қиындататыны сөзсіз. Осы жағдайлардың немесе проблемалардың біреуінің қысымына ұшыраған жас адамның кез келген басқа қиындықтарға төтеп беруге эмоционалды, психикалық немесе физикалық күші болмауы мүмкін. Соның салдарынан өзіне қол жұмсау ол үшін жалғыз қолайлы жол болуы мүмкін. Жасөспірім кезіндегі суицидке қауіпті ситуациялық реакциялардың түрлері (А. Г. Амбрумова, Е. М. Вроно, 1985):

1. Айыру (депривация) реакциясы (көбінесе кіші және орта жасөспірімдер). Оған тән: қызығушылықты жоғалту, эмоционалды белсенділіктің қысымы, жасырындық, үнсіздік, жағымсыз тәжірибелер. Анамнез - қатаң авторитарлық тәрбие.

2. Жарылғыш (эксплозивная) реакция (көбінесе жасөспірімнің орташа жасы). Оған тән: аффективті шиеленіс, агрессивтілік, талаптардың жоғары деңгейі, көшбасшылыққа ұмтылыстар (көбінесе негізсіз). Анамнез - бұл реакциялар ересектер үшін дәстүрлі болатын отбасында тәрбиелеу. Бұл жағдайда суицидтік әрекеттердің мақсаты ренжіткен адамнан кек алуға, өз ісін дәлелдеуге ұмтылу болып табылады. Әдетте, суицидтік әрекеттер аффект шыңында жасалады; суицидтен кейінгі кезеңде суицидтік мінез-құлықтың сыны бірден қалыптаспайды, басқаларға қарсы оппозициялық көзқарас сақталады.

3. Өзін-өзі жою реакциясы (жетілмеген ерекшеліктері бар орта және одан жоғары жасөспірім). Оларға тән: эмоционалды тұрақсыздық, иланушылық, өз бетімен іс тындыра алмаушылық. Бұл, әдетте, интеллектісі төмен, педагогикалық назардан тыс қалған жасөспірімдер. Бұл жағдайда суицидтік әрекеттердің мақсаты қиындықтардан қашу болып табылады.

Психикалық сау жасөспірімдердің аутоагрессивті мінез-құлқының жас ерекшелігі, басқалармен қатар, суицидтік әрекеттердің ерекшелігі болып табылады, олардың арасында мыналар ерекшеленеді:

1. Өзіне зиян келтіру. Олар аутоагрессияның да, гетероагрессияның да үйлесімімен сипатталады. Анамнез - қолайсыз, бейәлеуметтік отбасыларда тәрбиелеу. Көбінесе - акцентуацияның эпилептоидты түрі; жыныстық жетілу дағдарысы декомпенсацияланған; мектепке бейімделу бұзылған. Өз-өзіне зиян келтіру кезіндегі эмоционалды жағдай - ашуланшақтық, реніш. Мұндай жасөспірімдерге қоғамға қарсы топтарға бірігу тән.

2. Агрессивті компоненті бар демонстрациялық-шантаждық суицидтер. Бұл жасөспірімдердің отбасылары жанжалды, бірақ қоғамға қарсы емес. Көбінесе мұндай жасөспірімдерге тән: акцентуацияның истероидты және қозғыш түрлері; жыныстық жетілудің аз айқын декомпенсациясы; құрдастар тобында - жоғары талаптарға байланысты ыңғайсыздық. Бастауыш сыныптарда бейімделу қалыпты болады, ал қиындықтардың пайда болуымен бұзылады. Бұл жағдайда жасөспірім өз-өзіне қол жұмсау актісімен өзінің дұрыстығын дәлелдеуге және ренжігенінен кек алуға тырысады. Бұл жағдайда дереу іске асыру тән, бұл көбінесе өлімге әкелетін "қайталауға" әкеледі. Егер жағдай осылай шешілмесе, қайталануы мүмкін.

3. Манипуляциялық мотивациямен демонстративті бопсалау суицидтері. Мұндай жасөспірімдердің отбасылары үйлесімсіз, тәрбиесі жеткіліксіз, қарама-қайшылықтары көп. Бұл жасөспірімдер, әдетте, истерикалық акцентуациямен сипатталады, жыныстық жетілу кезінде – қыр көрсетушілік, қиыршылық, шебер манипуляция айқын болады. 5-6 сыныпқа дейін олар жақсы бейімделген, бірақ мектеп бағдарламасындағы қиындықтардың пайда болуымен және өзін-өзі бағалаудың жоғарылауына және талаптардың деңгейіне байланысты дезадаптация мүмкін. Осыған байланысты, құрдастар тобында олар алдымен көшбасшылар, бірақ содан кейін олар қатты құлдырауды күтеді. Бұл жағдайда суицид алды ұзағырақ болады, өйткені зиян келтірмейтін ауыртпалықсыз әдістерді ұтымды іздеу орын алады, басқаларға өз ниеті туралы алдын ала хабарланады, дәрі-дәрмектің қауіпсіз дозасы есептеледі. Жағдайды суицидтік жолмен шешкен кезде оны бекіту орын алады.

4. Өзін-өзі жою мотивациясымен суицидтер. Бұл жасөспірімдердің отбасы сыртқы жағынан қолайлы, бірақ тұрақсыз; қақтығыстар жасырын түрде өтеді. Сондықтан мұндай жасөспірімдерге тән: жоғары мазасыздық, тұрақсыз өзін-өзі бағалау, кінә сезімі; эмоционалды тұрақсыз, сезімтал екпін, психикалық инфантилизм, сондай-ақ өз бетімен іс тындыра алмаушылық, конформдылық, пассивтілік, төмен стресстік төзімділік. Жыныстық жетілу дағдарысы әдетте неврастенияға әкеледі. Мектептегі сәтсіздіктер қорқыныш пен кінәні тудырады. Құрдастар тобында бұл жасөспірімдердің мәртебесі төмен, қысымға төтеп бере алмайды, сондықтан олар көбінесе әлеуметтік емес әрекеттерге қатысады. Бұл жағдайда суицидалды ұзаққа созылады, қорқыныш сезімімен, әдетте, өте қауіпті әдістер таңдалады.

Жақын маңдағы постсуицидте - өлімнен қорқу, ұят, өкіну; қайталану қаупі аз. Жасөспірімнің әртүрлі кезеңдерінде - ерте (12-14 жас), орта (15-16 жас) және үлкен (17-18 жас) физиологияның, психологияның, жеке және мінез-құлық жеке қасиеттерінің ерекшеліктеріне байланысты суицидтік мінез-құлықтың қалыптасуы мен көріністерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Кіші жас жасөспірім кезінде суицидтік көріністер, әдетте, алдын-ала жоспарланбайды, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері жазалау қаупі төнген жағдайларда қолға түскен алғашқы құралдардың көмегімен жүзеге асырылады. Жасөспірімдердің бұл тобында өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері ауыр медициналық зардаптарға әкелмейді. Бұл өлімге деген шынайы ұмтылыс емес, жанжалды болдырмауға, қиын жағдайдан арылуға деген ұмтылыс [5, 19-бет].

Орта жастағы топта суицидтік көріністер өзін-өзі жарақаттаумен, ренжіткенінен кек алу, айналасындағыларды жазалау әрекеттерімен сипатталады. Жанжалдың шарықтау шегінде аффективті шиеленіс жағдайында суицид әрекеттері жиі кездеседі және мұндай

әрекеттердің медициналық салдары жиі ауыр болады. Бұл жас тобындағы жасөспірімдер ашуланшақтық пен зұлымдық, эмоционалдық тұрақсыздық, сезімдік (сенсорлық) тәжірибелерге құмар, қызығушылықтардың аздығы, шектеулі араласатын орта, әртүрлі алдау, көңілсіздік, сәтсіздік жағдайларына адекватты жауап бермеумен сипатталады. Мұндай жасөспірімдер стресске әлі де тұрақсыз, олар іс жүзінде өзін-өзі бақылау дағдыларына ие емес. Жасы неғұрлым аз болса, суицидтік мінез-құлықтың психологиялық құрылымында агрессивті фокус соғұрлым айқын болады. Сипатталған 1-4 түрлерінде агрессивті компонент азаяды. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, ең суицидогендік - бұл сыртқы жағынан қолайлы отбасылар, бірақ олардың ішінде жасырын қақтығыстар бар. Асоциалды бағыттағы отбасылар баланың қорғаныс механизмдерінің ролін атқара отырып, сол ортаға бейімделуіне ықпал етеді.

Кіші жыныстық жетілу үшін ең қауіпті отбасылық жанжалдар, орта және үлкендері үшін - құрдастарымен және мектептегі жанжалдар. Суицидтік мінез-құлықтың барлық түрлерін ынталандыруда әлеуметтік-психологиялық факторлар шешуші рөл атқарады. Олардың ішінде мәртебе талаптардың деңгейіне сәйкес келмеген кезде әлеуметтенудің бұзылуымен байланысты дезадаптация факторлары бірінші орында тұр [6, 20-бет].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. О.П. Ворсина, А. М. Бычкова Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқы./ Әлеуметтік желілердегі" өлім топтары": әдістемелік ұсыныстар /– Иркутск, 2018. - 52 б
2. О.Закреская. Интернет-ресурстарды пайдалана отырып, кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу: әдістемелік ұсыныстар /Екатеринбург: "білім беруді дамыту институты" МАОУ ДПО, 2019. – 66 б
3. А.М. Акимова, В.Ф.Крапивина, О.В. Степанова Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының психологиялық аспектілері / Педагог-психологтарға арналған әдістемелік ұсыныстар //ред. Д. В. Насонова. – Воронеж: "Цппирд" ГБУ, 2021. – 207 б
4. М.В. Зотов суицидтік мінез-құлық: даму механизмдері, диагностика, түзету. - Санкт-Петербург., 2006.
5. Н.П.Бадьина балалар мен жасөспірімдердегі психикалық жарақаттың салдарын жеңу: педагог қызметкерлерге арналған әдістемелік ұсыныстар. - Қорған, 2005.
6. Г. Мурсалиева, желідегі балалар: интернеттегі балаға қауіпсіздік дулығасы. -М: АСТ басылымы, 2017. -320 б

## АУТОАГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ, ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

**Рзатай Айнұр Қуатқызы – педагогика ғылымдарының магистрі**  
**Ағабек Аружан Қуанышбекқызы, Алжанова Гүлжанат Бауыржановна**  
**«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ, 3 курс студенттері**  
**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**  
**Қазақстан, Тараз қ.**

**Аңдатпа.** Мақалада балалардың аутодеструктивті мінез-құлқын түзету жолдары және алдын алу шаралары қарастырылады. Қазіргі таңда аутодеструктивті мінез-құлқтың көптеген түрлерін бүгінгі қоғамда айқындау өзекті мәселе болып отыр.

**Кілт сөздер:** Психология, мінез, аутоагрессивті мінез-құлқ, суицид, түзету, алдын алу.

**Аннотация.** В статье рассматриваются способы коррекции аутодеструктивного поведения детей и меры профилактики. В настоящее время актуальной проблемой в современном обществе становится определение многих видов саморазрушительного поведения.

**Ключевые слова:** Психология, поведение, аутоагрессивное поведение, суицид, коррекция, профилактика.

**Annotation.** The article discusses ways to correct self-destructive behavior of children and preventive measures. Currently, the identification of many types of self - destructive behavior in today's society is an urgent problem.

**Key words:** Psychology, behavior, autoaggressive behavior, suicide, correction, prevention.

Аутодеструктивті мінез-құлқ – адамның қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлқ. Аутодеструктивті мінез-құлқ – қазіргі таңда кең таралып кеткен күрделі де қауіпті феномен. Аутодеструктивті әрекеттерді зерттеу үрдісі суицидология мен клиникалық психологияның негізгі теорияларына сүйенеді, осыған орай, Э.Шнейдман өз пікірін былай деп жеткізеді: "Бұл әрекет, өзінің соматикалық немесе психикалық денсаулығына қандай да болмасын зақым келтіруге бағытталған".

А.А.Реан пікірінше, агрессивті реакциялардың көрсеткіш деңгейі жасөспірімнің өзін-өзі бағалауымен сабақтасады, яғни бұл дегеніміз: өз-өзін бағалау деңгейі неғұрлым жоғары болса, солғұрлым жалпы агрессия және оның түрлі біріктіруінің көрсеткіштері жоғары болады. Жасөспірімдік жас - жоғары қауіп-қатерлі топ болып табылады.

А.Е.Личконың пікірінше, аутодеструктивті әрекеттерге мынандай факторлар жетелейді: 1) сүйікті адамнан айырылу; 2) жалықтыру күйі; 3) өзінің адамгершілік құндылығын кеміту сезімі; 4) есірткі, гипногендік психотропты дәрілер және ішімдікке салыну нәтижесінде тұлғаның қорғаныш тетіктерінің күйзелуі; 5) өз-өзіне қол жұмсаған адаммен өзін теңеу; 6) түрлі себептерден қайғыру мен орынсыз ызалану, күйзелу, қорқыныш сезімдері және т.б.

Дж. Райкустың көзқарасы бойынша, көптеген жасөспірімдер күшті эмоционалды сезімдерді сынауға мүмкіндік беретін айналасушылыққа тартады. Олар өздерінің тәжірибенің жоқтығынан, оған қоса өз күшін және дағдарыстық ахуалды жағымсыз қабылдау және өмірге қауіпті және ауыр зардаптардан пайда болатын қатерге бейімділігінен интенсивті эмоцияларын тежеуге немесе бақылауға сирек икемі болады.

Енді осы аутодеструктивтік мінез-құлқтың негізгі түрлеріне тоқталатын болсақ:

1. Аутоагрессивті мінез-құлқ (суицидалды және парасуицидалды). Суицид аутодеструктивті мінез-құлқтың ең қауіпті түрі болып саналады. А.Е. Личко

демонстративті, аффективті және шын суицидалды мінез-құлық түрлерін бөліп көрсетті. Бұлардан басқа «ситуативті» суицид деп аталатын түрі де болады. Сол себепті өмірдің дағдарыс кезеңдерінде жағдайдан шыға білуге үйрету мақсатындағы алдын алу шараларын өткізудің маңызы зор. Парасуицидалды мінез-құлық – өз-өзіне көңілі толмау салдарынан, психологиялық соққы кезіндегі жан жарасын жеңілдету мақсатында өмірін қию мақсатынсыз өткір, ұшты заттармен денесіне дене жарақаттарын салу.

2. Тағам қабылдауға тәуелділік немесе керісінше – адам мінезінің ерекшелігіне байланысты тағам қабылдау мінез-құлқының бұзылуы.

3. Фанатикалық мінез-құлық түрінің ең қауіптісі деструктивті табыну. Егер спортпен айналысу немесе музыкаға қызығушылық таныту адамның ішкі қайшылықтарын көрсетіп отыратын индикатор болып табылатын болса, ал деструктивті табыну және религиялық секталар адамның жан және тән саулығына қауіп, ерік бостандығына қауіп төндіреді.

4. Аутистік мінез-құлық – шынайы өмірге бейімделе алмаудан, қиял әлеміне кетуден адамдармен араласудан бас тартып, жалғыздықты таңдаудан көрінетін мінез-құлық. Аутистік мінез-құлықты аутизмнен ажырата білу керек. Аутизм – әлеуметтік өзара қарым-қатынасты қабылдаудың және қарым-қатынас қызметінің бұзылуына байланысты психиканың бірқалыпты дамымауы. Аутистік мінез-құлық кезінде психикалық дамудың жүруі қалыпты, бірақ адам әлеуметтік байланыста жолы болмай, басқа адамдармен араласуды құнсыздандырып, өз-өзімен араласуды дұрыс санайды. Егер аутизмді практикалық тұрғыдан психологиялық түзету мүмкін емес болса, ал аутистік мінез-құлықта қауіпсіз жағдайда қарым-қатынас дағдыларын жаттықтыруда психологиялық топ пайдалы ресурс болуы мүмкін.

5. Виктимді мінез-құлық (ағылш. victim — құрбан) – адамның басқа біреудің өзіне аморальды, заңға қайшы әрекетіне көнуі. Мұндай мінез-құлықтың психологиялық негізі өз-өзін төмен бағалау, қарым-қатынастың үзілуінен қорқу болып табылады. Психологиялық түзету немесе психотерапияның нәтижесінде «құрбандар» бойынан деструктивті қарым-қатынасты үзуге шешім қабылдауға ерлік табылады. Жеке құндылығы туралы елестете білуді меңгеріп, өз құнын түсіне білетін болады [1].

В.Д. Шадриков қақтығыстағы мінез-құлық стилін негізге ала отырып, агрессивтіліктің мынадай түрлерін анықтайды:

- қорғаныш - баланың белсенді жағдайы болса, сыртқы дүниеден қорқу бекітілгенде пайда болады; бұл жағдайда агрессияның негізгі функциясы - балаға қауіпсіз болып көрінетін сыртқы дүниеден қорғау.;

- деструктивті - егер бала ерте жаста дербестікке, өз бетінше таңдауға, пайымдауға, бағалауға қабілеті болмаса, онда белсенді нұсқасында ол деструктивті агрессивтілікке ие болады;

- көрсету - сыртқы дүниеден қорғау және ешкімге зиян келтірмеу ретінде емес, баланың өзіне назар аударуға ұмтылысы ретінде пайда болады.

Балалардың жыл бойы аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу бойынша психологиялық іс-шаралар:

1. Өмір құндылықтарын, жағымды элементтерін насихаттайтын тәрбиелік іс-шараларды: сынып сағаты, байқаулар, семинар-практикумдар, дамыту сабақтары және басқа да интербелсенді жұмыс түрлерін жүйелі жүргізу.

2. Оқушылардың эмоционалдық тұрғысын диагностикалау;

3. «Ерекше назардағы» оқушылармен жеке жұмыстар;

4. Сенім телефондары туралы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу (мектеп кіреберісіндегі стенд, мектеп сайты, сынып бұрыштары т.с.с.)

5. Сыныптағы психологиялық ахуалды анықтау диагностикасын жүргізу;

6. Қажеттіліктер, мотивтер, құндылық бағыттар және соған сәйкес мінез-құлық түрлерін қоса алғандағы адами қарым-қатынас туралы түсініктерін дамыту мақсатында жеткіншектерді (13-14 жас) ынтымақтастыруға арналған психологиялық сабақтар.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың психологиялық түзетуде және алдын-алу шараларында екі базалық бағытты бөліп көрсетуге болады – проблемалық-бағыттылық және дербес-бағыттылық. Бірінші күрделі жағдайды немесе мәселені шешуге бағытталса, екіншісінде – адамның тұлғалық көріністеріне, өзіне және өзінің мінез-құлқына деген көзқарастарына көңіл бөлінеді [2].

Көптеген психологтар, мысалы, Хухлаева О.В. аутодеструктивті мінез-құлық мәселелерін шешуде түзетуден гөрі алдын алу шараларына көбірек көңіл беру керектігін айтады. Алдын-алу шаралары дегенде бұзылған мінез-құлықты, мысалы, алкоголизм немесе суицидтілікті жеке бөліп алмай, жалпы психологиялық және психикалық денсаулықты сақтауға бағытталуы тиіс. Психологиялық сау адамның әртүрлі аутодеструктивті мінез-құлық түрлеріне шалдығу мүмкіндігі төмен болады. Никифоров Г.С. и Березовская Р.А. (2003), психикалық саулық критерийлерін жүйелей отырып, психикалық саулықтың көп кездесетін түрлерін бөліп көрсетті:

- *психикалық процестер саласында*: өзін-өзі, субъективті образдарды тиімді қабылдау, зейінін шоғырландыра алу, жаңалықтарды есінде сақтау, логикалы түрде өндей алуға қабілеттілігі, сыни тұрғыдан ойлай білуі, өз ойларын жинақтап, реттей білуі;

- *жеке басы ерекшеліктері саласында*: оптимистік, тұрақтылық, тепе-теңдікті сақтай білу, өз-өзін меңгере білу, адамгершілік қасиеттің болуы, адамдарға үйірлік және өз-өзін тиімді бағалай алуы, тез ашуланбау, еңбексүйгіштік, тәуелсіздік, әзілді түсіне алу, өз-өзін сыйлау, бақылау, жігерлілік, белсенділік, мақсатқа талпынушылық;

- *адамның үйлесімділік, біріккендік, тепе-теңдік деңгейіне*, өз-өзін, әлеуметтік денсаулығын дамытуға бағытталуына да көп мән беріледі. Оның критерийлері – әлеуметтік шындықты адекватты қабылдай білу, айналасындағыларға қызығушылық таныту, қоғамдық пайдалы іске бағытталуы, өзінің жоғары мәдениеттілік деңгейін көрсете алуы, жауапкершілік, батырлық.


Аутодеструктивті мінез-құлық бойынша тәуекел топқа тіркелген балалармен маманның жұмысы келесі негізгі құрамдарды қамтиды:

1. Баламен жеке-дара жұмыс, яғни психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
2. Оқу ұжымындағы тұлғааралық қарым-қатынасын анықтау мақсатында социометриялық зерттеу (Дж. Морено бойынша) жүргізу;
3. Мектептік ортадағы психологиялық ахуалды жақсарту бойынша жұмысты белсендіру;
4. Өмір құндылықтарын көтеру бойынша сынып сағаттарын, семинарлар, тренингтер өткізу;
5. Балаларды анонимді түрде шұғыл психологиялық көмек алу мүмкіншілігі туралы қолдарын қойғызып тұрып, ақпараттандыру. (сондай-ақ сенім телефондары нөмірлерін күнделіктеріне бекітіп беруге болады) [3].

Қазіргі таңда қоғамда аутодеструктивті мінез-құлықтың көптеген түрлері таралуда. Сондықтан оны түзету жолдары ғана емес, алдын алу шаралары да маңызды роль атқарады. Аутодеструктивті мінез-құлыққа шалдығуға әсіресе жасөспірімдер көбірек бейім, себебі жас ерекшелік өзгерістер болып жатады – эмоцияналдық тұрақсыздық, әлеуметтік жағдайлардың күрт өзгеруі (олардан өзбеттілікті, жауапкершілікті талап ете бастайды), өмірлік тәжірибенің аздығы, «ақ пен қараны» ажырата алмау, сонымен қатар жағымсыз экологиялық, экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсері. Ғалымдардың, психологтардың айтуынша аутодеструктивті мінез-құлық мәселелерін шешуде түзетуден гөрі алдын алу шараларына көбірек көңіл беру керектігін айтады. Сондықтан аутодеструктивті мінез-құлықтың психологиялық алдын-алу шараларының жасөспірімдер үшін маңызы зор болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=42&id=20782>
2. Кочетов А.Н. Работа с трудными детьми. – М., 1991.– 251 с.
3. Ауталипова Г., Бапаева М. Практикалық психология, Алматы, – 2007. – 160 б.



ӘОЖ 616.009

**ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН АЛДЫН АЛУДАҒЫ  
МАМАНДАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН  
АРТТЫРУ**

**Рзатай Айнұр Қуатқызы – педагогика ғылымдарының магистрі  
Хайтбаева Рая Пулатқызы, Қайсарқызы Аяжан  
«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ, 3 курс студенттері  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
Қазақстан, Тараз қ.**

**Аңдатпа.** Мақалада алынған ақпараттар жасөспірімдер суицидін алдын алуға бағытталған, білім беру үдерісін үйлестірілген психологиялық-педагогикалық қолдауды кешенді және жүйелі қамтамасыз етеді. Жалпы ақындар және педагог-психолог ғалымдардың еңбектері қарастырылып, олардың психологиялық маңызды ой-пікірлері зерттеуде нақтыланған. Көптеген жазушы ғалымдардың сөзін ескере отырып өзара байланыстары айқындалған.

**Кілт сөздер:** Психология, мінез, характер, суицид, диагностикалық-әдептік, психотехнологиялар, дезадаптация-бейімделу.

**Аннотация.** Информация, полученная в статье, направлена на профилактику подросткового суицида, обеспечивает комплексное и системное психолого-педагогическое сопровождение образовательного процесса. Рассмотрены работы поэтов и ученых-педагогов-психологов в целом, их психологически значимые соображения уточнены в исследовании. С учетом высказываний многих ученых-писателей определены взаимосвязи.

**Ключевые слова:** Психология, характер, характер, суицид, диагностические-манеры, психотехнологии, дезадаптация-адаптация.

**Annotation.** The information obtained in the article is aimed at preventing adolescent suicide, providing comprehensive and systematic coordinated psychological and pedagogical support to the educational process. In general, the works of poets and teachers-psychologists are considered, and their psychologically important ideas are clarified in the study. Many writers, taking into account the words of scientists, have a clear relationship.

**Key words:** Psychology, character, character, suicide, diagnostic-tact, psychotechnologies, maladaptation-adaptation.

Кез-келген адам басқа адамдардан өзінің даралық еркшелігімен ерекшеленеді. Ол даралық өзгешелік мінез болып табылады. «Мінез» деген психологиялық қасиеттің төркіні гректің «характер» деген сөзінен шыққан. Мәнісі – із қалдыру. Сондықтан да, мінез дегеніміз әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттерімен ерекшеліктерінің жиынтығы. Адам мінезінің даралық еркшелік екендігін ғылым тарихында тұңғыш рет

сипаттап жазған – еретегі грек философы Теофраст (б.э.д. IV-III ғ.ғ.). Бірақ ол мінезді адамның адамгершілік санасына тән қасиет дейді.

Қай заманда болсын халықтың алдында тұрған міндеттерінің бірі – есті, еңбексүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеу. Әр халықтың өзінің ұрпағы ақылды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ержүрек, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайтын. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау, яғни суицид қоғамда белең алып отыр. Осы мәселені шешуде ата-аналар, мұғалімдер, құрбы-құрдастары біріге жұмыс жасау арқылы суицидалды іс-әрекеттерді болдырмаудың алдын алу іс-шараларын жүргізу қажет. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр. Бұндай мінез-құлық жасөспірім шақта 13 жастан бастап байқалады. Статистика бойынша суицидтік мінез-құлық 14-28 жас аралығында 30 пайыз, жасөспірім шақта 6-10 пайыз құрайды. Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады. Осындай келеңсіз жағдайлар жасөспірімдерді қылмысқа тартады, оның ішінде өз-өзіне қол жұмсау жиі кездеседі. Жасөспірім шақта түрлі кездерді бастарынан кешеді, кейбіреулері бір нәрседен қорыққаннан, махабаттың сәтсіз болуынан, қиыншылыққа төзе алмау салдарынан өмірден қоштасуды жөн көреді. Соңғы 15 жылдықта 15-24 жас аралығында өз-өзіне қол жұмсау 2 есеге артты, экономикасы дамыған елдерде бұндай жағдайлар жиі кездеседі. Ер балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау қыз балаларға қарағанда әлдеқайда көбірек, ал қыз балалар демонстративті түрде көрсетіп отырады [1].

Қазіргі өмір сүріп отырған қоғамдағы бізді алаңдататын өте өзекті проблемалардың бірі – оқушылардың өз-өздеріне қол жұмсауы. Суицидтік іс-әрекетке итермелеудің тікелей себебі – дау-дамайдың пайда болуы. Бұл дегеніміз – белгілі бір адамның маңызды, құнды ұстанымына әсер етуші жағымсыз әрекет, күйзеліс тудыратын жағдай. Суицид қаупі туатын жеткіншектерде жалғыздықты сезіну, ешкімнен көмек күтпеушілік, қайғырушылық, менмендік көріністерінің тереңдеуі басқаның қуанышы мен қайғысына ортақтасуға құлқы болмаушылық жиі кездеседі. Сондықтан кез-келген шағын түсінбеушілік дау-дамайдың өзі суицидтік әрекеттің алғы шарты болуы мүмкін. Осындай жағымсыз түсінбеушілік әрекеттердің алдын алу үшін ең бірінші бағыт тек дұрыс тәрбие беру болып табылады.

Елімізде білім беру жүйесінде тәрбиені дамыту соңғы жылдары шын мәнінде өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы әр адамға, соның ішінде балаларға, өмір сүру құқығын, қадір-қасиетін құрметтеуді, денсаулықты қорғауға және білім алуға кепілдік береді. Мемлекет пен баланың жақындасуында оқу мекемелері маңызды орын болып табылатынын ескере отырып, әлеуметтік саясаттың осы бөлімін жүзеге асыруда білім беру мекемелері басты рөл атқарады. Баланың бойындағы ең басты, ең маңыздылар балалық шақта қаланады, сондықтан да адамның алдағы өмірі мен тағдыры көбінесе осыған байланысты болады. Одан кейінгі уақытта, мектеп қабырғасында болатын, шартты түрде алдын алу, түзету деп аталады, себебі жұмыс бала санасының деңгейінде ғана емес, түйсік бағдарламаларымен жүргізілуімен де маңызды.

Білім алушының өзін психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамыту және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру шеңберінде білім беру үдерісін қалыптастыруда жасына қарай психофизиологиялық ойлау өте маңызды. Оқушы өзі туралы көбірек түсінуге, өз дамуының ерекшеліктерін білуге тағы басқа өзінің жағдайын еңсеруді білуге тиіс, бұл мағынаны тануға жатады. Оны осыған үйрету керек. Мектептегі бұл жауапты жұмыс әлеуметтік педагог және сынып жетекшісіне, пән мұғалімі мен педагог-психологқа негізделіп жүктелген. Бұл бірқатар жағдайларда білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымы мен әкімшілігі жасөспірімдер мен балалар арасында өзіне өзі қол жұмсауға жеткілікті назар аудармайтыны бойынша, ең біріншіден, суицидтік мінез-құлық, профилактика технологиялары, өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуде технологияларды меңгерген кадрлардың аз



болуы көптеген мектептерде қалыптасқан жағдайды талдауда көрсетеді. Бұл ретте көптеген жалпы білім беретін мекемелерде мақсаттылықтың және жалпы білім беретін мекемелердегі білім алушылардың ата-аналары мен педагог кадрларының тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырудың жеткіліксіздігінен, соның ішінде бірлескен қызметті ұйымдастыру бойынша суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы болып табылады.

Осы орайда біз жасөспірімдер суицидінің алдын алуға бағытталған, яғни біліктілікті арттыру курсына келген мектеп психологымен әзірленген білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау моделінің ықтимал варианттарының бірімен бөліскіміз келеді. Бұл моделдің негізгі мақсаты – жасөспірімдер суицидінің алдын алуға бағытталған, білім беру үдерісін үйлестірілген психологиялық-педагогикалық қолдауды кешенді және жүйелі қамтамасыз ету [2].

Жасөспірімдер суицидінің алдын алуға бағытталған, білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдаудың екі векторы ұсынылады: жалпы алдын алу-профилактика (әлеуметтік дезадаптация-бейімделу мен олардың мектептегі қиындықтарының алдын алу және барлық оқушылардың мектеп өміріне тартылуын қамтамасыз ету) және арнайы алдын алу-профилактика педагогикалық назар аударуды ерекше мұқтаж ететін, олармен жекелеме жұмыс жасауды қажет ететін, барлық оқушыларды сүйемелдеу және анықта). Білім беру үдерісі психологиялық-педагогикалық қолдау бағытының негізі ретінде білім алушылардың суицидтік мінез-құлқы бойынша ұсынылған ғылыми-әдістемелік модельдер, ақпараттық-талдау, әлеуметтік-диспетчерлік, ағартушылық, кеңес берушілік, алдын алу, түзете-дамытушылық арқылы алдын алу.

Әдістер мен жұмыс түрлері, яғни тиімді іске асыру үшін ұсынылатын:

– *диагностикалық*: педагогикалық пакетін және девиантты мінез-құлық туралы білім бойынша тәуекел балалар тобындағы экспресс-анықтау үшін психологиялық скринингтік әдістемелерін пайдалану;

– *тұлғалық-бағдарланған терапия психотехнологиясы*: жеке психокоррекциялық әңгіме, топтық психотерапия, аутотренинг, арнайы бағдарламалар (шақырылған мамандар);

– *оңалту психотехнологиялар (тренингтер)*: психодрама, интеллектуалдық тренинг, тренингтер, тұлғалық өсу тренингі рефлексисы, рөлдік ойын және т. б.;

– *ұйымдастырушылық*: педагогикалық кеңестер, консилиумдар, семиналар, топтық пікірталастарда талқылау, дөңгелек үстелдер;

– *ақпараттық*: жадынамалар, стендтік ақпарат, ақпараттық парақтар, буклеттер, АКТ [3].

Оның нәтижелері қандай болатынын енгізгеннен кейін: білім беру мекемесі оқушының психологиялық-педагогикалық жайлылығына жағдай жасаудың, жастар мен жасөспірімдерді әлеуметтік және психологиялық қорғауды қамтамасыз ету, бейімделмеген жасөспірімдер мен жастардың санын азайту; өмірлік қиын жағдайларға тап болған қылмыстық топтарының сатысында анықтау; алдын алу асқынулар, өмірлік жағдайларын уақтылы жолымен олардың бағдарламасына қосу, көмек көрсету; өзіне-өзі қол жұмсау алдын алу төмендеуі суицидтік қауіптері бар балалардың санын шектеу.

Білім саласына XX ғасырдың 30-жылдары енгізілген сынып жетекшісі қызметі тәрбие жұмысымен айналысудың маңызын айрықша көтеру қажеттілігінен туындады. Мектептердегі тәрбие процесінің алдында тұрған басты міндеттер – оқушылардың ақыл-ойын, шығармашылығын дамытатын танымдық, шығармашылық іс-шаралар мен іс-әрекеттерді кеңінен ұйымдастыру болып табылады. Бұл жерде жеке тұлғаның өзіндік мінез-құлқы мен оның жеке психологиялық ерекшеліктерін, көптеген басқа да әлеуметтік факторлардың ықпалын ескере отырып, жеке тұлғаның бойында патриоттық сезімді қалыптастырушы ретінде сынып жетекшісі рөлінің, атқаратын қызметінің маңызы зор. Сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп

өткізетін педагог. Сыныппен тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін, сынып жетекшісі өз оқушыларын, олардың ерекшеліктерін, дара қасиеттерін білуі керек [4].

Балалардың суицидтік мінез-құлқының алдын алуда отбасы, мектеп, педагог, психолог, әлеуметтік педагог басты рөл атқарады, олар жасөспірімдерді суицидтік әрекетке жеткізетін көңіл-күймен күресуде ата-аналармен жұмыс атқарады және оларға көмек береді. Ата-аналарды өз баласына сауатты көмек көрсетуі үшін, оны түсінуі мен қолдау көрсетуінде қажет жеткілікті біліммен қаруландыру керек. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті неғұрлым мол болған сайын, олар өз балаларына жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтарды соғұрлым көп меңгертеді. Тұлға қауіпсіздігі – қазақстандық қоғамда басты құндылықтардың бірі болуы тиіс. Осы орайда айта кететін жайт, әрбір сынып жетекші өзінің сыныбындағы әрбір оқушының отбасын, баланың мінез-құлқын, ерекшеліктерін, оқу үлгерімін жатқа білуі тиіс. Сынып жетекшілер сыныбымен диагностикалық ағартушылық, түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізіп, ата-анамен, мектеп психологымен тығыз қарым-қатынас жасап отыруы шарт. Жағымсыз іс-әрекетке барғызбаудың алдын-алу жұмыстарына байланысты әңгімелесу, пікірлесу әдісі, жиналыс жасау, сынып жиналысы, тәрбие сағаты т.б іс-шаралар ұйымдастыру. Сынып жетекшілерге сыныбы толығымен сенім арта білсе, оқушылар ішкі ойын ашып айта алатын жағдайға жетіп, аталмыш келеңсіздіктерден аулақ жүретін едік [5].

Қазіргі заманда жасөспірімдер арасындағы «суицид» – қоғамымыздың қатерлі мәселесі болып отыр. Жасөспірімдердің өз-өзін өлтірудің себебі көп деп түсіндіреді. Олардың басты мәселесі – жалғыздық. Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауы өжеттілік пен батырлықтың көрінісі емес, оларға шын мәнінде көмек қажет. Оларға ата-ананың, мұғалімдердің көмегі қажет.

Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша ата-аналарға арналған кеңестер: балалардың отбасылық және ішкі мәселелерін ашық талқылау, балаларыңызға өмірде нақты мақсаттар қоюға және оларға ұмтылуға көмектесу, балалардың кез-келген оң бастамаларын сөзбен және іспен мақұлдау, ешқандай жағдайда физикалық жаза қолданбау, өсіп келе жатқан балаларыңызды көбірек жақсы көру, мұқият болу және ең бастысы олармен нәзік болу керек.

Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша мұғалімдерге арналған кеңестер: егер мектепте қандай да бір проблема туындап жатса – ата-ана балаға көмек көрсету керек, ал отбасында мәселе туындап жатса – ұстаздар балаға назар аударуы тиіс. Әрбір мұғалім психолог болуы тиіс. Әрбір мұғалімнің психологиялық білімі болуы тиіс, балалар тағдырына жауапты мекеме, мектептер, үкіметтік емес ұйымдар бірлесе жұмыс жасауы керек. Сондықтан, сынып жетекші – мектептегі басты тұлға болып қалады. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады» дегендей, біз шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершілікті үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасуымен санасуына ықпал етері сөзсіз және жағымсыз суицид туралы ойлауына жол болмайды деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР «Білім туралы» Заңы [Электрондық ресурс].-URL: <http://www.zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html>
2. Абрамова Г:С., Практическая психология.-М.,2007 Балгимбаева З.М., 4.Практическая психология образования: Учебное пособие. А., Қазақ университеті,2007
3. Овчарова Р.В, Технологии практического психолога образования: Учебное пособие для студентов и практических работников. – М.,ТЦ «Сфера»,2013
4. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту- Қазақстан дамуының басты бағыты»  
ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы29.01 2012 жыл

5. Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту. Өдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.

**ЛИЧНЫЙ КАБИНЕТ-ПЕДАГОГА ПСИХОЛОГА В «СИСТЕМЕ  
МОНИТОРИНГА И ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ  
НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ. КОМПЛЕКСНЫЙ ПОДХОД»**

**Давлетова А.А., вице-президент РОО «Казахское психологическое общество»  
Перленбетов М.А., д.пс.н, проф. Президент РОО «Казахское психологическое общество»  
Даулетбаева Б.Ж., докторант университета Туран  
Есимбекова А.К., Директор ОФ «Центр поддержки семьи «Жанұя»  
Республика Казахстан. г.Алматы**

**Аннотация.** Зерттеу нәтижесінде жасөспірімдерде жалпы психикалық жағдайы туралы жан-жақты мәліметтер жиналып, орынсыз әрекеттер мен психологиялық қысым (буллинг), отбасылық қиындықтардың әртүрлі формалары- аутодеструктивті мінез-құлық, психологиялық көмекке мұқтаждық мәселелері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** зерттеу, жасөспірімдер, ата-аналар, педагог-психолог, жүйелік, мониторинг.

**Аннотация.** В результате проведенных исследований удалось определить и выявить у подростков: комплексные данные об общем психическом состоянии подростков; склонности к неадекватным поступкам и действиям, психологическое давление (буллинг); различные формы семейного неблагополучия; аутодеструктивное поведение; необходимость в оказании психологической помощи;

**Ключевые слова:** исследование, подростки, родители, педагог-психолог, система, мониторинг.

**Annotation.** As a result of the research, it was possible to determine and identify in adolescents: comprehensive data on the general mental state of adolescents; propensity to inappropriate actions and actions, psychological pressure (bullying); various forms of family trouble; self-destructive behavior; the degree of need for psychological assistance;

**Key words:** research, teenagers, parents, educational psychologist, system, monitoring.

Республиканское Общественное Объединение «Казахское психологическое общество»(РОО КПО) совместно с ОФ «Центр поддержки семьи «Жанұя» разработал, апробировал и предлагает к широкому применению систему мониторинга и психологической поддержки несовершеннолетних.

**Основная цель:** выявление и оказание психологической помощи детям, подвергшихся различным формам насилия, профилактики девиантного поведения и подросткового суицида в Казахстане.

**Задачи:** Выявление детей, подвергающихся физическому, психологическому, сексуальному и другим видам насилия, имеющим склонности к девиантному и аутодеструктивному поведению (АП), а также имеющих неблагоприятный психологический климат в семье;

Мониторинг с применением психодиагностических цифровых технологий для обеспечения экономичности, продуктивности, скорости и масштабности проводимых исследований;

Психологическая помощь несовершеннолетним. Повышение эффективности проводимых психокоррекционных работ с несовершеннолетними через дополнительное обучение педагогов-психологов организаций образования;

Расширение психолого-педагогических знаний родителей в сотрудничестве с детьми через понимание и принятие эмоционального мира ребенка, формирование навыков по оптимизации детско-родительских отношений.

Данные мероприятия проводятся с использованием авторских программ, разработанных Казахстанскими учеными, одобренных и рекомендованных к применению Национальной Академией Образования им. Ы. Алтынсарина, ГУ «Национальным научно-практическим центром коррекционной педагогики», Международной Академией Психологических Наук, а также ведущими учеными психологами Казахстана. Все методические рекомендации и пособия размещены на нашем [www.pfzh.kz](http://www.pfzh.kz)

### **1 модуль. Выявление - состоит из 2 этапов:**

*1 этап.* Подготовительная работа к тестированию по автоматизированной программе «Система диагностики психического состояния детей «Ресурс» далее Ресурс (авторское свидетельство № 2174 от 28 сентября 2017г. авторское свидетельство № 16647 от «14» апреля 2021 года). «Система диагностики психического состояния личности Сигнал» далее Сигнал (авторское свидетельство № 16644-1 от 26 апреля 2021г.)

*2 этап.* Тестирование с применением программ «Ресурс» и «Сигнал», обработка и анализ результатов.

*Программа Ресурс* позволяет выявить детей, подвергшихся любому роду насилия: физическому, психологическому, сексуальному, буллингу и другим видам насилия, а также детей, имеющих аутодеструктивное и девиантное поведение.

*Программа «Сигнал»* предназначена для расширенного выявления возможных различных психических отклонений, склонности к АП, а также определению степени необходимости в оказании психологической или психиатрической помощи.

### **Преимущество диагностических программ:**

Высокая продуктивность и масштабность-одновременный охват большого количество детей (школа, район, город, область), онлайн режим, возможность упрощенного использования в удаленном режиме, в том числе в условиях карантина, доступность тестирования через *компьютер и мобильное приложение PFZH для сотового телефона.*

Экономичность, достигающаяся минимальным привлечением сторонних людей и организаций, улучшение качества использования имеющегося потенциала существующих в государстве механизмов. Программа автоматически оценивает результаты и дифференцирует по зонам риска. Результаты отображаются в «Личном кабинете психолога».

### **2 модуль. Психологическая помощь и дополнительное обучение: состоит из трех этапов:**

*1 этап:* Организация деятельности педагогов-психологов по разработанному и принятому алгоритму действий при оказании помощи нуждающимся в ней детям, посредством дополнительного обучения педагогов-психологов. Для повышения эффективности работы педагогов-психологов, разработан и размещен на сайте [www.pfzh.kz](http://www.pfzh.kz) «Личный кабинет педагога-психолога», который будет доступен пользователям после авторизации на сайте, где размещено рекомендуемое руководство по организации работы самого педагога-психолога, отражаются все необходимые ему данные по его школе, колледжу. Личный кабинет представлен на государственном и русском языках и содержит следующие материалы:

- рекомендуемое руководство по общей организации работы педагога - психолога;
- итоги онлайн тестирования детей по программам «Ресурс» и «Сигнал»;
- обучающие видеокурсы по авторским программам, где подробно рассматриваются практические методики для работы педагога-психолога с детьми из зоны риска.

- индивидуальная психологическая карта учащегося;
- психодиагностические методики, методики по психокоррекционной работе;
- материалы по нормативно-правовой документации;
- предусмотрена обратная связь, которая даёт возможность консультаций и сопровождения педагогов-психологов при работе с детьми из зоны риска специалистами из Республиканского Общественного Объединения «Казахское психологическое общество».
- проведение супервизий, для поддержки ведущими практиками-психологами начинающих специалистов.

Таким образом через личный кабинет, педагог- психолог может провести психодиагностику учащихся, выявить детей из зоны риска, отслеживать динамику прохождения тестирования, пройти дополнительное обучение, после обучения получить сертификат, скачать соответствующие документы, прослушать тренинги, при работе со сложными случаями получить поддержку от РОО КПО, каждый педагог- психолог сможет стать участником всей эко системы для помощи и поддержки детей.

Программа дополнительного обучения для педагогов-психологов организаций образования для работы с несовершеннолетними, выявленными по результатам исследования предусматривает применение следующих авторских программ:

*I-раздел.* Основные положения работы с детьми зоны риска, включающее тестирование педагогов-психологов по пройденному материалу. «Программа курса повышения квалификации педагогов-психологов «Подготовка к работе с системой диагностики психического состояния детей «Ресурс»» (авторское свидетельство №16718 от 16.04.2021г);

**Цель программы:** в рамках программы «Подготовка к работе с системой диагностики психического состояния детей «Ресурс» дать возможность педагогам-психологам качественно и полноценно использовать новейшие технологии для профилактики и психокоррекции АП обучающихся.

*II-раздел.* «Буллинг - школьное насилие». **Цель программы:** расширить профессиональные знания специалистов в рамках теоретико-практической направленности работы с насилием (буллингом) в системе образования

«АЛГОРИТМ информирования педагогами-психологами родителей, опекунов, попечителей обучающихся и всех субъектов профилактики в предупреждении фактов насилия и жестокого обращения в отношении несовершеннолетних» (авторское свидетельство №16755 от 19.04.2021г.); Внедрен по всему РК с октября 2021г.

**Целью Алгоритма является** повышение эффективности межведомственного взаимодействия и своевременного оказания необходимой помощи при выявлении фактов насилия и жестокого обращения в отношении несовершеннолетнего в организациях образования.

**Функциональные возможности:**

1. Педагоги-психологи получают рекомендации по повышению оперативности в получении информации о фактах жестокого обращения с несовершеннолетними с целью своевременного реагирования и оказания необходимой помощи различными государственными органам профилактики правонарушений в отношении детей в сфере их компетенции;
2. При изучении особенностей семейного воспитания обучающихся, составлении психологического портрета семьи, при проведении бесед с обучающимися и их законными представителями педагоги-психологи научатся обращать внимание на основные виды, формы и признаки насилия над несовершеннолетними;
3. Педагоги-психологи смогут применять полученные знания при реализации прав, свобод и законных интересов детей;
4. Педагоги-психологи будут совершенствовать собственную профессиональную культуру и распространять полученные знания, умения и навыки среди населения.

*III-раздел. Программа для родителей.* «Программа курса повышения квалификации «Университет родительства» (авторское свидетельство № 17815 от «21» мая 2021 года);

**Цель программы:** Расширить психолого-педагогические знания и умения родителей и формирование навыков по оптимизации детско-родительских отношений. Повышение психолого-педагогической культуры родителей, в рамках программы «Университет родительства».

В кабинете педагога-психолога предусмотрены авторские программы: «Психолого-педагогическое сопровождение образовательной среды в условиях развития инклюзивного образования», «Работа с одаренными школьниками», «Суицид в философии, истории, культуре» это программа рассчитана на 72 часа, ведет её Джолдыбаева Ж.С., «Мозговые механизмы психических процессов и состояний» ведет её доктор психологических наук, профессор Перленбетов М.А. Все программы предоставлены на казахском и русском языках.

Также в кабинете педагога-психолога предусмотрена обратная связь для обращений по методической поддержке, сопровождению в работе со сложными случаями и изучения потребностей педагогов-психологов в обучающих программах, дополнительных инструментах диагностики. Для оказания методической помощи педагогам-психологам организации образования планируется проведение, с применением основанных на цифровых технологиях, супервизий ведущими учеными-специалистами Республиканского Общественного Объединения «Казахское психологическое общество» - кандидатами и докторами психологических наук, юристами;

*2 этап. Кабинет районного методиста:* Методист районного отдела образования при авторизации в своем кабинете может вести общий мониторинг за работой всех учебных организаций своего района, иметь доступ к статистике по зонам риска, осуществлять мониторинг процесса работы психологов с детьми (начали работать с детьми из зоны риска или нет, на каком этапе и т.д), наблюдать динамику и качество прохождения обучения педагогов-психологов.

**Кабинет методиста Управления образования,** который дает возможность мониторинга работы всех районных отделов города или области.

*3 этап.* Сопровождение в проведении психологической поддержки несовершеннолетних. Педагоги-психологи, прошедшие обучение, проводят психокоррекционные мероприятия с детьми из «зоны риска» при сопровождении специалистов из РОО «Казахское психологическое общество». Для справки: РОО «Казахское психологическое общество» (КПО) было создано в 2015г. ведущими учеными и специалистами нашей страны для ведения научно-практических исследований социально-психологических проблем общества и разработки отечественных технологий в этой области. На данный момент КПО насчитывает в своем ряду более 800 членов общества, 66 аккредитованных КПО тренеров.

**3 модуль. Контроль качества выполненных мероприятий** - это повторное тестирование учащихся, прошедших психокоррекционную терапию, что позволяет отследить по динамике состояния несовершеннолетних качество и своевременность определения причин возникшего психологического напряжения и оценить эффективность предпринятых мер. Этим завершится цикл: выявление – психологическая помощь и обучение – контроль. Конец одного цикла становится началом нового. Непрерывная последовательность этого метода обеспечит эффективность предпринимаемых мер.

Системный подход был применен в Алматинской области в течении 2019-2021 гг., в районах с повышенной зоной риска. И несмотря на то, что из-за отсутствия финансирования нам не удалось охватить всю Алматинскую область, тем не менее, нам удалось достичь значимых показателей. За время применения системы наблюдается динамика существенного снижения суицидальных тенденций в Алматинской области. Статистические данные за 2019-

2021 годы демонстрируют снижение завершеного суицида и попыток суицида среди несовершеннолетних.

Всего с 2018 года «Систему мониторинга и психологической помощи несовершеннолетним. Комплексный подход» (далее «Система мониторинга») прошли 158 882 обучающихся средних школ и колледжей в возрасте от 11 до 18 лет и 524 педагогов-психологов Алматинской области.

Анализ проведенной психокоррекционной работы в одном из районов с детьми из зоны риска показал психические показатели, которые влияют на общее психологическое состояние личности и могут быть причинами АП несовершеннолетних:

- 1) проблемы детско-родительских отношений;
- 2) вымогательство;
- 3) пониженная мотивация, низкая самооценка;
- 4) чувство одиночества, ненужности, брошенности;
- 5) тревожность по различным причинам (за ЕНТ, за будущее и т.д.);
- 6) чувство обиды;
- 7) чувство стыда;
- 8) ранние половые связи;
- 9) психологическое и физическое насилие, буллинг;
- 10) утрата, страх потерять родителя (связано в основном с пандемией COVID);
- 11) произведенные суицидальные попытки ранее;
- 12) чувство несправедливости.

Таким образом, разработанная, апробированная и показавшая свою эффективность Система мониторинга удовлетворяет профессиональным и личностным запросам педагогов-психологов, обеспечивая достижения целей, содержания, форм, методов, работы с обучающимися, оказавшимися в трудной жизненной ситуации.

Данные, полученные после проведения исследования, можно будет в дальнейшем использовать для выработки решений по принятию воспитательных, социально-психологических и педагогических мер для укрепления семьи и формированию гармоничной личности.



## СУИЦИД ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Сманов І.С., д.п.н..профессор

**Андатпа.** Зерттеудің өзектілігі кәмелетке толмағандар және жастар арасындағы суицид фактілерінің көбеюіне байланысты. Есірткіні тарату мен тұтынудың алдын алу тиімділігін арттыру проблемасын шешу нақты алдын алу шараларының кешенін қабылдауды қажет етеді. Мақала материалдары есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізетін құқық қорғау органдары үшін практикалық құндылық білдіреді.

**Кілт сөздер:** есірткі құралдары, психотроптық заттар, есірткі аналогтары, алдын алу, кәмелетке толмаған адамдар.

**Аннотация.** Актуальность исследования обусловлена увеличением фактов незаконного оборота наркотиков среди несовершеннолетних лиц молодежи в целом. Решение проблемы повышения эффективности профилактики распространения и потребления наркотиков находится в зависимости от принятия комплекса конкретных предупредительных мер. Материалы статьи представляют практическую ценность для правоохранительных органов, ведущих борьбу с незаконным оборотом наркотиков а также преподавателей учебных заведений.

**Ключевые слова:** наркотические средства, психотропные вещества, аналоги наркотиков, профилактика, несовершеннолетние лица и молодежи.

**Annotation.** The relevance of the study is due to an increase in the facts of drug trafficking among minors. Solving the problem of increasing the effectiveness of preventing the distribution and use of drugs among young people depends on the adoption of a set of specific preventive measures. The materials of the article are of practical value for law enforcement agencies engaged in the fight against drug trafficking

**Keywords:** narcotic drugs, psychotropic substances, drug analogues, prevention, minors.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы дерегінше, Қазақстан әлемде жасөспірімдер суициді ең көп тіркелген елдер қатарына кіреді. Бұған қоса, мұрағаттардан 1981-2008 жылдары өзге елдерде суицид фактілері азайып, ал Қазақстанда халықтың әр 100 мың тұрғынына шаққанда 22,5-тен 25,6-ға дейін көбейгенін көрсететін деректер табылды. Жасөспірімдер арасында өзіне қол салу оқиғасы әлі жиі болады. Қазақстанда жасөспірімдердің қыршын ғұмырын тәрк етіп, өзін өлтіруі - «сыртқы» (жасанды) әсердің кесірінен болатын өлім болып отыр. Өз-өзіне қол жұмсау-бұл адамның оған шешілмейтін болып көрінетін проблемаға реакциясы. Оның себептері қандай және балада суицидтік ойлардың пайда болуын қалай болдырмауға болады?"Суицид - бұл адамның микросоциалдық қақтығыс жағдайында жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің салдары" (А.Г. Абрумова, В. А. Тихоненко). Басқаша айтқанда, оның тікелей себептері, әдетте, жақын ортадағы проблемалармен тығыз байланысты: ата-аналардың ажырасуы, олардың қайта үйленуі, алкоголизм, қақтығыстар, ауру және жақын туыстарының жоғалуы. Балалардың қарым-қатынас саласы өзгереді және күрделі ішкі жанжалды тудырады: қарым-қатынас қажеттілігі қалады және оны әдеттегі нысандарда жүзеге асыру мүмкін емес. Отбасы мүшелеріне немесе басқаларға қалай әсер ету керектігін білмей, бала өзін-өзі өлтіруді ойлайды. Суицид адамның өзін-өзі төзбейтін жағдайдан шығудың құралы болуы мүмкін. Белгілі бір психологиялық ерекшеліктері бар балалар мен жасөспірімдер өз-өзіне қол жұмсау қаупіне ұшырайды: эмоционалды сезімтал, осал; қиын жағдайларда табанды және сонымен бірге ымыраға келе алмайды; қарым-қатынаста икемсіз (олардың басқалармен өзара әрекеттесу әдістері бірдей және қарапайым);

импульсивті, эмоционалды, бөртпе әрекеттерге бейім;

эмоционалды проблемаға назар аударуға және аса маңызды қатынасты қалыптастыруға бейім;

пессимистік; жабық, шектеулі әлеуметтік шеңберге ие.

Суицидтік көріністердің жіктелуі. Суицид ниеттеріне суицидтік ойлар, идеялар, тәжірибелер, тенденциялар жатады. Суицидтік мінез-құлықтың айқындылық дәрежесі:

Бірінші дәреже-пассивті суицидтік ойлар. Бұл олардың өлімі туралы идеялар, қиялдар, бірақ іс-әрекет ретінде өмірден айыру туралы емес. Мысал ретінде "өлу жақсы болар еді", "ұйықтап, оянбау", "егер бұл маған қатысты болса, мен өлер едім" және т. б.

Екінші дәреже-суицидтік жоспарлар. Бұл суицидтің белсенді түрі, өзін-өзі өлтіруге деген ұмтылыс. Сонымен қатар, іске асыру жоспары жасалады. Өз-өзіне қол жұмсау тәсілдері, әрекет ету уақыты мен орны ойластырылған.

Үшінші дәреже - суицидтік ниеті. Олар идеялардан туындайды, ал олар әрекетке әкелетін ерікті шешімдермен күшейтіледі.

Суицидтік ойлардың пайда болуынан оларды жүзеге асыруға дейінгі кезең кейде минуттармен (жедел пресуицид), кейде айлармен (созылмалы пресуицид) есептеледі.

Суицидтің демонстрациялық және шынайы әрекеттері

Мамандар ортақ суицидтік әрекеттер:

на шынайы;

демонстрациялық;

шантаж.



Демонстрациялық әрекеттер саны аяқталғандардан 10-15 есе көп. Демонстрациялық, бопсалау әрекеттерінің міндеті-белгілі бір мақсатқа жету, назар аудару немесе қиын жағдайға наразылық білдіру. Құрдастардың әсерін жеңілдетуге болмайды. Жасөспірім "компания үшін" өз-өзіне қол жұмсау әрекетін жасайды, оның шешімі қарастырылмайды, бірақ достарды қолдауға дайын, "басқалар сияқты" болғысы келеді.

Кез-келген суицид әрекеті өте қауіпті екенін есте ұстаған жөн! Олар шынымен өліммен аяқталуы мүмкін; олар әртүрлі мәселелерді шешудің тәсілі бола алады (іс жүзінде бұл басқа адамдармен айла-шарғы жасау) немесе экстремалды "ойын-сауық". Ақыр соңында, өлім ойындары өзін - өзі бұзатын тұрақты мінез-құлыққа айналуы мүмкін, бұл есірткі, алкоголь, тәуекелге үнемі ұмтылу. Нағыз суицидтік әрекеттер ең қауіпті, бұл ауыр эмоционалды тәжірибенің, қатты стресстің, қатты депрессияның көрсеткіші.

Суицидтік мінез-құлықтың себептері

Суицидтік мінез-құлықтың негізгі себептері мен (маңыздылығын төмендету тәртібімен келтірілген) болуы мүмкін:

1. Жеке және отбасылық қақтығыстар:

туыстары мен айналасындағылардың әділетсіз қарым-қатынасы (қорлау, қорлау, айыптау);

жақын досынан айырылу, ауру, туыстарының қайтыс болуы;

өзекті қажеттілікті қанағаттандыруға кедергілер;

бақытсыз махаббат;

басқалардың назарының, қамқорлығының болмауы.

2. Психикалық жағдайы. Суицидтердің үштен екісі психотикалық емес мемлекеттерде өте нақты себептер мен себептер бойынша, ал үштен бірі-алдамшы идеялары бар психоз жағдайында.

3. Физикалық жағдайы. Мұндай шешімді көбінесе онкопатология, туберкулез, жүрек-тамыр аурулары бар науқастар қабылдайды. Бұл жағдайда суицид анықталмаған диагноз кезеңінде жасалады.

4. Қақтығыстар, қоғамға жат қылыққа байланысты суицидента:

жазадан немесе ұяттан қорқу;

самоосуждение үшін неблаговидный поступок.

5. Кәсіби немесе оқу саласындағы қақтығыстар:

дәрменсіздік, оқудағы немесе жұмыстағы сәтсіздіктер;

кәсіби немесе оқу міндеттерін орындауға әділетсіз талаптар.

Бұл мотивтер сирек өзін-өзі өлтіруге себеп болады.

6. Материалдық-тұрмыстық қиындықтар. Олар сондай-ақ сирек өзін-өзі өлтіруге себеп болады.

Суицидтің мақсаттары:

1. Наразылық, кек. "Наразылық" түріндегі суицидтік мінез-құлық қылмыскерге зиян келтіруді, кек алуды, яғни өзіне-өзі қол жұмсау мінез-құлқының себебі болып саналатын адамды білдіреді. "Менің өлімімнен кейін сіз одан да жаман боласыз" деген қағида бар. Жанжал өткір.

2. Шақыру. "Шақыру" түріндегі суицидтік мінез-құлық өткір, көбінесе өзін-өзі жазалау арқылы жүзеге асырылады. Суицидтік әрекеттің негізгі мәні-жағдайды өзгерту үшін сырттан көмек алу.

3. Болдырмау (жаза, азап). "Болдырмау" түріндегі суицидтік мінез-құлық жазалау қауіп жағдайында және психикалық немесе физикалық азапты күту кезінде көрінеді, ал суицидтің мәні оларды болдырмауға тырысады.

4. Өзін - өзі жазалау-нақты кінәнің тәжірибесімен анықталады немесе бұл кінәнің патологиялық сезімінің салдары.

5. Бас тарту. Мақсат пен мотивтер толығымен сәйкес келетін өмірден "бас тарту" түріндегі суицидтік мінез-құлық тек ақыл-есі кем адамдарда кездеседі.

Суицидтен кейінгі кезең

Суицидтен кейінгі кезең өзін-өзі өлтіру әрекетінен кейін басталады. Онда өзіне-өзі қол жұмсауға әкелген мотивтер байқалады:

жанжал және оның тақырып үшін маңызы;

суицидтік шешім қабылдау;

өз-өзіне қол жұмсауға жеке көзқарас.

Суицидтен кейінгі жағдайлардың 4 түрі бар:

1. Сыни түрі. Жанжал өзектілігін жоғалтты. Адам ұят сезінеді. Суицидтің қайталануы екіталай. Көмек бағыты-рационалды психотерапия.

Жүйелі тұғырдың түрлерінің бірі ретінде, Я.А.Пономаревтің жүйеліаналитикалық тұғыры алынады, оның контекстінде өзара әрекеттесудің авторлық тұжырымдамасы ұсынылған. Зерттеушінің пікірі бойынша, «ғылыми талдаудың шынайы пәні ретінде тек өзара әрекеттесуші жүйе болуы мүмкін». Я. А. Пономаревтің пікірі бойынша, функционалды қатынастағы кез келген өзара әрекеттесуші жүйені талдау, оның нақты ерекшеліктеріне қарамастан, «өнім» және «процесс» категориялық ажыратып көрсетуге мүмкіндік береді. Бірінші категорияда жүйенің статикалық, кеңістіктік жағы көрсетілген. Екіншісінде — динамикалық, уақыттық жағы көрсетілген. Өзара әрекеттесуші жүйелердің қызметі процестің өнімге өзара өту жолы арқылы және олардың элементтерін дифференциациялау және реинтеграциялау арқылы компоненттердің құрылымын қайта ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Процестің салдары ретінде пайда болып, өзара әрекеттесу өнімдері өзара әрекеттесудің тұтас барысына кері әсер етіп, жаңа процестің жағдайына айналады. Компоненттерге тән қасиеттерге байланысты, өзара әрекеттесу тәсілі қалыптасады, соның негізінде жүйені белгілі формаға жатқызуға болады. Өзара әрекеттесудің өзіндік, сапалық өзгеше формаларын дифференциациялау үшін Я. А. Пономарев екі критерийді ажыратып көрсетеді: өзара әрекеттесуші жүйенің құрылымын ұйымдастыру (сапалық критерий) және латентті кезең (сандық критерий), ол өзара әрекеттесудің белгілі формасына тән уақыттың табиғи бірлігін көрсетеді. Осылайша, уақытты өзара әрекеттесудің процессуалды жағы ретінде қарастыруға болады.

А.У. Ескендірова сипаттаған өзара әрекеттесудің ерекшеліктері жүйенің дамуындағы үрдістерді қамтиды, себебі оның тепе-теңдігі ешқашан статикалық түрде қалмайды, тек динамикада сақталады [4]. Автор «даму» ұғымына келесі түрде анықтама береді: «Даму - бұл нақты жүйенің қайта құрылуымен, сапалық жаңа уақыттық жәгне кеңістіктік құрылымдардың құрылуымен байланысты өзара әрекеттесуші жүйелердің тіршілік ету тәсілі».

Синергетикалық тұғыр. Синергетикада «өзара әрекеттесу» ұғымы іргелі рөл атқарады, бұл оның анықтамасында өзара әрекеттесу туралы ғылым ретінде көрсетілген. Күрделі жүйелерді түсіндірудің жолы заңдардың ашылуында көрініс табады, олардың негізінде өздерінің ішкі белсенділігін қолданып, ұйымдасады. Кеңістіктік-уақыттық құрылымдардың пайда болуына әкелетін процестер «өзін-өзі ұйымдастыру» атауына ие болды.

Қазіргі кезде синергетика идеялары психологияның алуан түрлі салаларында белсенді түрде қолданылады. Синергетика тұрғымында адамның ішкі әлемінің мәселелері, психикалық күйлері мәселесі, қабылдау мәселесі, әлеуметтік топтар мәселесі және т.б.

зерттеледі. Синергетиканы психология ғылымының ықтималды жаңа парадигмасы ретінде қарастыруға болады.

Синергетиканың маңызды міндеттерінің бірі — болмыс және қалыптасудың арасындағы өзара қатынастарды зерттеу. Жүйенің күйіне ендірілген бастапқы жағдайлар болмыспен ассоциацияланады, ал жүйенің қарқынды дамуын басқаратын заңдар – оның қалыптасуымен байланыстырылады. Болмыс пен қалыптасу шындықтың арақатынасын белгіленген екі аспектісі ретінде қарастырылуы қажет. Синергетиканың басты идеясы оның қалыптасу сатысында тепе-теңдіктің болмауы тәртіптің, реттіліктің көзі болып табылатынын қамтиды: «...Реттіліктің көзі ретінде тепе-теңсіздік болып табылады. Тепе-теңсіздік - бұл «бейберекеттен (хаос) реттілікті туындататын нәрсе». Синергетикалық әлемді көру күрделі жүйелердің дамуын тиімді басқару мәселесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Когнитивті немесе әлеуметтік жүйесі тиімсіз басқару жүйеге тән емес ұйымдасудың формасын күштеп таңудан құралады. Жаңа тұғырға сәйкес, эволюцияның өзіндік заңдарына және күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдасуына бағдарлану қажет. Соған байланысты А.У. Ескендірова аталған жүйенің жалпы мүмкіндіктерін анықтауға, оның дамуының ішкі үрдістерін анықтауға мүмкіндік беретін «құрылымның спектрі» идеясын ұсынады [5].

Осы жұмыста біз негізінен З.Б. Мадалиева еңбектеріне сүйенетін боламыз, себебі ол алғашқылардың бірі болып ғылыми қолданысқа «синергетика» ұғымын енгізді. Аталған жағдай бойынша, басқа зерттеушілермен салыстырғанда, З.Б. Мадалиева өзінің идеяларын психологияға және басқа гуманитарлы ғылымдарға ендіруге ерекше мән берді. Атап айтқанда, синергетиканың гуманитарлы ғылымдарда қолдану туралы талқылай отырып, автор былай деп атап көрсетеді: «Реттілік және бағынупараметрлері сияқты синергетикалық ұғымдарды математизацияға ұшырамаған ғылымдарға қолдануға болады және ешқашан математизацияланбайтын, мысалығылымның даму теориясы сияқты ғылымдарға қатысты қолдануға болады» [6].

Қорытындылай келе, өзара әрекеттесу үшін қажетті аса ортақ жағдайларды келтіреміз: біріншіден, өзара әрекеттесуге түсетін белгілі құрылымдық деңгейге қатысты болуы қажет: биологиялық, психикалық, физикалық және т.б. (ұқсастық заңы); екіншіден, өзара әрекеттесуші құрылымдар бірдей болмауы қажет, өзара әрекеттесу пайда болу үшін, олардың айырмашылықтары болуы қажет (айырмашылық заңы). Аталған жағдайларды орындау нәтижесінде өзара әрекеттесу өнімінің өзара әсерлесуі, өзара алмасуы және туындауы жүзеге асады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л.С. Психология подростка: психологическое и социальное развитие ребенка - М.: Мастера психологии 2021 – 224 с.
2. Кереку – Баян кітапханасы «Рухнама». Шәкәрім Құдайбердиев. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.- 250 б.б.
3. Ескендірова А.У. Проблема феномена агрессии зарубежной психологии. ВЕСТНИК. Серия «Психология». - Алматы: КазНПУ им.Абая, 2010. - № 4 (25). - 127 с. – 61 стр.
4. Ескендірова А.У. Психокоррекция агрессивности через развитие коммуникативной компетентности личности. [http://www.rusnauka.com/25\\_NNP\\_2011/Psihologia/8\\_91437.doc.htm](http://www.rusnauka.com/25_NNP_2011/Psihologia/8_91437.doc.htm)
5. Мадалиева З.Б. Психология мамандығына кіріспе: оқу құралы. Қазақ университеті, 2020 ж. – 201 б.





## АУТОАГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

**Мінәсіпова А.Р., Жарылкапова И.Ж.**  
**М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Әлеуметтік психология»**  
**кафедрасының аға оқытушысы**  
**Жамбыл облысы. Жуалы ауданы. №25 Ақтөбе тірек мектебі**

**Аңдатпа.** Мақалада аутоагрессивті мінез-құлық және тәуелділіктің өзара байланысы туралы мәселе қарастырылады. Аутоагрессивті және тәуелді мінез-құлық қазіргі қоғамдағы маңызды психологиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселе болып табылады. Тәуелді мінез-құлық адамның өміріне қиындық туғызады және оның өзін-өзі құртуына әкеледі.

**Кілт сөздер:** аутоагрессия, аутоагрессивті мінез-құлық, тәуелділік, мінез.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема взаимосвязь зависимого поведения с аутоагрессивностью. Аутоагрессивное и зависимое поведение является серьезной психологической, педагогической и медико-социальной проблемой современного общества. Зависимое поведение часто создаёт серьёзные проблемы и ведет к саморазрушению личности.

**Ключевые слова:** аутоагрессия, аутоагрессивное поведение, зависимость, характер.

**Abstract.** This article discusses the problem of the relationship of dependent behavior with autoaggressiveness. Autoaggressive and dependent behavior is a serious medical and social problem of modern society. Dependent behavior often creates serious problems and leads to self-destruction of the personality.

**Keywords:** autoaggression, autoaggressive behavior, dependence, character.

Мінез - әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әрқилы жағдайда байқалып, адамның сол жағдайларға қатынасын білдіреді. Мінез ерекшеліктері - адамның даралық өзіндік психикалық қасиеттері. Дегенмен, адам бойындағы ерекшеліктердің бәрі бірдей, мысалы, естудің нәзіктігі, көздің көргіштігі, есте сақтаудың шапшандығы, ақыл- ойдың тереңдігі мінез ерекшеліктеріне жатпайды.

Мінез - бұл адамның әлеуметтік мінез-құлқының ерекшелігі ол әлеуметтік топтағы жеке адамның өмір қалпын бейнелейді, жүктелген істу орындау мен адамдарға қарым-қатынасынан көрініп отырады.

И. Әбеуова өзінің бала қылығы және олардың себептері туралы деген мақаласында жағымсыз іс-қылықтар өзінен-өзі туындамайды, олар арам ниеттің нәтижесі, ал оның тамыры дұрыс құрылмаған тәрбиеде, себептері үлкендердің жаман өнегесінен, дұрыс үлгі бола алмауында деп атап өтеді [2].

Жағымсыз реакциялар, соған сәйкес мінез-құлықтың еркелік, қыңырлық, қиқарлық, эмоционалды тұрақсыздық түріндегі қылықтары басым балаларды түбегейлі оқып-тануға Ж.А.Қайырова да бар жігерін салды [3]. Ол барабар емес аффекте көрінетін бала мінез-құлқы үшін оларға қасарушылық, тұйық мінезділік тән деп көрсетеді. Бұл балалар басқалармен дау-жанжалға жиі түседі, үлкендердің ескертпе-түзетулеріне қарсы шығады. Оның зерттеу жұмысының мақсаты балалардың аффектілі мінез-құлқына толыққанды талдау жасай отырып жағымсыз мінез-құлықтарды жою жолдарын көрсету болды. Ол өзінің зерттеуін барысында мұндай қателіктерге мыналарды жатқызады:

- талап қоюдың жүйелілігі мен дәйектілігінің қалыс қалуы;

- шамадан тыс еркелету;
- ата-ана тарапынан бақылаудың болмауы.

Зерттеулерде еркелікке бейім балалардың жас ерекшелік және психофизикалық ерекшеліктеріне, оларды дұрыс тәрбиелеуге қатысты туындайды деп тұжырымдайды.

Негативті мінез-құлық ерекшеліктері дұрыс құрылмаған тәрбиенің нәтижелі болуы мүмкін. Бала бетінен қақпайтын ортада өссе, өз дегенін істесе, әрекеттері мен талап-тілектеріне шек келтірмесе, онда оларда өз мінез-құлықтарын еркінше басқару және ережелер мен мөлшерлерге бағыну қабілеттіліктері қалыптаспайтын болады [4].

Олай болса эмоционалды қызбалық және ұшқалақтық немесе баладағы танымдық және қозғалыс іс-әрекетінің кідірісі, оның темпераменті мен жеке ерекшеліктерінің көрінуімен байланысты болуы мүмкін. Асықпаушылық пен баяу қозғалу флегматиктерге тән болса, артық қозғалу ментұрақсыздық-сангвиниктер мен меланхоликтердің айрықша белгісі. А.А.Рояк балалардың қарым-қатынасқа түсулерінің қиындықтарын барлай отырып, олардың мінез-құлқындағы мынадай бітістерді, яғни, өрескелдігі, сенбеушілігі, агрессивтілігі болатындығын анықтады. А.И.Захаров тәрбиедегі ауытқушылық отбасында көрініс береді және оның себептері отбасы құрылымында болады, сондай-ақ ата-ананың балаға қарым-қатынасынан туындайтынын айта келіп осы бағыттағы тәрбиенің мынадай негізгі параметрін бөліп көрсетеді.

- түсінбеушілік;
- қабыл алмау;
- тоталитарлық сәйкессіздігі;
- балалармен қарым-қатынасындағы икемсіздігі;
- балаға қараудағы бір қалыпсыздығы;
- ата-аналардың өзара қатынасындағы келіспеушіліктері.

Отбасы жағдайындағы осындай мәселелерді ескерген автор бала мінез-құлқының бұзылуына, олардың «тууына» себепші болатындығын көрсетіп, егер ата-аналар өздерінің жеке проблемаларын дер кезінде шешіп отырса, бала психологиясының бұзылуына жол бермейтінін баса айтады.

Баланың әлеуметтік базалық қажеттіліктері (түсіністік, сыйластық, сүйіспеншілік, теңдік) жанұяда, мектепке дейінгі және алғашқы мектептегі оқу орындарында қанағаттанбаған жағдайда бала сыртқы дүниеге сенімсіздікпен, қорқынышпен қарап, онымен агрессивті қарым-қатынас орнатады. Ал кинобоевиктер, триллерлер, порнофильмдер бала фантазиясына әсер ете отырып, агрессия деңгейінің ұлғаюына, күшеюіне бірден-бір себепкер болады.

Бала мінез-құлқы қиындығының себептерін жалпы мынадай топтарға жатқызуға болады.

1. Әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалу, бұл арада бала өзінің тәрбиесіздігінің нәтижесінде өзін дұрыс көрсете алмайды, онда қажетті білім, іскерлік, дағды және жағымсыз мінез-құлық стереотипі қалыс қалады.

2. Терең психикалық дискомфорт бұл отбасы өзара қатынасының сәтсіздігінен, яғни отбасындағы психологиялық жағдайдың терістігі, топтағы құрбы-құрдастарымен өзара қатынасының жараспауы, балаға ата-ана, тәрбиеші, оқытушы тарапынан әділетсіз қатынас жасалуы салдарынан көрінеді.

3. Жас дағдарысы, мінез акцентуациясы және басқа да себептерге байланысты психикалық және дене күшінің саулығы мен дамуының ауытқу күйі.

4. Өз ойын білдіруде парасатты белсенділік танытудан, пайдалы әрекет түрімен шұғылдандудан қалыс қалу.

5. Қараусыздық, қоршаған ортаның теріс ықпалын және оның негізінде әлеуметтік-психологиялық дезадаптацияның дамуы [5].

Осы аталған себептердің қатарында әсіресе баланың әлеуметтік-психологиялық қараусыздығы, оларға қоршаған ортаның немқұрайды қатынасы басты орын алады, нәтижесінде шет қалу, өзінің қажет еместігі, қорғансыздығы сияқты сезімдер туындайды.

Басқаша айтатын болсақ, жаңа ақпараттық технологиялар тек қана ақпаратты сақтау, өңдеу, аттандыру тәрізді құрал ретінде қолданылмайды, ол мәдени құрастырғыш рөлге ие болды, себебі оның негізінде өзіндік спецификалық мазмұнымен ерекше әлеуметтік-мәдени орта қалыптасты. Нәтижесінде, жеткіншек жаста оқушыларға қатысты компьютерлік орта сұрақтарының шешімі күрделі мәселеге айналды. Жеткіншек жаста компьютерлік ойындарға тәуелділік мәселесінің мәні 10-12 жаста жалпы қабылданған психологиялық кезеңдерге қарсылық білдіруден туындайды.

Баланың агрессивті болуына оның ата-анасының тәрбиесі де әсер етеді. Күнделікті жанұядағы зорлық-зомбылық көріністері мен өзінің жан дүниесіне, тәніне тиген қорлықтан баланың бойында агрессиялық фантазиялар туындайды. Өзіне жамандық жасаған адамдардан өш алуға әлі келмегендіктен, ол адамдарды өзінің фантазиясында жазалап, өшін алуға тырысады. Егер бала осындай келеңсіз жағдайда біршама ұзақ уақыт өмір сүрсе, онда өш алуға, агрессиялық қылық көрсетуге деген мүмкіндігі де жоғары болады [6].

Агрессия (лат. *aggressio* – шабуыл жасау) – қоғамдағы адамдардың қатар бірлесе өмір сүру ережелеріне қайшы келетін, шабуыл жасау объектілеріне залал әкелетін, адамдарға тәни және психологиялық зиянын тигізетін (теріс көңіл-күй, үрей, шиеленіс, жабырқаңқылық сезімі және т.б.) деструктивті мінез-құлық, әрекет. Агрессия көп жағдайда субъектінің фрустрацияға (нақты немесе ойдан шығарылған кедергі) жауап әрекеті ретінде көрініп, ашу-ыза, өшпенділік, жек көру және т.б. эмоциялық ахуал сипатына көшеді.

Ал агрессивті мінез-құлық – адам әрекетінің ерекше формасы, мұндай мінез-құлық субъектінің нұқсан келтіру мақсатымен өзінен басқа адамға немесе адамдар тобына өз артықшылығын білдіріп, қыр көрсетуі немесе күш қолдануға тырысуымен сипатталады. Агрессивті мінез-құлық қарқындылығы мен пайда болу дәрежесі бойынша жеккөрушілік, жақтырмаушылықтан – тіл тигізуге дейін бірнеше түрде байқалады:

- 1) тәндік агрессия - өзге адамға немесе объектіге қара күш көрсету;
- 2) вербалді (сөздік) агрессия – теріс, негативті сезімдерін сөз түрінде (ұрыс-керіс, дау-дамай, айқай-шу, бажылдау) немесе сөздік жауаптың мазмұны (байбалам салу, қоқан-лоққы, қарғыс, лағынеттеу, балағаттау) арқылы білдіру;
- 3) тура агрессия – қандай да бір объекті не субъектіге тікелей қарсы бағытталған агрессия;
- 4) жанама агрессия - өзге адамға жанамалай, жақаурата тұспалдап айтылатын (қасақана өсек тарату, ғайбаттау, мұқата, табалап күлу және т.б.) әрекеттер және тура бағытталмаған, ретсіз қимыл-әрекеттер (кенет ашу кернеп кету, аяғымен жер тебіну, үстелді жұдырықтау және т.б.);
- 5) инструментальды агрессия – қандай да бір мақсатқа жетуге құрал ретінде көрініс береді;
- 6) аутоагрессия - өзін-өзі кінәлау, өзін-өзі қорлау, өз денесіне тәндік қиянат жасау, өзін кемсіту, тәнін зақымдау, кей уақытта өзін өлтіруге дейін баруынан көрінеді;
- 7) қастық агрессия – біреуге әдейі зиян келтіру немесе объектіні зақымдау мақсатымен жасалады;
- 8) альтруистік агрессия – басқалардың шабуылынан қорғау мақсатымен жасалады. Агрессия салдарынан адамдарда қорқыныш, үрей, қысылу туады.

Баланың «жақсы» мен «жаман», «оң» мен «теріс» түсініктерді таңдауына мүмкіндік туындаған кезде, ол бәрі бір саналы түрде «жаманды» таңдауын қалай түсіндіруге болады?

Ата-аналардың өзара ұрыс-керістері, бірін-бірі сыйламауы, баланың көзінше теріс қылықтар жасауы және т.б. өсіп келе жатқан қыз немесе ұл куәгер болса, соған қоса жиі жазалаулар мен зорлық-зомбылыққа төзіп - осының бәрі ересектерден балаға ауысатын

агрессияның өзіндік үлгісін қалыптастырады. Баланы тек қана денелік немесе тұрпайы сөзді жазалау, бірдеңеге мәжбүрлеу - оның санасында агрессиялық мінездің үлгісін қалыптастыратын тікелей жол болып табылады. Әсіресе, агрессияға жиі бейім болатын балалар бұрын әкесінен агрессияны көрген балалар болуы мүмкін. Оның арты баланың жағымсыз әрекетке тәуелділігіне түрткі болады. Мәселен, компьютерлік ойын, ұрлық.

Агрессия және тәуелділік мінез-құлық жоқ жерден пайда болмайды, ол адамның ішінде біраз уақыттан бері пісіп жетілген, сыртқа саналы түрде немесе санадан тыстық деңгейде болып, шұғыл (экстремалдық) жағдайда адамның мінез-құлқына бағыт-бағдар беретін құбылыс. Кей жағдайда олар адамның бірден-бір қорғаныш механизміне айналып, кез келген жағдайда алдымен агрессивті жауап беруі мүмкін. Сондықтан да агрессиялық фантазияларға қарсы ерте басталған түзету іс-шаралары жақын арада өз жемісін береді.

Баланың күнделікті қарайтын теледидар хабарларын, компьютерлік ойын салондарындағы ойындарды баламен бірге талқылап, оның оң - теріс жақтарын балаға уақтылы түсіндіріп отырудың да мәні үлкен. Жора жолдастарымен қарым-қатынасын, олармен болған келіспеушіліктерді де баламен бірге талқылап, оны бейбіт жолмен шешуге көмектесетін де ата-ана.

### **Пайдаланылған әдебиеттер.**

1. Әбеуова И. Мінез-құлқында қиындық бар оқушыларды анықтау жолдары // Ұлағат №5 2004
2. Қайырова Ж.А. Мінез-құлық ауытқушылығының себептері //Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика.-2005.-№4.-Б.6-52.
3. Акажанова Т.А. Девиантология: Уч.пос.-Алматы, 2008. – 114с.
4. Берковиц Л. Агрессия: причины, последствия и контроль. . – Спб.: Прайм-Еврознак, 2007. — 510 с.
5. Буянов М. И. Ребенок из неблагополучной семьи. Записки детского психиатра: Книга для учителей и родителей. М., 1988. – 260 с.
6. Иванов М.С. Личностные предпосылки формирования игровой компьютерной аддикции Текст. / М.С. Иванов // Сибирская психология сегодня: Сб. науч. тр. Вып. 2. - Кемерово: Кузбассвузиздат, 2004. - С. 368 -374.
7. Беличева С.А., Коробейников И.А., Кумарина Т.Ф. Диагностика школьной дезадаптации – М, 1993



УДК 159.9(075.8)

## **АДАМНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ҚҰМАРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

**Мінәсіпова А.Р., Маманова Б.С.**

**М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ**

**«Әлеуметтік психология» кафедрасының аға оқытушысы**

**Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қ.Сартбаев атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі**

**Аңдатпа.** Мақалада адамның тұлғалық ерекшеліктері және адамның құмарлығы жайлы зерттеледі. сонымен қатар, психикалық күйлер қатынастарын зерттеулердің нәтижелері берілген.

**Кілт сөздер:** құндылық, құмарлық, қорқыныш, жауыздық.

**Аннотация.** В статье исследуются особенности личности человека и его увлечения. Кроме того, представлены результаты исследований взаимосвязей психических состояний.

**Ключевые слова:** ценность, страсть, страх, зло.

**Annotation.** The article examines the peculiarities of a person's personality and his hobbies. In addition, the results of studies of the interrelationships of mental states are presented.

**Keywords:** value, passion, fear, evil.

Адамның білмегенді білуге құмарлығы. Адам мінезіне тән қасиеттер – әсерленушілік сезіммен бірге оның түпсіз құмарлығы да болып саналалы. Оның ауқымы өте кең: ол мейрімділік пен опасыздықтан басталып, аспандағы және жер бетіндегілердің бәріне, мәңгілік және діни ырымдарға деген құштарлықты қамтиды. Адамзаттың құмарлығы ашуға арналған мыңдаған көркем шығармалар философиялық және діни трактаттар, публикациялық эсселер бар. Адам жанына көсемдік, үстемдік пен жауыздық, көре алмаушылық пен қызғаншақтық, билік құмарлық пен мараңдық т.б. қасиеттердің бәрі тән. Тіршілік аталуы бүкіл әлемдік құмарлыққа негізделген. Онсыз адам баласының күйініш-сүйініш болмағандық емес.

Білуге құмарлық күшті, ауқымды, күйреткіш немесе әлсіз, қалқыған болып келеді. Көбінесе ол адамдарды күйретуге қабілетті, оның бүкіл өмір жолын өзгертуге әкеп соқтырады. Біздің құмарлығымыз басқаларға ерекше әсер етіп, өлгенін тіріліп, өшкенін жандыруы мүмкін. Құмарлық жақсы болсын, жаман болсын өмір сүреді. Сүйіспеншілік пен қызғаншақтық, жақсылық пен жамандық өмірде егіз жүреді. Мысалы, Дездемонаны құлай сүйген Отеллоның оны өлтіріп тыныуы осы асқан құмарлықтың, ғашықтықтың әсері. Немесе Қыз Жібектің- деген сүйіспеншілігінен туған үнәтижесі. Әсіресе, құмарлық жақсылыққа да, жауыздыққа да апарып соқтыруы мүмкін.

Адам жаратылысынан білмегенді білуге құмар. Білімге құмарлық та қызығушылық туғызып, адамға білмегенді біліп тынғанша жай таптырмайды. Әсіресе әйелдердің құпияны білуге деген құмарлығы ерекше Б. Айтмамбетова Сырынды жасырам десең, жарыңа айтып көр, жарты әлем білмесіне мен кепіл деуі осыны меңзейді [1].

Балада да білмегенді білуге құмарлық күшті болады. Ес білмейтін баланың қолына ұстағанның бәрін аузына салып, тістеп, сорып немесе ойыншықты қиратып, ішін ашып көруге құмартуы, бала бойындағы іштен туа біткен құпияны білуге деген инстинктік құмарлықтың әсері. Әдетте бала жаны құпияны білуге құмартып тұрады. Егер балаға бірдемені істеме, бүлдірме десең, ол әдейі бүлдіруге, істеме дегенді істеуге тырысып бағады. Адам баласына тән құмарлық – білмегенді білуге, табиғи жасырын сырдың құпиясын ашуға деген ынталық адам физиологиясының ішкі сырына тән қасиет. Сондықтан адамның құмарлығы дегеніміз- адамның бойындағы қарама-қайшы сырларды ашуға кілт болып табылады. Ол білмегенді білуге талпыныс жасауға іс-әрекетке итермелейтін ішкі фактор. Әр адамға өзіндік жасырын сырға толы жұмбақ тұлға деп қарасақ, басқалардың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі жұмбақ, ішкі сырын білуге деген құмарлық та әр тұлғада әр түрлі болады. Мысалы, біреу өз жолдасынан бір жасырын сырдың шетін естіп сезсе-ақ. Соны тәптіштеп сұрап білуге құмартады. Ал екінші біреу өзі айтпаса, оған ерекше назар аудармайды.

Енді адамның өмір сүруінің құндылығы неде дегенде келсек, ол өмірде өзінің құмарлығын қандыруды місе тұтпайтын, өзі өмір сүруге қажетті шекараны аттап өтіп, өзінің мүмкіндіктерінен арғы нәрсені де білуге тырысатын жан иесі. Мысалы, 4-5 жасар баланың аспандағы айды, күнді, жұлдызды көріп: ол қалай тұр? Бірде көрініп, бірде неге жоқ болып кетеді? Үнемі неге көрініп тұрмайды? – деген сияқты сансыз сұрақты қойып, құпия сырды білгісі келетіні осыған айғақ. Біз бұдан жеке тұлғаның қасиеттерін білу шекарасының аса кеңдігін байқаймыз [2].

Адам өзінің өмір сүру жолмен талпаныс жасайды. Біріншіден, ол өзінің өмірде бар екенін, осы өмірдегі тіршілік иесі екенін басқаларға білдіруді мақсат етеді. Адамның өмірде өзін-өзі нығайтудың, өз мүмкіндігін іске асырудың жолдары алуан түрлі: ол сурет салудан, кесте немесе өрмек тоқудан, таңертеңгілік жаттығудан басталып, спорт пен көркемөнердің, саяст пен ғылымның алуан түрлерімен айналысу, түрлі қызмет атқару арқылы іске асырылады. Сөйтіп, адам өмірде өзінің бойындағы қабілетін іске асыруда басқаларға Ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленуге тырысады. Мысалы, шебер ұсталар соққан пышақты немесе қанжарды, неесе тоқымашылар тоқыған алаша, кілемдерге қарап отырып, оның кімдікі екенің бірден айыруға болады. Адам, өмірде де бір-біріне ұқсамайтын өзіндік мінез-құлық ерекшелігімен дараланса, өнерде де өз қолтаңбасымен дараланады. Мұны адамдардың өмірде өз бойындағы қабілеті мен талантын танытуы, ерекшеленуі дейміз. Екіншіден, адамдар өздерінің бұл өмірде бар екенің айқындауды қоғамдық ортада басқалармен қарым-қатынастан табады. Ал басқа адам да сол сияқты қарым-қатынаста өзінің бойындағы қасиеті мен іскерлігін танытуға тырысады. Сөйтіп, әр адамның өмірдегі қабілеті мен іскерлігі адамдар арасындағы қарым –қатынаста ашылып, белгілі бола бастайды. Х.Алмаханова адамзат қоғамындағы қарым-қатынаста мен мен сеннің арақатынасын философиялық тұрғыда қарастырып, оны адамдардың жоғары дәрежесі деп атайды, яғни әр адамның қоғамдық ортада өзіндік ерекшелігін көрсетуге тырысуы оның ішкі инстинктік физиологиялық қасиеті деп қарайды. үшіншіден, адам баласының өзі өмір сүріп отырған ортадан ары шығуға талпынуы, өзінің іс-әрекетін өзінен жоғары, үлкен өмірге қатыстыру арқылы іске асыруы [3].

Адам өз бойындағы мүмкіндігі мен қабілетін басқалармен қарым-қатынас арқылы іске асыратын болса, өзіне мұрат тұтатын, үлгі-јнеге алатын озые ойлы табыну асындарға, шешендергенемесе асыл ойдың иесі кемеңгер ғалымдарға табыну, немесе ұйымдастыру қабілетімен, ерекше іскерлігімен көзге тұскен халыққа асқан мұрат тұту сияқты болып келеді. Жастырдың мектепте оқып жүргенде атаеты батырлардың немесе актерлердің, суретші. Футболшылардың өнерін кјгілдір экраннан көріп, олар жайындағы кітаптарды оқып, сонлай болуды армандауы осындай мұрат тұтудың, табынудың нәтижесі, яғни әр уақытта өзінен жоғары тұрған ұлыларға табыну, соларға ұқсап бағу, солардың жолын қууды армандау да адам баласына тән табиғи қасиет. Мұны ғылым тілінде адамның өмірге деген ынта, ықыласының саналы түрде іске асуы деп қарайды. Әр адам өзінің менің саналы түрде өмірге ендіру арқылы оны (өмірді) өз үйіме айналдырдым деп есептейді. Неміс философы М.Хайдеггер (1889-1976) адамның қоғамдағы өмір сүруін тұрмыстық үйі деп қараған.

Адам өмірі жоғарыда айтқандай, материалдық және рухани болып екіге бөлінеді. Рухани өмірдің қажеттерін өтеудегі адамзат қоғамының ең жоғарғы құндылықтары - шығармашылық, сүйіспеншілік, бостандық, еңбек пен басыт, қайғы мен қуаныш сезімдерінің бірлігінен тұрады. Осылардың нәтижесінде қол жеткен табыстарды біз рухани құндылықтар дейміз.

Жоғарыда аталып өткен рухани құндылықтардың әрқайсының адам өмірінде атқаратын өзіндік мазмұндық міндеттері бар және олардың әрқайсысы адам өмірінің белгілі бір қызметін көрсетеді. Мысалы, шығармашылықты алып қарасақ, ол адамның ішкі толғанысынан туындайтын іс-әрекет және әр тұлғаның өзін қоршайтын ортаның бейнесін өзгертуге өз үлесін еосудағы талпынысының нәтижесі. Ол ішкі таланттың, адам бойындағы энергияның сыртқа шығуы. Шығармашылық еңбек нәтижесі адамғақуаныш та, реніш те әкелуі мүмкін. Мысалы, суретші немесе жазушы сәтті шыққан шығармасына өзін қоршаған ортадан қолдау тапса қуанышқа бақытқа кеңеледі, ал ол сынға алынып еңбегі сәтсіз болып шықса, ренжиді.

Адам баласының өмір сүруіндегі аса зор жоғары құндылық қуанышты немесе қайғылы уасиғаларды тұғызатын махаббат болып саналады. Сүйіспеншілік адамның өмірге деген құштарлығынан туйындайды, яғни ол құшақ жетпесе құшыға, өмірден басыт табуға

ұмтылушылықты, өмірге деген құштарлықты тұызады. Адам материя мен рұхтың бөлігінен тұратын, жер мен қіктің, жаратушы мен жын-шайтанның арасында өмір сүретін тіршілік иесі. Шынайы сүйіспеншілік арқылы адам жан мен тәнді біктіріп, жеке бастың рухани мұратына жетуін мақсат етеді. Сондықтан ол кейде адамды бақытсыздыққа ұштасып, жан азабын тарттырады [4].

Ең қиын, ең қымбат құндылық – бостандық. Бостандықты аңсамайтын адам жоқ. Бостандық дегеніміз не? Адам баласы қандай бостандықты аңсайды? Барлық адам бірдей бостандық алуға тұра ма дегенге келсек, ол жнінде жауапты адам өмірінен іздестіруге тура келеді. Философ Н.А.Бердяевтің пікірінше, адам баласы әрі өлшеусіз күш иесі, әрі әлсіз, ол бірде өмірге құл, бірде өмірге еожа, ол еркін өмір сүругетііс. Еркіндік дегеніміз – әрбір тірі организмнің дамуына, ісіп-іркендеуіне қажетті шарт. Адам еркін болғанымен, жауапкершілікті де сезіне білуі керек. Себебі өзі істеген іс-әрекетті еркімен істегендіктен ешкімге жауапкершілікті арта алмайды. Еркіндікте адам өмірмен бетпе-бет кездеседі. Адам өзгелерсіз тіршілік ете алмайды. Сондықтан ол біреулеуге бағынып, енді біреулерді өзі бағындырып тіршілік ете алмайды. Сондықтан ол біреулерге бағынып, енді біреулерді өзі бағындырып тіршілік кешеді. Әрине, әр адам өз өмірін жоспарлап тіршілік етеді, іс-әрекет жасайды. Сонымен бірге, ол жай ғана өмір сүргісі болса, адам өмір жолын таңдауға, өзіне қолайлы жағдайды ізжестіруге, соған сай іс-әрекет жасауға еріктілікті аңсайды, яғни адам өмір сүрудің стратегиялық жолын таңдайды. Ол жолдар философ С.Кверкегердің айтуынша, үш түрлі болады: эстетикалық, этикалық, діни.

Эстетикалық өмір сүру дегеніміз – табиғатты тамашалау, достарымен еунашты өмір сүру, сүйіспеншілік ләззат алу. Адам құндылықты сол сәтте шапшаң сезініп, дәл осы минутта сезім құшағына бөленіп, ләззат алады. Бірақ эстетикалық өмір ләззатты сол сәттегі іткінші сезімге құрылатындықтан, ол тез өтеді, оның бойында тұра бермейді. Адам үнемі ләззат сезімді еуа берсе, ол депрессияға ұшырап, күйінішке, тіпті қайғыға душар болуы мүмкін.

Адам өмірінен тұрақты орын алатын-этикалық жол. Оның негізіне адамның қоғам алдындағы міндетін өтеуі жатады. Адам этикалық өмірінде оны орындаудан рахат сезімін алмаса да, қанағаттанушылыққа ие болады, яғни қоғам мүшелерінің бәріне ортақ жоғары этикалық заңдарды орындауды өзінің адамдық парызым деп санайды.

Эстетикалық, этикалық өмір сүру заңдары адамның тіршілік ету міндеттеріне қажетті заң болып есептеледі. Адам өміріндегі сәсіздіктер мен басқа тұскен қиыншылықтар еріксіз қорғыныш тұғызады. Бұл өмірдің сысқалығын, өткіншілігін, өмірдің өліммен ұштасатынын ойлатады. Сәтсіздіктердің неден болатының білгісі келеді, себепсіз ешбір істің болмайтынын ақыл-сана арқылы ойлап-білетін адам сәтсіздіктердің себебін ойша іздестіреді. Осы жерде адамға дін иелері жақсылық пен жамандықты ізгілік пен жауыздықты бір Алла жіберіп тұр. Ол сенің жер бетіндегі, бұл өмірдегі күнәларыңды есіңе тұсіріп, тәубана келтіру үшін Алланың жіберген пәрмені. Одан арылу үшін ақирет дүниесін ойлау керек. Құдайға құлшылық етіп, күнәларымды кешіре көр – деп жалынып-жалбаруының керек. Егер шын Аллаға сиынсаң, Алла күнәларыңды кешіріп, жамандықты аластатып, жақсылыққа қолыңды жеткізеді деп уағыз айтады. Адам бойында пайда болған қорсыныш пен үйрейді сейілтп, о дүниеге деген сенімді күштейді. Адам өмірден күдер үзгенде сенімнен айырылады, онда сенімсіздік, үмітсіздік, өмірден күдер ұзу пайда болады. Ал өмірден күдер ұзу еріксіз адамның өмір үшін күресін тоқтады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашисттердің концлагерінде тұтқында болған австриялық психолог В.Франкл лагерьдегі адамдардың мінез-құлқына бақылау сағанда, өмірден күдер үзгендердің тез жіліп кеткенін, ал қиыншылыққа шылдап, қайтсем тірі қалам, өмір сүрем дегендердің тірі шыққанадарын мысалға келтіре отырып, адам бойында өмір үшін күресуге деген ішкі мүмкіндіктердің орасан зор үшін күресуге деген ішкі мүмкіндіктердің орасан зор екенін алап өткен.

Бүгінгі адамдардың қасіреті-уақытша басқа түскен нарық қыспағына шыдай алмай, ішімдікке салынуы, анаша шегуі, бара-бара өмірден күдер үзіп, өзін-өзі өлтіруге дейін қадам жасауы өмір үшін күресте ерік-жігерін ұстай алмаудан, жігерсіздіктен болатын құбылыс екенін бүгінде дәрігерлер, психологтар дәлелдеуде.

Адам басына қиындық түскенде: Не үшін өмір сүремін? өмір сүрудегі мақсат не? – деген сұрақ туындайды. Еркі мықты тұлға қорқыныш пен үрейді ақыл-санаға, ерік-жігерге жеңгізіп, қиыншылық атаулыға шыдап бағады. Бұл жағдайда өмір сүрудің көкжиегі кеңейеді. Сондықтан адамды қиыншылықты жеңе білуге үнемі баулып, оның ерік-жігерін жастайынан шыңдау керек. Ерікті шыңдау өмір сүру үшін күресе білудің алғышарты болып табылады. Оған өмірден көп мысалдар келтіруге болады. Мәселен, кешегі ұлы Отан соғысы кезінде екі аяе, бір қолынан айырылып шірке болып қалған КСРО халық мұғалімі Құрмаш Нұрғалиев өз ерік-жігерін шындаудың арқасында орта мектепті, институтты сырттай оқып бітіріп, 35 жыл үздік мұғалім, Боран орта мектептің директоры қызметтерін атқарды, немесе қызылордалық жазушы Зейнолла Шүкіров полиомиелит ауруынан жастайынан аяқтарының жансыз болып қалуына қарамастан, орта мектепті алтын медальмен бітіріп, университетті сырттай аяқтауы, екі-үш роман, оншақты повестердің авторы болып жұртқа танылуы өз ерік-жігерін шындаудың нәтижесі.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – А., 1991.
2. Айтмамбетова Б., Бейсенбаева. Тәрбиенің жалпы әдістері. – А., 1991.
3. Ахметов Ж. Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары. //Қазақстан мұғалімі, А., 1994.
3. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие бері. /Методикалық нұсқау. А., 1990.
4. Әбенбаев С. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. – А., 1992.
5. Подласый И. Педагогика. Москва, 2000.



УДК 616.89-07-053

## МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ҮЙЛЕСПЕГЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мінәсіпова А.Р., Қоңырбаева А.Г.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ  
«Әлеуметтік психология» кафедрасының аға оқытушысы

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қ.Сартбаев атындағы орта мектебінің тарих  
пәнінің мұғалімі

**Аңдатпа.** Мақалада мінез-құлқы эмоционалды үйлеспеген оқушылардың теориялық аспектілері зерттеледі. Сонымен қатар, психикалық эмоционалдық күйлер қатынастарын зерттеулердің нәтижелері берілген.

**Кілт сөздер:** психопатия, шизофрения, гипомания.

**Аннотация.** В статье исследуются теоретические аспекты учащихся, поведение которых эмоционально несовместимо. Кроме того, представлены результаты исследований взаимосвязей психических эмоциональных состояний.

**Ключевые слова:** психопатия, шизофрения, гипомания.



**Annotation:** The article examines the theoretical aspects of students whose behavior is emotionally incompatible. In addition, the results of studies of the interrelationships of mental emotional states are presented.

**Key words:** psychopathy, schizophrenia, hypomania.

Бала дүниесінің басқа балалар дүниесімен, үлкендермен және түрлі заттармен соқтығысуы олар үшін әсер қалдырады. Оқушыларда осы жағдайлардың әсерінен көзқарастарының және жалпы қалыптасуының бұзылуы, тілек және дағдыларының өзгеруі орын алады. Осындай келеңсіз жағдайлардың бәрі балалар өмірінде кездеседі, ал балалар өмірі мектеппен тығыз байланысты. Сондықтан мектептегі кезең оқушылар үшін «сыңалу» кезеңі болып табылады. Сыңалу кезеңі дейтініміздің себебі, бала нақ осы мектеп жасында жас ерекшелік кезеңдестіру бойынша маңызды болып табылатын бірнеше қиын кезеңдерден өтеді. Яғни, сыңалу кезеңі дегеніміз, түрлі құбылыстарға толы белгілі бір өтпелі кезең және баланың осы кезең аралығынан өте алу мүмкіндігі. Сонымен анықталған жас кезеңдеріне сүйене отырып, білім беру жүйелері және практикалық психологтар мектептегі барлық жас аралығын 3 кезеңге бөліп қарастырады:

1. Кіші мектеп жасындағы кезең;
2. Жеткіншектік жасындағы кезең;
3. Ерте жасөспірім кезең;

Бірінші кезең - баланың мектепке түсіп, жаңа ортаға бейімделуімен сипатталады. Сонымен қатар бала ағзасында дененің күрт өсуі, ішкі мүшелердің үлкеюі вегетативті қайта құрулар сияқты эндокриндік өзгерістер бірден жүреді. Бұл өзгерістер баланың әлеуметтік қарым-қатынас жүйесімен іс-әрекетіндегі кординалды өзгерістер оның ағзаларындағы барлық жүйелермен функционаларының қайта құрылуымен сай келеді. Сондықтан бұл аралық үлкен күшті талап етеді;

Екінші кезең - баланың өтпелі кезеңімен тап келуімен, ағни қиын саналатын кризистік кезеңмен сай келеді. Бұл кезең біріншіден пубертаттық кезеңде келетін морфологиялық және физиологиялық өзгерістер жеткіншектің ағзасын біршама өзгертуге ұшыратады да, олардағы соматикалық аурулар қауіпін тудырады, сонымен бірге, тура осы жеткіншектік кезеңде көптеген жүйке және психикалық аурулар көрініс береді, екіншіден осы кезеңге тән әлеуметтік қарым-қатынас сферасының (позитивті болмауы мүмкін) кеңеюі жеткіншектерге меңгеруге қиын болып табылатын жаңа әлеуметтік тәжірибелер береді. Өтпелі кезең - жас ерекшелік дамудың өте жауапты сатысы. Бұл кезеңнің өзіндік ерекшеліктері П.П.Блонский және Л.С.Выготский еңбектерінде анық жазылған. П.П.Блонский өтпелі кезеңдегі жүріп жатқан өзгерістердің бірден болып жатқанына көңіл бөлсе; Л.С.Выготский бұл кезеңді ескінің өшуін сипаттайтын жас деп көрсетеді. Олай болса, өтпелі жас дегеніміз, баланың бір сатыдан екінші сатыға өту аралығы. Бірақ бұл уақытта балада оны біршама жоғары сатыға дайындайтын барлық негізгі психологиялық жаңа құрылымдар қалыптасуы қажет. Әйтсе де, бұл екі жас қиылысып, осы қиылыста кризис тууы мүмкін. Ал кризис дегеніміз негативті байланыстарды шақырушы, мінез-құлық моделінің ауытқуын көрсететін белгілі құбылыс.

Үшінші кезең - бұл оқушылардың жеткіншектік жаспен ересектік жас аралығындағы және олардың 10-11 сыныпта кездесетін қиындықтарымен сай келеді. Бұл уақыт адамның тұлғалық дамуының өте маңызды және жауапты кезеңі болып табылады. Тіпті, Ж.Ж.Руссо («Эмиль немесе Тәрбие» еңбегінде) саналық өзіндік анықтауды жасөспірімдік кезеңдегі тұлғаның екінші туылуының негізгі мазмұны ретінде қарастырады. Сонымен қатар, жасөспірімдік кезеңде ағзаның физикалық дамуы, жыныстық жетілуі жүреді және бұл кезеңдегі психикалық дамудың ерекшелігі дамудың әлеуметтік жағдайымен де байланысты. Сондықтан да, бұл кезеңдегі әрбір қадамның жауапкершілігі артады, сондай-ақ, бұл кездегі әрбір қатенің белгілі-бір көлемді салдары болуы мүмкін, ал кей кезде ол драмалық сипатқа да ие болуы мүмкін. Сондықтан да, бұл жас аралығын немесе осы жас аралығындағы

оқушыларды «қиын жас» немесе «қиын балалар» категориясына кіргізуіміз мүмкін. «Қиын жасты» екі сөзді талдау арқылы түсіндіруге болады:

1. критикалық;
2. өте қиын, қауіпті.

Өйткені бұл кезеңде де физикалық әлсіздік, мінез сипатының ерекшеліктері, қарым-қатынас ерекшеліктерінің жоқтығы, эмоционалды жетілмеушілік, жағымсыз сыртқы әлеуметтік орта сияқты т.б. көптеген факторлар жалғаса беруі мүмкін. Осындай факторлардың салдарынан «қиын балалар» пайда болуы мүмкін. "Қиын балалар" дегеніміз, дамуы мен мінез-құлқында жалпы қабылданған нормалардан ауытқуы бар, өзінің психоәлеуеттік дамуы қалыптасуының жаңа сатысын басынан нәтижелі өткізе алмайтын балалар.

Сонымен мектептегі үш кезеңге сүйене отырып, біз барлық мектеп жасындағы уақытты критикалық жас деп айта аламыз. Л.С. Выготскийдің «Критикалық кезең» теориясы бойынша критикалық жас дегеніміз, біржағынан балалардың қоғамдық қарым-қатынас жүйесіндегі өзгерулері жататын, екінші жағынан баланың «ішкі позициясының» өзгеруі жататын дамудың әлеуметтік ситуациясының қайта құрылу нәтижесі. Л.С.Выготский бұл жас аралықтарын мағынасы дамудың жалпы циклында оның орнымен анықталатын және дамудың жалпы заңдылықтары барлық уақытта сапалыда өзіндік сипаттарды тауып алатын дамудың жабық немесе өзіндік кезеңі ретінде қарастырды. Әр жас кезеңінде баламен орта арасында сол кезеңге тән жалғыз да, қайталанбас өзіндік спецификалық қатынас орнай бастайды. Мұны Л.С.Выготский сол кезеңдегі дамудың әлеуметтік жағдайы деп көрсетті. Бірақ, барлық жас аралығындағы өтпелі кезеңдердің симптоматикаларымен мазмұндары ұқсас болғанымен және олар жалпы заңдылықтармен өткенімен бір кезеңнен екінші кезеңге өтуде дамудың өзіндік қиындықтары пайда болады және олардың мазмұны тұрақты кезеңдегіден, яғни, тұрақты кезеңдегі даму ерекшеліктерінен біршама айырмашылықтары бар.

Сонымен, баланың жас ерекшелік психологиялық сипаты оның бөлек-бөлек жаңа құрылымның немесе ерекшелігінің жиынтығымен анықталмайды, ол оның әр жас кезеңіндегі жеке адамдық қасиеттерінің қалыптасуымен анықталады.

Сондықтан осы ерекшеліктерге байланысты, жалпы американ психологтарының жүргізген зерттеулері нәтижесінде, оқушылардың мінез-құлқының үйлеспеуі 80% осы жеткіншектік кезектен тән екендігі белгілі болады. Өйткені, мектеп оқушыларында, яғни, кіші және орта мектеп жасындағы балалардағы қабылдау өте жоғары болатындығы белгілі, сонымен қатар, оқушылардың дүниеге көзқарасы, жағымды қасиеттерінің қалыптасып келе жатқандығымен байланысты. Осы анықталған мәліметтерді негіз ете отырып, Г.Д.Пирьовтың басшылығымен бір топ Болгария психологтарының жүргізген зерттеулері нәтижесінде 5-17 жас аралығындағы балаларға «ашушандық» тән екендігі белгілі болды. Сонымен қатар олардың психикалық нормаларының үлкендерден айқын ерекшеленіп тұратындығын 14-15 жастағы 15000 американ жеткіншектеріне психодиагностика ретінде жүргізген «даралық минесоттық» тестімен дәлелдеуге болады. Өйткені, бұл тест нәтижесі бойынша, нормадағы балалардың өздері «психопатия», «шизофрения», «гипомания» шкалалары бойынша көрсеткіштері үлкендерден жоғары. Бұдан үлкендер үшін ауру симптомы болып табылатын бұл көрсеткіштер жеткіншек немесе жасөспірімдер үшін норма болып табылады деген, қорытындыға келеміз. Оқушылардың басқада психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында КСРО мамандары С.Хатауэй және Э.Монакези жүргізген "Роршах" және "тематикалық апперцепция" тесті бойынша 12-16 жас аралығындағы оқушылардың мазасыздану деңгейінің жоғары болатындығы, сонымен қатар. Кеңес уақытында үлкен маман болып табылатын жасөспірімдер психиатры Л.Л.Мекрабянның мәліметі бойынша, осы жас аралығындағы балалардың жекелік ауытқуларының бірден өсетіндігі дәлелденді. Сонымен қатар әр жас кезеңіндегі мазасыздану деңгейінің ерекшелігіне байланысты

В.Д.Кисловская «проективті тест» көмегімен мазасызданудың жас ерекшелік динамикасын қарастырды. Оның нәтижесі бойынша, кіші мектеп жасындағы оқушылардағы мазасыздану бейтаныс үлкен адамдармен қарым-қатынас кезінде және қатарластарымен қарым-қатынас кезінде көрінсе жеткіншектерде бейтаныс адамдармен жеткіншектерден гөрі, қатарластары және ата-анасымен қарым-қатынас кезінде, ал жасөспірімдерде мазасыздану барлық қатынас сферасында, әсіресе, ата-аналармен немесе балалар тәуелді болып табылатын басқа да үлкендермен қарым-қатынас кезінде көрінеді екен және жасөспірімдерге мазасыздану деңгейінің жоғарылығы тән болып шықты. Мұның себебі, жасөспірімдік кездегі эмоционалды реакцияның әсерінен дифференциацияның жалғаса беруінде, және эмоционалды реактивтіліктің төмен дәрежеде болуында. Төмен реактивтілік психологиялық жағымсыз фактор болып табылады. Осыған байланысты жүргізілген Калифорниялық лонгютидтің нәтижесі бойынша, төмен эмоционалды реактив тән жеткіншектерлен жасөспірімдерге біршама мазасыздық тән, эмоционалды тұрақсыз, икемсіздеу және қарым-қатынасыздау болып келеді екен.

Осы айтылған факторлардың себебі, З.Әсемжанова пікірі бойынша, осы ерекшеліктердің негізгі себебі, 12-18 жас аралығының психопатияға криткалы кезең болуында. сондықтан да дәл осы кезеңде оларға аса көңіл бөлінбесе, олардың мінез-құлқының эмоционалды үйлеспеушілігінің тереңдеп кетуі мүмкін. бірақ, эмоционалды үйлеспеушілік тек қана гармоналды өзгерумен ашылмайды, сонымен қатар, әлеуметтік факторға және тәрбие шартына тәуелді және индивидуалды - типологиялық ерекшеліктерге де байланысты болады [1].

Өсіп келе жатқан балаға әсер ететін және оның пайымдау дүниесін өзгертетін сыртқы және ішкі факторлардың көлемін білу күрделі нәрсе. Сондықтан да есеюдің психологиялық қиындықтары, «мен» бейнесі және талпыну деңгейінің қарама-қайшылығы сияқты жеткіншектерге тән моционалды күштеу ерте жасөспірімдерде болады деуге алып келеді. Сонымен қатар, балалардағы дисгармониялық жеткіншіктік синдромы, яғни, оқушылардың өзінің денесіне және сыртқы көрінісіне көңіл бөлуі, т.с.с. жағдайлар олардың эмоционалды үйлеспеуіне әкеліп соғады.

Бірақ, нормадағы оқушылардың эмоционалды үйлеспеушіліктің психопатиялық белгілері аз көлемде болады.

Жалпы эмоционалды үйлеспеушілік өтпелі кезеңнің барлық кезіне тән және олар қиын балалар қатарына жатады. Мұндай балаларға оқудың өзі қиын, үйде ешкім көмектеспейді, өздігінше өмір сүруге ешкім тәрбиелемейді. Олардың өзіндік бағасы оқудағы жетістіктерге жетпеуіне байланысты төмен болады. Бұл жағдайда бала өзін-өзі көрсетуге қысылады [2].

Жеткіншектердің оқу әрекетінде апатия, ашушанды, қаталдық, өкпе, түңілушілік кездесіп отырады. Сонымен бірге, олардың мінез-құлқына тітіркенудің импульсивті формасы тән болып отырады. Оқушылардың мінез-құлқындағы ситуацияларды талдай отырып, ситуациалық мінез-құлқты едәуір өзгертетін нәрселерді атап өткен жөн.

Оқушылардығы үйлеспеушілік құрамына қарай кәдімгідей болады. Олардың құрамы күрделі. Оқушылардың мінез-құлқының үйлеспеуіне тән сипаттың бірі - олардың кейбіреуінің жынданғаннан өлуге дейін баруы. Оның негізгі себебі, өмірлік қиындықтар, әсіресе отбасындағы түсінбестік еркелетудің, махабаттың жетіспеушілігі болып табылады. Яғни, баланың жан талаптары отбасында қанағаттандырылмайды оның әрбір қадамда көңілі қалып отырады.

Оқушыларда еліктеу жоғары дәрежеде болады, сондықтан да олардың жоғары талап қоюшылығы немесе біреуден бірден талап етушілігі, олардың мінез-құлқының бұзылуына әкеліп соғады. Оқушылардағы мазасыздану деңгейінің жоғарылауы, отбасындағы қарым-қатынастың шектелуімен, стрестерімен сипатталады. Мұндай балалардан ашық агрессия сирек пайда болады. Оларға когнетивті стиль, өзінің мүмкіншілігін бағалай алмаушылық тән

және оларда «ешкім көмектеспейді» деген көзқарас немесе айналаға жаушылық көзқараспен қарау тереңдік алып отырады [3].

Қорыта келе, балалардағы эмоционалды үйлеспеу олардың сабаққа үлгермеушілігімен де сипатталады. Мысалы, балаларға көмектескенде егер де ол тапсырманы ұзақ түсінбесе кері эмоцияны ғана емес, сонымен бірге, тапсырманы нәтижелі орындаудың жолдарын қарастырмай мұндай әрекеттерден алдын-ала іштегі бас тарта бастайды. Оқушыларда психологиялық «энергетиканың» жоғарылауы және төмендеуі болады, осының әсерінен балалар бір уақытта көңілсіз болып жүрсе бір уақытта жеткілікті қарсылық көрсететіндігі және жақсы бейімделген қабілетте болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әсемжанова З. «Менің отбасым—менің үйім» Бастауыш мектеп журналы 2005, № 9 25-26 б.
2. Ата-аналармен байланыс жасау тәжірибиемнен Бастауыш мектеп журналы №1, 2003, 25-27 б.
2. Қожамжарова Р.Т., Бектенғалиева С.Х. Білім мекемесі – оқу – тәрбие ордасы. Шымкент – Алматы 2002.



ӘӨЖ 159.96

## БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СУИЦИДИ МӘСЕЛЕСІ

Муленбаева Гулбану Мурасовна  
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы  
Максим Горький атындағы орта мектептің психологы

**Аңдатпа.** Аталған жұмыста балалар мен ересектердің арасындағы суицидке барудың ерекшеліктері туралы айтылып, соның ішінде балалар арасындағы суицидтің психикалық ауытқулардың салдарынан болатындығы сөз болады. Суицидтің негізгі себептері анықталып, мәселені шешу жолдары қарастырылады. Қазіргі таңда мектеп жасындағы балалардың өзіне қол жұмсауының себебін мұғалімдерден сұрап, оларды кінәлайтыны жасырын емес. Сонымен қатар ата-аналардың жауапкершілігі арттырылса деген ұсыныс айтылады.

**Кілт сөздер:** суицид, жасөспірім, депрессия, мінез-құлық

**Аннотация.** В данной работе будет рассказано об особенностях суицидального поведения у детей и взрослых, в том числе о том, что суицид среди детей является следствием психических расстройств. Будут выявлены основные причины самоубийств и рассмотрены пути их решения. Сегодня не секрет, что учителей спрашивают о причинах самоубийства ребенка школьного возраста. Также предлагается повысить ответственность родителей.

**Ключевые слова:** самоубийство, подростковый возраст, депрессия, поведение

**Annotation.** This work will tell about the peculiarities of suicidal behavior among children and adults, including the fact that suicide among children is a result of mental disorders. The main causes of suicide will be identified and solutions will be considered. Today, it is no secret that teachers are asked about the reasons for the suicide of a school-age child. It is also proposed to increase the responsibility of parents.

**Keywords:** suicide, adolescence, depression, behavior

2020 жылғы қыркүйек айында Қазақстан психиатрлары біздің еліміз суицид бойынша бұрынғы кеңестік елдер арасында Литва, Ресеймен қатар алғашқы үштікке енгені жөнінде

қорқынышты хабар таратты. Мұның алдындағы бір жыл ішінде үш мың қазақстандық өз-өзіне қол жұмсап, өмірімен қоштасса, былтырғы алғашқы бес айдың ішінде осындай 500 оқиға тіркелген. Әсіресе соңғы уақыттарда о дүниеге өз еркімен аттанған жасөспірімдер санының арта түсуі бізді ойлануға мәжбүр етеді.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид ересек адамдардың суицидінен басқаша. Ересек адамдардың бұндай әрекетке баруы көп жағдайда күйзеліс (депрессия) жағдайына байланысты болады. Күйзеліс кезеңіндегі ересек адамның жағдайын көріп, сезініп және соған сәйкес қандай да бір шара қолдануға, яғни суицидті болдырмауға байланысты әрекеттер жасауға болады. Ал ересек адамдарға қарағанда балалар мен жасөспірімдерде күйзеліс кезеңі жиі бола бермейді (кейбір көрсеткіштерге сүйенсек, бұл 1-5% жағдайында ғана кездеседі). Әдетте бала жасындағы күйзелісті психикалық ауытқу көріністеріне сайып, психиатрдың бақылауына жібереді.

Баланың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының 95-98%-ы аффективті реакциялар нәтижесінде болатындай белгілі. Яғни, эмоционалды қалыптарының тұрақсыздығының жоғары болуына және аса әсерленушілік қасиеттеріне байланысты қандай уақытта бұған қандай реакция беретіндігін ұғынып отыру қиын.

Бала суицидінің ең басты ерекшелігі – оның негізгі мақсаты өлім болмайтындығында. Олар өліммен кері қайта алмайтындығын да жете түсіне бермейді, суицидті өз өмірлеріндегі маңызды мәселені шешу құралы ретінде ғана пайдаланады.

#### **Бала суицидінің негізгі себептері мыналар:**

- реніштері мен түсінбеушілік сезімдерін уайымдап, сезінулері;
- ата-аналарының өздеріне деген махабатты жоғалтып алуы немесе сол сезімді жалған қабылдауы (жасөспірімдік кезеңде және ерте жастық шақта бұл сезім көбіне алғашқы махабатты толығымен түсіне алмау кезінде болады);
- ата-аналарының біреуі үйден кеткен жағдайда немесе ажырасу толғаныстары;
- ұят, өзін-өзі кінәлау сезімі, жазалаудан қорқу, масқара болу немесе өзін төмен сезінуі;
- дағдарыстар мен өз қатарларының әжуа-мазақ қылу барысында сезінулері;
- шынайы немесе жалған әділетсіздікке, ашуға, ызалыққа қарсы болу сезімі, олардан кек алу сезімінің болуы;
- өзіне көңіл аудару сезімі, өзіне жан ашу сезімін тудыруды қалауы, қандай да бір жағымсыз міндеттерді орындауда қашу, я болмаса, жеңілдік пен айрықша құқыққа ие болғысы келгендегі ұмтылысы кезінде;
- өз жолдас-жоралары, кітап немесе бейне сюжеттегі кейіпкерлерге қарап еліктеуі мен жанашырлық сезімі туғанға байланысты, қандай да бір жаңа жастар ағымына үйірсектенуіне байланысты болады.

Осы айтқандарымыздың ішінен, бала суицидінің психологиялық мәні өзінің эмоционалдық шиеленісін тежеуінен болатындығын көреміз. Яғни бала бойында қандай да бір тұрмыстық жағдайлардағы мәселені шешуде тығырықтан шығар жол іздеу керек болғанда, сол шешімді таба алмай қалатындығында.

Балалардың көңіл күй тұрақсыздығы, аса әсерленушілігі, иланушылығы ерекше болғандықтан, мамандар үшін бала суицидін алдын ала болжау қиынға түсетіндігін жоғарыда айтып кеттік. Бірақ та бала мінез-құлқындағы бірқатар белгілерге ересек адамдардың көңіл бөлуі тиіс. Себебі осы белгілер арқылы ғана мүмкін болатын әрекеттің алдын алуға, аутоагрессиялық әрекеттерді болдырмауына септігін тигізеді. Бұлар мыналар:

Еще одно вероятное решение подростка может выражаться фразой: «Если всё стает слишком плохо, я убью себя». Если вовремя понять, что подросток подразумевает под словом «плохо», то мы поймем при каких условиях возможен суицид, и что предпринять для его предотвращения.

Формулировка суицидального решения "Я покажу тебе, даже если это меня убьёт" говорит о том, что подросток находится в состоянии бунта против чего-то или кого-то и его действия подразумевают месть.

Довольно часто подростки могут намерено провоцировать оппонента к применению физического воздействия. Их суицидальное решение можно сформулировать фразой «Я заставлю тебя убить меня». Такое поведение подростков обычно наблюдается в семьях, где есть отчим, мачеха, или приемные родители.

В некоторых семьях настолько табуирована тема смерти, что подросток вытесненное решение формулирует и реализует по принципу «Я убью себя под видом несчастного случая».

В ситуациях, когда подростку важно получить любовь как вознаграждение в психологической игре суицидальным решением может стать фраза «Я буду пытаться умереть, чтобы заставить тебя полюбить меня». Это, как в случае с первой фразой, является манипуляцией. Однако манипуляция в контексте с узкой концентрацией на попытку изменить отношение человека к себе.

«Я убью себя, чтобы причинить тебе боль» - данное суицидальное решение отражает некоторую скрытую месть (как в третьем варианте), но без агрессивного контекста [4].

Таким образом, через призму транзактного анализа мы понимаем, что для качественной профилактики подростковых суицидов главной задачей психологов, родителей, воспитателей и педагогов является формирование у подростков устойчивой позиции «Я-взрослый».

Эго-Взрослый говорит: «Да, здесь я сделал ошибку. Я знаю, как ее исправить. В следующий раз, когда возникнет такая же ситуация, я вспомню этот опыт и попробую избежать такого исхода. Я всего лишь человек, я не святой, у меня могут быть ошибки». Так ведет диалог с собой Эго-Взрослый. «Я - Взрослый» разрешает себе совершить ошибку, берет на себя ответственность за нее, не отрицает своих ошибок, признает их, анализирует и приобретает новый жизненный опыт. И этот опыт становится для него полезным звеном в следующей подобной ситуации. Самое главное, что здесь исчезает излишняя драматизация и обрубаются некий эмоциональный «хвост». Эго-Взрослый не тащит за собой этот «хвост» на веки вечные. И поэтому такая реакция конструктивна [5].

#### Список использованной литературы и источников:

1. Э.Берн «Игры, в которые играют люди. Психология человеческих взаимоотношений», «Университетская книга», 1998 – С.247;
2. Берн Эрик Леннард "За пределами игр и сценариев", Бомбора, 2023 г.- С.480;
3. Добротворский В.В. "Является ли самоубийство подростков игрой третьей степени, и кто настоящая жертва" <https://www.b17.ru/article/132628/>
4. Трагические сценарии и суицидальные решения <https://www.b17.ru/article/141272/>
5. Разрешите себе жить собственными правилами (транзактный анализ) <https://www.b17.ru/blog/52598/>.



ӘОЖ 159.923.2

### ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ -ҚҰЛҚЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ МЕН ӨМІРЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Омарбекова Аяла Султанбекқызы

№33 жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы

Жамбыл облысы Меркі ауданы

**Аңдатпа.** Мақалада жасөспірімдердің суицидтік мінез- құлқының алдын алу бойынша жаднамалар түзіліп, салауатты өмір салты мен өмірлік құзіреттік тұжырымдамасын қалыптастыру жолдары жазылған. Жасөспірімдер арасында суицидтік мінез құлқының белгілерін алдын алу бойынша анкеталық сауалнамалар құрастырылып, оқушылардың өз өзіне қол жұмсамау бойынша тиімді методикалар ұсынылған.

**Кілт сөздер:** суицид, экзистенциалды мазасыздық шкаласы, эмоционалдық бұзылулар, психологиялық факторлық

**Аннотация.** В статье созданы заметки по профилактике суицидального поведения подростков, написаны пути формирования здорового образа жизни и концепции жизненных навыков. Были составлены анкеты по профилактике признаков суицидального поведения у подростков, представлены эффективные методы профилактики суицидов школьников.

**Ключевые слова:** суицид, шкала экзистенциальной тревожности, эмоциональные расстройства, психологические факторы.

**Annotation.** In the article, notes on the prevention of suicidal behavior of teenagers are created, ways of forming a healthy lifestyle and the concept of life skills are written. Questionnaires on the prevention of signs of suicidal behavior among teenagers were compiled, and effective methods for preventing suicide of students were presented.

**Key words:** suicide, existential anxiety scale, emotional disorders, psychological factors

Қазіргі уақытта жасөспірімдер мен жалпы жастардың суицидтік мінез-құлқы мәселесін шешу қазіргі қоғамның басқа мәселелерінің ішінде ең өзекті болып табылады. Көптеген қанағаттандырылмаған қажеттіліктерді, сонымен қатар бірқатар тұрақсыз психикалық күйлерді тудыратын жоғары технологиялар әлемі жеке адамның өміріне деструктивті бастаманы енгізеді.

Ғалымдар суицидтік мінез-құлық жеке тұлға үшін экстремалды жағдайларда әлеуметтік, психологиялық және әлеуметтік-мәдени факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі деп санайды[1.2]

Жаңартылған бағдарлама негізінде әрбір педагогтың міндеттеріне психикалық күйде, қарым-қатынаста, дамуда және оқуда туындайтын мәселелердің дер кезінде алдын алу және тиімді шешу мақсатында әрбір оқушының психологиялық-педагогикалық жағдайының ерекшеліктерін зерттеу, оқу процесінде және қиын өмірлік жағдайда (оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша бағдарлама немесе жұмыс жоспарын құру) әртүрлі жас топтарындағы студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесін құру, көмек көрсету және баланың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін әртүрлі мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерді тарту жатады.

Мына астындағы өзін құрастырған практикада пайдаланатын кесте педагогтарға жаднама ұсынамын: [2.1]

Суицидалдық ниеттердің болуын көрсететін мінез құлықтың ерекшеліктері	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. өлім мен суицид тұрақты әңгіме тақырыбы ретінде.</li> <li>2. мұнды немесе мұнды музыкаға басымдық беру</li> <li>3. жеке заттарын бөлу, өсиет жасау</li> <li>4. өмірдегі құндылықтың жоқтығы туралы айту</li> <li>5. өлім туралы қиялдар</li> <li>6. суицидтің ықтимал құралдарына қызығушылық</li> <li>7. «Мен өмір сүргім келмейді», «Мен өлгім келеді», «өмір сүрудің мәні жоқ» және т.б.</li> <li>8. жанама мәлімдемелер «ештеңе емес, жақын арада сен менен тынышталасың», «ештеңе емес, мен үшін бәрі жақын арада бітеді», «ол менен жақын арада ол менен бас тартқанына өкінеді» т.б.</li> <li>9. өзін-өзі өлтіру құралдарын иемдену</li> <li>10. істерді ретке келтіру, ұзақ мерзімді істердің кенеттен аяқталуы</li> <li>11. Өзін-өзі ауыр айыптау, өзінің дәрменсіздігіне, үмітсіздігіне шағымдану.</li> <li>12. қоштасу хаттарын жазу</li> <li>13. адамдармен оғаш «қоштасу» мінез-құлқы</li> <li>14. әдеттен тыс үнсіздік немесе өліммен байланысты жасырын екінші мағынасы бар мәлімдеме, символдық мәлімдемелер</li> <li>15. адам өлгеннен кейін не болатынына ерекше қызығушылық</li> <li>16. депрессия белгілерін көрсету</li> </ol>
---	---

<p><b>Депрессия белгілері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• көңіл-күйдің төмендеуі, терең қайғы</li> <li>• көңіл-күйдің кенеттен өзгеруі, эмоционалдық сезімталдықтың жоғарылауы, көз жасы, әлсіздік</li> <li>• тәбеттің төмендеуі, артық тамақтану</li> <li>• ұйқышылдықтың жоғарылауы, ұйқысыздық</li> <li>• мазасыздық</li> <li>• зейіннің төмендеуі</li> <li>• шешімсіздік</li> <li>• бұрын қызығушылық тудырған заттарға, адамдарға және жағдайларға немқұрайлықпен қызығушылық жоғалту</li> <li>• әлеуметтік оқшаулану, отбасынан, достарынан алыстау, үнсіздік</li> <li>• еңбек, оқу тиімділігінің төмендеуі</li> </ul>
<p><b>Алдын алу шаралары:</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Балаларға қамқорлық, жайлылық, сүйіспеншілік сезіну үшін жалпы мектептік психикалық денсаулықты, мектепте салауатты ортаны құру.</li> <li>• Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру.</li> <li>• Мектеп пен отбасының, сондай-ақ мектеп пен бүкіл қоғамдастықтың өзара әрекеттесуінің тиімді моделін жасау.</li> </ul> <p>Мұғалімдердің өздеріне адал екенін, мектепте өзін мектептің бір бөлшегі санайтын жақындары бар екенін сезінетін студенттердің өз-өзіне қол жұмсау ойлары немесе әрекеті әлдеқайда төмен</p>
<p><b>Тәуекел факторлары</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• алдыңғы суицид әрекеті</li> <li>• ұжымдағы, отбасындағы қиын моральдық-психологиялық жағдай</li> <li>• жақын адамның, жақын адамның қайтыс болуы, маңызды қарым-қатынастардың үзілуі</li> <li>• үдемелі ауыр ауру</li> <li>• өткір дағдарысты бастан өткеру</li> <li>• эмоционалдық бұзылулар (өткір дүрбелең, кінә, ұят)</li> <li>• психикалық ауру</li> <li>• алкогольизм, нашақорлық</li> <li>• балалық шақтан бас тарту</li> <li>• қоғамда немесе белгілі бір адамдар тобында танымал адамның өз-өзіне қол жұмсауын бастан кешіру</li> <li>• маскүнемдер, нашақорлар және психикалық науқастар бар отбасында тәрбиелеу және болу</li> <li>• анасының немесе ата-анасының екеуінен ерте айырылу, әсіресе суицид</li> <li>• қылмыстық жазаланатын әрекет жасау</li> <li>• қайтымсыз жарақаттар мен жарақаттар алу (көру, аяқ-қолдар және т.б.)</li> <li>• жауапсыз махаббат</li> <li>• зорлық-зомбылық нәтижесіндегі психикалық жарақат</li> <li>• жақын адамға опасыздық жасау</li> <li>• жақын адамдарға опасыздық жасау</li> <li>• ұяттан қорқу</li> <li>• елеулі тұрмыстық және материалдық қиындықтар</li> <li>• тәуекел тобына жататындар (гомосексуалдар, тұтқындар, әскери қызметкерлер)</li> </ul>

Сонымен қатар практикада оқушылар арасында сауалнамалар арқылы суицидке жақын оқушыларды зерттеймін, алдын аламын: [3.3]

**Лорен мен Кэтриннің экзистенциалды мазасыздық шкаласы.**

1. Мен өз өмірімнің қарапайым мақсаты бар сияқты сезінемін.	17. Мен әдетте барлық күш-жігерім еш нәтиже бермейтінін сезінемін.
2. Мен әрқашан дерлік өзімді скучно және айналамда болып жатқан нәрселерге немқұрайлы қараймын.	18. Мен көптеген адамдарға қарағанда өмірдің мәнін тапқандай сезінемін.
3. Менің ойымша, өмір бізді шексіз таң қалдыратын қызықты нәрсе.	19. Мен оқу немесе зерттеу пәніне сирек қызығушылық танытамын.
4. Менің жетістіктерім мүлдем пайдасыз екенін жиі сезінемін.	20. Менің өткенімде еске алатын ештеңе жоқ
5. Мен әдетте өзімді шын өмір сүрмеймін, бар болғандай сезінемін.	21. Менің өмірімнің ешкім үшін мәні жоқ сияқты.
6. Мен әдетте бір нәрсені басқалармен талқылауды пайдасыз деп санаймын, өйткені мені ешкім түсінбейді.	22. Мен әрқашан өзіме ұнайтын нәрсені таба аламын
7. Мен өз өмірімде басқа адамдарға қарағанда көбірек күтетінімді сезінемін.	23. Менің ойымша, бұл дүниеде ұзақ уақыт бойы қол жеткізуге болатын нәрселер өте аз сияқты.
8. Менің күнделікті әрекеттерім мен әрекеттерім мағынасыз болып көрінеді.	24. Менің өмірім мақсатсыз сияқты.
9. Мен болашақ туралы ойлағанда, мен әдетте депрессияға ұшыраймын.	25. Маған еш нәрсеге сену қиын.
10. Мен ешқашан өзіме ұнайтын жұмыс таппадым.	26. Мен білетіндердің барлығы дерлік өмір сүреді, менің ойымша, бос өмір.
11. Менің сезімдерім айналамдағы ешкімге маңызды емес болып көрінеді.	27. Жалпы, мен өзімді сезінемін: менің істегенімнің бәрі мүлдем пайдасыз.
12. Дін Мен мистикалық идеялар мен әдет-ғұрыптардың өте бос жинағын табамын.	28. Мен әдетте өзіммен не істерімді білмеймін.
13. Мен ешкімді бір нәрсеге сендіруге тырысудың пайдасы жоқ деп ойлаймын.	29. Менің өмірімде маңызды мақсаттарым жоқ.
14. Мен жиі ұмтылатын нәрсем аз екенін сезінемін.	30. Мен өзімді бұл әлемде толығымен жалғыз сезінемін.
15. Мен өмірдің мағынасыз екенін сезбеймін	31. Мен сирек кез келген басқа адамға жауапкершілікті сезінемін.
16. Мен ешқашан басқа адамдар алатындай ләззат ала алмаған сияқтымын.	32. Шығармашылық, белсенді, өнімді мінезге ие екенімді сезінемін.
Сыныбыңыздағы шытырман оқиғалы саяхатқа баратын үш адамды атаңыз.	

**Жауап кілттері**

1. Иә	2. Иә	3. Жоқ	4. Иә	5. Иә	6. Иә	7. Жоқ	8. Иә	9. Иә
10. Иә	11. Иә	12. Иә	13. Иә	14. Иә	15. Жоқ	16. Иә	17. Иә	18. Жоқ
19. Иә	20. Иә	21. Иә	22. Жоқ	23. Иә	24. Иә	25. Иә	26. Иә	27. Иә



28. Иә	29. Иә	30. Иә	31. Иә	32. Жоқ	Алтыдан көп сәйкестік табылса, суицидтік тенденциялар табылған.
--------	--------	--------	--------	---------	---

Қорыта келе, балаларға қамқорлық, жайлылық, сүйіспеншілік сезіну үшін жалпы мектептік психикалық денсаулықты, мектепте салауатты ортаны құрусыныптан, жұмысын ұйымдастыру, мектеп пен отбасының, сондай-ақ мектеп пен бүкіл қоғамдастықтың өзара әрекеттесуінің тиімді моделін жасау және бұл мақсат бағыттарымен үнемі жұмыс жүргізу мына біздер педагогтардың бірден бір міндеті деп білемін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Газман О.С. Балаларға білім берудегі педагогикалық қолдау инновациялық мәселе ретінде / О.С.Газман // Білім берудің жаңа құндылықтары: он тұжырымдама мен эссе. Мәскеу, 1995. Шығарылым. 3. С. 58–64.
2. Глазман О.Л. Қорқытуға қатысушылардың психологиялық ерекшеліктері // Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің еңбектері. А.И. Герцен. 2009. № 105. 159-165 беттер.
3. Экимова В.И., Залалдинова А.М. Қорқыту жағдайындағы жәбірленушілер мен құқық бұзушылар: олар кімдер? // Қазіргі шетел психологиясы. 2015. 4-том. No 4. 5-10 беттер.



**ӘӨЖ 37.013.77:616:89-008.441.44**

### **ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД ФАКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**

**Атемова Қ.Т.- п.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
«Педагогика» кафедрасының профессоры, Қазақстан, Астана қ.**

**Рустемова А.Қ. - М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік қазақстан университеті, «Педагогика және психология» мамандығының докторанты. Қазақстан, Шымкент қ.**

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда жасөспірімдер арасындағы СУИЦИД фактілерінің өршіп тұрғандығы адамзат баласына ортақ проблема екендігі белгілі. Әлемдік тәжірибелермен қатар, ұлттық дәстүрлерімізде өз-өзіне қол жұмсауға деген қатаң тыйымдарға қарамастан, қоғамда бұл құбылыс барған сайын кеңінен етек алып, өршіп келеді. Әсіресе, жастар арасында өз-өзіне қол жұмсау фактілері азаймай отыр. Мақалада СУИЦИД-ке бейім жасөспірімдердегі белгілер мен ерекшеліктері, оның алдын алу шаралары туралы баяндалады. Сонымен қатар, ата-аналарға арналған кеңестер мен әлеуметтік ортадағы ықпалдардың әсерін баяндау арқылы жастар өмірін сақтау жолдары ұсынылады.

**Кілт сөздер:** СУИЦИД, жасөспірімдер, ата-аналар, әлеуметтік орта, өлім, асылу, өзін-өзі таппау, адасу.

**Аннотация.** Сегодня известно, что рост числа СУИЦИДА среди подростков является общей проблемой человечества. Наряду с мировой практикой, несмотря на строгие запреты на суицид в наших национальных традициях, это явление получает все большее распространение в обществе. Тем более, самоубийств среди молодежи не становится меньше. В статье описаны симптомы и особенности подростков, склонных к СУИЦИДУ, и меры по его предупреждению. Кроме того, предлагаются советы для родителей и способы спасения молодых жизней путем описания последствий социальных влияний.

**Ключевые слова:** СУИЦИД, подростки, родители, социальная среда, смерть, повешение, не нахождение себя, бред.

**Annotation.** Today it is known that the increase in the number of SUICIDE among teenagers is a common problem of mankind. Along with world practice, despite the strict prohibitions on suicide in our national traditions, this phenomenon is becoming more widespread in society. Moreover, there are no fewer suicides among young people. The article describes the symptoms and characteristics of adolescents prone to SUICIDE, and measures to prevent it. It also offers advice for parents and ways to save young lives by describing the consequences of social influences.

**Key words:** SUICIDE, teenagers, parents, social environment, death, hanging, not finding oneself, delirium.

Қазақстан өз-өзіне қол жұмсау арқылы өмірімен қоштасу фактілері бойынша алдыңғы қатарды иеленетіні өкінішті. Әйтсе де, бұл шындық. Көп жағдайда СУИЦИД ке баратын балалардың әрекетінің түпкі себебін:

- депрессиялық көңіл күйдің нәтижесі;
- жеткіншектің жанының жараланғыштығы, психикалық ауруларға шалдығуы;
- отбасындағы шиленіскен қарым – қатынастар;
- оқудағы қиындықтар (мұғаліммен ортақ тіл табыса алмауы),
- басқа адамдармен қарым - қатынасындағы сәтсіздіктер, жақын адамынан айырылу;
- қоғамдық орындардағы эмоционалдық, психикалық көңіл күйге назар аудармай, ауыр дөрекі сөздермен кемсіту, ар - ождан, намысқа тию;
- дене бітімінде физиологиялық кемшіліктер (адамның өзіне - өзі қанағаттанбауы) секілді себептерден туындайды деп түсіндіреді[1].

Әйтсе де, мектеп қыбарғасында тәп-тәуір оқып, достарымен жақсы қарым-қатынаста болған балалардың кенеттен өз-өзіне қол салып өмерімен қоштасуы кімді болса да таң қалдыратыны белгілі.

Осындай ортадан шыққан балалардың жеке тұлғалық типі тез тенжігіш, депрессияға оңай түсетін, өзіне сенімсіз болатын қасиеттері басым болатын болса, олар өз-өзіне қол жұмсауға бейім тәуекел тобындағы балалар қатарын толықтырады. Өкінішке орай, Суицидтің алдын алудың дәстүрлі тәсілі тәуекел факторларын осы типтегі адамдарды зерттеуден тұрады. Алайда, бұл тәсілдің тиімді екендігі де айқын емес[2].

Шындығында да, біз отбасында қысым көрген, ата-аналары тарапынан қолдау таппаған, әлеуметтік ортада өзіндік орны жоқ, проблемаға тап болған балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау фактілері орын алады деп түсінеміз. Әйтсе де, әлеуметтік ортада лидерлік сапасымен ерекшеленетін жастың өзін-өзі өртеп жіберуі немесе асылып қалуы секілді құбылыстар орын алып келеді. Ата-аналар мен психологтар, дәрігерлер мен құқық қорғау органдарының мамандары мұндай құбылыстың шешімін табуда қиындыққа тап болып келеді.

### **Зерттеу әдістері**

Осындай құбылыстардың орын алу себептері мен алдын алу шараларын қарастыру мақсатында Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ғалымдарымен бірігіп зерттеу жүргізуі барысында аяқталған суицидтің нәтижесі мен себептерін нақтылау мақсатында олар оқыған мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасарымен, сынып жетекшісімен, достарымен және сыныптастарымен сұхбаттар мен әңгімесулер жүргізілді.

Бақылау, сұрақ-жауап, әңгімелесу, пікір алмасу, құжаттарды талдау мен баланың салған суреттерін талдау, достарының пікірлері мен ортасын бақылау әдістері қолданылды.

### **Зерттеу нәтижелері**

Облыс бойынша тіркелген 19 баланың өліміне қатысты істермен таныса отырып, олардың достарының және мектептің психологтарымен, өзін-өзі өлтірмек болған оқушының сынып жетекшілерімен жеке кездесулер ұйымдастырып, сұхбаттастық.


Жалпы Түркістан облысы бойынша 2019 жылда СУИЦИД көрсеткіші 10 -17 жас аралығындағы жастарды қамтыған. Олардың санын төмендегі кестеден көреміз.

Кесте-1-СУИЦИД орын алған жасөспірімдер туралы мәлімет

Жас ерекшеліктері	саны	Ұ	ҚЫЗ
10 жас	1	1	-
11 жас	1	1	-
12 жас	-	-	-
13 жас	3	2	1
14 жас	2	-	2
15 жас	3	1	2
16 жас	3	1	2
17 жас	6	3	3
Барлығы:	19	9	10

Түркістан облысы бойынша СУИЦИД жасаған жасөспірімдердің көпшілігі қазақ ұлты мен өзбек ұлтының өкілдерін құраған.

Диаграмма-1. СУИЦИД жасаған жасөспірімдердің жыныстық ерекшеліктері мен ұлтын көрсететін диаграмма



Мұғалімдер мен мектеп психологтарының айтуына сүйенсек, олардың бәрінің де мінез-құлқы сабырлы да ұстамды, әрекеттері белсенді, сабақ үлгерімі орташа немесе жақсы болған. Ешқандай ерекшелік көрсетер белгілері болмаған. Бос уақыттарында спорт үйірмелерінде немесе басқа да өнер мектептеріне қатысумен өткізген. Қоршаған ортасындағы адамдардың пікірі бойынша бәрінің де ата-аналары тарапынан балаға деген өрескел қарым-қатынастың байқалмағандығын айтады.

Істерді қарап шығу барысында бала туралы жан-жақты сұрастырылып, толық суреттеме жасалған істерде біршама себептердің ұшы көрінетін секілді. Өлімге бел буған балалардың барлығы дерлік асылып қайтыс болғандығын анықтадық. Олардың жас аралары 10 жастан басталып 17 жаспен аяқталған болды. Жасы өскен сайын өзіне қол салу санының да артып отырғанын көреміз. Ең көп өз өзіне қол салу 17 жаста орын алған. Бұл құбылыстар көктем мезгілінде көп болған. СУИЦИД фактісінің тең жартысына жуығы наурыз, сәуір, мамыр айларында орын алған екен.


### Зерттеу әдістері

Аталмыш құбылысты зерттеп білу үшін біз балалардың бос уақыттарында көретін суреттері мен айналысатын іс-әрекеттерін бақылауға алдық. Оны достары мен қоршаған ортасындағы адамдардан сұрақ-жауаптар алу арқылы іске асырдық. Сол арқылы баланың бойындағы өзгерістерді айқындауға талпындық. Ата-аналары мен мектеп психологымен, сынып жетекшісімен, сыныптас достарымен жеке кездесулер мен әңгімелесулер жүргіздік. Олар қызығатын әрекет түрлері мен қарым-қатынастағы көзқарастарына талдау жасадық. Кез-келген бала қолынан жасалған затқа мұқият мән бере қарап, оның астарын түсінуге көңіл аудардық. Сонымен қатар, осы проблема аясында зерттеулер жүргізген Отандық ғалымдар еңбектері мен ұсыныстарын зерделеп, өзіміздің зерттеуімізде басшылыққа алдық[3]. Мектеп, ЖОО мамандары мен ата-аналар ынтымақтастығы негізінде жұмыс жүргізу шараларын қарастырдық. Ата-бабаларымыздан айтылып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыз бен тәрбие дәстүрлерінің озық тұстарын қолдануға тырыстық.


### Зерттеу барысы

Қайтыс болған балалардың мектептегі ұстаздарымен кездесіп, қайта сұрастырғанымызда және құжаттарын тексере отырып сұрақтар қойғанымызда көптеген жаңа ақпараттар алынды. Қайтыс болған балалардың өмірінің соңғы кезеңдерінде мінез-құлықтарында өзгерістер болғандығы айқындалды. Олардың сабақ үлгерімі мен мінез-құлықтарында, қызығушылықтарында өзгерістер болған. Бірақ оны дер кезінде ешкім аңғара қоймаған. Нақтылы айтар болсақ, балалар тұйықталып, оқшауланғанды ұната бастаған. Үнемі олардың көңілді, белсенді жүргенін көріп үйренген басқа адамдар оны өзіндік қызығушылығының болуымен байланыстырған. Шығармашылығының дамуы деп білген. Сөйтіп, бала бос уақытында немен айналысады, не көреді, қайдан көреді деген сұрақ төңірегінде де ешкім ойланбаған.


Бұл балалардың дені сурет салғанда өз көзқарастары мен ойларын қағазға түсірген. мәселен, 16 жастағы ұл бала мынадай суреттер салған.




Сурет-1-Аяқталған СУИЦИД бойынша зерттеу барысындағы баланың салған суреттері  
Осындай бір-біріне ұқсайтын суреттерді жүйелі түрде салып отыруы, оның санасында үнемі осы кейіпкерлермен қарым-қатынастың орын алып отырғандығынан дерек береді.



Сурет-2-Аяқталған СУИЦИД бойынша зерттеу барысындағы баланың салған суреттері  
Бұл құбыжықтар өзге әлемнің адамдары дегендей, баланың соңғы кездердегі қарым-қатынас ортасының өзгергенінен дерек береді.



Сурет-3-Аяқталған СУИЦИД бойынша зерттеу барысындағы баланың салған суреттері  
Төмендегі суреттен көретініміз, біртіндеп баланы суреттегі кейіпкер өз әлеміне алып кетіп жатқандығын көруге болады. Бұл баланың соңғы суреттерінің бірі.



Сурет-4-Аяқталған СУИЦИД бойынша зерттеу барысындағы баланың салған суреттері

Бұл суреттерден көріп отырғанымыздай, балалар басқа әлеммен байланыс орнатқан. Балалардың ата-аналары олар салған суреттерді көрмеген. Балаларының жеке заттарын тексеріп, оларды бақылауға алмаған.

Құрдастарының пікірі бойынша кейбір балалар өз қатарынан кем болғанын айтқан немесе ешкімге керек емес сезінген жайттар анықталып отыр. Қорқынышты суреттер салғанда немесе көргенде ол құбылыстар балалар үшін жат болып көрінбеген.

### **Зерттеу нәтижелері**

Біз, СУИЦИД салдарынан көз жұмған балалардың әрекеттері мен себептерін толық анықтау мүмкін болмағандықтан, кейбір аяқталмаған СУИЦИД кейіпкерлерімен жеке кездесіп, сұхбат жасау арқылы жағдайдың қалай орын алатынын білуге тырыстық. Бізге өз өзіне қол жұмсамақшы болған қыз баланың ұзақ жылдар осындай күйден қиналып, өздігінен жол тауып шыққан тәжірибесі біршама СУИЦИД-тің алдын алуға көмектескеней болды. Мұндай күйге түскен балалар үшін қалыпты жағдайдағы қарым-қатынастың кез-келген түрі керісінше қабылдануы мүмкін екендігін түсіндік. Ата-аналар өз балаларын бірдей жақсы көремін деп ойлауы мүмкін, әйтсе де, психологиялық тұрғыдан науқастанған бала үшін ата-анасы оны өзге балаларынан бөлектеп, шеттететінін көреді. Мейірімді оған өзгелерден аз бөледі деп түсінеді. Тіпті, оның өз ортасындағы әрбір әрекеттегі титтей де болсын өзгеріс баланың психикасына қатты әсер етіп, оның ойналбастан өз-өзіне қол жұмсауына алып келуі мүмкін. Себебі, мұндай жағдайда бала ұзақ мерзімде санасын өмірден кетуге даярлап, тек осы оймен өмір сүретінін айтады.

Қалыпты жағдайда қорқынышты немесе жағымсыз болған суреттер мен құбылыстар СУИЦИД-ке баратын балалар үшін жағымды, жанына жақын болып көрінуі мүмкін деген ойға келдік. Аяқталмаған СУИЦИД кейіпкерімен сөйлесу барысында біз, бала психикасында өзгеріс болғанда ол суреттерден өз ортасын көретінін, сол арқылы тыныштық тапқандай болатынын да білдік. Кезінде өмірдің мәнін жоғалтып, депрессияда ұзақ жылдар бойы жүрген қызбен сұхбаттасу арқылы СУИЦИД жасағысы келетін адамда қандай ой болатынын сұрастырдық. Сонда оның жауабынан байқағанымыз, бала өзі де не үшін қиналып қайғырып жүргенін өзі де түсіне алмайды дейді. Демек, оның психикасында ауытқу немес дерт болуы мүмкін деген тұжырымға келеміз. Ол өзін өзгелерге керексіз деп түсінгендіктен өздігінен біртіндеп оңашалана бастайды, тұйықталады. Осындай кездегі ұнатып көретін суретіне назар аударайық:



Сурет-5-Аяқталмаған СУИЦИД бойынша зерттеу барысындағы қыз баланың ұнатып көретін суреті

Мұнда қыз баланың көретін суреті белгісіз, айқындалмаған бейне арқылы өзінің адасуда екендігін көрсетіп тұр. Сыртқы әлеммен де байланыс жоқтың қасы. Қараңғылықта отырғаны оның өмірі мен мақсатының күңгірт тартып тұрғандығын, жалғыздықта белгісіз затқа айналып бара жатқандығынан дерек береді.



Сурет-6-Аяқталмаған СУИЦИД бойынша зерттеу барысындағы қыз баланың ұнатып көретін суреті

Жоғарыда суреттерге қарап отырсақ, қалыпты психикадағы кез- келген қыз мынадай суреттерден қорқатыны анық. Әйтсе де, осындай суреттерден ләззат алып, демалатын баланың да бар екендігі шындық. Сондықтан, ата-аналар өз перзенттерінің телефондағы ватсап суреттерін, аваға қойған суреттеріне де бір сәт мән бере қарауы маңызды деп білеміз. Өйткені, мұндай балалар мұндай суреттерді өз телефондарының бетіне немесе ава панеліне қойып жиі көріп отыратынын айтады.

#### **Қорытынды**

Көптеген зерттеулерге сүйенсек, адам баласы өмірден мән таппай, адасуда болғанда ол біртіндеп затқа айналады. Сондықтан, тәрбиеде бала кеудесінің бостықта қалмауы үшін, өміріне үнемі мән беріп, алға ұмтылуына, өмір сүруге құштар ететін рухани құнды байлықпен толтырып отыру маңызды болмақ[4]. Баланың отбасы мен әлеуметтік ортасындағы қарым-қатынасында үнемі рухани құндылыққа толы қиссалар мен оқиғаларды меңгерту, сол арқылы адам өмірінің мәнін түсінуді игерту балалар әрекетін реттейді. Бұл, түркі халықтарына тән тәрбие талаптары мен дәстүрлерінде қарастырылған.

СУИЦИД-ке баратын екінші типті жағдайлардың ерекшелігі - бұл бірінші құбылыстың асқынған түрімен байланысты деп айтуға болады. Егер де балаларда болатын осындай ерекше құбылыстардың алдын алуға тиісті шаралар қолданбай, уақытты өткізіп алсақ, ол біртіндеп асқына түсері анық. Себебі, кейбір балалар мен жастар өз- өзіне қол жұмсау фактілерінің орын алуын түсіндіре алмағанымен, біреудің шақырып тұратынын немесе қолынан жетектеп апаратынын айтқан. Сондай-ақ, көзіне әлдененің көрінетіні мен дауыстарды еститінін де айтады.

#### **Ұсыныс**

Жоғарыдағы әртүрлі фактілерді тұжырымдай келе, СУИЦИД фактісі бойынша балаларды өз- өзіне қол жұмсау әрекетіне барудың алдын алу үшін олардың себептеріне орай мынадай бағыттарда жұмыс жүргізілуі тиіс деп білеміз:

1. Бала күнінен отбасы, әлеуметтік орта немесе басқа да себептерден психологиялық жарақат алып, соның салдарынан жүйкесін шаршатып, өзімен өзі оқшауланып, бірақ мәселенің шешімін таба алмай өмірден кету тығырықтан шығудың бірден бір жолы деп білетін балалар СУИЦИД жасауға барады деп білеміз. Ондай балалар көбіне тек өзіне сенетін, ата-анасы тарапынан қолдау көрмейтін балалар. Сондықтан, олармен мектеп **психологтары мен педагогтары және ата-аналар** бірлесіп жұмыс жүргізу тиіс.

2. Психикалық жарақатын асқындырып алып, паталогиялық сатыда жүрген, соның салдарынан көзіне елестер көрінетін, дауыстарды еститін, өзін-өзі сезінуі қалыптан

ауытқыған, қарым-қатынас ортасын қабылдауы тым әсершіл балалар СУИЦИД жасайтындар болып табылады. Олармен мектеп психологтары мен педагогтары және ата-аналар жұмысы оңайлықпен нәтиже бермейді. Сондықтан, бұл жерде мұндай балалармен **психотерапевттер** жұмыс жүргізуі тиіс.

3. СУИЦИД орын алған жағдайды ғылыми тұрғыдан түсіндіру қиынға соққанда, балалардың өздері де болып жатқан құбылысты бейсаналы түрде іске асырып жатқан жағдайда балалармен **теологтар** жұмыс жүргізуі тиіс деп білеміз. Діни түсініктер мен амалдар көмектесуі мүмкін.

Жасөспірімдердің өз өзіне қол салу жағдайының әртүрлі амалда көрініс беруінің ішкі себептері мынада деп тұжырымдауға болады:

- Отбасында нешінші перзент болғанына, ата-анасы тарапынан үлкен қамқорлық көріп отырғанына қарамастан бұл бала өте жаны жараланғыш, тұйық, іштей реніш пен күдіктерді жинағыш болып келеді;

- Сырттай қарағанда қаншалықты ашық, белсенді, өмірге құштар болып көрінгенімен бала күнінен қалған, бүгінгі күнге дейін жазылмай, орнын толтыра алмай келе жатқан бір психологиялық жарақаты(травма) бар.

- Мұндай балалар өз көзқарастары тұрғысынан қараусыз, керексіз, зат секілді қолданыстағы қамқорсыз, мәнсіз өмір кешіп жүрген сезімдегі балалар. Яғни қуаныштары мен жұбаныштары аз деуге болады. Олардың мектептегі алған жақсы үлгерім бағалары мен қатысып жүрген үйірме жұмыстары олардың өміріне мән-мағына бере алмаған, кеудесіндегі бостықты толтыра алмаған деуге болады.

- Не үшін қайғырып, түңіліп жүргендерін өздері де түсіне бермеуі мүмкін, бірақ бір нәрсенің мазалап тыныштық бермей аласұратыны мәлім. Бұл бала жүйкесінде қалыптасқан ауытқу бар. Оны дер кезінде жазып, реабилитация жасап отырмаса, асқынып өршіп кетуі мүмкін.

- Мұндай балалар әрекетінде, мінезінде, ойында міндетті түрде өзгерістер көрініс береді. Оны да дер кезінде байқау керек. Бірнеше күн ұйқысы бұзылып мазасыздануы мүмкін. Оңаша қалуды ұнатуы, ойға шомып кетуі, ашушаң болуы секілді қасиеттер пайда болуы мүмкін.

- Бала көзқарасы бойынша ата-ана, туыстары мен жақын бауырларының жылы қарым-қатынасы мен түсіністікке толы мейірімі жетпейтінін сезеді, мұқтаждығы іштей мазалайды.

- Өз-өзіне қол жұмсаған балалардың шын мәнінде ата-аналарымен рухани жақындығының болмағандығын байқауға болады. Күйбің тіршіліктің айналасында қарым-қатынас болғанымен, баласының арманы мен мазалайтын сұрақтарына, көңіліне үңіліп мән берген ата-ана жауабы жоқ. Барлығының жауаптары сырттай бақылаған бақылаушының сөзі іспетті. Бәрі жақсы секілді болғаннан аспаған.

- Мұндай құбылыстың орын алуына тылсым күштердің араласуын да теріске шығармаймыз, сондықтан теологтардың да атсалысуы тиіс.

### **Қорытынды және ұсыныстар**

Осындай себептерді ескере отырып, алдағы уақытта СУИЦИД фактілерінің орын алуының алдын алу мақсатында мектептерде, отбасыларында және жоғары оқу орындары арасында мынадай бірлескен **шаралар жүргізілуі** тиіс деп білеміз:

- Мектеп оқушыларынан сауалнамалар алу, суреттер салдыру, эссе жаздыру және т.б. әдістерді қолдана отырып СУИЦИД-ке бейім немесе қауіпті аймақта тұрған балаларды айқындау қажет;

- Мектеп психологтарын оқушылармен, олардың ата-аналарымен осы бағытта мақсатты жұмыс жүргізуге даярлау үшін білімдерін жетілдіру қажет;

- Мектеп оқушыларының ата-аналарымен кездесулер мен дөңгелек үстелдер, сұрақ-жауаптар секілді әртүрлі формадағы іс-шаралар ұйымдастыру арқылы ата-аналардың көзқарастарына әсер етіп, жауапкершілігін арттыру қажет;



- Оқушылармен жеке кездесулер мен кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру керек;
- Мектеп мұғалімдері мен психологтары үшін және ата-аналармен жұмыста пайдалануға арналған оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтарды баспадан шығарып тарату қажет;
- Балалар көретін бағдарламалар мен фильмдердің және интернет желісіндегі керексіз ақпараттарды реттеуге ықпал жасау қажет;
- Мектептерде және жоғары оқу орындарындағы болашақ педагог мамандар үшін «Өмірге құштарлық» пәнін мәндетті етіп енгізу қажет;
- Мұндай іс-шараның жүргізілгенін және кеңес алам деуші ата-аналар мен тәлімгерлерді хабардар етіп отыру мақсатында әлеуметтік желілерден тарату, насихаттау мен жарнамалау жұмыстарын да жүргізу қажет деп білеміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Котова Н.С., Исинбаева К.Г. Кибербуллинг как социально-педагогическая проблема современного общества в условиях цифровизации. // «Педагогті цифрлық қрпакпен жұмыс істеуге дайындау» жас ғалымдар, магистранттар мен студенттер және мектеп оқушыларының Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Павлодар, 2021. -427б.
2. Ұзақбаева С.А. Профилактика суицидального поведения подростков. –Алматы: «Полилингва» баспасы, 2019. -304 б.
3. Атемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –Алматы: 2016.- 264 б.
4. Atemova K., Issabekova G., Kabikeeva K., Dagistan S., Catakli A. Gender tendencies of modern marriage and Turkish ethno-pedagogy. //Adv Pharm Edu Res. 2019; 9(1):64-68. E-ISSN: 2249-3379



**ӘӨЖ 37.035**

## **ОҚУШЫЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

**Сарсенов Жандос Бауыржанұлы - педагогика ғылымдарының магистрі**  
**Чангитбаева Айдана Жанобаевна - студент**  
**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада оқушылар мен жасөспірімдер арасында кездесетін суицидтік мінез-құлық ерекшеліктерін анықтап, оны болдырмау шаралары туралы баяндалған. Осы мәселе бойынша жүргізілетін жұмыс түрлері ұсынылып, қазіргі таңдағы өзекті мәселе ретінде шешу жолдары қарастырылған.

**Кілт сөздер:** баламен сөйлесу, парасаттылық, мінез-құлық, жасөспірімдер, ұстаз, отбасы, суицид, достар, сүйіспеншілік, құндылық

**Аннотация.** В этой статье рассказывается о мерах по выявлению и предотвращению особенностей суицидального поведения, с которыми сталкиваются школьники и подростки. Предложены виды работ по данному вопросу, рассмотрены пути решения как актуального на сегодняшний день вопроса.

**Ключевые слова:** разговор с ребенком, внимательность, поведение, подростки, учитель, семья, самоубийство, друзья, любовь, ценность

**Annotation.** This article describes measures to identify and prevent suicidal behaviors faced by schoolchildren and adolescents. The types of work on this issue are proposed, the ways of solving it as a topical issue today are considered.

**Key words:** talking to a child, mindfulness, behavior, teenagers, teacher, family, suicide, friends, love, value

Қазіргі таңда әлем елдерін, оның ішінде Қазақстанды да балалар мен жасөспірімдер арасында орын алып жатқан суицид мәселесі алаңдатууда. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, дәл осы күрделі мәселе бойынша Қазақстан әлем елдерінің алғашқы ондығында тұр. Суицидке уикипедияда былай деп анықтама берілген екен: «Өзін-өзі өлтіру-өзін өмірден қасақана айыру (суицид). Өзін-өзі өлтірудің себептері әр түрлі. Көп жағдайда өзін-өзі өлтіруге себеп болатын нәрсе өмір жағдайының шынайы қиындылығы және өмір оңалмайды деп есептеу. Депрессивті жағдайлар «жиналып» соның салдарынан өзін-өзі өлтіру болуы мүмкін [1].

Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе, ұстаздар мен отбасы қауымының парасаттылығына, айналасындағы достарының ықпалына тікелей байланысты. Баланың көңіл күйін танып, онымен сөйлесіп, қолдау көрсету бала мінезіндегі ерекшелікті ертерек тануға мүмкіндік береді. Оның қиналып жүрген сәтінде көңіліне демеу болар, ақыл берер досы, ұстазы, ата-анасы болса, оның өз өміріне қол сұғып, өзін-өзі өлімге қимасы анық. Сондықтан ата-ана да, ұстаз да баланың досы, сырласы бола білуі керек.

Қазіргі таңда елімізде балалардың өз-өзіне қол жұмсау деректері көбейіп тұр. Зерттеу қорытындыларына сүйенсек, жасөспірімдердің арасындағы суицид материалдық жағдайы жоғары отбасында да орын алып жатыр екен. Сол себепті бұл мәселенің әлеуметтік топқа жіктелмейтіндігін байқаймыз. Ал бұл жағдайдың орын алуына не себеп болып отыр? Бұл індетті тоқтатудың жолдары қандай?-деген сұрақтар бала тәрбиесіне қатысты әрбір адамды толғандырады анық. Менің ойымша, баланың мұндай жағдайға баруының басты себебі бала тәрбиесіне жауапты тұлғалардың оларға көп көңіл бөлмей, сырласпауында, бала жүрегіне жақын болмауында жатыр. Сондықтан, жауапты тұлғалар жасөспірімдердің өтпелі кезеңінде кездесетін қиындықтардың алдын алу жұмыстарын қолға ала отырып, бірлесе жұмыс атқару қажет.

Көптеген ғалымдар балалардың өзіне-өзі қол жұмсауының басты себептері адамның өмірдің мәнін жоғалтуына байланысты деген пікір білдіреді[2]. Өйткені адам баласы жан-жағынан қолдау таппай, жан-дүниесі құлазығандай күй кешіп, үрей мен өзін-өзі кіналауға бой алдырады. Мұндай күйді кешкен бала өзін ешкімге қажетсіз сезініп, жан жарасы тереңдей түседі. Мұндай күйден құтылудың оңай жолы ретінде өзіне қол жұмсауды таңдайды. Соның салдарынан жас өмірін қиып немесе мүгедек болып жатқандар көп ұшырасуда. Мұндай бақытсыз жағдайды болдырмас үшін балалар мен жасөспірімдердің күнделікті мінез-құлқына, басқалармен қарым-қатынасына мән беріп, оның бойында байқалған өзгерістерге аса мән беру қажет. Өзін-өзі өлтіруге бел байлап жүрген адамдардың айналасындағыларға осындай ойы бар екендігін әйтеуір бір іс-әрекет арқылы жеткізетіндіктерін ғалымдар дәлелдеген екен[2]. Олар суицидтің аяқ астынан пайда болмайтындығын, ол біртіндеп, импульсивті түрде келетіндігін айтады [2]. Демек, әбден шегіне жеткен жағдайдың күндердің күнінде ашылары сөзсіз. Бала немесе жасөспірім өзін қалыпсыз жағдайда сезінгенде, басқаларға әр түрлі белгілер арқылы сездіреді. Бірақ басқалар олардың бұл іс-әрекетін байқамауы мүмкін.

Ғалымдардың айтуынша, олардың 70%-ы өз мақсаттарын қандай да бір түрде білдіреді екен [2]. Олар басқалармен ашылып сөйлескісі келеді, өзін біреудің тыңдағанын қалайды. Кейбір суицидті жоспарлаған адамдар аяқ астынан достарына, туыстарына заттарын беріп, сыйлықтар үлестіре бастайды екен. Олар тіпті, өзіне ең қымбат, құнды саналатын заттарын оп-оңай қия салады. Не болмаса, ештеңеге мән бермей, қызығушылығы жоғалып, сүлесөк, немқұрайды қалыпқа енеді екен. Суицид жасаған адамдардың көпшілігіне осы жағдайлар

тән болған. Бала бойында жоғарыда аталған өзгерістер кездескен жағдайда онымен ашық сұхбаттасып, сырласу керек.

Зерттеулерге сүйенсек, өзіне қол жұмсаудың 41 пайызы-жұмбақ жағдайда, 18 пайызы-жан күйзелісінің салдарынан, сондай-ақ, 19 пайызы-кесімді жазадан қорыққаннан, 18 пайызы-отбасындағы жағдайлардан, 6 пайызы-махаббат ауруларының салдарынан болады екен[3]. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, жыл сайын елімізде өзіне-өзі қол жұмсау нәтижесінде 3000-дай баланың қайғылы қазаға ұшырайтын көрінеді. Олардың кейбіреулерінің жасы бар болғаны-14-17 жас аралығында. Бұл, әрине, жан шошытарлық мәліметтер. Біз осы мәселенің салдарымен күреспей себебін анықтауымыз керек. Онымен алдын ала күресуіміз қажет.

Осы уақытқа дейінгі тәжірибе көрсеткендей бала өз-өзіне қол жұмсар кезде мынадай жағдайлар жиі кездеседі екен:

- Сабак үлгерімі төмендейді;
- Басқалармен қарым-қатынасы шектеледі;
- Қызығушылық деңгейі баяулайды;
- Көңіл-күйі болмайды, тез ашуланып қалады;
- Тәбеті төмендейді немесе ашқарақ болады;
- Ұйқысыздыққа ұшырайды;
- Өлім туралы көп айтады немесе қорқытады;
- Жеке заттарын ретке келтіреді;
- Достарына алғыс сезімін білдіріп, жылы қоштасады [3].

Сондай-ақ суицид жасағандардың басым көпшілігінің өзіне қол жұмсау себептері мындай жағдайлар екендігі анықталып отыр:

- Біреуге қатты ренжу, жалғыздық, жабырқаушылық, жұртқа жұмбақ боп көрінгісі келу;
- Ата-ананың сүйіспеншілігін сезінбеу, қызғаныш, махаббаттағы сәтсіздік;
- Ата-аналардың қазасы, ажырасуы, олардың біреуінің жанұяны тастап кетуі;
- Өзін бір мәселе бойынша кінәлі сезінуі, ұятты болуы, қорлану, ар-ұятының тыным бермеуі, өзіне-өзі риза болмауы;
- Басқаларға мазақ, күлкі болудан қашу;
- Жазаланудан қорқу, сұрауға бата алмау;
- Өзін ренжіткен жандардан кек алу, зығырдыны қайнау, қауіпті сезіну, бопсалаудан қашу;
- Жұрт назарын өзіне аудару, аяныш туғызу үшін, күрделі жағдайлардан құтылу үшін;
- Жолдастарына, оқыған кітаптарындағы кейіпкерлерге еліктеу үшін;
- Өзін-өзі құрбандыққа шалу туралы ұшқары пікірлердің пайда болуы.

Кейбіреулер айтқандай суицид тұқым қуаламайды және ақыл-ойында кемістік барлар өзін өлтірмейді. Себебі жүргізілген зерттеулерде олардың 80-90 пайызының дені сап-сау екендігі анықталған.

Өзіне-өзі қол салушылықты алдын ала білу мүмкін емес, оны тоқтата да алмаймыз. Бірақ балаларға күйзелістің уақытша құбылыс екендігін түсіндіріп, бұндай жағдайда өзін-өзі жоғалтпай, тығырықтан шығу жолдарын үйрету керек. Күйзеліске түскен балалар мен жасөспірімдер бұл кезде жанына жылу, көмек, қолдау күтеді. Егер дер кезінде көмек болса, қалыпты өмірге қайта оралады.

Күйзеліске ұшыраған балаларға қалай көмектесу керек?

- Баламен жылы қарым-қатынас орнату;

- Оны мұқият тыңдай білу;
- Жанама сұрақтармен тексеру;
- Жалған ақыл-кеңес беруші болмау;
- Тығырықтан шығу жолын көрсету;
- Үмітін ояту;
- Баланы жалғыз қалдыру;
- Оның ойлануына, өз қателігін түсінуіне мүмкіндік беру [3].

Бала ащы айқай мен жекіру, ұрсу мен ұру, жазалаудан гөрі ата-ана мен ұстаздардың пайдалы кеңестерін, қаталдық пен таяқтан гөрі мейірім мен қамқорлықты, ата-ана, ұстаз сүйіспеншілігін талап етеді. Бала өзін үлкендер тарапынан жасалатын психологиялық қысым мен күш көрсетуден қорғауға дәрменсіз келеді. Сондықтан балаларға күш көрсетуден аулақ болайық. Ақылмен, біліммен өзін-өзі басқаруына мүмкіндік берейік! Оларға сенім артайық! Сонда ғана өзіне сенімді, қай кезде де өзін қорғай білетін, ерік-жігері мықты азаматтар етіп қалыптастыра аламыз. Оларды жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге, өз өмірлерінің құндылық екендігін білуге, өмірді бағалай білуге үйретуіміз керек. Өйткені жас ұрпақтың тағдыры-ата-аналар мен ұстаздардың қолында. Оларды жас шыбықтай иіп, жақсылықты көре білуге, қандай дауыл тұрса да қарсы тұра білетін, ағысқа қарсы жүзетін табанды етіп тәрбиелеу-кезек күттірмес мәселе. Ол үшін ұрпақ тәрбиесін ұлттық құндылықтарымыздың негізінде жүзеге асыру қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D0%B7%D1%96%D0%BD-%D3%A9%D0%B7%D1%96\\_%D3%A9%D0%BB%D1%82%D1%96%D1%80%D1%83](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D0%B7%D1%96%D0%BD-%D3%A9%D0%B7%D1%96_%D3%A9%D0%BB%D1%82%D1%96%D1%80%D1%83)
2. <https://abai.kz/post/42427>
3. <https://bilinsite.kz/ustaz/9656-okushylar-men-zhasospirimderdin-suicidtik-minez-kulyk-erekshelikteri.html>



УДК 159.923:616.896

### **КОРРЕКЦИОННО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКАЯ РАБОТА С ДЕТЬМИ АУТОАГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ**

**Сахиева Светлана Владимировна, педагог-исследователь, педагог-психолог  
КГУ «Гимназия №1 имени Алихана Бокейханова», Казахстан, г.Тараз**

**Аңдатпа.** Мақалада жасөспірімдермен жұмыс жасауда аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын алу және түзету әдістері көрсетілген. Кәмелетке толмағандардың аутоагрессия мәселесі бүкіл әлемде өзекті, өйткені өмір – ең құнды байлық, сондықтан оны сақтаудың барлық жолдарын табу маңызды.

**Кілт сөздер:** аутоагрессия, аутоагрессивті мінез-құлық, алдын алу және түзету әдістері.

**Аннотация.** В статье отображаются методы профилактики и коррекции в работе с подростками аутоагрессивного поведения. Проблема аутоагрессии несовершеннолетних актуальна во всем мире, ведь жизнь является самым ценным богатством, поэтому важно найти все способы её сохранения.

**Ключевые слова:** аутоагрессия, аутоагрессивное поведение, методы профилактики и коррекции.

**Annotation.** The article displays methods of prevention and correction of auto-aggressive behavior in working with adolescents. The problem of auto-aggression of minors is relevant all over the world, because life is the most valuable wealth, so it is important to find all ways to save it.

**Key words:** autoaggression, autoaggressive behavior, methods of prevention and correction.

Аутоагрессия – это одна из форм деструктивной активности, направленной человеком непосредственно на себя. В настоящее время наиболее распространены следующие её формы:

**Аутоагрессивное поведение (суицидальное и парасуицидальное).**

*Суицид* считается наиболее опасной формой аутоагрессивного поведения.

*Парасуицидальное поведение* - нанесения человеком самому себе телесных повреждений, порезов, царапин острыми предметами без цели лишения себя жизни, связанное с мотивами самонаказания за реальные или мнимые проступки, с общей неудовлетворенностью собой и своей жизнью, с желанием облегчить душевную боль при психологических травмах.

***Хочу поделиться своими наработками, как работать с аутоагрессивным поведением подростков в школе.***

В психологической коррекции и профилактике можно выделить два базовых подхода – проблемно-ориентированный и личностно-ориентированный. В первом случае подчеркивается важность **разрешения какой-либо определенной сложной ситуации или проблемы**, во втором – акцент делается **на личностном росте человека**, его осознанном отношении к самому себе и своему поведению.

Аутоагрессию у детей можно лечить на любой стадии, однако приоритетом для движения по пути выздоровления является осознание самим человеком происходящего, как проблемы, выходящей за рамки нормы.

Первым шагом в работе с аутоагрессивным поведением является определение причин его возникновения или развития, чтобы найти новые, менее травматичные способы преодоления невыносимых переживаний в будущем. Для самостоятельной работы может подойти переориентация поведения и замена деструктивных действий на поддерживающие.

Для проведения коррекционно-профилактической работы, необходимо провести диагностику и выявить «группу риска», не учитываются в данной работе психопатология, т.к. здесь уже будет привлекаться помощь медицинских учреждений и коррекция и профилактика будет рассматриваться в связи с выявленной патологией подростка.

**Диагностический блок**

Цель: организация профилактической работы по выявлению выраженной склонности к суициду и сопровождение подростков и их семей «группы риска» с целью предупреждения самоубийств.

Задачи: выявление индивидуально-психологических особенностей, способствующих возникновению суицидальному поведению и мыслям, выявление подростков, нуждающихся в незамедлительной помощи и защите, работа с семьей подростка, который попадает в «группу риска».

**Методики для проведения диагностических мероприятий:**

«Шкала личностной тревожности» А.М.Прихожан, «Шкала депрессии» адаптирована Т.И. Балашовой, «Шкала депрессии» Бека, «Выявление суицидального риска у детей» А.А. Кучер, В.П. Костюкевич, проективные методики (незаконченные предложения), «Методика исследования самооценки личности» С.А. Будасси, «Опросник для исследования уровня импульсивности» В.А. Лосенкова, «Тест на выявление агрессии» Басса-Дарки, «Тест осмысленности жизни» Крамбо, Махолик, модифицированный опросник для идентификации типов акцентуаций характера у подростков (по Личко) методика «Шкала эмоциональной стабильности-нестабильности» Г.АЙЗЕНКА, опросник «Исследование суицидальных наклонностей» и др.

*Весь спектр методик будет необходим для выявления характеристик, свойственные для подростков, склонных к суициду.*

*Необходимо будет брать во внимания: эмоциональную нестабильность, пессимистическую оценку себя и окружающих, слабости критики, импульсивность, повышенную тревожность, ярко выраженный депрессивный окрас, а так же выявления осмысленности жизни. Необходимо помнить, что рассматривать критерии и результаты тестов необходимо в комплексе, а не по одному критерию.*

**А так же свойственные типам акцентуаций такие, как:**

**У циклоидов** возможность суицида зависит от фазы. В гипертимной фазе они не отличаются от подростков гипертимного типа. Однако в субдепрессивной фазе для циклоидного типа акцентуаций характерно суицидальное поведение. Суицидальные попытки совершаются обычно в стрессовой ситуации на высоте аффекта, когда самолюбие подростка уязвлено публично, его не покидают мысли о собственной неполноценности, непригодности, безволии. Подростка охватывает отчаяние, и он неосознанно или недостаточно осознанно идет к суициду.

**Эмоционально-лабильные** подростки склонны к суицидному поведению аффективного типа. Они быстро принимают решение и быстро его осуществляют (в тот же день). Мотивом этих действий служит не столько желание умереть, сколько сделать с собой что-то из-за невозможности пережить данное событие. Риск, приключения мало привлекательны для подростков этого типа. Они ищут эмоциональные связи и поддержку у друзей и близких. Эмоциональное отвержение, потеря поддержки значимых людей, например, родителей, толкает подростков эмоционально-лабильного типа к суицидным попыткам. Это — крик о помощи, чувство вины из-за невозможности удержать значимого другого, агрессия на самого себя.

Уязвимым звеном в характере **сенситивного** типа является чувство собственной неполноценности. Такие подростки зависят от окружающих, нуждаются в их добром отношении, поддержке и оценке. Недоброжелательность окружения, несправедливые обвинения, предательство друзей и возлюбленных, насмешки или подозрения легко приводят к развитию реактивной депрессии. Сенситивные подростки не делятся своими переживаниями, накапливая, аккумулируя чувство вины за свою неполноценность, постепенно приходя к мысли о невозможности и бессмысленности своего существования. Незаметно для окружающих у них вызревают суицидные намерения, которые реализуются неожиданно для всех.

**Эпилептоидный** тип акцентуации предопределяет риск самоубийства. Истинные суициды встречаются у эпилептоидных психопатов. При акцентуациях характерна демонстративная форма суицидального поведения. Мотивом служит желание причинить обидчику вред, напугать кого-то, добиваясь своих целей. Но демонстративные по форме намерения при сильной аффектации эпилептоидов могут стать неконтролируемыми и обернуться трагически. Аффективные реакции эпилептоидов чаще всего агрессивны, если подросток остается в одиночестве, в безвыходной ситуации, то агрессия может быть направлена на себя. Характерны порезы, самоповреждения горячими предметами как проявление мазохистических тенденций эпилептоидов.

Білім беру ұйымдарында педагог түрлі жастағы балалармен жұмыс істейтіндіктен тәрбиеленушілердің әрбір жас кезеңдегі психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін білуі және оны үнемі қаперіне алып отыруы тиіс. Мысалы, мектепке дейінгі кезеңде балалар үлкендерге тікелей тәуелді болады. Сондықтан педагог алдымен балаларды сүюі тиіс, балалармен күнделікті қарым-қатынаста, әрбір сәтте үлкен шыдамдылық, жан дүниенің тазалығы мен жомарттығы қажет. Сонымен қатар кіші мектеп жасындағы балалар үшін де педагог барлық бейнесімен олардың өмірлерінде ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналады. Ал ересек балалар үшін педагогтың әрбір қимыл-қозғалысына, іс-әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл-кеңесіне, өзге адамдармен қарым қатынасына, шәкірттерге қоятын талаптарына өздерінше сын көзімен қарайды. Сол себепті педагог балалармен қарым-қатынас жасауда мұғалімнің өзіндік сапа ерекшеліктерімен қатар, оның өзге адамдармен, әсіресе шәкірттермен даралық ерекшеліктерімен санаса отырып қарым-қатынас жасауға аса мән беруі тиіс. Балалар өз ұстазының бойынан көңілдеріне қонымды талап тілектеріне лайықты ұнамды қасиеттерді көргісі келеді. Осы орайда педагогтің бойындағы сапалар мен қасиеттердің балалар үшін қаншалықты ықпалды болатындығын көруге болады. Педагогикалық үдерісте әр баланың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтары, ішкі мүмкіндіктері және олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп отырмағандықтан

балалар мен педагогтер арасында түсінбеушілік туындап, жүргізіліп отырған тәрбие жұмыстары жақсы нәтиже бермейді.

Ал, жасөспірімдік кезең балалық шақ пен ересек адамдар арасындағы өтпелі кезең екендігін ескеретін болсақ, бұл кезеңде жасөспірімнің тек өз педагогі мен ата-анасына ғана емес, өзге адамдарға, айналасындағы адамдарға деген өзіндік сыни көзқарасы өрістеп, әрбір нәрсенің мән жайына үңіле қарап, оларды танып білуге деген ықылас ынтасы арта түсетін кезең. Олардың ақыл-ойы өсіп, дүниетанымы кеңейе бастаған кезең. Адамның дамып жетілуіндегі мұндай сапалар жасөспірімдердің ұстаздарға деген талап-тілегін де күрделендіре түседі. Жасөспірімдер бұл кезеңде өздерін ересектер қатарына қосып, үлкен адамдардың өздеріне ілтипатпен, сеніммен, түсіністікпен қарауын талап етеді. Осы кезеңде үлкендер оларды әлі бала санап, солай әрекет етсе, өздерінің қарсылығы мен наразылығын іс әрекеттерімен, сөздерімен білдіреді. Педагог өз тәрбиеленушілеріне қарым-қатынасын ізгілікке, адамгершілікке, сүйіспеншілікке құруы тиіс. Егер баламен арадағы қарым-қатынас осы қасиеттерге құрылмаған жағдайда өзара түсінбеушілік, тартыс, өзара шиеленіс, реніш туындайды.

Педагог білім беру ұйымдарында сүйіспеншілікке толы ерекше атмосфера құра алуы тиіс. Оны тұлғаның психикалық, адамгершілік негіздерінің қаланатын табиғи ортасы деп қарастырып, үлкендердің балаға, баланың үлкендерге деген туыстық сезім негізінде терең эмоциялық сипатта құрылуына ықпал жасауы керек.

Қазіргі кезде отбасында ата-ана мен бала арасындағы қатынаста түсінбеушілік орын алып, бір-біріне сүйіспеншілікпен, кешіріммен қарау азайып, түрлі келеңсіз мәселелер туындауда. Сондықтан отбасынды орын алып отырған қиындықтарды шешу қажет болып отыр. Отбасындағы жанжал мен орынсыз дау-дамайлар бала психикасына әсер етеді, отбасындағы түсініспеушілік баланың бойында орнықсыз эмоциялық жайттарды тудырады.

Ата-аналар үнемі балаларының ұяда не көрсе, ұшқанда соны алатынын, олардың әрбір сөзі мен іс-әрекетінің балаға тікелей әсер ететінін ұмытпағаны абзал.

Суицидальды әрекет әлеуметтік жағдайы жоғары отбасында да кездеседі. Негізінен, жеткіншектер қай жағынан болсын әлсіз сипатта болады. Өйткені, олар әлі есейіп үлгерген жоқ, жасөспірімдер немесе жеткіншектер көп жағдайды терең түсіне алмай, күйзелісті жағдайға барады. Олардың бойында құндылықтар жүйесі әлсіз болады да, антисуицидальды факторлар іске қосылмайды. Тәрбиедегі жағымсыз әрекеттер әлсіз қарсылықты күшейтеді де, ата-ана тарапынан болатын әртүрлі жазалар баланың көңіл күйінде эмоциялық орнықсыздықты тудырады, олар содан келіп өмірлік қиындықтарды көтере алмайды.

Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салуына толық емес отбасындағы жағдайлар да ықпал етеді. Өгей әке немесе өгей шешенің де мінез-құлқын бала іштей қабылдай алмайды. Суицидальды іс-әрекетке сонымен қатар бала күнінде алған ми жарақаттарының әсері бар. Дисгармониялық дамуы бар балаларда өмірдегі шынайылықты қабылдауда алшақтық болады.

Біз бұл орайда жеткіншектердің өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне барынша назар аударуымыз керек. Олардың бойында ұялшақтық пен агрессиялы мінез-құлық, жастық максимализм, шектен тыс мазасыздану, шамасы келмесе де «өзім білеміндікке» ұмтылу тән болып келеді.

Бұл орайда ата-ана алдымен нені ескеруі қажет деп ойлайсыз?

Суицидтік мінез-құлқына қатысты әрекеттер мен оның алдын алу үшін ең алдымен ата-ана баланың көңіл күйіне, жеке басына ерекше назар аударып отыруы керек. Жалпы, баланың күйзеліске душар болып жүргенін төмендегідей әрекеттерден аңғаруға болады.

- Баланың мінез-құлқы өзгереді, тұйық немесе күйгелек бола бастайды;
- Мектепке бармаудың барлық амал-шарасын ойлап табады;
- Мектепте болған ситуациялардан қашады, сабаққа барғысы келмей;

- Әдеттегіден гөрі ақшаны жиі сұрай бастайды, сылтауы көбейеді, тіпті ата-анасының қалтасына түседі. Демек, ол қаржыны «мазасын алып жатқандарға» тасиды.

- Оқу үлгерімі нашарлайды, зейіні тұрақсыз болады.

- Ұйқысы бұзылады;

Сондықтан бұл жерде біз суицидті болдырмау және оның алдын алу жолдары туралы көбірек сөз еткеніміз абзал.

Сондықтан кішкентай кезеңнен сәбидің туыстары мен ата-анасына эмоциялық жағынан жақындық, жылылық сезімін қалыптастырғаны жөн.

Ең маңыздысы, баланың бойына үміт пен сенім ұялату арқылы жылы сезімдерді дамыту керек. Жеткіншектің өз мінез-құлқын қадағалап отырып, оны саралай білуге үйрету қажет.

Балалар мен жасөспірімдердің тағдырына отбасындағы кикілжің де себепкер болады. Яғни ерлі-зайыптылардың өз арасында және олардың ұл-қыздарымен қарым-қатынасында шынайылық пен жылылық жоқ немесе мүлдем төмен. Ал бала мен жасөспірімнің мінез-құлқы толық қалыптаспағандықтан, өткір пышақтың жүзіндей қылпып тұрады. Сондықтан оның кез келген уақытта қатерлі қадамға аяқ басуы оп-оңай. Таңданарлығы сол, жаңағыдай жаңсақ жолға түскендер материалдық тұрғыда мүмкіндіктері шектеулі отбастарына қарағанда, бақуатты отбасыларында да кездеседі.

Мектептің, әсіресе, психологтардың ата-аналармен байланысының да маңызы ерекше. Ата-ана мен мектептің бала тәрбиесін біріне-бірі итермей, ортақ мүдде үшін ынтымақтаса жұмыс істегені дұрыс.

Өмір - Күрес. Бірде жеңесің, бірде жеңілесің. Бұл өмір заңдылығы осылай. Сондықтан балаларға түрлі жағдайға дайын болатындай тәрбие берілуі тиіс. Десек те, балалар- қоғамның әлсіз буыны. Тәжірибесіз, аңғал, сенгіш. Кез келген оқиғаны жанына жақын қабылдайды. Әлі келмеген, күші жетпеген, ақыл таппаған жалғыз қалған тұста түрлі көзсіздіктерге баруы ықтимал. Бәлкім, мұны жақындарының назарын өзіне аударудың жолы деп ойлар. Себебі, көптеген ата-ана бауыр еті баласына барынша көңіл бөліп, жан дүниесін түсінуге тырысуға мән бермейді. Ата-ана кез келген мәселеде ақылдасып, ортақ шешім қабылдаулары тиіс.

Шығыста «Бір күндігіңді ойласаң, күріш ек, он жылдығыңды ойласаң ағаш ек, жүз жылдығыңды ойласаң, ұрпағыңа жақсы тәлім – тәрбие бер», деген қағида бар. Егер әрбір балаға жастайынан жақсы тәрбие беріп стереотипке бой алдырмай, өмірді бағалай білуге үйретіп өсірсек, мұндай қайғылы жағдайларға тап болмасымыз кәміл. Бұл ретте баланың бойында патриоттық сезімді оятып, өмірге деген құлшынысын арттыру үшін нәтижелі әрі түзу бағыт-бағдар беруіміз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жасөспірімдердің суицидальді мінез-құлқы // Вестник КАСУ №3 – 2006. Байтемирова К.Б., Жиенбаева С.Н.

2. С.Бердібаева // Балалардың бойында ата-анаға жақындық сезімін қалыптастырған дұрыс

3. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. №4 том Жетекшісі-акад.

Ә.Н.Нысанбаев. Алматы: «Таймас» баспа үйі 2005 ж.

4. Мектеп және отбасы Р.Ерғуатова – Мақашева Алматы, 2008 ж.



УДК 159.922.72

## ВЗАИМОСВЯЗЬ СТИЛЯ ВОСПИТАНИЯ И САМООЦЕНКИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Таутабаева А.А., магистрант 1 курс

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

e-mail: [tautabayeva@mail.ru](mailto:tautabayeva@mail.ru)

Топанова Г.Т., PhD, лидер образовательной программы кафедры Теоретической и практической психологии КазНацЖенПУ

e-mail: [topanova2107@gmail.com](mailto:topanova2107@gmail.com)

**Андатпа.** Мақалада өзін-өзі бағалаудың жалпы ұғымдары, отбасылық тәрбие стилі, отбасылық тәрбие стилі бастауыш сынып оқушыларында өзін-өзі бағалауды қалыптастырумен қалай байланысты екендігі қарастырылады. Тәуелсіздікке тәрбиелеу үшін ең қолайлы және демократиялық стиль ерекшеленеді, бұл баланың өзін-өзі қабылдауына ең қолайлы әсер етеді. Балаларда өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына әсер ететін факторларды көрсететін тұжырымдар тұжырымдалған (жас ауқымын нақтылай алады?)

**Кілт сөздер:** өзін-өзі бағалау, отбасылық тәрбие стилі, өзіндік тұжырымдама, тұлға.

**Аннотация.** В статье рассматриваются, общие понятия самооценка, стиль семейного воспитания, как стиль семейного воспитания связан с формированием самооценки у младших школьников. Приводится теоретический анализ стилей воспитания в семье и их роль в формировании личности и её адекватной самооценки. Как наиболее приемлимый для воспитания самостоятельности и выделяется демократический стиль, который наиболее благоприятно влияет на принятие ребёнком самого себя. Сформулированы выводы, в которых указаны факторы влияющие на формирование самооценки у детей с 7-11 лет.

**Ключевые слова:** самооценка, стиль семейного воспитания, Я-концепция, личность.

**Abstract.** The article explains the general terms of the self-assessment, the style of family education, how the style of family education is connected with forming the junior high school children's self-assessment. The article shows the theoretical analysis of the styles of family education and their role in forming person and the adequate self-assessment. As the most acceptable for the education of independence, the democratic style is highlighted, which most favorably affects the child's acceptance of himself. The results show the factors influencing the formation of self-esteem in children aged 7-11 years.

**Key words:** self-assessment, the style of family education, I – ,person.

Введение

Воспитание детей имеет решающее значение для развития самооценки и того, какими они будут в будущем. Так же, как родители хотят, чтобы их дети слушались и и выполняли правила, которые они устанавливают, нужно принять факт, что не все дети хотели бы поступать согласно этим правилам. Именно поэтому необходимо применять стиль воспитания, который будет более применим для детей.

Семья играет большую роль в формирование личности ребенка. Согласно исследованием многих психологов от стиля воспитания зависит, как ребенок будет вести себя в социуме, насколько активно будет взаимодействовать со сверстниками и педагогами. Помимо общения играет важную роль родительская оценка деятельности ребенка и его самого как личности. Начиная со старшего дошкольного возраста у детей уже начинает формироваться самооценка. Над исследованием самооценки, её составляющих, а также влияния на формирование личности работали Б. Г. Ананьев, И. С. Кон, А. В. Петровский, Т. Шибутани и другие исследователи.



На формирование самооценки у младших школьников влияет стиль воспитания, школа, общение со сверстниками, учителя. Но, главную роль играет стиль воспитания в семье. Т. А. Куликова отмечала, именно родительская оценка наиболее широка, поскольку вбирает в себя и отражает в себе все основные стороны деятельности детей – не только семейную, но и учебную, и занятия по интересам, и взаимоотношения со сверстниками и другими людьми.

Что же такое самооценка?

А. В. Петровский даёт следующее определение: самооценка – оценка личностью самой себя, своих возможностей, качеств и места среди других людей. Это наиболее существенная и наиболее изученная в психологии сторона самосознания личности. С помощью самооценки происходит регуляция поведения личности. [4, с. 44]. По мнению Ф. Райса: в младшем школьном возрасте «Я-концепция», как обобщенное представление человека о самом себе, система его установок относительно собственной личности начинает складываться последовательно, в отличие от фрагментарности дошкольного периода. «Я-концепцию» можно определить как совокупность всех представлений индивида о себе, полученных в результате критического взгляда на себя, свои поступки, образ жизни и т. п. Описательную составляющую Я-концепции часто называют образом Я, составляющую же, связанную с отношением к себе или отдельным своим качествам, принято называть самооценкой [44, с. 320]. В этом возрасте дети более ранимы. Любое замечание может ранить и стать эмоциональным ударом. Поэтому любые неудачи ребенок воспринимает через оценку родителей. Часто оценивая деятельность ребенка как плохой, ребенок воспринимает это никак что сам поступок был нехорошим, а так что он сам плохой. В возрасте от 6 до 7 лет отношение ребенка к себе опосредуется оценками сверстников, родителями и воспитателем, а результативность деятельности становится важной. Ребенок оценивает себя через сравнение себя с идеалом (родителем), через сравнение со сверстниками. Широкий диапазон факторов, приводящих к образованию самооценки, складывается в общении с взрослыми и детьми, в разнообразных формах познания и в различных видах деятельности - в игре, на занятиях и т. д. Но, как уже ранее было отмечено, что первостепенную роль в формировании самооценки играет роль стиль семейного воспитания, хотелось бы разобраться, что такое стиль семейного воспитания. Под стилем семейного воспитания следует понимать наиболее характерные способы отношений родителей к ребенку, применяющих определенные средства и методы педагогического воздействия, которые выражаются в своеобразной манере вербального и невербального общения, и иного значимого взаимодействия - так трактует Б. Г. Ананьев [1, с. 131].

Д. Эдлер выделил 7 основных стилей воспитания: автократичный стиль, авторитарный, демократический, попустительский, игнорирующий, эгалитарный, разрешающий. В. М. Миняров утверждает – При автократичным стилем воспитания, родители постоянно порицают ребенка, или ставят перед ним завышенные задачи, ребенок обычно недоволен собой, чувствует, что он не соответствует требованиям родителей, а соответственно, занижается самооценка. При игнорирующем стиле к ребенку он пользуется дома большей свободой, но эта свобода, по сути, - бесконтрольность, следствие равнодушия родителей к детям и друг к другу, в результате ребенок просто не знает своих истинных возможностей, и самооценка может быть как завышена, так и занижена. По мнению Ф. Райса, в семье, где ребенка часто хвалят, дарят подарки, самооценка ребенка явно завышена, но ребенок привыкает к тому, что он «центр семьи», и потому хочет иметь тот же статус в любом коллективе, а неудачи в этом направлении воспринимает очень болезненно. При этом самооценка может соответственно изменяться - как в положительную сторону, нормализации, в зависимости от действительных успехов - так и в отрицательную, резкое завышение в качестве психологической защиты, либо занижение под влиянием негативного опыта общения [5, с. 218].

И только в семьях, где внимание к личности ребенка, его интересам, вкусам, отношениям с друзьями, сочетаются с достаточной требовательностью, растут дети с адекватной самооценкой. Здесь не прибегают к унижительным наказаниям и охотно хвалят, когда ребенок того заслуживает [6, с 187]. Это демократический стиль воспитания.

Стиль воспитания также влияет на уровень притязания ребенка, на то каких успехов он будет добиваться, к чему стремится. Ребенок с заниженной самооценкой будет претендовать на меньшее и довольствоваться малым, с адекватной самооценкой будет добиваться больших успехов и стремиться к самому лучшему результату.

Авторитарный стиль порождает несамостоятельность, повышенную тревожность, агрессию. Гиперопека формирует завышенную самооценку и неадекватные ожидания. Безразличие или непоследовательность дезориентирует ребенка, в результате его самооценка и стремление самоутвердиться могут быть неадекватны. Наиболее предпочтителен демократичный стиль воспитания, формирующий у ребенка самостоятельность, открытость, эмпатию и готовность к общению.

Рассмотрим подробнее основные стили семейного воспитания.

В авторитарном и авторитарном стилях воспитания родители требуют от ребенка беспрекословного подчинения и не считают, что должны ему объяснять причины своих указаний и запретов. Они жестко контролируют все сферы жизни, причем могут это делать и не вполне корректно. Дети в таких семьях обычно замыкаются, и их общение с родителями нарушается. Часть детей идет на конфликт, многие обычно приспосабливаются к стилю семейных отношений и становятся неуверенными в себе, менее самостоятельными - либо скрытными и лицемерными. Ситуация осложняется, если высокая требовательность и контроль сочетаются с эмоционально холодным, отвергающим отношением к ребенку. Здесь неизбежна полная потеря контакта - на долговременные неблагоприятные последствия этого в поведении детей и вне семьи указывал английский психолог Р. Кэмбелл [3, с. 48-49].

Демократичные родители ценят в поведении ребенка и самостоятельность, и дисциплинированность. Они сами предоставляют ему право быть самостоятельным в каких-то областях своей жизни, не ущемляя его прав, но одновременно добиваются выполнения обязанностей. Контроль, основанный на теплых чувствах и разумной заботе, обычно не раздражает: ребенок осознаёт его «полезность», полагается на опыт родителей, часто прислушивается к объяснениям, почему не стоит делать одного и необходимо сделать другое. Формирование характера и регуляция поведения при таких отношениях проходит без особых переживаний и конфликтов, но именно поэтому ребёнок склонен оценивать свои способности и возможности реально. У него формируется позитивное отношение к себе. Тот же стиль отношений и модель реагирования ребенок во многом склонен переносить и в любой детский коллектив, в котором находится, дворовая компания, детсадовская группа, а затем и школьный класс [2].

Стили отношений в семье могут дифференцироваться по таким значимым параметрам, как отношение к ребенку, требования к нему, предпочитаемый стиль общения с ребенком. Авторитарный стиль порождает несамостоятельность, повышенную тревожность, агрессию. В свою очередь демократический стиль способствует формированию здоровой самооценки младших школьников. Следует отметить что, несколько стилей воспитания могут быть использованы в семье, но какой то один из них может преобладать.

#### Вывод

Все стили воспитания имеют свои минусы, и демократичное воспитание детей не является исключением. Так как дети вовлечены в принятие решений, некоторые из них могут воспользоваться этим и стать манипулятивными. Кроме того, родители должны быть хорошим примером для своих детей, чтобы формировать у детей уважение к себе.

Помимо стиля воспитания есть другие важные факторы, влияющие на формирование самооценки у младших школьников несколько. Это и темперамент ребенка, школа, учителя, сверстники, но самую главную роль выделяют стилю воспитания в семье. Например, в зависимости того какой темперамент у ребенка. На одного ребенка с бунтарским темпераментом, сангвиник например, авторитарный стиль воспитания будет порождать противостояние. Ребенок с меланхолическим темпераментом может замкнуться и уйти в себя. Поэтому данная тема требует практического исследования, особенно в реалиях нашего менталитета.

От детско-родительских отношений в семье, от удовлетворения ребенком его психических потребностей во многом зависит возникновение и развитие определенного стиля поведения. При этом демократичный стиль семейного воспитания предполагает сочетание эмоционального приятия с разумной требовательностью. Только дети, воспитанные таким образом, хорошо адаптируются в коллективе, склонны к общению со сверстниками, активны и доброжелательны, у них формируется адекватная самооценка.

### Список литературы

1. Ананьев, Б. Г. Проблемы психологии личности / Б. Г. Ананьев. – М. : Медицина, 1977. – 220 с.
2. Герасимова, Н. А. Оценка должна воспитывать / Н. А. Герасимова // Воспитание школьников. – 2003. - №6. – С. 37-39
3. Кэмпбелл, Р. Как на самом деле любить детей. Не только любовь / Р. Кэмпбелл. – М. : Знание, 1992. – 190 с.
4. Петровский, А. В. Быть личностью / А. В. Петровский. – М. : Просвещение, 1992. – 254 с.
5. Райс, Ф. Психология школьного возраста / Ф. Райс. - СПб. : Питер, 2008. - 656 с.
6. Шибутани, Т. Социальная психология / Т. Шибутани. – М. : АСТ; Ростов н/Д. : Феникс, 1999 - 539 с



ӘӨЖ 159.11

## ЖАСТАРДЫҢ СУИЦИДТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН АЛДЫН АЛУ: ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Турдалиева Ш.Т., Алимбекова А.С.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, пс.ғ.к.

Жамбыл облысы білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинеттің ШЖМ-і дамыту  
бөлімінің жетекшісі

**Аңдатпа.** Мақалада жастардың суицидтік белсенділігін алдын алу мәселесі қарастырылады. Виртуалды кеңістік және интернеттегі қарым-қатынастың жастардың суицидтік мінез-құлқына қауіп төндіретін жақтары туралы ақпарат беріледі. Интернеттің пайдасы мен зияны, буллинг, кибербуллинг феномендерінің психологиялық аспектілері сипатталады.

**Кілт сөздер:** жастар, интернет, суицид, буллинг, кибер кеңістік.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема профилактики суицидальной активности молодежи. Предоставляется информация о виртуальном пространстве и аспектах общения в интернете, которые угрожают суицидальному поведению молодых людей. Описываются польза и вред интернета, психологические аспекты феноменов буллинга, кибербуллинга.

**Ключевые слова:** молодежь, интернет, самоубийство, буллинг, киберпространство.

**Annotation.** The article deals with the problem of prevention of suicidal activity of young people. Information is provided about the virtual space and aspects of communication on the Internet that threaten suicidal behavior of young people. The benefits and harms of the Internet, psychological aspects of the phenomena of bullying, cyberbullying are described.

**Keywords:** youth, internet, suicide, bullying, cyberspace.

Бүгінгі таңда технологияның қарқынды даму ғасырында адам мінез-құлқынында, көп жағдайда жасөспірімдер мен жеткіншектер арасында әртүрлі мінез-құлық ауытқушылықтары байқалады. Олар: девиантты, аддиктивті, конфликтілі, деликвентті т.б. Мұндай топтарды педагогика мен психологияда «Қауіп төндіретін топ» немесе «Қауіп топтары» деп атап жүр.

Мінез-құлық ауытқушылықтарының ерекшеліктерін анықтауға байланысты түрлі көзқарастар, тұжырымдамалар, ғылыми теориялар тәжірибеде қолданылып, зерттеу жұмыстары жалғасуда. Мінез-құлық ауытқушылықтары бөліну түрлеріне қарай жеке – жеке топтастырылған. Бұл жаңа технологиялар дамып, әлеуметтік желілердің танымал болуымен жастардың виртуалды өмірі пайда болды [1]. Ол виртуалды әлемдегі қиялындағы, кибербуллингтің құрбаны болу. Кибербуллингке қорлау хабарламаларын жіберу (мәтін немесе интернет арқылы), әлеуметтік желілерде кемсітетін пікірлер жариялау, қорлайтын фотосуреттерін орналастыру және электронды нысанда біреуді қорқыту жатады.

«Бүгінде 11-15 жастағы жасөспірімдердің 12%-ы кем дегенде бір рет немесе одан да көп рет кибербуллингке ұшырағаны белгілі болды. жасөспірімдердің 11%-ы кем дегенде бір рет басқа адамдарды кибербуллинг құрбаны етуге қатысқан .

Кибербуллинг адамға орасан зиянын тигізеді, оның үмітсіздік пен шарасыздық күйге түсуіне, суицид жайында ойлап, өзіне қол жұмсауына себеп болады. Мәселен, бір кездері «Синий кит», «Розовый сон» сияқты балаларды өлімге итермелеген ойындар қаптады.

Соңғы жылдары сандық технологиялардың дамуының жағымды жақтары, сәйкесінше жағымсыз зиянды жақтары да жиі кездеседі. Бұл әсіресе зорлық түрлеріне кибербуллинг немесе онлайн қорлаулар суицидтік әрекетке итермелеу. Соның кесірінен жастар ғаламтордағы белгісіз топтардың құрбанына айналып, тіпті араларында өз-өзіне қол жұмсайтындары да бар. Жалпы әдебиеттерді талдауда жастардың ерекшеліктерін анықтайтын психологиялық факторлар, шарттар, механизмдер туралы зерттеудің маңыздылығын көрсетті.

Қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі тұлғаның суицидальді мінез-құлық көріністерін анықтау, оны алдын алу мәселесі. Осы орайда біз зерттеу жұмысымыздың мақсаты – суицидальді мінез-құлықтың пайда болу себептері мен оны алдын алудың психологиялық аспектілерін анықтау, жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салуына бөгет болу, психологиялық сауаттылығын арттыру.

Адамзат тарихында суицид (өзін-өзі өлтіру) әрекеті әртүрлі бағытта талданады. Еуропа елдерінде өзіне қол жұмсайтын адамдар - вампирға айналады деген. Ал көне Грекия, Спарта, Афинада мұндай әрекетпен өлген адамдардың мәйітін өртеп жіберген.

Орта ғасырда Австрия, Пруссия, Францияда ондай адамдарды діни көзқарас бойынша – қылмыскерлер деп санаған.

Суицидальді мінез құлықтың белгілі бір формасы, тәсілі, даму стадиясы, тәуекел факторлары болады. Суицидальді мінез-құлыққа адамның жас ерекшелігі, жынысы, кәсіби ерекшелігі, өмірлік жолының ерекшелігі де әсер етеді.

Суицид (өзін-өзі өлтіру) — өзін өмірден ешкімнің қатысуынсыз, қасақана айыру [2].

Бұл ұғым психологияда Адамның өзіндік Меніне агрессивті қарсыласуы, өзіне кек алу, өзін қабылдамау, қиындықтың жеңіл жолы деп қабылдау т.б. (депрессия, стрестті күй).

И.П. Павлов өзін-өзі өлтіруді «мақсат рефлексін» жоғалту деп түсіндірген. Суицидалды мінез-құлық – бұл суицидалды белсенділіктің пайда болуы: ойлау, қысым, әрекет, жоспарлау,

сөз арқылы белгі беруі немесе адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі.

Мақсаты – өлім, ал мотиві – психотравмалық ситуацияны өз еркімен өмірден кету арқылы шешу болып табылады.

Тұлғаның қалыптасуында негізгі факторлардың бірі – ол қарым-қатынас. Қарым-қатынас адамды толық түсінуге, оның рухани-адамгершілік қасиеттерін, дамуын, жетілуін және индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерін білуге мүмкіндік туғызады.

Интернеттің жылдан жылға қарқынды дамуы әсіресе жастардың арасында оған деген тәуелділіктің белсенділігін арттыруда. Интернет байланыс құралы ретінде кең таралған мәдени құбылыс. Ол қазіргі таңда отбасының қажетті мүшесі мен айырылмас досына айналды. Интернет адамдардың өзара қарым-қатынасы мен күнделікті өмір сүру стиліне тікелей әсер ететін болды [3]. Кейде интернет сананы әлсіретіп, ойды өзгертеді. нәтижесінде өмірге деген көзқарастың өзгеруінен адамдар суицидке барып жатады. Әсіресе, қандай да бір қиындыққа тап болып, жан-дүниесі депрессияға түскен жастар.

Суицид деген ұғым пайда болғаннан бастап оған итермелейтін іс-әрекеттердің заман талабына сәйкес түрлері шығып отырады. Оның соңғы уақытта пайда болған түрлері буллинг және кибербуллинг деп аталады. Жалпақ тілмен айтсақ, түрлі ғаламтор желілері арқылы жасөспірімдерді бопсалау және қудалау. Бұл – қазіргі ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған дәуірде өте өзекті мәселе. Оған пандемия кезінде балалардың смартфон, планшет, компьютер арқылы қашықтан білім алып жатқанын да қоса кету керек.

Алғашқы әлеуметтік желілер WhatsApp Web, MySpace және YouTube арқылы ақпарат тарату, хабар алмасу процесіндегі қарым-қатынасты жеңілдетсе, ал Facebook, Instagram, пен Twitter пайдаланушыларына жеке тұлғаны табу және олармен байланыс құру жылдам болды. Осыдан адамның виртуалды кеңістігі құрылды.

Интернеттің кең таралуына қарамастан, оның пайдасы мен кемшіліктері де аз емес. Ең алдымен медицина мамандары адамның денсаулығына кері әсері туралы жиі ескертеді. Ал психологтар интернетті шамадан тыс пайдалану бірқатар әлеуметтік-психологиялық мәселелермен тікелей байланыстылығын сипаттайды. Оның ішінде мінез-құлықтағы депрессивті белгілер, жалғыздық, мазасыздық, назардың тапшылығы, агрессивтілік сияқты көріністердің белсенділігінің артуымен байланыстырады.

Интернеттің артықшылығы мен кемшілігі туралы П.Уолейстің «Интернет психологиясы» оқулығында нақты сипаттаған.

Интернеттің артықшылықтарына келесілер жатады:

1. Ақпаратпен жылдам алмасу;
2. Нақты уақытта қарым-қатынас жасау;
3. Ақпаратқа жылдам қол жеткізу;
4. Интернеттің ауқымды мүмкіндіктері.

Дүниежүзілік тор бізге көптеген істерді үйден шықпай-ақ атқаруға мүмкіндік береді. Компьютерлік технологиялар қашықтан білім алуға жағдай жасайды, бұл мүгедек балалар үшін үлкен артықшылық болып табылады. Ақша табуға болады. Банктерден несие алуға, шоттарды төлеуге болады. Осының барлығын үйде отырып-ақ орындауға болады, бұл уақытты өте жақсы үнемдейді. Дүкенге барудың қажеті жоқ, виртуалды дүкендер бар, досыңызға құжат алу үшін барудың қажеті жоқ, ол оны электронды поштамен жібере алады және т.с.с. Дүниежүзілік тордың арқасында көптеген жұмыстарды барынша жылдам атқаруға болады.

Интернеттің кемшіліктеріне келесілерді жатқызуға болады:

1. Біз шынайы қарым-қатынасты азайттық;
2. Білім деңгейі төмендеуде;
3. Жалған хабарлардың мөлшері артуда («Интернет психологиясы»).

Интернеттегі байланыс, оның ішінде әлеуметтік желіні шамадан тыс пайдаланудың мотиві психопатологиялық симптомдармен және суицидтік мінез-құлық көріністерімен қатар жүреді. Бұл әсіресе әлеуметтік желіде анонимді пайдаланушылар үшін өте тиімді. Осы анонимділіктің арқасында олар тәулік бойы интернетте отырады, өзіне виртуалды дос табады, олардан жылдам кері байланыс ала алады. Отбасынан ала алмаған зейінді осы өзінің виртуалды әлемі қанағаттандырады. Сондықтан, интернет құпия деректерді іздеу және бөлісу үшін қолдануда тиімді.

Ең алғаш рет «ғаламторға тәуелділік» терминін психолог Айвен Голдберг ғылымға енгізген болатын. Оның ұсынған теориялары психикалық стандартқа сәйкес келмесе де, ғаламторға деген тәуелділікті Голдберг психоактивті заттарды шектен тыс қолдану деп суреттеген. Голдберг ғаламтордың әкелер зияндарын былайша жіктеген:

- Ғаламторды қолдану адамды стрессқа түсіреді немесе дистресс;
- Ғаламторды қолдану адамның физикалық күйіне, жүйке жүйесіне, жеке өміріне, экономикалық және әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізеді;

1994 жылы психолог Кимберли Янг ғаламтор тәуелділігі жөнінде тест-сауалнама жүргізіп, 500 жауап алған болатын. Жауап бергендердің көбі тәуелді екендерін мойындады. Нәтижесінде, бұл жүйке ауруының таралуы, психологиялық құмарлықпен тең болып шықты, ғаламтор қолданушыларының 4-5 пайызын құрады.

Психолог М.Дреп көзқарасы бойынша, басты тәуелділіктің 6 түрін осылайша жіктеген:

1. Әр түрлі вебсайттарды қолдану - ғаламтордан ақпараттар іздеу;
2. Виртуалды әлемдегі достарымен сөйлесу - әлеуметтік желілерде көп хат алмасу;
3. Ойынға тәуелділік - компьютерлік ойындарды көп ойнау;
4. Ғаламторда ақша құрту/табу - ғаламтор желісі арқылы құмар ойындарын ойнау, ғаламтор арқылы сауда жасау;
5. Ғаламтор арқылы фильмдер қарау;
6. Порнографиялық парақшалар;

Интернетке психологиялық тәуелділік (сетеголизм) және компьютерлік ойындарға тәуелділікті (кибераддикция) жекелей айыруға болады. Әр тәуелділіктің өзіндік себебі бар және түрлі жас аралығына таралады. Ойынмен 10-18 жас аралығындағы жастар шұғылданады. Сетеголиктар –жастары ересек адамдар.

Сетеголик деп интернетке тәуелді адамдарды атайды. Оларға міндетті түрде тәулігіне 12-14 сағат компьютер алдында, үздіксіз чат және форумдарда әңгімелесіп, әуендерді жазып отыратын адамдар [4].

Мамандар Интернетке тәуелділіктің 4 симптомын келтіреді:

- e-mail-ді тексеруге еріксіз ниет білдіру;
- келесі онлайн сеансын күтулээззаты;
- айналасындағылардың торапта өткөпұақытын өткізетіні жөніндегі шағымдары;
- айналасындағылардың интернет үшін өте көп ақша жұмсайтыны жөніндегі шағымдары.

Кибераддикция (компьютерлік ойындарға тәуелділік) ойындардың түрлеріне қарай тәуелділік топтарына бөлінеді:

- Рөлдік компьютерлік ойындар (шындықтан максималды алшақтау).
- Рөлдік емес компьютерлік ойындар (ойынды соңына дейін жеткізу мақсатына жетуге ұмтылу және ұпай жинауға құмарлық).

Мұндай адамдар үшін шынайы өмір қызықсыз және қауіп-қатерге толы. Олар басқа өздері ойынның ережесін құратын, барлығы қол жетімді виртуалды өмірде өмір сүруге тырысады. Дезадаптация, өзін және қоршаған ортасын адекватсыз түрде қабылдау – компьютерлік ойындарға тәуелділіктің негізгі белгілері. Мұны жанындағы ата-аналары, туысқандары, таныстары бірден байқайды, бірақ өзі ешқашан байқай аламайды.

Мамандар төмендегі критерилер кибераддикцияны анықтайтын негізгі критерилер деп есептейді:

- Ойыннан ажырамау;
- Ойынның аяғын жоспарлай алмай қалуы;
- Компьютер құрылғыларын және ойындарды үнемі жанартып отыруға көп қаражаттың жұмсалуды;
- Компьютерде ойнау барысында үй жағдайын, оқу, кездесулер жайлы ұмытып қалу;
- Компьютер алдында шамдан тыс уақытын өткізу себебінен денсаулығының нашарлауы, ұйқысынан айрылуы;
- Кофе және т.б. психостимуляторлы зиянды заттарды қолдану;
- Ойын барысында эмоционалды көңіл-күйінің көтерілуі;
- Ойын тақырыбы жайлы басқа сол тектес адамдармен әңгіме дүкен құру

Компьютерлік технологиялардың дамуымен байланысты компьютерді жұмыс бағытында белсенді қолданатын, компьютерлік ойындармен интернетті қолданатын адамдар саны да артуда.

Батыс елдерде арнайы «компьютерді патологиялық қолдану» деген термин бар. Қазіргі уақытта бұл термин компьютерді көп қолданатын адамдарға тән.

Заманауи компьютерлік технологияларға тәуелділіктің негізгі 2 формасы қарастырылады:

- Интернет-тәуелділік (аддикция);
- Компьютерлік ойындармен шамадан тыс шұғылдану;

Бұл екі форманың өзіндік жалпы ұқсастықтарымен айырмашылықтары бар.

Компьютерге тәуелділіктің жалпы сипаттамасы екі өзара тығыз байланысты психологиялық және физикалық симптомдармен сипатталады:

Психологиялық симптомдар:

- Компьютер алдында өзін жақсы сезінуі немесе эйфория;
- Өзін тоқтата алмаушылық;
- Компьютер алдында уақыттың ұзақтығы;
- Жанұясын және достарын елемей;
- Компьютерден тыс уақытта ашушаңдық, депрессия сезімдері;
- Өз іс-әрекеті жайлы ата-аналарына, жұмыскерлеріне өтірік айтуы;
- Оқу және жұмыс мәселелері;

Физикалық симптомдар:

- Көздің құрғақшылығы;
- Мигрен типіндегі бас аурулары;
- Арқасының ауруы;
- Дұрыс тамақтанбау;
- Жеке гигиенасын елемей;
- Ұйқы режимінің бұзылуы;

А.Қонарбайұлы «онлайн өмірдің» бірқатар зардаптарына сипаттама берді. Олар:

1. Мейірімсіздік. Қазір конфликтінің ХХІ ғасырға тән «тәсілі» пайда болды. «Қарсыластың» жағасын жыртып, көзін «көгертіп» әуре болмайсыз. Білектің күшінен асып түсетін «әлеуметтік желі» деген адам жанын ауыр жаралайтын «қаруыңыз» бар. Бұл кейде ескен негізсіз жалалар мен ғайбат сөздер адамдар арасындағы мейірімділік, қайырымдылық, бауырмалдық сияқты адамның адамгершілік құндылықтарын төмендетеді. Әлеуметтік желіде адамдар нақты тақырыптан ауытқып, адамның жеке тұлғасына сын айтып, оны қорлауға дейін барады. Сөйтіп әлеуметтік желі «қарусыз соғыс» алаңына айналады. Ал бұл пікірталастың шегіне жету мүмкін емес. Нәтижесінде адамдар арасында қатыгездік,

кекшілдік сияқты қасиеттер басымдық алады. Бұл өзіндік бағаны төмендетіп, кейде өзіне қол салуына да түрткі болуы мүмкін.

2. Уақытты өлтіру. Адам ұйқыдан ояна сала бірден телефонын қарайды. Күннің басы «әлеуметтік желіні» қараудан басталады. Ол үшін біреу 1 сағатын «құрбан» етеді. Ал біреулерге 2 сағат аздық етеді. Өзгенің немен айналысып жүргені, не ішіп, не жеп, қандай киім киіп, қайда барғанын көріп, біреу үшін ызаланып, біреу үшін қуанып, эмоцияға беріліп жүргенде, 2-3 сағаттың өтіп кеткенін байқамаймыз. Бұл күнделікті әдетке айналады. Таңертең ғаламтордың тұңғыығына бір «сүңгіп» алмасақ, бір нәрсе жетіспей тұрған секілді болады. Сол сияқты телефондағы уатсапқа да кіріп, статусты қарап, одан келген ақпараттарды тексеріп шығамыз. Телефонға тәуелділік күн өткен сайын артып келеді.

3. «Әлеуметтік мүгедек». Шотландиядағы Эдинбург университетінің докторы Аяд Рахван желіге тәуелді болған адамды «әлеуметтік мүгедек» деп атапты. Желіден «түспейтіндер» арасында ғылыми зерттеу жасаған ғалым: «Әлеуметтік желі адамның ойлау логикасы мен шешім қабылдауына кері әсер ететініне көзім жетті. Осы мәселе бойынша ғылыми талдау жасау барысында әлеуметтік желі адамның сараптау, талдау, есте сақтау қабілетін азайтады деген қорытынды шығардым», – дейді. Доктор А.Рахван желіні белсенді пайдаланушылар арасында қарапайым сауалнама жүргізіпті. Қатысушылардың 80 пайызы санаулы сәтте оңай сұраққа дұрыс жауап бере алмаған. «Әлеуметтік желіге тәуелді болған адам әр мәселеге атүсті қарайтын дәрежеге жетеді. Өйткені, 1 минутта бірнеше жаңалыққа лезде шолу жасау осыған итермелейді. Сөйтіп, адам ойлау, талдау қабілетінен айырыла бастайды», – дейді Эдинбург университетінің докторы А.Рахван. Ғалымның статистикасы бойынша, желідегі белсенділердің небәрі 20 пайызы ғана көлемді материалдарды соңына дейін оқып, сол мәселе төңірегінде ой қорытып, талдау жасай алады екен.

4. Тұйыққа тірелу. Ғаламтор әлеміне кіріп кеткен адам шынайы өмірден алшақтайды. Бүкіл болмыс, ми, көңіл күй, назар әлеуметтік желідегі боямалы, жасанды өмірге ауған кезде айналадағы адаммен әңгімелесуге, ата-анамыздың көңілін аулауға, баламыздың тәрбиесі мен сабағын қадағалауға уақыт жетпей қалады. Өйткені, біз бос емеспіз. Одан да «маңызды» шаруамен шұғылданып жатырмыз ғой... Ой мен көңілді, сезім мен түйсікті ғаламтордағы қайдағы біреудің жылт еткен жылтырақ суреттері жаулап алған. «Онлайн режимде» өмір сүретін адам жұмыс пен отбасындағы адамдармен жөнді тіл табысудан қалады. Сөйтіп, өзі де, өзгелер де тұйыққа тіреледі. Ғалымдар мұндай күйге түскен адамды өзге түгіл өзінің өміріне жауапкершілікпен қарай алмайтын, ғаламтордың нұсқауымен тіршілік кешетін зомбилер мен тірі «құлтемірлер» деген тұжырым айтыпты... Алла сақтасын!

5. Дерт. Әлеуметтік желі әсіресе жасөспірімдердің сырласы мен досына айналды. Олар бір жағынан барлық іс-әрекетін әлеуметтік желіге жариялап, достарымен бөлісіп отырады. Ал екінші жағынан ішкі жан күйзелісін бөлісетін виртуалды дос болуы да мүмкін. Интернетті өшіріп, телефонын алып қойып әлеуметтік желімен байланысы бір сәтке үзілсе, олар ашуланып, қарсыластық көрсетіп, өздеріне қол салуға дейін баратын жағдарлар баруы мүмкін. Осыдан желіге минуттап емес, сағаттап отыратын тәуелділік дертіне ұшырғаны байқалады.

6. Денсаулықты құрту. Телефон мен компьютерге ұзақ уақыт телміргендер физикалық денсаулығына орасан зиян келтіреді. Тамақты адам тәбетпен ішу керек. Бірақ тамақтанып отырғанда да назарымыз телефонда болады. Осыдан тамақтан тәртібі бұзылады.

7. Артық ақпарат – артық проблема. Әлеуметтік желі сіз туралы (үй мен жұмыстың мекенжайы, телефон, электронды пошта, т.б.) ақпараттың барлығын талап етеді. Желіге отбасыңызбен қайда, қанша күнге демалатыныңызды жайып салған сәтте, басқалар отбасылық жоспарыңызды өз ыңғайына пайдалануы мүмкін. Ал жасөспірімдердің буллинг және кибербуллинг құрбанына айналдыруына ықпал болады. Осылайша, артық ақпарат артық проблема туғызады.



8. Өз сөзімнің тұтқынымын. Интернет желісі былай қарап тұрсаң, пайдалы дүние секілді. Керек затыңды табасың. Жылдам хабар аласың, интернетте қызықты дүниелерді қарайсың, іштегі эмоцияны шығарудың алаңы. Жасөспірімдер ата-анасынан ала алмаған зейінін, шығара алмаған сырын виртуалды әлемінен іздейді. Виртуалды әлем оның сырлас досына айналады. Нәтижесінде, адамды өз сөзінің «тұтқынына» айналдырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақажанова А.Т. Девиантология [Мәтін] : оқу құралы / А.Т. Ақажанова. - Алматы : NURPRESS, 2014. - 126 б.
2. Әлқожаева Н. Девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс жүйесі [Мәтін] : Оқу-әдістемелік кешен / Н. Әлқожаева, Д. Ертарғынқызы. - Алматы : Қазақ университеті, 2013. - 80б.
3. Шустов Д.И. Аутоагрессия, суицид и алкоголизм / Шустов Д.И.. — Москва : Когито-Центр, 2019. — 214 с.
4. Синягин Ю.В. Детский суицид: взгляд на проблему / Синягин Ю.В., Синягина Н.Ю.. — Санкт-Петербург : КАРО, 2021. — 192 с.
5. Выгонский С.И. Обратная сторона Интернета. Психология работы с компьютером и сетью. — М.: Феникс, 2010. — 320 с.
6. Интернет-зависимость: психологическая природа и динамика развития / Сост. и ред. А. Е. Войскунский М.: Акрополь, 2009.



ӘӨЖ 159.99

## КОНФЛИКТІЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ

Турдалиева Ш.Т., Куркебаева Г.  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Аңдатпа.** Мақалада конфликтілі жағдайдағы агрессивті мінез-құлық көріністері туралы мәселе қарастырылады. Жеткіншектің психикалық дамуындағы конфликтілі жағдай олардың аутоагрессивті мінез-құлқын тудыратын фактор болып табылады.

**Кілт сөздер:** жеткіншек, агрессия, отбасы, агрессивті мінез-құлық.

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос о проявлениях агрессивного поведения в конфликтной ситуации. Конфликтная ситуация в психическом развитии подростков является фактором, провоцирующим их аутоагрессивное поведение.

**Annotation.** The article deals with the issue of manifestations of aggressive behavior in a conflict situation. The conflict situation in the mental development of adolescents is a factor that provokes their autoaggressive behavior.

**Keywords:** adolescence, aggression, family, aggressive behavior.

Агрессия мәселесін зерттеумен Д.Басс бандура, з.Фрейд, Зиммонд, Берковец т.б. ғалымдар айналысқан. Олар агрессияны адамдық дұрыс қалыптасып дамуына әсер ету маңызды факторлардың бірі ретінде көрсеткен.

Э.Фориаль агрессиялықты жанды немесе жансыз объектілерге зиян тигізу құбылысы ретінде атады.: агрессия бұл адамның бір қасиеті және дау-жанжалға немесе агрессиялық мінез-құлық адамдардың өзіндік бір тұрақты ерекшелігі деген.

Р.Бэрн және Д.Ричардсон өздерінің алғашқы еңбектерінде: «агрессия» - ол мынандай негізгі детерминантты бөледі.

1. әлеуметтік
2. сыртқы
3. биологиялық

Әлеуметтік детерминант мәнісі - агрессиялық өзі әлеуметтік вакуумда пайда болады. Біздің агрессиялық мінез-құлқымыздағы, әлеуметтік ортадағы адамдармен олардың қатысуы әсер етеді. Әлеуметтік тұрғыдан агрессияны түсіндіруде жетекші орынды «фрустрация» ұғымы алады, яғни мақсатқа бағытталған мінез-құлық бұзылуы физикалық және вербальды өршуде агрессия объектісінің сипатына жыныс, нәсіліне және қоршаған орта тарапынан арандатушылықтан болады [1].

Конфликт – қазіргі әлеуметтік және саяси өмірдегі маңызды құбылыстардың бірі. Бәрімізге белгілі, қоғамда адамның өмірі көптеген қарама-қайшылықтарға толы, бұл қарама-қайшылықтар жеке адамдардың, кіші және үлкен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарының қақтығысуына әкеліп соғады. Конфликт латын тілінен аударылғанда («confluctus») қақтығыс деген мағынаны білдіреді [2].

Жеткіншек жастағы балалар мен олардың ата - анасының арасындағы конфликт қиындықтың болуы, яғни жеткіншектер өз бетімен әрекет еткісі келеді, ал ата-аналар бұрынғы кішкентай кездегідей біздің айтқанымызды бұлжытпай орындаса екен дейді. Міне осыдан барып қиын конфликттер пайда болады. Жеткіншектер үшін болған проблемалар, олардың ата-аналары үшін түк емес, өйткені олар бұл проблемаларды кезінде бастан кешіріп, тіпті ұмытып та кеткен болатын. Жеткіншектер үшін жастық шақ, проблемасыз сияқты, яғни «идеалды уақыт» сияқты, бәрі оңай секілді болады. Ал, ата-аналар үшін маңыздысы, яғни балаларына алдын-алу, ескерулерін айтқысы келеді, ал балалар үшін бұл маңызды емес болады.

Конфликт дегеніміз – екі немесе одан да көп тараптардың арасында нақты адамдар немесе адамдар тобы болуы мүмкін келісімнің болмауы. Әр тарап өзінің көзқарасын немесе мақсатын қабылдау үшін барлығын жасайды және екінші тараптың да солай жасауына жол бермейді [3]. Бала дүниесінің басқа балалар дүниесімен, үлкендермен және түрлі заттармен соқтығысуы олар үшін әсер қалдырады. Оқушыларды осы жағдайлардың әсерінен көзқарастарының және жалпы қалыптасуының бұзылуы, тілек және дағдыларының өзгеруі, агрессивті мінез-құлықтарының пайда болуы орын алады. Осындай келеңсіз жағдайлардың барлық бала өмірінде кездеседі, ал балалар өмірі мектеппен тығыз байланысты.

Агрессия тек басқа адамның сөзі мен ісі тудырып қана қоймайды, ол агрессияның шынайылығын ортаның ерекше әрекет салдарынан немесе сондағы болған жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайларға: ортада қолайсыздықты тудыратын физикалық параметрлер жағымсыз жағдайлар – ыстық, шу, лас, ауа, ішімдікке әуестенуінен, сондай-ақ массалық жаңалықтардың әсер етуі, соның ішінде: кино және телевизия. Агрессияға сипаттама бергенде екі ұғым – агрессиялық мінез-құлық және агрессивтілік. Агрессиялық мінез-құлық мақсатқа бағытталған әрекет [4]. Дегенмен де, кез келген мінез-құлық бұл әрқашан да нақты адамның мінез құлқы және ол тек болған жағдаймен немесе өзара әрекет еткен адамдардың анықталып қоймай, оның индивидуалдық ерекшеліктерімен де анықталады.

Агрессиялық мінез құлықты қалыптастырушы факторлар:

1. Толық және толық емес отбасы – отбасы мүшелерінің арасындағы қатынас болатынның мінез құлқына әсер етеді.
2. Ата-ана мен бала қарым-қатынасы – баланың өздерінің ата анасымен жағымсыз қатынасы олардың агрессивті мінез құлқын қалыптастырады.
3. Бауырларымен өзара қатынасы – агрессивті адамның туыстары қарама қарсылықты неғұрлым жауап қайтаруға бейім болса немесе қарапайым балаларға күшті қарсы дауыс көтеріп сөйлеу.

4. Отбасында басшылық ету стилі ата ана балаларын дұрыс жолға түсіру үшін ақыл айтып, олардың мінез құлқын өзгертуге әсер ету керек.

5. Жазалау – балаларды тәрбиелеуде физиологиялық жазалау тәсілі, ерекше қауіп төндіреді.

6. Бақылау. Поттерсон және Стаутхаммер Лебер: «Кейбір ата аналар балаларына көңіл бөлуді деген сияқты болады», мысалы, кейбіреулері балаларының қалай уақыт өткізетініне, олардың жүрген достары мен ортасына немен айналысатынына назар аудармайды. Мұндай ата ана баласы не істеймін десе, соған тыйым салуға немесе оларға ұсақ шығынға ақша бермей отыруға бейім емес.

7. Құрбы-құрдастарымен қарым қатынаста агрессиялық реакцияларға үйренуі мүмкін (жұдырықпен соғу, жаман сөз қайтару т.б.).

Агрессиялық жағдаймен «бетпе-бет» кездесіп қалу – бұл жапа шегуші, жазаланушы, немесе құрбаны жағына агрессиялық әрекеттің күшеюіне әкеледі.

Көптеген авторлар агрессияның шығу көзін отбасынан және балаға деген қарым-қатынастан көреді. Жалпы алғанда, қатаң жазалау, шектен тыс өбектеу, баланы қараусыз, өз бетімен жіберу немесе қатаң бақылауға алу т.б. жағдайлар баланың агрессивті мінез-құлқының жоғарылауының бірден бір себептері екендігі байқалады. Сондықтан да, балалардың агрессивті мінез-құлықтарының көріністерін және оны түзетудің жолдарын қарастыруды жөн көрдік.

Психокоррекция жүргізу мақсатымен зерттелінген адамдардың жеке даралық психологиялық ерекшеліктері туралы жинақталған мәліметтерге байланысты бұл жұмыс екі бағытта жүзеге асырылады:

1. Нормативтерді құру коррекциясы.
2. Адамның даралық мүмкіндіктерін дамыту коррекциясы.

Нормативтерді құру коррекциясы. Адамның ішкі жан-дүниесінің жеке даралық сипаттамасын әлеуметтік ортада қабылданған нормативтерге сай келтіру коррекциясы топпен жүргізіледі. Олар көбінесе қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, мазасыздану және конфликт көріністерін төмендету, жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне байланысты орын алатын акцентуация мәселелерін шешуге бағытталған. Коррекциялық әдістердің нәтижелі болуы ауытқудың синдромына және бұзылудың көрініс беру симптомдарының түрлеріне тәуелді. Мектеп оқушылары және олардың ата-аналарымен жүргізілетін коррекцияда қарым-қатынас тренингінің барлық түрлері қолданылады, олар мінез-құлықтың нақты формаларын меңгеруге көмектеседі және клиентке өзінің жан-дүниесіндегі неше түрлі құбылыстардың орын алғанына жауапкершілікті өз мойнына алуды үйретеді.

Сонымен қатар, әр жас кезеңінің және әлеуметтік ортадағы әр адамның атқаратын рөлдер репертуарына, клиенттің алдында тұрған психологиялық проблемаларына байланысты психокоррекцияны жүргізудің өзіне тән көптеген ерекшеліктері бар. Сондықтан бұл жас кезеңдегілермен коррекциялық жұмыстар олардың таным процесстерін жетілдіру және мектеп режиміне үйрету, сыныптағы балалармен, оқытушылармен қарым-қатынас жасауға икемділігін қалаыптастыру, қысқаша айтқанда, оның барлық көрсеткіштері бойынша мектеп өміріне даярлау болып табылады. Бастауыш сыныптарда бұл бағыттағы психологиялық қызмет көрсету жалғастырылады.

Күнделікті өмірде адам көптеген теріс эмоциялық сезімдерге бөленіп жүретін кездері болады. Олар ішкі үйлесімсіздіктермен немесе тұлғааралық қатынастан туған мазасызданудың нәтижесі болады. Осы проблемаларды адамдардың басым көпшілігі өзбетімен шеше алмайтын болғандықтан олардың жағдайына сай келетін психологиялық көмек психокоррекция ретінде көрсетіледі. Коррекция көрсету жолдары өте көп. Коррекцияның адамға тигізетін әсері мен пайдаланылатын әдістемелерді зерттеушілер ойын коррекциясына ерекше көңіл аударады.

Ойын коррекциясының жеке тұлғалық қасиеттер мен эмоционалды жағдайды түзетудегі мүмкіндіктері өте мол. Ойын терапиясының адамды негативтік эмоционалды күйден шығару үшін пайдалану жолдарын анықтауға К.Левин тобының жүргізген зерттеуі маңызды үлес қосты. Шынайы өмірде орын алған қиын жағдайлардан ойын арқылы арылу үшін адам жалған, жорамалданған рөлде болып, сол жалған жағдайды талдау және жорамалданған жағдайдың ерекшеліктеріне түсіну арқылы өз өміріндегі мәселеге түсіну жеңілрек екенін Л.С.Выготский дәлелдеген.

Жеткіншек жас кезеңдегілермен жүргізілетін психокоррекция, басқа жас кезеңдегілерден жиірек орын алады. Оның себебі, осы жас кезеңінің көптеген ерекшеліктерімен байланысты. Балалардың өтпелі жас кезеңінде басынан кешетін қиындықтарды психокоррекциялау және психологиялық кеңес берудің негізгі себептері болып табылады [5]. Жеткіншектерде жиі кездесетін акцентуация, конфликт, дидоктегенді невроздар баланың тұлғалық қалыптасуына теріс әсерін тигізіп, оқушының мотивтік сферасының бұзылуына алып келеді. Білуге тырысушылық мотиві, кей кезде, оқу ісінде басты болудан қалады, өйткені, баланың құндылықтарды бағалауы, өзін-өзі бағалауы өзгереді. Оқушыны қатты шаршату, көп тапсырма беруде жүйеліліктің болмауы, кейінгі кезде орын алған аралық аттестациялауға баланың ішкі даярлығының төмен болуы олардың психологиялық жағдайына алып келуі мүмкін.

Жеткіншектік шақ – болашақ туралы балалық армандардың орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс – әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең екендігін үнемі қаперде ұстауымыз қажет. Жеткіншектік шақтың басында балалардың сырт пішіні, мінез – құлқы ересектерге ұқсамайды. Олар көп ойнап, көп жүгіреді, алысып – жұлысып тентектіктер жасайды, әлі де бала бола жүріп, елеусіз есейеді. Жеткіншектің жеке басындағы басты жаңа құрылым өзі туралы «енді бала емеспін, ересекпін» деген түсініктің пайда болып, өзіне жұрттың осылай деп қарауын тілейді.

Мектеп пен оқу жеткіншектердің өмірінде үлкен орын алады. Оқу қызметіндегі ол қылықтардың сырттай көріну дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін. Жеткіншектер білімді, әділ, мейірімді, сабақтағы жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімдерді бағалайды. Мұғалім міндеті – оқу материалдарын қайталау арқылы мағынаны еске сақтауға үйрету болып табылады.

Осы проблемаларды шешуге психологиялық көмек көрсету, психопрофилактика, психокоррекция жасау және басқа мұқтаждарға көмектесетін шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру қажет. Оның ішінде баланың дамуын диагностикалау, оның барлық мүмкіндіктерін ашу және балалармен, олардың ата-аналарымен, мұғалімдерімен психологиялық қызмет шеңберінде коррекциялық көмек көрсету қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Абрамова Г.С. Практическая психология. – М, 2000
2. Тұрдалиева Ш.Т. Конфликтология. - Тараз -2017
3. Вишнякова Н.Ф. Конфликтология. - М, 2000
4. Дубровина И.В. Психологические программы развития личности в подростковом и старшем школьном возрасте. – М, 1995
5. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. – М.: Логос; А. 2005
6. Мерғалиева М.А., В.Т. Тихомирова. Когнитивный тренинг: психологический практикум для подростков.- М, 1998.
7. Прутченков А.С. Социально-психологический тренинг в школе. – М.: Эксимо-пресс, 2001.



ӘӨЖ 159.99

## ЕРЕКШЕ НАЗАРДАҒЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Турдалиева Ш.Т., Жаманова Г.Р.

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті, пс.ғ.к.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы, Байзақ ауданының білім бөлімінің № 1 мектеп гимназиясы» КММ директоры

**Аңдатпа.** Мақалада ерекше назардағы жеткіншектердің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері туралы мәселе қарастырылады. Жеткіншектің психикалық дамуындағы қарым-қатынас ортасын құрайтын олардың аутоагрессивті мінез-құлықтары ерекше назарды тудыратын фактор болып табылады.

**Кілт сөздер:** жеткіншек, ерекше назардағы бала, отбасы, жеткіншектер қарым-қатынасы.

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос о социально - психологических особенностях подростков с особым вниманием. Их аутоагрессивное поведение, составляющее среду общения в психическом развитии подростков, является фактором, вызывающим особое внимание.

**Ключевые слова:** подросток, ребенок с особым вниманием, семья, общение подростков.

**Annotation.** The article deals with the issue of socio - psychological characteristics of adolescents with special attention. Their autoaggressive behavior, which forms the medium of communication in the mental development of adolescents, is a factor that causes special attention.

**Keywords:** teenager, child with special attention, family, communication of teenagers.

Отбасындағы қолайсыздықтар, мектептік дезадаптация, ата-аналардың біреуінің өмірден ерте қайтуы, отбасы және отбасынан тыс балаға қатыгез қарым-қатынас сияқты ауыр жағдайлар- бала тұлғасы экологиясының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар болып есептеледі. Жеткіншектер арасында құқық бұзушылық тенденцияларының өсуі баланың толық емес отбасында өмір сүруі, яғни көптеген жағдайлар үшін қажетті мінез-құлық үлгілерін игермеуі, жеткіншектер арасында темекі тарту және есірткі заттармен зиян келтірудің таралуы, арнайы құрылған ақпарат құралдарына орай саналарына мінез-құлықтың агрессивті модельдерінің енуі сияқты факторлармен байланыса отырып қарастырылады.

Сонымен қатар, ата-аналарының тірі кезінде қараусыз қалу кешенді психологиялық мәселе болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және психологиялық аспектілерді ерекшелуге болады. Көптеген деректер бойынша жарына адал болу, балаға деген мейірімділік, оны күту-генетикалық шарттасқан қасиеттер болып табылады. Бұл өте орынды пікір, қазіргі уақытта қолдау тауып жатыр деседі болады. Қазіргі өскелең ұрпақ арасында адамдар арасындағы тәртіпті қарым-қатынас құндылық ретінде қалыптасып жатқан жоқ. Есесіне қазіргі басым мәдениет осыған қарама-қарсы көзқарастарды ендіруде. Нәтижесінде, тек бүгінгі қызығушылықтарымен өмір сүретін, яғни не істеп жүргені туралы ойланбайтын адамдар қалыптасады. Анасы баласын тастай отырып немесе оған тіршілік студия ойға келмейтін жағдайларын жасай отырып, тек бала емес, өзі туралы да ойланбайды. Сонымен қатар алдында оны да еш жақсылық күтіп тұрған жоқ.

Жеткіншек тұлғасының «қиын» болып қалыптасуы көбінесе оның жанұя мүшелерінің өзара қарым-қатынастарына тікелей байланысты. Осыған қарамастан «қиын бала» мәселесі мұғалімдердің, мектептердің, ғалымдардың, педагогтардың, психологтар мен заңгерлердің әрдайым назарында болып келеді [1]. Ал елімізде оларды тәрбиелеумен арнайы мектеп-

интернаттар, жалпы білім беретін мектептер кеңінен айналысуда. Бұл мәселеге әрдайым көңіл бөлініп, көптеген бағалы ұсыныс-пікірлер айтылып келеді. Бірақ «қиын бала» тұлғасын тәрбиелеу бағытындағы мәселе түбегейлі шешімін таппай отыр.

Бұл тақырыпта 1920-1930 жылдары П.П.Блонский, Г.А.Фартунатова, Л.С.Выготский, И.Л.Стычинский, В.Н.Мясищев және тағы да басқалар зерттеп, еңбектер жазды. Осындай өткір мәселелерге байланысты мектеп реформасы тәрбие мәселесіне қатысты барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің үлестерін қосуды талап етеді, яғни қоғамдық институттар, өндіріс орындарымен тығыз байланыс орнату.

Жеткіншектердің құқық бұзуына олардың өнегелі тәрбиелелігінің кемшіліктері маңызды себептердің бірі болып табылады. Осыған орай жасөспірімдердің құқық бұзушылық сияқты келеңсіз әдеттерінің алдын алуда өнегелі тәрбие сферасын кеңейтіп, мектептердегі психологиялық қызмет жүйелерінің сапалы қызмет көрсетуін реттеу қажет.

Қазіргі уақытта кәмелетті жасқа толмаған жеткіншектер арасындағы құқық бұзушылық мәселелер психология ғылымының, мемлекеттік ұйымдар және қоғамның ерекше назарын қажет ететін объект болып отыр. Әлеуметтік- экономикалық жағдай, психологиялық жайсыздық жеткіншектерге келеңсіз ықпалын тигізуде, мінез-құлықтарында ауытқуы бар балалар саны өсуде. Жеткіншектік кезеңде қалыптасатын көзқарастар, құндылық бағдар, қызығушылықтар және қажеттіліктер, сонымен қатар тұлғаның өзіндік анықталу және тұжырымдалу тұлғаның мінез-құлық өзгерістерінен айқын байқалады. Дәл осы кезеңде жеткіншектер арасында құқық бұзушылық күшейеді.

Бүгінгі таңда халық арасында рухани келеңсіздіктер жиі байқалып отыр: қобалжу, қатыгездік, әсіресе жеткіншек жасындағылардың шектен тыс агрессивтілігі. Баланың ерекше назарда болуы, аутоагрессивті мінез-құлқы қоғамның әлеуметтік қасіреті.

Ерекше назардағы бала дегеніміз кім? Полиция қызметкерлері үшін- бұзақы, мұғалімдер үшін - сыныптастарына жағымсыз ықпал ететін формальді емес лидер, бала бақша тәрбиешісі үшін - шапшаң, өте белсенді, оны басқару мүмкін емес бала.

Ал ата-аналар үшін ше? Әрбір отбасының өзінің ерекше назардағы балалары және мәселелері болады. Мінез-құлықтағы ауытқулар, бір отбасы үшін мәселе тудырады, ал екінші отбасында өмір сүрудің қалыпты жағдайы болып саналады.

Ерекше назардағы балалар бұл - мінез-құлықтары қоғамда қабылданған стандарттар және нормалардан ауытқуы. М. Раттер (1987) көрсеткендей, психологиялық қиындықтар, сонымен қатар уақытша эмоционалды бұзылыстар және мінез-құлық ауытқуы балалардың көпшілігінде жиі кездеседі. Бұл - даму процесінің бөлінбейтін бөлігі [2]. Шет ел және отандық психологтар және социологтар қауіпті топ балалары санының өсуін көрсетіп отыр.

Ғалымдар және практиктер «ерекше назардағы балалар» тобына түрлі категориялардағы балаларды жатқызады. Олар дарынды деп аталатын, қабілеттері айқын көрінетін балалар және түрлі мәселелері бар гиперактивті балаларды да қиын деп санауға болады.

Көптеген авторлар басты өз назарларын мінез- құлықтары девиантты деп аталатын қиын балалар бөлігіне аударады. Девиантты мінез-құлық деп қоғамда, әлеуметтік ортада, ұжымда қабылданаған әлеуметтік-психологиялық нормамадар және құндылықтардан ауытқу, әлеуметтік нормалар және мәдени құндылықтарды игеру процесінің, сонымен қатар қоғамда, өз ортасында өзін- өзі дамыту және көрсету процестерінің бұзылуы ретінде түсіндіріледі.

Медицинада девиантты мінез-құлық деп берілген қоғамда қабылданған тұлғааралық өзара қарым-қатынас нормаларынан ауытқу деп түсіндіреді: психикалық саулық сияқты жүйке-психикалық бұзылыстары шеңберінде жасалатын іс-әрекеттер, істер.

Бүгінгі таңда В.М. Димов пікірінше, адам өміріне физикалық және әлеуметтік қауіп төндіре, әлеуметтік құбылыстарды бұза отырып әсер ететін «әлеуметтік норма» категориясын анықтайтын принципті критерии болып табылады. Бұл норманы девиациядан

ерекшелейтін шек болып табылады. Әлеуметтік құбылыстардың идентификациялануын күрделендіретін екі жақты бірқатар шекаралық жағдайлар туындайтыны шындық.

Норма түсінігі ең күрделі және анықталмаған ғылыми түсініктерге жатады. Шын мәнінде ешқандай да норма жоқ, бірақ қалыпты емес аймағы басталатын түрлі вариациялар, одан ауытқудың сан алуан түрлері кездеседі. Мұндай шекара еш жерде жоқ, және бұл мәнде норма қандай да бір орташа мәннен ауытқу ретінде түсіндіріледі, осыған байланысты көптеген істер таза күйде кездеспейді, әрқашанда қалыпты емес формалардың қоспасымен жүріп отырады. Сондықтан да қалыпты және қалыпты емес мінез-құлық арасында нақты бір шекара болмайды.

Бірақ ауытқулар саны сендіретіндей санға жеткенде, қалыпты емес мінез-құлық туралы айтуға құқылымыз. Қалыпты емес мінез-құлық формалары уақытша және ауыспалы мінез-құлықты көрсете отырып, қалыпты адамдарда да кездесуі мүмкін, бірақ адамдарда созылмалы, тұрақты мінез-құлық формалары ретінде кездесу де мүмкін. Осы көзқарастан мінез-құлықтың барлық қалыпты емес формалары келесі топтарға бөлінуі мүмкін:

- 1) қысқамерзімді және кездесок формалар (сандырақтау, ұмытшақтық, маскүнемдік т.с.с);
- 2) ұзақмерзімді және тұрақты жағдайлар (невроздар, психоздар, жан ауруының кейбір формалары);
- 3) бүкіл өмір барысындағы мінез-құлық дефектілері [3].

Нормадан ауытқыған мінез-құлықтың дәстүрлі себептерін қарастыратын болсақ, олар екі топқа бөлінеді:

- психикалық және психофизиологиялық бұзылыстармен байланысты себептер;
- әлеуметтік және психологиялық сипаттағы себептер;

Жеткіншектерге және жасөспірімдерге қатысты қарастыратын болсақ, жас ерекшелік дағдарыстарымен байланысты себептерді жеке топқа ерекшелеу қажет.

Психикалық және психофизиологиялық бұзылыстармен байланысты себептер: М. Раттер (1987) берілгендері бойынша, психикалық ауытқумен балалардың 5-15%-ті зардап шегеді. Бұл тек тексерілуге келетін балалар көрсеткіші. Тексерілмейтіні қаншама. М. Раттер бойынша мәселені шешуге педиатрлар және медицинамен байланысы жоқ педагогтар, психологтар және әлеуметтік қызметкерлер қатысулары қажет. Әрине олар диагноз қоя алмайды, бірақ симптомдарды анықтап кеңес бере алады. Симптомдардың ішінен М.Раттер ең алдымен келесілерін ерекшелейді:

- Бала мінез-құлқының оның жасына және жынысына сәйкес келетін нормативтерге тепе-тең болу. Мысалы, жақындарымен айырылысқандағы үрейдің болуы сәбилік жастағы балаға тән, бірақ сирек кездесетін жағдай және жеткіншектер үшін қалыпты емес;
- Бұзылыстардың ұзақ уақыт сақталуы. Қысқамерзімді қорқыныш, талма, бір істі орындауға ниеттің болмауын балалардың көпшілігі басынан кешіреді. Егер де осы және басқа да бұзылыстар ұзақ уақытқа сақталса, ол қалыптан ауытқуды білдіреді;
- Балалардың мінез-құлықтарындағы және эмоционалды жағдайындағы толқу;
- Күнделікті мінез-құлқымен салыстырғанда, әсіресе қалыпты даму және жетілу көзқарасынан түсіндіру қиындық тудырғандағы, бала мінез-құлқында өзгерістердің пайда болуы
- Ауыр және жиі қайталанатын симптомдардың пайда болуы [4];

Белгілі болғандай, шектеулі болатын, бір симптомға ерекше көңіл бөлудің қажеті жоқ. Егер бірқатар симптомдар бірізгілікте байқалып, психикалық өмірдің түрлі жақтарына қатысты болса, оған басқаша қарау қажет. Айтылғандардың барлығын бала дамып және өмір

сүріп жатқан ортамен сәйкес бағалау қажет шығар. Қоғамдағы этникалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерге түсіністікпен қарау өте маңызды.

Кейде нормадан ауытқыған мінез-құлық мәселесі психиатриялық тұрғыда объективті ретінде қарастырылады. Сонымен, мінез акцентуациялары (А.Е. Личко, 1983), яғни есею мөлшері бойынша өткірленетін немесе жазылатын уақытша мінез өзгерістері туралы концепция кең тараған. Бірақ бұл көзқарас жалғыз емес. Нормадан ауытқыған мінез-құлыққа көптеген ғалымдар есептегендей, тек психикалық аномалиялар ғана емес, олардың ықпалымен қалыптасатын, тұлғаның психологиялық ерекшеліктері де негіз болады [2].

Әлеуметтік және психологиялық сипаттағы себептердің бірі - қоғамның жеткіншектерге қарым-қатынасы болып табылады. Психологиялық және әлеуметтік сипаттағы себептер арасынан дәстүрлі түрде келесілерді ерекшелейді:

- 1) құқықтық және өнегелі сана дефектілері;
- 2) тұлға қажеттіліктерінің мазмұны;
- 3) мінез ерекшеліктері;
- 4) эмоционалы-еріктік сфера ерекшеліктері [5].

Белгілі болғандай, жеткіншек мінез-құлқындағы қиындықтар тұлғаның дұрыс емес дамуы және тап болған қолайсыз жағдайлар, сонымен қатар тәрбиенің кемшіліктері нәтижелерінің үйлесуімен түсіндіріледі. Жеткіншектік кезеңдегі жиі кездесетін девианттылықтың себептерін бірқатар ғалымдар тұлға қалыптасу процесінің аяқталмауы, жанұя және айналасындағылардың теріс ықпалы, жеткіншектің өзі кіретін топ құндылықтары және нормалары талаптарына тәуелді болуы деп атайды. Сонымен қатар, жеткіншектердің нормадан ауытқитын мінез-құлқы өзін-өзі көрсету, шындыққа немесе үлкендер талаптарына қарсылық болып табылады.

Ортаның материалды деңгейі төмен, әлеуметтік қолайлы жағдай да себеп болуы мүмкін. Егер мұндай ортада тәрбиеленген баланың моральді нормалары және құндылықтары, өмірін дербес жоспарлау дағдылары қалыптаспаса, ол қоғамда қабылданған нормаларды аттап кетуі мүмкін, мінез-құлқы алғашында өз өмірі жағдайларына қарсылық, кейін келе өз өмір сүру деңгейін (ұрлақ, алдау) көтеру мақсатында заң бұзуға бару. Мұның себебі әлеуметтік және материалды қолайлы орта болуы мүмкін. Моральді нормалардың толық қалыптаспауы, дамудағы ауткулар, үлкендермен қақтығыстар негізінде қолайлы атмосферада тәрбиеленіп отырған бала, «қызық іздеп» кетуі немесе қолайсыз ортадан қолдау тауып, оның заңдары мен нормаларына ере бастауы мүмкін.

7 жастан 17 жасқа дейін өсіп келе жатқан адам жас ерекшелік дамуының бірнеше кезеңінен өтеді, олардың әр қайысында физикалық және психологиялық жағдайлар елеулі өзгерістерге ұшырап, эмоционалды және коммуникативті қабылдау өзгереді. Осы жерде балалардың барлығы өз ойларын, сезімдерін және іс-әрекеттерін жақсы игере бермейді. Түсініктердің бұзылуы, арман және дағдылар жылдам өзгеріп отырады. Бала болып жатқан өзгерістерді сезінуге және оларға бейімделуге үлгермейді, нәтижесінде өзіне деген сенімсіздік, басқа адамдарға сенімділік төмендейді, қақтығысқа бейімділік немесе депрессияға бейімділік пайда болады [6]. Осылайша, балалар және жеткіншектер мектептік кезеңде дағдарыс жағдайларына (грек тілінен аударғанда «crisis» ауыспалы пункт, шешім, үкім) бірнеше рет тап болады.

Қазіргі кезеңде балаларда денсаулық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерімен байланысты дезадаптация күшеюде. Осыған байланысты баланың қиындығына себеп болатын отбасы топтарын да ерекшелуге болады. Отбасында кең тараған қарым-қатынас моделінің бірі- немқұрайлылық. Ата-ана балаларын тамақтандырады, киіндіреді, бірақ баланың эмоционалды қажеттіліктеріне тіпті мән бермейді.

Жеткіншек өмір сүріп жатқан микроортада қандай да бір мөлшерде мінез-құлық ауытқуларының әртүрлі формаларына кезігеді: аулада, мектепке бара жатып, қоғамдық орындарда, үйде және мектепте. Адамгершілік және мінез-құлық сферасында ауытқулардың



пайда болуы үшін қалалық орта өз сенімділігімен, адамдар арасындағы түрлі өзара қарым-қатынас сипатымен, еркіндіктің жоғары деңгейімен, теріс ықпал ететін экономикалық, әлеуметтік және мәдени фактор ерекшелігімен қолайлы жағдай жасайды. Дәстүрлі құндылық нормаларынан босану, мінез-құлық және өнегелілік шеңберінің нақты үлгілерінің жоқтығы, әлеуметтік бақылаудың әлсіреуі жеткіншектік ортада мінез-құлықтың өзіндік бұзылуына және ауытқу деңгейлерінің өсуіне әкеліп соғады.

### Пайдаланылған әдебиетер тізімі

1. Воспитание трудного ребенка /Под ред М.И.Рожкова М., «Владос» 2001
2. Раттер М. Помощь трудным детям. - М., 1987
3. Личко А.Е. Психопатологии и акцентуации характера у подростков. - М., 1983
4. Шнейдер Л.Б. **Психология семейных отношений: Курс лекций.** – М.: Апрель, ЭКСМО-Персс, 2000
5. Личко А.Е. Подростковая психиатрия. - Л: Медицина, 1985
6. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 354 б.



## ӘОЖ 159.9

### ПЕДАГОГ БОЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН

Шилибаев Бекболат Аманжолович - аға оқытушы

Мырзалиев Нурсаят Берикович, Жасұзақова Айдана Бақытжанқызы - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранттары

**Аңдатпа:** Мақалада педагог бойындағы әлеуметтік-психологиялық феномен мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** бейімделу, әлеуметтік-психологиялық бейімделу, әлеуметтік орта, сүйемелдеу, білім алушы.

**Аннотация:** В статье речь пойдет об условиях успешной адаптации обучающихся к социальной среде.

**Ключевые слова:** адаптация, социально-психологическая адаптация, социальная среда, сопровождение, обучающийся.

**Annotation:** The article will focus on the conditions of successful adaptation of students to the social environment.

**Key words:** adaptation, socio-psychological adaptation, social environment, support, students.

Қазіргі психологияда бейімделу, әлеуметтік-психологиялық бейімделу дегеніміз – жеке адамның және әлеуметтік ортаның олардың құндылықтарының, көзқарастарының, мақсаттарының сәйкес келмеуінен туындайтын белсенді өзара әрекеттесу процесі. Оның барысында жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуіне қол жеткізуге болатын және жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына, оның белсенді әсеріне байланысты мақсаттарға да қол жеткізуге болады.

Жеке тұлғаның табысты бейімделу критерийлерінің арасында сыртқы (бейімделу дәрежесі) және ішкі (субъективті әл-ауқат дәрежесі) критерийлерді бөліп көрсету әдетке айналған, алайда жеке тұлға мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін сипаттайтын үшінші,

жүйелік критерийді табуға тырысады. Біздің ойымызша, мұндай критерий адамның әлеуметтік ортаға қатысты өзін-өзі анықтау деңгейі болуы мүмкін.

Бейімделу кезеңінде білім алушылардың әртүрлі қиындықтары анықталды: дидактикалық, әлеуметтік-психологиялық, кәсіби. Көптеген ғалымдар білім алушылардың білім беретін мекемелерге сәтті бейімделуі үшін қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға бағытталған арнайы педагогикалық жұмысты ұйымдастыру қажеттілігін атап өтті.

Білім алушылардың білім алу жағдайларына бейімделу процесіне әсер ететін факторлар туралы әдебиеттердегі талдау көрсеткендей, көп жағдайда зерттеушілер жеке факторлардың процеске және әлеуметтік-психологиялық бейімделу нәтижелеріне әсерін зерттеді. Әртүрлі деңгейдегі факторлардың үлесін талдайтын зерттеулер іс жүзінде жоқ. Мұның бәрі білім алушылардың білім алу жағдайларына әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесі мен нәтижелеріне әртүрлі психологиялық-педагогикалық факторлардың әсерін жан-жақты бағалауға бағытталған зерттеу жүргізуді өзекті етеді.

Ғалымдардың осы бағыттағы тұжырымдамаларына сүйене отырып, білім алушылардың бейімделу процесі мен нәтижелеріне әртүрлі деңгейлердегі психологиялық-педагогикалық факторлар әсер ететінін көре аламыз: жеке деңгей, тұлғалық деңгей, қызмет субъектісінің деңгейі, әлеуметтік-психологиялық деңгей. Бұл деңгейлік құрылым білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің психологиялық-педагогикалық детерминанттары моделінің негізін қалады.

Соңғы жылдары ғылыми әдебиеттерде білім алушылардың инновациялық білім беру жағдайларына әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне байланысты мәселелерге деген қызығушылық артып келеді. Алайда, бейімделу процесінің барысы мен нәтижелерін анықтайтын факторларды анықтауға байланысты мәселелер әлі де болса толық шешілмеуде.

Кейбір жеке (темпераментті) немесе әлеуметтік-психологиялық факторлардың (ата-аналардың тәлім-тәрбиесі, тұрған ортасы) білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің табыстылығына әсер етеді.

Қазіргі психология ғылымында «бейімделу» сияқты ұғым жиі қолданылады. Қоғамдағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай және жеке тұлғаны бейімдеу мәселесіне деген қызығушылықтың артуы осы тұжырымдаманы қарастыруды талап етеді.

Бейімделу мәселесі әртүрлі тәсілдер мен теориялық бағыттар ұсынылған ғылыми білім саласына қатысты. Бұл бейімделу құбылысы пәнаралық сипатқа ие болуымен байланысты, яғни бұл құбылысқа қатысты мәселелер әртүрлі ғылымдардың аясында қарастырылады. Соған қарамастан, бейімделудің қолданыстағы әдіснамалық және теориялық мәселелері осы процестің жеткіліксіз зерттелуі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі ғылымда бейімделу құбылысын қарастырудың бірнеше аспектілері бар. Сөздің кең мағынасында бейімделуді қоршаған ортадағы өзгерістерге байланысты оның тұтастығын сақтауға бағытталған объектінің ерекше қасиеті деп түсіну керек.

Бейімделу құбылысының белгілі бір жағына баса назар аударуға байланысты ғылымда осы терминнің бірнеше түсіндірмелері бар:

- организмнің қоршаған ортаның әртүрлі өзгерістеріне (оң немесе теріс қасиеттері) бейімделу процесі ретінде;

- қоршаған орта мен организм арасындағы динамикалық тепе-теңдік күйі ретінде;

- организм мен ортаның оңтайлы өзара әрекеттесуі нәтижесінде.

«Бейімделу» термині биологиялық білім саласы негізінде пайда болды, онда ол кез-келген тірі ағзаның қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделу және тепе-теңдікті табу механизмі ретінде анықталды. Биологиялық процесс ретінде бейімделу тұжырымдамасын Ч.Дарвин және оның ізбасарлары негіздеді. Бұл жағдайда бейімделу денеге оң әсер ететін және қалыптасқан жағдайлардың аз немесе шынайы көрінісі болып табылатын өзгерістер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. И.М. Сеченов және И.П. Павлов сияқты ғалымдардың теорияларына сәйкес, бейімделуді өзгермелі жағдайда ағзада болатын қарама-қарсы

процестердің бірлігі, сонымен қатар ішкі және сыртқы қайшылықтарды шешудің нәтижесі мен құралы ретінде қарастырған жөн [1].

Жалпы алғанда, «бейімделуді» биологиялық және физиологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, оны анықтауға екі негізгі көзқарасты бөліп көрсету керек: бейімделуді тұтастай алғанда биологиялық түрдің эволюция механизмі және жеке тұлғалардың қоршаған ортаға бейімделу механизмі ретінде түсіндіруге болады. Адамның биоәлеуметтік құрамына назар аудара отырып, «бейімделудің» тағы бір жағын, атап айтқанда оның әлеуметтік жағдайын қарастырған жөн. Сонымен, А.Г. Мороз әлеуметтік бейімделуді «жеке тұлға мен қоршаған ортаны прогрессивті өзгерту бағытында бірлескен іс-қимыл жасау мақсатында жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаға енуінің көп факторлы және көп өлшемді процесі» ретінде анықтайды [2].

М.В. Ромм жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі деп «ақпараттық кері байланыс арқылы ақпараттық өзара әрекеттесу процесінде оңтайлылығы тексерілетін бейімделудің барабар бейімделу стратегияларын қолдана отырып, адамның сыртқы (ішкі) күйін (өзін-өзі реттеу) белсенді (реактивті) үйлестірудің инновациялық процесі/нәтижесі» деп түсіндіреді [3].

Әлеуметтік ғылымдар аясында бейімделу құбылысы мен оның ерекшеліктері туралы бірнеше көзқарастар бар. «Бейімделу» (лат. adaptatio-бейімделу, ұйымдастыру) - организмнің, жеке тұлғаның, олардың жүйелерінің жеке әсерлердің сипатына немесе тұтастай өмірдің өзгерген жағдайларына бейімделуі. Жаңа жағдайдағы қалыптасқан мінез-құлықтың кемшіліктерін өтеу бейімделудің мәнін сипаттайды. Оның арқасында адам ерекше жағдайда оңтайлы әрекет етеді.

«Бейімделу» терминінің тағы бір көзқарасын С.Л. Рубинштейн өз зерттеулерінде ұстанады. Оның пікірінше, бұл терминнің мәні эмоционалды және психологиялық ыңғайсыздықты төмендететін психиканың қорғаныс механизмдерінің тиімді қызметінде жатыр [4].

Бейімделу құбылысы туралы әртүрлі көзқарастар шетелдік зерттеулерде ұсынылған. Сонымен, П. Делор «бейімделуді» адамның қоғам талаптарына бейімделуінің қорғаныш формаларының бірімен анықтайды, Т.Парсон – қоғамдағы рөлдерді түсіну және жүзеге асыру процесі, Г.Селе – стресс жағдайын шешудің тәсілі ретінде қарастырған.

Осылайша, «бейімделу» ұғымының мәнін анықтауға әртүрлі ғылыми көзқарастарды талдай отырып, оның маңызды компоненттері мен сипаттамаларын қарастыра отырып, бір жағынан «бейімделу» организмнің қоршаған ортамен жалпы өзара әрекеттесуі ретінде, екінші жағынан, құндылықтарды, жаңа топтың нормаларын түсінуді және қабылдауды білдіретін жеке адам мен қоғамның нақты өзара әрекеті ретінде түсіндірілуі керек деп қорытынды жасауға болады.

«Әлеуметтік-психологиялық бейімделу» ұғымы әлеуметтік және педагогикалық психологияда белсенді қолданылады. Бейімделу мәселесі биологияда белсенді зерттелді, нәтижесінде бейімделу идеясы организмдердің (жеке адамдар, популяциялар, түрлер) және олардың мүшелерінің құрылымы мен функцияларын қоршаған орта жағдайларына бейімдеу процесі ретінде қалыптасты. Психиканың ағзаның бейімделу процестеріне қатысуы мен рөлі көптеген нақты зерттеулерде көрініс тапты, олардың жалпылануы психикалық бейімделу тұжырымдамасы болды.

Тиімді психикалық бейімделу нақты қоршаған орта жағдайында дәлелді мінез-құлықты сәтті жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде пайда болады.

Адамның психикалық бейімделуінің маңызды аспектісі - адамның қоғамға бейімделуімен байланысты әлеуметтік-психологиялық бейімделу. Алғаш рет әлеуметтануда адамның қоғамға бейімделу мәселелері қарастырылды. Г. Тард алғаш рет биологиялық бейімделуге ұқсас «әлеуметтік бейімделу» ұғымын қолданды.

Жеке тұлғаның қоғамға бейімделуіне байланысты психологиялық проблемалар бейімделудің екі түрі – аллопластикалық және аутопластикалық туралы жазған З. Фрейдтің еңбектерінде де қарастырылып өткен. Классикалық психоанализге сәйкес жеке тұлға мен қоғамның өзара әрекеттесуі әрдайым қайшылықты, сондықтан әр адам сөзсіз интрапсихикалық қақтығыстың тасымалдаушысы болып табылады [5].

Гуманистік психологияда адам өзінің тәжірибесі әлемінде өмір сүретін және бірте-бірте өз тәжірибесін және қоғамның бағалауы нәтижесінде өзін-өзі тану тұжырымдамасына ие болатын адам ретінде қарастырылады. Қоғамда қалыпты өмір сүру және жақсы «психикалық реттеу» өзін-өзі тану тұжырымдамасы дененің барлық сенсорлық тәжірибесі мен ішкі сезімдерін игере алатын кезде орын алады. Қоршаған ортаның тым қатаң талаптары мен бағалауы, түсінбеушілік пен қабылдамау өзін-өзі қорғаудың тар тұжырымдамасының қалыптасуына, психологиялық қорғаныстың қалыптасуына, «Мен» жалған имиджіне, қоғамға қарсы және өзін-өзі бұзатын мінез-құлыққа әкеледі. Әлеуметтік ортада қабылдау, қауіпсіздік, эмпатиямен сипатталатын қатынастар болған кезде, адам өзінің қабілеттерін қоғамда жүзеге асыра отырып, дамуға деген ұмтылысты дамытады, оны адам мен қоршаған ортаның оңтайлы өзара әрекеті деп атауға болады.

Мінез-құлық және когнитивтік психологияда адамның әлеуметтік ортаға бейімделу мәселесі негізінен мінез-құлық тұрғысынан қарастырылады. Мінез-құлықтың жеткіліктілігі бейімделу сапасының басты өлшемі ретінде қарастырылады, ал эмоциялар мен субъективті тәжірибелер әлеуметтік бейімделу сапасының туындысы ретінде қарастырылады.

Орыс психологиясында жеке тұлға туралы ілім өнім ретінде және сонымен бірге әлеуметтік дамудың белсенді жаратушысы, жеке тұлға мен қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің белсенді сипаты ретінде құрылды.

Б.Ф. Березин әлеуметтік-психологиялық бейімделу әлеуметтік орта жағдайларына бейімделумен байланысты психикалық бейімделу процесінің маңызды құрамдас бөлігі деп санайды [6].

Көптеген анықтамаларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу әлеуметтік ортаның өзгеретін, стресстік әсерінен, проблемалық жағдайлардың болуынан туындайды, онда жеке тұлғаның арсеналындағы мінез-құлық стереотиптері сәйкес келмейді немесе жеке тұлға мен оның әлеуметтік ортасының қызметі өзгереді.

Дегенмен, адамның әлеуметтік топтың үміттері мен нормаларына қаншалықты және қалай бейімделетіні туралы мәселеде зерттеушілердің пікірлері осы процестің мәні мен тетіктері туралы әртүрлі. Көптеген авторлар бейімделу процесінде адамның қоршаған ортаның өзгеретін жағдайларына бейімделуі, жеке және топтық мінез-құлықты осы әлеуметтік топтағы үстемдік ететін нормалар мен құндылықтар жүйесіне сәйкес келтіру деп түсінеді. Бейімделу жағдайы әлеуметтенудің қалыпты бағытын бұзумен, тікелей және жанама десоциализациялық әсерлермен байланысты.

Зерттеушілердің біразы бұл тәсілдің шектеулерін жеңуге тырысып, адамның нормаларға, құндылықтарға және қоршаған орта талаптарына бейімделуінің белсенді сипатын атап көрсетеді. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу барысында барлық өзара әрекеттесетін жүйелерде өзгерістер болып жатқандығы, өзара әрекеттесу процесіне қатысушылардың барлық үміттері мен талаптары келісілетіні атап өтілді.

Көптеген отандық авторлар дамыған жеке тұлға теориясына сүйене отырып, іс-әрекеттің, сананың, өз өмірінің белсенді жаратушысы ретінде жеке тұлға әлеуметтік-психологиялық бейімделу кезінде бейімделу стратегиясын саналы түрде қолдана немесе құра алмайды, сонымен бірге ол бейімделетін ортаға белсенді әсер ете алады. Бейімделу процесінің теориялық моделіне келетін болсақ, нормоцентрлік тәсіл бейімделудің гомеостатикалық моделінен туындайды, оған сәйкес бұл процестің мақсаты жеке тұлға мен әлеуметтік ортаның тепе-теңдігін орнату болып табылады.

Қорыта келгенде, әлеуметтік-психологиялық бейімделу барысында әлеуметтік ортаға бейімделумен байланысты мақсаттарға да, өзін-өзі көрсетуге, адамның өзін-өзі тануына және оның қоршаған ортаға белсенді әсеріне байланысты мақсаттарға да қол жеткізуге болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Степанов, С. С. Популярная психологическая энциклопедия / С. С. Степанов. – М.: Эксмо, 2015. – 672 с.
2. Мороз, А.Г. Профессиональная адаптация выпускника педагогического вуза: Автореф. дисс. д-ра пед. наук / А. Г. Мороз. – Киев: КГУ, 2014. – 50 с.
3. Ромм, М.В. Адаптация личности в социуме: Теоретико- методологический аспект / М. В. Ромм. – Новосибирск: Наука. Сиб. издательская фирма РАН, 2012. – 173 с.
4. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2014.–712с.
5. Фрейд, З. По ту сторону принципа удовольствия [Текст] // Психология бессознательного: сб. произведений: [пер. с нем.] / З. Фрейд; сост., науч. ред., М.Г. Ярошевский. –2-е изд.– М.: Просвещение, 2011.
6. Березин, Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека [Текст] / Ф. Б. Березин. - Л.: Наука, 2011. – 267 с.



ҒТАМР 77.01.21

### ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ АРҚЫЛЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТЫП, СУИЦИД ЖӘНЕ КҮЙЗЕЛІС ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTY

Жилисбаев Нағашбек Келисбекович<sup>1</sup> - аға оқытушы

Уразбаев Арыстан Арынбекович<sup>2</sup> - аға оқытушы

Дайрабаев Максат Сейлбекович<sup>3</sup> - аға оқытушы

Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ,

Қазақстан<sup>1,2</sup> [n.zhilisbaev@iuth.edu.kz](mailto:n.zhilisbaev@iuth.edu.kz)<sup>1</sup>

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ түрік университеті, Түркістан қ,

Қазақстан<sup>3</sup> [maksat.dairabayev@ayu.edu.kz](mailto:maksat.dairabayev@ayu.edu.kz)<sup>3</sup>

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі таңдағы күрделі мәселелердің бірі суицидтің алдын алу бойынша мәселелер қозғалады. Мақалада дене қозғалысы, дене тәрбиесінің қазіргі заманға сай салауатты өмір салтын жүргізу, адамдар денсаулығын нығайту арқылы күйзеліс жағдайын төмендету мәселелері ашылады. Автор мақала жазу кезінде дене шынықтыру және спорт ойындарды қолдана отырып өскелең ұрпақтың дені сау және психикалық мықты мамандар тәрбиелеу барысында жұмыстар жасауға ерекше назар аударған. Мақала қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылатын қимыл тапшылығын жоюдың негізгі құралы ретінде дәріптеуге арналған. Қорытындылай келе таза ауаға шығып серуендеп, денені шынықтыратындай іспен шұғылданду күйзеліс деңгейін жақсартуға бірден бір жәрдемші болатындығын қарастырған.

**Кілт сөздер:** Дене шынықтыру, спорт, суицид, депрессия, күйзеліс.

**Аннотация.** В этой статье затрагиваются вопросы профилактики суицида. В статье раскрываются вопросы физического движения, ведения современного здорового образа жизни физической культуры, укрепления здоровья людей. При написании статьи автор уделял особое внимание работе по воспитанию здоровых и психически сильных специалистов подрастающего поколения с применением физкультурных и спортивных игр. Статья посвящена популяризации как основного средства устранения дефицита движений,

который в настоящее время является актуальным вопросом. Подводя итоги, гуляя на свежий воздух, он решил, что заниматься таким делом, как закаливание тела, поможет улучшить уровень шока.

**Ключевые слова:** Физическая культура, спорт, суицид, депрессия.

**Abstract:** This article addresses suicide prevention issues.

The article reveals the issues of physical movement, maintaining a modern healthy lifestyle of physical culture, and strengthening people's health. When writing the article, the author paid special attention to the work on the education of healthy and mentally strong specialists of the younger generation using physical education and sports games. The article is devoted to popularization as the main means of eliminating the shortage of movements, which is currently a topical issue. Summing up, walking in the fresh air, he decided that doing a thing like hardening the body would help improve shock levels.

**Keywords:** Physical culture, sports, suicide, depression.

Қазіргі таңда қоғамның алаңдауын тудырып отырған мәселелердің ең күрделісі суицид. Бүкіл Қазақстан Республикасы азаматтарын осы проблема қатты алаңдатып отыр. Себебі, қиял – ғажайып ертегілермен бір қазанда біте қайналатын шынайы өмір осындай сауалды алдымыздан көлденең тартып отыр. Соңғы кездері жастар мен жасөспірімдер психологиялық күйзелісті, яғни стресті, депрессияға, яғни жан дертіне ұшырауын бастарынан кешіп жүргендерін жиі кездестіреміз.

Адам өмірге бірақ рет келеді. Ал бітпес тіршіліктің сол тауқыметіне қарсы күрес, өз несібеңді айырып жесең соның өзі бақыт. Бірақ соқтықпалы, соқпалы өмірдің қиындығына кез – келген адам шыдай ала ма? Шыдауы керек деп жұбату сөзді айту жеңіл болғанымен, екінің бірінің жүйкесі мықты емес, ал жүйкесі жұқалар бүгінгі тіршілігінен гөрі бақилық дүниені дұрыс көріп, сол жаққа мезгілсіз аттанып жатады.

Депрессияға және стерске ұшырағандардың психологиялық күйзелісі жастарды психологиялық індетке ұшыратуда. Суицид – адамның өз-өзіне қолданылатын аяусыз жаза, өз өзіне ашылған соғыс. Қазіргі босбелбеу жастар жоқшылыққа, қиыншылыққа төзе алмайды. Бос уақыттары көп, сабақ оқымайды, пайдалы заттармен айналыспайды, не жеймін, не киемін деп қайғырмайды, басына түскен проблемаларды жеңгісі келмейді[1].

Стресті жеңу үшін не істеу қажет?

Біріншіден: стресс кезінде ағзада витаминдер қоры бітеді, әсіресе, В витамині жетіспейді. Дәрігерлердің көбі витаминдерді пайдалану қажет деп кеңес береді алайда шамаңыз келсе пайдаланбаған жөн.

Екіншіден: денені шынықтыру қажет. Спортзалға жиі барып дене шынықтыру жаттығуларын жасау, билеу, ән айту, бассейнге барып жүзу, далада көп серуендеу қажет.

Үшіншіден: психикалық және физикалық демалу үшін релаксация қажет. Келесі әдістерді қолданып көрген жөн. Баяу музыканы тыңдап, түнгі аспанға қарап армандандау.

Төртіншіден: үйлесімді өмір сүру үшін ең алдымен отбасының, жолдастардың, жақын - тустардың көмегі қажет, Психологиялық тренингтерге барып, жанұядағы салтанатты мәжілістерге, тойларға баруды және қызықты жаңа адамдармен танысу.

Стреске алдын алудың 9 түрлі ережелері;

1. Аптадағы жарты күнді өзіңізге ұнайтындай етіп өткізіңіз: суда жүзіңіз, билеңіз. Демалып, қыдырыңыз немесе бақтағы орындыққа отырыңыз. Өзіңізді тек қана жұмысқа арнағанды тоқтатыңыз!

2. Күніне бір реттен кем емес өзіңізге ең қымбат адамға сөз айтыңыз. Оның сізге де сондай жауап қайтаратындығына күмәніңіз болмасын.

3. Аптасына 2 немесе 3 рет дене жаттығуын жасаңыз. Жаттығулар адамды мезі ететіндей болмасын, егер жаттығудан кейін сізге душ қабылдау керек болса, онда сіз бір нәрсені дұрыс істемедіңіз немесе жаттығуды дұрыс жасамадыңыз.

4. Суды көбірек ішіңіз, денені қалыпта ұстау үшін күніне 1-1,5 литр су ішу қажет.

5. Аптасына бір рет өзіңізге «зиянын» тигізетін іспен де айналысып көріңіз (мысалы, тәттілер жеу арқылы диетаны «сәл-сәл» бұзуға болады немесе әдеттегіден ерте немесе кеш жатыңыз). Өзіңізді бақылауда ұстаңыз, егер бұл әдеттерді қайталай беріп дағдыға айналдырып алсаңыз, онда сіз ипохондрик (ешкімнің айтқанын елемейтін адамдар) боласыз.

6. Өз өміріңізді бұзуға асықпаңыз. Сізге келген кейбір хаттар мен телефон қоңырауларына көңіліңіз соқпаса жауап бермей –ақ қойыңыз. Жұмысы жоқ кейбір адамдар сізге ұнамайтын және керек емес әңгімелерді айтып сіздің өміріңіздің минуттарын, сағаттарын (сондай - ақ күндерінде!) ұрлауда, сөйтіп сізде стрестер туғызуда.

7. Көңіл – күйіңіз түсіңкі немесе ашулы болсаңыз, күш қажет ететін жұмыс істеңіз: бақшада жұмыс істеп, арықтарды тазалаңыз, үй жиһаздарын ауыстырыңыз немесе үйдегі ескі ыдыстарды сындырыңыз. Немесе қала сыртына шығып айғайлаңыз. Бұндай әрекеттер адамды стрестен құтқаруға көмектеседі.

8. Күніне ең аз деген де бір банан жеңіз. Онда барлық витаминдер, микроэлементтер бар, сонымен қатар оның энергетикалық құндылығы жоғары.

9. Өзіңізге жазатын қондырғысы бар телефон аппаратын сатып алыңыз (нөмір анықтаушы бар). Бұл сізге әрбір қоңырау келген сайын орныңыздан тұрмауыңыз үшін және сізге қажет барлық ақпаратты алу үшін қажет. Онша қиын емес әдістер, келісесіз бе? Бұл әдістерді орындау арқылы сіз көптеген стрестерден аулақ боласыз[2].

Енді тақырыбымызға жақынырақ келер болсақ қоғамдағы спорт арқылы суицидке апармаудың жолдарын қарастырайық. Жоғарыда айтылғандай стрестен шығу үшін көбірек спортпен шұғылдану керек. Ол дегеніміз күнге бір мезгіл яғни таңғы серуен немесе кешке ауладағы воркаутта денешынықтыру мен айналысу.

Айта кетейік, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына жолдауында бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығына тоқталған болатын.

Адам тәнінің байлығын ештеңемен теңестіруге келмейтіндігі ерекше ой салады. Адам баласы күнделікті тіршілік барысында көптеген әр түрлі қозғалыстар жасайтыны белгілі. Ол әрине, өз кезегінде дененің кейбір мүшелерінің өсіп жетілуіне оң әсерін тигізуі мүмкін. Дегенмен, мұндай қимыл-әрекеттер кейде кері әсерін де тигізеді. Айталық, үнемі бір бағытта жасалған қимыл-әрекеттен адамның бір мүшесі шаршап, организмнің қалыпты әрекетін өзгеріске ұшыратуы ықтимал. Сол себепті күнделікті орын алатын, бір ғана бағытта жүргізілетін дене қимыл-әрекеттерін дене тәрбиесінің құралы деп қабылдаған дұрыс емес[3].

Негізінде денені жүйелі түрде шынықтыру мен денсаулықты нығайту адамның ойын өсіріп, шығармашылық қабілетін арттырады. Организм шамасы келетін жаттығуды және дұрыс ұйымдастырылған жұмысты орындағанда ғана дамып, нығайып жетіледі. Дене шынықтыру тәрбиесі адам денсаулығын сақтап және нығайтады, дененің дұрыс дамып қалыптасуына жеткізеді. Денені шынықтыру тәрбиесінің мақсаты – салауатты өмір сүру негіздерін білу және ұстану, өз еркімен дене шынықтыру және спортпен шұғылдану дағдыларын қалыптастыру, денсаулықты нығайтуға және дене шынықтыруды дұрыс дамытуға ықпал жасау болып табылады.

Жастардың дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді.

Жақсы денсаулық - адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Күйзеліс кезінде бір мезгіл саябақтарды аралап немесе спорттық жүріспен жүру дам күйзелісін төмендетеді. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет. Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік,

икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі[4].

Қазіргі таңда қала мен облыс орталықтарында көптеп дамып келе жатырған спорттық фитнес түрлері де күйзелістен шығуға бірден бір көмектеседі.

Егер фитнес-клубқа баруға уақытыңыз, мүмкіндігіңіз не қалауыңыз болмаса, көңілді әуенге ырғақты қимылдар жасап билеңіз. Миыңыз мұндай әрекетті өз-өзін қинап спортпен шұғылдану емес, ойын-сауық ретінде қабылдайды.

Мейілінше, күн тәртібін бұзбау міндет. Тәртіп дегеніміз - демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін маңызды, мазмұнды қолдану керек.

Дұрысында дененің дұрыс қалыптасуы үшін күнделікті жаттығуларды неден бастап, қалай аяқтау керек екендігін білген абзал. Адамның қимыл-әрекеті таңертең ұйқыдан оянудан басталады. Қимыл қозғалыстың алғашқы бастамасы - таңертеңгі бой жазу жаттығулары.

Ең әуелі жүруден бастаудың мәні қан айналу процесі мен ішкі мүшелерді тиісті жүктемеге даярлайды. 5-10 минут жүгіріп, одан кейін керіліп созылу жаттығуларын орындайды. Кеудені кере дем алу, иық, кеуде және белді қозғау жаттығуларын орындап, оларды біртіндеп күрделендіре береді. Осындай дене тәрбиесі жүйесінде спортпен шұғылданып, болашақта жоғары көрсеткіштерге жету үшін табиғи орта қажет. Табиғи орта дегеніміз өзімізге жақсы таныс ауа, су және күн сәулесі. Мұндай табиғи ортаны жүйелі түрде пайдаланудың денсаулық үшін маңызы зор. Мен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде бұл жағдайға көз жеткіздім.

Сондай-ақ, әр түрлі аурулардың алдын алу үшін де организмді үнемі шынықтырып отыру қажет. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортадағы температураның күрт өзгеруіне бейімделеді және организмнің жұқпаларға қарсылығын жоғарлатады.

Қортындылай келе депрессияның деңгейін жақсарту үшін ең алдымен физикалық жұмыс. Яғни қимыл қозғалыс, іштегі күйзелісті сыртқа эмоциямен және артық энергияны сыртқа шығару. Таза ауаға шығып серуендеп, денені шынықтыратындай іспен шұғылдану күйзеліс жағдайын жақсартуға бірден бір жәрдемші болады[5].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Егізбаев Ж., Есіркепов Ж.М., Ким А.В., Мұстафаев Е.Т. Қимылды-қозғалыс ойындарын оқыту әдістемесі. – Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2004. – 145 б.
2. Қуатбеков Ш.Н. Ұлттық ойындардың дене қабілеттерін жетілдіруге әсері //» Қазақстан мектебі». - Алматы, 2006. -№3. – 15-17 б.
3. Есіркепов Ж.М.Мектеп бағдарламасындағы жаттығулар арқылы оқушылардың қозғалыс қасиеттерін дамыту әдістемесі // «Білім-образование». - Алматы, 2007. - №6. – 52-54 б.
4. <https://surak.baribar.kz/427733/>
5. <https://www.tarbie.kz/8878>





ӘӨЖ 129.2

## АУЫТҚЫҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ГЕНЕЗИСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕН БИОЛОГИЯЛЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

**Пернебаев Нуркен Манатбекович, биология пән мұғалімі, педагог-зерттеуші  
Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы №1 орта мектебінің директоры**

**Аңдатпа.** Мақалада жас өспірімдер арасында көптеп белең алған мәселелердің бірі: мінез-құлық ауытқушылықтары туралы, агрессивті жағдайлар, девиантты мінездер туралы айтылған және оларды шешуде қандай проблемалар туындайтыны қарастырылады. Бүгінде бұл мәселе өте өзекті, өйткені жас ұрпақтың бойындағы қандайда бір ауытқушылықтарға дер кезінде мән беріп қарамасақ ол қатайған шағында үлкен қиындықтар мен өкініштерге алып келері дәлелді жағдай. Бүгінгі ғаламтор билеген заманда әрбір ата-ана, мектеп, қоғам бала тәрбиесін тереңнен ұғынып, оның дұрыс мінезбен қоғамға енуіне жағдай жасауымыз қажет.

**Кілт сөздер:** биологиялық детерминанттар, «Аномия» термині, девиантты мінез-құлық, конформизм, ритуализм, ретризм.

**Аннотация.** В статье рассказывается об одной из самых распространенных проблем среди молодежи: отклонениях в поведении, агрессивных ситуациях, девиантном поведении и о том, какие проблемы возникают при их решении. На сегодняшний день эта проблема очень актуальна, потому что доказанный факт, что если вовремя не обратить внимание на какие-либо отклонения в молодом поколении, это приведет к большим трудностям и сожалениям во взрослой жизни. В нынешний век интернета, каждому родителю, школе, обществу необходимо глубоко понимать воспитание поколение и создавать условия для его вхождения в общество с правильным отношением.

**Ключевые слова:** биологические детерминанты, термин «аномия», девиантное поведение, конформизм, ритуализм, ретризм.

**Annotation.** The article tells about one of the most common problems among young people: deviations in behavior, aggressive situations, deviant behavior and what problems arise when they are solved. Today, this problem is very relevant, because it is a proven fact that if you do not pay attention to any deviations in the younger generation in time, this will lead to great difficulties and regrets in adulthood. In the current age of the Internet, every parent, school, society needs to deeply understand the upbringing of a generation and create conditions for it to enter society with the right attitude.

**Keywords:** biological determinants, the term "anomie", deviant behavior, conformism, ritualism, reticism.

Психология қай ғылым саласымен байланысса да, оның зерттеу объектісі жалғыз-ақ: ол-адам, оның психикалық процестері, қалыптары және күйлері. Сондықтан, психологияның педагогикамен байланысына аса назар аударған жөн. Әрине, бұл сабақтастық бұрыннан да белгілі, кезінде К.Д.Ушинский: «Адамды жан-жақты тәрбиелеу үшін оны жан-жақты зерттеу қажет», -деген еді. Бұл арада психологияның практикалық маңызы нақты көрініп тұр. Балалық шақ пен жасөспірімдік кезеңіндегі мінез-құлық ауытқушылықтарының пайда болуының бірнеше себептері бар. Олар: баланың жаратылысына байланысты әлеуметтегі кері әсерлерге тез бейімделуі, әлеуметтік тұрмыс жағдайының төмен болуы, жанұяда көп ұрыс-керістің болуы, балаға тәрбие беретін адамдардың жиі ауысып тұруы, тәрбие процесінің педагогикалық тұрғыдан төмен және жүйесіз болуы (асыра сілтеушілік немесе немқұрайдылық), әлеуметтік тұрғыдан теріс мінез-құлықты дамытатын айналадағы жат ағымдардың «субкультураның» болуы және баланың зиятының төмен болуы.

Мінез-құлқы бұзылған балалармен жұмыс істеу барысында олардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алып отыру керек. Мінез-құлқында қиыншылықтары бар балаларда қоршаған орта өзіне қарсы тұрады деген ой болады. Өйткені, баланың өзіне деген сенімі өзгелердің пікірі арқылы қалыптасады. Егер айналадағы адамдар балаға үнемі дұрыс қарым-қатынас жасаса, онда ол өзін осы сыйластыққа лайық екенмін деп санайды, ал егер керісінше, оның жасаған істерінің кемшіліктерін бетіне басып, ұрсып, жаратпай жатса, оған өзім лайық емеспін дегеннен басқа ештеңе қалмайды.

Жас өспірімдердің бойындағы девиантты мінез-құлық себептерінің түсініктемесі осы әлеуметтік-психологиялық құбылыстың табиғатын түсінумен тығыз байланысты. Адамның мінез-құлқында әртүрлі деңгейдегі компоненттер, атап айтқанда, биологиялық, психологиялық және әлеуметтік компоненттер үндесіп жататындығы белгілі. Осыған сәйкес биологиялық детерминанттарға (себептерге) басты және біркелкі назар аударатын тұжырымдар; психологиялық факторларға баса назар аударатын тұжырымдар және девиантты мінез-құлықты тек әлеуметтік себептермен түсіндіретін әлеуметтік тұжырымдар пайда болады.

Адамдардың мінез-құлқына қоғамдық үрдістер мен әлеуметтік топтардың ықпалы, ең алдымен, әлеуметтік тәсіл аясында қарастырылады. Бұл бағыттың ең танымал өкілдері: О.Конт, Г.Тард, А.Кетле, Э.Дюркгейм, М.Вебер, Т. Парсонс, Р. Мертон.

Аномия теориясында Э. Дюркгейм әлеуметтік девиацияны алғашқы болып толық түсіндірген. «Аномия» термині француз тілінен аударғанда «заңның, ұйымдастырудың жоқтығы» деген мағынаны білдіреді. Бұл ескі нормалар мен құндылықтар шынайы қарым-қатынастарға сай келмеген, жаңалары тәлі бекітілмеген әлеуметтік бос кеңістіктің әлеуметтік тәртіпсіздікті туғызу күйін түсіндіреді.

Осылайша Э.Дюркгейм әлеуметтік ауытқуларды қоғамның нормативті-құндылықтарының шырқы бұзылуының салдары ретінде қарастырады. Оның ойлары әртүрлі әлеуметтік топтар мен әлеуметтік күштердің арасындағы қарама-қайшылықты девиантты мінез-құлықтың басты себептері деп есептейтін зерттеушілердің еңбектерінде - жалғасын тапты, мысалы: жаңашылдық пен кертатпалық новаторлық пен консервативтік.

Р. Мертон, Э.Дюркгеймнің ең көрнекті өкілдерінің бірі, девиантты мінез-құлықты: — мәдениетпен анықталатын ұмтылыстар мен оларды қанағаттандыру құралдарын беретін әлеуметтік құрылымның арасындағы келіспеушіліктің нәтижесі ретінде қарастырады. Мәселен, қазіргі американдық мәдениетінде ауқаттылық идеясы басым, бұл өз кезегінде сәттіліктің жоғары индивидуалды маңызын анықтайды. Әлеуметтік нормалар арқылы мәдениет мақсаттарды ғана анықтап қоймайды, сонымен қатар оларға жетудің заңды тәсілдерін де анықтайды. Жетістікке жету үшін барлық адамда жағдайлар бірдей емес, бірақ олар кездесетін кедергілерге бірнеше тәсілдің көмегімен бейімделе алады. Бұндай бейімделу тәсілдерін Р.Мертон анықтап көрсетті:

• Конформизм (әлеуметтік тұрғыдан мақұлданған мақсаттар мен оларға қол жеткізу тәсілдерін толық қабылдау);

- «Инновация (мақсаттарды қабылдау, оларға жетудің заңды тәсілдерінен бас тарту);

• Ритуализм (берілген немесе - үйреншікті тәсілдерді —олқы қайталап қолдану);

• Ретризм (әлеуметтік нормаларды орындаудан пассивті бастарту, мәселен, нашақорлық);

• Бүлік (белсенді бүлік — әлеуметтік нормаларды мойындамау).

- жасөспірімдерде отбасылық қатынастарда болатын эмоционалдық интеллект, жыныстық жетілу және өзгерістердің қалыптасу ерекшеліктеріне қатысты олардың хабардарлығын арттыру;
- өмірлік мақсаттарды айқындаудың, өз болашағының стратегиялық көзқарасын қалыптастырудың және өмірлік жоспарларды іске асыру жолында өзін ұстап тұру үшін практикалық стратегиялар мен дағдыларды игерудің маңыздылығында олардың хабардар болуын арттыру.

Жасөспірімдерде салауатты өмір салты мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру бойынша кеңес беру және коррекциялық (түзету) іс-шараларының мазмұны:

- 1) жасөспірімдердің физикалық, психологиялық және когнитивті деңгейде болатын өзгерістерді түсінуі;
- 2) жасөспірімдік кезеңдегі тұлғаны дамытудың жас ерекшелік міндеттерін білу;
- 3) өз денесіне жағымды және ұқыпты қараудың психологиялық аспектілерін түсіну;
- 4) коммуникативтік құзыреттілікті арттыру үшін тиімді қарым-қатынас дағдыларын зерделеу;
- 5) жасөспірімдерді психологиялық қауіпсіздік туралы, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайларда өзін-өзі қорғаудың негізгі психологиялық және басқа аспектілері туралы хабардар ету;
- 6) жасөспірімді эмоциялармен және сезімдермен, олардың пайда болу және сезіну механизмдерімен таныстыру;
- 7) отбасылық қарым-қатынастардағы болып жатқан өзгерістерді түсіну: жасөспірімнің ата-анасына реакциясынан бастап ата-ананың жасөспірімнің өсу фактісіне қатынасына дейін;
- 8) жасөспірімнің отбасы қалай жұмыс істейтінін және «отбасы ережелерін» қалай құрылымдық түрде қайта қарауға болатындығын түсіну;
- 9) жыныстық жетілу кезеңінде өзіне ұқыпты қарауды және адамның қауіпсіз өмір сүруін қалыптастыру үшін жыныстық дамудың психологиялық аспектілерін және өзінің физикалық мүмкіндіктерін білу;
- 10) жасөспірімдерді онлайн ортада қорлау (кибербуллинг) кезінде психологиялық қауіпсіздік туралы хабардар ету және жалғыздық жағдайында өз-өзіне көмектесудің негізгі тәсілдерін ашу [8];
- 11) жасөспірімнің өзін-өзі тануы және өзін-өзі тұрақты сезінуі;
- 12) құндылықтар жүйесімен танысу және жасөспірімнің өмірдегі жеке бағдарларын айқындау;
- 13) өзін-өзі бағалауды және рөлдік мінез-құлық үлгілерін қалыптастырудың психологиялық сәттерін білу;

14) кәсіптік ақпараттандыру және кәсіп таңдауды психологиялық тұрғыдан қарау;  
 15) жасөспірімнің шешім қабылдау және салдарын бағалау процесін зерделеуі;  
 16) жасөспірімнің ересек өмірдің ажырамас бөлігі ретінде жауапкершілік пен дербестікті түсінуі;

17) жасөспірімдерді ықтимал психологиялық тәуекелдер туралы, қарама-қарсы жыныспен тығыз қарым-қатынас құру кезінде санамен жүргізілетін манипуляциялар туралы ескерту және тәуекелдерді барынша азайту үшін психологиялық қауіпсіздік тәсілдері туралы хабардар ету;

18) жасөспірімді өмірлік мақсаттарды таңдаудың маңыздылығымен таныстыру және жасөспірімнің болашақта қандай мақсаттарға қол жеткізгісі келетінін түсіну;

19) өз өмірінің стратегиялық көзқарасын (тұтастай алғанда, қалаған болашағының бейнесі) және жақын болашаққа арналған жоспарларды қалыптастыру үшін мақсат қою және жоспарлау процесін зерделеу;

20) жасөспірімді тіршілік әрекеті салаларында мақсат қою, жоспарлау және тепе-теңдікке қол жеткізу жөніндегі практикалық құралдар туралы хабардар ету;

21) жасөспірімнің ҰБТ-дан өту кезінде, сондай-ақ істерді кейінге қалдыру, оның ішінде оқу мәселелерін кейінге қалдыру кезінде психологиялық өзіне-өзі көмек көрсету әдістерін және оқу процесінде өзіне қойылған талаптарды (мектепте де, ЖОО-да да) білуі;

22) жасөспірімге қарама-қарсы жыныспен «зиянды» қарым-қатынас жағдайында психологиялық жарақаттар және психологиялық қауіпсіздік туралы хабарлау.

Жасөспірімдерде салауатты өмір салты мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс тиімділігінің шарттары:

1. Жасөспірімдерде өзін-өзі бұзатын мінез-құлықтың зияны туралы білімнің болуы, теріс мінез-құлық стратегияларына қатысты көзқарастардың өзгеруі, пайдалы элеуметтік-психологиялық дағдыларды дамыту және мінез-құлық үлгілерін пысықтау.

2. Жақсы дайындалған мұғалімдер - жасөспірімдердің сеніміне ие тәлімгерлер.

3. Жасөспірімдерді хабардар ету кезінде хабарламалардың сенсациясы мен қорқыту тактикасын қолданбау, өйткені бұл ақпараттың дұрыстығына күмән тудырады.

4. Қарастырылып отырған құбылыстардың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ақпаратты мұқият және адал ұсыну, өйткені болашақта жасөспірімдер балама немесе қарама-қайшы фактілерге тап болуы мүмкін.

5. Жасөспірімдердің арнайы модельденген жағдайларға, іскерлік ойындарға белсенді қатысуы.

6. Тренинг түрінде тұрақты жұмыс жүргізу.

Кеңес беру және коррекциялық (түзету) іс-шараларды ұйымдастыру барысында келесі әдістер мен тәсілдерді қолдану ұсынылады.

Хабардар ету. Баланың хабардарлығын кеңейту (өзгерту, түзету), күнделікті өмірдегі мысалдар, әдеби көздерге, ғылыми деректерге, басқа адамдардың тәжірибесіне жүгіну арқылы талқыланатын мәселелер саласындағы оның психологиялық сауаттылығын арттыру.

Метафора (аналогия әдісі). Әдістің мәні - аналогтарды қолдану – суреттер, ертегілер, астарлы әңгімелер, өмірден алынған жағдайлар, мақал-мәтелдер - өзекті жағдайды (тақырыптар, сұрақтар) суреттеу үшін. Метафора адамның көзқарастарына, стереотиптеріне, пікірлеріне жанама әсер етеді, жағдайға сырттан қарауға мүмкіндік береді. Осының арқасында мәселенің субъективті маңыздылығы төмендейді, оның бірегейлігінің жалған сезімі жоғалады. Сонымен қатар, кеңес берудің шиеленісті атмосферасын жоюға болады.

Логикалық қатынастарды орнату. Баламен бірге оқиғалардың реттілігін белгілеу, ішкі (субъективті) факторлардың болып жатқан жағдайға және олардың өзара байланысына әсерін анықтау пайдалы. Бұл әдіс мәселені түсінуді кеңейтуге және нақтылауға мүмкіндік береді.



Логикалық негіздеме жасау. Бұл әдіс әр түрлі шешімдердің салдарын (тиімділігін) көрсететін логикалық талдау арқылы өмірлік маңызды мәселені шешудің нұсқаларын сұрыптауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі ашу. Жасөспірімді «өзі болуға» жанама түрде ынталандыру маңызды. Психолог өзінің жеке тәжірибесімен бөлісе алады, баланың әртүрлі сөздері мен сезімдеріне төзімділік танытады.

Нақты тілек. Тілекте нақты мәселені шешу кезінде қандай-да бір нақты әрекет ету әдісін қолдануға ұсыныс болуы мүмкін. Мұндай тілектер жасөспірімнің жауапкершілігін төмендетпеуі керек. Ол өзі шешім қабылдайды, ұсынылған әдістердің қолайлылығын бағалайды, оларды жүзеге асыру қадамдарын жоспарлайды.

Парадоксалды нұсқаулық. Наразылық сезімін ояту және баланы белсенді ету үшін оған не істеп жатқанын жалғастыруды ұсынуға болады. Ол өз әрекеттерін (ойларын, әрекеттерін) кем дегенде үш рет қайталасын.

Сенімділік. Бұл әдісті теңдестірілген эмоционалды жағдайдың аясында қолданған жөн. Жасөспірімде дамыған бейнелі және абстрактілі ойлау, зейіннің тұрақтылығы болған кезде сенімділікті қолдануға болады. Жасөспірімге түсінікті дәлелдерді қолдана отырып, белгілі бір әдістердің, ойлардың және т.б. дұрыстығына көз жеткізуге (өзін көрсетуге) мүмкіндік береді.

Эмоционалды көңіл-күймен бөлісу. Сенімді қарым-қатынас орнатқан кезде сіз эмоционалды сәйкестендірудің үлгісі бола аласыз. Осының арқасында сіз баланың эмоционалды жағдайын өзгерте аласыз (түзете аласыз), онымен өзінің жағымды көңіл-күйіңізбен бөлісе аласыз [9].

Жоғарыда аталған іс-шаралар оқушылар үшін де, олардың ата-аналары, мұғалімдері үшін де ұйымдастырылуы керек. Жүйелі және мақсатты жұмыс ата-аналардың, пән мұғалімдерінің құзыреттерінің өсуіне, балалардың психикалық денсаулық мәселелерінде хабардарлығын арттыруға әсер етеді. Жасөспірімдер өздерінің эмоционалды жағдайын жақсы түсінеді және қажет болған жағдайда кімге жүгіну керектігін және бастан кешкен мәселелерді кіммен талқылау керектігін біледі. Бұл біртіндеп жасөспірімдердің психологтарға (немесе дәрігерлерге) өздігінен жүгінуіне әкеледі, егер олар депрессияны сезінсе немесе эмоционалды қиындықтарды бастан кешірсе. Ал жақындағы өткен уақытта ғана жасөспірімдердің көпшілігі өздерінің психологиялық жағдайын дұрыс бағалай алмады және психологтар мен дәрігерлерге жүгінуден ұялды. Қазіргі уақытта, бұл кедергі төмендей бастады. Көптеген жасөспірімдер ересектердің назарын психикалық сипаттағы проблемаларына аудару үшін демонстрациялық-шантаж әдісінен алшақтайды. Балалардың суицид санының артуымен көмекке жүгіну өзін-өзі өлтіруге тырысу санының біртіндеп төмендеуіне әкеледі.

Осылайша, мектептердің негізгі міндеті - балаларды ересек өмірге дайындау, өз проблемаларын өз бетінше ойлау және шешу. Сондықтан, балаларды әртүрлі өмірлік жағдайларды дұрыс бағалауға, олардың эмоциялары мен басқа адамдардың эмоцияларын тануға, қоғамда қауіпсіз қарым-қатынас орнатуға үйрету керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жаклин Б. Тонер, Клэр А.Б. Фриленд Депрессия: жеңіп шығып, алға жүр. Copyright by American Psychological Association. – Астана: Bilim Foundation. – 2018. – 164 б.
2. <https://baribar.kz/136833/bulling-degen-ne-zhane-onynh-qandaj-turleri-bar/>
3. Дэбби Глэссер, Эмили Шенк Жаңа мектеп, жаңа орта. Көшкенде және орта ауысқанда не істеу керек? – Астана: Bilim Foundation, 2018. – 100 б.
4. Калкеева К.Р., Джексембекова Г.С., Қыдырмолдина С.Т. Ересек-Ата-ана-Бала. – Нұр-Сұлтан: Bilim Foundation, 2021. - 48 б.
5. Калкеева К.Р., Изакова А.Т. және б. Skill: ең мықты қорғаныс деңгейі. Психологиялық

қауіпсіздік туралы. – Нұр-Сұлтан: Bilim Foundation, 2021. – 44 б.

6. <https://hr-portal.ru/varticle/zhiznennye-navyki-life-skills>

7. Овчарова Р. В. Практическая психология образования: учебник для вузов / Р. В. Овчарова. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. - 272 с.

8. Калкеева К.Р., Исаханова А.А., Махмуд А.Ж. Интернет майданы. Кибербуллинг дегеніміз не және өзінді одан қалай қорғауға болады? – Нұр-Сұлтан: Bilim Foundation, 2021. – 42 б. <https://5psy.ru> > [psihologicheskaya-pomoshh-podrostku](https://5psy.ru/psihologicheskaya-pomoshh-podrostku)



ӘӨЖ 159.923

## СУИЦИДТІК КӨРІНІС ЖӘНЕ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ МӘСЕЛЕСІ

Абдыбаева Гүльсара Мухашевна аға оқытушы, психология магистрі  
М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.

**Аңдатпа.** Осы мақалада девиантты мінез-құлық деңгейі мен қарым-қатынасы арасындағы байланысты анықталып, түзету жұмыстары арқылы олардың өзін-өзі бағалауын жоғарлатып, үйлесімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік тудыру мәселесі қарастырылған.

**Кілт сөздер:** қоғам, суицид, девиантты мінез-құлық, өзін-өзі бағалау, үйлесімді, конструктивті қарым-қатынас.

**Аннотация.** В данной статье определяется взаимосвязь между уровнем девиантного поведения и их соотношением, а также рассматривается вопрос повышения их самооценки и создания возможности для гармоничного общения посредством коррекционной работы.

**Ключевые слова:** общество, суицид, девиантное поведение, самооценка, гармоничные, конструктивные отношения.

**Annotation.** This article defines the relationship between the level of deviant behavior and their ratio, and also considers the issue of increasing their self-esteem and creating opportunities for harmonious communication through corrective work.

**Keywords:** society, suicide, deviant behavior, self-esteem, harmonious, constructive relationships.

Қоғамның барлық уақытында адамзаттың өміріне қажет емес формаларды және оларды таратушыларды жоюмен, оларды аластаумен күресті. Әдістері мен құралдары әлеуметтік-экономикалық қатынастармен, қоғамдық санамен, басқарушы элитаның қызығушылықтарымен анықталып отырды. Әлеуметтік «зұлымдық» ұғымы барлық кезеңдерде де ғалымдардың көңілдерін аударып отырды.

Суицид тақырыбы біздің бүкіл өмірімізге бойлай еніп, қай кезде болмасын өзінің көкейкестілігін жоғалтқан жоқ, қайта жас ерекшелігіне қарай оның маңызы арта түсті. Менің бұл адам шошырлық мәселені алғандағы себебімнің бірі, ол – осы суицид мәселесінің біздің қасіретімізге айналып бара жатқандығында.

Суицидке ұшыраушы адамдар әдетте, рухани күйзелістен зардап шеккен және стрестік күй-жайда болған, өз мәселесін шеше алмаған адамдар тобы. Олар жиі психикалық аурудан зардап шегеді, әсіресе депрессиялық күйде ұзақ болады және болашақтан өз үмітін кешеді. Суицид бүкіл әлемде өлімге алып келетін жетекші себеп болып табылады, сондықтан ол қоғамдағы өзекті мәселенің бірі деп есептеледі. Көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша, суицидтің ресми статистикасы оның нағыз санын бағаламайды.

Өзіне-өзі қол жұмсау – глобалды геополитикалық құбылыстарға қарағанда маңызсыз құбылыс болып есептелінеді. Ал шындығына келгенде ол қоғамда болып жатқан жағдайларға белгілі бір баға береді және сол қоғамның нағыз келбетін сипаттайтын құбылыс.

Адам баласы бір үмітпен өмір сүреді. Ол бір мақсат, бір арманның жолына түссе, болашақтан үміті болса ғана адамша ғұмыр кешеді. Қандай қиыншылықтар кездесе де, үмітінен көз жазбауға тырысады. Алданышы бар адам күресе де, жұбана да алады. Ал мақсат-мұратсыз адамның көрінгеннің жетегінде кететіні айтпаса да түсінікті. Ондай адамдардың баз кешіп, бағдарынан адасуы да оңай. Әлеуметтанушылардың зерттеуіне сенсек, суицид құрбандарының түгелге жуығы тіршілік қиындықтарының әртүрлі себептерінің кесірінен өледі екен. Бірақ өтпелі кезеңде кім қиыншылық көрмеді. Замана жүгі талай адамның еңсесін түсірді емес пе. Егер солардың барлығы қиыншылық көрдім деп өле берсе, қанша пенденің мерт боларын кім білсін?! Сондықтан кішкентай ауыртпалыққа шыдамай өзіне қол салғандардың көбісі психикалық ауытқуларға ұшырағандар болып табылады. Зардап шеккен адам ең алғаш өлу жайында ойлана бастағанда оның санасында сол арам ойына қарсы тұрарлық иммунитеттік түйсік тірілуі қажет. Сонымен қатар сыртқы ортадан да психикасына да әсер етіп, өлімнен бас тартқыза аларлық көмек керек. Егер олай болмаған күнде адам санасында о баста ноқаттай ғана болып енген «қара ойдың» вирусы ұлғая келе сананы толықтай меңдеп, ақыры алып тынады.

Суицидтің девиантты мінез-құлық ретіндегі жүйесін талдамай тұрып, ең алдымен девиантты мінез-құлықтың не екенін ажыратып алайық. Әлеуметтену процесі (белгілі бір қоғамдағы іс-әрекеттер, әлеуметтік ережелер мен құндылықтарды тұлғаның қабылдау процесі) тұлғаның әлеуметтік кемелденуіне жетудің нақты бір деңгейінің аяқталуы, ол тұлғаның интегралды әлеуметтік мәртебесін (адамның қоғамдағы орнын анықтайтын мәртебе) алумен сипатталады. Алайда, әлеуметтік процесс кезінде сәтсіздіктер мен жаңылулар да болуы мүмкін. Әлеуметтенудің жетіспеушілігінен ауытқымалы мінез-құлық пайда болады, ол – жеке тұлғалардың іс-әрекеттерінің теріс формалары, рухани кемістіктің саласы, принциптер және құқық пен моральдан ауытқу.

Әлеуметтанушылар ауытқымалы мінез-құлықты девиантты (латын тіліндегі «deviatio» - ауытқу) деп атайды. Ол барлық іс-әрекеттер немесе әрекеттердің ережеге сай еместігін көрсетеді. Кейбір қоғамда дәстүрден кішкене ғана ауытқулар қатты жазаланған. Барлығы бақылауда болған: шашының ұзындығы, киімінің пішіні, мінез-құлық тәртібі. Дәл осылай б.з.д. V ғ. ежелгі Спартаның қолбасшылары жүргізген.

Әлеуметтанудың құрамына арнайы әлеуметтік теорияны көрсететін «девиантты мінез-құлық социологиясы» пайда болды. Девиантты мінез-құлық әлеуметтануының тамырында француз ғалымы, француз социологиялық мектебінің негізін құрушы Эмиль Дюркгейм (1858-1917) болды. Ол «ескі ережелер мен құндылықтардың жаңа өмірге сай еместігіндегі және жаңа ережелер қабылданбаған қоғамның жағдайына» негізделетін әлеуметтік аномия түсінігін енгізді [1].

Девиантты мінез-құлық теориясының жеке ғылым болып құрылуы Р. Мертон мен А. Коэннің арқасында. Мертон қоғамның кейбір азаматтарының сол қоғамда белгіленген іс-әрекетке сай келмейтініне әлеуметтік құрылымның қандай түрткі болатынын анализдеді. Американдық социолог А. Коэн ауытқымалы мінез-құлықты «институционалданған күтулерге қарсы келетін мінез-құлық» деп атап көрсетті [2, 520 б.] Феноменологиялық социологияның өкілі ағылшын әлеуметтанушысы Д. Уолш «әлеуметтік ауытқушылық – маңызды деңгейдегі қосымша жазу мәртебесі» [3, 98 б.], яғни тек субъективті белгілер. Оның ойы бойынша, ауытқу – ол ішкі емес, белгілі әрекетке ие емес сапа, әлеуметтік бағалар мен санкцияларды қолданудың нәтижесі. Ауытқымалы мінез-құлықтың мұндай сипаттамалары оның табиғаты мен антиномаларының объективті сүйек жақындығын толығымен ашпайды.

Девиация мағынасына кең трактовканы Г. А. Аванесов береді: «Ауытқымалы мінез-құлықты қоғамда берілген нормалар мен типтеріне сай келмейтін әрекет деп түсіну қажет», яғни әрбір әлеуметтік нормаларының бұзылуы туралы [4, 257 б.].

Девиациямен күрес жиі сезімдер, ойлар, әрекеттермен күресті туғызып отырды. Әдетте ол нәтижесіз болып қала береді: уақыт өте келе ауытқулар қайта жаңғырады және ол өте жарқын түрде көрінеді. Көптеген қоғамда девианттық мінез-құлықты бақылау симметриялы емес: жаман жаққа бағытталған ауытқулар айыпталынады, жақсы жағына бағытталса, мақұлданады, қабыл алынады. Ауытқудың позитивті және негативтілігіне тәуелді, девиацияның бірнеше континуумын көрсетуге болады. Оның бір бөлігінде ауытқуы қабылданбайтын мінез-құлықты максималды көрсететін топ мүшелері: революционерлер, террористер, атеистер, сатқындар. Екінші бөлігінде ауытқуы максималды түрде қабылданатын топ мүшелері: ұлттық батырлар, көрнекті әртістер, ғалымдар, жазушылар, дамуы аса жоғары балалар.

Сонымен, қоғамды қойдың мақұлданбайтындығын, жақтырмайтындығын алып келетін барлық іс-ірекеттер девиантты деп аталады. Бұл кең топтағы көрінетін құбылыс: билетсіз жол жүру мен адамды өлтіруге дейін. Кең мағынада девиант – бұл ережеден ауытқыған немесе өз жолынан адасқан әрбір адам. Ауытқымалы мінез-құлықтың негізгі формасына құқықбұзушылықты, қылмыстылықты, маскүнемдікті, нашақорлықты, жезөкшелікті, өзіне-өзі қол жұмсаушылықты жатқызуға болады [5].

Өзіне-өзі қол жұмсау – глобалды геополитикалық құбылыстарға қарағанда маңызсыз құбылыс болып есептелінеді? Ал шындығына келгенде ол қоғамда болып жатқан жағдайларға белгілі бір баға береді және сол қоғамның нағыз келбетін сипаттайтын құбылыс. Сонымен қатар, суицидтің зерттеу пәнінің кең және жан-жақты статистикалық мәліметтерінің бар болуы Батыс әлеуметтанушыларына нағыз табысты тапсырады. Осыған қарамастан, өзіне-өзі қол жұмсауды зерттеудің маңыздылығын да ұмытпаған жөн. Өйткені, өзіне-өзі қол жұмсау санының әлеуметтік өлшемі жалпы өлім өлшемінен тұрақты тұрақтылығымен және арта түсуімен сипатталады, сондықтан оны зерттеуде ең алғашқы орынды өзіне-өзі қол жұмсаудың жалпы көрсеткіштері – қоғамда болып жатқан тоқыраулардың жауабы ретінде қарастырылады. Қоғамда болып жатқан әрқилы жағдайларды әрбір адам өзінше қабылдайды. Мен бұл жұмысымда тек объективті фактілерге және олардың қазақ қоғамына қалай әсер еткендігін, әлеуметтанушылардың мәліметтер жинағы мен олардың анализдеріне сүйене отырып жүргіземін.

Ең алдымен, өзіне-өзі қол жұмсаудың анықтамасын беруіміз қажет.

Бұл термин «өзін-өзі өмірден айыру ниетімен істелінген іс-әрекет» дегенді білдіреді, ал ғылыми әдебиеттерде өзіне-өзі қол жұмсау саналық, ойланып жасалынған деген мағынада қолданылады. Олай болса, өлім өз іс-әрекеттеріне жауап бере алмайтын немесе оларды басқара алмайтын адаммен жасалынған жағдайды субъектінің байқаусыз нәтижесін өзіне-өзі қол жұмсаған жағдайға емес, бақытсыз жағдай деп қарастырады. Осы өзін-өзі өлтіру құбылысының негізінде не жатыр?

Жұртшылық арасында психикасы бұзылып, сырқатқа шалдыққандарды қайтадан қатарға қосылмастай көретін теріс түсініктің бар екені де жасырын емес. Нақты өмір ақиқаты болса, одан көп өзгеше. Психотерапевт, психиатр мамандарға мезгілінде қаралып, тиімді ем алған жағдайда науқастардың көпшілігі айығып кетеді.

Қазақстанның бәсекелестікке қабілетті елу елдердің қатарына енеміз деп жатқанымызда бүйірімізден мұндай әлеуметтік аурулардың шығып жатуы оған да өз септігін көрсетіп жатқаны аз емес. Суицидті алдын-алуда мемлекетімізде кешенді ұйымдарды ұйымдастырсақ, басқа да әлеуметтік проблемаларға сияқты шын көңілімізбен қарасақ, бұл біз үлкен жетістіктердің бірі болары анық.

Бұл жерде біз тек психологиялық орталықтардың қызметіне ғана сүйенбей, сол орталықтармен бірлесе жұмыс істейтін әлеуметтік ұйымдарды да қарастыруымыз қажет. Бұл

ұйымдарды халық арасында кең таралуына жол беруіміз – біздің басты міндетіміздің бірі. Осындай ұйымдардың қызметі дұрыс бағытта жүргізіліп жатқаны туралы да ұмытпаған жөн.

Азаматтары арасында өзіне-өзі қол жұмсаудан ешбір мемлекет толығымен құтыла алмай отыр. Бірақ ол ауруды дер кезінде емдеп, оларға дұрыс көмек көрсететін болсақ, мүмкін біздің мемлекетіміз әлемдегі төртінші орынға емес, одан да төмен орынға ие болары анық.

Ең бастысы, әрқайсысымыз жанымыздағы құрбы-құрдастарымызды, туыстарымызды және де сүйіктілерімізді бағалайық. Оларға қолымыздан келетін бар көмекті, қолдауды көрсетейік. Сонда, бұл суицид деген әлеуметтік қатерді біз де жеңе аламыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. История социологии в Западной Европе и США, М., 1999.
2. Коэн А. Исследование проблем социальной дезорганизации и отклоняющегося поведения // Социология сегодня – М., 1965.
3. Новые направления в социологической теории. – М., 1978.
4. Аванесов Г. А. Криминология и социальная профилактика. – М., 1980.
5. Осипова О. С. Девиантное поведение: благо или зло // СоцИс, 1998, № 9.
6. А. Камю. Бунтующий человек - М., Политиздат, 1990.
7. Актуальные проблемы социологии девиантного поведения и социального контроля. – М., 1992.
8. Дуанабай Ж. Өздігінен өлетіндер неге көбейіп келеді? // Айқын. 2005, 26 шілде.
9. Балабанова Е. С. Социально-экономическая зависимость и социальный паразитизм: стратегии «негативной» адаптации / СоцИс, 1999, № 4.



ӘӨЖ 159.7

## СУИЦИД – ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЕР РЕТІНДЕ

**Абдыбаева Гүльсара Мухашевна аға оқытушы, психология магистрі  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.**

**Аңдатпа.** Осы мақалада девиантты мінез-құлық деңгейі мен қарым-қатынасы арасындағы байланысты анықталып, түзету жұмыстары арқылы олардың өзін-өзі бағалауын жоғарлатып, үйлесімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік тудыру мәселесі қарастырылған.

**Кілт сөздер:** қоғам, суицид, девиантты мінез-құлық, өзін-өзі бағалау, үйлесімді, конструктивті қарым-қатынас.

**Аннотация.** В данной статье определяется взаимосвязь между уровнем девиантного поведения и их соотношением, а также рассматривается вопрос повышения их самооценки и создания возможности для гармоничного общения посредством коррекционной работы.

**Ключевые слова:** общество, суицид, девиантное поведение, самооценка, гармоничные, конструктивные отношения.

**Annotation.** This article defines the relationship between the level of deviant behavior and their ratio, and also considers the issue of increasing their self-esteem and creating opportunities for harmonious communication through corrective work.

**Keywords:** society, suicide, deviant behavior, self-esteem, harmonious, constructive relationships.

Адамның өмірін қиюына әсер ететін алғашқы себептердің бірі ол әдетте, жақын қоршаған ортасымен байланысты – отбасы, ата-аналары, құрбы-құрдастары. «Өмір сүру немесе сүрмеу» сұрағына жауап беруші әрине ол адамның өзі. Психикалық күйзеліс кезінде оның өзін қалай ұстауы, күрделі өмірлік жағдайлар кезінде кезіккен қиыншылықтарды шешуде қандай таңдау жасайтындығы, психикасын жарақаттайтын жағдайлар кезінде берілмейтіндігі оның тұлғалық күшіне тәуелді. Өзіне-өзі қол жұмсайтын мәселемен байланысты басқа маңызды кезең – уақытша көрініс. Суицидтің себебін іздеу адамның өзінің немесе сол қоғамда тұратын өткен өміріне жиі алып келеді, ал болашақтың айқындалмағандығы немесе түзелмейтіндігі өзін-өзі жоюға деген ұмтылыстың белгісі немесе себебі екені анық.

«Қоғам» - «микросоциум» - «мен» байланысын уақыттық кеңістікте «өткен уақыт» - «қазіргі уақыт» - «болашақ» адамның қоғамдық даму тарихында аз немесе көп деңгейде аңғаруға болады. Кем дегенде, әлеуметтік себептермен тікелей байланысты өзіне-өзі қол жұмсаудың екі түрі бар.

Бірінші жағдайда, қоғам белгілі бір нақты жағдайларда өзінің мүшелерінен құрбандыққа шалынуын талап етеді және бұл әлеуметтік нормалар қоғамдық ережелердің, абырой мен құрмет кодексінің және мінез-құлық ережелерінің негізінде қаланған. Ежелгі дәуір кезінде өзін қоғамдық қызығушылықтар үшін құдай аттарына құрбандыққа шалу барлық дерлік халықтарда болған. Ашаршылық кезінде қарт адамдар ұрпақтың ары қарай жалғасуы үшін, ұрпақ өмірін сақтап қалу үшін өздеріне-өздері ұол жұмсап отырды, және табиғи апаттар, эпидемиялар, соғыстың тоқтатылуы үшін де жиі адамдар құрбандыққа шалынып отырды [1]. Көптеген ірі мерекелердің: әскери, соғыс әрекеттерінен бастап және қалаларды, қорғандарды және т.б. маңызды объектілерді салумен аяқтай келе адамның өмірі сәттілік алып келеді деп сенді. Мысалы, Жапонияда көпірді салу барысында оның негізіне көпірдің берік болуы үшін және өзен құдайы құрылысшылардың қажырлығына ашуланбасы үшін адам құрбаны «хитобашира» көмілген.

Өзіне-өзі қол жұмсауда қоғамда тәртіппен белгіленген «әміршінің» өлімінен кейін әйелінің және құлының өмірден ерікті кетуі міндетті болды. Ол көптеген елдерде әміршісіне не күйеуіне деген махаббат пен шынайы берілгендікті дәлелдеу болатын. Үндістанда «сати» дәстүрі күйеуінің өлімінен кейін оның денесімен бірге әйелінің денесін өртеу ХІХ-ғасырға дейін міндетті салт болып табылды. Әйелдердің өзіне-өзі қол жұмсауы өзінің ары мен зорлық және ұят болудан қашу үшін қоғамдық ережелердегі бекітілген болатын. Ер адамдарда өзіне-өзі қол жұмсауды талап ететін ардың басқа кодексі болды. Олардың маңызды бөлімдерінің бірі – соғыста жеңілгендігі үшін масқаралықты өтеу.

Өзіне-өзі қол жұмсау қоғам тарихында өзінің арын қайта құру құралы ретінде қорлық пен қаһарға қарсы тұруға бағытталған әдіс ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытқа дейін кейбір африка тайпаларында өзінің ар-намысын қорғау мақсатында өзіне-өзі қол жұмсау: қорлыққа ұшыраған адам салт бойынша, үлкен ағаштың жоғарысына мініп, тайпа алдында өкпелеткен адамға өз ашуын шығарып басымен жерге құлауы қажет. Жапонияда, иерархиялық биліктің шектен шығуынан төменгі деңгейде тұрған адамдар қарсылық мағынасында көп жағдайда өздеріне-өздері қол жұмсаған. Көптеген осы суицидтің «қоғамдық қолдауының» ұлттық-дәстүрлі формалары этнографтар мен тарихшылар үшін үлкен жетістік болды, бірақ өткеннің дәстүрлері қазіргі өмірмен сабақтасуда.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың деңгейін анықтайтын және қоғам өмірінің өткені мен қазіргі уақытын байланыстыратын әлеуметтік факторлардың маңыздыларының бірі – дін. Қоғам тарихында өмір үшін күрестің негізінде діни жаза жатыр.

Ислам өз өмірін қиюды қатал жазалайды және қазіргі уақытқа дейін мұсылман дінін уағыздаушы мемлекеттерде бұл құбылыс кездеспейді деуге де болады. Өзіне-өзі қол жұмсауды Құранда тыйым салынады. Бірақ, екі жақты талқылау өз өмірін қиюға рұқсат береді, және ол жағдайда бұл әрекетті (шахидтер) өзіне-өзі қол жұмсау деп санамайды.

Белгілі мағынада шахидтер өзіне-өзі қол жұмсаушылар болып есептелмейді, өйткені оның мақсаты басқа адамның немесе адамдар тобының өлімі болып есептелінеді. Бұл жағдайда шахид Алланың қан майданындағы жауынгер ретінде қарастырылады. Ислам дінінде өзіне-өзі қол жұмсаған адамның жаназасын шығармайтын, ол адамды басқалардан бөлек жерлейтін қағида бар [2, 46.]. Сонда ол о дүниенің де, бұл дүниенің де санатында жоқ болады.

Құран Кәрімнің «Ниса» сүресінде: «Көктегі әрі жердегі нәрселер Алланікі. Сондай-ақ Алла әр нәрсені меңгеруші» делінген. Бұнда адам өзіне қол жұмсағанда өзінің емес Алланың ісіне қол салады деген түсінік тууы керек. Алла өзі берген жанды өзі ғана алуға тиіс. Ал біздің кейбір телеарналар мен газеттер мұны ерлікке балап, насихаттап жатады. Өзіне-өзі қол жұмсаған адам күнәһар. Өзін өлтірсе де, өзгені өлтірсе де ол адамның өмірін қиды. Оның арасында ешқандай айырмасы жоқ. Бірақ, олардың көбісі өзіне қол салуды күнә деп есептемейді. Қисам мен өз жанымды қидым деп ойлайды. Сол өз жанының Алланың жаны екенін ұқпайды. Құдай берген жанды Құдай алуы керек дедік. Мен тіпті өлім жазасына да қарсымын. Қылмыскерді ешқашан да өлім жазасына кеспеу керек. Біреудің өмірін қиюға ешкімнің құқығы жоқ. Ол тек Аллаһтың ісі.

Иудаизм дінінде де өмірдің Құдай үшін құнды екені белгілі. Сондықтан діншіл еврейлер үшін құдайдан басту, өлім мен қан алмасудан басқа барлық діни заңдарды аттауға рұқсат берілді.

Христиан дінінде де алғашқы христиан-азап шегушілерінен кейін өзіне-өзі қол жұмсау арқылы Жаратушының алдына келуге қатаң тыйым салынды. Православты христиан діні өзіне-өзі қол жұмсауды үлкен күнә деп көреді. Өйткені, өзіне қол жұмсаған адам өлтіру мен үмітін ұзу сияқты екі күнәні бірдей істейді және ол тәубе етуіне ерік бермейді. Өзіне-өзі қол жұмсағандарға жерлеу кезінде жаназа айтылмайды. Өзіне-өзі қол жұмсаушылардың жаназасын діни қызметкер марқұмды ақылсыз деп таған жағдайда шығарады. Жалғыз ерекшелік ол есінен ауысқан адамдарға жасалады, өйткені олар ақылынан айрылғандар. Ерте кезде өзіне-өзі қол жұмсаушыларды молалардың сыртында көметін болған. Өзіне-өзі қол жұмсаушылар ана өмірдегі тозақта қорлық көреді. Бірақ, өз өмірін қию туралы Тауратта ешқандай жаза жазылмаған. Бұл қылық өз өмірін қиюшы адам басқа адамды немесе топты қорғау үшін жасалынса, онда ол өзіне-өзі қол жұмсау емес, өзін құрбандық шалу болып есептелінеді. Мұндай адам әулие азап шегушілермен қатар саналады. Бұл Христостың келесі сөздеріне негізделеді: «Кімде-кім өз жанын құрбылары үшін қиятын болса, бұдан асқан махаббат жоқ» (Ин.15,13) [3].

Қазіргі таңда Италия, Испания және Латынамерика елдеріндегі өзіне-өзі қол жұмсаудың ең төмен деңгейінің себебі осы елдердегі католицизмнің өз өмірін қиюды қатал жазалаудың салдарынан.

Индуизм, брахманизм және буддизм діндерінде өзіне-өзі қол жұмсауға тыйым салынбаған. Олар келесі доктринаны ұстанады: адамды өмірге байлайтын ол қиыншылық көрудің себебінен, өз қанынан айрылуға, жаңа өркениеттің соғысы мен варварлығына қарсы протестік акт түрінде будда монахтарының өзін өртеуі діни ережелердің құрамына кіреді.

Синтоизмде өзіне-өзі қол жұмсауға тыйым салынбайды, қайта ол сэппуку түрінде мақұлданады. Сэппуку өзіне-өзі қол жұмсаудың түрі жазалау түріндегі бұйрық немесе самурайдың намысына тиген уақытта самурайдың өз сюзереніне адал екенін көрсету жағдайларында ерікті жасалынып отыратын болған [4, 136 б.].

Чуваштардың өзіне-өзі қол жұмсау дәстүрі «тип шар» (құрғақ қасірет) салтымен байланысты. Жау-қастарының үйінің қақпасына алдында асылап өлу, арын таптағаны үшін кек ретінде есептеген.

Массалық өздеріне-өздері қол жұмсауға шақырушы немесе массалық өздеріне-өздері қол жұмсаған ресми діни бірлестіктер көптеген мемлекеттерде соттық тәртіппен қудаланады және құқық қорғау органдарымен десруктивті («Белое братство», «Халық Храмы») деп танып, оны жоюда көмек көрсетеді.

Қоғамда болып өткен ең үлкен массалық өздеріне-өздері қол жұмсаулар, төмендегілер:

- Б.з. I ғ.-да Массада тауының шыңында 1000 жуық еврейлер римдік құлдыққа қарағанда, өздеріне-өздері қол жұмсауды жөн көрді;
- XVII-XVIII ғ.ғ.-да ескі дәстүршілердің өздерін-өздері өртеуі;
- 1945 жылғы капитуляцияның шыққанынан кейін жапондықтардың массалық харакириі (бұл көрсеткіш әртүрлі деректерде 35 000 пен 200 000 адам аралығында көрсетіледі);
- 1978 жылы Джонстоун қаласында (Гайана) болған «Халық Храмы» сектасының массалық өлімі (912 адам);
- 1993 жылы «Давидов бұтағы» сектасының 87 адамы өздерін-өздері өртеді.

Осыдан барып, мемлекеттегі діннің әлсіздігі мен діни ережелер өзіне-өзі қол жұмсаумен тығыз байланыста болса, онда суицидалдық әрекеттің пайыздық өлшемі жоғары болады. Әлемдік діннің бірде-біреуі тұрмыстық өзіне-өзі қол жұмсауды игілік іс ретінде қарастырмайды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта өзіне-өзі қол жұмсаудың әйгілі түрі – Интернет жүйесінде адамдардың бір-бірімен келісіліп осы әрекетке түсуі.

Қазір Интернетте тек «тынымсыз шатпақтау» ғана модада емес, оған қоса, топтық өзіне-өзі қол жұмсауды ұйымдастыру. Бүкіл әлем бойынша ондаған әртүрлі тілдегі сайттар да өмірден кетудің әдістері туралы нұсқаулар беріледі. АҚШ, Жапония, Австралия және Батыс Еуропа елдерінің ішінде Интернеттен алынған насихаттың негізінде топтық өзіне-өзі қол жұмсау жүріп отыр. Мамандардың айтуынша, сайттардың жарнамасы мен философиясы психологиялық сендірудің элементтері негізінде өте жоғары деңгейде құрылған. Нәтижесінде, депрессиялық күйде жүрген адамдар бірге өлу ниетінің ортақ тілін табады.

Соңғы кезде әр жерден өзін-өзі өлтірушілер жиілеп барады. Ал Қазақстан халықтың жан басына шаққанда өзіне-өзі қол жұмсаушылардың саны бойынша әлемде төртінші орынды алып отыр, ТМД мемлекеттерінің ішінде екінші орынға ие. Бұл біздің енді дамып келе жатқан мемлекетімізге өте үлкен көрсеткіш.

Көптеген адамдарға кейбіреулердің өмірмен қоштасуына ешқандай себеп те жоқ сияқты көрінеді. Отбасы жағдайы бір қалыпты, жұмысы бар, тұрмысы тәуір адамдардың қайсыбірі ойламаған жерден өз өмірін қияды. Ондайда отбасы мен ағайын-туысқандары неліктен, қалай екенін біле алмай аңырап қала береді.

«Е, байғұсты қара басқан ғой, шамасы» дейтініміз де бар кей-кейде қазақы әдетпен.

Ғылым кейінгі кезеңдерде әлеуметтік үрейді, оның өрбу жолдарын зерттеуге көбірек ден қоя бастады. Әуелде онша мән берілмей, жеңіл-желпі сырқат саналса, енді ол күллі адамзаттың алаңдаушылығын туғызып, бас ауруына айналған. Шындығында оның із-түссіз кете қалатын кесел емес, адамның еңбек ету қабілетін жойып, жанын жегідей жеп, өмірден түңілдіруге дейін апаратын азабы терең ауру. Және қазір кең тараған.

Әрине бастапқы белгілері білінгеннен-ақ дәрігерге көрініп, ауруын ерте анықтатып, тиімді әдістермен емделген жағдайда ондай қайғы-қасіретті орағытып өтуге болар еді. Өкінішке орай емдеу мекемелерінің өзінде де әлеуметтік дерт қаупін жете бағаламаушылық, анық таныла тұрса да, жеткіліксіз емдеу секілді кінәраттар орын алып жүр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Коэн А. Исследование проблем социальной дезорганизации и отклоняющегося поведения // Социология сегодня – М., 1965.
2. Актуальные проблемы социологии девиантного поведения и социального контроля. – М., 1992.



3. Ақажанова А.Т. Девиантология [Мәтін] : оқу құралы / А.Т. Ақажанова. - Алматы : NURPRESS, 2014. - 126 б.
4. Әлқожаева Н. Девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс жүйесі [Мәтін] : Оқу-әдістемелік кешен / Н. Әлқожаева, Д. Ертарғынқызы. - Алматы : Қазақ университеті, 2013. - 80б.
5. Социально-психологические проблемы отклонений в поведении молодежи - Киев, 1984.



ӘОЖ 159.9

## СТУДЕНТ ЖАСТАРДА ӨМІРЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАҢСАҚ НАНЫМДАР

Мырқасымова М.А.

«Әлеуметтік психология» кафедрасы  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Аңдатпа.** Мақалада студент жастарда өмірлік құзыреттілік тұжырымдамасын қалыптастырудағы жаңсақ нанымдар мәселесі қарастырылады. Студенттердің кәсіби білім алу үрдісіндегі мотивация, қажеттіліктің маңыздылығы сипатталды.

**Кілт сөздер:** студент жастар, өмірлік құзыреттілік, жаңсақ нанымдар, мотивация.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема ошибочных убеждений в формировании концепции жизненной компетентности у студенческой молодежи. Характеризовалась мотивация, значимость потребностей в процессе профессионального обучения студентов.

**Ключевые слова:** студенческая молодежь, жизненная компетентность, заблуждения, мотивация.

**Annotation.** The article deals with the problem of erroneous beliefs in the formation of the concept of life competence among students. The motivation and importance of needs in the process of professional training of students were characterized.

**Keywords:** student youth, life competence, misconceptions, motivation.

ЖОО білім алу студенттің кәсіптік қалыптасудың маңызды кезеңдерінің бірі, өйткені бұл болашақ мамандығы мен оған қатынасын білдіретін адекватты көріністердің қалыптасуының негізінде дамиды. Біздің қоғамдағы болып жатқан өзгерістер, қазіргі студент тұлғасының құндылық-мотивациялық өрісінің арақатынасы мен қалыптасқан категориялары мен түсініктерінің мағыналық-мәндік аймағын анықтайды. Оқыту процесіндегі студенттердің танымдық іс-әрекеті нәтижесінде студенттердің этностық топтарындағы қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық механизмдерін белсендіру негізінде ЖОО қазіргі кездегі білім беру технологияларын тиімді қолдану осы мәселенің тиімді шешілуін көрсетеді.

Мотивация феномені адамдардың белсенділігінің қарқындылығы мен бағыттарын анықтайтын психикалық процестердің, олардың құрылымы мен функцияларының жиынтығынан тұрады. Мотивация феномендеріне мотивтер, әртүрлі мотивациялық факторлар, ең алдымен, қажеттіліктер, сонымен бірге сезім, еріктің көрініс беруі және тұлғаға тән сапалар жатады.

Адам белсенділік мотивінің негізгі қайнар көздерінің бірі болып қажеттіліктер алынады. Жеке бөлініп алынатын қажеттілік – бұл орта мен тұлға (организм) арасындағы заттық алмасу және ақпараттық динамикадағы саналы спецификалық көп немесе аз дефицитті сезіну. "Қажеттілік" синонимдері ретінде "мұқтаж", "жетіспеушілік", "кемшілік",

кейбір кездерде "қызығушылықтар" сөздері қызмет атқарады. Өмір көп жағдайларда қажеттіліктерді қанағаттандыру процесінен тұрады. Қажеттіліктердің артықшылығы зат алмасу сияқты субъекті тіршілігіндегі фундаменталды жағдай. Өзінің бастапқы биологиялық формасында қажеттілік организм күйі, оның өзінен тыс тұратын, оның объективті мұқтаждығын анықтайтын толықтауыш.

Адамның биологиялық қажеттіліктері де даму мен әлеуметтенуге ұшырайды. Адам қажеттіліктерінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі, оларды іс-әрекет және басқа адамдардың іс-әрекеттерінің нәтижесінде қанағаттандырады [1]. Оларды қанағаттандырудың маңызды алғышарттарының бірі болып дербестік және оның тұлғаның мотивациялық өрісі алынады.

Қажеттіліктер спектрі өте бай және әр алуан. Әртүрлі зерттеушілер олардың бірнеше ондаған түрлерін ажыратады. Адам қажеттіліктерінің саны тұлға және организм ретінде соңғы болып саналмайды.

Тұлғаның мотивациялық өрісінің, яғни мотивті адамның белсенділігінің себептері ретінде түсіндірудің алғашқы талпыныстары антикалық дәуірден басталады. Аристотель өзінің «Жан туралы» трактатында жан функцияларының ішінен «бір нәрсеге» деген немесе «бір нәрседен» адамның танымдық ұмтылысын бөліп керсетеді, ал Платон мотивтердің шиеленісін жанның ақылды бөлігі мен ашкөз бөлігі арасындағы күрес ретінде қарастырады.

Мотивтер тек қанағаттандырылмаған қажеттіліктер базасында ғана пайда болмайды, кейбір мотивтер қажеттіліктерге қарамастан қалыптасуы мүмкін. Сонымен бірге, психологияда мотивация түсінігінде жиі қолданылады. Ол мотивпен шарттасқан адамдар мен жануарлардың мінез-құлқындағы мотивтердің қайта жасалуы мен өзара әрекетін, функциясын, қалыптасуы процестерінің жиынтығын білдіреді. Мысалы: белгілі бір уақыт аралығындағы қандай да бір іс-әрекетті басқаратын әртүрлі мотивтердің кешені, мотивация туралы айтылады. Кей жағдайларда "мотивация" мен "мотив" синонимдер болып табылады.

Мотивация құрылымына мотивке итермелейтін факторлар енеді. Мінез-құлықты реттеуде өздерінің көрініс беруі мен функцияларына байланысты бұл факторлар өз алдына салыстырмалы дербес кластарға бөлінеді [2].

Бірінші класс факторлары (қажеттіліктер мен инстинктер) белсенділіктің қайнар көздері болып табылады. Оларды талдау неге организм белсенділік күйіне өтеді деген сұраққа жауап береді.

Ал, мотивке итермелейтін екінші класс факторлары мінез-құлықтың бір актісі басқалардан не үшін таңдалады, яғни организм белсенділігінің бағыттылығын анықтайды.

Мотивке итермелейтін үшінші класс факторлары бұлар, эмоциялар, субъективті көңіл-күйлер (ұмтылыс, ниет) және бағдарлар. Олар мінез-құлық дамуын реттеу қалай жүзеге асады деген сұраққа жауап береді.

Адам мотивациясы жануарлар мотивациясынан мынандай өлшемдері бойынша ерекшеленеді: әлеуметтік шығу тегі бар ( қоғам мұқтаждығына жауап береді, тарихи, өзгермелі, тәрбиеге бағынады), ақыл-ой, тіл, санамен байланысты, организм күйіне тәуелді емес, алыс мақсаттарға бағытталған, иерархиялық сипатта болады, өмір мотивтер жиынтығымен реттеледі. Бірақ бұл айтылғандардың барлығы адамның жоғары мотивациясының құрылымында биологиялық мотивацияның сақталуын жоққа шығармайды.

Қажеттіліктер – адамда немесе жануарда қалыпты өмір сүруге және дамуына жетіспейтін белгілі жағдайдағы мұқтаждық күйі, дефицит. Ағзаның эволюциялық дамуы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оның қажеттіліктері көп болады. Қажеттіліктердің негізгі сипаттамалары: күш, пайда болу жиілігі, қанағаттандыру тәсілі, заттық мазмұны. Қажеттіліктер органикалық, материалдық, әлеуметтік және рухани болады [3]. Қажеттілік-іс-әрекеттің алғы шартын құрайтын бала белсенділігінің бағыттылығы және психикалық жағдайы. Бірақ қажеттілік өз бетімен іс-әрекеттің түрін анықтамайды, ол әртүрлі әрекет құралдарымен және жолдарымен қанағаттандырылуы мүмкін. Оның қанағаттандырылуы

дәрежесі адам әрекетімен анықталып, қажеттіліктің заттануына әкеледі. Олай болса, адамда қажеттіліксіз мотивтің болмайтындығын айқын дәлелдеуге болады.

Мотив – қажеттілікті қанағаттандырумен байланысты, іс-әрекетке деген ұмтылыс, субъектінің белсенділігін көрсететін және оның бағытын анықтайтын, сыртқы және ішкі шарттар бірлестігі. Мотивтер сипаттамалары: кендігі – белгілі бір тұлғаның мотивациясының алуан түрлілігі; иілгіштігі – тұлғаның мотивацияны әр түрлі тәсілдермен қанағаттандыру қабілеті. Мотивтің іс-әрекет мазмұнына қатынасы адамның әр түрлі іс-әрекет мотивациясының маңызды сипаттамасы болып табылады. Ішкі мотивация кезінде іс-әрекет адам үшін тұлғалық мәнге ие. Қызығушылық – бағдарлы-зерттеуден басқа, қандай да болмасын қажеттілікпен нақты байланысы жоқ таным мотивациясы ішкі мотивацияның ерекше түрі болып табылады. Сыртқы мотивация кезінде іс-әрекет басқа қажеттіліктерді (жалақыға, әлеуметтік престижге, т.б.) қанағаттандыруға қажетті құрал болып табылады. Сыртқы мотивация оң (сәттілікке ұмтылыс) және теріс (сәтсіздіктерден қашу) болуы мүмкін [4].

Әрбір мотивтің жалпы сипаттамасы оның күші болып табылады. Ол мотивтің өтетін жүріс-тұрысқа жасайтын психологиялық “қысымынан” және осы жүріс-тұрысты өзгерту қабілетінен байқалады. Мотивация күші бірнеше факторларға байланысты болады.

Тұлғаның мотивациялық өрісін оның қажеттіліктері мен қатар мақсаты да айқындайтындығын жоғарыда атап көрсеттік. Субъективті түрде адам үшін мотив тілектер мен ниеттер – мақсатқа жету жағдайының өзгеруінен өзгертін, өзекті эмоционалды күйі болып келеді. Мақсат – іс-әрекеттің жақындаған күткен нәтижесі, заттанған мотив (мотивті қанағаттандыруға жарамды зат). Ол әрқашан зейіннің орталығында болады, барлық таным процестерін өзіне “тартады”, яғни зейін алдымен мақсатқа қатысы бар, оған жетуге көмектесетін немесе кедергі болатын заттар мен ойларда шоғырланады.

Психоаналитикалық теорияның өкілдерінің көрсетуінше, адамдар күрделі энергетикалық жүйе болып табылатын көріністерге негізделеді. З.Фрейдтің есептеуінше, адам мінез-құлқын бір энергия белсендіреді. З.Фрейд энергияны сақтаудың жалпы принциптерін психологиялық терминдер тіліне аудара отырып, психикалық энергияның қайнар көзі қозудың нейрофизиологиялық күйі деген тұжырымға келеді. Әрбір адамда белгілі шамада психикалық белсенділікті қоректендіретін энергия саны болады. Белгілі бір орында энергияның шоғырлануы қозу туғызады, себебі ол басқа жерлерде жетіспеуі мүмкін. Индивидтің қандай да бір мінез-құлық формасы жағымсыз қозуды азайтудан тұрады. Осылайша, Фрейд теориясына сәйкес, адамның мотивациялық өрісі қажеттіліктердің негізінде туындаған қозу энергиясына негізделеді. Психикалық энергияның негізгі саны қажеттіліктер негізінде туындаған қозу деңгейін азайтуға мүмкіндік беретін организм іс-әрекетіне бағытталады. З.Фрейдтің бекітуінше, қандай болмасын адамның танымдық іс-әрекетінің белсенділігі (ойлау, қабылдау, ес және қиял) инстинктермен анықталады. Адам мінез-құлқына бұлардың әсерлері тікелей, жанама және жасырын түрде болуы мүмкін. Инстинктер “қандай болмасын белсенділіктің соңғы себебі” болып табылады [5]. Автор негізгі екі инстинктер тобы, өмір мен өлімнің бар екендігін мойындайды.

Гуманистік теорияның көрнекті өкілі А.Маслоу мотивацияның «тұлғалық» теориясы негізінде өзін-өзі өзектендіру концепциясын жасаған. Бұл концепция бойынша, әрбір адамда өмірге келген сәттен бастап, белгілі бір қажеттіліктер жүйесі дамып отырады. Олар өзара иерархиялық деңгейлерге бөлініп орналасқан. Қажеттіліктердің деңгейі неғұрлым төмендеген сайын, оның адам өмір сүруі үшін маңыздылығы күрделеніп, адам мінез-құлқының қозғаушы күші ретінде маңызы артады [6]. Осы төмендегі деңгейдегі қажеттіліктер өтелген кезде ғана одан жоғары орналасқан қажеттіліктер бой көтере бастайды.

К.Левин тұлғаның мотивациялық өрісінің ситуативтік дамуына өз мектебінде зерттеулер жүргізді. К.Левин бойынша, субъекті мінез-құлқы тұлға мен қоршаған ортадан тұратын,

өмірлік кеңістікпен анықталады. Тұлға - бір-бірімен түйіспейтін көптеген облыстардың жүйесінен тұрады. Әрбір облыс қажеттілікке және квазиқажеттіліктерге сәйкес келіп, белгілі бір күшке ие. Квазиқажеттілік мақсатқа жеткенге дейінгі мінез-құлықты анықтайды.

Мотивация механизмдері психикалық бейнелеу деңгейінде тек эмоцияның тууын ғана емес, оның дамуын да анықтайды. Автор бұл механизмдер мотивациялық бағдарлармен байланысты жетекші эмоцияның тууын қамтамасыз етумен қатар, бұлардың әрқайсысы шартты эмоцияны тудыруға қабілетті болады деп көрсетеді және эмоцияның ауысуы ситуативтік мотивацияның дамуының универсалды механизмі болып есептелінеді деп тұжырымдайды.

Мотивациялық суммация – бұл эмоционалдық көңіл-күйдің өзара әрекеті, олардың қосылуы мен өзара өшуі болып табылады.

Кез-келген іс-әрекет қажеттіліктерден басталады. Олардың бәрі пайда болу жағынан биологиялық болса да, студенттердің өзара бірлесіп әрекетті атқаруына негізделеді, әлеуметтік келісілген процеске айналады. Қажеттілік – іс-әрекеттің алғы шартын құрайтын бала белсенділігінің бағыттылығы мен психикалық жағдайы екендігін жоғарыда шетел ғалымдарының еңбектеріне жасалған шолу көрсетті және бұл мәселе төңірегінде айтылатын пікірлер келесі отандық психологтардың еңбектерінде де кездеседі.

Студенттердің танымдық іс-әрекет мотивациясына жалпы мағыналық қор құру мен жаңсақ нанымдардың әсерін зерттеу болды. Білім беру процесінде субъектінің даралық-тұлғалық ерекшеліктерінің этнопсихологиялық мазмұны Қазақстан Республикасының даму жағдайында әрқашан өзекті мәселе болып табылады.

Студенттердің танымдық іс-әрекеті мотивациясына жалпы мағыналық қор құру мен жаңсақ нанымдардың әсерін зерттеу мәселесі бойынша теориялық-әдіснамалық негіздерін талдау барысында танымдық іс-әрекет мотивациясына жалпы мағыналық қордың құрылуы мен жаңсақ нанымдардың өзара байланысы мәселелері анықталды. Тұлға сипаттамасы әлемге анализ жасауға бағытталаған (С.Л.Рубинштейн), қоршаған шындықты қабылдауға қабілеттілігі (Л.И.Анциферова), тікелей семантикалық іс-әрекет (А.Н.Леонтьев) сипаттамасы әлемді бейнелеу қабілеттілігіндегі оның негізгі функциясын көрсетсе, тұлғаның белсенді іс-әрекеттің субъектісі ретінде (К.А.Альбуханова-Славская), шығармашылық өнімді өндіруші (В.В.Давыдов) және өзінің саналы жұмысының нәтижесінде өзгеруші (О.А.Конопкин, Е.И.Исаев) ретінде тұлғаны іс-әрекетті саналы қайта құруға қабілетті белсенді субъекті ретінде суреттейді.

Біріккен-диалогты танымдық іс-әрекет концепциясын негізге ала отырып, зерттеу барысында студенттердің танымдық іс-әрекеті процесіндегі жалпы мағыналық қордың құрылуы мен жаңсақ нанымдардың өзара байланыс ерекшеліктерінің қалыптасуындағы мәселелерінің шешімін таптық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Хакхаузен Х. Мотивация и деятельность / Под ред. Б.М. Величковского. -М.: Педагогика, 1986.- Т. 1,2.
2. Леонтьев Д.А. Очерк психологии личности. - М., 1993.
4. Францева О.А., Ковалева Е.А., Тарасенко Е.А. Мотивационно-потребностные особенности современных студентов. Тезисы Всероссийской конференции. Хабаровск.: ДВГУПС, 2001. С. 220.
5. Фрейд З. Введение в психоанализ: Лекции.- М.: Наука, 1991. 456 с.
6. Маслоу А. Самоактуализация // Психология личности. Тексты. / Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтера, А.А. Пузырей. М., 1982. С. 108-117.
7. Тихомиров О.К. Структура мыслительной деятельности человека. - М., 1969. - 304 с.
8. Выготский Л.С. Мышление и речь. Собрание сочинений: В6-ти томах.- М.: «Педагогика», 1982. – Т. 3. С. 5-314.

9. Общая психология: Учебник/ под ред. Р.Х. Тугушева и Е.И. Гарбера. – М.: Издательство Эксмо, 2006. – 560 с. – (Образовательный стандарт XXI)

10. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002.–116 с.



УДК 159.98

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТӘУЕЛДІЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Мырқасымова М.А.

«Әлеуметтік психология» кафедрасы

М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті

**Аңдатпа.** Мақалада жасөспірімдердің тәуелділік мінез-құлқын психокоррекциялау ерекшеліктері қарастырылады. Тәуелділік мінез-құлқын түзету мен алдын алуда мотивация, қабылдау, эмоция, әлеуметтік ауытқу сияқты тәуелділіктің психологиялық аспектілерімен жұмыс жүргізу маңызды.

**Кілт сөздер:** жасөспірім, тәуелділік, әлеуметтік ауытқу, психокоррекция.

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности психокоррекции зависимого поведения подростков. В коррекции и профилактике аддиктивного поведения важно работать с психологическими аспектами зависимости, такими как мотивация, восприятие, эмоции, социальное отклонение.

**Ключевые слова:** подростковый возраст, зависимость, социальное отклонение, психокоррекция.

**Annotation.** The article discusses the features of psychocorrection of dependent behavior of adolescents. In the correction and prevention of addictive behavior, it is important to work with the psychological aspects of addiction, such as motivation, perception, emotions, social deviation.

**Keywords:** adolescence, addiction, social deviation, psychocorrection.

Тәуелділіктерді психокоррекциялау қазіргі қоғамның өзекті және күрделі мәселесі болып табылады. Тәуелділіктер есірткі мен алкогольден құмар ойындар мен әлеуметтік желілерге дейін болуы мүмкін. Олар адамдардың денсаулығына, әлеуметтік жұмысына және өмір сүру сапасына теріс әсер етеді, сонымен қатар жалпы қоғам үшін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Оқушылардың жеке басы мінез-құлық үйлеспеушілігін зерттеу нәтижесінде келесі қорытынды жасадық. Оқушылардың мінез-құлық үйлеспеушілігінің анық байқалатын кезі жеткіншектік жас кезеңі. Оның бірнеше себептері бар. Жеткіншек жасында кездесетін үйлеспеушілік әлеуметтік және психофизиологиялық себептермен байланысты орын алуы мүмкін. Жеткіншек жас кезеңдерін зерттеушілер балар дамуында болатын ауытқулардың себептерін анықтап, оны сыныптастырған. Ең жиі кездесетін ауытқулар агрессия, акцентуация болып табылатыны анықталған. Мінез-құлық ауытқуларына себеп болатын факторлар келесі деп анықтадық: - аффективті спектрлар ауытқуының өсуі (психосоматикалық себептер, терең эмоциялар, депрививті жағдайлар); - отбасындағы ауыр психологиялық жағдайлар; - баланың өзіне және өміріне қанағаттанбауы; - өз құрбыларымен, үлкендермен және өзінен кішілермен қарым-қатынас құруға қинал атындығы; - үлгерімі нашарлығы. Мінез-құлықта нормадан ауытқулар анық байқалатыны диагностикаланды. Мазасыздану деңгейі жоғары болған балалардың саны кейбір көрсеткіштер бойынша 31-32-ге дейін болды (зерттелінген 32 баланың ішінде). Бұл өте жоғары көрсеткіш екені дәлелдеуді талап етпейді.

Психодиагностикалық әдістемелерді балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп алып, зерттелінушілерге оны қолданудың мәні мен маңнасы түсіндірілді. Оқушылар зерттелінуге ризашылығын білдіріп, оның нәтижелеріне қызығушылықтары анық байқалды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абрамова Г.С. Практическая психология. - М., 2001.
2. Асмолов А.Г. Психология личности. - М., 1990.
3. Бабасов Е.М. Конфликтология. Минск, 2000.
4. Батаршев А.В. Тестирование. Основной инструментарий практического психолога. Ростов-на-Дону, 2000.
5. Возрастная и педагогическая психология. Под ред. М.В.Гомезо. - М., 1995.
6. Выготский Л.С., Лурия А.Р. Этюды по истории поведения. - М., 1993.



ӘӨЖ 37.042

### ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейтжапарова Айжан Дауытбаевна, педагог-психолог  
№44 жалпы орта білім беретін мектеп, Қазақстан, Мерке ауданы

**Аңдатпа.** Мақалада өзіне-өзі қол жұмсау, жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтары, әлемдік суицидтік деректер, мазасызану, жасөспірімдердің агрессия себебі, психологиялық ерекшеліктері, суицидтік мінез-құлықтың себептері және оған әсер етуші факторлар туралы айтылады.

**Кілт сөздер:** жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтары, суицидтік мінез-құлықтың себептері, өз-өзіне қол жұмсау, психологиялық күйзеліс, агрессия.

**Аннотация.** В статье рассказывается о самоубийстве, суицидальном поведении подростков, мировых суицидальных данных, тревожности, причине подростковой агрессии, психологических особенностях, причинах суицидального поведения и влияющих на него факторах.

**Ключевые слова:** суицидальное поведение подростков, причины суицидального поведения, суицидальные наклонности, психологический стресс, агрессия.

**Annotation.** The article tells about suicide, suicidal behavior of adolescents, world suicidal data, anxiety, the cause of adolescent aggression, psychological characteristics, causes of suicidal behavior and factors influencing it.

**Keywords:** suicidal behavior of adolescents, causes of suicidal behavior, suicidal tendencies, psychological stress, aggression.

Тұлға қауіпсіздігі – қазақстандық қоғамда басты құндылықтардың бірі болуы тиіс. Бала мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оны тәрбиелеумен қатар ана-аналарға тәлім-тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы, оларда орын алатын жағымсыз мінездерді қайта құру жолдары, оқыту мазмұнын балаларға толық меңгертудегі отбасының көмегі, сонымен қатар басқа мәселелер бойынша көптеген проблемаларды түсіндіру мектеп қызметкерлеріне жүктеледі. Мектепте психологиялық қызмет құрылуымен байланысты психолог – ата-аналар арасында психологиялық ағарту жұмысын басқаратын адам. Сондықтан әр психолог өз жұмысының мазмұнын анықтағанда отбасымен жүргізетін іс-шаралар жүйесін толық қамтуға тиіс. Ата-анасына балалардың мінез-құлқын, бейімділігін,

сынып оқушыларымен қарым-қатынасын, қоғамдық жүктемені орындауын, түзету, сабаққа ынта жігерін айта келіп, осы отбасына тән ерекшеліктерді ескертуі керек. Мінез түрлілігі сияқты әр отбасы айтқан ойларды әр түрлі қабылдап жатады. Бірі ілтипат көрсетсе, кейбіреулер жақтырмайды. Психолог сынып жетекшісі мен ата-аналар арасында байланысты күшейте түсуіне жағымды ықпал ете алады.

Шетелдік ғалымдардың айтуынша, шын мәнінде, өзіне-өзі қол жұмсауды ойлаған адамдар өмір сүргісі келіп, көмек іздеп шарқ ұратын көрінеді. Әрине, өмір деген тәтті ғой шіркін. Бағалай білген адам оның әрбір сағаты мен минутын алтын берсе де айырбастамас еді. Өйткені, өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Өлшеніп берілген ғұмырды өкінбестей өткізу адамға парыз. «Ашу дұшпан, ақыл дос» деп бұрынғылар дұрыс айтып кеткен. Сондықтан, кез-келген нәрсеге сабырмен қарап, әр қимылыңды жеті рет өлшеп, бір рет қиған ләзім. Мұндайда ойдағы әзәзілден, бойдағы шайтан қылықтан, жүректегі кірден ақыл мен иман ғана құтқара алады [1].

Соңғы 15 жылдықта 15-24 жас аралығында өз-өзіне қол жұмсау 2 есеге артты, экономикасы дамыған елдерде бұндай жағдайлар жиі кездеседі. Зерттеу эксперименті бойынша өз-өзіне қол жұмсау ырықсыз түрде пайда болатыны анықталды. Бұндай әрекет жастық шаққа тән. Осы күнге дейін суицидтік әрекет толық зерттеген адам жоқ. Ересек адамдардың 10 - нан біреуі ғана, жасөспірімдердің 50 - ден 1-уі суицидтік әрекетке бейім болады. Бірінші рет іске аспаған суицидтік әрекет, екінші рет қайталана бермейді, мысалы, 10-20 жас ер балалар арасында 10 пайыз, қыз балалар арасында 3 пайыз құрайды. Жыл сайын 10 - 20 миллион адам суицид жасауға бекінеді. Олардың бір миллионға жуығы жарық дүниемен қош айтысады. Алдыңғы қатарлы суицид жасаушылардың отаны ретінде, басқасын айтпағанда көрші мемлекеттер Ресей мен Қытай және Қазақстанды айтуға болады.

Қазіргі кезде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде үшінші орынды алады. Ал осыдан үш жыл бұрын деректер бойынша Қазақстан бесінші орында болған. Әлемде жыл сайын бір миллиондай адам өзін - өзі өлтіреді. Бір миллион адамның 8 мыңы Қазақстандықтардан тұрады. Бұл дегеніміз әрбір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді. Елбасымыз «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында» (7/30-б) десе өкініштісі, суицид жасаушы еліміздің болашағы деп санаған жас буын өкілдері [2].

Бала жарық өмірге еш қорғансыз, дәрменсіз, періште қалыпта келеді. Оның өмірі мен денсаулығы, болашағы оның айналасындағы ересектерге тікелей байланысты. Махаббат пен ізгілік аясында есейген, ержеткен, өсіп-өнген бала кейін айналасына да көп жақсылық әкелмек. Ендеше, ата-ана мен бала арасында шынайы адал сүйіспеншілік, рухани жақындастық, екі жақты өзара сыйласымдылық, сенім болған жағдайда бала өз көзқарасы мен ақыл-ой тұрғысында нық тұрып, болашақта ата-анасының мықты тірегіне айналмағы сөзсіз.

Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр. «Суицид» латын тілінен алынған «өзін-өзі өлтіру, өзіне қол салу» деген мағынаны білдіреді. Суицид термині итальян психологы Г. Дэзен 1947 жылы енгізіп, оны "Өзін-өзі өлтіруге әрекет ету" - деп түсіндіреді.

Суицид жан жүйесі қатты күйзелген кезде, не психикалық аурудың ықпалымен адам жасайтын өзін-өзі өлтіру әрекеті. Бұндай мінез-құлық жасөспірім шақта 13 жастан бастап байқалады. Статистика бойынша суицидтік мінез-құлық 14-28 жас аралығында 30 пайыз, жасөспірім шақта 6-10 пайыз құрайды. Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады. Жасөспірімдер басқалардан көмек күту мақсатында суицидтік әрекетті демонстративті түрде көрсетіп, жан-жақтағыларын қорқытады.

Соңғы жылдары мазасыздану мен суицид мәселесі қоғамда кеңінен етек алып бара жатқандығы кімді де болса ойландырмай қоймайды. Себебі адамзат өміріне ғылыми

техникалық прогреспен тек қуанышты жаңалықтар, жаңа ашылымдар, жетістіктер ғана емес, адам өмірінің барлық саласына қиындықтар, күрделі мәселелер, стрестік жағдайлар да қатар енді. Соның нәтижесінде соңғы он жылдықта жасөспірімдер арасында да психологиялық деңгейде мазасыздану күштену, тынымсыздану, уайым, сәтсіздіктер мен жағымсыз жағдайларды сезінуі балалардың орынсыз қиналуы ата-анаға не үшін қиналып жүргенін айтпауы көптеп кездесуде.

Балалардың өміріндегі күрделі мәселелерін өз беттерінше шешуге дайын еместігі психикалық стресс алуы, әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен отбасында психикалық күш жұмсауды туғызды. Бұл отбасындағы барлық бала психикасына да әсер етпей қойған жоқ, әсіресе жеткіншек жастағы балалардың орынсыз мазасыздануына әкелді. Дамудың әр түрлі кезеңіндегі мазасыздану, жасөспірім жастағы жеткіншектердің эмоциялық сферасының даму заңдылықтарын түсіну үшін де маңызды. Көптеген психологтар мен практик психологтардың зерттеулерінде жеткіншектердегі психикалық қиыншылықтары мен даму барысындағы жағымсыз ерекшеліктердің негізгі себептерінің бірі мазасыздық туралы көптеген ғалымдардың пікірлері мен теориялық тұжырымдамалары белгілі [4].

Қазіргі таңда жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алуда отбасы, мектеп, педагог, психолог, әлеуметтік педагог басты рөл атқарады, олар жасөспірімдерді суицидтік әрекетке жеткізетін көңіл-күймен күресуде ата-аналармен жұмыс атқарады және оларға көмек береді. Ата-аналарды өз баласына сауатты көмек көрсетуі үшін, оны түсінуі мен қолдау көрсетуінде қажет, жеткілікті біліммен қаруландыру керек. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті неғұрлым мол болған сайын, олар өз балаларына жалпы адамзаттық және адамгершілік құндылықтарды соғұрлым көп меңгертеді.

Ата-аналар тәрбиеде шыдамдылықты талап ететіндігін мойындайды. Бірақта оған арнайы білім қажеттігін жұрттың бәрі біле бермейді. Бала әрдайым ата-ананың аялы алақанын қажетсініп тұрады. Қиындықтар туған сәтте ата-анасының тарапынан қолдау тауып, үлкен сенім артылған бала ісі оңға басады. Әрине, әр ата-ана баласына деген сезімін түрліше жеткізеді. Қандай жағдай болмасын, баланың өзіне деген сенімін тудырып, қолдап отыру керек. Бала бір істен қателескен жағдайда оған шыдамдылық көрсету керек. Сондықтан әр баланың өзінің жеке басының ерекшелігін, ешкімге ұқсамайтын кейбір қасиеттерін сезіну керек. Кейде бала бір сәтсіздіктерге ұрынады. Ал ата-ана қатты уайымдап, баланың еш нәрсеге икемі жоқ, қабілетсіз деген асығыс қорытындыға келеді. Осыдан баланың өзіне деген сенімі күрт жойылады, қолын қусырып, кездескен қиыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады. Мұндай жағдайда ата-ана баласының жай ғана талпынысының өзін қолдап түсіне білуі керек. Ең бастысы, бала, біздің оны қалай бағалайтынымызды және одан не күтетінімізді сезінуі және түсінуі тиіс.

Жасөспірімдердің агрессия себебі:

- эмоциялық зақым әкелетін жағдайдың болуы және одан шығудың мүмкін болмауы;
- өзінің керек еместігін сезіну;
- ата-аналардың агрессияны қолдауы балалардың үнемі осындай мінез-құлық көрсетуіне алып келеді;
- ата-аналардың балаларынан бас тартуы;
- болашақ алдындағы қорқыныш.

Психологтың жұмысы кеңес беруге бағытталады. Психотерапиялық жұмыс агрессия табиғатына байланысты болады. Бір жағынан агрессияны елемей, оған көңіл аудармау керек болса, екінші жағынан, агрессиялық мінез-құлықты ойын контекстіне кіргізу керек, ал үшіншіден, ойын арқылы агрессияның сыртқа шығып, мәселенің жағымды шешілуіне бағдарлану керек. Кіші мектеп жасындағы балалар үшін арт-терапия, сюжеттік-рөлдік ойындар жақсы әсер етеді.

Бірақ ата-аналардың осы мүмкіндіктерді дұрыс қолданбауының себептерінен бала тек қана мұндай көңіл бөлушілікті мектепте мұғалім, тәрбиешілерінен көріп, жылулықты солардан алады. Сол себепті ата-аналармен де тәрбие жұмыстарын жүргізуге тура келеді. Даму мүмкіншілігі шектеулі балалардың денсаулығымен қатар отбасындағы ата-анасының жауапсыздығы оларға қосымша дерт болып жабысып, балада даму процесінің орнына кері қарай құлдырау келеңсіздігі орын алады. Ол мінез-құлқындағы ашушандық, тіл табыспаушылық, тез жанжалдасу, аяушылық сезімнің жоқтығы. Сол себепті бала ұжымда өз орнын таппай, шеттеліп, құқық бұзушылыққа тез бой алдырады. Мектеп қабырғасында мұндай отбасылармен, оқушылармен арнайы мамандар, педагогтар жұмыс жасап, ауытқуларды түзету бойынша әдіс-тәсілдерді қолданады. Бірақ, әрдайым нәтижесін бере бермейді. Себебі, оқушылардың көпшілігі әлеуметтік жағдайлары төмен және ішкі отбасылық жағдайлары бұзылған отбасынан.

Тұрмыстық жағдайы нашар отбасылармен жұмысты ұйымдастыруда «әлеуметтік қатерлі жағдайға тап болған отбасы» деген түсінікті анықтай білу керек. Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі. Бала – ата-ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөнге менің маңдайыма кірсін,» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған. Бала тәрбиесі – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін күрделі процесс.

Ересектер жасөспірімнің намысына тимеуі тиіс, олар өте намысшыл болады, оларға үнемі сенімділік артып, кішкентай сәл ғана жетістіктермен мадақтап, «Сенің қабілетің бар, сенің қолыңнан келеді, мен саған сенемін» т.б сөздерді қолданып, психологиялық тұрғыдан дені сау адам етіп шығару керек. Олар достыққа, жолдастыққа берілген болады. Досының, жолдасының алдында адал, сатқындықты көтермейді, кешпейді. Егер жасөспірім сенімді жолдас болып, басқаға дос бола берсе онда мақсатына жеткені. Ал, егерде достарының алдында күлкіге қалса, оппозицияға ұшырайды, өзінше топ құрып сыныптың, мұғалімнің берекесін алып, бұзық жолға түседі. Осыдан «қиын оқушы» туындайды. Егерде олар сыныптан, мектептен өз орнын таппаса, сол орынды сыртқы ортадан табады. Сыртқы орта оны түсінеді, сыйлайды. Жасөспірім келеңсіздікке ұшыраса, одан шығу өте қиын болады. Себебі бұзақылық тобынан шыққан адам сатқын болады. Олар сатқындықты кешірмейді, қатаң жазалайды, өмірін де қиып жіберуі мүмкін.

Суицид саналы түрде жасалатын әрекет. Адамның жаны қиналған кезде немесе психикалық аурудың өрбуінен пайда болады. Сондай - ақ науқас адамның стресстік күй кезінде шешім, таба алмауынан, артық қиналғысы келмеген жағдайдан, жанының әлсіздігінен, өкіну, уайымдаудан көруге болады. Науқас адамдардың психикалық күйі тұрақсыз болады. Олар өз-өздерін бақылап алмайды, не айтып жатқанын, не істеп жатқанын білмейді, агрессивті мінез-құлқы басым болады. Ал, кейбіреулерінің көңіл күйлері жоғары, қимылы тез, мазасыз т.б. болады. Бұндай орынсыз қылықты сырттағы адамдар тез байқайды. Олардың ұйқысы, түсі бұзылады, денесінде әлсіздік байқалады. Олар өздеріне жоғары талап қояды, өз-өздерін бағалауы төмен болады. Басқалармен ашық сөйлесе алады, олардың жағдайларын түсінуге тырысады, өз беттерімен шешеім қабылдауға қиналады, өз бетімен жүре алмайды, өмірге құштарлығы төмендейді, өзін басқалардан кем санайды.

Суицидтік мінез-құлықтың себептері және оған әсер етуші факторлар

А.Е. Личко жасөспірімдер арасында суицидтердің ең жиі кездесетін себептері

- сүйікті адамын жоғалту;
- шектен тыс қалжырау жағдайы;
- өзіндік-қадір қасиетін осал сезіну;

- алкогольді, психотропты дәрілерді және есірткіні пайдалану нәтижесінде пайда болатын жеке бастың қорғаныш тетігінің бұзылуы;
- өзін-өзі өлтірген адаммен өзін теңестіру;
- әртүрлі сылтаулар бойынша туатын қорқыныш, ызалану мен жабырқаудың әр алуан формалары [4].

Суицидалдық әрекетке әсер етуші факторлар

I. Жанұядағы конфликт:

II. Психикалық күй:

III. Физикалық күй:

IV. Қоғамға қарсы конфликттің туындауы:

V. Кәсіптік және білім саласындағы конфликтінің туындауы:

VI. Материалды-тұрмыстық қиыншылықтар.

VII. Басқа да себептер.

Психолог науқас адамға эмоциялық тұрғыдан қолдау қрсетіп, оның ашылып сөйлеуіне жағдай жасау керек. Проблема барлық адамдарда болады, проблемасыз өмір болмайтынын, бір проблема шешілсе, екінші проблема пайда болатынын, проблеманың жағымды және жағымсыз жақтары болатынын түсіндіріп, проблемадан шығу жолдарын қарастыру керек. Жасөспірімдер арасында суицидтік әрекетті алдын алу, диагностикалық, коррекциялық, психопрофилактикалық жұмыстарын жүргізіп, адамның өмірін сақтап қалу психологтардың ең басты міндеті.

Қорыта келе балаға әрқашан назар аудару, түсінуге тырысу, мәселелерін шешуге көмектесу, өзіндік тәжірибемен бөлісу, ұрысу, жекіру орнына жиі мақтап мадақтап отыру, кешірімді болу, ал ең бастысы, бала қандай болса, солай қабылдау, сол қалпында жақсы көру, кемшілігін жасырып, артықшылығын асырып, оны жақсы көретіндікті сездірту бұл келеңсіз жағдайларды алдын алатын жолдардың бірі.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Жасөспірімдердің өз-өздеріне қол салу мәселесі // Мектептегі психология журналы №4 (28), 2010. -13 бет.
2. Ломакина Г.Р. Сказкотерапия: воспитываем, развиваем, освобождаем ребенка от психологических проблем. - М.: 2010. – 158 с.
3. Сакенова С. М. Психолого-коррекционная работа с родителями «детей группы риска» // Актуальные исследования. 2021. №41 (68). С. 44-48.
4. Осипова А.А. Справочник психолога по работе в кризисных ситуациях. - Ростов-на Д: Феникс, 2005. -315 с.





УДК – 371.213

## РОЛЬ КЛАССНОГО РУКОВОДИТЕЛЯ В СОЗДАНИИ БЛАГОПРИЯТНОЙ СРЕДЫ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

**Альмишева Айнагуль, магистр педагогических наук, сертифицированный коуч Международной ассоциации коучинга ICU, Коуч в образовании, старший преподаватель академического отдела департамента образовательной деятельности по СКО**

**Даулетова Дарига, педагог-психолог, магистр педагогики, сертифицированный коуч Международной ассоциации коучинга ICU, Professional coach, старший преподаватель академического отдела департамента образовательной деятельности по СКО**

**Аңдатпа.** Мақалада заманауи мектепте қолайлы жағдай жасаудағы сынып жетекшісінің ролі қарастырылады. Сынып жетекшісі жұмысының тиімділігін арттыру және суицидтің алдын алу үшін Милтон Эриксонның қағидалары ұсынылған.

**Кілт сөздер:** Тәрбиені ұйымдастыру, сынып жетекшісі, функционалдық міндеттер, суицидтің алдын алу, Милтон Эриксон қағидалары.

**Аннотация.** В статье рассматривается роль классного руководителя в создании благоприятной среды в современной школе. Для наиболее эффективной результативности работы классного руководителя и профилактики суицида предложены принципы Милтона Эриксона.

**Ключевые слова:** Организация образования, классный руководитель, функциональные обязанности, профилактика суицида, принципы Милтона Эриксона.

**Annotation.** The article discusses the role of the class teacher in creating a favorable environment in a modern school. For the most effective effectiveness of the work of the class teacher and the prevention of suicide, the principles of Milton Erickson are proposed.

**Keywords:** Organization of education, class teacher, functional responsibilities, suicide prevention, principles of Milton Erickson.

*Суициды в детской и подростковой среде - это трагедия для всех нас. Всем нам надо серьезно задуматься, почему дети идут на такой шаг. Формирование твердых жизненных установок является, по сути, базовым критерием качества воспитательного процесса.*

**Касым-Жомарт Кемелович Токаев -  
Президент Республики Казахстан**

Правительство нашей страны все больше признает суицид серьезной проблемой современного общества. Суицид занимает третье место в классификации причин смертности у населения (после онкологических болезней и заболеваний сердца). Согласно данным ВОЗ около 20% самоубийств в мире приходится на подростковый и юношеский возраст. Число же суицидальных действий и намерений гораздо больше.

На проблему суицида в Казахстане серьезно обратили внимание только в 2012 году, тогда наша страна заняла 4-е место в мире по количеству детского суицида. В 2019 году стало известно, что Казахстан находится на третьей строчке по суицидам (не только детским) - это данные ВОЗ.

В этой связи, глава государства в обращении народу Казахстана в своем высказывании отметил проблему детского суицида «Всем нам надо серьезно задуматься, почему дети идут на такой шаг. Формирование твердых жизненных установок является, по сути, базовым критерием качества воспитательного процесса».

В жизни каждого человека встречаются сложности, препятствия, затруднения. Как преодолеть эти преграды, как выстоять в тяжёлое время, как не потерять волю и

самообладание? Как быть ответственным за свои слова и поступки? На все эти вопросы может помочь только знающий, умеющий поддержать ребенка Учитель.

Учитель – это тот, кто несет главную миссию в воспитании подрастающего поколения, от роли учителя, его внутренней ответственности, компетентности в своей профессиональной деятельности, внутренней культуры, зависит будущее нашей страны. Именно учитель – главное звено в благородном деле воспитания растущего человека, потому что от его нравственного облика и духовной зрелости зависит, смогут ли наши дети понять смысл истинных ценностей, обрести правильные жизненные ориентиры.

Великая личность, учитель, поэт, просветитель педагогических идей Мағжан Жумабаев, в своих трудах писал о том, каким должно быть воспитание и обучение, что все воспитание должно направлено быть на желание научить детей творчески мыслить, формировать их духовные потребности и нравственные качества, прививать патриотизм и выявлять талантливых личностей не давая им «потеряться». И он предлагает учителю, воспитателю не бояться экспериментировать. Главной целью образования является создание благоприятной среды для развития гармоничной личности. Каждый субъект образовательного пространства является важным в его становлении, хочется отметить, что классный руководитель остается главным организатором воспитательной деятельности в классе, обеспечивающим развитие и воспитание личности каждого ребенка.

Классное руководство, классные руководители, классное наставничество зародилось более 200 лет назад в 1804 г., тогда они заменяли няnek, губернeров. Согласно Уставу заведений, учителя помимо обучения должны были, впрочем как и сейчас, заниматься воспитанием учащихся – на основе изучения свойств и нравов детей, гуманистического подхода. Классные наставники, неформально относившиеся к своему делу, пользовались уважением. В женских гимназиях классными наставниками были «классные дамы» в их обязанности входило выполнение функций обучения и воспитания. Эти сложные обязанности были под силу лишь творческим учителям, которых было немного.

Таким образом, классный руководитель является координатором деятельности трех коллективов: детского ученического, педагогического (включающего учителей, работающих с данным классом, и администрацию школы) и родителей учащихся и других членов их семей. Классный руководитель – формальный и фактический лидер группы, организатор, вдохновитель, помощник, опекун, затейник, распорядитель, координатор, информатор, сотрудник, создающий условия для самореализации каждого из своих воспитанников. На сегодняшний день, классный руководитель осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «Об образовании», «О правах ребенка в Республике Казахстан», Приказом МОН РК от 12 января 2016 года № 18 «Об утверждении Положения о классном руководстве в организациях среднего образования», а также другими законодательными и нормативными правовыми актами Республики Казахстан в сфере образования. На основании вышеуказанных документов составляется положение о функциональных обязанностях классного руководителя.

Если говорить о нынешней системе работы классного руководителя, то суть работы остается такой же, но подход классного руководителя у каждого разный. Ведь создание благоприятной среды в классе это и есть профилактика суицида. Как сделать так, чтобы дети получали радость от прихода в школу, от общения друг с другом и научились коммуницировать, правильно строить общение со сверстниками?

Остановимся на некоторых примерах, методах, формах применяемых классными руководителями.

Классный руководитель должен готовить себя для общения с учеником, для «дарения» знаний, готовить для каждого ученика свой, только ему адресованный урок жизни, который ему сейчас жизненно необходим. Задача учителя - направлять внимание учащихся на важные детали, задавать вопросы, ответы на которые подскажет само сердце. И

только такие открытия, сделанные в общении самими детьми при поддержке учителя, навсегда останутся в их душах, помогут знания применять в жизни, использовать в своей будущей профессии, в создании семьи и служению обществу.

Как говорит известный психиатр и психотерапевт Милтон Эриксон «Каждый подобен своим отпечаткам пальцев. Они единственные в своем роде. И никогда не будет второго такого же, как вы. И вы должны только радоваться, что являетесь самим собой. Вы не можете это изменить, как не могут быть изменены отпечатки пальцев», роль классного руководителя понимать, что каждый индивидуален и в воспитании ребенка использовать индивидуальный, творческий, личностно-ориентированные подходы, которые помогут ребенку воспитать совершенный характер. В связи с этим педагог разные методы, техники и приемы, которые дают свои определенные положительные результаты, а для наиболее эффективной результативности мы предлагаем принципы Милтона Эриксона.

- Первое – со всеми людьми все в порядке. Принимать ученика с позиции с ним все ок. Знать, что с каждым ребенком все хорошо и с тобой тоже все хорошо. Здоровая экологичная позиция.
- Второе – у каждого уже есть ВСЁ необходимое для достижения его целей. Задача взрослого осознавать и принимать ребенка таким, какой он есть, верить что в нем заложен большой потенциал для достижения целей. А взрослому всего лишь надо его поддерживать и направлять для развития его внутренних ресурсов, он должен быть заботливым, терпеливым, понимающим, уверенным в том, что он именно тот человек, который сможет ему помочь.
- Третий принцип Милтона Эриксона «Мы всегда совершаем наилучший выбор», т.е. классный руководитель должен понимать, что ребенок поступил правильно и в тот момент это был его наилучший выбор исходя из его жизненного опыта.
- Четвертый принцип – всеми людьми движет позитивное намерение. В каждом поступке, действие ученика есть позитивное намерение. На тот момент он поступил так, как подсказал ему жизненный опыт.
- Пятый принцип – изменения будут всегда и они неизбежны. Не ждать, что результат придет сразу, знать и верить что у каждого есть свое время цветения.

Классному руководителю важно самому принимать и проживать эти 5 принципов Милтона Эриксона, образно говоря зажигать эту звезду у себя и у того, человека с кем он взаимодействует. На наш взгляд, если следовать этим принципам, методам, приемам то возможно, что в наших школах не будет места насилию, буллингу, суициду.

### Список рекомендуемой литературы

1. Алимova М.А. Суицидальное поведение подростков: диагностика, коррекция. Барнаул, 2014.–100 с. [https://admmegion.ru/upload/iblock/bcb/alimova\\_barnaul.pdf](https://admmegion.ru/upload/iblock/bcb/alimova_barnaul.pdf)
2. Елбол Каримов. Дети в Казахстане почти каждый день совершают самоубийства. Можно ли решить эту проблему. Попытаемся найти корень проблемы и ее решение. 04.06.2021, 14:44 <https://liter.kz/kazakhstan-godami-ne-mozhet-reshit-problemu-suicidov/>
3. Б.Г. Мещеряков и В.П. Зинченко. Большой психологический словарь/ Прайм-Еврознак - 2007 г. <https://psychological.slovaronline.com/>
4. [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_310839/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_310839/)
5. Словарь психологических терминов. <http://www.belogurova.ru/glossary>
6. [https://www.ncfu.ru/export/uploads/Dokumenty-Nauka/materialy-III-konferencii-psihologicheskoe-zdorove-lichnosti-teoriya-i-praktika\\_2021.10.2016.pdf](https://www.ncfu.ru/export/uploads/Dokumenty-Nauka/materialy-III-konferencii-psihologicheskoe-zdorove-lichnosti-teoriya-i-praktika_2021.10.2016.pdf)
7. Профилактика суицидального поведения : учебно-методическое пособие / [К. В. Днов, В. В. Нечипоренко, Т. Ф. Мурзина и др.] ; Санкт-Петербургский ин-т усовершенствования врачей-экспертов. - Казань : Бук, 2018. - 104 с. <http://www.vashpsixolog.ru/preventive-work-of->

[a-psychologist-in-the-school/130-prevention-of-suicide-suicide/2786-istoriya-razvitiya-suicidologii](http://a-psychologist-in-the-school/130-prevention-of-suicide-suicide/2786-istoriya-razvitiya-suicidologii)

8. Шелехов И. Л., Каштанова Т. В., Корнетов А. Н., Толстолес Е. С. С 894 Суицидология: учебное пособие / И. Л. Шелехов, Т. В. Каштанова, А. Н. Корнетов, Е. С. Толстолес – Томск: Сибирский государственный медицинский университет, 2011. – 203 с
9. <https://mishajp.livejournal.com/94853.html>.
10. Литмен, Р. Зигмунд Фрейд о самоубийстве [Текст] – Р. Литмен //Журнал практической психологии и самоанализа, 2013. – №1. – 102 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://psyjournal.ru/psyjournal/articles/detail.php?ID=2042>
11. Львова, И.Н. Диагностика, профилактика и коррекция суицида [Текст] / И.Н. Львова // Научное обозрение, 2015. – №2. – С.129–131
12. Шелехов, И. Л. Суицидология: учебное пособие [Текст] / И.Л.Шелехов, Т.В.Каштанова, А.Н.Корнетов, Е.С.Толстолес – Томск: Сибирский государственный медицинский университет, 2011. – 203 с.
13. Егоров, А. Ю., Игумнов, С. А. Расстройства поведения у подростков: клинико-психологические аспекты [Текст]/ А.Ю. Егоров, С.А. Игумнов. – СПб.: Речь, 2015.– 436 с
14. Амбрумова, А.Г., Диагностика суицидального поведения [Текст]/ А.Г. Амбрумова, В.А. Тихоненко. – М., 2012.
15. Суицидология: прошлое и настоящее: Сб. статей / Сост. А.Н. Моховиков. – М., 2011. – 239с.
16. Ефимова, О.И. Особенности социальных установок и ценностных ориентаций подростков и молодежи со склонностью к суицидальному поведению [Текст] // Современные тенденции развития гуманитарных наук. Материалы Международной научно-практической конференции. – 2013. – Ярославль: издательство «Канцлер», 2013. – С.109-120.
17. Профилактика суицидальных проявлений среди несовершеннолетних: Методические рекомендации / Сост. Бадина Н.П. - ГАОУ ДПО ИРОСТ. – Курган, 2011. - 107 с.



ӘӨЖ 159.9

### «ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН АЛДЫН АЛУДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР»

**Баймырзаева Эльвира, педагог-психолог, Аманова Нарима, педагог-психолог  
Шығанақ орта мектебі, Мойынқұм ауданы, Шығанақ ауылы**

**Андатпа.** Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу тақырыбы қазіргі уақытта өзекті, өйткені жасөспірімдер арасында жиі кездесіп жатыр. Мақалада мектептегі психологиялық қызметтің суицидтік мінез-құлқтың алдын алу мақсатында оқушылармен және ата- атаналармен жүргізілген жұмыстары жайлы жазылған. Мақалада қолданылған әдістемелер, саунамалар, түзету дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмыстары, алдын алу жұмыстары көрсетілген. Мақалада қолданылған әдістемелер, саунамалар, түзету дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмыстары, алдын алу жұмыстары көрсетілген. Суицидтік мінез құлқының алдын алудағы оның қиындықтары және шешімдері толықтай жазылған.

**Кілт сөздер:** әдістемелер, саунамалар, түзету- дамыту жұмыстары, диагностикалық жұмыстар, кеңес беру жұмыстары, алдын алу жұмыстары.

**Аннотация.** Профилактика суицидального поведения подростков актуальна в настоящее время, потому что она все чаще встречается среди подростков. В статье рассказывается о работе школьной психологической службы с учащимися и родителями с

целью профилактики суицидального поведения. В статье представлены использованные методики, анкеты, коррекционно-развивающие работы, консультативные и профилактические работы. Здесь полностью прописаны решения и трудности в его предотвращении суицидального поведения.

**Ключевые слова:** методики, анкеты, коррекционно-развивающие работы, диагностические работы, консультативные, профилактические работы.

**Annotation.** Prevention of suicidal behavior in adolescents is relevant at the present time, because it is increasingly common among adolescents. The article describes the work of the school psychological service with students and parents in order to prevent suicidal behavior. The article presents the methods used, questionnaires, correctional and developmental work, advisory and preventive work. The solutions and difficulties in his prevention of suicidal behavior are fully spelled out here.

**Key words:** methods, questionnaires, correctional and developmental work, diagnostic work, advisory, preventive work.

Өмірлік дағдарыстар кезеңінде отбасы мен жеке тұлға әлемнің субъективті бейнесін, яғни өзіне және жалпы әлемге көзқарастар мен көзқарастарды бұрмалауға тән. Бұл сәтте суицидалды ойлар мен қиялдар өте жиі кездесетін құбылыс. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр.

БҰҰ Балалар қоры есебінің деректері бойынша соңғы жылдары жастар мен тіпті балалар арасында суицидтік әрекеттер мен өзін-өзі өлтіру фактілердің саны айтарлықтай артты. Жасөспірімдердің өзін-өзі өлтіруі өлімге әкеп соқтырудың жетекші себептерінің арасында үшінші орында және өмірдің ықтимал жоғалуының негізгі себептерінің арасында төртінші орында тұр.

Суицид жан жүйесі қатты күйзелген кезде, не психикалық аурудың ықпалымен адам жасайтын өзін-өзі өлтіру әрекеті. Бұндай мінез-құлық жасөспірім шақта 13 жастан бастап байқалады. Статистика бойынша суицидтік мінез-құлық 14-28 жас аралығында 30 пайыз, жасөспірім шақта 6-10 пайыз құрайды. Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады. Жасөспірімдер басқалардан көмек күту мақсатында суицидтік әрекетті демонстративті түрде көрсетіп, жан-жақтағыларын қорқытады.

Суицид ұғымына ғылыми әдебиеттерде бірнеше анықтама бар. Суицид - ауру немесе өзін-өзі өлтіру деген мағына береді. Өзін-өзі өлтіруге итермелейтін себептер арасындағы басымдары: белгілі әрекет жасағаны үшін ата-анадан қорқыныш, қылмыстық жауапкершілік алдындағы қорқыныш, мектепте жасаған бұзақылығы үшін мұғалімнен қорқу. Толық емес отбасыларда суицид жағдайы жиірек болады. Сонымен қатар өзін-өзі өлімге қиғандардың көпшілігі ұлдар болып келеді.

Тұтастай алғанда, бірқатар жағдайларда жасөспірімдер өз-өзіне қолдарын жұмсаудың басты себептерінің бірі көбінесе отбасындағы қарым-қатынас. Яғни, ата-ана мен баланың ортасындағы және отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастың дұрыс жолға қойылмауы. Мұндай қадамға, әдетте, тұйық, мінез-құлқы жағынан осал, жалғыздықтан зардап шегетін және жасөспірім өмірінің мағынасын жоғалтқан өз қажеттіліктерінен зардап шегетіндер барады.

**Суицидалды мінез-құлықты алдын алуда мектепте жүргізілетін психологиялық жұмыстар**

Бұндай кезде психолог мамандар не істеу керек? Біріншіден: - әлеуми психологиялық процестерді (суицидтік мінез-құлықтың басымдылығын) психологиялық тәсілдер арқылы зерттеу (тест, сауалнама т.б.).

-суицидтік мінез-құлықтың пайда болу себепін анықтау және осы проблемаға қатысты арнайы кештер ұйымдастыру;

- қолайлы ұжымдық атмосфераны орнату;
- психологиялық анализ жасау, суицидтік мінез-құлықты зерттеу;
- реабилитациялық жұмыстар жүргізу (өз-өздеріне қол жұмсауға талпынған адамдар үшін);
- профилактикалық жұмыстар жүргізу, суицидтік әрекетті алдын-алу.


**Оқушылармен жұмыс**

**1. Диагностикалық жұмыстар.**




1-сурет

**2. ТҮЗЕТЕ-ДАМУ ЖҰМЫСТАР**




2-сурет.

### 3.КЕҢЕС БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ




3- сурет.

### 4.ПСИХОПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР



5-сурет.



6-сурет.

«Әлемді сақтап қалу, бәлкім, мүмкін емес, бірақ жеке адамды әрқашан сақтап қалуға болады» И.Бродский

Білім беру жүйесінде оқушылардың әлеуметтік бейімделуде бойындағы сенімсіздік пен үрейді жойып, өзін жан-жақты танып білуге үйретіп, балаға өзін танудағы білім берумен қатар сол білімді алуға, белсенді түрде өзіндік сананың қалыптасуымен қабілеттігін және өзін-өзі ретке келтірудегі еріктік дағдыларға, жекелік өсудегі (жеке адам) шығармашылығының қабілеттерін ашумен қатар адамгершілікке тәрбиелеп, қиындықтарды жеңу, одан шығу жолдарын ата-аналармен тіл табысып, үйлесімді қатынас орнатуға ықпал етіп, өмірдің құндылығын бағалауға тәрбиелеу жайында әдістемелік нұсқаулықта толық тренингтер мен психологиялық сабақтарда көрсетілді. Балаларымыздың өмірін жақсартып, жүректеріндегі мейірімділікті оятып, әр баламыздың жүрегінен орын тауып, шамшырағын жаға білсек, балаларымыздың ойына түрлі жаман ойлар болмайды, өз өмірінің құнын, өмір құндылығын түсінеді деген сенімдемін.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. «Жеткіншек жастағы мінез құлық және оны алдын алудың тәсілдері» әдістемелік құрал Ақтөбе, 2009.
2. Осипова А.А. Справочник психолога по работе в кризисных ситуациях, А.А. Осипова. – Ростов-н/Д: Феникс, 2005.
3. С. Мұқанов. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1982.
4. Арнольд О. ВИТА// Советы психолога, 1999, № 4
5. Кондрашева В.Т. Суицидальное поведение. – Минск, 1999.
6. Менделеевич. Медицинская психология. – М., 1998.
7. «Жасөспірімдердің өз-өздеріне қол салу мәселесі». Мектептегі психология журналы №4, 2010.
8. «Ауытқуш мінез-құлықтың шығу себептері» Өзіңді таны журналы №3, 2006.
9. Фопель К. Технология ведения тренинга. Теория и практика. -2-изд. –М.: Генезис, 2005.
10. Марасанов Г.И. Социально-психологический тренинг. М.;1998.
11. Богомолова Н.Н. Петровская П.А. Социально-психологический тренинг как



форма обучения общению. Прага:1981.

12. Абрамова Г.С. Введение в практическую психологию.Брест,1993.

13. И.Куртикова, К.Лаврова, Всеволод ли. Тренинг: руководство к действию. Теория и практика- М., 2005.

14. Давыдова О.И., Вялкова С.М. «Беседы об ответственности и правах ребёнка» - 2008г.

15. Иванова Е.А. «Защитим права ребёнка» - журнал Воспитатель № 3 2010г.



**ӘӨЖ 37.01**

## **ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ ЖҰМСАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ**

**Амантай Анар, педагог-психолог Нарғозы Данаев атындағы орта мектебі  
Тараз қаласы, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарында тәрбие және психологиялық жұмысын ізгілендіру, оның мазмұнын рухани-адамгершілік тұрғыдан жаңарту мәселесін және балалармен қарым-қатынасты демократияландырудың қажеттілігін алға қойылып отыр. Осындай мақсаттарға байланысты біздің мектебімізде суицидтің алдын-алу бойынша оқушылар, ата-аналар, педагогтар арасында тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізеді. Аталған іс-шаралардың мақсаты балалардың жеке тұлғасын қалыптастырып, дамытуға, алған білім, біліктерін құндылыққа негіздей алатын, өмірде кездесетін түрлі қиындықтардан оңтайлы шешім таба білетін, өмір ұғымына түсінік беру болып табылады.

**Кілт сөздер:** психологиялық қызметі, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу, күйзеліс, үрей, мінез-құлқы, көңіл-күй.

**Аннотация.** На сегодняшний день стоит вопрос гуманизации воспитательной и психологической работы в организациях образования, духовно-нравственного обновления ее содержания и необходимости демократизации в отношении детей. В связи в нашей школе проводятся тренинги, семинары, круглые столы среди учащихся, родителей, педагогов по профилактике суицида. Целью данных мероприятий является разъяснение понятий жизни детей, уметь формировать и развивать личность, основывать полученные знания, знания на ценностях, находить оптимальные решения из различных жизненных трудностей, возникающих в жизни.

**Ключевые слова:** психологическая деятельность, профилактическая работа по суициду, стресс, паника, поведение, настроение.

**Annotation.** Today, the problem of humanization of educational and psychological work in educational organizations ,spiritual and moral updating of its content, and the need for democratization of relations with children is being raised. In connection with such goals, our school conducts trainings, seminars, round tables on suicide prevention among students, parents, teachers. The purpose of these events is to give an idea of the concept of life, which can form and develop the personality of children, base the acquired knowledge and skills on value, find optimal solutions to various difficulties faced in life.

**Keywords:** psychological activity, suicide prevention, stress, panic, behavior, mood.

Бүгінгі таңда балалар арасында айнала қоршаған ортаға деген немқұрайдылық, әлсіздерге әлімжеттік жасау, қатігездік көрсету, мектептен, балалар үйлерінен қашу, көшеде

бейберекет күн кешу, қаңғыбас болу, қылмыс жасау, өз-өзіне қол салу мәселелері етек алып отыр. Аталған келеңсіз жайлардың туындауына тек біржақты қарауға болмайтындығын ескерсек, мәселенің екінші жағы тәрбие мәселесіне келіп тіреледі. Яғни бала тәрбиесінің әлсіреуі, үлкендердің бала алдындағы дәрменсіздігі, тәрбие жұмысының тек қана құрғақ үгіт-насихатқа құрылуы, балалармен жүргізілетін жұмыстың дұрыс жолға қойылмауы, үлкендердің балалармен қарым-қатынасының авторитарлық, әкімшілдік-әміршілдік сипатқа ие болуы мен балаларға деген махаббаттың жетіспеуі, оқу-тәрбие үдерісінде балалардың әрқайсысына тән жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерінің есепке алынбауы сияқты бірқатар олқылықтарды көруге болады.

### **Көмек көрсету үшін не істеуге болады?**

**I. Суицидті шешудің кілтін табу.** Суицидалды превенция жолдастарының қамқорлығы мен қатысуына байланысты емес, төніп келе жатқан үлкен қатерді анықтау қабілеттілігіне де байланысты. Сіздің оның қағидаларын білу мен осындай ақпаратты білуге құштарлығыңыз біреудің өмірін аман алып қалуға септігін тигізеді. Сіз онымен ой, сыр бөліссеңіз, онда адасуларды болдырмауға қабілеттісіз, яғни суицидтер көп болмайды. Шарасыздық мен сенімсіздік сәттерін байқап қалыңыз, адам жалғыз және оқшауланған ба, соны анықтаңыз. Осындай сақтық, сезімтал адамдар көп болған сайын өзін-өзі өлтірудің жойылу мүмкіншілігі де көп болады.

**II. Қамқорлық қарым-қатынас орнату.** Өзін-өзі өлтіру қандай болса, мұндай қауіпті мәселеге, ауқымды жауап болмайды. Бірақ, сіз, егер қаймыққан адамның сенімді шешімі тұрғысынан қарасаңыз, онда алға өте үлкен қадам жасар едіңіз. Болашақта көп нәрсе сіздің қарым-қатынасыңыздың сапасына байланысты болады. Олады тек қана сөзбен ғана емес, сонымен қатар вербалды емес эмпатиямен де көрсетілуі керек; мұндай жағдайда мораль айту емес қолдау көрсеткен дұрыс. Осылайша сіз қаймыққан адамның оқшауланған ішкі жан дүниесіне өте жақсы кіре аласыз.

**III. Зейінді тыңдарман болу.** Суициденттер көбінесе қатты шеттелген сезім пайда болған кезде қайғыға салынады. Мұндай жағдайда олар сіздің кеңесіңізді қабылдауға ынтасы болмайды. Ондай кезде олар көбінесе өзінің ауыртпалықтарымен және «Менің өмір сүруге тұрарлық ештеңем жоқ» деген сияқты ойларын талдауды қажет етеді. Ол өзінің ауыртпалығынан құтылуға тырысады, бірақ одан айығу жолын таба алмайды. Мүмкіндігінше тыныштық сақтап, түсінісуге тырысыңыз. Сіз «Мен сіздің ашық айтатыңызды қатты бағалаймын, өйткені өзімнің ішкі сезімдеріммен бөлісу үшін сізден қажымас қайраттылық талап етіледі» деп айта аласыз. Кейде, егер сіз онымен үндемей ғана отыра тұрсаңыз, ол да сіздің оған деген қамқорлығыңыз бен қызығушылық білдіргеніңіздің айғағы болып табылады. Психологтар сияқты, маман еместер де өзінің «үшінші құлақпен тыңдау» өнерін дамыту қажет. Бұл жерде ауызша емес «айтылған» нәрсеге кірісу: мінез-құлқымен, тәбетімен, көңіл-күйімен және ым-ишарамен, қимылымен, ұйқысының бұзылуымен, аса күйзеліс жағдаяттарда қызба әрекеттерге дайындығымен түсіндіріледі. Бұған қарамастан, өзіне-өзі қол жұмсаушылардың негізгі хабаршылары үнемі жасырын болады, бірақ олар зерек тыңдарман болып танылуы мүмкін.

**IV. Дауласпаңыздар.** Суицидалды қауіп-қатермен кездескен кезде достары мен ата-аналары үнемі былай деп жауап беріп жатады: «Ойлан, сен өзге адамдарға қарағанда әлдеқайда жақсы өмір сүріп жатырсың ғой, сен тағдырға рақмет айтуың керек». Осындай жауап одан кейінгі талқылауға тосқауыл қояды; мұндай ескертулер бақытсыз адамда одан да ауыр жабырқау сезімін тудырады. Осылайша көмектесемін деп жақын адамдары қарсы нәтижеге себеп болып жатады. Бұдан басқа да жиі кездесетін: «Өз отбасына қандай бақытсыздықтар мен абырайсыздық әкелетініңді сен түсінесің бе?» деген сияқты ескертулерді алуға болады. Бірақ, мұның артында суицидент жүзеге асыруды қалайтын ой жасырылуы мүмкін. Егер сіз өзіне-өзі қол жұмсау туралы әңгіме болса, ешқашан шабуыл жасамаңыз, естігеніңіз туралы қатты толғанғаныңызды білдірмеңіз. Күйзелген адаммен

пікірталасқа түскенде сіз тек жеңіліп қана қоймай, оның өзінен де айрылып қалуыңыз мүмкін.

**V. Сұрақтар қойыңыздар.** Күйзеліске араласудың керемет тәсілі, бұл сеніммен нақты сұрақ қою: «Сен өзін-өзі өлтіру туралы ойлайсың ба?» деген сияқты. Егер адамда ондай нәрсе болмаса, оны ондай ойға апармайды; керісінше, ол өзін-өзі өлтіру туралы ойласа, онда ол оның уайымдары кімге маңызды екенін және ондай тыйым салынған тақырыпты кім талқылауға келісетінін біледі, ондай кезде ол үнемі өзін жеңіл сезініп, өзінің сезімдерін түсінуге және рухани тазаруға мүмкіншілік беріледі. Өзін үрейлендіретін жағдаят туралы анықтап және түсіністікпен сұраған дұрыс, мысалы: «Қай кезден бастап өзіңіздің өміріңізді осындай үмітсіз деп есептейсіз? Сіз қалай ойлайсыз, сізде неге осындай ойлар пайда болды? Егер сіз өзіңізді өлтіру туралы алдында ойлаған болсаңыз, сізді тоқтатуға не себеп болды?». Суицидентке көмектесу үшін өз ойыңызды жинақауыңыз қажет, кейде жауаптарыңызды өзгертіп, оның аса нақты жауаптарын қайталаған дұрыс, мысалы: «Басқа сөзбен айтқанда, сіз айтасыз...». Сіздің онымен не туралы бөліскісі келетінін тыңдап, талқылауға келісетініңіз, оны кінәлап, ол кетіп қалуға даяр тұрған қорқыныш сезімдегі қаймыққан адам үшін өте үлкен жеңілдік болып табылады.

**VI. Дәлелсіз жұбатуларды ұсынбаңыз.** Психологиялық қорғаныстың ең маңызды тетіктерінің бірі ұтымдылық болып табылады. Сіз кімде-кімнен суицидалдық қатер туралы естіген болсаңыз, сіз: «Жоқ, сіз, шын мәнінде олай ойламайсыз» деп айтқыңыз келеді. Егер онымен шын қамқорлықпен және сүйіспеншілікпен әңгіме жүргізсеңіз, онда өзіне-өзі қол жұмсау қатерін барынша азайтады.

**VII. Конструктивті көзқарасты ұсыну.** Суицидті алдын алудың аса маңызды мәселелерінің бірі психикалық жайсыздықтың бастау алар көзін анықтауға көмектесу болып табылады. Ол өте қиын болуы мүмкін, өйткені суицидтің «құнарлы ортасы» құпиялылық. Пікірсайысты жандандыру үшін: «Соңғы кездері сіздің өміріңізде не болды? Өзіңізді қашан өте нашар сезіндіңіз? Осындай өзгерістер туындаған кезден бастап сіздің өміріңізде не болды? Өзіңіздің жаныңыздағылардан кімге қатысы бар?» деген оған лайықты сұрақтар болуы мүмкін. Потенциалды (әлеуетті) суицидентті өзінің қиыншылығын сәйкестендіруге, оны не шиеленістіретінін барынша нақты анықтап айтқызуға итермелеген жөн. Сонымен қатар: «Сіз сонда да толқып тұрсыз. Мүмкін, егер сіз менімен қиыншылығыңыз туралы бөліссеңіз, мен сізді түсінуге тырысамын» деген сөздердің маңызы бар. Өзекті жүйке күйзелісін тудыратын жағдаяттар отбасындағы қарым-қатынастың бұзылуынан туындауы мүмкін. Адам қандай да бір шешілмей тұрған қайғыдан немесе белгілі бір тән ауруларына байланысты пайда болуы ықтимал. Сондықтан оның барлық сезімдері мен бақытсыздығын ескеру керек.

Егер күйзеліс жағдаяттары мен сезімдері байқалып тұрса, онда ары қарай бұдан бұрын ол мұндай жағдайларды қалай шешкенін анықтау қажет. Ол «қиындықты шешу үшін қажетті құрал бағалауы» деп аталады. Ол ұқсас жағдаяттардағы алдыңғы тәжірибелердің сипаттамасын тыңдау болып табылады.

**VIII. Үміттендіріңіздер.** Өзін-өзі бұзуға бейімді уайымшыл адаммен жұмыс істеу жауапкершілік пен байыптылықты талап етеді. Психотерапевтер олар не айтады және нені сезеді, соған көңіл аудару өте маңызды екені туралы қорытынды жасаған. Егер мазалайтын жасырын ойлар сыртқа шықса, қайғылы жағдайлар азырақ фатальді (тойтарылмайтын) және барынша шешілетін болып көрінеді. Қорқыныш үрейлеген адам: «Мен сонда да бұл жағдаятты қалай шешетінін білмеймін. Бірақ, менің қиыншылықтарым анықталған соң, әлде де бір үміт бар екеніне сенемін» деген ойға келуі мүмкін. Үміт адамға өзін-өзі өлтіру туралы сіңіп кеткен ойдан айығуға көмектеседі. Адамдар оптимизмнің соңғы тамшысын жұмсап тастаған кезде өзін-өзі бұзу әрекеті туындайды, ал оның жақын адамдары қалай болса да үміттің бос әуре екендігін айтады. Үміт шынайы қиялдан айырылған кезде пайда болмайды, ол тілек пен жетістікке жетуге ұмтылыстан туындайды.

**IX. Өзін-өзі өлтіру тәуекелінің дәрежесін бағалау.** Өзін-өзі өлтіру әрекетінің қаншалықты маңызды екенін анықтауға тырысыңыз. Өйткені оның пиғылы әр түрлі болуы мүмкін, осындай «мүмкіндік» туралы бір сәттік, бұлдыр ойлардан бастап, жоспарланған улану, жоғарыдан құлау, қару-жарақты және жіпті қолдану сияқты аяқталатын суицидтер болуы мүмкін. Одан да басқа ішімдікке салыну, анаша пайдалану, эмоционалдық күйзеліс дәрежесі және мінез-құлықты бұзу, үмітсіздік пен қамқорсыздық сезімі сияқты факторларды анықтау өте маңызды болып табылады. Өзін-өзі өлтірудің тәсілі жасалған сайын оның әлеуеттік тәуекелі жоғарылай беретіні даусыз айғақ екені белгілі.

**X. Жоғары суицидалды тәуекел жағдаяттарында адамды жалғыз тастамаңыздар.** Күйзеліс шешілмейінше және көмек болмайынша, ол адаммен лажды болса көп уақыт болуға тырысып немесе басқа адамды бірге болуға сұраған дұрыс. Тіпті, жедел жәрдем станциясына қоңырау шалып, емханаға бару керек. Есте ұстаңыздар, қолдау көрсету сіздерге белгілі бір жауапкершілікті артады. Адамға өзін қоршағандар қамқорлық жасайтынын көрсету үшін және өмірлік жоспарларын жүзеге асыру сезімін құру үшін сіз ол адаммен суицидалды келісім жасауыңызға болады – алдын ала суицидалды әрекетке бармас бұрын сізбен хабарласатыны туралы, тағы да мінез-құлықтың мүмкін баламаларын талдау керектігі туралы уәдесін алу. Бұл қалай болғанда, мұндай келісім өте тиімді болып табылады.

**XI. Мамандар көмегіне жүгініңіз.** Суициденттер өзінше бір қараңғы сана-сезімге ие. Олардың ақыл-ойы ауыр қиыншылықтарды қалай шешетінін, яғни толық бейнені қалпына келтіре алатын жағдайда болмайды. Алғашқы тілек көбінесе оларға көмек көрсету болып табылады. Жолдастары, күмәнсіз жақсы пиғылда болуы мүмкін, бірақ, біліктілік пен тәжірибе жетіспеуі мүмкін, олар артық эмоциялылыққа бейім болып келеді.

**XII. Қамқорлық пен қолдауды сақтаудың маңыздылығы.** Егер күйзеліс жағдаяттары өтіп кеткен болса, онда мамандар немесе отбасылар өздеріне босаңсуға ерік бермейді. Ең жаманы артта болмауы мүмкін. Жақсарту үшін аурудың психикалық белсенділігін көтеруді жиі қолданады. Кейде өзіне-өзі қол жұмсау кезінде күйзелістегі адамдар іс-әрекеттің үсті-үстіне құлай береді. Олар өздері ренжіткен адамдарынан кешірім сұрайды. Оны көре тұра, сіз жеңіл күрсініп, қырағылығыңызды бәсеңдетесіз. Бірақ бұл әрекеттер барлық қарыздардан және міндеттерден құтылуға куә болады, одан соң өзін-өзі өлтіруге болады. Шындығында, суициденттердің жартысы психологиялық күйзеліс басталғаннан кейін үш айдан кейін өзін-өзі өлтіруге барады.

Сөз соңында оқушыларға мынадай ақиқаттарды бірнеше мәрте қайталап айтып, саналарына сіңіруге тырысу керек. Балалар сендер бұл дүниеге қасындағы жолдасыңды, сабақ беретін ұстаздарыңды күн сайын қуантып, оларға шаттық силау үшін ғана келдіңдер. Кез келген адамның баласына жанын ашып, оның нәсіліне, ұлтына, түріне, дініне, тіліне қарамастан оларға адал қызмет етіп, еткен қызметіңе мақтау, бақытты сезімде жүру өмірдің негізгі мәні болып табылмақ.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Әкімбаева Ж., Ахметова А. Өмірді бағалап үйренейік Алматы 2011
2. Салықбаев Ғ., Башанова Л. Тренингтер топтамасы Тараз 2016



УДК 159.922.8

## СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАС ШАМАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СЕБЕПТЕРІ

**Байназарова Айкумис Сейтхановна, педагог-психолог, № 16 жалпы орта білім беретін мектебі, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Сыпатай ауылы**

**Аңдатпа.** Мақалада суицидтік мінез-құлық ,оның түрлері туралы жалпы ұғымдар,суицидтің психофизиологиялық және жас шамасына байланысты себептері, алдын алу жолдары қарастырылады. Бұл тақырып қазіргі уақытта өзекті, өйткені әр адамның,әрбір жасөспірімнің өмірі құнды болып табылады. Жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу қоғам үшін маңызды.

**Кілт сөздер:** суицид, түрі, бейім, себебі; жасөспірім, алдын алу

**Аннотация.** В статье рассматриваются общие понятия суицидального поведения ,его виды,психофизиологические и возрастные причины суицида, пути профилактики. Эта тема актуальна в настоящее время, так как жизнь каждого человека, каждого подростка является ценной. Предотвращение суицида среди подростков важно для общества.

**Ключевые слова:** суицид, виды, причины;подросток, профилактика.

**Annatation.** The article discusses the general concepts of suicidal behavior, its types, psychophysiological and age-related causes of suicide, ways of prevention. This topic is relevant at the present time, since the life of every person, every teenager is valuable. Prevention of suicide among teenagers is important for society

**Keywords:** suicide, types, causes; adolescent, prevention

Қай заманда болсын халықтың алдында тұрған міндеттерінің бірі – есті, еңбексүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеу. Әр халықтың өзінің ұрпағы ақылды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ержүрек, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайтын. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау, яғни суицид қоғамда белең алып отыр. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр.

Бүгінгі таңда әлемді елеңдетіп отырған, ХХІ- ғасырдың дертіне айналған өзекті мәселенің бірі -жасөспірімдер арасында көптеп кездесетін аты да, заты да жағымсыз естілетін «Суицид» дерті болып отыр. Осы дерттің мектеп оқушыларын да жағалауы дабыл қағарлық жағдай.

Соңғы кездері оқиғалар хроникасы арасынан біз бала суициді туралы хабарларды да оқитын болдық. Бұл проблема күн өткен сайын күрделене түсуде. ДДҰ мәліметтері бойынша жыл сайын миллионға жуық адам өзіне өзі қол салады екен.

Суицид әсіресе жасөспірімдер арасында кең тарап отыр. Мұнан кездейсоқ аман қалғандары да аз емес.

Жас ерекшеліктеріне байланысты өзіне қол жұмсау 13 жастан кейінгі кезеңдерде жиірек ұшырасады. Жасөспірім тап осы кезеңдерде кінәмшіл келеді, дағдарыс жағдайларына тез түседі. Шамамен жастардың үштен бірі осы жаста түрлі дағдарыстарды бастан кешіреді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жыл сайын әр түрлі себептермен миллионға жуық адам өзіне өзі қол салады екен. Өкінішке орай, біздің еліміз соңғы жылдары суицидтер саны бойынша әлемде 3-ші орында тұр. Алайда [Zakon.kz](http://Zakon.kz) мәліметі бойынша Қазақстанда суицид статистикасы төмендеді. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (ҚР ҚПСиСУ) мәліметтері бойынша 2022 жылы аяқталған суицид оқиғаларының саны 4 мыңнан 3,7 мыңға дейін азайған.

Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсаған барлық түрлерінің көбісі жанжал және бейберекет жайсыздықтан: үлкендердің ұрып соғу әрекетіне тап болу қорқынышы, өзінің қоршаған орта жағынан (мектептегі қиыншылықтар, достарымен қатынасы, ата-анасының елемейі) көрініс алатын жанжал мен қарым-қатынас, тас жүректік.

Уақытша оқиғаға тап болып өмірмен ерте қоштасып жатқан шынашақтай жеткіншек жастарымыздың тағдырлары өзегінді өртеп жаныңа ой ұялатады.

**Суицид** (ағылш. suicide) – **өзін өзі өлтіру** – қатты жан күзелісі жағдайында немесе психикалық ауру әсерінен адамның өзін өзі өлімге қию әрекеті; жеке өмірі құндылығын жоғалтарлықтай дәрежеде психикалық қатты жарақат алу әсерінен адамның саналы түрде өзіне өзі қол жұмсау әрекеті.

#### **Суицидтің мынадай түрлері белгілі:**

**1. Анық суицид:** бұл ешқашан аяқ астынан болмайды. Мұндай суицидке қашан да жабырқау көңіл-күй, торығу, сары уайымға салыну, депрессиялық жағдайлар немесе жай ғана өмірмен қоштасу туралы ойлар себеп болады. Бірақ, айналасындағылар, тіпті ең жақын деген адамдардың өзі оның мұндай жағдайын көбіне сезбейді. Жасөспірім суицидтік әрекетіне «кедергі» болмас үшін оны ешкімге білдірмеу керек деп түсінеді.

**2. Жасырын суицид** – өзін өзі өлімге қиюдың бүркемеленген түрі. Адам сыртқы күштердің әсерінен өледі. Бірақ көбіне оған сол адамның өзі бас болады. Яғни оны өзі ұйымдастырады.

Мәселен, автомобильде шектен тыс қатты жылдамдықпен жүру (транспорт құралын суицидтік әрекет құралы ретінде пайдаланады), спорттың айрықша түрлерімен шұғылдану, алкогольдік ішімдікке немесе есірткіге тәуелділік, яғни өзін өзі бүлдіру әрекеттері.

Мұндайда ол адамға бұл жағдайлардың қауіпті екенін қаншама рет айтып ескерткенмен пайдасы болмайды, өйткені ол дәл сол қауіптерді күтіп жүреді.

**3. Аффективтік суицид** – жан толқуы, күйзеліс, қызбалық жағдайларында жасалатын суицидтік әрекет. Бұл жағдай бірнеше минуттан бір тәулікке дейін созылуы мүмкін.

**4. Жариялы суицид** – шынымен өзін өзі өлтіру туралы ешқандай ойы болмаса да, дер кезінде біреулер кеп құтқарып алады деген сеніммен театр сахнасын ойнау.

Мұндай әрекеттер жұрттың назарын аудартып, қатып қалған көңілдерін жібіту, өзін есіркету, төніп тұрған қауіптен құтылу (мәселен, құқық бұзушылық әрекеті немесе теріс қылықтары үшін жазадан) не өзіне жәбір көрсеткен адамға айналаның жеке көру сезімдерін, ашу-ызасын тудыру үшін жасалады. Мұндай әрекеттің жасалатын орыны оның кімге қарсы жасалып отырғанын айғақтайды. Суицидтің мұндай түрі көк тамырды (вена) кесу, дәріге улану, асылу сипатында көрініс береді.

Жариялы суицидті анықтау барлық жағдайды жан-жақты және мұқият талдаудан өткізуді қажет етеді.

#### **Қандай адамдар өзіне өзі қол жұмсауға бейім болады?**

Суицидке бейім адамның тұлғалық ерекшеліктеріне тән негізгі сипаттарға мыналарды жатқызуға болады:

- \*өзін өзі төмен санау, төмен бағалау,
- \*өзіне өзі сенбеу;
- \*өзін өзі көрсетуге байланысты жоғары талап-тілек;
- \*жылы, эмоциональдық байланыстар, қарым-қатынас шынайылығы, айналадағылар тарапынан түсіністік пен қолдау секілді нәрселердің аса жоғары бағалануы;
- \*шешім қабылдау кезіндегі қиындықтар;
- \*қиындық туған жағдайларда аса қатты мазасыздану, опимизм мен белсенділік деңгейінің төмендеуі;
- \*өзін өзі кінәлау тенденциясы, өз кінәсін тым асыра бағалап, зәбірлену;
- \*Жеткіліксіз әлеметтену, тежелушілік (инфантильдік), тұлғаның жетілмеуі;
- \*Өздігінен әрекет ету қабілетінің төмендігі.

Балалардың суицидтік әрекетке бару себебі неде? Неге балалар өзіне өзі қол жұмсайды? Бұл мәселені педагогтар да, полицейлер де, қоғамдық ұйымдар мен қорлардың өкілдері де талқылайды. Әңгіме көп, бірақ суицидтік жағдай азаймай тұр. Қазіргі кезде бұл проблема барлық балаларға қатысты. Олардың үлгімі де, ата-аналарының тұрмыс жағдайы да бұл орайда ешбір рөл атқармайды.

**Өзіне өзі қол жұмсаудың себептері аз емес.** Солардың негізгілеріне тоқталайық. Суицидтік мінез-құлыққа бейім жасөспірімдерге тән проблемалар туралы айтатын болсақ, баланың ата-анамен қарым-қатынасы бірінші орында тұрады, екінші орында – мектеппен байланысты туындаған қиындықтар, үшінші орында – достармен арадағы, әсіресе қыз бен ұлдың арасындағы өзара қарым-қатынас проблемалары.

Балалардың ата-аналармен қарым-қатынасы, өкінішке орай, әрқашан ашық, алдаусыз, шынайы сипатта бола бермейді. Қазіргі жасөспірімдер үшін бұл өте қажетті нәрсе. Өйткені олар заманның, уақыттың қатал сынына жиі ұшырап жатады. Мұндайда ата-анадан артық қорғаныш табылмайды.

Суицидтік сипаттағы көптеген әрекеттер көмекке шақыру, ата-аналардың назарын соңғы рет өз проблемасына аудару, үлкен ұрпақ пен кіші ұрпақтың арасындағы түсініспеушілік қорғаныш бұзу әрекеті ретінде қарастырылады.

Мектеп проблемалары әдетте үлгірмеушілік немесе мұғаліммен, әкімшілікпен, болмаса сыныптастармен арадағы қарым-қатынас мәселесіне байланысты болады. Бірақ соңғы уақыттарда өзіне өзі қол жұмсаудың себебі, бұған керісінше, оқуға деген тым салмақты қарым-қатынасқа байланысты болатын жәйттер жиі кездесетін болып жүр. Бұл жағдайда трагедияның еріксіз себепкерлері ата-аналар болып шығады. Жас адамға олар ылғи да қысым көрсетіп отырады (басқаша айту қиын). Сен өзгелерден жақсы болуың керек, ең бастысы оқу саласында міндетті түрде озуға тиіссің – әйтпесе болмайды, қазіргі заман басқаны көтермейді дегенді айтады. Жасөспірімнен мүлтіксіздікті талап етеді: «Біз сен үшін бәрін жасадық, ал сен болсаң, топас неме, оқымайсың, алатының екі, емтиханды бітірдің, университетке түсе алмадың». Ата-ананың аузынан шыққан мұндай сөздер жас адамның жүрегіне өте ауыр салмақ түсіреді. Ал оны қалай жеңілдетуге болады? Одан оңай нәрсе жоқ – «денім сау болсын!» деу керек. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, депрессиялардың саны оқушылардың, әсіресе жоғары сыныптың үлгірім деңгейімен тікелей байланысты болатынға ұқсайды. Ал енді сол депрессияға ұшырайтындардың көпшілігі тіпті де орташалар емес, үздік оқитындар болып шықты. Ақыр соңында, бұл мектеп проблемалары жасөспірім үшін өзгеше сипат алып, бүкіл дүниенің бәрі оған қарсы шыққандай болып көрінуі мүмкін.

Достармен арадағы қарым-қатынас проблемалары... Ата-анамен үнемі қайшылықта болу немесе олармен байланыстың үзілуі отбасындағы нашар қарым-қатынас есесі ретінде құрбы-құрдастарға, әсіресе ұлдың қызға, қыздың ұлға тәуелділігі туындайды. Бұл жағдайда доспен немесе құрбымен қарым-қатынастың маңызды да, эмоционалды қажеттілік болатыны соншалық, арадағы кез келген салқындық, әсіресе сатқындық орны толмас өкініш ретінде қабылданады. Тіпті бұдан кейінгі өмірдің мәні жоқ секілді болып көрінуі де мүмкін.

Тағы бір маңызды проблема – ол Интернет желісіндегі ақпараттар. Қазір ғаламторда әр түрлі адамдармен араласуға, «үлкендерге арналған фильмдерді» көруге, жігітпен немесе қызбен танысуға, сондай-ақ өмірден түңілгенде онымен қалай «дұрыстап» қоштасу керектігін білуге болады. Өзін өзі өлтірушілерге арналған осындай арнайы сайттардың бірі, мәселен, 1991 жылдан Желіде жүр. Онда мына «құрыған» өмір туралы да, өлімнің қаншалықты романтикалық әлем екені жайлы да, басқа нәрселер жөнінде де егжей-тегжейлі жазылған. Бәрін қолмен қойғандай айтады. Мәселен, жігіт сабындап, оны қайда ілу керек немесе көктамырды кескенде ауырмас үшін ваннадағы судың температурасы қандай болуы қажет... Мына сайт ұнамаса, өзгесін тауып алуға болады: олар қазір жетіп артылады. Бұған және ештеңе істей алмайсыз, өйткені баланы қазір компьютерден ажырату мүмкін болмай қалды. Бір сөзбен айтқанда цифрлық аутизм.

Әңгіме баланың Интернет бойында «серуендеп» жүріп, ойламаған жерден қандай да бір өзгеше сайтқа, соның ішінде өзін өзі өлтірушілер сайтына тап болуында емес, мәселе басқада: жасөспірім оған тоқтай ма, жоқ, пысқырып та қарамай, одан ары өте бере ме?

Егер бала кенеттен күрт өзгеріп, тұйықталатын болса немесе, керісінше, ашушаң, агрессивті болып кетсе, бұл дабыл сигналы.

Суицидке бейім адамдар көп жағдайда өзінің суицидтік әрекеттері туралы алдынала өзгелерге айтады. Өзіне өзі қол жұмсағысы келген балалардың сексен пайызы мұны түрлі жолдармен білдіреді. Хабарлау тәсілі әр қилы формада бүркемеленген болуы мүмкін. Бірақ оны танып, түсіну төтенше қажет нәрсе! Сондықтан бұған тән бірқатар белгілер сипатына назар аудару керек. Бұл белгілерді 3 топқа бөлуге болады: сөз белгілері, мінез-құлық белгілері және жағдаяттық белгілер.

#### **Сөз белгілері:**

- \*бала өзінің ешкімге керек еместігін айтады;
- \*дәрменсіздігі, үмітсіз жағдайда екендігі туралы жиі айтады;
- \*өзіне өзі қол жұмсау тақырыбында әзілдеп, қалжыңдайды;
- \*өлім мәселелеріне байланысты оғаштау ықылас байқатады;
- \*фильмдер мен романдардағы суицид эпизодтары туралы әңгімелейді.

#### **Мінез-құлық белгілері:**

Қымбат заттарын тарату; істі ретке келтіру: мінез-құлықтағы радикалды өзгерістер: тамақтануда – өте аз немесе өте көп жейді; ұйқыда: - өте аз немесе өте көп ұйықтайды; сыртқы келбеті – немқұрайлы сипатқа енеді; мектеп дағдыларында – сабақтарға қатыспай қала береді, үй тапсырмаларын орындамайды, сыныптастармен араласудан қашқақтайды; ашуланшақ болып кетеді, қабағы түсіп, көңіл-күйі төмен жағдайда жүреді; отбасынан, достарынан аулақтайды; шамадан тыс қайраткерлік танытады немесе, керісінше, айнала қоршаған ортаға бейжай, немкетті көзқараста болады; бірде шаттанып, бірде үмітсіздік құрдымына батады.

#### **Жағдаяттық белгілер:**

- \*әлеуметтік тұрғыдан бөлектелген (достары жоқ немесе бір ғана досы бар), өзін шеттетілгендей сезінеді; бірқалыпты емес, аумалы-төкпелі жағдайда өмір сүреді (отбасында дағдарыс – баланың ата-анамен немесе ата-ананың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы қайшылықты жағдайда;
- \*маскүнемдік – жеке бастың немесе отбасының проблемасы);
- \*достарының, таныстарының немесе отбасы мүшелерінің бірі өзіне өзі қол жұмсағандықтан, оның да солай етуге бейімдігі бар;
- \*ауыр қайғыға душар болу (жақын адамының қайтыс болуы, ата-анасының ажырасуы);
- \*өзіне өзі тым сыншыл көзқараста.

Суицид індетінің біз ойлағаннан да терең салдары бар. Бұл тек қана бір адамның жарық дүниемен қоштасуы емес, қоғам үшін де орны толмас әлеуметтік, экономикалық шығын.

Жүргізілген зерттеулер қорытындысы бір ғана суицидтің салдары 10-20 жасөспірімнің суицидтік мінез-құлқының қалыптасуына, 100-200 жасөспірімді суицидтік санаға алып келетіндігін анықтап отыр.

Тағы да бір үлкен зардаптардың бірі — жасөспірімдер арасындағы суицид ел экономикасына үлкен қиындық туғызады. Жас өскіннің өз-өзіне қол жұмсауы қоғамымыздың болашақтағы белсенді халқынан айырып, ел демографиясына әсер етеді. Ресми деректер бойынша Қазақстанда жыл сайын 200-ге жуық жасөспірім өз-өзіне қол жұмсайды (мұның тек тіркелген жағдайлар екендігін айта кеткен жөн).

Біз үнемі: «Балалар — біздің болашағымыз» немесе «Болашақ — жастардың қолында» дегенді жиі айтамыз. Ал осы жастардың сол болашақта өмір сүруге ниеті болмаса, не істеу керек?!



Осы мәселені шешуде ата-аналар, мұғалімдер, құрбы-құрдастары біріге жұмыс жасау арқылы суицидалды іс-әрекеттерді болдырмаудың алдын алу іс-шараларын жүргізу қажет. Суицидтің алдын алуға бағытталған тиімді шаралар жасөспірімдердің өмірлік дағдыларын арттыруға бағытталуы тиіс. Өмірлік дағдылары дамыған балалар өздерін жеке тәуелсіз сезініп, өзінің мәселелерін айналасындағылардан айыра алады. Олар белсенді, бастамашыл, болып жатқан оқиғаға жауапты, өзіне сенімді, өзіне деген ішкі бақылауын жоғалтпайтын болып келеді және, әрине, суицидке бейім болмайды.

Сондықтан да жасөспірімдер бойында өмір сүруге деген төзімділікті қалыптастыру үлкен күш пен жұмыстарды талап етеді. Суицидті болдырмауда маңызды алдын алу шарасына ерекше көңіл бөлінуі керек. Ол үшін жасөспірімдер бойында өзін-өзі құрметтеу сезімін оятып, қызығушылықтарын арттырып, дағдыларын қалыптастырып, дарындарын қолдайтын шаралардың маңызы зор. Тек сонда ғана өскелең ұрпақты прагматик, өмір сүруге барынша бейім және жаңа білімге құштар етіп тәрбиелей аламыз. Жастардың бойындағы бұл қасиеттер қоғамымыздың, жалпы алғанда еліміздің одан әрі қарай дамуына септігін тигізері анық.

Қорыта айтсам, біздің ғасырдың адамдары соңғы уақытқа дейін суицидті жеке іс ретінде қарастырып келді. Біз бүгін оның жекеден гөрі ауқымды нәрсе екеніне көз жеткізіп отырмыз: бұл өркениет ауруы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жасөспірімдердің мінез-құлықтарындағы ауытқушылықтың сипаты // Таптым-таптым – эврика, №4 2009ж.
2. Суицидтік мінез-құлық психологиясының ерекшеліктері // Сыныптағы тәрбие №1 2009ж.
3. Жасөспірімдік кезеңдегі суицидтік әрекеттің себептері // Тәрбие құралы №4 2008ж.
4. Жасөспірімдердің суицидальді мінез-құлқы // Вестник КАСУ №3 – 2006.



**ӘӨЖ: 616.89**

### **АУТОАГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Байтугелова Паризат Сеитказиевна, педагог-психолог,  
Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп – лицейі,  
Жамбыл облысы, Меркі ауданы**

**Аңдатпа.** Мақалада жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқын алдын алудағы мәселелер, жасөспірім шақтағы жеке тұлға ретінде дамудың әлеуметтік-психологиялық негіздері, жасөспірім кезеңінде кездесетін аутоагрессивті мінез-құлқық формаларының теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалған.

**Кілт сөздер:** аутоагрессивті мінез-құлқық, суицидтік мінез-құлқық, жеке тұлға ретінде даму, эмоционалды үйлеспеушілік.

**Аннотация.** В статье определены проблемы профилактики суицидального поведения подростков, социально-психологические основы развития личности в подростковом возрасте, теоретико-методологические основы форм аутоагрессивного поведения, встречающихся в подростковом возрасте.

**Ключевые слова:** аутоагрессивное поведение, суицидальное поведение, развитие как личности, эмоциональная несовместимость.

**Annotation.** The article defines the problems of prevention of suicidal behavior in adolescents, the socio-psychological foundations of personality development in adolescence, the theoretical and methodological foundations of forms of auto-aggressive behavior occurring in adolescence.

**Key words:** auto-aggressive behavior, suicidal behavior, personal development, emotional incompatibility.

Бүгінгі таңда әрбір жас адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін, адамға берілген мүмкіндіктерді толық пайдалана алу үшін, әрбір адамның психикалық даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Ол үшін әрбір педагог, психолог жас ерекшелік психологиясын, онтогенездегі адам психикасының дамуын және жас ерекшеліктерін, даму заңдылықтарын білуі тиіс. Қазіргі қоғамда шешімі табылмай жатқан өзекті мәселелер өте көп. Солардың бірі - жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлықтың қалыптасуы. Аутоагрессия - мінез-құлықтың әр түрлілігі, адамның өшпенділік әрекеті, адамның өз өзіне бағытталған жағдайы. Өзін өзі кемсіту түрінде байқалып отыратын психологиялық күй. Ол ауыр жағдайда өз өзіне қол салудан, яғни суицидтен байқалады. Аутоагрессия жүйке жүйесі тозған адамдарға тән қылық әрекет болып табылады.

Психохоналитиктердің атуынша, аутоагрессия – адамның өз тұлғасына саналы және бейсаналы түрде бағытталған озбыр әрекеті. Бұл әрекет әлеумет талабы мен қарым қатынасқа бейім емес адамның бойында көптеп кездеседі.

Жасөспірімдік жас - адамның жеткіншектік жас пен ересектік арасындағы кезең. 15-17 жас аралығын ерте жасөспірімдік кезең деп атайды. Нақ осы жасөспірімдік кезеңде ағзаның барлық физикалық дамуы аяқталады, ерте жасөспірімдік жастағы психикалық дамудың ерекшеліктері дамудың әлеуметтік ситуациясының спецификасына байланысты.

Жасөспірімдердің болашаққа қарауы, өмірлік жоспарлар мен перспективалардың құрылуын Л.И. Бажович жоғарғы сынып оқушысының өмірінің аффективті орталығы деп есептеді. Ерте жасөспірімдердің жаңа құрылуы, балалардың жекелік және өмірлік өзіндік анықталуға дайындығы болып табылады делінген.

Э.Эриксон осы жастағы дамудың түрлі варианттары мен жалпы заңдылықтарын талдай отырып, ерте жасөспірімдік психологияға эдентикалық кризиспен тығыз байланысты уақытша перспективаны ауытқуы тән болып табылады деді.

И.С.Кон өзінің қазіргі мені толғандырып жүрген балалардың саны жеткіншектік және жасөспірімдік жаста бірдей болса, 15-16 жаста өзінің болашақ «мен» туралы ойлануы күрт өсетіндігін атап айтты.

Аутоагрессивті мінез-құлық формаларының теориялық және әдіснамалық негіздері мен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылық туралы әдіснамалық негіздерді ең алғаш осы тұрғыдағы мәселе бойынша зерттеу жүргізген П.П.Бельский болды, ол өз мінез-құлқы шамасынан ауытқыған, кәмелетке жасы толмаған, жасөспірім балаларды зерттеуді қарастырады. П.П.Бельский өзінің 30 жыл уақытын заң бұзушы балалар мен жасөспірімдердің ішкі әлемін зерттеуге арнады. Бірақ та оның теориялық позициясы жеткіліксіз болды. Ол Л.И.Петражицкийдің теориясына сүйенеді, З.Фрейд пен К.Левиннен бірталай мағлұматтар алды.

Яғни, мінез-құлқында қиындығы бар аутоагрессивті балалардың пайда болу себептері және олардың негізгі ерекшеліктерінің теориялық мәселелеріне тоқталатын болсақ, ол:

Жасөспірім кезеңінде конструктивті даму барысынан келесі ауытқулар болуы мүмкін:

- идентификациялауының диффузиялылығы: адамның иденттілік қалыптастыруға қысқа мерзімді мүмкінділігінің жоқтығы.

- уақыт диффузиясы: екі көрініспен пайда болатын уақыт сезімінің бұзылуы. Уақыт диффузиясы қорқыныш немесе өлімді тілеумен байланысты;

- жұмыстың тұрып қалуы: көбінесе идентика диффузиясымен көрінетін табиғи жұмыс қабілетінің бұзылуы;

- жат идентификацияның орын алуы: идентификация қалыптасуында нормамен әсер ететін барлық факторлар мен рольдердің мойындалмауы. Яғни, мұны үлкендер керек емес немесе қауіпті деп бағалайды (Ремшмидт Х.)

Негізінен бұл ауытқулар аса қауіпті көрінгенмен көп жағдайда есею процесі рамкасы толығымен дұрыс вариация болып табылады, бірақ егер де ақырғы жағдайда психикалық ауруларға немесе аутоагрессивті, антисоциалды мінез-құлықтың анық формасына алып келуі мүмкін.

Жасөспірімдік кезеңдегі оқушылардың эмоционалды үйлеспеуіне себеп болатын факторлар жан-жақты. Олар ауытқып отырады. Психологияда бұл кезеңдегі проблеманы мінез-құлық ерекшеліктерін екіге бөліп қарастырылады:

1. Интернализацияланған (өзіне бағыттылған);
2. Экстернализацияланған басқаларға бағытталған.

Экстернализацияланған мінез-құлық ассоциалды мінез-құлықтың соңғы жағдайы болып табылады. Жасөспірімдердің мінез-құлқының өзгеруі - негізі мен олардың ерекше жағдайларға талпынуы, мектепте танымды болғысы келуі. Невский И.В. жасөспірімнің ерекше мінез көрсетуіне негіз болатын психологиялық жағдайларды атап көрсетеді. Олар:

1. Жасөспірімдердің құрбандықты қажетсінуі.
2. Анатомио-физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты эмоционалды тұрақсыздық білдіруі.
3. Агрессиясының анық байқалуы.
4. Акцентуация түрлерінің анық байқалуы.
5. Психикалық дамудағы ауытқулардың жиі кездесуі.
6. Өзін-өзі төмен бағалауы.
7. Өзін бейадекватты төмен бағалау

Микроэлементтік фактор-қазіргі уақытта жасөспірімдердің қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Бұл негізінен қоғамның идеологиялық тенденциясынан экономикалық тенденцияға өтуінен көрініп отыр. Сондықтан жасөспірімдерде статистикалық тұрғыдан кері мінез-құлық кең деңгейде көрініп отыр. Оған бірден бір себеп "орта" болып отыр. Бұларда олардың бір сезімдердің орнына психологиялық сипаттағы келесі бір сезімдердің келуі мүмкін.

Жалпы, оқушылардың мінез-құлқының ауытқып немесе бұзылып келе жатқанын неден байқауға болады. Мәліметтерге сүйенсек бала беймаза күш кешуі, тырнағын тістеп отыруы мүмкін, ол ішкі мазасызданудың пайда болуынан да және түнгі шытырман жағдайлардан да көрінеді, яғни мінез-құлықтың өзгеруінің көріністері болып табылады.

Сонымен жеткіншектік кезең мен жасөспірімдік кезең бір-бірімен тығыз байланысты болып табылады. Оларға әсер ететін себептердің мазмұны да бірдей және бұл екі жас бір-біріне тәуелді. Мысалы, жеткіншектік кезең психикалық процестермен, жекелік дамуын, ағзаның физикалық жетілуімен сипатталса, жасөспірімдік кезеңде ағзаның жетілуі аяқталады, жасөспірімнің ішкі позициясының күрт өзгеруімен сипатталады.

Акцентуацияның пайда болуына себепін тигізетін жағдайлар жасөспірімдер мен ересектер арасында кездесетін тартыс-таластар, түсінбеушіліктер. Олар ересек адамның жасөспірімдерге әлі бала деп қарайтын көзқарас сақталуы, өз мәселелерін өз бетімен шешуге үлкендердің мүмкіншілік бермеуі, жолдастарымен қарым-қатынас жасауға себепсіз тыйым салуы т.б. Жасөспірімнің өзін ересекпін деп санайтын түсінігі мен үлкендердің балаға деп қойған талабы олардың арасындағы қарым-қатынасындағы талас-тартыстар мен қайшылықтардың көзі болып, акцентуацияның және агрессияның әр түріне әкеліп соғуы мүмкін. Олар баланың қырсық мінез көрсетуі, үлкендердің талабына қарсы шығуы, дөрекілік көрсетуі арқылы белгі береді. Психологиялық қызмет көрсету барысында балалардың мінез-құлығында осы ауытқулардың орын алуына қарсы алдын-алудың профилактикалық жұмыс жүргізудің маңызы үлкен.

Жасөспірімдерде кездесетін жүйке аурулары (невроз) отбасындағы және басқа да әр түрлі қиын жағдайлардың салдарынан болуы мүмкін. Мәселен, кей оқушылар ата-ана тарапынан ешқандай жүрек жылуын көрмей өсіп, осыған мектептегі өз сыныбындағы оқушылардың, мұғалімдердің кері көзқарасы қосылып, ұзаққа созылған қайғыру, ренжулер болса, осындай жағдайлар ауруларына шалдықтырып, баланы ашуланшақ, ызалы, аутоагрессиялы қалыпқа түсіреді. Ата-ана тарапынан, мектеп қабырғасынан жылылық сезінбеген оқушы өмірде өзін ешкімге қажетсізбін деп есептеп, уайымға шалдығады, кей оқушылардың ұйқысы бұзылып, түнде қорқынышты түстер көріп, иммунитеті төмендейді.

15-17 жас аралығында бала саналы жан дүниесінің даму кезеңдерінде, эмоциясы мен толқуларын саралап қадағалай алмайды. Бұған ересек адамның күші тең келмейді. Бала агрессия ретінде қабылданған әрекетке есе қайтара алмайды. Сондықтан ашуын ырықсыз өзіне жұмсайды.

Мінез-құлқында қиыншылығы бар оқушыларды әдетте екі топқа бөліп қарастырады: біріншісі – тән кемтарлығы және жан жарақаты бар оқушылар; екіншісі - отбасында, мектепте тәрбиелеуден шет қалған, жеке басын қалыптастыруда сыртқы кері факторлардың, әлеуметтік жағдайдың әсері болған және өтпелі кезеңнің күрделілігінен мінезі дұрыс қалыптаспаған оқушылар.

Аутоагрессиялы оқушылардың өскен ортасын, яғни отбасының жай-күйін талдағанда, кейде отбасының өзі бала тәрбиесіне кері әсер беретіні анықталып отыр. Тағы да бір қолайсыз жағдай: бала тәрбиесіне ата-аналардың әртүрлі көзқарасы немесе біреуінің бала тәрбиесінен шет қалуы, яғни, баланың толық емес отбасында тәрбиеленуі.

Ата-анасының мейірімін көрмеген бала көбінесе мейірімсіз, ызалы, құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайды, кейде тұйық, шектен тыс мейірімінде өскен бала өзімшіл, нәзік, тым төзімсіз, екі жүзді болуы мүмкін, яғни отбасы тәрбиесі адам өмірінде өте маңызды.

Жасөспірім жастаға оқушылардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себептерін психологтар отбасында дұрыс тәрбие бермеудің салдарынан болатындығын анықтап, оларды бірнеше түрге бөліп қарастырады: отбасының әлеуметтік, экономикалық жағдайы; баланың рухани дамуына ата-ананың немқұрайлы қарауы; қараусыз бала, қамқорлықтың жеткіліксіздігі; шектен тыс қамқорлық т.б. Мадақтау мен шектен тыс мәпелеуде өскен оқушы ешқандай күш жұмсамай көзге түскісі келіп тұрады. Олар өздігінен ешнәрсеге қол жеткізе алмайды. Үлкендердің эмоциялық қақпайлауы салдарынан кінәмшілдік, өзін қажетсіз санау сезімдері қалыптасады. Адамгершілік, жауапкершіліктің шектен тыс жоғары болуы баланы балалық қуанышынан айырып, бойында уайымшылдықтың тууына әкеледі.

Балалардың мінез-құлқында қиындықтардың пайда болу себебі, біріншіден, отбасы тәрбиесі десек, екіншіден, мектептегі оқу тәрбие жұмысындағы кемшіліктермен сипатталады. Бала мектепте өзін жақсы сезінсе, онда үйде де, құрбыларымен де қарым-қатынасы ойдағыдай болады. Осыған орай мектептегі мінез - құлқында қиындығы бар оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Мектеп психологиялық қызметінің алдында тұрған күрделі проблемалардың бірі – жеткіншек және жасөспірім жасындағы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларға дер кезінде қажетті психологиялық көмек көрсету. Мектеп психологтарының осы салада жүргізетін жұмыс мазмұнын анықтау үшін осы жас кезеңінің ерекшеліктерін және әр жасөспірімнің өзінің алдында тұрған қиындықтарды зерттеу қажет. Педагог-психологтың екінші бір маңызды міндеті – отбасын педагогикалық білік, білім, дағдылармен қаруландыру, оларды теориялық және практикалық түрде меңгерту. Дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық қарым-қатынастың аяғы ата-аналардың өз балаларының ғана емес, жалпы сынып тәрбие жұмысына қатысуына әкеледі. Мұғалімдер мен ата-аналар әріптес ретінде тәрбие жұмысында, педагогикалық психологиялық қарым қатынаста, бірін-бірі толықтырып отырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Психология. К.С.Жұмасова. Астана 2006ж

2. Психологияны оқыту әдістемесі. М.Қ.Бапаева. Алматы 2008ж
3. Жас ерекшелік психологиясы. Н.С. Жұбаназарова Алматы 2012ж
4. Қиын оқушыларды мектеп жағдайында тәрбиелеу мәселелері» Жұмабаев М. Алматы – 1974 ж.
5. Жеке адамның дамуы, қалыптасуы. Бейсенбаева Б.Р Алматы – 1991 ж.
6. Психология. Жарықбаев Қ.Б., Алматы 2004



УДК 159.9

## ШКОЛЬНЫЙ АНТИБУЛЛИНГОВЫЙ ПОДХОД «NO TRAP»

**Балакина Наталья Валерьевна, Байтелиева Нурбану Сейтхасымовна, Магай Ирина Георгиевна, педагоги-психологи Филиала НИШ ФМН г.Тараз АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»**

**Аңдатпа.** Бұл ғылыми баяндамада жасөспірімдермен жұмыс барысындағы буллинг және кибербуллинг мәселесінің өзектілігі қарастырылған. Тиімді болып табылатын халықаралық, ұлттық буллингке қарсы бағдарламалардың мазмұнына шолу жасалынған. «NO TRAP» деп аталынатын мектеп өміріне ең тиімді буллингке қарсы бағдарлама туралы нақты және толық ақпараттар берілді және мектептегі буллинг жағдайындағы жұмыс алгоритмі ұсынылып отыр.

**Кілт сөздер:** буллингке қарсы бағдарлама, буллинг, кибербуллинг

**Аннотация.** В статье рассмотрена актуальность темы профилактики буллинга и кибербуллинга в работе с подростками. Сделан обзор наиболее эффективных международных, национальных антибуллинговых программ. Представлен опыт создания антибуллингового школьного подхода «NO TRAP». Он включает в себя антибуллинговую школьную программу «NO TRAP» и алгоритмы работы школы в ситуации насилия и буллинга.

**Ключевые слова:** антибуллинговая программа, буллинг, кибербуллинг.

**Annotation.** The article considers the relevance of the topic of prevention of bullying and cyberbullying in work with adolescents. It reviews the most effective international and national anti-bullying programs and presents the experience of creating the anti-bullying school approach "NO TRAP". It includes the "NO TRAP" anti-bullying school program and school work algorithms in situations of violence and bullying.

**Keywords:** anti-bullying program, bullying, cyberbullying

Подростки в соответствии со своими возрастными потребностями активно самоутверждаются. И зачастую тинэйджеры выбирают пути и варианты самоутверждения, которые не являются социально приемлемыми. В связи с этим повышаются риски травли, психологического насилия в адрес сверстников (буллинг). Современные технологии способствовали появлению нового вида психологического насилия – кибербуллинг. Соответственно перед школой стоит задача по эффективной профилактике и противостоянию буллингу и кибербуллингу.

Действующей национальной программы по противостоянию буллингу и кибербуллингу в Республике Казахстан нет. На данный момент есть Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 21 декабря 2021 года № 506 «Об утверждении Правил профилактики травли (буллинга) ребенка. Но каждое образовательное учреждение нуждается в четких алгоритмах при работе со случаями школьной травли. Существующая

потребность школы и отсутствие в стране антибуллинговой программы мотивировали нас разработать четкий и ясный школьный подход.

За последние 30 лет в мире накоплен опыт по разработке и реализации антибуллинговых программ. В ряде программ термин «prevention/превенция» используется не только в значении «профилактика», но и в значении «противодействие». Каждая программа имеет различный набор элементов по противодействию травле: дисциплинарные воздействия, участие сверстников, подготовка учителей и степень их включенности в профилактическую работу, роль родителей, наличие или отсутствие реабилитации (восстановительных процедур и подходов).

При разработке нами школьного антибуллингового подхода мы знакомимся с известными исследователями и их работами в области профилактики школьной травли и ее последствий (Д.Ольвеус, Норвегия; П.К. Смит, США; К.Ригби, Австралия; К.Салмивалли, Финляндия; Д.Пеплер, Канада; Д.Эспелейдж, США; Р.Ортега, Испания). А также с национальными проектами в разных странах: Bulli & Pupe, Flemish School-Based Anti-Bulling Programme, Irish Nationwide Anti Bulling programme, The Friendly Schoolse Project, SAVE, Expect Respect, ViSC, Steps to Respect [6].

Наиболее распространенные и широко применяемые в мире программы: ОБРР (Olweus Bulling Prevention Program), KiVA/Хороший, ViSC/Вместе против насилия, Positive Action/Правильное действие.

**Норвежская программа ОБРР** (Olweus Bulling Prevention Program/Программа предотвращения травли Д.Ольвеуса) - первая в мире антибуллинговая программа. Оценка эффективности программы, сделанная в 1991 году, показала снижение фактов травли на 50%.

Эта программа рассчитана на детей в возрасте 5-18 лет. Программа предназначена для профилактики буллинга в начальной, средней и старшей школе. В соответствии с основными идеями программы работа ведется в среде сверстников, с педагогами, с местным сообществом (районные и городские молодежные центры). Задачи программы: повышение осведомленности и знаний учеников о школьной травле, вовлечение учителей и родителей в профилактику буллинга, разработка четких правил против травли, оказание поддержки и защиты жертвам. Особенности программы: став свидетелями травли, учителя информируют об этом своих коллег, чтобы те могли обратить внимание на поведение конкретных учеников на уроках и вне них.

**Финская программа KiVA/Хороший.** Аббревиатура «Kiussamista Vastaan» означает «Против издевательств». Она представлена тремя версиями (для детского сада, для учеников 1-3 классов и 4-6 классов). Объем программы – 20 часов. Главной целью программы является уменьшение показателей школьного буллинга. Ожидаемый результат – снижение фактов буллинга и кибербуллинга. В процессе занятий ученики узнают о роли группы в поддержании буллинга, проявление и усиление чувства эмпатии по отношению к жертвам буллинга, ознакомление и продвижение стратегий поддержки жертвы. Основные методы программы: обсуждение, групповая работа, ролевые упражнения; применяются видеоигры и анимационные уроки, буклеты и общение с педагогами. Класс вырабатывает внутренние правила по недопущению буллинга, его предотвращению и борьбе с ситуациями школьной травли.

Особенности программы: Центральной частью программы становится работа со сверстниками (с категорией лиц, вовлеченных в буллинг). Классный руководитель и команда из трех учителей/педагогов рассматривают каждый выявленный случай буллинга. Проводится ряд индивидуальных и групповых обсуждений с жертвами и инициаторами, агрессорами; далее проводят систематические встречи. Педагог в классе привлекает 2-4 учеников с высоким социальным статусом, побуждая их поддержать пострадавшего ребенка.

В школе отсутствует формальное объединение, контролирующее все ситуации школьной травли; постоянно создаются небольшие группы, курирующие ситуацию буллинга в классе. При этом работа с семьей и с сообществом не является приоритетом, программа не затрагивает старших подростков, не делается акцент на социализации инициаторов школьной травли.

**Австрийская программа VISC/Вместе против насилия.** Программа Viennese Social Competence (VISC) разработана в рамках национальной модели «Вместе против насилия». Программа рассчитана на учеников 5-8 классов (11-15 лет). В первом семестре учебного года проводятся профилактические меры в школе с учителями. Во втором семестре учебного года профилактическая работа строится учителями на уровне класса. Объем программы – 13 занятий продолжительностью по 2 часа. На занятиях предлагается анализ ситуаций через применение драматизаций, обсуждений, ролевых игр и др.

Особенности программы: наряду со снижением случаев агрессии и травли идет развитие социальных компетенций и эмоциональных навыков (управление эмоциями, тренинг самооценки, обучение стратегиям совладания с трудными ситуациями). Ученикам предлагается взять на себя ответственность за свою социальную среду и взаимодействие со сверстниками, содействовать улучшению школьной обстановки. Применяется каскадная модель «Тренер тренеров». На первом этапе исследователи обучают тренеров VISC (мультипликаторы). Далее тренеры мультипликаторы обучают педагогов. На третьем этапе педагоги обучают учеников.

Нами исследована программа «NO TRAP!» («Нет ловушке!») и разработан школьный подход NO TRAP [8]. Он включает в себя антибуллинговую школьную программу «NO TRAP» и алгоритмы работы школы в ситуации насилия и буллинга.

Эффективные международные антибуллинговые программы акцент в работе делают на начальный и средний школьный возраст (1-6 класс, с детского сада по 1-9 класс).

В своей программе «NO TRAP» мы делаем акцент на 7-12 классы. Ученики старших 10-12 классов, имеющие уже опыт определения буллинга и его противостоянию, проводят просветительскую работу с более младшими учениками (7-9 классы).

Мы решили взять за основу программу «NO TRAP!» («Нет ловушке!»), так как она наиболее экологична в отношении подростков. И к тому же помогает ученикам реализовать свое лидерское начало, общаться со сверстниками на актуальные для них темы по принципу «равный – равному». Исключает участие взрослых как морализаторов.

На первом этапе либо учителя-эксперты, либо педагоги-эксперты (психологи) обучают педагогов (Курс по буллингу и кибербуллингу и Школьным политикам).

На втором этапе ученики-тренеры обучают сверстников в классе (онлайн и оффлайн тренинги).

Основные особенности программы:

- ✓ Занятия по разработанному плану ведутся учащимися.
- ✓ В программе занятий рассматриваются основные темы «Буллинг», «Виды буллинга» и «Кибербуллинг».
- ✓ Ученики-тренеры проводят занятия со сверстниками в онлайн и офлайн форматах (в классе).
- ✓ Особые подтемы, рассматриваемые на занятиях, – это фокус на наблюдателей и фокус на жертвах.
- ✓ Обязательной составляющей программы занятий являются упражнения на эмпатию и стратегии выживания.
- ✓ Совместное обучение со сверстниками.

**Предварительная работа,** необходимая в школе по применению подхода и программы NO TRAP:

- Пройти школьный курс по темам «Буллинг. Кибербуллинг»

- Определить тренеров для учеников-тренеров
- Подключить школьное самоуправление
- Выбрать активных и мотивированных учеников для работы со сверстниками
- Разработать тематику встреч, занятий с учениками-тренерами (по классам, по параллелям)
- Разработать задачи (на разные виды буллинга и кибербуллинга, развитие эмпатии, научение способам разрешения конфликтов, просоциальному поведению)
- Подобрать ролевые игры, продумать акции
- Продумать названия для видеопроектов, би-баттла, кинопроектов, конкурсов по теме
- Продумать опрос на начало и завершение программы (для мониторинга)
- Разработать занятия для родителей, памятки
- Разработать занятия для учеников и памятки

Программа предполагает проведение 10-12 занятий продолжительностью по 2 часа.

Ключевые компоненты программы «NO TRAP!» предполагают максимальное участие учеников и минимальное участие взрослых, исключение репрессивного подхода (Таблица 1).

**Таблица 1**

**Компоненты программы «NO TRAP!»**

<b>Виды работы</b>	<b>Компоненты программы</b>
школа	нет
родители	нет
учителя	минимальное воздействие
правила класса	нет
учебные материалы	нет
работа со сверстниками	организована учащимися
работа с агрессорами	да
работа с жертвами буллинга	да
репрессивный подход	нет

Методы, применяемые на занятиях: тренинговые упражнения, ролевые игры, дискуссии, обсуждение, просмотр видео роликов. Эти методы позволяют выйти на анализ ситуаций. Допускается проектная работа в творческих группах: создание песни, видео, стенгазеты, би-баттлы, драматические постановки, конкурс кинороликов.

Анализ результатов программы проводится с применением предварительного и итогового тестирования.

Анализ результатов программы происходит на основе проведения предварительного и итогового тестирования.

Анализ эффективности занятий по антибуллинговой программе «NO TRAP» в 2020-2021 учебном году показывает результативность занятий. Рассмотрим итоги опроса учеников об эффективности проведения занятий по теме кибербуллинга.

В итоговом опросе принимало участие 515 учеников 7-11 классов.




На вопрос «Получил ли ты новую информацию по данной теме?» 80% учеников говорят «да» (*Диаграмма 1*).

На вопрос «Получил ли ты новую информацию по данной теме?» 80% учеников говорят «да» (*Диаграмма 2*).

*Диаграмма 1*


Степень новизны информации по теме "Кибербуллинг" для учащихся 7-11 классов



■ имя/да ■ жок/нет

*Диаграмма 2*

Качественная оценка вебинара по теме "Кибербуллинг" учащимися 7-11 классов



■ имя/да ■ жок/нет

Помимо антибуллинговой программы «NO TRAP» нами разработаны алгоритмы действий участников образовательного процесса в ситуации насилия, буллинга. Предложен алгоритм обращения за помощью: кто может обратиться, к кому может обратиться, каким образом (устно, письменно, через образовательную платформу Teamse, через школьный Ящик доверия). А также разработана «Схема реагирования на случаи насилия и алгоритм действия участников образовательного процесса НИШ ФМН г.Тараз». Эта схема позволяет четко увидеть, как сообщить о случае насилия или попытке его совершения, как обеспечить своевременное вмешательство в целях прекращения насилия, как оказать первую помощь пострадавшему, как провести разбор и регистрацию конкретного факта буллинга, как оказать помощь, принять воспитательные и дисциплинарные меры, и как завершить случай.

Итак, разработанный антибуллинговый подход «NO TRAP», включающий в себя антибуллинговую программу «NO TRAP» и алгоритмы действий участников образовательного процесса в ситуации насилия, буллинга может быть эффективным способом профилактики и противостояния буллингу в образовательном учреждении.

#### **Список использованной литературы:**

1. Буллинг в школе [https://www.youtube.com/watch?v=\\_9v1HODdIFs](https://www.youtube.com/watch?v=_9v1HODdIFs)
2. Кривцова С.В. Буллинг в школе VS сплоченность равнодушных. Организационная культура ОУ для решения проблем дисциплины и противостояния насилию. Москва, 2011г.
3. Методические рекомендации по предотвращению буллинга (травли) среди сверстников в коллективе. НИШ ФМН г.Тараз, 2017г.
4. Петрановская Л. «Травли нет», методическое пособие для педагогов школ и школьных психологов.
5. Петрановская Л.«Травли нет», методичка для учеников.
6. Противодействие школьному буллингу: анализ международного опыта./ Д. В. Молчанова, М. А. Новикова; Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования. — М.: НИУ ВШЭ, 2020— 72 с. — 200 экз. — Современная аналитика образования № 1 (31).

7. А. Уксукбаева, К. Салимбаева, материалы семинара «Профилактика буллинга в школе: исследования, практики, техники и инструменты работы школьного психолога», Астана, 2019г.

8. Evidence-based intervention against bullying and cyberbullying: Evaluation of the NoTrap! program in two independent trials/ Доказательная интервенция против издевательств и киберзапугивания: оценка NoTrap! программа в двух независимых испытаниях.  
<https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/26879897/>

9. Clarke A. M., Morreale S., Field C., Hussein Y., Barry M. M. What works in enhancing social and emotional skills development during childhood and adolescence //A review of the evidence on the effectiveness of school-based and out-of-school programmes in the UK. A report produced by the World Health Organization Collaborating Centre for Health Promotion Research, National University of Ireland Galway.



УДК 159.9

## ПСИХОЛОГТИҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ СУИЦИДАЛЬДІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

**Бегалиева Нұргүл Үсейінқызы**

психология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан, Алматы қаласы

**Аңдатпа.** Мақалада балалар мен жасөспірімдер арасында кездесетін суицидтік әрекеттердің алдын алу бойынша психолог жұмысының негізгі бағыттары мен міндеттері жайында баяндалады. Сонымен қатар, суицидтік мінез-құлықтың психопрофилактикасының үш деңгейін қарастырады.

**Кілт сөздер:** психолог-практик, суицид, суицидальді мінез-құлық, жеткіншектік жас, профилактика.

**Аннотация.** В статье описаны основные направления и задачи работы психолога по профилактике суицидальных действий у детей и подростков. Кроме того, рассмотрены три уровня психопрофилактики суицидального поведения.

**Ключевые слова:** практикующий психолог, суицид, суицидальное поведение, подростковый возраст, профилактика.

**Annotation.** The article describes the main directions and tasks of the work of a psychologist in the prevention of suicidal acts in children and adolescents. In addition, three levels of psychoprophylaxis of suicidal behavior are considered.

**Key words:** practicing psychologist, suicide, suicidal behavior, adolescence, prevention.

Балалық және жасөспірімдік жаста суицид жасаудың ерекшеліктері, алдын алудың маңыздылығы, психопатологиялық жағдайдың күрделілігі – осының барлығы кейбір ғалымдарға балалар мен жасөспірімдер суицидологиясын жеке білім саласы ретінде қарастыруға негіз болмақ.

Суицидтік мінез-құлықты жан-жақты зерттеген ғалымдар Н.А. Башлыков, Е.М.Вроно, В.В.Ковалев, В.Т.Кондрашенко, Л.И.Постовалова, А.М. Прихожан, Н.А. Ратинова, Т.В.Самохина, Е.Г.Трайнина, Л.Я. Уманская сынды ғалымдар суицидті аутодеструктивті мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастырып, осы сұрақты анықтауда отбасы институтының

маңызы зор екендігін атайды. Олардың пікірінше, барлық өз-өзіне қол жұмсаулардың негізгі себебі отбасы мәселелері болып табылады.

Көптеген ғалым-зерттеушілер ересектер мен балалардағы суицидтің өзектілігін ескере отыра, оларды: суицидентті алдын ала анықтауға бола ма және оның ниетіне тосқауыл болуға бола ма деген сұрақ мазалайды. Суицидалды мінез-құлықтың нақты белгілері болмайды, бірақ олардың ортақ көріністері бар:

1). Ниет еткен суицидтің белгілері. Оларға: өз-өзіне қол жұмсау туралы әңгімелер, адамдардың немесе өзінің өлімі жайлы түс көру, өз өмірін қию құралдарына қызығушылық білдіру, өмірдің мәні жоғалуы туралы ой-пікірлер, қоштасу сипатындағы немесе әңгімелер.

2). Өткен шағында өз-өзіне қол жұмсау тәжірибесінің болуы, жақындарында, әсіресе ата-аналары мен достарының өз-өзіне қол жұмсау мысалдарының орын алуы; ымырасыз шешімдер мен қылықтарға бейімділік, әлемді ақ пен қараға ажырату.

3). Өмірлік жағдайлардың объективті ауыр болуы: жайсыз отбасындағы балалық шақ; нақ сол сәтте жақындарымен қатынастарының нашар болуы; қымбат адамынан айырылу, жұмыстан айырылу, қоғамның шеттетугі, ауыр сырқат, өмірлік жоспарларының күл-талқан болуы, идеалдарын немесе сенімін жоғалту.

4). Қиыншылықтарға қарсы тұруға мүмкіндік беретін тұлғалық қорларының төмендеуі: сарыуайымға салыну, созылмалы стрестік күйзелістер, қауқарсыздық, сырқат, жақын ортасында зорлық-зомбылықтың орын алуы, физикалық немесе психикалық сарқылу, қиыншылықтарды жеңудегі тәжірибесіздік, шарасыздық [1].

Осыған орай, балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жасауда Дүниежүзілік денсаулық ұйымы профилактикалық жұмыстың келесідей деңгейлерін бөлуді ұсынады: алғашқы, қайталама және үшінші профилактика [2].

**Алғашқы профилактика** белгілі бір құбылысты тудыратын қолайсыз факторларды жоюға, сондай-ақ жеке тұлғаның осы факторлардың әсеріне төзімділігін арттыруға бағытталған. Бастапқы профилактика "тәуекел тобындағы" балалар мен жасөспірімдер арасында кеңінен жүргізілуі керек. Ол үш негізгі бағытты қамтиды:

1. Адамдардың әлеуметтік өмірін жетілдіру.

2. Девиантты мінез-құлықты қалыптастыруға және көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік факторларды жою.

3. Әлеуметтік позитивті-бағдарланған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы міндеттерді шешу үшін ата-аналар мен мұғалімдердің психологиялық құзыреттілігін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастыру қажет. Жұмыстың негізгі түрлері:

- педагогтар мен ата-аналарға арналған медициналық-психологиялық лекторий;
- жеке психологиялық кеңес беру.

Ақпараттандыру және кейінгі талқылау үшін ең маңызды мәселелер келесідей болады:

- жасөспірімдік кезеңдегі дамудың ерекше ерекшеліктері;
- дамудағы дағдарыстық кезеңдер;

- балалар мен жасөспірімдердегі депрессиялық және өткір дағдарыстық жағдайлардың белгілері;

– баланың (жасөспірімнің) мінез-құлқындағы суицид қаупі бар тенденциялардың көрінісі;

– жасөспірімдердегі девиантты мінез-құлық пен осыған жақын психикалық бұзылулардың түрлері;

– баланың (жасөспірімнің) эмоционалды-психикалық саласын қалпына келтіру факторы ретінде жүретін отбасылық қатынастардың ерекшеліктері. Сонымен қатар, "тәуекел тобындағы" жасөспірімдер үшін суицид қаупі бар тенденцияларды анықтау үшін психодиагностикалық зерттеу жүргізу қажет.

**Қайталама профилактика** жүйкелік-психикалық бұзылуларды ерте анықтауға және оңалтуға және "тәуекел тобымен" жұмыс істеуге бағытталған, мысалы, дағдарыс жағдайында

жүрген және қазіргі уақытта байқала қоймайтын суицидтік мінез-құлықты қалыптастыруға айқын бейімділігі бар немесе суицидтік ниеттерді тікелей немесе жанама түрде көрсететін жасөспірімдер. Осыған байланысты негізгі мақсат - ықтимал суицидтің алдын алу. Ол үшін, ең алдымен, суицид қаупінің дәрежесін бағалау қажет:

- жеңіл дәрежесі (белгілі бір жоспарларсыз суицидтік ойлардың болуы);
- орташа ауырлық дәрежесі (суицидтік ойлардың болуы, іске асыру мерзімдері жоқ жоспардың болуы);
- жоғары (ойында бар, жоспары жасалған, іске асыру мерзімдері мен құралдары бар).

**Үшінші профилактика** парасуицидтің ықтималдығын азайту, суицид жасаушы мен оның әлеуметтік ортасын әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан оңалту, мінез-құлық бұзылыстарымен бірге жүретін жүйкелік-психикалық бұзылуларды емдеу сияқты арнайы міндеттерді шешеді. Үшінші профилактика суицидтік әрекетті жасаған суицидтік мінез-құлық қалыптасқан балалар мен жасөспірімдерде қайталанудың алдын алуға да бағытталуы мүмкін.

Жасөспірімдермен суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша әлеуметтік-психологиялық жұмыс технологиялары суицидтік мінез-құлықты әлеуметтік бақылауға қоюға бағытталған, оның ішінде:

біріншіден, мұндай мінез-құлықты қоғамдық пайдалы немесе бейтарап мінез-құлықпен алмастыру, ығыстыру;

екіншіден, жасөспірімнің белсенділігін қоғамдық мақұлданған немесе бейтарап бағытқа бағыттау;

үшіншіден, суицидтік мінез-құлық бар жасөспірімдерді қудалаудан бас тарту.

**Суицидтік әрекеттердің алдын алу бойынша психолог жұмысының бағыттары:**

- психологиялық жарақат жағдайдағы психологиялық шиеленісті жою, жеңілдету.
- суицидтік мінез-құлыққа әкелген себепке психологиялық тәуелділіктің төмендеуі.
- мінез-құлықтың компенсаторлық механизмдерін қалыптастыру.
- өмір мен өлімге барабар қатынасты қалыптастыру.

**Суицидтің жалпы алдын алу кезеңіндегі психологтың міндеттері:**

1. Туындаған қиындықтарды уақытылы алдын алу және тиімді шешу мақсатында оқушылардың әлеуметтік-психологиялық мәртебесі мен бейімделу ерекшеліктерін зерттеу.

2. Әр түрлі жастағы топтардағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін құруға қатысу (педагогикалық қолдау, психологиялық кеңес беру және т.б.).

3. Жалпы мектептік және сыныптық іс-шараларды әзірлеуге және өткізуге қатысу, оның мақсаты «Мен» туралы жағымды бейнені, ерекше және қайталанбас тұлғаны, коммуникативті құзыреттілікті, өмірге құндылық қатынасты және т.б. қалыптастыруға ықпал ету [3].

Постсуицидалды күйлердің құрастырылған типологиясы олардың ресми және мазмұнды жақтарын бейнелеп, терапевтік ұсыныстарды, суицидтердің қайталануының алдын алу шаралары мен болжамын ескере отырып қамтиды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Старшенбаум Г.В. Суицидология и кризисная психотерапия. - М.: Когито-Центр, 2005. – 376 с.
2. Юрьева Л.Н. Клиническая суицидология. - Днепропетровск: Пороги, 2006. - 330 с.
3. Амбрумова А.Г., Старшенбаум Г.В. О состоянии суицидологической службы в России. - М.:1995.



**ЖАСӨСПІРІМДЕРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД МӘСЕЛЕСІ**

**Ботабаева Адеми Еркебаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
Жайшыбекова Арайлым Маратовна, аға оқытушы  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы  
Құлымбаева Балнұр Еркінқызы, 3 курс студенті, Астана медицина университеті  
Астана қаласы**

**Аңдатпа.** Мақалада суицидтің Қазақстандағы жасөспірімдеріміз арасындағы статистикасы берілген және оның туындау себептері мен алдын алу шаралары көрсетілген.

**Кілт сөздер:** суицид, жасөспірімдеріміз, туындау себептері, алдын алу шаралары.

**Аннотация.** В статье представлена статистика суицида среди подростков в Казахстане и указаны причины его возникновения и меры профилактики.

**Ключевые слова:** суицид, подростки, причины возникновения, меры профилактики.

**Annotation.** The article presents statistics of suicide among teenagers in Kazakhstan and indicates the causes of its occurrence and preventive measures.

**Keywords:** suicide, teenager, causes, preventive measures.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша 100 мың тұрғынға шаққанда әлемдегі суицид көрсеткіші 8,3 жағдай болса, 15-19 жастағы қазақстандық жасөспірімдер арасында 11,3 жағдайды құрады. Суицидтің туындауы қауіпті мінез-құлыққа бейімдік, зорлық-зомбылық, бала кездегі психологиялық травма, стигматизация және жастардың қажеттіліктеріне бағдарланған психикалық саулық қызметтері мен білікті мамандардың жоқтығы себебінен болып отыр.

ЮНИСЕФ деректері бойынша қазақстандық оқушылар ЭЫДҰ елдеріндегі (орташа көрсеткіш – 23 %) замандастарымен салыстырғанда буллингке жиі ұшырайды (32 %). Балалардың жартысынан көбі виртуалды зорлық-зомбылық, дін мен суицидті насихаттау жағдайларына ұшыраған және әлеуметтік желілерде танысуды қолдайды. Осыған байланысты әлеуметтік дағдыларды дамыту, білім алушылардың бос уақытын және қоғамдық қызметін ұйымдастыру және олардың психикалық денсаулық проблемалары туралы хабардарлығын арттыру өзекті міндет болып қала береді.

Әлеуметтік желілердің жастар санасына теріс әсерінің, буллинг пен кибербуллингің профилактикасы бойынша балалар арасында білім алушылармен ақпараттық-түсіндіру әңгімелері, құқық қорғау ұйымдарының өкілдерімен, жастар ұйымдарының көшбасшыларымен заңнаманы, мемлекеттік бағдарламаларды және Telegram, WhatsApp, Facebook, VK, Instagram және т.б. сияқты әлеуметтік желілерден алынған ақпарат ағынының теріс әсерін азайту жөніндегі ұлттық жобаларды түсіндіру бойынша кездесулер ұйымдастырылады [1].

«Суицид» латын тілінен алынған «қасақана өзін-өзі өлтіру» деген мағынаны білдіретін сөз. Өкінішке орай, бұл термин қазір көп қолданатын сөзімізге айналды. Суицид деген термин 17 ғасырда пайда болған. Бірақ 18 ғасырдың ортасына дейін бұл ұғым қоғамда кеңінен пайдаланылған емес. Тек 20 ғасырдың басында адамдардың өз-өзіне қол жұмсауының көп етек алуына байланысты ғылымда «суицидология» атты дербес зерттеу саласы қалыптасты.

Ғалымдардың айтуынша суицидтің үш түрі бар.

Біріншісі – шынайы суицид. Оған барған адам өмірден түңіледі, үнемі көңілсіз болып жүреді, өлгісі келеді. Нақтырақ айтқанда өмірдің мәнін жоғалтады.

Екінші түрі – жариялық суицид. Өзін-өзі өлтіргісі келгендердің көбі өлместен бұрын өзгелердің назарын өзіне аударғысы келеді. (Мысалы біреумен ренжиссе, қолына суық қару алып, болмаса арқан, жіп ала жүгіріп, «өлем» деуі.)

Үшінші түрі – жасырын суицид. Бұл түрінде адам өз-өзін өлтіру жақсы іс еместігін түсінеді. Бірақ қиындықтан шығар шара, жол жоқ болып көрінгендіктен, өлімге апаратын істерге бас тігеді (мысалы: нашақорлық, алкоголизм т.б).

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының мамандары адамдардың өз өміріне қол жұмсауына себеп болатын мынадай факторларды көрсетеді:

1. 1.2 % -Денсаулығының нашарлығынан
2. 3 % -Қаражат қиындығынан .
3. Өмір сүрудің ауырлығынан- 1.4 %
4. Құмарлықтан- 6%
5. Отбасы келіспеушілігінен- 18 %
6. Рухани дерттен -18 %
7. 19 %- Жазасын өтеуден жалтару мақсатында осындай қатерлі қадамға барады екен.

Ал өзін-өзі өлтіру фактілерінің 41 % -і неден болатыны белгісіз күйде қалып отыр. Бұл мәселедегі ең күйзелтетіні, суицидтің жасөспірімдер мен жастар арасында көптеп кездесуі [2].

Статистика есебі бойынша Қазақстанда жасөспірімдердің өз өмірін өзі қию жағдайының саны көбейгені көрсетіледі, көтеріліп отырған тақырып өте өзекті. Осы статистикаға көз жүгіртсек:

2005 жылы 261 өлім жағдайы тіркеліп, 393 өлуге талпынған.

2006 жылы 271 өлім, талпынғаны- 379.

2007 жылы кәмелетке жасы толмағандар саны бойынша 215 өлім болса, өзін-өзі өлтіру жөнінде -347.

2008 жылы – 304 жасөспірім.

2009 жылы 260 жасөспірім суицид жасаса, 2010 жылы 237 өз-өмірін қиғандар анықталыпты.

2011 жылы 257 жасөспірім.

2012 жылы 200 жасөспірім.

2013 жылының алғашқы алты айында 144 жасөспірім тіркелген.

2018 жылы 178 өлім жағдайы тіркеліп, 329 өлуге талпынған.

2019 жылы 179 өлім, талпынғаны - 350.

2020 жылы кәмелетке жасы толмағандар саны бойынша 140 өлім болса, өзін-өзі өлтіру жөнінде талпынғаны - 306.

2021 жылы – 175 жасөспірім, талпынғаны - 373

2022 жылы 155 жасөспірім суицид жасаса, талпынғаны- 309.

Жасөспірімдер арасында суицид мәселесін өткен 10-18 жыл бұрынғы мәліметтермен салыстырсақ біршама кемігендігін байқаймыз (Кесте 1- де берілген) [3].

Кесте 1. Жасөспірімдер арасындағы суицид көрсеткіші (2005-2022 ж.ж. аралығы)

Жасөспірімдер арасында суицид жасағандар саны												
2005 ЖЫЛ	2006 ЖЫЛ	2007 ЖЫЛ	2008 ЖЫЛ	2009 ЖЫЛ	2010 ЖЫЛ	2011 ЖЫЛ	2012 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ	2020 ЖЫЛ	2021 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
261	271	347	304	260	237	257	200	178	179	140	175	155

Қазіргі кезде өз еркімен ақтық сапарға аттанғандардың саны толастар емес. Оның көпшілігі жасөспірімдер, яғни 15-19 жас арасындағы жастар. Неге, оған себеп нендей жағдай?

Өзіне-өзі қол жұмсаудың себептері:

1. Үлкендер жағынан мейірімділік сезімнің жоқтығы, өзін керексіз тұлға ретінде сезінуі
2. Ата- анасының арақ ішіп, есірткімен айналысып, балаларына көңіл бөлмеуінен.
3. Жасөспірімдерге дөрекі қарым-қатынас, күш көрсетіп ұруы, сексуалдық күш көрсетуінен.
4. Жасөспірімдер арасында алкогольизм мен нашақорлықтың белең алуынан.
5. Болашағына сенімсіздігінен.
6. Өмірдің мәнін жете түсінбеуінен, түрлі ойлар жетегінде кетіп, адасуынан туындайды.
7. Жауапсыз махаббаттан.
8. Созылмалы аурумен ауырып, ертеңіне үміт болмауынан.
9. Әлеуметтік жағдайдың төмендігінен, өзін басқалардан кем сезінуден.
10. БАҚ суицидтің таралуына кей жағдайда себепші болады. Себебі, неғұрлым негативті ақпарат тараған сайын, ол ұлғая түседі. Мәселен, дәл қазір жастар субмәдениетке бой алдырды. Олардың пірі – поп музыканың бір өкілі, белгілі актерлер өмірден өтсе, жаппай соның артынан өлуге бел буатындар бар. Міне, жұқпалылық дегеніміз осы. Ал сол өкілдің өлгені туралы кім хабарландырды? БАҚ. Бүгінде баланың тәрбиешісі – ата-ана, мұғалім емес, телеарна мен интернет. БАҚ-тағы ақпараттардың көпшілігі бақыланбайды.
11. Өзіне жақын адамын жоғалтқанда.
12. Біреудің өзін кемітіп, мазақ қылған жағдайында.
13. Өмірде алдына қойған жетістіктеріне, мақсатына бір себептермен қол жеткізе алмауынан.

Енді жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауы жөніндегі мәселе бойынша ата-аналарға кеңес берейік:

1. Отбасы арасындағы ұрыс - керіске балаларды араластырмау.
2. Өз балаларыңызға өмірге деген талпынысын, мақсатын құруға көмектесу.
3. Қиыншылықтарды жеңуге көмектесу.
4. Жасөспірімдердің талпынысына, өмірді бастауына қолғабыс тигізу.
5. Ешқандай жағдайда, қол күшін пайдаланып жаза қолданбаңыз.
6. Өз балаларыңызды жақсы көріп, көбірек көңіл бөліңіз.
7. Егер балаңыз тату, түсіністікте өмір сүрсін десеңіз, оның кемшіліктерін бетіне айта бермеңіз, кіналамаңыз.

Қорыта келгенде айтарымыз, психолог, педагогтардың алдында тұрған міндет – суицидтің туындау себептерін анықтап, алдын-алу шараларын айқындап, оны жүзеге асыру жолдарын қарастыру маңызды. Әрбір баланың қайталанбас тұлға, ата-ана үшін баға жетпес – байлық, өмірдің үлкен құндылық екендігін сезіндіру, түсіндіру керек. Олардың бойында болашаққа деген – сенімділік болған жағдайда бала мұндай келеңсіз жағдайларға бармайды, қайта өз болашағы үшін күреседі, жігерленеді. Сондықтанда жасөспірім өмір сүретін ортада жақсы психологиялық климат орнату қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>
- 2 Суицид – рухани дерт » Әбдібай Құрмантаев атындағы мектеп сайты [kaz.osh-18.kz/classroom-management/...](http://kaz.osh-18.kz/classroom-management/)
- 3 Оқу-ағарту вице-министрі Е.Оспанның баяндамасынан. 3.05.2023 ж.



ӘӨЖ 159.9.072

## ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА БУЛЛИНГТІ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Алимбекова Сабира Шерехановна, п. ф. к., доцент м.а.

Секентай Бану, Жұмабай Ұлдана

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралақ қазақ-түрік университеті

Қазақстан, Түркістан қ.

**Аңдатпа.** Мақала жасөспірімдер арасындағы буллингті алдын алу мәселесіне бағытталған және буллингтің алдын алу үшін арнайы дайындалған бағдарламаны диагностикалау және сынақтан өткізу мақсатында мектепте жүргізілген зерттеулерді қамтиды. Зерттеу нәтижелері жасөспірімдер арасында буллингті жүйелі алдын алу іс шаралары оң нәтижелерге әкелетінін дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** жасөспірім, буллинг, қорлау, алдын алу бағдарламасы, агрессия, жанжал, эмпатия, толерантылық.

**Аннотация.** Статья посвящена проблеме профилактики буллинга среди подростков и освещает исследования проведенные в школе с целью диагностики и апробации специально подготовленной программы для профилактики буллинга. Результаты исследования доказывают, что систематическая профилактика буллинга среди подростков приводит к положительным результатам.

**Ключевые слова:** подростковый возраст, буллинг, издевательства, программа профилактики, агрессия, конфликт, эмпатия, толерантность.

**Annotation.** The article is devoted to the problem of bullying prevention among adolescents and highlights studies conducted at school in order to diagnose and test a specially prepared program for bullying prevention. The results of the study prove that systematic prevention of bullying among adolescents leads to positive results.

**Keywords:** adolescence, bullying, bullying, prevention program, aggression, conflict, empathy, tolerance.

Буллинг мәселесі бұрыннан бар және адам өмірінің барлық кезеңдерінде, білім беру мекемесіндегі балалық шақта да, жұмыстағы ересек өмірде де болады. Жасөспірім-бұл жеке тұлғаны дамыуның ең қиын, дау-дамайлы және қайшылыққа толы кезең. Бұл кезеңде физикалық және психологиялық өзгерістер орын алады, жыныстық жетілу, өзінің "Мен"-ің іздеу. Оқу екінші орынға шығады және жасөспірім үшін оның құрдастары маңызды топқа айналады, көшбасшылық үшін күрес, қақтығыстар орын алады.

Жасөспірімнің қақтығыстарға қатысуы қалыпты жағдай болғанына қарамастан, буллингтің мәселесі ұзақ уақыт бойы қорлау, қорқыту болып табылады.

Буллингті алдын алу мәселесінің өзектілігі, мектептерде бұл проблемамен күресудің әмбебап тәсілдері ешқашан жасалмағандығында, көптеген мұғалімдер жасөспірімдердің қорланып жатқанын байқамайды немесе байқағысы келмейді, осыған байланысты "жәбірленушілерге" де, "жәбір көрсерушіге" де қажетті қолдау мен көмек уақытында көрсетілмейді.

ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша, 2020 жылы Қазақстанда балалардың 63% – ы зорлық – зомбылық пен кемсітушілікке куә болды, 44% - ы құрбан болды, 24% - ы мектептегі басқа балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен кемсітушілік әрекеттерін жасады. Қазақстанда буллингтің нақты статистикасын анықтау іс жүзінде мүмкін емес, себебі мектеп әкімшілігі буллинг жағдайларын жасыруды жөн көреді[5].



Буллинг туралы соңғы жарияланған деректерінің кейбіреулері бойыша мектепте буллинг құрбандары 11 және 13 жастағы әрбір бесінші жасөспірім, сондай-ақ 15 жастағы әрбір оныншы жасөспірім бір рет немесе одан да көп болғанын айтады. Жасөспірімдердің кем дегенде 12% - ы кибербуллингке бір рет ұшыраған.

Ғылымда буллингті кешенді зерттеу енді ғана басталып жатыр, бұған дейін буллинг жағдайының жекелеген бөліктері-агрессия мен зорлық-зомбылық қарастырылған. Осы жағдайды ескере отырып, біз өзіміздің зерттеуімізде, егер арнайы бағдарламалар жасөспірімдер арасында жүйелі түрде өткізілетін болса, онда буллингті алдын алуға және буллинг жағдайларының санын азайтуға болады деген болжаммен кешенді диагностикалық және профилактикалық жұмыстар жүргіздік.

Зерттеу 2023 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында Түркістан қаласындағы М.Әбенова атындағы ЖОМ жүргізілді. Зерттеуге "Б" және "В" алтыншы сыныптың 46 оқушысы қатысты, олардың орташа жасы 12 жасты құрайды. 15 қыз бен 8 ұлдан тұратын алтыншы "Ә" сыныбы эксперименттік топ болды, ал 15 қыз бен 8 ұлдан тұратын алтыншы "Б" сыныбы бақылау тобы болды.

Зерттеуде келесі әдістер қолданылды:

1. Социометрия (Морено).
2. Буллинг сауалнамасы (өзін-өзі бағалау).
3. Агрессивтілік сынағы (Л. Г. Почебут сауалнамасы)

Сыныпта буллинг жағдайларының болуына арналған "Буллинг сауалнамасының (өзін-өзі бағалау)" нәтижелері. Сауалнамаға сәйкес, 6 "Б" сыныбында жасөспірімдердің 42%-ы буллинг жағдайында, ұлдар арасында 50%-ы, ал қыздар арасында 38%-а тиіседі. Білім алушылардың жалпы санының 31%-ы жарты жылдан астам уақыт бойы аптасына кемінде бір рет шабуылға ұшырайды. Жасөспірімдердің жалпы санының 12%-ы аптасына бір реттен аз буллингке ұшырайды және буллинг алты айдан аз уақытқа созылады. "Агрессивтілік сынағы" (Л.Г.Почебут) нәтижелері бойынша 6 "Б" сыныбында жасөспірімдердің 31%-да агрессивтілік деңгейі төмен және бейімделген мінез-құлықтың жоғары дәрежесі бар. Жасөспірімдердің қалған 69%-да агрессивтілік пен бейімделудің орташа деңгейі бар. Екі адамда агрессивтіліктің жоғары дәрежесіне және бейімделудің төмен дәрежесіне жақын көрсеткіштер бар (8%).

Ауызша, физикалық, заттық, эмоционалды агрессия және өз-өзіне агрессия шкалалары бойынша кейбір жасөспірімдерде агрессивтіліктің жоғары көрсеткіштері бар. Сыныптағы жасөспірімдердің 15% - жоғары дәреже физикалық агрессия бар агрессияның 12% - заттық агрессияның жоғары дәрежесі және жасөспірімдердің 19% - өз-өздеріне агрессиясының жоғары дәрежесі бар.

"Социометрия" (Морено) нәтижелерінен 6 "Б" сыныбында жасөспірімдердің 8% - ы "жұлдыздар", 65% - ы "қабылданған", 19% - ы "назардан тыс қалған" және 8% - ы "қабылданбаған". "Қараусыз қалған "және" қабылданбаған " - буллингтің ықтимал құрбандары.

6"В" сыныпта "буллинг сауалнамасының" нәтижелері бойынша жасөспірімдердің 35% - ы буллингке ұшырайды, оның ішінде ұлдар арасында 38% - ы буллинг жағдайына, ал қыздар арасында 33% - ы. Сыныпта тұрақты буллингке ұшыраған жасөспірімдердің жалпы саны 27% құрайды, ал жасөспірімдердің 7% аптасына бір реттен болса да буллингке ұшырайды және буллинг алты айдан аз уақытқа созылады.

"Агрессивтілік тесті" нәтижелерінен 6 "В" сыныпта жасөспірімдердің 35% - агрессивтілік деңгейі төмен және бейімделген мінез-құлықтың жоғары дәрежесі бар екендігі шығады. Сыныптағы жасөспірімдердің 65% - ы агрессивтілік пен бейімделудің орташа деңгейіне ие. Екі адамда агрессивтіліктің жоғары дәрежесіне және бейімделудің төмен дәрежесіне жақын көрсеткіштер бар (8%).

Ауызша, физикалық, заттық, эмоционалды агрессия және өз-өзіне агрессия шкалалары бойынша кейбір жасөспірімдерде агрессивтіліктің жоғары көрсеткіштері бар. Сыныптағы жасөспірімдердің 19% - жоғары дәреже физикалық агрессия бар агрессияның 12% - заттық агрессияның жоғары дәрежесі, 4%- эмоционалды агрессия және жасөспірімдердің 19% - өздеріне агрессиясының жоғары дәрежесі бар.

"Социометрия" (Дж.Морено) нәтижелерінен 6 "В" сыныбында жасөспірімдердің 12% - ы "жұлдыздар", 4% - ы "қабылданған", 15% - ы "назардан тыс қалған" және 15% - ы "қабылданбаған". "Қараусыз қалған "және" қабылданбаған " - буллингтің ықтимал құрбандары.

Алынған деректерді талдау нәтижесінде екі топтың да сәйкестігін бағалауға болады. "Агрессивтілік тесті" әдісі бойынша эксперименттік және бақылау топтарындағы жасөспірімдердің агрессивтілік деңгейі бірдей.

Жүргізілген диагностика негізінде екі сыныпта да буллинг проблемасы бар екенін атап өтуге болады, өйткені сыныптың 1/3 бөлігі құрдастарының үнемі келеке-мазағына ұшырайды, ал сыныптарда "назардан тыс қалған" және "қабылданбаған" жасөспірімдер бар. Сондай-ақ, кейбір жасөспірімдерде агрессивтілік деңгейі жоғары деңгейге және бейімделудің төмен деңгейіне жақын. Бұдан шығатыны, буллинг алдын алу бағдарламасын таңдау мен жүзеге асыруда агрессивті реакцияларды азайтуға, қақтығыста сындарлы әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға және сыныптағы тұлғааралық қатынастарды оңтайландыруға баса назар аудару қажет.

Екі сынып та барлық әдістерде ұқсас нәтижелерге ие-сыныптың жартысынан азы буллинг ұшырайды, агрессивтілік пен бейімделудің орташа дәрежесі, сонымен қатар сыныпта "жұлдыздар" мен "шеттетілгендер"бар. Екі сынып та 26 адамнан тұрады, оның ішінде 8 ұл және 15 қыз.

Бақылау тобы 6 "Б" сыныбын, ал эксперименттік топ 6 "В" сыныбын таңдады – осы сыныппен жасөспірімдер арасында буллингті алдын алу бағдарламасы жүргізілетін болады.

Зерттеудің мақсаты-буллингтің алдын алудың жасөспірімдерге әсерін зерттеу.

Гипотеза-бұл бағдарлама жасөспірімдер арасында буллингті алдын алуға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымында буллингтің алдын алу үшін К.С.Шалагинованың "Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу бағдарламасы" таңдалды.

Бағдарламаның мақсаты-жасөспірім кезінде буллингті алдын алу.

Бағдарлама 16 сабақты қамтиды, бір сабақтың ұзақтығы-60-90 минут. Сабақтың қарқындылығы-аптасына 1-2 рет.Бағдарламада негізінен топтық жұмыс қолданылады, жеке жұмыс үй тапсырмасын қамтиды.Бағдарлама жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескереді.

Бағдарламаның жалпы көлемі-36 сағат.

Күтілетін нәтиже:

- жасөспірімдер тобында тұрақты достық қарым-қатынас қалыптасады;
- жанжалда сындарлы әрекет ету дағдысы қалыптасады, агрессия азаяды, өзі туралы ойлар өзгереді;
- ұжымның барлық қатысушыларының әлеуметтік әл ахуалың жақсарту.

"Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу бағдарламасын" (К.С. Шалагинова) жүзеге асырғаннан кейін "буллинг бойынша сауалнама (өзін-өзі бағалау)", "агрессивтілік тесті" (Л. г. Почебут), "социометрия" (Морено) әдістемелері бойынша қайта зерттеу жүргізілді. Зерттеу 6 "Б" сыныбының бақылау тобында және 6 "В" сыныбының эксперименттік тобында жүргізілді, сонымен жасөспірімдер арасында буллингті алдын алу бағдарламасы жүргізілді.

Сыныпта буллинг жағдайларының болуы үшін "Буллинг сауалнамасының (өзін-өзі бағалау)" нәтижелері қарастырылды. Сауалнамаға сәйкес, 6" Б "сыныбында буллинг" құрбандарының " саны аздап өсті - 46%, ұлдар арасында жасөспірімдердің 50%, ал қыздар

арасында қазір 44%. Пайыз аздап өсті, жалпы саннан, буллинг "құрбандары" аптасына бір рет болса да буллинге ұшырайды және буллинг алты айдан аз уақытқа созылады - 15%.

6"В"сыныбында(бақылау тобы) үш әдіс арқылы қайта өткізген диагностикалық зерттеу нәтижелері өзгеріссіз қалды.

6 "В" сыныпта жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу бағдарламасын өткізгеннен кейін "Буллинг бойынша сауалнама" бойынша нәтижелер келесідей: сыныптағы буллингтің "құрбандарының" жалпы саны 27% - ға дейін төмендеді, оның ішінде ұлдар арасында 38% -ы буллинг жағдайында, ал қыздар арасында қыздардың 22% .

"Агрессивтілік тесті" нәтижелерінен 6 "В"сыныпта" жасөспірімдердің 35% - агрессивтілік деңгейі төмен және бейімделген мінез-құлық деңгейі жоғары, ал сыныптағы жасөспірімдердің 65% - агрессивтілік пен бейімделудің орташа дәрежесі бар. Агрессивтілік шкаласы бойынша көрсеткіштердің көптеген нәтижелері агрессивтіліктің төмен деңгейіне және бейімделудің жоғары деңгейіне жақын.

"Социометрия" (Морено) нәтижелерінен 6 "В" сыныбында жасөспірімдердің 11,5% - ы "жұлдыздар", 8% - ы "қабылданған", 69% - ы "назардан тыс қалған" және 11,5% - ы "қабылданбаған". "Қараусыз қалған "және" қабылданбаған " - буллингтің ықтимал құрбандары.

Эксперименттік топтағы агрессивтілік шкалаларының нәтижелері бойынша 6" В"сыныпта агрессивтіліктің барлық шкалалары бойынша ұжымдағы жасөспірімдердің барлық 100% - агрессивтілік пен бейімделудің дәрежесі қалыпты.

Бақылау кезеңінде көрсеткіштердегі айырмашылықтар анықталды: бақылау тобындағы жасөспірімдердің агрессивтілік деңгейі эксперименттік топтағы жасөспірімдерге қарағанда жоғары, сондай-ақ эксперименттік топқа қатысушылардың социометриялық мәртебесі бақылау тобындағы жасөспірімдерге қарағанда жоғары. Демек, алдын алу бойынша жүргізілген жұмыс барлық айнымалылар бойынша оң бағытта айтарлықтай өзгерістерге әкелді.

Екі топтың нәтижелерін салыстыра отырып – бақылау және эксперименттік, "Буллинг бойынша сауалнама (өзін-өзі бағалау)" әдістеме бойынша сыныпта буллинг жағдайларының болуы 6 "б" сыныбында "құрбандар" саны мен буллинг жағдайларының өздері 6 "В"эксперименттік тобына қарағанда көбірек екенін көруге болады. Сонымен, бақылау тобында сыныптың жалпы санынан буллинг "құрбандарын" 46% , ал эксперименттік топта 27%, яғни екі есе аз. Сондай-ақ, бақылау тобында ұзақ уақыт бойы болатын буллинг жағдайлары 31% - ы құрайды, ал эксперименттік топта төмен және 23% құрайды.

"Буллинг сауалнамасы" бойынша нәтижелерді талдай отырып, сыныптағы буллингтің "құрбандары" санының пайызы 35% - дан 27% - ға дейін төмендеді деген қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ, сыныптағы буллинг жағдайларының саны төмендеді, бағдарлама өткізілгенге дейін ол 27%, бағдарламадан кейін 23% құрады. Сондықтан, алынған нәтижелер іске асырылған бағдарлама жасөспірімдер арасында буллингті алдын алуға мүмкіндік береді деген болжамды растайды деген қорытынды жасауға болады.

### **Қорытындылар:**

1. Жүргізілген эмпирикалық зерттеу барысында "Жасөспірімдер арасындағы буллингті алдын алу бағдарламасы" жасөспірімдер ұжымындағы буллинг жағдайларының төмендеуіне оң әсер ететіні анықталды.

2. Жасөспірімдер ортасындағы буллинг тенденциялары арқылы анықталды сыныпта қорлау жағдайларының болуы, "назардан тыс қалған" және "қабылданбаған" жасөспірімдер, сондай-ақ жасөспірімдердің физикалық, заттық, эмоционалдық агрессия және өз-өзіне агрессия көрсеткіштері бойынша агрессивтіліктің жоғары деңгейі.

3. Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу процесінде келесі жұмыс түрлері қолданылды: әңгімелер, тренингтер, жаттығулар, ойындар, сонымен қатар жасөспірімдер жеке орындайтын шығармашылық үй тапсырмасы берілді. Бұл әдістер мен қолданылатын

жаттығулар жасөспірімдерге қызықты болды, олар белсенділік пен қызығушылық танытты, соның арқасында олар оң нәтижеге қол жеткізді.

4. Жасөспірімдермен профилактикалық жұмыс аясында келесі тақырыптық тренингтер өткізілді: "командалық Білім", "жеке қасиеттер", "коммуникациялар", "Менің таңдауым", "Проблемалық жағдайдан шығу", "Жанжалдарды шешу", "Қарама-қайшылықтар", "Бейбітшілік кілемі", "Сенім", "Агрессия", "Біртұтас команда", "Қақтығыстармен күресу", "Агрессиямен күресу жолдары", "Менің сезімдерім", "Жанжал жағдайлары" және "Команда". Жаттығулар агрессивті және дұшпандық реакцияларды азайтуға, тұлғааралық және топаралық қатынастарды оңтайландыруға, жанжалда сындарлы әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға және төзімділік пен эмпатияны дамытуға бағытталған.

4. Профилактикалық бағдарламаны жүргізгеннен кейін және екі топты да қайта өлшегеннен кейін эксперименттік топтағы "Социометрия" әдістемесі бойынша кейбір жасөспірімдердің социометриялық мәртебесін көтеру есебінен "қабылданбайды", "Буллинг бойынша сауалнама" әдістемесі бойынша буллинг жағдайларының саны және "кұрбандар" саны азайды. Сондай-ақ, "Агрессивтілік тесті" әдісі бойынша жасөспірімдердің физикалық, заттық, эмоционалдық агрессивтілігі мен өз-өзін агрессиясының көрсеткіштері төмендеді. Бастапқы және қайталама психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелерін салыстырмалы талдауда барлық әдістер бойынша нәтиженің айтарлықтай жақсарғаны байқалады, бұл жасөспірімдер арасында буллингті алдын алу бойынша таңдалған бағдарламаның тиімділігін растайды.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <https://manshuq.com/life-bullying-victim-09-2021>
2. Кон И.С. Что такое буллинг и как с ним бороться? // «Семья и школа», 2016, № 11. с.15-18
3. Кривцова С.В. Буллинг в школе vs сплоченность равнодушных. 2011.
4. Крюкова Т.Л. Возрастные и кросскультурные различия в стратегиях совладающего поведения // Психол. Журнал. 2015. Т.26, №2. С.5– 15
5. Лэйн Д.А. Школьная травля (буллинг) // Детская и подростковая психотерапия / подред. Д.Лэйна и Э.Миллера. СПб., 2021



ӘӨЖ 159.923

## МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Алимбекова Сабира Шерехановна, п. ғ. к., доцент м.а.

Жұмабай Ұлдана, Секентай Бану

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері  
Ясауи атындағы Халықаралақ қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақала жасөспірімдер арасындағы мектептегі қорқыту мәселесіне арналған. Мақалада мектепте буллингті алдын алу мәселелерін қарастырады. Алдын алу шараларының тиімділігіне әсер ететін қағидалар ашылады, сондай-ақ мектепте буллингті алдын алуға бағытталған іс-шаралар түрлері ұсынылады.

**Кілт сөздер:** жасөспірім, буллинг, қорлау, агрессия, жанжал, зорлық-зомбылық,

**Аннотация.** В данной статье посвящена проблеме буллинга в школе среди подростков. В ней рассматриваются вопросы профилактики буллинга в школе. Раскрываются принципы влияющие на эффективность профилактических мер, а также предлагается виды мероприятий направленные на профилактику буллинга в школе.

**Ключевые слова:** подросток, буллинг, унижение, агрессия, конфликт, насилие,

**Annotation.** This article is devoted to the problem of bullying at school among teenagers. It deals with the prevention of bullying at school. The principles influencing the effectiveness of preventive measures are revealed, as well as the types of measures aimed at preventing bullying at school are proposed.

**Keywords:** teenager, bullying, humiliation, aggression, conflict, violence

Қазіргі әлемде агрессия мен зорлық-зомбылық мәселесі өзектілігін арттыруда. Бұл тақырып білім беру ортасы аясында әсіресе өткір болып табылады. Буллинг (қорлау, қорқыту) сияқты ұғымды барған сайын жиі естетің болдық. Бұл не, бұл құбылысты қалай болдырмауға болады? Әр түрлі мамандықтардың өкілдері мазалайтын сұрақ, бірақ бұл білім беру мекемелерінің мұғалімдері мен психологтары үшін әсіресе өзекті.

Буллинг - зорлық-зомбылықтың бір түрі. Буллинг-бұл физикалық, эмоционалдық немесе интеллектуалдық зиян келтіру үшін күштің артықшылықтарын пайдалану, бұл өзін-өзі қорғай алмайтын адамға қатысты жеке адамның немесе топтың саналы, ұзаққа созылған зорлық-зомбылығы. Бұл мінез-құлықтың себебі-біреудің есебінен өзін-өзі көрсету мүмкіндігі және осылайша буллер жалпыға бірдей беделге лайықты болуға ұмтылуы. Мектептегі буллинг-бұл негізінен ұйымдастырылған балалар ұжымдарына, ең алдымен мектепке тән әлеуметтік құбылыс. Мектеп- балалардың көптеген жинақталған жағымсыз эмоцияларын жоюға арналған әмбебап "арена" деп, бұл жағдайды көптеген зерттеушілер түсіндіреді. Мектепте "Косем-шеттетілген" диапазонындағы балалар арасында белгілі бір рөлдік қатынастар қалыптасады. Мектептегі буллинг басқа балаларды физикалық немесе психикалық қорлауының әртүрлі формалары арқылы көрінеді[3].

Буллингтың кейбір ерекшеліктерін ажыратуға болады. Біріншіден, буллинг асимметриялы – бір жағынан физикалық және/немесе психологиялық күш түріндегі күшке ие зорлық-зомбылық жасаушы, екінші жағынан, мұндай күшке ие емес және үшінші тұлғалардың қолдауы мен көмегіне мұқтаж жәбірленуші. Екіншіден, буллинг қасақана жүзеге асырылады, адамға физикалық және психикалық азап шегуге бағытталған мақсат ретінде таңдалды. Үшіншіден, буллинг зардап шеккен адамның өзіне деген сенімін төмендетеді, денсаулығын, өзін-өзі құрметтеуін мен адамның қадір-қасиетін бұзады. Төртіншіден, буллинг-бұл зорлық-зомбылық жасаушы мен жәбірленушіге ғана емес, сонымен бірге зорлық-зомбылық куәгерлеріне, ол орын алатын бүкіл сыныпқа (топқа) әсер ететін топтық процесс. Бесіншіден, буллинг ешқашан өздігінен тоқтамайды: зардап шеккендерге, буллинг жасаушыға (қорлаушыларға) және куәгерлерге әрқашан қорғау пен көмек қажет.

Оқушылар арасындағы жағымсыз құбылыстарды ескеру және алдын алу бойынша мемлекеттік институттар жүйесіндегі мектепмаңызды буын болып табылады. Білім беру ұйымындағы буллинг жағдайының алдын алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында келесі қағидаттарды ескере отырып, жұмысты жоспарлау және жүзеге асыру қажет:

1. **Өзара әрекеттесу принципі.** Тиімді көмекті жүзеге асыру бойынша жұмыс Білім беру мекемесі мамандарының бірлескен жоспарлауы мен өзара іс-қимылына негізделеді.

2. **Жүйелілік принципі.** Ақпарат жинау, әр оқушыны сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын әзірлеу және даму динамикасын қадағалау бойынша табанды, жүйелі жұмысты көздейді.

3. **Лонгитюдтілік (ұзақтылық) принципі.** Қажетті шарт-динамиканы зерттеу және жүргізілген жұмыстың тиімділігін бағалау.

Буллингті алдын алу мақсатында кез-келген білім беру ұйымында профилактикалық психологиялық-педагогикалық бағдарлама жүзеге асырылуы керек[6]:

- агрессивті және жанжалдасу реакциялардың төмендеуі;

- тұлғааралық және топаралық қатынастарды оңтайландыру;
- жанжалда оң әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;
- толеранттылықты, эмпатияны дамыту.

Мектептегі буллингті алдын-алу бағдарламасы бүкіл оқу кезеңінде жүзеге асырылуы керек.

Мектептегі буллингті алдын алу әртүрлі сипаттағы іс-шараларды қамтиды. Бұл жағдайда олардың әрқайсысы қорлауды жалпы құбылыс ретінде жою мақсатына бағынуы керек. Мектептегі буллингті алдын алу шараларының жоспары мыналарды қамтуы керек:

- балалармен бірге қабылданған әлеуметтік нормаларға сәйкес келетін және оқу процесін тиімді ететін қарым-қатынас ережелерін әзірлеу және бекіту;

- сынып сағаты;
- психологтың балалармен әңгімелері;
- әр түрлі бейімділігі бар балалар өздерін жүзеге асыра алатын үйірмелер, клубтар немесе студиялар құру;
- мектеп квесттері, байқаулар, жетістіктер көрмелері және т. б.;
- балалардың бірігуіне ықпал ететін іс-шаралар;
- қайырымдылық акцияларына қатысу;
- қорлау мәселесі көтерілетін кітаптарды оқу және талқылау;
- ұқсас тақырыптағы фильмдерді қарау және талқылау;
- эссе элементтері бар шығарма, эссе жазу;
- театрландырылған қойылымдар;
- психологиялық тренингтер, рөлдік ойындар[2].

Осы іс-шаралардың әрқайсысы балаларда әлеуметтік және коммуникативтік құзыреттілікті, яғни басқа адамдардың пікірін құрметтеу және өз ұстанымын түсіндіре білу, ұжымда тиімді ынтымақтасу қабілетін дамытуы тиіс.

Мұғалімдер мен психологтардың барлық күш – жігеріне қарамастан, қорлау мәселесі оқушылардың ата-аналарысыз толық шешімін таппайды. Ең алдымен қорлаушы мен қорланушының ата-аналары болуы керек. Ата-аналарды әсіресе бастауыш мектепте буллингті алдын алуға тарту тиімді. Біріншіден, ата-ана балада бірдеңе дұрыс емес екенін бірінші болып байқай алады. Екіншіден, осы жастағы балалар ана мен әкенің пікіріне өте сенеді және олар үшін әлі де ата-ана ең беделді адамдар болып табылады[3].

Ата-аналарды буллингті алдын алуға тартудың белгілі бір технологиялары бар. Басында, кейбір ата-аналар, таңқаларлық, әлі күнге дейін қорлау мәселесімен таныс емес немесе оны маңызды нәрсе деп санамайды. Сондықтан, ең алдымен, дұрыс ақпарат аланың құру керек. Ол үшін:

- қорлау, қорқыту, кибербуллинг, балаларға суицид, отбасындағы балаға қатыгездік тақырыбындағы ата-аналар жиналысы;
- қорлауға және қорлануға бейім балалардың ата-аналарымен жеке әңгімелер;
- тренингтер;
- тәрбие стилі, отбасылық жанжалдар, әртүрлі жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы кеңестер[4].

Мектепте буллингті алдын алу үшін ата-аналарға арналған жадынаманы фойеде және мектеп сайтында ақпараттық стендке орналастыру арқылы пайдалануға болады. Ол келесі сұрақтарға жауап беруі керек[5]:

- егер бала қорланып жүрсе не істеу керек;
- егер сыныпта осындай жағдай туралы білсеңіз, қалай әрекет ету керек (сіздің балаңыз-бақылаушы);

- егер бала қорлауға бейім болса, не істеу керек.

Өзімшілдіктен, ессіздіктен немесе қорқақтықтан жағдайға немқұрайлы қарауды таңдайды және оны өзгертуге тырыспайды ересек адамдар (қорлаушы мен бақылаушы балалардың ата-аналары) бар. Мұндай ата-аналарға ұстанған позицияларының қаншалықты қауыпты екенін түсіндірген жөн. Өйткені біреудің қорланған баласына туған күн, олардың бүгін қорлап немесе бақылап тұрған баласының басына түстейтініне кім кепіл бола алады. Сондықтан әр ата-ана буллингтің қандай да болса көрінісін өршімей тұрып алдын алғаны дұрыс екенін толық түсініп, мойындағаны абзал.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Кон И. Что такое буллинг и как с ним бороться // Семья и школа. 2006. №11. С.15-18.
2. Лейн Д.А. Школьная травля (буллинг). Электронный ресурс. Режим доступа: URL: <http://www.supporter.ru/docs/1056635892/bulling.doc> (дата обращения: 09.10.2010).
3. Копова А.С. Программа коррекции агрессивного поведения подростков посредством педагогического взаимодействия // Педагогическая наука и образование в России и за рубежом: региональные, глобальные и информационные аспекты. 2002. № 1. С. 15-27.
4. Петрановская Л. Травли NET. Методическое пособие для педагогов школ и школьных психологов. 2019г. 22 с.
5. Цымбаленко Н. Буллинг. Как остановить травлю ребёнка. Питер, 2019. 120 стр.
6. Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. Москва: Сентябрь, 1996.



### ӘӨЖ 37.015.3

#### **«ГЕНЕЗИС» ЭКСПРЕСС ПСИХОТЕРАПИЯЛЫҚ ТӘСІЛІ» ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОТЕРАПЕВТИКАЛЫҚ АРАЛУ ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ РЕТІНДЕ**

**Даненова Ж.Н., «Психология» бағыты бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі «VERUM Foundation» ЖҚ директоры, Қазақстан, Алматы қ.**

**Шурабеков Қ.С., «Психология» бағыты бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі практик психолог, Қазақстан, Алматы қ.**

**Көмекбаева Л.К., тәжірибелі практик-психолог, психология ғылымдарының кандидаты, Қайнар Академиясының доценті, Алматы қ.**

**Аңдатпа.** Халық арасында суицидке бейімділіктің жоғары өсуі психологиялық және психотерапиялық көмектің дағдарысы көрініс алуда. Классикалық терапиялық бағыттардың ұзақ мерзімді терапиясы қазіргі таңда өзекті емес. Сондықтан бүгінгі жағдай психологиялық қызметтің алдына мүлдем жаңа міндеттерді қойып отыр, олар психологиялық қауіпсіздік пен психологиялық денсаулықты қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. «Тәуекел тобындағы» балаларға жоғары сапалы психологиялық қолдау көрсетуге және психотерапиялық араласуға /интервенция/ ықпал ететін заманауи тиімді психотерапиялық тәсілдер маңызды болуда.

**Кілтті сөздер:** суицид, балалар, психологиялық кешендер, суицидтік тенденциялар, психолого-психотерапиялық интервенция.

**Аннотация.** Высокий рост суицидальных тенденций среди населения высвечивает кризис психолого-психотерапевтической помощи. Становится неактуальными длительная терапия классических терапевтических направлений. Сложившаяся ситуация ставит

совершенно новые задачи психологической службы, которые должны быть направлены на обеспечение психологической безопасности и психологического здоровья. Важным становится современные, эффективные психотерапевтические подходы, которые способствуют оказанию качественной психологической поддержке и психотерапевтической интервенции детям, попавшим в «группу риска».

**Ключевые слова:**

**Annotation.** The high growth of suicidal tendencies among the population highlights the crisis of psychological and psychotherapeutic care. Long-term therapy of classical therapeutic areas is becoming irrelevant. The developed situation sets completely new tasks for the psychological service, which must be aimed at ensuring psychological safety and psychological health. Modern, effective psychotherapeutic approaches that provide quality psychological support and psychotherapeutic intervention to children who fall into a "risk group" become important.

**Keywords:** Suicide, children, psychological complexes, suicidal tendencies, psychological and psychotherapeutic intervention.

Бүгінгі таңда біздің қоғамда кәмелетке толмағандардың деструктивті және аутодеструктивті (суицидтік), агрессиялық және девианттық мінез-құлықтарының (бұдан әрі – «тәуекел тобының» балалары) өсуін тоқтату маңызды болып отыр. Көбінесе бұл балалар мен жасөспірімдер мектепте, үйде, көшеде және т.б. туыстары немесе үшінші тұлғалар тарапынан агрессияға, оның барлық көріністеріне қатысты зорлық-зомбылыққа ұшырауының нәтижесі болып табылады. Бала психологиялық жарақатқа ұшырауының салдарынан баланың психикасында өшпес із қалдыруы негізгі кілті болып табылады. Психологиялық жарақаттың салдары мұндай балалардың әртүрлі деструктивті ағымдардың, ұйымдардың (діни, әртүрлі бейресми топтар, интернет-қоғамдастықтар), қылмыстық элементтердің және әртүрлі тәуелділіктің (аддикцияның: ішімдік, есірткі, құмар ойындар және т.б.), сондай-ақ психопатологиялық бұзылыстар (невротикалық, психопатиялық шеңбер және психикалық бұзылулар) қалыптасуы ықтимал. Эмоциялық, когнитивтік пен мінез-құлық салаларында қажетті түзетуге әкелу және одан әрі табысты даму үшін, баланың психикасын ретке келтіру үшін баланы психологиялық жарақаттан құтқару маңызды. Адамда психологиялық мәселелердің қалыптасу механизмін білмейінше психотерапиялық араласу мүмкін емес. Психикалық әрекеттің жұмыс механизмін және оның «ауытқуын» дұрыс түсіну психотерапиялық әсер етудің сипаты мен ерекшеліктерін анықтауға және оларды саналы түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді [1,2,3,4].

**Зерттеудің мақсаты:** әртүрлі эмоциялық интерпретацияларда көрінетін психологиялық кешендердің «ядроларын» іздеуде және ыдыратуда қолданылатын «Genesis» атты авторлық тәсілдің тиімділігін дәлелдеу.

**Зерттеудің жаңалығы:** бүгінгі күні суицидтермен жұмыс істеу кезінде қабылданған шаралар қысқа мерзімді тұрғыда әсер етеді және ұзақ уақытты қажет етеді. Бұл жұмыста біз Қазақстан Республикасындағы суицидтік үрдістерге қарсы күресте қоғам алдында тұрған міндеттерді іске асыруға қабілетті әлеуметтік психотерапия құралы ретінде «Психологиялық мәселелердің барлық түрлерін шешуге арналған «Genesis» экспресс психотерапиялық тәсілін» ұсынамыз[5,6].

**Практикалық маңыздылығы:** «Психологиялық мәселелердің барлық түрлерін шешуге арналған «Genesis» экспресс психотерапиялық тәсілі» жеке тұлғаның психикалық белсенділік механизмінің бұзылуын түсінуде және себеп-салдарлық байланыстарды ашуда үлкен теориялық мәнге ие. Суицидтік тенденциялары бар балалардағы айқын оң тұлғалық өзгерістерге бағытталған экологиялық, гуманитарлық, нүктелік, жедел психотерапиялық интервенцияны көрсетудің практикалық маңыздылығы болып саналады.

Осы мәселені зерделеу бойынша біз келесі әдістер мен әдістемелерді қолдандық:

1. Бақылау, сұхбат (әңгіме) әдістері.



2. «Психологиялық мәселелердің барлық түрлеріне арналған «Genesis» экспресс психотерапиялық тәсілінің» тиімділігін клиникалық бағалау картасы (Жүргізілген психотерапиядан кейін талдау).

3. Бек депрессия шкаласы.

4. Психикалық денсаулықты алдын-ала бағалау (Красновтың сауалнамасы негізінде өзгертілген және жасалған скринингтік сауалнама).

5. Ч. Д. Спилбергердің жеке және ситуациялық мазасыздықты анықтау әдісі (Ю. Л. Ханин орыс тіліне бейімдеген).

6. «Сіздің суицидке мойын бұруыңыз» жобалау әдістемесі.

7. Жалғыздық анықтауға арналған Д.Рассел мен М. Фергюсонның жалғыздықты субъективті сезіну әдістемесі.

Алынған мәліметтер математикалық статистикалық талдаудың көмегімен Спирменнің дәрежелік корреляция коэффициенті,  $\Phi^*$  критерийі-Фишердің бұрыштық түрленуі (Фишер критерийі) өңделді.

Жұмыс Алматы облысы Іле ауданының орта мектеп оқушыларымен ГРЭС аудандық орталығында жүргізілді. Материалды жинау, экспериментке қатысушыларды дайындау және іріктеу үшін біз зияткерлік меншік құқықтары департаментінде тіркелген ««Ресурс» балалардың психикалық жағдайын диагностикалау жүйесі» арқылы алынған деректерді пайдаландық (2017 жылғы 28 қыркүйектегі №2174 авторлық куәлік). Бұл бағдарлама бүкіл ауданда 230-ға жуық дағдарыс баласын бар екенін анықтады. Біздің міндетіміз суицидтік тенденциялары бар оқушыларды анықтау және оларға сапалы, жылдам психологиялық-психотерапиялық көмек көрсету болды.

Зерттеу барысында біз психотерапиялық араласуға дейін және одан кейін 12-18 жас аралығындағы «Ресурс» бағдарламасы бойынша «жоғары тәуекел аймағына» түскен **170 оқушыны** қайта тексеріп, суицидтік әрекеттері бар **60 оқушыны**, өмір сүргісі келмейтіні туралы ойларды анықтадық.

Психотерапиялық сессиялардың саны, оның ішінде консультациялық тексерулер – **205 сессия** өткізілді.

Көптеген психологиялық мәселелері бар және дағдарыстық психологиялық жағдайы бар **35 адамға** қайталанып жұмыс жүргізілді.

Жұмыста мыналар пайдаланылды: психологиялық мәселелердің барлық түрлерін шешуге арналған авторлық «Genesis» экспресс психотерапиялық тәсілін» қолданғаннан кейін алынған нәтижелерді «Клиникалық тиімділік Картасына» енгіздік (2019 жылғы 12 қарашадағы №6387 және 2021 жылғы 31 тамыздағы №19998 авторлық куәлік).

Оқушымен жұмыс істеуге кететін уақыт: орташа есеппен 15-30 минут.

Жас тобы-7-11 сынып оқушылары.

Оның ішінде: ұлдар – 73, қыздар – 97;

Суицидтік-60 адам; 50-қыздар, 10-ұлдар.

Оның ішінде зорлық – зомбылыққа ұшырағандар (физикалық, психологиялық, қорқыту және т. б.) - 24 адам;

Зорлық – зомбылыққа ұшырағандар (физикалық, психологиялық, қорқыту және т. б.) суицидтік тенденциялары жоқ - 6 адам;

Өзіне – өзі қол жұмсамайтын, бірақ үнемі жағымсыз сезімдері бар-68 адам.

Психотерапиялық жұмыстың басында оқушылардың 70% - дан астамы депрессияға ұшырады, эмоциялық фоны төмендеді, кейбір оқушыларда ұйқы мәселесі болды (ұзақ уақыт ұйықтай алмау). Көпшілігі шамадан тыс қайғы, сағыныш, немқұрайлылық сезімдерін бастан өткерді.

Жоспарланған жұмыс атқарылғаннан кейін балаларда жағымсыз сезімдер өзектілігін жоғалтты, эмоциялық фон қалыпқа келді, психикалық жайлылықты сезіне бастады.

Сауалнамаға қатысқан балалардың шамамен 90% - мазасыздықты көрсету мәселелерінде зерттеу жүргізу кезінде жақын адамынан айырылу мазасыздығы немесе жоғалту қорқынышымен байланысты болды. Эксперименттік топқа қатысушылардың тек аз ғана пайызында мазасыздық өз өмірімен байланысты болды.

**Психологиялық мәселелердің барлық түрлері үшін «Genesis» экспресс психотерапиялық тәсілінің» тиімділігін клиникалық бағалау картасын пайдалану»**

Бұл эксперименттік процедураны біз психологиялық мәселелердің бастапқы көзі болып табылатын анықталған доминанттарды сипаттау үшін жасадық. Біз суицидтік тенденциялар белгілі бір жағымсыз эмоциялардың нәтижесінде пайда болады деп санаймыз. Осы процедураның негізінде біз «қызыл аймақта» оқушылар жиі сезінетін жағымсыз эмоциялар мен сезімдердің тізімін жасадық. Әрі қарай, кестеде Іле ауданы орта мектебінің оқушыларындағы суицидтік тенденциялары мен дағдарыс жағдайларының себептерін көрсетеміз.

**1-кесте. Суицидтік тенденциялардың үрдісін бастаған себептердің (психокешендердің) жиынтығы.**

<b>Балалар саны: 60</b>		<b>Жасы: с 12 до 18 лет.</b>			<b>Іле ауданы, Алматы облысы</b>			
<b>Жиі кездесетін жағымсыз сезімдер</b>								
	<b>Сүйіспеншілік, қажетсіздік және бас тарту сезімі</b>	<b>Кіне, ұяғ сезімі</b>	<b>Өкпе</b>	<b>Жақындарының өлімі (жоғалту)</b>	<b>Жалғыздық сезімі</b>	<b>Физикалық және психолог. зорлыз (соның ішінде жыныстық)</b>	<b>Өзін-өзі аяу және жек көру</b>	<b>Басқа себептер</b>
<b>Жалпы саны</b>	22	7	4	3	3	16	4	3
<b>%</b>	37	12	7	5	5	27	7	5

**Эксперименттік-психологиялық зерттеу нәтижелері:**

Депрессияның төмендеуі 57%;

Суицидтің патологиялық көрсеткіштері 63% төмендеді;

Ситуациялық мазасыздықты 27% төмендеді;

Жеке мазасыздықты 21% төмендеді;

Жалғыздық сезімін 34% төмендеді.





Диаграмма 1. Әр сауалнама бойынша орташа ұпайлардың салыстырмалы нәтижелері.

Қолданылатын автордың тиімділігін растау үшін «Психологиялық мәселелердің барлық түрлерін шешуге арналған «Genesis» жедел психотерапиялық тәсіліне» Фишер критерийін қолдандық.

2 кесте. Фишер критерийі бойынша есептік нәтижесіне сыналушылардың пайыздық көрсеткіштері

Топтар	«Эффект бар»: есеп шығарылды	«Эффект жоқ»: есеп шығарылған жоқ	Қосынды
	Сыналушылар саны	Сыналушылар саны	
1 группа	4 (6.7%)	56 (93.3%)	60 (100%)
2 группа	54 (90%)	6 (10%)	60 (100%)

Мәннің осі:



Жауабы:  $\phi^{*эмп} = 10.812$

Алынған эмпирикалық мән  $\phi^{*}$  маңыздылық аймағында  $H_1$  қабылданады,  $H_0$  қабылданбайды.

Осыдан, бұл нәтиже 2-ші топ белгісінің үлгілері арасында нәтижелер 1-ші топқа қарағанда жоғары деген гипотезаны растайды.

Лонгитюдті зерттеулерде: бір жылдан кейін эксперименттік - психологиялық тестілеу кезінде бірде-бір бала «тәуекел аймағына» және «жасырын тәуекел аймағына» түспеді. Барлығы «әл-ауқат аймағында» болды [5].

**Психологиялық қызметтің суицидтермен жұмысына дайындалған ұсыныс:**

«Genesis» экспресс психотерапиялық тәсілін» Қазақстанның психоәлеуметтік экологиясын сауықтыру үшін аса сұранысқа ие әлеуметтік психотерапия ретінде қарастыру.

«Genesis» экспресс психотерапиялық тәсілі» балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік үрдістердің тұрақты төмендеуіне қол жеткізу үшін білім беру жүйесінің педагог-психологтарын міндетті оқытуға, сондай-ақ ҚР-дағы білім беру ортасы мамандары мен азаматтарды елеулі психологиялық сауықтыруға қол жеткізуге мүмкіндік беру.

Біздің тәжірибемізге сәйкес, біздің авторлық «Психологиялық проблемалардың барлық түрлерін шешуге арналған «Genesis» экспресс психотерапиялық тәсілімен» дайындалған маман ересектер мен балаларға кең спектрлі психологиялық-психотерапиялық көмек көрсете алады [6].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ухтомский А.А. Доминанта. - СПб.: Питер, 2002.- 448с.
2. Карл Густав Юнг. Психологические типы. Юнг и аналитическая психология. В. В. Зеленский. Гуманитарный портал. ISSN 2310-1792
3. Голенок, Г.В. Комплексы и архетипы. Текст научной статьи по специальности «Философия, этика, религиоведение» 2010. №2
4. Юнг К. Психология бессознательного. – М.: Озон, 2016. – 328 с.
5. Шурабеков К.С. «Комплексный подход в исследовании суицидальных тенденций у детей и подростков».: Магистерская диссертация. 2020г.
6. Даненова Ж.Н. «Исследование причин психологических проблем у личности и применение авторского психотерапевтического подхода «Genesis» для их решения».: Магистерская диссертация. 2020 г.



ӘОЖ 159. 922.8

**ҚОҒАМДА СУИЦИДТІК ӘРЕКЕТКЕ НИЕТТЕНУДІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ СЕБЕПТЕРІ**

**Дауренбекова Асел Карибаевна магистр, аға оқытушы**

**Ақынова Гулшат Оразғалиевна магистр, аға оқытушы**

**М.Х. Дулати атындағы тараз өңірлік университеті**

**Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада суицидтік әрекетке ниеттенудің қазіргі кездегі себептері, мәселесі қарастырылған. Адамзат өмір сүру үшін күрескені тарихтан белгілі. Соңғы он жыл ішінде жастар арасындағы суицидке ұрыну үш есеге артқан.

**Кілт сөздер:** суицид, депрессия, мәселе, халық, имандылық, өмір, дағдарыс.

**Аннотация.** В статье рассматриваются современные причины, проблема намерения совершить суицидальное действие. Из истории известно, что человечество боролось за выживание. За последние десять лет количество самоубийств среди молодежи утроилось.

**Ключевые слова:** суицид, депрессия, проблема, народ, вера, жизнь, кризис.

**Annotation.** The article discusses the modern causes, the problem of the intention to commit a suicidal action. It is known from history that humanity fought for survival. Over the past ten years, the number of suicides among young people has tripled.

**Keywords:** suicide, depression, problem, people, faith, life, crisis.

Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Ал бітпес тіршіліктің сол тауқыметіне қарсы күрес, өз несібенді айырып, жесең, соның өзі бақыт. Бірік ойлы-қилы өмірдің қиындығына кез-келген адам шыдай ала ма? шыдауы керек деп жұбату сөз айту жеңіл болғанымен, екінші бірінші жүйкесі мықты емес, ал жүйкесі жұқалар бүгінгі тіршілігінен гөрі бақилық дүниені дұрыс көріп, «сол жаққа» мезгілсіз аттанып жатады. «Суицид» латын тілінен алынған «өзін-өзі өлтіру, өзіне қол салу» деген мағынаны білдіреді. Тағы бір синонимдік мағынасы - қасақана өз өмірін қию. Бұл ұғымға 19 ғасырда Француз социологы Э.Дюркгейм анықтама берген. Қазіргі таңда өзіне-өзі қол салу мінез-құлқы біржақты патологиялық тұрғыдан қарастырылмайды. Бұл әрекет көп жағдайда есі дұрыс адамның мінез-құлқы.

Оның себептері: депрессия, яғни жан дертіне ұшырау және стресс, яғни психологиялық күйзеліс. Осындай күйзелістердің көмегімен жастарды психологиялық індетке жетелейді. Қазіргі жастардың көпшілігі жоқшылыққа, қиыншылыққа төзе алмайды. Бос уақыттары көп, сабақ оқымайды, пайдалы істермен айналыспайды, не жеймін, не киемін деп қайғырмайды, басына түскен проблемаларды жеңгісі келмейді, сондықтан да олар өз өмірлері үшін күрескеннің орнына, мәңгілік сапарға аттанғанды жеңіл көреді. Осындай қиын кезде адам, ең алдымен, депрессия, стреске ұшырайды, ең соңында «суицидке» жол береді.

Депрессиялық жағдайға түскен адам жиі агрессиялы (ұрысқа, қақтығысқа бейім) болады. Сонымен бірге, оның агрессиясы бірінші кезекте өзіне, содан соң жақынына және қоршаған ортасына бағытталады. Көп жағдайда жақындары немесе қоршаған ортасы оның бойындағы өзгерістерді түсінбейді де, қабылдай да алмайды. Ал бұл оны көптеген тығырыққа тіреп, соңы суицидке әкеліп соғады.

Депрессияға, стреске шалдыққан адам, өзіне көңілі ешқашан толмайды. Осыны пайдаланып, буыны бекіп, өмір туралы өзіндік дүниетанымы қалыптасып келе жатқан жастарды желкесінен алып, жолынан тайдыратын, үмітін үзетін, басқа түскен қиындықпен күресуіне жол бермейтін, өмірден түңілдіретін – осы суицид.

Соңғы жылдары елімізде адамдардың өз-өзіне қол салу әрекеттері жиі орын алууда. Көпшілікті алаңдатып отырған «Суицид» деп аталатын осы дерттің мектеп оқушыларын да жағалауы дабыл қағарлық жағдай.

Адамдардың өз еркімен өмірін қиюы проблемасын дәрігерлер, психологтар, психотерапевтер, зерттеушілердің қарастырып келе жатқанына аз уақыт болған жоқ. Бұл туралы зерттеу жүргізіліп, монографиялар, кітаптар жазылды. Алайда, одан еш өзгеріс болмады. Керісінше, күн өткен сайын жағдайдың ушығып бара жатқандығын байқаймыз. Дағдарысты күйге тап болғандар оны тек үйдің ішінде талқыға салып, сыртқа шығармайды. Сондықтан көп жағдайда мұның себебі анықталмай қалады. Жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесі бұдан да күрделі. Олар тіпті жақындарына да өзін қинап жүрген мәселе туралы айтпайды, оны жасырып-жабуға тырысады. Проблеманы ашып көрсетуден гөрі, үндемей қалуды жеңіл көреді. Тіпті өз-өзін өлімге қиған жағдайда да оның себебін жазып та қалдырмайды.

Балалардың психикасы өте нәзік, жаралы болып келетіндіктен кішкентай нәрсенің өзін ауқымды проблема ретінде қабылдайды. Сондықтан оларға қашанда ата-ананың түсіністігі мен арнайы маманның көмегі қажет. Осы бағытта мектеп мұғалімдері мен психологтары баланың мінез-құлқындағы өзгерістерді бақылап, аңғара отырып, олармен жұмысты жандардыра түсуі тиіс.

Балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын алуы себеп болады.

Балаларға жай ғана киімін, тамағын тауып беру аз, олар үнемі ата-ананың жылуын сезініп, жақсы көретінін біліп өсуі тиіс. Ал әке-шеше өз дәрежесінде көңіл бөлмейтін бала ешкімге керексіздігін түсініп, психологиялық стресске тап болады. Әсіресе, 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдер өте әсершіл, кез-келген нәрсені жүрегіне тез қабылдағыш келеді. Түсіністік болмаған жағдайда осы жас аралығындағы балалар түрлі жағдайларға ұрынып жатады. Олардың сабаққа құлқы болмай, өзге оқушылармен де қарым-қатынасы нашарлап кетеді. Өзін ұстауы мен мінез-құлқында өзгерістердің орын алуы мұғалімді де, ата-ананы да алаңдатуы тиіс. Осы өзгерістерге бей-жай қарамай, психологтың көмегіне жүгіну арқылы көптеген проблеманың алдын-алуға болады. Балалар мен олардың отбасына деген арнай (психологиялық кеңес беру, көмек көрсету, тіпті кей жағдайларда тек қана көңіл бөлуді қамтитын) іс-шаралардың ұйымдыстырылуы қажет.

Қазақ халқында өз-өзіне қол салу болған емес. Бұл заман өзгерісімен туындап отырған жағдай. Бүгінде қарасаңыз, толық емес, сәтсіз отбасылар көп. Осының бәрі өмірді әлі толық танып білмеген, ондағы қиындықтармен күресе алмайтын бала үшін ауыр соққы. Әке-шеше ажырасты да кетті, ал баланың жайы қалай болады? Ол бұны қалай қабылдайды, осыған ой жіберіп жатыр ма? Жоқ, әрине. Осыдан келіп, баланың асыла салуы немесе жаман жолға түсуі сынды оқиғалар орын алады.

Мектепте қарасауыз, кейбір оқушылардың қолында қымбат ұялы телефон. Соны көрген басқа оқушылар да «менде неге ондай жоқ» деп күйінеді, әке-шешесіне ренжиді. Осы кішкентай заттың өзінен үлкен мәселе туындайды. Осы сияқты мектепте әртүрлі жайлар орын алуы мүмкін. Бала осы жағдайдан қалай шығады, кімнен көмек күтуі керек деген сұраққа келсек, бірінші кезекте мектеп психологына жүгінуі тиіс. Оқушылар мұны тиімді әдіс деп таппайды. Сондықтан «Сенім телефондарының» жұмысын жандандырып, жолға қоюымыз қажет. Ол бүгінгідей емес, қолжетімді жағдайда болуы керек. Бала кез-келген уақытта, өзін қинаған қандай проблема болсын, сенім телефоны арқылы тегін хабарласып, толғандырған сұрақтарына жауап алуы тиіс.

Қыздарға қарағанда ер кісілер өзін-өзі өлтіруге 6 есе жиі барады. Өмірден қыршын кеткендердің көбі 30 жасқа дейінгі жастар. Көршілес Францияда әрбір жиыртма шақты жастың біреуі өз-өзін өлтіру әрекетіне барады. Өзін-өзі өлтіру жұмыстағын қадағалайтын жапон ғалымы Ямамато Тэй 16 жас шамасындағы жасөспірімдерде махаббат үшін өз-өзіне қол жұмсаушылық қыздарда 42,2 пайыз, ұлдарда 36,6 пайыз екендігін алға тартуда. Алайда, 25 жасқа қарай ол көрсеткіш дереу төмендейді.

Жақында шведтердің өзін-өзі өлтіру ісін зерттеу орталығы 15 пен 19 жас аралығында өз-өздеріне қол жұмсап өлуден дүние жүзі бойынша бірінші орында Ресей тұрғандығын хабарлады. Яғни Ресейде жыл сайын шамамен 2500 кәмелетке толмаған бала өз-өздеріне қол жұмсайды екен.

Осы жөнінен АҚШ еукінші орында – жылына 1800 бала. Ал жан басына шаққандағы көрсеткіш бойынша бірінші орынды Шри-Ланка (100 000 жасөспірімге - 46,55), екінші орынды Қазақстан иеленген (100 000 жасөспірімге - 24,02) .

Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуінше, 2021 жылға қарай жыл сайынғы әлемдегі өзін-өзі өлтіру көрсеткіші 1 миллионнан енді 1,5 миллионға артпақ.

**Дүниелік проблема басты себеп емес.** Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы өзін-өзі өлтірудің 800-дей себепін анықтап отыр. Бұлардың ең негізгілері мыналар: жеке өмірдегі кикілжіңдер, үмітсіздік, махаббаттағы ыза, айналасындағылармен түсініспеушілік, жұмыстағы келеңсіздіктер, түртпекке тап болу, қорлық-зомбылық, кемсітушілікке ұшырау, ткедейлік, қаражат тапшылығы, жазылмайтын ауру не мүгедектік, секталаарда кездесетін фанатизм, психикалық аурулар, рухани азғындық, өзін ешкімге керексіз сезіну, өмірден түңілу, жақын адамынан айрылу, оқшаулану, жалғыздық, жазадан қорқу, жақындарымен сыйыса алмау, торығу, өмірге деген қызығушылықтың жоғалуы, үнемі жолы болма ушылық т.б.

Яғни, дінге сенетін адам үшін бұл аталғандар өлімге себеп емес, пәни дүниеде әр адамға кезігетін әдепкі жағдай ғана.

Ислам діні өзін-өзі өлтіруді ең үлкен күнә қатарына жатқызады. Өйткені, жан – Құдайдың адам балңасына берген ең қасиетті аманаты. Өмірін қию – сол аманатқа жасалған қиянат. Дінге сенімді бар адам өмірдің қиындықтарын сынақ деп біледі, өткінші деп қарайды. Бірнешье қиындықтан кейін жеңілдіктің келетініне сенеді. Жаратқаннан үмітін еш үзбейді. Сабыр етеді. Ең қиын сәттерде де өзін өлтіруге бармайды. Демек, өзін-өзі өлтірудің себептерін өмірдің қиындықтарынан іздеу дұрыс емес. Бұл жертдегі басты себеп – сенім болып тұр.

Жүрегіне иманы бар толық адамдарда қандай да бір қайғыны жабыла көтеру, қиыншылыққа ортақтасу биар. Демек, өзіншіл адамдарда бауырмалдық пен жанашырлық атымен болмайды. Бұл себепті, қиналған кезде қайғысы еселеніп, бұл дүниеден безуден басқа жолы қалмайды. Себебі, о дүниеге деген сенім жоқ. Сөйтіп, онсыз да қызығы қашқан өмірден өліп құтыла салғанды жөн көреді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы суицид бойынша әлем елдерінің тізімін жариялады. 2007 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қаралы тізімдегі төртінші орынды иеленген. Литва, Белоруссия және Ресейден кейінгі орынға табан тіреген елімізде 100 мың адамның отызы өзін-өзі өлтіреді екен. Ал Египет, Гаити, Ямайка секілді елдерде мұндай қайғылы оқиға аз, тіпті кездеспейді де.

Әлемдік сарапшылар таратқан мәліметке қарағанда, жер бетінде жыл сайын – бір миллионнан астам, күн сайын 3000-ға жуық адам өз-өзіне қол жұмсайды екен. Сарапшылар зерттеулері көрсеткендей, суицид соғыс, жол апаты және қылмыстың салдарынан болатын өлім-жітімдерді басып озған. Дабыл қағып отырған мамандардың болжамдарына сенсек, суицид салдарынан өлген адамдар саны жер шары бойынша 2020 жылы 1,5 миллионға жететін көрінеді.

Мамандардың ойынша, Қазақстанда 2017 жылы 342 суицид фактісі тіркелген. Оның 2/3-і ер азаматтар.

Психологтардың пікіріне қарағанда, өз-өзін өлтіру оқиғалары әйелдерге қарағанда ер адамдар арасында жиі ұшырасады келеді. Ер адам өз-өзіне қол саламын деп шешсе, онда олар өз ісін аяғына дейін жеткізуге тырысады. Ал әйелдер әдетте өлуді емес, өзіне назар аударытуды көздейді. Сол себепті, статистикада өз-өзіне қол жұмсап өмірін қиған ер адамның 1 оқиғасына әйелдердің өз-өзіне қол жұмсауға талпынған 5 фактісі сәйкес келеді екен.

Әлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сенсек, Қазақстан әлемдегі ең көп суицидтік жағдайлар тіркелген ел ретінде үшінші орынға шыққан көрінеді. Яғни бұл елімізде жыл сайын өз еркімен өлімге бас тігушілер қатарының артып жатқанын аңғартады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Толстикова А.Ю. Суицидальное аутоагрессивное поведение при зависимости от психоактивных веществ (по материалам литературы) //Вопросы наркологии Казахстана». - Павлодар, 2010. – С. 75-8
2. Бердяев М. О самоубийстве / Психологический журнал -1992-ТЗ. №1
3. Шнейдман Э. Десять общих черт самоубийств и их значение для психотерапии // Хрестоматия по суицидологии / Сост. А.Н. Моховиков. - Киев, 1996.
4. Актуальные проблемы суицидологии./ Под ред. А.Г. Амбрумовой М., 1981.
5. Шустов Д.И. Аутоагрессия, суицид и алкоголизм. - М.: Когито-Центр, 2005. - 214 с.



## СУИЦИДТІ ӘРЕКЕТТІ БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ЭМОЦИЯЛЫҚ КҮЙЗЕЛІСТЕРІН ТҮЗЕТУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ПСИХОПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дауренбекова Асел Карибаевна магистр, аға оқытушы  
Ақынова Гулшат Оразгалиевна магистр, аға оқытушы,  
М.Х. Дулати атындағы тараз өңірлік университеті

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада суицидті әрекетті болдырмау және эмоциялық күйзелістерін түзету мақсатында ұйымдастырылатын психопрофилактикалық жұмыс ерекшеліктері мәселесі қарастырылған

**Кілт сөздер:** суицид, науқас, терапия, психопрофилактика, дағдарыс, психолог.

**Аннотация.** В статье рассмотрен вопрос особенностей психопрофилактической работы, организуемой с целью предотвращения суицидального поведения и коррекции эмоциональных потрясений

**Ключевые слова:** суицид, пациент, терапия, психопрофилактика, кризис, психолог.

**Annotation.** The article discusses the features of psychoprophylactic work organized in order to prevent suicidal behavior and correct emotional stress

**Keywords:** suicide, patient, therapy, psychoprophylaxis, crisis, psychologist.

Өзіне-өзі қол жұмсау – философиялық (өмірдің мәнін жоғалту), психологиялық (психологиялық теріс бейімделу, фрустрация), әлеуметтік (әлеуметтік жағынан өз орнын таппау, қанағаттанбау сезімі, әлеуметтік мәртебесін жоғалту және т.б.), медициналық (күрделі ауру, психикасының бұзылуы), адамгершіліктік және құқықтық проблемалардың жинақталуынан тұратын өте күрделі, көп қырлы феномен. Суицидті зерттеп жүрген мамандардың пікірінше, дүниежүзінде әрбір 20 секунд сайын бір адам өзіне-өзі қол жұмсайды екен. Тіпті жылына 1 миллион адам өзін ажалға қиып, шамамен 20 миллион тұрғын өмірмен мәңгілікке қоштасуға әрекет жасайды. Сорақысы сол, бұлардың 8 мыңы қазақстандықтар екен. Ал бұл дегеніңіз, Республика бойынша сағат сайын бір адам өз еркімен өмірмен қоштасады деген сөз. Назар аударарлық бір нәрсе, Қазақстанда адам өлтіргендерге қарағанда, өз-өзін өлтіруге бейім тұратындардың саны әлдеқайда көп көрінеді. Ал енді халықаралық анықтама қызметінің дерегіне жүгінсек, 1950 жылдан бергі кезеңде суицид оқиғасы 60 пайызға өсіпті. Міне, осы дерек-дәйектердің өзі соңғы уақытта суицид оқиғасының дүниежүзінің түкпір-түкпірінде жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткенін байқатса керек. Аталмыш мәселенің жасөспірімдер арасында кең етек жайғаны мәлім. Жасөспірімдік шақта кездесетін қиындықтарды көтере алмау, айналадағылармен тіл табыспау, психологияның толық қалыптаспағандығы, міне, осы және т.б.себептерден өскелең ұрпақ арасында суицид мәселесі артып отыр. Суицидтің алдын алу үшін ата-аналар, мұғалімдер, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер, салауатты өмір салтын қалыптастырушы мамандар, бұқаралық ақпарат құралдары бірлесе жұмыс атқаруы керек. Яғни ең алдымен алдын алу жұмыстары жасалуы қажет: жасөспірімдер мен жастар арасында осы тақырыпта дәрістер, әңгімелесулер, сұхбаттасулар, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстардың көбірек жүргізілгені дұрыс. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу шаралары туралы. Бұл тек адамдарға ғана тән әрекет. Суицидке баратын адамдар көбінесе ішкі жан күйзелісін басынан кешіреді немесе қатты стресс жағдайында болады, сонымен қатар психикалық аурулармен, көңіл күй бұзылыстарымен, әсіресе депрессиямен зардап шегеді және болашақ өмір қызықтырмайтын болып келеді.



Психолог Н.А. Бердяев “Суицид – өлімді қорлау” деп көрсеткен. Зертеушілер өлуге құмарту – психиканың проблемасы екендігін айтады.

Сондықтан әрдайым жақындарыңмен бірге болып, бір-бірін бағалап, әрдайым түсіністікпен өмір сүре білу қажет дейді психолог мамандар.

Белгілі психолог У. Джеймс суицидті «интеллектінің дамуындағы ауру» деп атаған. Бірнеше ғылыми тұрғылар суицид феноменін тұлғаның психологиялық дағдарысымен байланыстырады.

Бірнеше жағдайда акцентуациясы және психопатиялық мінез белгілері бар тұлғалар суицидке бейім болып келеді. А.Е. Личко, К. Леонгард жеткіншек жастағыларға суицидті мінез-құлық типтерінің 3 түрін бөліп көрсетті: демонстративті, аффективті, шынайы. А.Г. Абрумова уайымның өзін-өзі өлтірушілікпен аяқталатын суициденттердің мінез-құлқының классификациялық формасын ұсынды. Бачериков зерттеулері суицидті әрекет дезадаптация салдары деп қарастырады.

Психопрофилактикалық әрекетер. Суицид – қоғамға төнген қауіп. Мұнымен ел болып, халық болып күрес жүргізу керек! Ол үшін жұмысты неден бастау қажет? Жапония өткен жылы азаматтардың өз-өзіне қол салуымен күресу, алдын алу үшін бюджеттен 32 миллиард доллар қаржы жұмсапты. Ал бізде ше? Мәселенің әбден шарықтау шегіне жеткен кезде ғана аттандап жатқанымыз қалай? Әрине бүгінде білім ұяларында мектеп инспекторы да, психолог та жұмыс істейді. Десек те балахның ішкі жан-дүниесіне үңіліп, етене жақын қарым-қатынас орнатып, тіл табысатын психологтар кемде-кем екенін мойындау керек. Тіпті бізде психологқа деген сұраныс та, қолдау да жоқ. Бір мектепте кемінде 1500 бала білім алса, бір психолог қайсыбіріне жетеді?

Мамандар өлуге құмарту – психологиялық проблемасы екендігін айтады. Сондықтан әрдайым жақындарыңмен бірге болып, бір-бірін бағалап, әрдайым түсіністікпен өмір сүре білу қажет дейді психолог мамандар.

Ересек кезеңде суициалдық мінез-құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Жасөспірімдер арасында ересектерге қарағанда өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі. Бірақ олардың азғана бөлшегі өздерінің қойған мақсатына жетеді. Суициалдық мінез-құлық бұл жаста көп жағдайда демонстративтік сипат, сонмен бірге байбаламдық сипат алады. Психолог-ғалым А.Е.Личконың көрсеткеніндей, тек қана жасөспірімдердің 10 пайызы шынайы өлгісі келетін ниет білдірсе, ал 90 пайызы көмекке шақырған жан-айқайы болып есептелінеді.

Осының, осы жағдайлардың барлығында психолог пен отбасының көмегі қажет. Өкінішке орай, көпшілік психолог қызметінің не екендігін және оның не үшін қажеттігіне мән бере бермейді. Психологты көп жағдайда психиатрмен шатастырады, сондықтан да оның алдына баруға ұялады. Ол бұл екеуінің арасындағы айырмашылық бар. Қарапайым сөзбен айтқанда, психиатр аурулағанды емдейді, ал психолог – психикалық тұрғыдан сау адамдарды емдейді. Дегенмен, депрессиялық жағдайда адамға көбінесе отбасы мүшелерінің шынайы қамқорлығы, жақындығы, түсіністігі мен демеуі қажет.

Бұл жағдайда мектеп балаға қандай көмек бере алады? Мектеп психологы – бұл кешегі мұғалім, бүгінгі – жас маман. Психологиялық қызметтің мазмұнын түсініп, игерген адам оны жақсы меңгеріп кетуі ықтимал.

Осы кезде мектептегі психологиялық қызмет өз деңгейінде атқарылмайды деген пікірлер көп айтылуда. Оның себебі неде? Мектеп психологы қандай жағдайда жұмыс істеуде? Талдау жасап көрелік.

Біріншіден, мектеп психологты мектепке қабылдау алдында олардың психологиялық білімінде, тым болмағанда, осы қызметке деген қызығушылық деңгейіне мектеп басшылары тарапынан көңіл бөліне ме?

Екіншіден, адамның жан-айқайын тыңдау үшін оңаша, ешкім кедергі бермейтін, бөлме қажет. Ондай бөлме мектепте бар ма? Бар болса, қандай жағдайда?

Үшіншіден, мінезіндең ауытқуы бар (девиантты), проблемалы балалармен, мұғалімдермен және ата-аналармен жүргізілетін топтық жұмыстар (тренингтер)

... Егер ол өзіңізге жақын адамда депрессия басталғанын байқасаңыз, оның себептерін анықтауға тырысыңыз. Сол – болатын қауіпті жағдайдың алдын алуға септігін тигізеді. Осыған орай ұсынылатын психологиялық кеңестер:

- Тұлғаның өзі қызығатын жұмыспен айналысуына ықпал жасаңыз.
- Оның бір өзін қалдырмауға тырысыңыз. Егер ол қарсхылық білдірсе, онда жайына қалдырғыңыз, мүмкін осылай болғаны жақсы шхығар.
- Бұның Сіз үшін қадірлі екендігін, жақсы көретініңізді, оның қаншалықты керектігі туралы көп айтыңыз. Оның Сізбен бірге болуы өте қажет екендігін көрсете біліңіз.
- Кеңістікті өзгертіңіз, сіз мүмкіндік болса, оның барғысы келіп жүрген жаққа немесе оның жағымды естеліктер қалдырған жерлеріне барып қайтуға тырысыңыз.
- Бірге бартың саяхатқа немесе қонаққа баруды алдын ала жоспарлаңыз. Сіз оған көп көмегін тигізеді, себебі ол жақын болашаққа өз жоспарларын құра бастайды, сөйтіп теріс ойлардан арылуы мүмкін.

Стресс адамда ауыр өтуі мүмкін. Дегенмен одан сауықуып кетуге әбден болады. Адам бойындағы стрестік жағдайлар мен жүйкенің шаршауы депрессияға жетелейді, сондықтан бұл жағдайдың қайсысы қайдан шығып жатқандығын ол біле бермейді.

Өзіңізге қымбат адамдарға көңіл бөліңіз, оларды сүйе біліңіз, сонда ғана Сіз күннің күлімдеп жарқырағанын, құстардың қуана сайрағанын сезінесіз...

Профилактикада қолданылатын психотерапия түрлері. Психологиялық дағдарыста бірінші орынға психика мен құлықтың патологиялық емес өзгерулері шығатынынан келе дағдарыстық күйлердің комплексті терапияда психотерапия орталық орында және бірқатар спецификалық ерекшеліктері бар. Психотерапияның жақындағы мәселелері (дағдарыстан шығу) алыстағы мақсаттармен (тұлғаның бейімделу мүмкіндіктерін жоғарылату) қосарланады.

Науқастың стационарда болуының бірінші кезеңінде оған эмпатиялық қолдау көрсетіледі, ол пациенттің стационар ішінде жылдам бейімделуіне, оның психотерапевтік бөлімге қосылуына әсерін тигізу үшін бос уақыттық кестеде жүргізіледі. Ашық бөлімде психотерапевтік атмосфераның болуы стационар ішіндегі суициденттердің профилактикасының маңызды құралы болып табылады. Пациентті психотерапевттік ортаға кіргізу өзара қатынастың динамикасын қолдануға мүмкіндік береді, оның дағдарыстан тез шығуы үшін стационар ұйымының мүшелерінің эмпатиялық және практикалық қолдау көрсетуге, психикалық қысымдылықты, қобалжуды әлсіретуге мүмкіндік береді. Көрсетілген қолдау нәтижесі – жағдайдың уникалды және тығырықтығын сезінуді шеттету, пациенттің проблемасы шешілетінін түсінуі, оны осы қалыпта қабылдауға қабілетті, қолдау беретін және көмек көрсететін адамдар бар екеніне сенімділіктің пайда болуы.

Психотерапевттік маңыздың 2ші кезеңі – пациентте дағдарысты дербес жеңуіне белсенді бағдар құру. Көмектің қолданатын барлық түрлері пациенттің жеке психологиялық резервтерін мобилизациялауға бағытталған, топтық және индивидуалды сабақтарға пациент көптеген өмірлік қиыншылықтар мен сәтсіздіктер ішінен басты проблемаларды бөліп, оны жояды. Күйзелістік жағдайдың өзіне керек аяқтау жолының өзі түсінеді және сол жолға келу үшін адекватты құралдарды табады. Дағдарыстық араласу нәтижесінде пациент құлықтың дайын рецепті маманнан алмағандығын, өз проблемаларын дербес шешкендігін түсіну керек. Яғни осы жағдайда психотерапевтік көмек пациентті дағдарыстан шығарумен шектелмейді, тұлғаның бейімделу мүмкіндіктерін күшейтеді, балалық шақтағы дағдарыстық күйлердің профилактикасына қызмет етеді, осылайша, дағдарыстық интервенция кезінде психотерапевт позициясы директивтіден гөрі әріптестік болу керек, ал әсер ету әдістері – жанама және жұмсақ болу керек

Қалыптасудың жатығуы– дағдарыстың 3ші кезеңі пациент проблемасын шешу индивидтың дағдарысқа дейінгі бейімдеушілік мүмкіндіктерін кеңейту қажет болған жағдайда жүргізіледі. Клиенттің стационарда болу уақытының (орташа төрт апта) шектеулі болуының салдарынан бұл кезең тек инициацияланады, ал оның жалғасы бұрынғы пациенттер клубы шегінде амбулаторлы өтеді немесе әлеуметтік-психологиялық көмек беру кабинеттерінде жалғасады.

Психотерапевтік және психокоррекциялық тәсілдер анализі:

Рационалды психотерапия элементтері пациентпен әр кездесу кезінде орынды болады. Сол күйдің логикалық анализі принципінде, оның табиғатын, барысын және болжамын түсіндіруіне негізделген. Терапияның бұл спецификалық емес түрі пациент түрі ұғымындағы анықталмағандықты шеттеді, психикалық қысым мен қобалжу элементтерін азайтуға мүмкіндік береді.

Гештальттерапия пациенттің дағдарыс күйіндегі қабылдау процесстерінің ақпаратты өңдеу және актуализациялауының коррекциясына бағытталған. Гештальт келесі бес кілтті ұғымдарда негізделген: фигура және фон қатынасы, осы шақты ұғыну және онда ойын шоғырлау, қарама-қарсылықтар, қорғаныш функциялары, кемелдік және жауаптылық. Қосымша және фон арасындағы қатынас гештальттерапияның маңызды түсініктерінің бірі. Организмнің өзін-өзі реттеу процесі фигураның гештальттық қалыптасуына әкеледі. «Гештальт» сөзінің мағынасын бөліктердің спецификалық құрылымы деп айтуға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

6. Толстикова А.Ю. Суицидальное аутоагрессивное поведение при зависимости от психоактивных веществ (по материалам литературы) //Вопросы наркологии Казахстана». - Павлодар, 2010. – С. 75-8
7. Бердяев М. О самоубийстве / Психологический журнал -1992-Т3. №1
8. Шнейдман Э. Десять общих черт самоубийств и их значение для психотерапии // Хрестоматия по суицидологии / Сост. А.Н. Моховиков. - Киев, 1996.
9. Актуальные проблемы суицидологии./ Под ред. А.Г. Амбрумовой М., 1981.
10. Шустов Д.И. Аутоагрессия, суицид и алкоголизм. - М.: Когито-Центр, 2005. - 214 с.



ӘОЖ 159.926.6

### **ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР**

**Оралымбетова Гүлжанар Умбеталовна, әлеуметтік ғылымдар магистрі,  
Тамдыбек Қымбат**

**«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының студенті  
М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті. Қазақстан, Тараз қ.**

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі таңда жасөспірімдердің негізгі мәселелері қоғамдағы дербестікке тәуелділік пен адамдармен қарым - қатынасының күрделене түсуі қарастырылған. Жасөспірімдік шақ нағыз қарым – қатынаста болып жатқан іс - әрекеттерді суреттейді. Жасөспірімдік шақта балалар іс - әрекеттің түзету мақсатында ғалымдар көптеген іс - тәжірибелерінен бірнеше тренингтік семинарлар мен сауалнамалар ұсынған. Осы кезең балалық шаққа қарағанда жауапкершілікті сезінетін кезең ретінде сипатталған.

**Кілт сөздер:** жасөспірімдік шақ, қарым - қатынас, өтпелі кезең.

**Аннотация.** В статье рассматриваются основные проблемы подростков в настоящее время - зависимость от самостоятельности в обществе и усложнение отношений с людьми. Подростковый возраст описывает действия, происходящие в настоящих отношениях. С целью коррекции детской деятельности в подростковом возрасте ученые предложили несколько обучающих семинаров и анкет из многочисленных практик. Этот период описывается как более ответственный, чем детство.

**Ключевые слово:** подростковый возраст, отношения, переходный период

**Annotation.** The article discusses the main problems of adolescents at the present time - dependence on independence in society and the complication of relationships with people. Adolescence describes the actions taking place in a real relationship. In order to correct children's activity in adolescence, scientists have offered several training seminars and questionnaires from numerous practices. This period is described as more responsible than childhood.

**Keywords:** adolescence, relationships, transition period

Біздің еліміздің болашағы қазіргі жастар мен жасөспірімдер болған соң, аса назар аудартып нақты мәселерін шешуге тырысуымыз керек деп есептейміз. Жасөспірімдердің маңызды мәселерін шешуде аса назар аудартуымыздың нақты себебі: жастардың болашағы ұлт болашағында дамиды. Бірден – бір себебі: еліміздің президенті айтып кеткендей: «Жастарымызды дұрыс жолға салып, жастарымызды бастапқы деңгейге көтермесек ертеңгі болашағымыз қараң болатының ескерткен болатын. Осыған орай, президентіміз 2022 жылды жастар жылы деп бекіткен болатын. Ондағы басты себеп, жастарымыздың даңқын биікке көтеріп, рухын асқақтатып, елімізді әлемге танытатын жастардың шығуын қамтамасыз етейік деген ой тастаған болатын».

Осы орайда жасөспірім жасындағылар өтпелі жасында көптеген жеткіншек жастағы балалар мен балалық кезеңнен ересек жасына ауысады. Жасөспірім кезең өзге жастарға қарағанда ғаламторларда көп талқыға түседі. Жасөспірім кезеңде ең ауқымды мәселе психикалық даму ерекшеліктері жас баламен салыстырғанда әлдеқайда өзгеше болады. Бұл кезеңде тағы бір ерекшеліктердің бірі - жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың яғни ата – анасының қамқорлығынан құтылғысы келетіні анық. Жасөспірімдердің тағы бір ерекшелігі ересектерден айырмашылығы - биологиялық дамуы жағынан жыныстық жетілуі жағынан да кең өріс алады. Мысалы алатын болсақ, жеткіншек төменгі сыныптарда оқып жүргенде үйге берілген тапсырманы тек жаттап алатын болса, жеткіншек жасына келген кезде тапсырманы өз сөзімен түсінікті етіп, айтуға талпынады. Жасөспірімдер өз кезеңдерінде үлкен адамдармен қарым –қатынасқа түскен уақытта мейірімді, сыпайы келсе, кейбір жасөспірімдер дау-дамайға, ұрысқа икемді болып тұрады. Дегенмен мұндай уақытта психиканың ерекшелігіне байланысты әлеуметтік жағынан ерекшеліктер басым болады. Бұл уақытта көптеген жасөспірімдерде мені әлі бала деп ойлайсыңдар, көп нәрсені өзім істей алам, мен бәрін білем деген ойлар болады. Қазіргі заман талабында жасөспірімдердің көптеген бөлігі үлкен адамдардың талабына көне кетпейді. Мұнымен қатар бұл кезеңде жасөспірімдерде балалықтың дәмі әлі де бойында қалып кетеді. Мысалы: сабақ үстінде қыздардың шашын тартуы, басқа ойындармен қыздарға қалжыңдауы т.б. Жасөспірімдердің өзіншілдігін ояту мақсатында өзін-өзі тану қолданылған болатын. Өзіндік дамуын нығайту мақсатында мынадай тәсілдерді қолданса болады [1].

1. Интерактивтік әдіс.
2. Топтық жұмыстар.
3. Ой - қозғау әдістері.
4. Рөлдік ойындар.
5. Өздігінен шешім қабылдау әдістері. Осы әдістерді пайдалана отырып, оқушы өз пікірін еркін айта алатындай, өзін толғандырған сұрақтардың шешіміне ұмтылатындай, шешімін еркін түрде шеше алатындай дәрежеге көтеруіміз керек. Баланың жалпы алғанда

жасөспірімдік кезеңі 15 - 17 жас аралығын қамтиды. Бұл кезеңде тағы психологиялық ерекшелік жағынан жоғары сынып оқушыларында адамгершілік қабілеттері жаңа деңгейге көтеріліп, сана сезімдері анықтаулары қалыптаса бастайды.

Жасөспірімдік кезеңмен байланысты едәуір анықталған мәселелердің бірі – өзін - өзі тәрбиелеуге өте күшті құштарлық сезімін айтуға болады. Өзін - өзі тәрбиелеудің белсенді процесін өзін – өзі тәрбиелеу деп атасақта болады. Бұл кезеңде педагогикалық баға беруде ерекше орын алады. Баланың индивидуалдық ерекшеліктеріне байланысты негізінен баланың ішкі жан дүниесімен баланы оқыту да ерекше орын алатыны белгілі нарсе. Педагогикалық баға берудің ерекше түрі қызығушылығын өмірге деген талпынысын арттыру болып табылады. Жасөспірімнің даму ерекшеліктеріне де аса мән берген дұрыс болып табылады. Жасөспірімдерге өзін – өзі дамытып, бағалай білу қағидаларын меңгертіп, араларында келіспеушіліктер мен ересек жасқа өтер кезінде түрлі мінез-құлықтардың қиын кезеңдерін жеңуге мүмкіндік беру болып табылады. Қазіргі таңда ересектерде жасөспірімдерде байқалған психикалық бұзылулар балалық шақтан бастау алады. Себебі: балалық шақта депрессия мен суицидтік мінез – құлықтар айтарлықтай қалып кетеді. Жасөспірім кезеңде денсаулық жағдайына байланысты да түрлі әдеттер қалып кетеді [1].

Мысалы: әлеуметтік мінез – құлқында теріс қылықтар – ішімдік тұтыну темекі шегу, заңсыз заттарды пайдалану, жүктілік, мектептен қалу және құқық бұзушылық сияқты әрекеттердің пайда болуы. Жасөспірімдерде көбінесе физикалық денсаулық ақаулығы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жасөспірім кездегі мәселелер: сәтсіздік жазалау сезімдері. Жасөспірімнің көбі өзінің қабілетін дұрыс есептемей, бүкіл әрекеттерді идеалдық деңгейде жасауға тырысады, ісінің нәтижесінің соңы қорқынышпен аяқталса деген сезімдердің болуы. Келесі мәселе жалғыздық сезімі. Бала кезінен қалып кеткен қорқыныш. Арманның жүзеге асырылмауы. Арманынан бас тартуы. Сыртқы келбет қорқынышы, яғни сырт көз менің келбетіме қандай сын айтады екен деген ойлар. Депрессияның пайда болуы. Жасөспірім кезеңде алғашқы депрессиясы қалыптасуы мүмкін. Л.И. Рувинский еңбектерінде: «Жасөспірім шақ – бұл қоғамдық жүйедегі көз - қарасқа байланысты дүниетанымның бірінші элементі» байқала бастайды, бірақ әлемге деген көзқарасын толығымен пайымдай алмайды. Жасөспірімнің психологиялық аспектісі бірінші кезекте тұр. Психиканың дамуы эмоционалдық пен қозудың жоғарылауымен сипатталады. Өзінің физикалық өзгерістерін сезінген жасөспірім ересек адам сияқты әрекет етуге тырысады. Кейбір жасөспірімдерде шамадан тыс белсенділік және ақылға сыйымсыз сенімділік, ересектердің қолдауын мойындамайды. Жасөспірімдерде достықтың қажеттілігі, ұжымның мұраттарына бағдарлау күшеюде. Құрбыларымен де, достарымен де қарым-қатынаста әлеуметтік қарым - қатынастарды модельдеу, мінез - құлықтардың салдарын бағалау дағдылары да бар [2]. Ата-аналармен, мұғалімдермен, сыныптастар мен достар жасөспірімдер арасында өзін – өзі бағалауға айтарлықтай ықпал етеді. Жасөспірімдердің жеке қасиеттерінің қалыптасуын анықтайды. Өзін - өзі бағалаудың жеткілікті деңгейіне өзіне деген сенімділікті, өзін - өзі сынға ұшыратуға, табандылықты, тіпті өз – өзіне деген сенімділікті және төзімділіктерін тудырады. Көп жағдайда педагогтар мен ата – аналар жасөспірімдермен қарым – қатынас жасауда дұрыс көзқарас табу оңай емес, бірақ осы жастағы жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрқашан шешімдерін табуға болады. Баланың өзін – өзі тануы, дұрыс қарым – қатынасын дамыту, баланың өзіндік менің анықтауға көмектесу, балаларды жан - жақтылыққа, кісілік парасаттылыққа, салауаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында өзін-өзі тану пәні рөлі зор болып табылады. Жасөспірім кезеңнің негізгі ерекшелігі - дамудың бар жақтарын өзгерту. Бұл кезеңде адамның өз беттілігі мен өмірге деген дайындығымен анықталып, жасөспірімнің дүниетанымымен, кәсіби іс - әрекетті тыңдауы және тұлғаның азаматтылық маңыздылығын нақтылау аяқталады. Бұл кезеңде жасөспірімнің үлкендермен мінез - құлықтың барлық аймақтарында тәуелсіздігін көрсетеді. Жасөспірім кезеңінде де ересек жастағы сияқты адам өзінің ішкі жан дүниесін әлемін таныған

рефлексивті қабілеттер арқылы ашады [2]. Бұл сезім мен ой тылсымдарын тануға бағытталады. Жасөспірім өзіне деген сенімділігін, ішкі қарым – қатынасын қалыптастыруға – мен қандай болғым келеді, басқа да адамдарға деген қарым – қатынасқа және моралдық құндылықтарға талпынуды айтады. Шығыстың ғұламасы Әл - Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздің болашақтарыңызды айтып берейін» деген. Қазіргі қоғамымызда қазақ халқының өмірінде бұрын соңды болмаған еңбекке, оқуға, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар саны күннен күнге арту үстінде. Жасөспірімдік шақ түрлі қабілеттермен қоса қылмыстық әрекет ушығатын жас ретінде көрінеді. Бұл кезеңде барлық мүмкіндіктерді практикалық қолдану жекелік ерекшеліктерге де әсерін тигізіп жатады. Кішкентай балалардың өзіндік санасы мен өзіндік бағалауларын, әдетте ата – аналарынан беделді үлкендерден алған бағаны қайталайды. Бірақ та кішкентай балалардың өзіндік санасының өзіндік бағалаулары үлкен бағдар алады. Жасөспірімдер олар өзі туралы алдынала көздеген мақсатын қаншалықты жүзеге асырғанымен салыстырып, теңестіреді. Өзгелердің өзі жөніндегі пікірін жинап соларды өзара салыстыру арқылы жетіспейтін жақтарын білу. Жасөспірімдік шақ ақыл - ойына келсек, мұның өзі жеткіншектік жасына қарағанда сапа жағынан да, көлем жағынан да біршама қалыптасып қалған. Қазіргі қоғамда оқушылардың оқу тапсырмасын қалай орындағанына сын көзімен қарап, соның қалай орындалғанын ересектердің үнемі тексеріп отыруына ылғи да мән беріледі және мұның бәрі тапсырманы ойдағыдай орындауының шарты болып есептелінеді. Қазіргі қоғамдағы жасөспірімдік шақ өткен дәуірлердегі жасөспірімдердің қасиетіне тән болып келеді. Жасөспірімдердің тәрбиеге көнгісі келмеуі түпкілікті емес, уақытша кездесетін уақыттардың бірі болып табылады. Жалпы жасөспірімдік шақ адам құндылықтарының икемділігімен, құнды бағыт - бағдарының құрылымының талдамасымен, өзінің іс - әрекетін балалық және ересек жаста анықтайтын, тарихи бекітілген нормативтерімен құндылықтарды саналы түрде бұзуға, қабылдауға тура келеді. Жасөспірім қоршаған әлемдегі өз орнын табуға қандай күш салып бағытталса да, барлық өмір мәнділігін тануға интеллектуалды дайын болса да, ол көп нарсені білмейді, өйткені ол өзін қоршаған адамдарды және рухани өмір тәжірибесімен қабылдайды.

М. Мұқанов психологиялық зерттеулерінде: «Жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың тамыры, жасөспірім жаста қалыптасып қойған болса, оның туындысы болып табылады» [3]. Жеке тұлғаға деген қызығушылықта күшеюде, сыншылдықтың көрінуі, өзгеріске ұшырау барлығы жасөспірім шақта пайда болып, өзгеріске ұшырайды. Жасөспірім жаста ерте жетілу кезеңдері орталық жүйке жүйесінде ересек адамдардыкі мен бірдей айырмашылықта болады. М.Ю. Красовицкийдің айтуы бойынша: «Жасөспірім барлық жағынан қарым - қатынас жағдайында белгілі болады».

Мектеп пен ата – аналардың жасөспірімдердің арасында әлеуметтік бейімделуі белсенді болады. Келесі кезекте кіші жастағы жасөспірімдердің белгілі сипаттамасы осы жаста болу, үлкендерге еліктеу бірінші жоспарда болады. Мәселен егер кіші жастағы оқушыға үлкен болу – оқушы болу мақсат болса, кіші жасөспірімдік өзіндік әрекетімен, қарым - қатынаста үлкендерге тәуелсіз болуымен, өзінің қызығушылығын өздігінен жүзеге асыруымен ерекшеленеді. Жасөспірімдерде мен бейнесі де көп кездеседі. Меннің қиялдық және шынайылық ерекшелігі айқындалып арақатынаста және әлеуметтік мәдени үлгілерде, соның ішінде батылдық пен нәзіктіктің мақсат мұраттарына сәйкес келетін ер азаматтық және қыз балаға тән нәзіктік өлшемдерінің көрініс беруі айқындалады. Мектеп жасында жасөспірімдердің жасы сипаттамалары өз дамуында жаңа мүдделер мен оқу әдістемелік пәндер бойынша сапалы жаңа талаптарда пайда болады. Осы кезеңде, жасөспірімдердің көпшілігі мектепте қалуға қызығушылықтары жоғалып кетеді. Жас ерекшеліктеріне байланысты жасөспірімдердің бірімен жақсы қарым – қатынастағы көріністер байқала бастайды. Ересектер қалыпты жағдайда жасөспірім ата – аналармен тығыз байланыста болады. Жасөспірімдік кезең сөзі тәуелді балалық шақпен өзіндік жауапкершілікпен, үлкен

өмірге ауысудың фазасы ретінде белгіленеді. Жоғары сынып оқушыларында жалпы қабілеттерінің негізгі ерекшеліктері, оқу қарым - қатынас және еңбек базасында дамуының жалғасуымен сипатталады. Қазіргі таңда жасөспірімдік жас түрлі қабілеттермен дамуының сензитивті кезеңі болып табылады. Қазіргі таңда жасөспірімдердің өз – өзіне қол жұмсауы кездеседі [3]. Оның себептері: 1.Ересектер тарапынан шынайы тілектестің болмауы. 2. Жалпы өмір ағымының шапшаң өзгеруі. 3. Әлеуметтік - экономикалық тұрақсыздық. 4. Ата – аналарының ішімдікке салынуы. 5. Ертеңгі күнге деген көзқарас пен сенімсіздік. 6. Өмірдің мәнін жоғалту. 7. Өз - өзін төмен бағалау. 8. Жауапсыз махаббат. Жасөспірімдердің өз - өзіне қол жұмсауы қауіп бар туралы хабар беретін белгілер: Ең алдымен дәрменсіздік, күдер үзу, елеусіздік сезімі, қайғыру, торығу, көңіл - күйінің төмендеуі ұйқысының бұзылуы.

Өз - өзін кінәлау да осы себептердің бірі. Жасөспірімдер өздерінің енді бала емес екенін алайда ересекке жатпайтынын түсінеді. Көптеген жасөспірімдер ересектерге еліктеп, солардың қылығын қайталап, солардың кейбір зиянды әрекеттеріне әуес болады.

Үлкендердің ақыл айтқанын көбінде жақтырмайды. Өйткені, өздерін ақылды сезінеді [4]. Ата – аналарының айтқан ескертулеріне, мұғалімдерінің кеңестеріне қарсыласып, айтқандарын мүлдем тыңдамайды. Жасөспірімдік кезеңде бойлары да өсе бастайды, әсіресе қыздар тез жетілгендей болады. Аласа бойлы сыныптастарын менсінбей, жоғары сыныпқа еліктей бастайды. Кейбір жасөспірімдердің еліктеушілік көзқарастары да өзгере бастайды, үлкен сыныптарға еліктей бастайды. Жалпы көзбен қарағанда жасөспірімдік жас өтпелі кезең. Қазіргі қоғамда жасөспірімдерге әдебиеттер арнайы дүкендерде, ғаламтор жиегінде өте көп. Жасөспірімдер басындағы жағдайларына қарамастан сабақ оқу, үй шаруашылығына көмектесу, үлкендерді сыйлау, кішілерге қамқор болу деген сияқты міндеттерді орындауы тиіс болып табылады. Әрбір жасөспірім өзін – өзі танумен айналысса, өз проблемаларын жеңілдетіп, болашағының бағытын да анықтайды. 15 жаста жасөспірімдер әрқашан мектепте, достарының арқасында қандай екенін анықтауға болады. Жас ерекшеліктері жасөспірімдердің бірімен жақсы қарым - қатынаста көрініс алады. Біздің қоғамымыздың жасөспірімдердің адамгершілік келбетіне қоятын талаптарының өсуіне байланысты оларды жақсылыққа тәрбиелеу мәселесіне баса назар аударуда қайта тәрбиелеу мәселелеріде кең етек жаюда. Жасөспірім кезеңде әлеуметтік жағынан да адамгершілік қарым - қатынасы да бағаланады [5]. Сабақтан тыс уақытта жасөспірімдер радиотехника электротехникамен танысып едәуір білім алады.

Мұнымен қатар бұл жастағылар бойынан әлі де балалық кездесіп тұрады. Жасөспірімдердің таным белестерін де дамыту қажет. Жасөспірімдердің бойындағы адам туралы, оның дүниетанымы туралы жағымды көзқарасты қалыптастыра отырып, оларға өзін - өзі жетілдіріп, өзін – өзі дамыту және бағалай білу туралы түсінік беру керек. Жасөспірімдердің танымдық қабілеттерін өмірлік ұстанымдарын, өмірлік бағыттарын жетілдіре отырып, қандай қасиет екенін анықтау қажет. Жасөспірімдердің өз бойларындағы мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға үйрету. Оқушыларды таным жолында кездесетін қиыншылықтарды жеңе білуге өздігінен ізденуге тәрбиелеу. Баланың жас ерекшелігі әр жасқа тән болатын дағдарыстың себептері туралы түсіндіріп, олардан баланы қиындықсыз алып шығуға көмек көрсетуге ата – анаға көмек беретін мұғалімдер. Баланың өзінің тануы дұрыс қарым - қатынасын дамыту, баланың өзіндік менің анықтауға көмектесу, балаларды дұрыс қарым - қатынасқа үйрету. Жасөспірімдік жаста қылмыстық жағдайлардың алдын алу мақсатында көптеген іс - шаралар өткізу қажет. Іс - шаралар өткізілмеген жағдайда жасөспірімдердің психикасы 90 процент бұзылады. Жалпы алғанда балалармен жасөспірімдердің денсаулығы көптеген факторларға тәуелді дұрыс тамақтану, күнделікті тәртіп орнату, таза ауада жүру, қозғалыс белсенділігі, шынығу процедурасы, психологиялық жайлылық.

Осылайша, жас ұрпақ дамуында психикалық даенсаулық маңызды рөл атқарады. Осы орайда балалар мен жасөспірімдер психикасының ауытқуларының алдын алу өте маңызды.

Себебі, бұл ел болашағына тікелей әсер етеді. Егер осыған біз бүгін күш салмасақ, ертеңгі күні кеш болады [5]. Жасөспірімдер жалпы айтатын болсақ, адамның балалардың тұтастай 10 жылын алады, бұл ерекше жас қажеттіліктер мен құқықтар тән бірегей уақытты алады. Жасөспірімдік жас қыз балалар мен ұл балалар үшінде қауіп –қатерге толы жас ретінде де қаралады. Жасөспірімдердің көбісі бұл жаста суицидке бейім келеді. Суицид деп отырғанымыз қыз – балалар мен ұл балалардың өз – өздеріне қол жұмсауын айтамыз. Суицидке неге бұл жас деп айтатын болсақ, себебі бұл жаста жасөспірімдер еліктеуіш болып келеді. Суицидтің бұл жаста түрлері өте көп: мысалы, көпқабатты үйлерден секіру, жіп алып асылып қалу, өз-өздерінің тамырын кесіп қол жұмсауды айтсақ болады. Жасөспірім жаста зорлық – зомбылық та көптеп кездеседі, себебі бұл жаста жасөспірімдерден мұндай нарсе шықпайды деп ойлаймыз, бірақта зорлық – зомбылықтың біраз түрі осы жаста шығады. Соңғы бірнеше жылда елімізде суицидтік жағдайлар жасөспірімдердің миын улауда деген жағдайлар енгізіліп жатыр екен. Жасөспірімдердің суицидтік жағдайларға бейім болуының себебі: депрессия мен үрейлі күйлер жатады. Басқа елдерге қарағанда біздің еліміздің көрсеткіші 3 есе жоғары екені белгілі болды. Осы жағдайларға байланысты балалардың қауіп – қатерге бейім болуы. Мектеп пен колледж қызметкерлерінің суицидтік жағдайға жасөспірімдердің бейім екенің және бейім еместігін анықтап, мамандар іс – шаралар жүргізулері керек. Жасөспірім шақта жасөспірімдердің мінездері ауырлап, сабақтары әрмен қарай төмендеп, әлсіздік танытып, қоршаған ортамен жанжалдасып осындай жайттармен көрініс табады. Әсіресе, 7,8,9 сынып оқушыларына берілетін құбылыс ретінде еске алынады. Кейбір жасөспірімдер өздерінің бала емес екендігін түсініп, ересекке жатпайтынын түсінеді [6].

Бойлары да осы жаста өсіп, түрлері де осы жаста түрлене бастайды. Барлық адамдар яғни, біздің ата-әжелерімізде осы жастан өткен десекте болады. Жасөспірімдердің де өз-өздерін тәрбиелеу осы жастан бастау алады. Жасөспірімдік кезеңде дүниені тану, қоғамға деген қарым – қатынас, адамгершілік қасиеттер осы жастан бастау алады. Жасөспірімдер үшін өсіп – жетілудің маңызды кезеңдері, яғни өзін адам ретінде қоғамда ересек адам ретінде сезінуін атасақ болады. Бұл кезеңде жанұя мен мектептегі ата – аналардың белсенділігін тәрбиелеу. Жалпы елімізде жанұя мәселесін дамыту қолға алынып жатыр. Жанұя мәселесі балаларды еңбекке баулу, ата – аналарға балаларының көмек беруі барлығы жанұя дамыту мәселесіне жатады деп есептейміз.

Жасөспірімдердің кез – келгені осы жаста яғни, 15 – 20 жас аралығында үлкен дағдарыс пен стрессті бастан кешеді екен. Сондықтан жасөспірімдік жасқа өткен кезде бала ата – анасы дұрыс тәрбиемен қарауы тиіс екен. Себебі осы жаста ата – анасы біртүрлі нарселерді, болмаса жайыттарды кешірсе, жасөспірім стрестік жағдайға түсіп, суицидтік жағдайға тап болуы да мүмкін. Сондықтанда еліміздің болашағы жастар болғандықтан, кемел ұрпақ болу үшін жастарымызды қолдауымыз қажет [6].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. « Бастауыш мектеп » - №3. 2015ж. Баланы тәрбиелеудің басты қағидалары 30 - 31 беттер [1]. <https://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=2&id=142>
2. Жас ерекшелік психологиясы, М. М. Муханов. Алматы 2014 ж, 93 – 95 беттер [2]. <https://45minut.biz/?p=7912&ysclid=lgnj1pv9f0344425786>
3. Снежевский Р. Д Мир подростка – М. 2016 [3]. <https://infourok.ru/zhasspirim-kezeini-psiologiyali-damu-erekshelikteri-dgelek-stel-745723.html?ysclid=lgnj2wqc9r257335505>
4. Рубинштейн С . С. Человек и Мир. Проблемы общей психологии – М. Педагогика, 2014. <http://www.psy-culture.ru/journal/deti-i-podrostki/o-podrostkah/?ysclid=lgnbk9vqzm558267447> [4].
5. Өзін - өзі тану жалпы білім беретін мектептің 10 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал, «Бөбек». Алматы. 2016 ж.6 - 15 беттер [5].



[https://ust.kz/word/jasospirim\\_kezengining\\_psihologiyalyq\\_damy\\_erekselikteri-112685.html?ysclid=lgnj4bos98241210011](https://ust.kz/word/jasospirim_kezengining_psihologiyalyq_damy_erekselikteri-112685.html?ysclid=lgnj4bos98241210011)

6. Жасөспірімдердің проблемалары кітабы 9 сынып мұғалімдеріне арналған Бөбек Алматы - 2020 10-15 беттер. <https://kazgazeta.kz/news/105884> [6].



ӘОЖ 159.927.6

## ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ СУИЦИД МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХЫ

**Оралымбетова Гүлжанар Умбеталовна, әлеуметтік ғылымдар магистрі**  
**М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті. Қазақстан, Тараз қ.**

**Аңдатпа.** Мақалада тұлғаның дамуында кездесетін келенсіз жағдай суицидтің алғашқы белгілері мен ерекшеліктері мазмұндалған. Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің түбегейлі факторларының бұрыннан сақталған мәліметтері қарастырылған. Суицид мәселесінің педагогикалық-психологиялық зерттеу жолдары сипатталған.

**Кілт сөздер:** суицид, аутоагрессивті мінез-құлық, экстремалды жағдайлар, депрессия.

**Аннотация.** В статье изложены первые признаки и особенности суицида, негативного состояния, встречающегося в развитии личности. Рассмотрены давно сохранившиеся данные фундаментальных факторов актуальной проблемы современности. Описаны пути психолого-педагогического исследования проблемы суицида.

**Ключевые слово:** суицид, аутоагрессивное поведение, экстремальные ситуации, депрессия.

**Annotation.** The article describes the first signs and features of suicide, a negative state occurring in the development of personality. The long-preserved data of the fundamental factors of the current problem of modernity are considered. The ways of psychological and pedagogical research of the suicide problem are described.

**Keywords:** suicide, auto-aggressive behavior, extreme situations, depression.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: Жоғары және орта білім беру жүйесін дамыту үшін мемлекеттік жекеменшік әріптестігі желісін құру. Бүкіл ел бойынша ғылыми зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру қажеттігі айтылған [1].

Өткен ғасыр дүние жүзінің ғалымдарын толғандырған мәселе ол қазіргі кездегі жеткіншектер арасында жиі кездесетін - суицид. Суицид бүгінгі күні қоғам үшін ең көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Күннен күнге өз-өздеріне қол жұмсаушылардың саны, көбейе қоймаса азаяр емес. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтерінше 15-24 жас аралығындағы жеткіншектер арасында өзін-өзі өлтіру 2 есе артып кетті. Ол мемлекеттегі экономикалық жағдайларға байланысты.

Суицид терминіне ғылыми әдебиеттерге бірнеше анықтама берілген. Осы анықтамалар бойынша, суицид бұл- ауру немесе өз-өзін өлтіру деген мағынаны білдіреді. Адамның өз-өзіне қол жұмсауы, оның өмірден өз еркімен кеткісі келетініні, өмір сүруге құлқысы жоқ екендігін білдіреді. Осыдан ойымызға түйетініміз, әрбір тірі жанның сәтсіз аяқталған суицидке баруы, оның жан айқайын, қоғамнан сұрайтын көмегін білдіреді. Жеткіншектер арасындағы суицидтің зерттеу тақырыбына айналуы, осы мәселені тереңірек зерттеуге, жеткіншектердің осындай әрекетке бару себептерін анықтауға, суицид әрекетін алдын-

алуға мүмкіндік береді.

Психологиялық әдебиеттерде суицид мәселесі З.Фрейдтің, К.Меннингердің, А. Адлердің, К. Юнгтің, Д. Хеллменнің, Г. Салливеннің, К. Хорни, Э. Дюркгеймнің, Н. Фейберроу, Э. Шнейдман, А. Альварестің, Э.Кюблер-Росстың ғылыми еңбектерінде және монографияларында өзінің көрінісін тапты. Әлі күнге дейін, қоғам санасында өз-өзіне қол жұмсау туралы жалған түсініктер кең таралған, олар қоғамның аутоагрессивті мінез-құлыққа, көзқарасын, қатынасын айғақтайды. Өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтін себептерді талдау, олардың жиі болатын себебі, бұл заңды бұзу, қылмыстық жауапкершілік алдындағы, ата-ананың алдында қандай да бір істеген әрекеті, мектепте істеген әрекеті үшін қорқыныш түрлерін тудырады.

Кеңестік уақытта суицид бұл-психикалық аурудың айқын белгісі деген сенім қалыптасқан болатын. Әрбір суицидент өмір бақи дені дұрыс емес деген атаққа ие болды, ал құтқарылғандар психиатрдың тіркелуіне қойды. Жалпы өз-өзіне қол жұмсау туралы ой-толғау – жиі ақылдың жоқтығының емес, керісінше ақыл-ойдың мол болуының белгісі. Сол себептен белгілі психиатр А.Г. Амбрумованың үлесін қайта бағалау қиынға соғады-ол суициденттердің көпшілігі дені сау адамдар екенін нақты дәлелдеді. Өмірдің мәнін жоғалту әр түрліше болуы мүмкін - ол әрбір адамның оны неден көретініне байланысты. Ақшаның жоқтығы, бүкіл өмірі байлыққа ғана тірелетін адамдарды қатерлі қадамға итермелеуі мүмкін; жауапсыз махаббат, егер ғашық болған адам өз болашағын сүйіктінсіз елестете алмаған жағдайда, суицидтің себебі болуы мүмкін; ал өз өмірінің мәнін, ана болудан көретін әйел, кенет анықталған бедеуліктен ғана өз-өзіне қол жұмсауы мүмкін. Бірақ әрине кез-келген осындай жағдайларда басқа шешім табуға болады. Бірақ суицидтердің негізгі бөлігі- бұл диалог жүргізуге ешқандай пайдасы жоқ және өзіндік бір әдіспен жүргізуге әрекет жасау. Өз-өзіне қол жұмсаушылардың көпшілігі өлуді емес, тек қана біреудің назарын аудартуды ғана қалайды.

Демонстративті суицид өзіндік бір бопсалаудың тәсілі ретінде де көрініс береді. Ал жеткіншектердің өз-өздеріне қол жұмсауының бәрі жауапсыз махаббаттан бола бермейді. Психологтардың айтуынша, барлық қайғылы оқиғалардың себебі болып, бүгінгі күнде балалардың да, ересектердің де, психологиялық тәрбиемен қамтылмауы болып табылады. Біз, қарапайым адамдар, басқа адамдардың немесе жас балалардың өз-өзіне қол жұмсауы туралы естігенімізде, әлсіз мінезді екен деп айтып жатамыз. Ішкі жан –дүниесін уайым-қайғы жеп жүрген адамның, әсіресе жеткіншек баланың ішкі әлеміне ене бермейміз. Өмір адамға бірақ рет беріледі. Ал, бітпес тіршіліктің сол тауқыметіне қарсы күресіп, өз несібеңді айырып жесең, соның өзі бақыт. Бірақ «соқтықпалы, соқпақты» өмірдің қиындығына кез-келген адам шыдайды ма? Шыдауы керек деп жұбату сөзді айтуға жеңіл болғанмен, екінің бірінің жүйкесі мықты емес, ал жүйкесі жұқалар бүгінгі тіршілігінен гөрі бақыт дүниені дұрыс көріп, «сол жаққа» мезгілсіз аттанып жатады. Оларды кінәлау орынсыз шығар. Десек те, бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы жұртшылыққа жантүршігерлік мәліметтерін жария етеді. Өзіне –өзі қол салу қазір төрткүл дүниенің қатты аландатып отырған үлкен мәселеге айналып барады. Мұның себебі неде? Ислам дінінде, яғни қазақта өз-өзіне қол салған адамға жаназа шығарылмайды. Алла Тағала өзі шығарған жанын өзі ғана алуы тиіс. Ал адам баласы неге өз жанын өзі бұйырған мезгілден ерте қиюы керек?

Адам өз-өзіне алғаш рет қашан қол жұмсағанын белгісіз, бірақ саналы түрде өзін өлімге қиған ертеректе болған мәселе. Оны ХХ ғасырдың бірінші жартысында өткен антропологиялық зерттеулер дәлелдейді. Алғашқы қауымдық құрлыс адамдарды өмір сүрген кездерде игерілмеген жерлері көп болды. Кейбір тайпаларда өзіне қол жұмсау жеке бастың ісі деп саналса, басқа тайпаларда өз-өзіне қол жұмсауға тыйым салынған, ал өлімге ұмтылғандар қатаң түрде жазаланған.

Ертеде адамдардың көз жұмуын жақсы және жаман деп екіге бөлген. Славиянның «смерть» сөзі «сь-мьертъ» сөзінен шыққан, мұндағы «сь»-«өзінің жақсы» деген мағынаны

білдіреді. Яғни, адамның жасы жетіп өлуі. Ал өзіне-өзі өлтіру өлімнің жаман түріне жатады. Олардың жаны қара күшті жынға айналады да, жер бетін кезіп тірілердің ісіне араласады. Эскимостардың дәстүрі бойынша қарттар тундраға кетіп, үсіп өлетін. Бұл бейнені алғаш көрген миссонерлер таң қалған. Бұл христиандар емес деп ойлаған көндіріп мейірімді болуға шақырады. Бірінші жылдан кейін ол бұлардың жағдайын білуге келгенде, алдынан ешкім шықпағанда, барлығы қырылған.

Вестготтарда қарттар ескеретін «Баба құзы» болған. Ал ежелгі гректерде қарттар өлер алдында үлкен той өткізіп, артынан басына гүл шоғын киіп цикута деген уды ішкен. Бұл дәстүрдің ең ұзағы Жапондарда, себебі ашаршылық кезінде қиыр ауылдағы қарттар балаларын тауға апарып тастауын өтінеді. Онда Обясуэма деген тау бар, жапон тілінен аударғанда «апаларды қалдыратын тау» деген мағынаны білдіреді. Өткен жүз жылдықтың бірінші жартысында ғалымдар Малазия ралдарындағы тайпалық топты сақтап қалған жергілікті тұрғындардың өмір сүруін бақылады. Өзіне қол салуды олар заң бұзушылық деп санамаған. Бірақ суицидті заңдастырып, заң бұзушыларға жазалаудың бір түрі ретінде қолданған. Бұл жағдайда Малазиялықтар биік пальмадан секірген және у ішкен. Кластық қауымға бөлінбей тұрғанда тайпа мен тобырға зиянын келтіргендіктен өзіне-өзі байланысты алғашқы шектеулер бекітілген. Көптеген Нигерия, Уганда, Кения тайпаларында өзіне-өзі қол жұмсау деген және қол салу шараларын қолданған. Адам асылған талда және оның үйін тазарту мақсатында өртеп жіберген, ал туыстарын мәйтке жолатпаған. Сөйтіп өркендеу мен даму басталды.

Ежелгі дәуірдегі суицид мәселелері: ежелгі Грекияда өз еркімен өлу құқығын кейбір жағдайларда ғана берілген. Өлім жазасына кесілгендер өзіне-өзі өлтіру түрін таңдай алған, мысалы Сократ у ішкен. Афина мен Фивада биліктің рұқсатынсыз өзіне-өзі өлтірушілерді қорлап, қолдарын кесіп бөлек көмген.

Афинада және басқа қалаларда цикутаның артық қоры сақталынады. Заңға сәйкес: «Кім өмір сүргісі келмесе, жиынға дәлелін айтып, оның рұқсатын алып бұл өмірмен қоштаса берсін». Өзін-өзі өлтіру Пифагор және пифагоршылардың ойынша әлемге кедергісін әкеліп, өмір тыныштығын бұзады. Аристотель бойынша: «Ажал өз уақытында келеді өз-өзіне қол жұмсау қорқақтық пен сужүректің белгісі, тіпті ол кедейшілдіктен, жауапсыз махаббаттан, жан және дене кемістігінен құтқарса да» деді.

Сократ бойынша «Адамның өмірі құдайға тәуелді, сен өз қалауыңмен бұл өмірге келген жоқсың, өз қалауыңмен өлуге хақың жоқ. Бірақ ол, егер құдай қаласа өзін-өзі өлтіруге болады деп есептейді. Сондай-ақ Сократтың тағы бір пікірінде: «Адамдардың өз өміріне балта шабуына апаратын жалғыз нәрсе бар: ол-адам өмірінің мәні деген сұраққа келіп тірелуі» - дейді. Адам не үшін өмір сүріп жүргенін түсінбеуден туындайды.

Орта ғасырдағы суицид мәселесіндегі ең үлкен өзгеріс христиандық дінінің келмеуімен тығыз байланысты. Дәлірек айтқанда, Рим империясының ресми діні болып екі етек алған кездері. «Әркімнің маңдайына жазылған» қағида негізінде ажалсыздың жаны тек оны бергеннің, яғни жаратушының қолында деп түсіндірілді. Осы кезеңде Еуропада өзін-өзі өлтірушілерге қарсы жаза қолданылды.

Суицид – бұл адамзаттың мәңгі мәселелерінің бірі, себебі ол құбылыс ретінде, жер бетінде өмір сүретін адамдардың санына қарай соншалықты жалғаса беретін құбылыс болып табылады. Әдебиеттерде суицид мәселесі, Ежелгі мысырда өз көрінісін тапты, «көңілі қалғанның өз жанымен талқылысы» атты поэтикалық шығарманы, зерттеушілер осы кезеңге жатқызады. Ежелгі кезеңдегі өз-өзіне қол жұмсау ритуалды болды, оларға харакири және сати (индиялық жесірлердің өз-өздерін отқа жағу рәсімдері) жатады. Ритуалды өз-өзіне қол жұмсау құрметке ие болды, қоғаммен оны мақұлдады және одан бас тарту үлкен масқара деп есептелінді. Антикалық кезеңде өмір мен өлімге деген көзқарас, одан кейінгі кезеңдерге қарағанда біраз басқашалау болды. Суицид кешенді мәселе болып табылады және осы құбылысты зерттеу, психология саласында емес, философия саласында басталды. А. Камю -

экзистенциалисттер өкілдерінің бірі-тек бір шынымен де маңызды философиялық мәселе бар бұл өз-өзіне қол жұмсау мәселесі деп есептеді [2]. Өмірдің, оны соңына дейін өмір сүруге тұратындығын немесе тұрмайтындығын шешу бұл философияның фундаменталды сұрағына жауап беруді білдіреді. Көптеген әлем елдерінің ішінде, өз-өзіне қол жұмсаудың жоғары деңгейі, осы құбылыстың себептері туралы және оны алдын-алудың оңтайлы тәсілдерін іздеу мәселесін қояды. Суицид бұл тек жеке мінез-құлықтық реакция ғана емес, ол тұлғаның экстремалды жағдайларда психологиялық және патопсихологиялық ерекшеліктермен сипат алған. Суицид жағдайының себептері, қазіргі кездегі мәдениеттің жалпы жағдайымен және қоғамдағы үстем таптық этикалық нормалармен өмір мен өлім туралы дүниетанымдық түсініктермен, топтық психологияның ерекшеліктерін ескерумен байланыстырылып талдануы керек.

Өз-өзіне қол жұмсау туралы, Аристотель, Платон, француз социологы Эмиль Дюркгейм, норвегиялық ғалым И. Россов, Г. Минноус кезінде өз ойларын қалдырып кеткен. Суицидті, медициналық тұрғыдан зерттеген ғалымдардың зерттеулерін атап өтсек, бұл Амбрумова А.Г. «Суицидалды мінез-құлық кешенді зерттеудің объектісі ретінде», Анохин Г.А. «Шизофрениямен ауыратын адамдардағы суицидалды мінез-құлық», «Түрлі психикалық ауытқушылықтары бар суициденттерде депрессивті көріністердің ерекшеліктері» Мишиев В. Д. т.б. болды. Суицидтің қаншалықты деңгейде өршіп келе жатқандығын, мынадай көрсеткіштерден көруге болады.

Статистика бойынша жыл сайын миллионға жуық адамдар өз-өздеріне қол жұмсайды. Бірақ статистикалық көрсеткіштер бәрін көрсетпейді олар өз-өзін жоюдың адам нанғысыз әрекеттерінен кейін, жиі үрей мен абыржу сезімдерін сезетін, өз-өзіне қол жұмсаған адамның туыстары мен достарының әріптестерінің қиналатындары жайлы ештеңе айтпайды. Жастардың арасында аяқталған суицидтердің жиілігінің көбеюі терең ойландырады ол 45 жастан аспаған адамдар арасында анағұрлым көп кездеседі. Тағы бір күрделі мәселе, суицидалды мінез-құлықтың басқа формаларына, мысалы, денсаулық сақтау жүйесіне ауыр жүк болып түсетін, әсіресе жедел көмек беру бөліміндегі суицидалды әрекеттерге байланысты.

Денсаулық сақтау ұйымы, денсаулық сақтау саласында ең ірі халықаралық ұйымы, қоғамдық денсаулық үшін өз-өзіне қол жұмсау мәселесінің маңыздылығын мойындады және онына масштабын, кәсіби адамдардың жалпы халықтың саналы түсінуін жоғарлату бойынша стратегияны халыққа жария етті. Одан басқа денсаулық сақтау ұйымы мен қызметтестік қарым-қатынастағы орталықтар қатарын және өзіндік қорларды пайдалана отыра, сонымен бірге жеке сарапшылармен бірге бұл ұйым, өз-өзіне қол жұмсауды алдын-алу шаралары мен бағдарламаларын дамытуды қалайтын мемлекеттерге техникалық көмекпен қамтамасыз етуге даяр екендіктерін білдірді. Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының берген мәліметтері бойынша дүние жүзінде жыл бойы 500 мың адам өз өмірлерін қияды.

Көптеген елдерде өз-өзіне қол жұмсау күні бұрын келетін өлімдердің алғашқы 10 себептердің ішінде бар. Мемлекеттердің көбінде аяқталған суицидтердің жиілігі өсіп қана қоймай, суицидалды әрекеттердің саны да өсіп келеді. Әлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, жыл сайын әлемде 900 мыңға жуық адам өз еріктерімен өмірден кетіп жатады. Бұл дегеніміз өз-өзіне қол жұмсаудың біреуі, әрбір 40 секунд сайын болып тұрады. Сарапшылар оның ешқандай ескертусіз жүзеге асатындығына назар аударады. Өз-өзіне қол жұмсаушылардың көпшілігі өздерінің ниеттерін ашық жариялайды. Сол себептен осындай сипаттағы барлық қауіп-қатерлерге өте сақ қараған жөн [3].

Қазақстан да суицид жағынан қауіпті зонаны құрады және «өз-өзіне қол жұмсау» деңгейі қауіпті көрсеткіштері бар елдер қатарына кіреді. Суицид бірінші орынға жағынан ең қауіпті деген аймақтар болып табылады. Көптеген зерттеу мәліметтері бойынша, өз-өздеріне қол жұмсаған кәмелетке толмағандардың көбі, жалпы білім беретін мектептің оқушылары, оның ішінде көпшілігі ауылдық жерлерден. Бұл девиантты мінез-құлықты және суицидті

алдын-алудан, ауылдық білім беру мекемелерінің психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттерінің әлсіз екендігі жайлы айтады [4].

Сонымен бірге өз-өздеріне қол жұмсайтындардың көбін ұл балалар құрайды. Қыздардың өз-өзіне қол жұмсауы «көрсету» сипатына ие.

Кәмелетке толмағандардың арасында өз-өзіне қол жұмсаудың өсуі, балалардың құқығын қорғау ісі бойынша мемлекеттік органдардың қолданатын шаралардың, жанұяларды қажетті материалды қамтамасыз етудің, олардың психикалық денсаулықтарын қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі туралы, кейбір жағдайларда баланың проблемаларына көңіл бөлінбеуін білдіреді. Жер ғаламшарында не болып жатыр? –деп ойлануға себеп бар. Оның, өзінің үстінде адамдарды таси әбден шаршады деген ой туындайды.

Әлеуметтік дағдарыс, ғарыш, атом, таптық, мәдениет ғасыры деп аталатын өткен дәуір де бітті. Қазіргі жаңа ғасырда мынадай нәрсе болды: ғаламшардың әрбір түпкі бөліктерінде, адамдардың басым бөлігі өмір сүргілері келмейді және олар күннен-күнге көбейіп келеді. Жаңа ғасырда өзгерістер бола ма деген сұрақ, осы мәселемен айналысатын психологтарды сонымен бірге басқа да мамандарды толғандырады.

Қазіргі кезде суицидология деп аталатын үлкен бір ғылыми бағыты бар, ол әлеуметтану, психология, медицина, демография, психиатрия тоғысында пайда болып, осындай әрекетке баратын тұлғалардың ерекшелігін, әрекетін, себептерін зерттеуде орын алып отыр [5].

Суицид алды белгілердің диагностикасы маңызды алдын-алу маңызына ие: суицидалды кезеңінде жүрген адамдар, жекелей, топтық немесе жанұялық психотерапиясын қажет ететін адамдар. Оларға жататындары: депрессивті ауытқушылықтармен өтетін психикалық аурулардың болмауы, жанұядағы жақсы интеграция: нақты немесе формальды ойлаудың деңгейіне жете қоймаған когнитивті қызмет; суицидті сәл ғана қолайлы ететін мәдени және рухани-діни факторлардың болуы; акцентуальды немесе психотикалық тұлғаның әлсіз жақтарына таңдамалы түрде арналған және оның жарақаттануын болдыртпауға бағытталған жекелей терапияның жүргізілуі.

Суицид жайлы белгілердің көбі депрессияның белгілерімен ұқсас. Оның басты белгісі болып өмірде бұрын өзіне бақыт әкеліп алып жүрген заттардан ләззат алу мүмкіндігінің жоғалуы. Әрекеттер мен көңіл-күй құмға сіңгендей болып, енді өз дәмін жоғалтқандай болады. Психика күшті сезімдерден айрылады. Адамды үмітсіздік, кінә, өз-өзін кінәлау және ашуланшақтық жаулап алады. Қимыл-қозғалыс белсенділігі баяулайды немесе керісінше арыз, кінәлауға толы, жылдам, қатты сөйлеу приступы пайда болады. Жиі ұйқының бұзылуы немесе шаршау болады. Үрейдің соматикалық белгілері дірілдеумен, еріндердің құрғақтығымен және тыныс алу жиілігімен көрініс береді. Адам, үнемі өзінің керексіздігін, күнәһарлігін және еш пайдасыздығын сезінеді, осыдан өмірдің ешқандай мәні жоқ деген қорытындыға келеді.

Жезлов Л.Я. зерттеулерінде депрессияның психогенді себептері жиі жақын адамдарымен немесе достарымен айрылысудан, жұмыстарынан айрылумен байланысты дейді. Бірақ үнемі, депрессияның физиологиялық және психологиялық анықтамаларын табуға болады. Дегенмен де депрессияның болуы ол міндетті түрде адамның суицидалды ойлары бар дегенді білдірмейді. Өз-өзіне қол жұмсау психоз кезінде ойлаудың ауытқушылығының салдары болуы мүмкін, әсіресе шизофрениямен және депрессияға шалдыққан адамдарда. Олар, өздеріне өлімді бұйрық ететіндігі жайлы немесе олардың өмір сүруге лайық еместігі жайлы дауыстар естиді. Токсикологиялық немесе нашақорлық заттардың әсерінен, ауру адам (мысалы алкогольдің әсерімен) өзінің ауада ұшу немесе жүре алу қабілеттілігіне, сенімді бола отыра терезеден секіріп кетуі мүмкін.

Сонымен осыған байланысты мақсат рефлексі әр адамның өмір мәні және энергия көзі. Өмір қызығы бір мақсатқа жетуге талпыну, егер сол мақсатқа жете алмаса басқа мақсатты көздеп соған қол жеткізу, қызығу, ұмтылу. Егер адамның өмірінде мақсаты жоғалса, оның

өмірі мәнсіз болады. Сол себептерге байланысты біз өлген адамдар артынан қалған қағаздардан, олардың өмірлерінің мәні жоғалғанына байланысты, олар өз-өздерін өлтіруге мәжбүр болғандығын ұғынамыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2012ж. 14.12.)
2. Нашкенова А.М., Толстикова А.Ю. Мифы и факты о суициде. Методическое пособие. А.: 2017
3. Войцех В.Ф. Суицидальное поведение как дизонтогенетический процесс. // Мастер. России, М.: – 2015
4. Дәуренбекова А.К. Девиантты мінез-құлық психологиясы [Электрондық басылым] : электронды оқу құралы / А.К. Дәуренбекова, А.Ө. Райқұлова. - Тараз : ЖАТО, 2016. - 236 МБ
5. Сатыбалдина М.Б. Жеткіншектер психологиясының қазіргі даму ерекшеліктері.//Қазақстан мектебі. 2011, №6

ӘӨЖ 159.923

## ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дүйсенова Жамила Қалымбетовна ХҚТУ доценті, аға оқытушы  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жасөспірімдер арасында белең алған буллинг және кибербуллинг мәселелері туралы жан-жақты қарастырылады. Жасөспірімдердің арасындағы буллинг және кибербуллинг мәселелері бүгінгі таңда білім беру саласында психологиялық тұрғыда өзекті мәселе екендігі айтылған. Сонымен қатар мақала барысында буллинг мәселесінің пайда болу себептері, буллингке кімдер баратыны және буллингтен шығу жолдарына тереңірек түсініктеме беріліп, ата-аналар мен мектеп мұғалімдері үшін буллингтің алдын-алуға арналған шаралар қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Өтпелі кезең, дағдарыс, буллинг және кибербуллинг психологиялық қызмет, жасөспірімдер.

**Аннотация.** В данной статье речь идет о буллинге среди подростков и подробно обсуждаются вопросы киберзапугивания. Говорят, что буллинг и кибербуллинг среди подростков являются сегодня психологически значимыми проблемами в сфере образования. Также по ходу статьи даны подробные разъяснения причин появления проблемы буллинга, кто причастен к буллингу, пути выхода из буллинга, а также предусмотрены меры профилактики буллинга для родителей и школьные учителя.

**Ключевые слова:** переходный период, кризис, буллинг и кибербуллинг. психологическая служба, подростки.

**Annotation.** This article focuses on bullying among teenagers and discusses cyberbullying in detail. It is said that bullying and cyberbullying among teenagers are psychologically significant problems in education today. Also, in the course of the article, detailed explanations are given of the causes of the bullying problem, who is involved in bullying, ways out of bullying, and bullying prevention measures for parents and school teachers are also provided.

**Keywords:** transition period, crisis, bullying and cyberbullying, psychological service, teenagers.

Буллинг ағылшын тілінен аударғанда **“bullying”** **“кемсіту”**, **“келемеждеу”**, **“қорлау”** деген мағынаны білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда, буллинг дегеніміз – адамның өзгеге күш көрсетуі, қорлауы. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кез келген жерде буллинге ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді де білдіреді. Буллинг жасаушы (оқушы) мұны күшпен де, сөзбен кемсіту арқылы да жасайды әрі бұл әрекетін жиі қайталауы мүмкін және әлсіз оқушыны қорлап, күтпеген жерден немесе ескерту арқылы шабуыл жасайтын адамды сипаттайды. Психологтардың зерттеуі бойынша Қазақстанда әрбір үшінші жасөспірім құрдастарының тарапынан түрлі қысымдарға ұшырап, буллингтің нағыз құрбанына айналуға айналуда. Адам жанына бататын ең сорақысы, жасөспірім балаларымыздың енді ғана бүршік жарып жетіліп келе жатқан шағында өзгенің қолынан жазықсыз қысым көруі немесе қыршынынан қиылып, өзекті өкінішке толтыруы, яғни арты өліммен аяқталуы ата-ана, бүкіл қоғам үшін үлкен қасірет болып отыр. Ендеше дүйім жұртты мазалаған жеткіншектер мен жасөспірімдер арасындағы буллингтің қалай алдын алуға болады? Жалпы мектептердегі буллинг мәселесі қайдан пайда болады, оның себебі неде осы мәселеге тоқталып өтейік[1].

Мектеп психологтары буллингтің кез келген түрі аса қауіпті екендігі туралы айтады. Психологияда буллингті бастаушы немесе буллинге түрткі болған жеке тұлғаны буллер деп атайды. Белгілі психолог, PhD Балабек Сақтағановтан «Әрбір басталған буллингті тоқтату өте қиын. Оның қатысушылары да көп болады. Мәселен, буллер қудалауды ойлап тауып, оны жүзеге асырады. Бақылаушылар – олар даудан алшақ жүреді, бірақ болып жатқан жағдайға жақтау немесе қарсылық реакциясын білдіреді. Соңғысы – құрбан болған бала. Психологияда тіпті **“бақылаушының жарақаты”** деген термин бар. Көп жағдайда балалар үздіксіз зорлық-зомбылықтың куәгері болу тәжірибесін өз бетімен жеңе алмайды. Яғни буллинг тек құрбан болған баланың ғана емес, үнсіз бақылаушы баланың да психикалық денсаулығына зиян келтіреді”, – деп түсіндіреді. Сонымен қатар маманның сөзінше, қазіргі уақытта әлеуметтік желілер мен технологиялардың жаңа деңгейге шығуы балалар арасындағы буллингті де жаңа деңгейге көтерген. Буллинг көп жағдайда физикалық қысымнан ғана тұрмайды. Буллинг жасау психологиялық шабуыл, қорлау, жаман сөздер айту, келемеждеу, өсек пен өтірік сөз тарату, шеттетуден тұрады[2].

Әсіресе соңғысы балалардың өз ортасынан алшақтап, жалғыздықтан суицидке баруына әсер етеді.

“Балалар арасындағы буллинг бұрыннан бар нәрсе. Тек қазіргі уақытта телефонға түсіріп алу, оны таратып жіберу секілді әрекеттер бұл мәселені одан бетер өршітіп жіберді. Сонымен қатар қазір буллингтің физикалық түріне қарағанда психологиялық шабуылы көбірек байқалады. Балалар арасындағы суицидтің көп белең алып кетуі де осыған байланысты. Алайда біз бұдан физикалық буллинге қарағанда оның психологиялық түрі қауіпті болады деп айта алмаймыз. Бұлардың екеуі де қауіпті. Мысалы, физикалық шабуыл кезінде қудалауға ұшыраған баланы итеріп жіберіп немесе ауыр соққы жасаса, психологиялық түрінде баланы шеттету, мазақтау, күлкіге айналдыру болады. Мұның барлығы да ақыл-есі қатпаған жасөспірімге ауыр әсер етеді.

Г.Дюпан зерттеулерінде жеткіншектік жаста эмоциялар дамуының психологиялық сатысы басталатынын көрсетеді. Яғни өзінің басқалардан ерекшелігін іздеу, адамдарды жасына, жынысына, топқа байланысты бөлу енді эмоциялық көп факторлы классификациялармен алмастырылады, олар эмоциялық әрленген: батылдық, шыншылдық, адалдық, тәуелсіздік, ерекшелік сияқты қырлары маңызды болады. Өзінің идеялары, өмірлік стилі, әлеуметтік ролі, мінез-құлқы туралы түсініктері жүйеленеді[3].

Неготивизм – тұлғалық және қоғамдық құндылықтардың сәйкес келмеуіне антиқоғамдық реакция.

Эмоция дамуының негізгі сатысы автономды эмоциялар. Өзіндік құндылықтар мен қоғамдық құндылықтар қақтығысы жеткіншектің өз өміріне өзі жауап беретін позициясын тудырады. Сыртқы жағдайлар қысымын сезінеді, бірақ оған неготивизм танытпайды, бейімделіп те кете бермейді. Мұндай тұлғаның дамуының негізгі қозғаушы күші ішкі және сыртқы қақтығысын төмендетуге бағытталған өзін анықтау процесі. Х.Ремшмидт көзқарасы бойынша жеткіншектік жастағы эмоциялық реакцияның төрт типі бар.

1. Эмоциялық тұрақсыздық. Эмоциялық сфератаідалған мінез құлық формасына қатысты сенімсіздің сақталады.

2. Шабуыл немесе шегіну. Жағдай агрессивті мінез-құлыққа немесе қақтығыстан қашуға итермелейді.

3. Идеализм. Қоршаған шындыққа сыни көзбен қарай алмау.

Балалардың бір-бірін кемсітуі буллингтің шығуының басты себептерінің бірі болып табылады. Психологтардың айтуынша мектептегі буллингке кез келген сыныптағы оқушылар ұшырауы мүмкін. Көбіне бастауыш сынып оқушылары арасында кездеседі. Ол бірнеше жылдан мектепті аяқтағанша созылуы мүмкін. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қорқыту, кемсіту белгілі бір топқа біріккен оқушылардың өзінен ерекшеленетін баланы шеттетуден басталады. Қысым көрген оқушының мінезі, ойлау жүйесі, сырт келбеті немесе қандай да бір себеппен "командаға сыймайтындай" ерекшелігі болуы мүмкін. Көбіне бастауыш және орта сыныптарда өте көп кездеседі. Анатомиялық-физиологиялық тұрғыдан 10-11 сыныптарда ми құрылымдарының жетілу процестерінің және жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу қабілетінің аясында мұндай мәселелер бірте-бірте жойылады. Буллингке баратын балалардың да психологиялық ерекшеліктеріне мән беру қажет. Себебі отбасының әл-ауқатына, ата-анасының қамқорлығына және даму деңгейіне қарамастан, кез келген бала қорлаудың құрбаны болуы мүмкін. Агрессия олардың балаларына қарсы бағытталмағанын көрсе де, ересектердің мұндай мәселелерді бақылауда ұстауы маңызды[4].

Буллингке кімдер барады:

- агрессияға бір табан жақын қызуқанды, кекшіл, өркөкірек балалар;
- ата-анасы ажырасып кеткен болмаса бақылаудан шығып қалған балалар; --
- өздерінің басқалардан төмен екенін байқатпау үшін жасайтындар (психологияда оны "қорғаныс механизмі" дейді);
- әкесінің жоқ екені туралы сұрақ туындамас үшін бейсаналық инстинкт бойынша қудалау әрекеттеріне баратындар.

Буллингтің құрбаны болып, бірақ өзі мұны айтпаған жасөспірімді мынадай физикалық және психологиялық белгілерінен байқауға болады. Мұндай балалар көбіне мектепте не болып жатқанын ата-анасына айтуға қорқады. Сондықтан кез келген ата-ана баланың буллингтен зардап шеккенін байқауы керек. Қысым көрген баланың мінез-құлығында мынадай өзгерістер болуы мүмкін: Олар:

- ауыру белгілері;
- мектепке баруға зауқы болмайды, яки мектепке кеттім деп басқа жерде жүреді;
- алаңдаушылық пен уайымшылдық;
- сөйлеуге зауқы болмайды;
- көбінесе оңашаланып жүруі
- өзінен кіші балалар мен жануарларға агрессиямен қарау;
- ұйқы немесе тамақтану режимінің бұзылуы;
- концентрацияның жоғалуы;
- тез шаршау;
- тыныштықта көп болу;
- реніш;
- өзгеден оқшаулану[5].



Әдетте буллингке ұшыраған баланың қызығушылығы жоғалады. Мысалы, сурет салуды ұнататын баланың оған деген қызығушылығы төмендеуі мүмкін. Оқу үлгерімінің нашарлап, мектепте барудан бас тартуы мүмкін. Одан бөлек, буллинг онлайн-кеңістікте де болуы мүмкін: баланы ортақ чаттан шығарып, бұғаттап, оған жағымсыз нәрселер жіберген болуы мүмкін. Буллингке ұшыраған балада психосоматикалық бұзылыстар байқала бастайды: жиі басы ауырады, ұйқы мен тәбет проблемасы байқалады, созылмалы аурулар асқынуы мүмкін. Бұған қоса депрессия, мазасыздық, невротикалық белгілер пайда болады.

Ата-ананың барлығы баласына дұрыс тәрбие беріп, түзу жолда жүрсе екен дейді. Бірақ отбасында ата-ана тарапынан кететін кейбір олқылықтар да бар. Атап айтар болсақ:

- үйде баланың өз бетімен шешім қабылдауына мүмкіншілік бермеу;
- баланы бетінен қақпай, көкке көтеріп өсірудің теріс әсері;
- авторитарлық отбасылардың баламен қарым-қатынасы;
- баланы тым қысып ұстау, оның пікірін тыңдамау, ұрып-соғу;
- гиперқамқорлық көрсету;
- араласпау;

Жалпы осындай жағдайларда бала ішінде жиналып қалған агрессиясын сыртқа шығарады. Бұл мектепке келіп басқа балаларды кемсітумен, мазақтаумен көрініс табуы ықтимал және бұл буллингтің шығуының басты себептерінің бірі болып та табылады. Ендігі мәселе осы буллингті болдырмау үшін не істеу керектігінде. Бүгінгі қоғамда әсіресе мектептерде бұл мәселемен психолог мамандар кеңінен айналысуда. Осы мамандардың пікіріне құлақ ассақ жасөспірімдер арасындағы буллинг кешенді тәсілді қажет ететін мәселе. Мектептегі қудалаумен бала жалғыз өзі емес, бүкіл тарап оқушының өзімен қатар ата-ана мен мұғалім де күресуі керек. Буллингке ұшырағандарға айтылатын алғашқы кеңес маманның көмегіне жүгінген жөн.

Өзгелерге буллинг жасап, кемсітетін балалар көбінесе белгілі бір топтың не қауымдастықтың мүшесі болғысы келеді. Ата-ана не достарының өзіне көңіл бөлгенін қажет ететін балалар көбіне буллинг жасауға бейім. Балаңызға осы әрекеттерді тоқтатуға көмектесу үшін бірнеше қадам жасау қажет:

– Балаңыздың неге ондай іс-әрекетке баратыны туралы сөйлесуіңіз керек. Балаңызбен сөйлесе отырып, оны "буллингке ұшыраған бала" орнына өзін қойып көруін айтыңыз. Көбіне осындай іс-әрекетке баратын балалар үйде көргенін қайталайды. Сондықтан ата-ана үйде балаларына көрсетіп жатқан іс-әрекет, үлгілеріне де аса мән берген жөн[6].

Балаңыздың кінәсін түзуге мүмкіндік беріңіз. Егер балаңыздың буллингтік іс-әрекеттер жасағанын байқасаңыз оларға мынадай шектеулер қоюға болады. Мысалы сондай жағдайларға бейім достармен кездесуді шектеу, интернетте көп отыруын шектеуге болады. Кінәлі екенін түсіндіріп, достарынан кешірім сұрауға, өзгеге сыйластық көрсетіп, мейіріммен қарауға үйретіңіз.

Буллингтің алдын алу үшін бірінші кезекте, кез келген ата-ана баласымен ашық және жиі сөйлесіп тұруы қажет. Буллинг тақырыбында көбірек сөйлескен жағдайда ғана баланың қысымға ұшырағанын не қатарластарынан көргенін айта алады. Мектептегі уақыты қалай өткенін, интернетте не істейтінін сұраған жөн. Тек сабақ үлгерімі емес, баланың сезімі, қатарластарымен қарым-қатынасы жайлы да сөйлесу қажет. Ата-ана баласы үшін үлгі болуы қажет. Балаға айналадағы адамдармен қалай дұрыс қарым-қатынаста болу керектігін, қысым көрген адамды қолдауды үйретсе, оның мейірімді және өзгелерді құрметтеп өсетінін ескерген жөн. Сонымен қатар қорлық көрген баланың ата-анасы көп жағдайда кінә, ұят, ашу және әлсіздік секілді сезімдерді басынан өткереді. Осыған байланысты кейде қолдау мен жанашырлықтың орнына олар: "Неге қарсы жауап бермедің?", "Әлсіз болма!", "Өзің кінәлісің" деген секілді сөздер айтып, баланың өзін айыптайды. Бұл кез келген отбасының басынан өтуі мүмкін екенін ұмытпау шарт. Бұл

жерде ешкімнің кінәсі жоқ, әсіресе баланың. Керісінше, мына сөздер бала мен ата-ананың әңгімесіне оң әсер етеді:

- "Бұл сенің кінәң емес". Осы арқылы балаға мұндай мәселеге тап болып тұрған өзі ғана емес екенін түсіндіру маңызды;

- "Мен сені жақсы көремін және енді қайта қауіп төнбес үшін барлығын жасаймын". Бұл балаға қорғаныш сезімін ұялатып, болашаққа үмітпен қарауына көмектеседі. - Балаңыз кез келген жағдайда көмек сұрауға дайын болатындай әрқашан сенімді қарым-қатынас орнатыңыз".

"Жасөспірім өзінің жасына байланысты буллингтен өзін қорғап қала алмайды. Бұл үлкендердің жұмысы. Дегенмен, мұндай мәселелердің алдын алу үшін ересектер балаларға түсіндіруі керек негізгі мәселелер бар:

- Өзі сенім артатын үлкендерге болып жатқан қысым туралы айту;

- Қудалауға қатігездікпен жауап берем деп үміттену дұрыс емес. Бұл тағы да басқа мәселелерді тудыруы мүмкін;

- Егер буллинктің куәгері болған жағдайда оны назардан тыс қалдырмауды үйрету".

Мектеп табалдырығынан басталған буллинг баланы ер жеткен шағында да ізінен еріп жүруі мүмкін. Буллингке ұшыраған балаға дер кезінде көмек қолын созбаса, ол үнемі біреуден көмек күтіп, арқа сүйеп қалады. Үлкейгенде қолына билік түсетін болса, бала кезінен қалып қойған агрессиясын айналасындағыларға көрсетеді. Жан-жағындағыларға ұрсып, күш көрсетіп жүрген адамдарды психологияда жастайынан "жараланған" жан ретінде қарастырады.

Буллингтен басқа балалар арасындағы жаңа технологияларды дамытумен және әлеуметтік желілерді танымал етумен буллинктің жаңа түрі – кибербуллинг пайда болды.

Кибербуллинг мысалдары: қорлау хабарламаларын жіберу (мәтін немесе интернет арқылы), әлеуметтік желілерде елемеушілік пікірлерді жариялау, кемсіту фотосуреттерін орналастыру, сондай-ақ электрондық нысанда біреуді қорқыту, яғни балалардың өміріне түрлі гаджеттер мен ойындардың араласып кету. Бүгінде балалардың 70-80% телефон мен компьютерге тәуелді болып қалған. 11-15 жастағы жасөспірімдердің 12% - ы кем дегенде бір рет немесе одан да көп кибербуллингке ұшырағаны белгілі болды. Кем дегенде бір рет басқа адамдарды кибербуллинг құрбаны етуге жасөспірімдердің 11% - ы қатысқан. Айта кетерлік, мұндай мінез-құлық ұлдар арасында кең таралған. Ғалымдардың пікірінше, буллинкті мектеп деңгейінде төмендету шаралары буллинктің алдын алу бойынша бағдарламаларды енгізуді, ата-аналарды тартуды, тәртіптік әдістерді қолдануды, мектептегі әлеуметтік ахуалды жақсартуды, балаларды қадағалауды қамтиды. Көп жағдайда ойынға беріліп кеткен балалар виртуалды әлемді шынайы өмірмен шатастырып алады да, суицид пен басқа да әрекеттер оларға оңай болып көрінеді. Санасы қатаймаған балалар мұны жете түсіне алмайды. Сонымен қоса суицид туралы оқиғаларды балалардың көруіне шектеу қою қажет. Себебі мұны көрген баланың кейбірінің батылдығы кейбірінің қызығушылығы оянып, осындай әрекетке барып жатады. Себебі балалардың психологиясы әртүрлі болғандықтан ақпаратты да әртүрлі қабылдайды[1].

Қорыта келе балалар арасындағы буллинкті мүлдем жою мүмкін емес екендігін көріп отырмыз. Бұл мәселемен кешенді күрес жүргізу қажет. Бұл ретте Еуропа елдеріндегі мектеп тәрбиесін зерттеп, керек жағын алғанымыз да абзал. Мәселен, жасөспірімдермен жастайынан ашық әңгімелесіп, диалог орната алады. Бізде керісінше, бала ішіндегіні айтудан жасқанатын кездер аз емес. Осының барлығы бұл мәселені шешуді қиындатып жібереді. Біз буллинкті түбегейлі жойып жібере алмаймыз. Бұл бұрын әлімжеттік сөзімен қолданыста болған, қазір де қайталануда. Біз осы мәселені көтеру арқылы тек буллингке өзіміз дайын болып, балалар арасындағы қудалау мен қысымды азайта аламыз. Психологтар әрбір ата-анаға өз баласымен ашық әңгімелесуді, мектеп қабырғасында өзі немесе басқа бала қысымға ұшыраса не істеу қажет екенін түсіндіруге кеңес береді.

Сонымен бірге баланың өзі агрессорға айналып кетпес үшін, айналасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру қажет екендігі өте маңызды.

Қоғамдағы осындай өзекті мәселелердің алдын алу үшін бірнеше ұсыныстарды ұсынуды жөн санадық: Мектептерде психологтардың бала санына байланысты штатын көбейту, олардың оқушылармен, ата-аналармен жұмыс жасауына жағдай жасау; айлық жалақысын көбейту және мектептегі әлеуметтік педагог қызметінің де жұмысына аса мән беру, штатты көбейту. Бұл ұсыныстар мектептегі әрбір баламен жұмыс жасау ерекшелігіне көп көмек берер еді, әрі бала тәрбиесіне де көп көңіл бөлуге ықпал етер еді.

Заңғар жазушымыз М.Әуезовтың «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген керемет сөзі бар. Өз ұрпағымыздың болашағын ойласақ, ертеңгі елімізде дені сау ұрпақ өсіп-өнсін десек, ел келешегі үшін әрбір кедергінің алдын алу біздің перзенттік парызымыз екенін ұмытпайық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ауталипова Ұ.И., Шерьязданова Х.Т., Абдраманова Д.Е.. Жас ерекшелік психологиясы. Оқу құралы. ҚазМемҚызПУ, Алматы.-2010ж.
2. Дүйсенова Ж.Қ, Нығыметова Қ.Н. Балалар психологиясы: оқулық . ҚР Білім және ғылым министрлігі.- Алматы: Нур-Принт, 2015.- 333 б.
3. Психология: Адамзат ақыл-ой қазынасы.4-том.-Алматы

#### **WEB сайттар тізімі:**

- 1.<https://massaget.kz/jigitterge/psihologiya/63625/>
2. <https://bilimainasy.kz/23-04-02-05>
- 3.<https://egemen.kz/article/218682-bulling-qurbany-%E2%80%93-dgasospirimder>
- 4.<https://massaget.kz/jigitterge/psihologiya/63625/>
- 5.<https://stan.kz/mekteptegi-bulling-balalar-arasindagi-kisim-men-aldin-a-362514/>
6. <http://zhalaiyri-balpyk.mektebi.kz/main/694-zhassprmdr-arysynday-bulling-zhne-kiberbulling.html>
7. [zhne-kiberbulling.html](http://zhalaiyri-balpyk.mektebi.kz/main/694-zhassprmdr-arysynday-bulling-zhne-kiberbulling.html)



**ӘӨЖ 159.99**

## **АГРЕССИВТІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ТҮЗЕТІДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ**

**Ашикбаева Гульмира Дуйсеновна, магистр-оқытушы  
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралақ қазақ-түрік университеті  
Қазақстан, Түркістан қ.**

**Аңдатпа.** Мақала жасөспірімдер арасындағы агрессивтілік тақырыбына арналған. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзетудің психологиялық әдістері қарастырылады. Мақалада түзету және релаксация тренингтерін өткізуге, сондай-ақ жасөспіріммен жеке психологиялық кеңес беруге баса назар аударылады.

**Кілт сөздер:** Жасөспірім, агрессия, түзету әдістері, девиантты мінез-құлық, релаксация, тренинг, психологиялық кеңес беру.

**Аннотация.** Статъя посвящена теме агрессивности среди подростков. Рассматриваются психологические методы коррекции агрессивного поведения подростков. Акцент в статье делается на проведение коррекционных и релакционных тренингов, а также на индивидуальную психологическую консультацию с подростком.

**Ключевые слова:** Подросток, агрессия, методы коррекции, девиантное поведение, релаксация, тренинг, психологическое консультирование.

**Annotation.** The article is devoted to the topic of aggressiveness among adolescents. Psychological methods of correction of aggressive behavior of adolescents are considered. The emphasis in the article is on conducting correctional and relaxation trainings, as well as individual psychological counseling with a teenager.

**Keywords:** Teenager, aggression, correction methods, deviant behavior, relaxation, training, psychological counseling.

Соңғы жылдары Қазақстан жастары, әсіресе жасөспірімдер жасаған қылмыстардың саны күрт өсті. Жасөспірімдер арасындағы топтық төбелес жағдайлары жиілеп кетті. Агрессивті-зорлық-зомбылық шабуылдарының сандық көбеюінің басқа, жастар агрессияның қатыгездіктің, цинизмнің өсуіне қарай тереңдейді, жағдайлық, импульсивті мінез-құлық реакцияларының әсерінен болатын қылмыстар санының көбеюі, зардап шеккен адамның себептері мен дәрежесінің жеткіліксіздігімен сипатталады. Жасөспірімдер арасындағы агрессивті мінез-құлық моделінің тамырлануы деформацияланған өмір салтының белгісі ретінде әрекет етеді және біздің қоғамның өткір психологиялық және әлеуметтік мәселелерінің бірін көрсетеді.

Агрессия – бұл физикалық және психологиялық зиян келтіруге немесе басқа адамды жоюға бағытталған мінез-құлық. Агрессивтілік дегеніміз - агрессивті мінез-құлыққа дайын екендігінде көрінетін тұрақты жеке қасиет деп түсініледі. Екі термин де басқа адамға зиян келтіруге бағытталған әрекет ретінде агрессивті мінез-құлықтың бөлігі болып табылады.

Жасөспірімнің мінез - құلقىндағы алаңдатарлық сәттер - агрессивтілік, қатыгездік, мазасыздықтың жоғарылауы, әдетте, әртүрлі компанияларда қалыптасқан стихиялық-топтық қарым-қатынас процесінде тұрақты сипатқа ие болады [1].

Қазіргі психологияда адам эгоист немесе альтруист, кішіпейіл немесе мақтаншақ, атеист немесе діни болып туылмайды деп айтылады - ол солай болады. Жеке тұлғаның моральдық деформациясына әкелген қақтығыс жағдайының өзегі биологиялық қасиеттер емес, отбасылық тәрбиенің кемшіліктері.

Психологияны практикаға кеңінен енгізу, әдетте, психологиялық әсер ету әдістері ретінде белгіленген оның барлық салаларының дамуына әкеледі. Олардың ішінде ең маңызды орындардың бірі, сөзсіз, психологиялық кеңес беруге жатады. Бұл қызмет түріне нақты анықтама беру немесе оны қолдану аясын нақты көрсету қиын, өйткені "кеңес беру" сөзі ұзақ уақыт бойы әртүрлі кеңес беру практикасының жалпы тұжырымдамасын ұсынды. Кеңес беру кәсіби кеңес беруді, педагогикалық және өнеркәсіптік кеңес беруді және тағы басқаларды қамтиды.

Психологиялық кеңес беру көбінесе психологиялық түзету мен психотерапиямен тікелей байланысты. Кеңес беруді адамдармен тікелей жұмыс ретінде анықтайық, ол тұлғааралық қатынастардағы қиындықтар мен байланысты әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған онда негізгі әсер ету құралы белгілі бір жолмен құрылған әңгіме болып табылады [2].

Кеңес берудің әртүрлі тұжырымдамаларын талдай отырып, оларды екі үлкен топқа бөлу қиын емес - әсер ету және өзара әрекеттесу ұғымдары. Әсер ету тұжырымдамалары психотерапияның мәнін анықтағандай әсерлі және кең таралған. Мысалы: "психотерапевт-бұл психотерапияның саласы, сондықтан науқастың психикасына әсер етудің медициналық теориясы мен тәжірибесінің бөлігі. Екінші жағынан, кеңес беру туралы клиникалық емес көзқарастарды табуға болады: мысалы, А. Обозова "психологтың жалпы міндеті-келушіге хабардар болуға, шешім табуға, шешімге қол жеткізу жолдарын табуға көмектесу" деп санайды. Консультант жұмысының нәтижелері келуші өзінің қиындықтарын жақсы түсіне

бастайды, олардың себебін дәлірек көреді, проблемаларды шешу жолдарын біледі, өзіне және күш-жігерінің сәттілігіне сенеді, табылған мәселелерді шешуге дайын.

Әнгімелесудің тиісті нысаны психокоррекциялық жұмыста және психотерапияда белсенді қолданылады. Бірақ егер кеңес беру, ең алдымен, клиентке оның тұлғааралық қатынастарын қайта құруға көмектесуге бағытталған болса, онда психокоррекциялық немесе психотерапиялық әсер негізінен өмірдегі көптеген қиындықтар мен қақтығыстардың негізінде адамның терең жеке мәселелерін шешуге бағытталған. Сонымен қатар, әртүрлі жіктеу қағидаттарына сәйкес кеңес берудің әртүрлі түрлерін бөліп көрсетуге болады, мысалы, жеке және топтық кеңес беру кеңесшінің кәсіби дағдылары мен дағдыларына әртүрлі талаптар қояды. Алғашқы кездесуден бастап, клиент көмекке мұқтаж адам екені анық, ал кеңесші-оны көрсету таланты мен дағдылары бар маман. Балаларға кеңес беру жағдайында бәрі басқаша, өйткені мұнда ата-аналар балаға психологиялық көмек қажет пе, жоқ па, соны шешеді, сондықтан кеңесшінің міндеті күрделене түседі, ата-аналармен байланыста болудан басқа, баламен ортақ тіл табу керек. Біздің ойымызша, мұндай жұмысты ересектермен кеңес беру тәжірибесі бар балалар психологы жүргізуі керек [3].

Агрессивті мінез-құлықты түзету әдістері агрессивті көріністері бар және сәйкес келмейтін балаларға жеке кеңес беруге жарамды болып бөлінеді.

Біріншісі-баланың ойын арқылы және кеңесшінің көмегімен агрессиясын (дұрыс емес мінез-құлықты) бірте-бірте біліп, содан кейін оны ішінара бақылауға үйренетін, оның реакциясының басқа нұсқаларын игерген кезде мінез-құлықтың басқа түрлерін ассимиляциялауға бағытталған барлық ойындар мен әдістер. Мұнда осы немесе басқа жағдай ойналатын кейбір ойындар қолайлы.

Екіншісі-агрессивті импульстарды білдіретін әдістер. Агрессияны іс - әрекеттер арқылы немесе оларды ойынға еліктеу арқылы шығару-бұл форма агрессияны топтық түзету үшін көбірек орын алады.

Сонымен, кеңес беру психотерапия мен тығыз байланысты және бұл салаларды бөлу іс жүзінде мүмкін емес, өйткені кез-келген кеңес беру психотерапиялық процесс болып табылады, бөлу факторы ретінде тек жалғыз нәрсе-психологтың өз жұмысында мамандануы [4].

Девиантты жасөспірімдермен түзету және алдын-алу жұмыстарын құру кезінде сіз осындай ережелерге сүйенуіңіз керек:

- жасөспірімнің жеке басының жағымды қасиеттеріне сүйену. Ол үшін сәтті, позитивті жағдайлар жасау керек, жасөспірімнің мінез-құлқында жақсы жақтарын таба біліп, соған сәйкес педагог-психолог әрекеттерді құру керек;

- жасөспірімді өзі үшін маңызды әрекетке қосу;

- жасөспіріммен терең және сенімді құрметпен қарым-қатынас жасау;

Көбінесе мұндай жасөспірімдерде достық қарым-қатынас тәжірибесі жоқ, сондықтан кез-келген тәрбиелік әрекет белсенді қарсылыққа тап болады. Бұл әлеуметтік тәрбиешіге "жасөспірімдермен байланыс әдісі" көмектесе алады.

Психологтың агрессивті жасөспірімдермен жұмысында келесі психологиялық әдістерді қолдануға болады [5]:

"Шам" релаксациялық тренинг

Кернеу фазасы. Тік отырыңыз. Иық, қолдарыңызды тік алдыңызға созып, сосын дененізді бос ұстаныңыз.

Релаксация кезеңі. Ауырсынуды сезгеннен кейін екі рет терең дем алып, дем шығарыңыз, содан кейін демалыңыз. Иықтар мен бас босаңсып алға қарай құлайды. Қолымен тізеңізді құшақтап, иығыңызбен басыңызға қарай тартыңыз және қолыңа және иығыңа. Иық пен бастың артқы жағын босаңсыту үшін "Бүкір" жаттығуын жасау ұсынылады.

"Бүкір"

Кернеу фазасы. Қол, иық және білекті босатыңыздар. Иықтар еркін және бос болуы керек. Көзіңізді жұмып, дем шығарып тастаңыз. Енді иықтарыңызды құлағыңызға тигізгіңіз келгендей жоғары көтеріңіз. Басыңызды иыққа кіргізіп, бірақ жоғарыға қарамаңыз. Шүйдеде пайда болған бұлшық етке шоғырланыңыз. Сол бас пен иықтың арасына пайда болған "төмпешікке" баспен салмақ салыңыз, терең дем алыңыз. Баста діріл пайда болатындай етіп оны қатты қысыңыз. Ауырғанын сезгенше қысуды тоқтатпаныз. Демалыңыз, ауаны ұстамаңыз!

Релаксация кезеңі. Иықтарыңыздың толығымен босаңсып, еркін төмен түсуі маңызды. Бас төмен түскендіктен, иек кеудеге тиеді. Мұны бір тегіс қимылмен жасаңыз. Көзіңізді жұмып, тыныш, біркелкі дем алыңыз, иегіңізді кеудеңізден алыстатпаңыз. Оң құлақты оң иыққа, содан кейін сол жақ - сол жақ иыққа қоюға тырысыңыз, иықтар көтерілмейді. Олар қысылып, шиеленіс құлақ пен иық арасындағы аймақта орналасқан сіңірлермен айқын сезіледі. Сонымен, иек қозғалмайды, тек басы бүйіріне қарай иіледі. Тыныш және біркелкі тыныс алыңыз, релаксациядан ләззат алыңыз, бірақ оны ұзартпаңыз. Релаксация кезеңі әсіресе ұзақ және мұқият жүргізілуі керек. Егер сіз релаксация кезеңін аяқтамасаңыз, онда сіз қажетті нәтижеге жете алмайсыз.

Тағы бір әдіс - "өзіңізбен сөйлесу" балаларды агрессивті әрекет жасамас бұрын сабырлы болуға, ойлануға үйретеді. Мұндай әңгіме асығыс сөйлеумен және тым асығыс әрекет жасау арасында тосқауыл болады. Бұл әдіс келесі қадамдарды қамтиды:

Бала проблеманың мәнін, оның ішінде туындаған эмоцияларды анықтайды: "Ол құлаққа кірмейтін сөздер айтады, ал мен ашуланамын".

Содан кейін ол бірнеше балама жауап нұсқаларын қарастырады. Психолог келесі сұрақтар қойса болады "Бұл жағдайда жасаған әрекетін саған ұнайма?", "Ал осы жағдайда не істеуге болар еді?"

Өзін ұстау нұсқаулары мен салдары талданылады ("егер ... болса не болады?").

Содан кейін шешім қабылданады - не істеу және қалай істеу керек [6].

И. А. Фурманов белгілі бір түзетуші психологиялық жаттығуларды қолдануды ұсынады [7]. Бұл жаттығулардың мәні эмоционалды, ерікті, моральдық және мінез-құлық салаларындағы өзгерістерді ынталандыру болып табылады

Осылайша, агрессивті жасөспірімдердің мінез-құлқын түзетудің психологиялық әдістерін қолдана отырып, келесі міндеттерді шешуге болады:

- жасөспірімнің өз қажеттіліктерін білу;
- теріс эмоцияларға жауап беру және өзінің эмоциялық жағдайын реттеу тәсілдерін үйрету;
- адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;
- мақсатты мінез-құлық,
- ішкі өзін-өзі бақылау және жағымсыз импульстарды тежеу тәсілдерін үйрету;
- он моральдық ұстанымды, өмірлік перспективаларды қалыптастыру және болашақты жоспарлау.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Шабалин, О.М. Агрессивность как комплексная характеристика индивидуальности / О.М. Шабалин // Психопедагогика в правоохранительных органах. 2018. - №2. - С. 33-35.
2. Мироненко, Т.И. Агрессия как естественный фактор социальной адаптации подростков / Т.И. Мироненко // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. - 2016. - №6. - С. 260-266.
3. Педагогический энциклопедический словарь / Под ред. Б.М. Бим-Бад. - М.: Большая Российская энциклопедия, 2008. - 528 с. - ISBN:978-5-358- 04284-1.

4. Кулешова, А.В. Категории жизни подростков: субкультуры, агрессия, любовь / А.В. Кулешова // Вестник Российского государственного гуманитарного университета. - 2018. - №2. - С. 236-253.
5. Поликаркина, М.С. К проблеме специфики проявления агрессивности и становления «Образа Я» в подростковом возрасте / М.С. Поликаркина// Вестник ОрГУ. - 2011. - №2. - С. 296 – 301
6. Чижова, С.Ю. Детская агрессивность: 100 ответов на родительское почему? / С.Ю. Чижова, О.В. Калинина. - Ярославль, 2011.
7. Романко, О.А. Особенности формирования агрессивности в подростковом возрасте / О.А. Романко // Психология обучения. - 2017.- №9. - С. 53-63.



ӘӨЖ 159.99

## ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байкенже Нүргүл Қаржаубайқызы- аға оқытушы

Муртазаева Гүльнара Ташболатовна- оқытушы

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралақ қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

**Аңдатпа.** Мақала жасөспірімдер мінезіндегі агрессия көріністеріне арналған. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада агрессивті мінез-құлқтың пайда болу себептері мен қоғамда көрініс табу ерекшеліктері қамтылған.

**Кілт сөздер:** Жасөспірім, агрессия, жыныстық жетілу, отбасы, девиантты мінез-құлық, релаксация, қолайсыз жағдайлар.

**Аннотация.** Статья посвящена проявлениям агрессии в характере подростков. Рассматриваются психологические особенности агрессивного поведения подростков. В статье освещены причины возникновения агрессивного поведения и особенности проявления в обществе.

**Ключевые слова:** Подростковый возраст, агрессия, половое созревание, семья, девиантное поведение, расслабление, неблагоприятные условия

**Annotation.** The article is devoted to the manifestations of aggression in the character of adolescents. The psychological features of aggressive behavior of adolescents are considered. The article highlights the causes of aggressive behavior and the peculiarities of its manifestation in society.

**Keywords:** Adolescence, aggression, puberty, family, deviant behavior, relaxation, unfavorable conditions.

Онтогенездегі ең қиын кезеңдердің бірі-жасөспірімдік жақ. Жасөспірімді жыныстық жетілу маңызды рөл атқаратын жыныстық жетілу ретінде анықтау, ол және басқа да өзгерістер дененің дамуымен байланысты, оның психикалық дамуына әсер етеді. Жасөспірімнің мінез - құлқындағы алаңдатарлық сәттер - агрессивтілік, қатыгездік, мазасыздықтың жоғарылауы, әдетте, әртүрлі компанияларда қалыптасқан стихиялық-топтық қарым-қатынас процесінде тұрақты сипатқа ие болады [1].

Қазіргі психологияда адам эгоист немесе альтруист, кішіпейіл немесе мақтаншақ, атеист немесе діни болып туылмайды деп айтылады - ол солай болады. Жеке тұлғаның моральдық деформациясына әкелген қақтығыс жағдайының өзегі биологиялық қасиеттер емес, отбасылық тәрбиенің кемшіліктері.

Қазіргі ғылымның мәліметтері бойынша агрессивті жасөспірім, ең алдымен, қалыпты тұқым қуалаушылыққа ие қарапайым бала екендігіне сендіреді. Ол қателіктердің, кемшіліктердің, тәрбие жұмысындағы кемшіліктердің, қоршаған ортадағы қиындықтардың әсерінең агрессивтіліктің сапа, қасиеттерін алады. Жасөспірімнің жеке мінез-құлқындағы агрессивтілік негізінең ересектерді түсінбеуге наразылық нысаны ретінде қалыптасады, өйткені оның қоғамдағы жағдайына қанағаттанбау, бұл тиісті мінез-құлықта көрінеді. Табиғи ерекшеліктер де әсер етуі мүмкін-оның темпераменті, мысалы, ашуланшақтық, кекшілдік, өзін ұстай алмау сияқты мінез-құлық белгілерін қалыптастыруға ықпал ететін эмоциялар қозғыштығы мен күші. Жасөспірім ішкі кернеп тұрған нәрсеңі шығару жолдарын іздейді.

Жасөспірімдер ортасындағы агрессивті тенденциялардың өсуі соңғы жылдары жастар қылмысы, әсіресе жасөспірімдер арасындағы қылмыс өсіп келе жатқан біздің қоғамның өткір мәселелерінің бірін көрсетеді. Сонымен қатар, ол адамға қарсы ауыр зиян келтіретін қылмыстар санының көбею фактісін алаңдатады. Жасөспірімдер арасындағы топтық төбелес жағдайлары жиілеп кетті.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы», «Ат тұяғын тай басар» деп қазақ халқы атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді сақтап, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі тұтып, әулеттік тағылымдарды құрметтеп, адамгершілік қағидаларын қалтқысыз орындауды жас ұрпақтың міндеті, ұрпақтық борышы деп білген. Сол себепті ата-бабаларымыз: «Ата-тегің айтқанның айыбы аз» деп ұрпақтарына жеті атасын білуді аманат етіп қалдырған [4]. Қазақ халқында ұлттық құндылықтардың бірі ретінде отбасында ағайындық-туысқандық қарым-қатынастарға ерекше көңіл бөлінеді.

Әр отбасында «жеті ата» шежіресін ұғындыру, оның маңыздылығын түсіндіру ежелден бар. Балалар өздерінен бастап жеті атасына дейін жатқа біліп, олардың кім және қандай адамдар болғаны туралы мақтанып айтып жүрген. Атап өтетін болсақ: тегіміз бала, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата деп жіктеледі. Ағайындықтары жеті атаға толмайынша қазақтар қыз алысып, қыз беріспеген халық. «Туыстық қан араласса, ұрпақ азады» деп ата-бабаларымыз осы тәртіпті берік сақтаған. Сонымен қатар, отбасы – береке-бірліктің қайнар көзі.

Бұл қан тазалығын сақтау және дені сау ұрпақтың дүниеге келуі үшін туған дәстүр. Қазақ отбасында қалыптасқан құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Ата-бабаларымыздың өсиеттерін жас ұрпаққа жеткізетін әулеттерге байланысты «асыл адам», «дұрыс ұрпақ», «жақсы адамдар» ұғымдары жиі қолданылады.

Кез-келген мемлекет пен қоғамның өмір сүруі оның біртұтастығының сақталуына тәуелді. Сондықтан да, тілін, тарихын, мәдениеті мен дәстүрін қадірлей білген халықтың ғана толыққанды ұлт бола алатындығы, ал қоғамда салт-дәстүр үрдістерін сақтаудың маңызды институты – отбасы болып табылатындығы, соған байланысты, мемлекеттікті нығайтудың маңызды факторы ретінде, ең алдымен дәстүрлі отбасылық құндылықтардың қадіріне жету қажет.

Отбасы – жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде өте керекті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ.

Адамның асыл қасиеттері отбасында көрінеді және қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім отбасы мен достарға деген сүйіспеншіліктен басталады.

Ата-аналардың және басқа отбасы мүшелерінің тәжірибесі, олардың жүріс-тұрысы, өз міндеттерін орындау қабілеттері және бір-біріне деген құрметтері - бәрі де керемет мектептер.

Отбасы тіршілігінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана-сезімі ерте оянады. Баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру,оның тәртіп және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру. Әр көкірегі ояу қазақ баласының ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады.

Құндылықтар - мәдениеттің ажырамас бөлігі. Құндылықтар мәдениеттің ажырамас бөлігі бола отырып, адамдардың мінез-құлқын реттейді, олардың шынайы мінез-құлқын анықтайды [5].

Энциклопедияда «құндылық» ұғымы «объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық - социологиялық ұғым[5]. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет - ғұрыптар, нормалар мен мән - мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Құндылықтар адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру рөлін атқарады» деп түсіндіреді. Демек, құндылықтар – қоғамдық-маңызды материалдық, әлеуметтік нысандары.

Құндылық мәселесімен (аксиологиялық құндылық, философиялық құндылық) әлеуметтану, жалпы психология, философия, мәдениет антропологиясы, педагогикалық психология айналысады.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады.

Ойымызды қорыта келгенде, қазақ халық педагогикасының ұлттық құндылығының мәні ұлттық мұраны зерделі, әдепті, жан-жақты, адамгершілігі мол азаматтарды тәрбиелеуде тәрбие құралы ретінде пайдалануда жатыр. Демек, бұл қасиеттерді жас ұрпақ бойына мұғалімнің тәлімі, сондай-ақ бесік тербеткен ананың ертегісі, әженің ақ өшпенділігі арқылы сіңіру керек. Жақсы ата-ана баланы орынсыз көріністерге сын көзімен қарауға үйретеді. Ұлттық құндылықтарымыздың туын биікке көтеру және жас ұрпақты қасиетті халқымыздың үлгісінде тәрбиелеу ең маңызды міндет болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. - Алматы: Ана тілі, 1995.-192 б.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. -Алматы: Рауан, 1998. - 128 б.
3. Төле би. - Алматы: Мұраттас, 1991. - 80 б.
4. Жолдасбеков М. Асыл арналар. - Алматы: Жазушы, 1990. - 348 б.
5. Сабыров Т.С. Оқыту теориясы.- Алматы.-2013,324 б.



ӘОЖ 159.922.8

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫН АЛДЫН АЛУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ КӨЗҚАРАС: МӘСЕЛЕЛЕР, ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ШЕШІМДЕР

**Ернебаева Гульфия Адилхановна, Кожамбердиева Айгерим Турсынтаевна  
Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясының психологтары**

**Аңдатпа.** Суицид (лат. өзін - өзі және өлтіру) - алдын-ала ойластырылып өзіне жасалған қастандық немесе өзін - өзі өлтірудің қасақана әрекеті. Бұл қазақ халқының алға қарай даму емес, кері қарай өз – өзіне құлдырау санатына жатқан секілді. Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерге барудың негізгі психологиялық факторлары: көңіл-күйдің төмендігі, жақын адамның өлімі, жанұядағы келеңсіз жағдайлар (түсініспеушілік, қызғаныш, алдану, т.б.), бопсалау, әлімжеттік жасау, қорқыту, қаражатқа байланысты қиыншылықтар, бақытсыз махаббат, сексуалдық сәтсіздік т.б. Бізде ақыл-ойы, жүйкесі зақымданған адамдар ғана өз-өзін өлтіреді деген қате түсінік қалыптасып қалған. Ал шындығына келсек, суицид оқиғасы психикасы бұзылып, ойлау жүйесі сыр берген жандардың арасында емес, керісінше дені сау адамдар арасында көптеп кездеседі. Қоғамда кең айтылатын пікірге сүйенсек, психикасы сау адамдар өмірден түңіліп, қиыншылықтарға душар болғанда осындай қадамға барады.

**Кілт сөзі:** Қоғамда кең айтылған пікірге сүйенсек, психикасы сау адамдар ар-намысы тапталған жағдайда өмірден түңіліп осындай қадамға барады.

Жасөспірімдер арасында ересек балаларға қарағанда өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі, оның негізгі белгілері әр бір ұсақ -түйекке мән берушілік, айтқанды тыңдамау, сыныптастар арасында қадір-қасиетіне жоқ деген байбаламдық сипат байқалады.

Азаматтық заңнама бойынша ата -аналар балаларға жай ғана киімін, тамағын тауып беру аз, олар үнемі ата-ананың жылуын сезініп, жақсы көретінін біліп өсуі тиіс.

Қазіргі уақытта жасөспірімдер арасында көптеп кездесіп жатқан суицидтік жағдай, яғни өз – өзіне қол жұмсау фактысы қоғамды дүрліктірмей қоймады. Бұл қазақ халқының алға қарай даму емес, кері қарай өз – өзіне құлдырау санатына жатқан секілді. Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерге барудың негізгі психологиялық факторлары: көңіл-күйдің төмендігі, жақын адамның өлімі, жанұядағы келеңсіз жағдайлар (түсініспеушілік, қызғаныш, алдану, т.б.), бопсалау, әлімжеттік жасау, қорқыту, қаражатқа байланысты қиыншылықтар, бақытсыз махаббат, сексуалдық сәтсіздік т.б. Осы жағдайларды басынан кешкен жандар өз-өзіне қол жұмсап, сәл қиындық кездесе кейбір жастарымыз шыны сияқты шытырлап сынып қалуға, ажалды еш үрікпей күтіп алуға әзір тұрады. Жүйкесі жұқарған ұрпақтың қатерлерге қарсы тұра алмайтыны мәлім. Бүгінгі таңдағы өте салмақты мәселеге айналған осынау дертті әркім әрқалай қабылдап, өз алдына топшылайды. Бірі - заманның өзгеруі десе, екіншілері - әлеуметтік жағдайдың қиындығынан, не болмаса, денсаулықтың салдарынан деп таниды.

Адамның өмірден баз кешіп, өзіне қол салуға баруының негізгі себебі психикасының бұзылуынан деп жатады. Суицидтің белең алуына қарап, жалпы қоғам психикасының әлсірегенін сезуге болатындай. Бізде ақыл-ойы, жүйкесі зақымданған адамдар ғана өз-өзін өлтіреді деген қате түсінік қалыптасып қалған. Ал шындығына келсек, суицид оқиғасы психикасы бұзылып, ойлау жүйесі сыр берген жандардың арасында емес, керісінше дені сау адамдар арасында көптеп кездеседі. Қоғамда кең айтылатын пікірге сүйенсек, психикасы сау адамдар өмірден түңіліп, қиыншылықтарға душар болғанда осындай қадамға барады. Мұндай жағдайлар адам өмірінің кез келген кезеңінде байқалады. Соның ішінде жасөспірім кезеңін алып қарайтын болсақ, мұнда суицидалдық мінез - құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Жасөспірімдер арасында ересек балаларға қарағанда өзін - өзі өлтіруге әрекет жасау

жиі кездеседі. Бірақ олардың азғана бөлігі өздерінің қойған мақсатына жетеді. Суицидалдық мінез - құлық бұл жаста көп жағдайда демонстративтік сипат, сонымен бірге байбаламдық сипат алады [1]. А.Е.Личконың көрсеткеніндей, тек қана жасөспірімдердің 10 пайызы ғана шынайы өлгісі келетін ниет білдірсе, ал 90 пайызы көмекке шақырған жанайқайы.

Балалар депрессиясының белгілеріне әрбір ұсақ- түйекке мән берушілік, іш пысу мен шаршағандық сезімдері, айтқанды тыңдамау мен айқай - шу, жанжал көтеруге дайын тұрушылық, ішімдік пен есірткіні пайдалану жатады.

Депрессияның деңгейі көп жағдайда суицидалдық қорқыныштың шынайы көрсеткіші болып келеді. Жалпы айтқанда, жасөспірімдер арасындағы суицидалдық мінез - құлыққа өз құрбылары мен ата - аналары арасындағы жеке қарым - қатынастардың да ықпалы әсерін тигізеді. [2]

Әр суицидтің шығу себебі бар. Бірақ көп жағдайлардағы себеп ондай адамдардың өмірдің қиыншылықтарын дұрыс түсінбеулерінде болады. Бұлар басты себептері. Ал басқа себептердің барлығы осы басты себептерге тікелей тәуелді.

*Ренжу.* Кейде жасөспірімдердің арасындағы суицид ата-анасына ренжудің салдарынан болады. Бірақ сондай ардақты жандарға ренжіп өзін-өзі өлтіру де жан дүниесінде кемістігі бар адамның істейтіні болса керек.

*Қателік.* Өмір болғаннан соң қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Қателіктерге ұрыну барлығымыздың табиғатымызда бар нәрсе. Қандай қателік жасасақ та суицидпен шешімін табуымыз дұрыс емес.

Суицид (лат. өзін - өзі және өлтіру) - алдын-ала ойластырылып өзіне жасалған қастандық немесе өзін - өзі өлтіру. Американдық суицидолог Э.Шнейдман суицид психологиялық қажеттіліктер фрустрациясының нәтижесінен болатын ауыр жан күйзелісі ауруынан туындаған аутоагрессия түрінде көрінеді деген. [3] Шынында да, өз - өзіне қол жұмсаушылар кейбір өмірдегі қиын жағдайларды өте ауыр қабылдайды:

Бүгінгі таңда суицид тақырыбының өзектілігі сондай, соңғы уақыттарда суицидтің болмысын, себебін, оның пайда болу шарты мен факторларын түсінуге, сонымен қатар оның алдын - алудың тиімді моделін қарастыруға зерттеушілердің қызығушылығы арта түсті.

Тәуекел тобына енетіндер:

Қиын жасөспірімдер. Өзін - өзі жүзеге асыру және өзін - өзі бекіту мәселелері жасөспірімдердің ортасында маңызға ие, ал алкоголь және нашақорлық заттарды пайдалану импульстердің аяқ астынан пайда болу мүмкіндіктері күшейтеді.

Тұқымқуалайтын суицид. Мұндай отбасының балалары өз туыстарының өмірлік сценарийімен өмір сүруі мүмкін.

Мүгедек - балалар, өз денесінің кемтарлығынан зардап шегушілер.

Өзін - өзі бағалаулары темен балалар, тез ренжігіш, депрессиялық күйге жеңіл түсетіндер. [4]

Жасөспірімдердің суицидке бейімділігін көрсететін белгілер:

үрейлі-ажитожды мінез-құлық, асығыстық, мазасыздық тән;

ұзақ уақыт ұйқысының бұзылуы: катаклизмалар, катастрофалар, авария немесе жыртқыш аңдарды жиі түсінде көруі;

аффект қысымы, сыртқы белгілеріне еш себепсіз агрессиялы іс-әрекеттер жатады;

депрессия, апатия, сөйлемей: жасөспірім еш нәрсе жасағысы келмейді, міндеттерден бас тартады, уақытты мәнсіз өткізеді, мінез-құлқында бей- берекетсіздік, ұйқышылдық көрінеді;

өзінің қалыптаспағандығы үшін, өзі үшін ұялу, кінәні сезіну, өз-өзі сенімсіздік. Бұл синдром көңіл аударалық сотқар мінез-құлықпен көрінуі мүмкін;

соматикалық эндокрин және жүйке-психикалық бұзылыстармен өтетін қиын пубертат кезең;

алкоголь қолдану, токсикомания, нашақорлық.

Суицидалды жасөспірімнің сыртқы жағдайлары:

жайсыз отбасы: ауыр психологиялық ауа-райы, ата-аналардың дау-жанжалы, отбасындағы алкоголизм, ата-анадан айырылу;

жасөспірімнің қараусыз қалуы, жасөспірімге бағыт көрсетіп, жол сілтейтін ересек адамның болмауы;

жасөспірімнің отбасындағы жайсыз орны: шеттету, шектен тыс қамқорлық, қаталдық, жасөспірімнің әр әрекетіне сынап қарау;

жасөспірімнің достарының болмауы, оқу тобында шеттетілуі;

оқуда, қарым-қатынаста, туыстар мен ересек адамдармен тұлғааралық қарым-қатынасында сәтсіздіктер кезегінің болуы. [5]

Өзіне қол жұмсаудың мүмкін болатын мотивтері

Көмек іздеу - өзіне қол жұмсауды ойлайтындардың көбісі өлгілері келмейді. Өзін-өзі өлтіруді олар бірнәрсені алу үшін құрал ретінде пайдаланады (мысалы, өзіне назар аудару, сүйіспеншілік, махаббат, проблемалардан құтылу, үмітсіздік сезімінен арылу...).

Үмітсіздік - өмір мәңгісіз, болашаққа үміт артуға болмайды. Өмірді жақсартуда өзгерістер енгізуге еш үміттің жоқтығы.

Проблеманың көптігі - барлық проблемалардың шешілмейтіндей көрінетіндігі соншалықты, оларды бір-бірлеп шешуге ойды шоғырландыруға мүмкіндіктің жоқтығы.

Басқа адамға қатер төндіріп, жанын ауыртуға әрекет жасау - «Олар әлі өкінеді». Кейде адам, өз-өзіне қол жұмсау арқылы ол өзімен проблемаларын алып кетіп, отбасына жеңілдік жасаймын деп ойлайды.

Батылдығы мен күшін қорсету-тек батыл және күшті адам ғана өз-өзіне қол жұмсауға қабілетті деген ұғым қалыптасқан. [6]

Қазіргі қоғамда тұлға жалғыз. Әсіресе сенімі, салт - дәстүрі, адамгершілігі, қызығушылығы әр түрлі болып келетін ірі қалаларда. Тұлға қызығушылығы қоғам қызығушылығымен сәйкес келмей жатады, осыдан қиын өмірді жеңудегі мотивтерінің бірі жойылады. Қоғам қызығушылығы болмайтын және тұлғаның өзіне ауыр тиетін қайға үшін қайғырудың мәні болмайды. Қайғы үшін өмір сүрудің ешқандай мәні жоқ.

Осылайша, Т.А.Сорокин бойынша жалғыздық, тұлғаның қоғамнан бөлінуі, өмір ағысының жылдамдығы, діни сенімдердің төмендеуі мен қоғамның бүлінуі, өмірдің тұрақсыздығы мен тең болмауы - бұлардың барлығы өзін-өзі өлтірудің дамуына қолайлы әсер етеді. Мұндай жағдайда адам өзіне қол жұмсау үшін кішкене ғана жағымсыз оқиғаның өзі жетіп жатыр. [7] Сондықтан былай деп қорытындылайды: «Өзін-өзі өлтірудің қайнар көзі - адамды жалғыздыққа ұшырататын бізді қоршаған ортаның жеткіліксіз ұйымдасуы болғанда, онда өзін - өзі өлтірумен күресудің міндеті ұжымды тұлға жалғыздығын азайтатын, қызығушылықтары мен мақсаттары ортақ топ болатын оң бағытқа өзгертуі тиіс». Мұндай ой - тұжырым тек қоғам ұжымына қатысты айтылып қоймаған, сонымен қатар ол отбасыишілік, өндірістік, тұлғааралық және т.б. қатынастарға қатысты айтылған. Адам басына қайғы төнген кезде жақындарының, достарының, жұмыстастарының дер кезіндегі қолдауы қайғысына ортақ болуы өте қажет және ауыр ойлар мен қайғыруы ұмыттыратын, не үшін өмір сүріп жатқандығын көрсететін бір жұмыстың болуы маңызды.

Анықталғандай, балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын алуы себеп болады. Балаларға жай ғана киімін, тамағын тауып беру аз, олар үнемі ата-ананың жылуын сезініп, жақсы көретінін біліп өсуі тиіс. Ал әке-шеше өз дәрежесінде көңіл бөлмейтін бала ешкімге керексіздігін түсініп, психологиялық стресске тап болады. Әсіресе, 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдер өте әсершіл, кез-келген нәрсені жүрегіне тез қабылдағыш келеді. Түсіністік болмаған жағдайда осы жас аралығындағы балалар түрлі жағдайларға ұрынып жатады. Олардың сабаққа құлқы болмай, өзге оқушылармен де қарым-қатынасы нашарлап кетеді. Өзін ұстауы мен мінез-құлқында өзгерістердің орын алуы



мұғалімді де, ата-ананы да алаңдатуы тиіс. Осы өзгерістерге бей-жай қарамай, психологтың көмегіне жүгіну арқылы көптеген проблеманың алдын-алуға болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Төленияз Г.І. Ауытқушы мінез - құлық себептері // Ұлағат. 2003. - № 4.
2. Алексеева В. Суицид // Психология. Социология. Политология. №10.2007ж.
3. Шамұратова Қ.Ш. Суицидтің алдын - алу бойынша психологиялық қызметті ұйымдастыру. - О.: 2008ж.
4. Напрасная смерть: причина и профилактика самоубийств. Под. редакцией Д.Вассерман. Пер. с.англ. - М.: Смысл, 2005
5. Немов Р.С. Психологическое консультирование. - М.: 2003ж.
6. Нұрбаева Н. Балаларда ауытқушылықтың себептері мен факторлары // Ұлағат. № 5.2004.
7. Абрамова Г.С. Практическая психология. - М.: 2003.



ӘӨЖ 159.9

### ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ СЕЛФХАРМ

**Думанқызы Аружан, Ақтаубек Инжумаржан, психология мамандығының 2-ші курс студенттері, Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, қ.Алматы**

**Аңдатпа.** Мақалада “Self Harm” термині яғни жасөспірімдердің өз-өзіне зиян келтіру мәселесі қозғалады. Селфхармның шығу тарихы мен оның нәліктен психиатрия саласындағы терминінен бөлек, жасөспірімдер арасында өте танымал әрі көп қолданылатыны жайлы жазылады. Сондай-ақ, селфхармға әкеліп соғатын себептер мен селфхарм әрекетінен кейін орын алатын салдары айқындалып айтылып өтіледі. Жасөспірімдердің селфхармға бейімділігін анықтайтын диагностикалық методикалар және селфхарм анықталған жағдайдағы оның алдын алу, жасөспірімнің зақымдалған психикасымен жұмыс жасауға арналған мақала авторларынан ұсыныстар.

**Кілт сөздер:** Self Harm, жасөспірімдер, суицид, диагностика, методика, зиян келтіру, психика, травма, әлімжеттік, буллинг, агрессия, стресс, депрессия, апатия.

**Аннотация.** В статье рассматривается термин «Селфхарм», то есть проблема самовредительства подростков. В статье история селфхарма и почему он так популярен и широко используется среди подростков, помимо того, что он является термином в области психиатрии. Также определяются и обсуждаются причины, которые приводят к селфхарму, и последствия, наступающие после действия селфхарма. Диагностические методы, определения склонности подростков к самовредительству и ее профилактика при самоповреждениях, рекомендации авторов статьи по работе с поврежденной психикой подростка.

**Ключевые слова:** Самоповреждение, подростки, суицид, диагностика, методика, повреждение, психика, травма, зависимость, буллинг, агрессия, стресс, депрессия, апатия.

**Annotation.** The article discusses the term "Selfharm", that is, the problem of self-harm of adolescents. In the article, the history of self-harm and why it is so popular and widely used among teenagers, in addition to being a term in the field of psychiatry. Also, the causes that lead to self-harm and the consequences that occur after the action of self-harm are determined and discussed. Diagnostic methods, determining the tendency of adolescents to self-harm and its prevention in case of self-harm, the recommendations of the authors of the article on working with the damaged psyche of a teenager.

**Key words:** Self-harm, adolescents, suicide, diagnosis, technique, damage, psyche, trauma, addiction, bullying, aggression, stress, depression, apathy.

Self Harm - өзіне бағытталған агрессия, ол өзін-өзі зақымдаудың әртүрлі формаларында көрінеді. Бұл мінез-құлық сипаты ғылымда аутоагрессия деп те аталады. Көбінесе Селфхарм өзінің денесін кесу, ұру немесе күйдірумен байланысты. Дегенмен, өзіне зиян келтіру олармен шектелмейді. Өзіне зиян келтіретін мінез-құлықтың негізінде не жатыр, олар өзін әлеуметтік ортада қалай көрсетеді, өзіне зиян келтіруге не жатқызылады, оның қандай түрлерін мәдени тұрғыдан қолайлы деп санауға болады, өз-өзіне зиян келтіретін адамға қалай көмектесеміз және неліктен “Self Harm” жасөспірімдер арасында жаппай көрініс тауып жатыр деген сауалдар осы мақалада қозғалады.

Селфхарм түрлері. Аутоагрессивті мінез-құлықтың үш түрі бар: суицидтік, суицидтік емес және «кездейсоқ» өзіне зиян келтіру:

Суицидтік- бұл жай ғана өзіңізге зиян келтіруге ұмтылу емес, сонымен қатар осы жерде және қазір болып жатқан барлық жағдайды тоқтатуға деген ұмтылыс. Адам өз-өзіне қол жұмсауға көптеген әрекеттер жасайды. Көбінесе ол жасөспірімдерде немесе орта жастағы дағдарыста, мысалы, депрессиялық және стресстік жағдайларда көрінеді.

Суицидтік емес- көбінесе өзін-өзі ұру, кесу және жарақаттау ниетінен көрінеді. Кейде оны суицидтік көріністермен шатастырады, егер адам қолын кесіп тастаса, ол өз-өзіне қол жұмсағысы келді деп есептейді. Бірақ өзін-өзі ұру, кесу және жарақаттаудың мәні, өмірді тоқтатуға ұмтылу емес, керісінше, өзіне ауырсынуды тудыру арқылы өзін-өзі жазалауы. Сондай-ақ, суицидтік емес өзіне-өзі зиян келтіру- алкогольді, есірткіні және никотинді диеталық қоспаларды қолданумен бірге жүруі мүмкін. Мысалы никотинді диеталық қоспаларды қолдану орторексияға тән, адам салауатты өмір салты идеясымен және тағамға қатаң шектеулермен әуестенген кездегі тамақтану процессінің бұзылуының бір түрі, немесе, адамдар тренажер залында бұлшық еттерін қалыптан тыс күйге дейін қатты жаттықтыруы аутоагрессияның бір түрі болып табылады.

Санадан тыс өзіне зиян келтіру немесе «кездейсоқ» өзін-өзі зақымдау – адам не істеп жатқанын түсінбейтін жағдайларда пайда болуы мүмкін, бірақ оның өзіне физикалық зиян келтіруге деген ішкі ұмтылысы бейсаналық түрде көрінеді. Бұл өзіңізді ренжітуге деген бейсаналық ниет, бұл психологиялық травмаларға байланысты. Мұндай «кездейсоқ» өзін-өзі зақымдауға салмақ тастау немесе салмақ қосу сияқты өзгерістер де жатқызылуы мүмкін. Мысалы, егер әйел физикалық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылықты бастан өткерсе, ол өзінің тамақтану тәртібін бейсаналық түрде өзгертіп, салмақ қосуы мүмкін, бұл травма сыртқы түрімен байланысты, осылайша ол өзінің тартымды пішінін жоғалтса оған ешкім қызықпай, бұндай жағдай қайталанбайды деп ойлайды.

***«Мен өз денемді жек көрдім және барлығына өзімді айыптадым, сондықтан мен оны жазалау керек деп шештім. Қабылдауды және өзімді құрметтеуді үйрену өзіме зиян келтіруді жеңудің кілті болды»*** ***Анонимді хат***

Аутоагрессияның өзі суицидтік емес болса да, салдары ауыр болуы мүмкін екенін түсіну маңызды - аутодеструктивті мінез-құлық көбінесе психикалық денсаулыққа байланысты проблемаларды көрсететін алғашқы сигнал.

Неліктен адамдар өзіне зиян келтіреді? Адамдардың өздеріне неліктен зиян келтіретіні туралы бекітілген ережелер жоқ. Бұл шын мәнінде әркім үшін әр түрлі болуы мүмкін. Кейбір адамдар үшін өзіне зиян келтіру белгілі бір тәжірибемен байланысты және қазір немесе бұрын болып жатқан жағдаймен күресу тәсілі болып табылады. Кейбірі үшін себептер онша анық емес және өзін түсіну қиын болуы мүмкін. Кейде сіз өзіңізді не үшін жазалағаныңызды білмеуіңіз мүмкін.

**«Мен 15-16 жасымда өзіме зиян келтіре бастадым. Неліктен екені есімде жоқ, бірақ мен осылай жасадым»**  
**Анонимді хат**

Кез келген ауыр тәжірибе селфхармға себеп болуы мүмкін. Жалпылама себептерге мыналар жатады:

- мектепте немесе жұмыста қысым
- қорқыныш
- ақша уайымы
- жыныстық, физикалық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылық
- қайғы
- ажырасу
- жұмыстан босау
- ауру немесе денсаулық мәселесі
- өзін-өзі төмен бағалауы
- стресс
- депрессия, мазасыздық, ашулану немесе ұйқышылдық сияқты ауыр сезімдер

Кейбір адамдар алдыңғы травмамен байланыстыра отырып денесінің белгілі бір бөліктеріне зиян келтіреді. Кейбір адамдар алкогольді немесе есірткіні пайдалану секілді белгілі бір әрекеттерден кейін немесе белгілі бір уақыттарда, түнде өзін-өзі зақымдау ықтималдығының жоғарылауын байқайды.

**«Өз-өзіме зиян келтіру менің шынайы екенімді, менің тірі екенімді дәлелдеді. Кейде бұл менің басымдағы хаосты тыныштандырып, қайталанатын естеліктер мен денемдегі естеліктердің қайталана ойымнан шықпауын қысқа уақытқа тоқтатты»**

**Анонимді хат**

Басқаларға өзін-өзі зақымдауды тоқтатуға қалай көмектесуге болады. Бұл сұрақты балаларынан өзіне зиян келтіру белгілерін байқаған ата-аналар жиі қояды. Өкінішке орай, олар қалай көмектесу керектігін білмейді. Ең бастысы, дер кезінде әрекет ету, мәселенің құнсыздандырмау, балаға ұрыспау, оның басында не болып жатқанын кінә артпай, білуге тырысу. Өз-өзіне зиян келтіруді тоқтатудың негізгі шешімі баламалы мінез-құлықты іздеу, қауіпті әрекеттерді адамға зиянсыз және жарақатсыз әрекеттерге ауыстыруға тырысу. Алдын алу, селфхарм психикалық бұзылыс жағдайынан жасөспірімді құтқару бойынша жас психолог ретінде өз тәжірибеміз, білімімізден алынған кеңестерді ұсынамыз:

1. Сіз жасөспірімнің бойынан селфхарм белгілерін анықтаған болсаңыз, белгілердің нақты екеніне көз жеткізіңіз. Содан соң дереу психологтың көмегіне жүгініңіз. Өзіңізге жауапкершілік алып, өзім көмектесемін деп шешім қабылдамаңыз. Жағдай сіз ойлағаннан да ауыр болуы мүмкін, жағдайды одан әрі ушықтырып алуыңыз әбден мүмкін.

2. Өзін-өзі өлтіруге дайын болған адамның қаншалықты азап шегіп жүргенін елестетіп көріңізші, оның ішкі ауырсыну деңгейі қаншалықты ауыр, тіптен өз денесін кесуге дейін жеткізсе. Сондықтан оған айып тағушы емес, көмек беруші керек. Күдікті көзқарас, айыптау сөз, сын тағу бұның барлығы оның өзін-өзі жазалауын одан әрі ушықтырады. Керісінше: мүмкіндігінше түсініп, ол адамның әрекеттерін қабылдап, барынша мейірімді болған жөн.

3. Көбіне, жақын адамының денесінде жарақат алғанын байқап, өте салқынқанды болып, ештеңе болмағандай кейіп танытып жататын адамдар бар. Бұл дұрыс емес. Бұл туралы міндетті түрде сөйлесіп, сұрақтар қойыңыз:

-Бұл жарақат қайдан пайда болды? Саған не болып жүр? Өзіңді қалай сезініп тұрсың, сенде барлығы дұрыс па?

Соңғы сұрақ ерекше маңызды. Бұл біздің қоғамда көбіне қолданылмайтын сұрақтардың бірі. Ал егер жақын адамдарымызға ішкі қиындықтарды жеңуге көмектескіміз келсе, онымен

сөйлесіп, сұрақтар кою арқылы, оған көмек беруіміз қажет. Кейде ол адамға керегі тек жақынының қолдауы болуы мүмкін.

4. Талдау нәтижелері бойынша Селфхарм жағдайы 80% мектеп жасындағы балаларда кездеседі. Демек, бұл жағдаймен мектеп психологы жұмыс жасайтын болса, көптеген жасөспірімді психикалық бұзылыс күйінен құтқарып алуға болады.

4.1. Мұғалім балалардың белсенділік деңгейі туралы психологпен ақпарат бөлісіп отырса. Егер балада тежелулер байқалса мұғалім бірден психологпен кеңесіп, балаға көмектесуге тырысуы қажет.

4.2. Мектеп психологі өз жоспарына балаларды жеке шақыру арқылы олармен тілдесу санатын енгізсе. Әр баланы индивидуалды түрде қарастырып, жеке тілдесіп, әр түрлі тақырыптар аясында ойын білу, методика, тест жүргізу арқылы баланың стресске бейімділік деңгейін анықтаса. Балада стресске бейімділік байқалған жағдайда, денесіне мән беріп, селфхарм белгілері болса психолог маманы ретінде жедел әрекет етуге көшуі қажет. Ең алдымен балаға көмек қолын созып, кейіннен бұл процесске ата-анамен консультация жүргізу сатысын қосуы қажет. Ата-анаға не істеуге болатынын және болмайтынын нақты түсіндіруі қажет. Себебі, әрбір қате іс-әрекет бала өміріне әбден қауіпті болуы мүмкін.

Ата-анамен, баламен жеке жұмыс жасау арқылы бір отбасыны сақтап қалуға болады. Олардың әр қайсысына жеке жол табу арқылы сіз баланы селфхармнан, ал ата-ананы осы жағдайда қате әрекет жасап, кейіннен өздерін өмір бақи кінәлау жағдайларынан алдын алып, құтқара аласыз. Сондықтан психолог ретінде сіздің қоғамда атқаратын рөліңіз үлкен екенін ұғынып, жауапкершілікті сезінуіңіз қажет. Әрине, сіз ешкімді құтқаруға міндетті емессіз. Бірақ, бұл психолог мамандығының басты міндеті болып табылмақ. Сондықтан өз мамандығыма адал болып, өмірлердің арнасын дұрыс бағытқа бұруға үлес қосамын десеңіз көп адамдармен жұмыс жасап, оларды құтқару арқылы өзіңізді мақтан тұтыңыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. “Спокойно, ты справишься!” Томас Макдонах, Джон Патрик Хэтчер.
2. “Это мое тело... и я могу делать с ним что хочу” Матиас Хирш
3. “Self-Harm: A Psychotherapeutic Approach?” Фиона Гарднер



ӘОЖ 159.9

### АГРЕССИЯМЕН КҮРЕСУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫ ЖӘНЕ НЕЙРОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС

**Базарғалиева Н.Ә., педагогика-психология ғылымдарының магистранты, педагог-зерттеуші, Алматы қ. №185 ЖББМ КММ педагог-психологы, [nazerke.07.88@mail.ru](mailto:nazerke.07.88@mail.ru)**

**Андатпа.** Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан келеңсіз жағдайлар неден туындап жатыр деген сұрақ мазалайды. Ізденіс барысында осы тақырыпқа тоқталуды жөн көрдім «агрессия» сөзін ашып түсінер болсақ адамның және адамдар тобының дене немесе психикалық зардап шегуі және залал келтіретін, әртүрлі әрекеттермен қарсылық білдіруге әкелетін жағдай.

**Кілт сөздер:** Агрессия, нейродинамика, (ми белсенділігі), өршелену, жүйке жүйесіндегі дисфункциялары, көңіл-күй бұзылыстары.

**Аннотация.** Сейчас в современном обществе остро стоит вопрос в том, чем вызвана нынешняя негативная ситуация в обществе. В ходе своего исследования я решила остановиться на этой теме. Под словом «агрессия» понимается ситуация, при которой

человеку или группе людей наносится физический или психический вред и приводит к сопротивлению различными действиями, причиняющими вред.

**Ключевые слова:** Агрессия, нейродинамика, (мозговая активность), обострения, дисфункции нервной системы, расстройства настроения.

**Annotation.** The question is what causes the current negative situation in society. In the course of my research, I decided to focus on this topic. Understanding the word "aggression" is a situation in which a person or a group of people suffers physical or mental harm and leads to resistance with various actions that cause harm.

**Keywords:** Aggression, neurodynamics, (brain activity), exacerbations, dysfunction of the nervous system, mood disorders.

Агрессия (“латын тілінен *agressio*”- шабуыл, өршелену)- біреуге немесе бір нәрсеге зиян келтіруге бағытталған іс-әрекет. Қоршаған ортаға зиян келтіру арқылы аффективті күйді (ашу, ашулану) көрсету. [1,365-405]

#### ИНФАНТИЛЬДІ АГРЕССИЯ

1. Тек өзіне назар аударту үшін ғана, кейде жаман істерге барады.
2. Балаларды арандатушы.
3. Өзінің тынымсыз мінез-құлқымен басқа балаларға кедергі келтіреді.
4. Басқа балаларды қағып, соғып, ұрады.
5. Басқа балалардың ісінен, мінез-құлқынан үнемі кемшілік табады.
6. Ашуланғанда, басқа балалардан өшін алатынын айтып,т қорқытады.
7. Сотқар
8. Балалармен көп ұрысады.
9. Достарын, жақындарын әуре сарсаңға салады.
10. Ата-анасымен жиі кикілжіңге келеді, ұрыншақ.
11. Дос-жарандарына сөзбен тиіскіш.
12. Тіл тигізгіш.
13. Сөзге құлақ аспайды.
14. Ата-анасына үнемі дерлік өз талап, міндеттерін жүктегіш.
15. Бірден қызу темперамент көрініс табады. [3,155]
16. Өзін жендетке ұқсас типте көрсетеді.
17. Агрессиялық мінездің ұстамалы түріне жатады.
18. Өзін бауырларынан қызғаншақтық билейді.
19. Мені ешкім ұнатпайды,- деп арыз айтқыш.
20. Құрдастарымен ұрыс-керіске ұшырағыш.
21. Ашу тез басылмайды, өте қызу қанды.
22. Достарын ашуға шақырады.
23. Шамадан тыс сөйлегіш.
24. Өзгенің ғана емес өз заттарында бұзғыш, қиратады.

#### ШЕКТЕН ТЫС БЕЛСЕНДІЛІК

- Үнемі қозғалыста болады.
- Әбігер.
- Көп сөзге жол бергіш.
- Қуаң сөздерге әуестенгіш.
- Ұйқысы тынышсыз.
- Ешкім ойламаған жерден қызу қандылыққа жол бергіш.
- Өз тырнақтарын күйгелектене тістейді.
- Күте алмайды.

#### ОҚШАУЛАНУ

- Ұялшақ.
- Жалғыз болуды қалайды.

- Өз сезімдерін іште ұстайды.
- «Көлеңкеде» қалуға бейім.
- Белсенділік ойындарынан өзін алшақ ұстайды.
- Үйден шықпауға бейімделген.
- Сөзін нақты жеткізе алмайды.
- Қорқақтағыш.

#### ҰЙҚЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ

- Жалғыз өзі ұйқысызданады.
- Түнде қорқады.
- Тынышсыз ұйқы.
- Ұяң.

#### ОҚУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР

- Сөздерді қоса алмайды.
- Жаңа материалдарды игере алмайды.
- Буынға бөлуде қиындық туғызады, тіпті нашар бөледі.
- Үй жұмыстарын уақытымен жасамайды.
- Сыныптас достарынан үнемі қалып жүреді.
- Жазуы шимай, нашар.
- Санауы нашар.
- Алаңдатушы күштері бәсең. [2,8]

Агрессиялық мінез – адамзаттың өзгеше формаларының бірі, дәл осындай мінез субъектінің басқа адам баласына өз зиянын тигізе отырып топқа үстемдік жасап, күш көрсетуге дейін баратын қадамдар. Агрессиялық мінез-құлықтардың жоғары деңгейде өршуінің алғашқы кездегі сипаттары қыр көрсету, объектіге нұқсан келтіру, сөзбен күлкі ету және т.б.

- 1) Тәндік агрессия – өзін топта билікте ұстап объектіге нұқсан келтіру.
- 2) Вербалді немесе сөздік агрессия – негатив көрсету арқылы сөзбен орынсыз әзіл-қалжың, қарғау, балағаттау, бажылдап ұрысу, айқай-шуға берілу арқылы көрсетіледі.
- 3) Тура агрессия – кез-келген адамдарға тікелей бағытта қарастырылған агрессия түрі.
- 4) Жанама агрессия – өзгеге қасақана тұспалдап әдейі күлкі ету, ашулы болып көріну, сырттай өсек айту және т.б.
- 5) Инструментальды агрессия – мақсатқа жету жолында белгілі затты құрал деп алу.
- 6) Аутоагрессия – басқаны ғана емес өзін де кінәлап өзіне және денесіне зиянды әрекет жасау, өзін басқадан кем ұстау, кей сәттерде өзіне қол жұмсау.
- 7) Қастық агрессия – жоспармен басқаға зақым жасау, моральді зиян келтіру.
- 8) Альтуристік агрессия – қорғану мақсатында жүзеге асады. Агрессия есебінен қорқыныш, үрей, жасқаншақтық, өшпенділік туғызады.

Агрессияны деп жалпы түрде ғана емес жеке тұлғалық қасиетте де алуға болады. Сол сияқты кез-келген адамның да агрессиялық сипааты әртүрлі деңгейде болады. Қоғамдағы болған жағдайларға қарамастан адамдар бір-біріне агрессивті мінез көрсетіп жүргендерін байқамай да жатады. Қоғамды ашушаңдық билеген заматта адамдар арасында агрессияның етек жайып кетпеуіне аса мән беру біз сияқты психолог-педагог мамандарға жүктелген міндет деп білемін. Өзгеге әдейілеп немесе қасақана болсын зиянды іс-әрекеттер жасау, намысқа тиетін сөздер айтып орынсыз кекетуге жол бермеу тиіс. Ол үшін әр адам өзін ұстауда аса сақ болып, агрессияның басып озуына жол бермеу бірінші кезекте өз қолында екенін ұмытпауымыз керек. Қоғам арасындағы агрессияның алғашқы және соңғы белгілерін ашып түсіндіру әр-түрлі әрекеттермен толықтырылады. Мұндай әрекеттер орынсыз адам үстінен күлкі ету, тек өзіне ғана емес өзгеге де дене жарақаттарын салу, адам сыртынан өсек айту, тіпті кейде өлімге дейін бару.

Отандық және шетелдік ғалымдардың агрессияға анықтама беруде әр қилы пікір білдіруде. Оның себебі агрессия жеке тұлғаларда жүре пайда болып қана қоймай, әр адамда әртүрлі әрекет көрсетеді. Кей адамдар күйзеліс барысында болса, ал кейбіреулері өзіне комплекс ұстау әрекетінде агрессияға ұласып жатады. Соған орай агрессияға ұшырататын күрделі әрекеттерді бөліп, жеке-жеке қарастыруға болады. Қоғамнан бөлек өзін жеке ұстауға бекінген, өзін төмен санайтын адамдар да өзгеге болмаса да өзіне дене жарақаттарын салу арқылы да агрессия белгілерін айшықтайды. Сол себепті де балалар арасында оқшаулану немесе топтан бөлектету әрекеттерімен жұмыстар жүргізілуі тиісті. Сол себепті де оқушылар арасында да оқшаулануға, бөлінушілікке, дөрекі болуға ынтығуды жою аса маңызды рөл атқарады. Бұл жағдайлар да тек мектеп психолог мамандары ғана емес өз ортасы, ата-анасы да арнайы іс-әрекет көрсете білуі керек. Кез-келген ортада өзін жоғары санап, бұйрық беру сонымен қатар осыған кері бағытта оқшау-лану мен өзіне комплекс ұстау да агрессияға жол ашады.

Айта кетер болсақ өскелең ұрпақтардың мінезінде агрессияға жол беру алғашқы кезеңде отбасындағы келеңсіз жайттардан пайда болады.

П.А. Ковалев пен Л.М. Семеньюк (1996) жасөспірімдер арасындағы агрессияның өршуі мен жыныстық айырмашылықтары жағдайларына зерттеу жұмыстарына сүйенсек ер балаларда 12, 14-15 жас, ал қыз балаларда агрессиялық мінездің жоғарғы деңгейге көтерілуі 11 және 13 жас болып анықталды. Ер балада агрессивті мінез тікелей вербалді және де физикалық, ал қыз балада жанама және тікелей вербалді агрессиялық мінезге бейімді екенін байқай аламыз.

Ғалымдардың айтуы бойынша агрессияның шығуы ата-ана мен отбасының балаға деген қарым-қатынасынан байқай аламыз. Жалпылама айтқанда ата-ананың баласын қатаң түрде жазалауы, шектен тыс дөрекі болуы, мейірім жетіспеуінен, үнемі бақылауда ұстауынан агрессияға жол беру мүмкіндігі жоғары. Сондықтан да жастарымыздың агрессияға бейім болуына жол бермеудің алдын алу және түзету енгізу жұмыстарын жүргізуді енгізуді жөн көрдік.

Педагогикалық және психологиялық тәжірибе нәтижелерінің біріктірілуі мынадай ортақ пікірге тоқталдық. Жасөспірімдер арасындағы агрессия жайында ойға алмау, олардың алдын алмау жеке бас дара тұлғаның дамуына кедергі болады. Егер де ата-ана баласының бойындағы агрессиялық мінезді дер кезінде елеп ескермесе оны ортасындағы басқа жандар көрсетеді. Яғни, өз ортасында қарым-қатынас барысында достарынан агрессивті мінез көреді.

Лонгитюдтік зерттеуде балаға 8 жас кезінде көрсетілген қатаң жазалар мен дәрежеліліктер өз кезегінде 18 бен 30 жас аралығында агрессиялық мінез-құлыққа әкеліп соғады. Басқа да зерттеулерге келер болсақ олар қарама-қайша көрініс береді. Бұл зерттеулерде жасөспірімдерде 18 жас негізгі өшпенді мінез көрсету деңгейі жоғары жас, яғни, кезінде 8 жаста өз туғанда-рынан жаза алмаған балалар. Ортақ шешімге келсек; балалық шақта өте қатаң немесе мүлде жаза көрмеген балалар өсе келе агрессивті мінез көрсетеді.

Сіз өзіңіздің агрессивті мінез-құлқыңызбен қалай күресесіз?

1. Сіз ренжіген кезде қандай күйге келетін болсаңыз, метафора-бейнеңізді ойлап табыңыз. Метафора бұл шәйнек, жанартау, айдаһар, бетон араластырғыш болуы ықтимал-бұл тітіркену сізге басып кіргенде де кімге айналғаныңызда да өзіңізді тоқтатар бір жолын іздеу. Метафораны ойға алған сәтте шын мәнінде сіз дәл осындай адамсыз ба немесе мұндай адам болғыңыз келмей ме?

2. Агрессия сіздің бойыңызда алғашқы сәттен пайда болғанда оны ұстауға тырысыңыз-сонда ғана объектімен байланыс жасауды тоқтату, эмоцияны қайтадан басқа бағытқа енгізу және басқа да тактикаларды қолдану оңайға соғуы мүмкін – мысалы, демді тереңге салу.

3. Айтуға оңай, әрине орындау қиынға соғатынын түсінемін. Алайда кептеліс барысында өзіңізге тоқтам қоюға тырысыңыз немесе тітіркендіргіштік туғызатын заттарға көзқарасыңызды өзгертуіңіз қажет.

Адамдардың агрессияны жиі көрсететін негізгі себептерін бөліп көрсетеміз:

1. Шамадан тыс жүктеме жағдаяты: сізде демалу жеткіліксіз деңгейде, жұмыс жасау қарқыныңыз ыңғайсыз бағытта, бірнеше істі бір уақытта тындыруға тырысасыз.

2. Көңіл қалу немесе реніш, күйгелектену, белгілі бір өмірдің дағдарысынан басқа бағытқа өтуі – бұл дегеніміз сипаттан ығыстырылған агрессияның сипаттамасы. Мысалы, ер адамдарды алсақ, жұмыс барысында стресстік жағдайға жолығады, ол өзін еркіне жібермеуге тырысады, ал үйге келгенде ол өз ашуын әйелі мен балаларынан алуға бекінуі мүмкін, керісінше күйеуімен сөзге келіп қалған әйел алғашқы кезеңде ашуын жұмыста, содан соң балалардан алуы мүмкін. Сол себептен де адамдар үшін ашуды өзіндік агрессияны жақындарынан шығармау үшін бірнеше әдіс-тәсіл түрлерімен жұмыстар атқарылуы керек.

Эмоциялардың жинақталып өршеленбеуі үшін, іштегі ашу-ыза мен өкпе-ренішті сақтауға тырыспаңыз: сабыр сақтаңыз, айқай шуға бармаңыз, бастан өткен жайттарыңызбен бөлісіңіз, түсіндіруге, айқындауға күш жұмсаңыз. Мысалы, спортпен айналысу агрессия мен стреске көмек береді – барлық күш ұрысқа емес, белсенді физикалық әрекеттерге жұмсалады.

Ашудың түпкі себеп-салдарын түсіне білуге арналған тәсіл:

1. Сізді кім шамадан тыс ашуландырады?
2. Ол адамның қандай қылықтары, іс-әрекеттері, сөздері сіздің ашуыңызды келтіреді?
3. Сол сәтте, сіз нені сезінесіз?
4. Сіз не істейсіз?
5. Не істегіңіз келеді?

3. Түпкі ашудан айығуға арналған әдіс:

- Көз алдына өзіңізді қатты ашуға булықтыратын адамды елестету;
- Сол адамға бойыңыздағы бар ашуды айтыңыз;
- Орныңызды ауыстырып, өзіңіздің барша ренішіңізге, ашуыңызға сол адамның орнына өзіңізге жауап беру.

А.Р. Лурия ми қыртысындағы күрделі әрекеттерінің жүйелі құрылысы және оның динамикалық, кезекпен орналасу туралы қағидаларын тұжырымдайды. Адамдардың миында да телефон қуаты секілді шектеулі ғана энергия болады. Сол себепті де ата-ананың басты міндеттерінің бірі – мидың үздіксіз жұмыс істеуіне және оның нейродинамикасына жағдайлар жасау.

Нейродинамика (ми белсенділігі) – мидың сергек болуы мен қатар мидың тонусына жауап беретін және оқу барысындағы табысты қамтамасыз ететін мидың бірінші блогының жұмысы!

ЕГЕРДЕ:

- Есте сақтаудағы қиындық;
- Көңіл-күй бұзылысы;
- Оқудағы тиімсіздіктер;
- Жүйке жүйесіндегі дисфункциялары

байқалған жағдайда міндетті деп тауып нейропсихологиялық кеңестерге жүгінген абзал.

Зарядты жоғары деңгейде қалай ұстауға болады:

1. Күндізгі режим – баланың миы оянғаннан соң 13-14 сағат ішінде 100% «Қуатталады»
2. Тыныс алу жаттығуларына көңіл бөліңіз, миды оттегімен қанықтырыңыз!
3. Жаға аймағын уқалау – қуаттандыруға жауапты деген мидың қанмен қамтамасыз етілуін жақсартады.



4. Сенсомоторлы интеграция жеткіліксіз болған жағдайда, балаларға олардың дамуын жақсартатын ойындар, физикалық жаттығулар және таза ауада серуендеу қажет. Бұндай жаттығулар жиынтықтарын нейродинамикалық гимнастика деп атаймыз. Дене белсенділігі – жаттығулар ғана емес қарапайым қозғалыстардың жиыны да барлық психикалық процестер (ойлау, есте сақтау және т.б.) орындалатын энергетикалық фонды ретке келтіреді.

5. Су ішу режимі – тәулігіне 1 кг денеге кем дегенде 25 мл су ішуіміз керек! (нейрондар арасындағы электр өткізгіштігін жақсартады және баланың ақпаратты өңдеу жұмысын жоғарлатады)

6. Жұмыс үстелінде отыру барысында баланың аяқтары қолдауды сезінуі үшін назардың шоғырлануын арттыру маңызды. Бұл шағын орын болса да мазасыз бала үшін – жастықтар, жұмсақ доптар, ол тірек қозғалысты сезіне білуі мүмкін.

Балалар арасындағы агрессиялық көңіл-күйді анықтау мақсатында арнайы зерттеу жүргізіп, оқушылардың салған суреттері арқылы әдістеме жүргіздім. Оқушылар арасында арнайы зерттеу жұмыстары олардың мінездеріне, көзқарастарына апарар жол десек де болады. Сол себепті де оқушыларға жақын болу мақсатында осындай әдіс-тәсілдерді қолдануды жөн көремін.

**Өз зерттеу жұмысымда қолданылатын әдістемелер мен әдістерді талқылайтын болсақ:**

1. Басса-Дарки сауалнамасы «Жасөспірімдердің агрессиялық деңгейін диагностикалау»
2. Спилбергердің мазасыздық деңгейін анықтау шкаласы.
3. Кактус әдістемесі.
4. Педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету мақсатында агрессияның алдын-алу барысында топтық тренинг жүргізіледі. Жеке кеңес беру жұмыстары өткізіліп отырылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Х. Хекхаузен Агрессия. // Мотивация и деятельность. М., 1986, т.1, с. 365-405.
2. Краткий психологический словарь / Под общ. Ред. А.В Петровского, М.Г. Ярошевского.- Ростов н/Д.: Феникс, 1999. – с.8.
3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ «Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ Нұр-Сұлтан 2019,155.б.



УДК 37.032

### **УКРЕПЛЕНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ КАЗАХСТАНСКИХ ШКОЛЬНИКОВ КАК ФАКТОР СНИЖЕНИЯ РИСКОВ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ**

**Ракишева Гульмира, доктор PhD, ассоциированный профессор,  
Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова, Казахстан, г.Кокшетау**

**Аңдатпа.** Суицидтік мінез-құлық тәуекелдерін көтеруге мектеп қаншалықты жауапты екендігі туралы пікірталас қоғамның жарқын реакциясын тудырады. Зерттеушілер бұл құбылыспен күресу және оның алдын алу функцияларын өз мойнына алуы керек білім беру ұйымы деп келіседі. Зорлық-зомбылықтың қазіргі түрлері (кибербуллинг, кибермоббинг, аутинг және т.б.) тек білім беру саласында ғана емес, иерархия мен салыстырмалы қатынасты орнату мүмкіндігі бар кез келген басқа жерде мүмкіндіктер болып табылады.

Бірақ мектеп адамның "психологиялық экологиясы" жүйесіндегі маңызды компонент ретінде ерекше орын алады, өйткені ол құндылықтардың, әлеуметтік нормалар мен принциптердің қалыптасуына мақсатты түрде әсер етеді. Баланы қабылдау, ол ересектерге шешім қабылдайды, келушілер жеке және кәсіби салаларда шешім қабылдауды басшылыққа алады.

**Кілт сөздер:** психологиялық денсаулық, желілік зорлық-зомбылық, суицидтік мінез-құлық қаупі

**Аннотация.** Дискуссии о том, в какой степени школа ответственна за возникновение рисков суицидального поведения вызывают яркую общественную реакцию. Исследователи едины в своем мнении, что именно образовательная организация должна взять на себя функции по борьбе с этим явлением и по его профилактике. Современные виды насилия (кибербуллинг, кибермоббинг, аутинг и др.) возможны не только в сфере образования, а в любой другой, где есть иерархия и возможность установления отношений подчинения. Но школа как важный компонент в системе «психологической экологии» человека занимает особое место, поскольку целенаправленно влияет на формирование ценностей, восприятие социальных норм и принципов ребенка, который, став взрослым, будет руководствоваться ими в принятии решений как в личной, так и в профессиональной сферах.

**Ключевые слова:** психологическое здоровье, сетевые виды насилия, риск суицидального поведения

**Annotation.** Discussions about the extent to which the school is responsible for the risks of suicidal behavior cause a vivid public reaction. Researchers are unanimous in their opinion that it is an educational organization that should take over the functions of combating this phenomenon and preventing it. Modern types of violence (cyberbullying, cybermobbing, outing, etc.) are possible not only in the field of education, but in any other where there is a hierarchy and the possibility of establishing subordination relationships. But school as an important component in the system of "psychological ecology" of a person occupies a special place, since it purposefully influences the formation of values, the perception of social norms and principles of a child who, as an adult, will be guided by them in making decisions both in personal and professional spheres.

**Keywords:** psychological health, online violence, risk of suicidal behavior

Жестокость – значимая проблема во всем мире. Согласно Конвенции о правах ребенка ООН, школьный буллинг является распространенным проявлением агрессии и жестокости у детей и подростков, подрывающих их психологическое благополучие и право на образование. Кибербуллинг как социальное явление, начало активно распространяться по мере проникновения интернета во все сферы жизни человека, что существенно повлияло на масштабы насилия в школах. Школа, ответственная за развитие детей безусловно должна иметь безопасную и благоприятную среду. Дети школьного возраста, являясь уязвимой группой могут быть жертвами, виновниками или свидетелями насилия в школе.

Детским фондом ООН в Казахстане ЮНИСЕФ было проведено исследование «Оценка насилия в отношении детей в школах Казахстана». Согласно выводам данного исследования, в Казахстане существуют следующие формы школьного насилия: психологическое насилие, физическое насилие, высказывания и притеснения сексуального характера, вымогательство, кибербуллинг, запугивание со стороны сверстников, дискриминация и использование телесных наказаний персоналом школы [1, с. 14-15]. Надо отметить, что выше перечисленные виды насилия вбирают в себя кибербуллинг и в комплексе негативно влияют на уровень психологического здоровья школьников. Ситуацию усугубила пандемия, связанная с COVID-19.

Исследовательской группой был проанализирован ряд исследований ученых разных стран. Так в Германии было проведено общенациональное исследование COPSU (Corona and Psyche) по психологическому здоровью и качеству жизни детей и подростков во время пандемии COVID-19, в котором были опрошены сами дети и подростки, а также их

родители. Цель заключалась в том, чтобы зафиксировать влияние кризиса на психологическое здоровье и качество жизни детей и подростков [2]. Была выявлена уязвимость в плане развития детей и подростков, поэтому ограничения на контакты, связанные с COVID-19, стали для них особенно стрессовыми [3].

Результаты аналогичны исследованиям, проведенным в Китае [4], Индии, Италии, США и Германии [5], которые также выявили рост депрессивных, тревожных и стрессовых реакций во время пандемии. Исследования показывают, что проблемы пандемии снижают качество жизни и психологическое благополучие детей и подростков и увеличивают риск психологических отклонений.

В 2021-2022 годах нами также было проведено исследование «Оценка уровня психологического здоровья субъектов образовательного процесса». В исследовании приняло участие 11 200 человек, в том числе:

- 4211 школьников (20% от общей совокупности),
- 1926 учителей,
- 5063 родителей учащихся с 1 по 11 классы (20% от общей совокупности) из 25 школ г. Кокшетау.

В ходе исследования были получены следующие результаты:

1. Была выявлена проблема саморегуляции ресурсного состояния учителя ввиду негативного прессинга со стороны родительского сообщества в соцсетях. Учителя стали применять стрессовую педагогическую тактику, что привело к дидактофобии у учащихся - психическому состоянию, характеризующегося ученической боязнью учения, учителя и школы.
2. В период восполнения потерь в обучении у школьников наблюдались негативные эмоциональные, поведенческие, когнитивные проявления (потеря интереса к учебе, догматичность мышления, конфликтность в общении со взрослыми и сверстниками, неадекватная самооценка), которые повлекли за собой снижение качества знаний. По этой причине у многих школьников возникли признаки школьной фобии и невроза, т.е. дидактогении.
3. Была выявлена прямая взаимосвязь между психологическим здоровьем школьников и психологической культурой родителей, т.е. социально-психологическое благополучие ребенка и родителя напрямую зависят друг от друга, влияют и способны вызвать изменения [6]. Дети о буллинге/кибербуллинге. Используя эмпирические методы исследования (анкетирование, опрос, наблюдения и др.) в фокус-группе «Обучающиеся» в количестве 312 человек были проанализированы полученные данные. Приведем некоторые выдержки высказываний подростков, орфография-пунктуация и стиль авторов сохранены: «На данный момент, я сама испытываю на себе чувство буллинга. Меня не любят мои одноклассники, они могут без причины меня называть не сильно приличными и приятными словами. К примеру: «Жирная», Девушка лёгкого поведения», „Тупая” и тому подобная в этом виде лексика.

Из-за буллинга я не могу принимать саму себя, я всегда пытаюсь угодить всем, чтобы им было хорошо, но в итоге я оказываюсь виновной и просто как запасной вариант. Этим летом я поссорилась со своей лучшей подругой с которой я дружила почти шесть лет. Пока я болела и не выходила гулять, она нашла мне замену. После я конечно пыталась подружиться с этой девочкой, но было заметно что я была третьей лишней. Ещё на данный момент, у меня очень плохие отношения с моим одноклассником, он очень агрессивно ко мне относится, примеру в первой четверти он ударил меня два раза по лицу. Он почти каждый урок обзывает меня никому не нужной, тупой, жирной и т.д. А под конец первой четверти он хотел под конец урока кинуть в меня бутылку с водой, он целился в голову, но мне повезло что я нагнулась, и бутылка пролетела мимо. У меня почти не осталось друзей. И иногда из-за этого правда грустно, потому что такое не забудешь никогда. Но я всё-таки попытаюсь

добиться своего, что бы меня в классе хоть чуть-чуть считали за человека и уважали меня» (девочка 11 лет, 6 класс).

«...была такая ситуация одна девочка, которая была в моём окружении, была очень хорошим человеком, по ней никогда не было видно, что у нее могли бы быть какие-либо проблемы, она была веселой и всегда приходила нам на помощь. Но в один день я узнала, что этого прекрасного человека больше нет ...позже оказалось, что у нее были очень сильные проблемы с родителями. Она была постоянным человеком для насмешек, под которым можно было поиздеваться. В интернете ее все очень сильно гнобили, её травили, и доводили до такого что у нее не осталось смысла жить дальше. Люди в интернете говорили, что она уродливая, что у нее ужасное лицо, и что она очень полная. И никто никогда в жизни ее не полюбит, у нее были проблемы с родителями её родители очень сильно пили и избивали ее, у нее была ужасная травма, которая она получила из-за таких родителей. Но она не подавала никакого вида что у нее происходит что-то плохое, ей было всего 12 лет. Последнее что добило ее уйти из этой жизни, это сильная травля в интернете при которой она полностью забила в себе. Она начала считать, что раз так говорят о ней, значит она не достойна жить в этом мире». (девочка 15 лет, 9 класс) «...кибербуллинг это очень неприятная вещь, и она очень плохо влияет на самочувствие человека, как и физиологически так и морально, а также может даже довести до самоубийства. Сейчас дети верят всему подряд, и при этом еще и родители не следят за своими детьми, они так скажем заняты своей работой, делами в общем...» (девочка 13 лет, 7 класс). «У меня есть друг, и однажды сидя на очередном сайте, в чате пользователей, он увидел одного ругавшегося пользователя, и решил спросить почему он такой агрессивный, тот начал оскорблять его, мой друг обозвал его "Бешеным", но тот перешёл уже к угрозам, и сказал, что он ещё заплатит за свои слова. Потом тот скинул ссылку на одну группу в социальной сети, друг перешёл по ней, агрессор за короткое время по нику пользователя, узнал все социальные сети где сидел мой друг, и начал публиковать все фото моего друга, и обещал прийти. Мой друг очень сильно испугался, растерялся» (мальчик 12 лет, 7 класс). «Я всегда играл в онлайн игры, в особенности с возможностью говорить с другими игроками прямо в игре, именно в играх я постоянно сталкивался и сталкиваюсь с оскорблениями, попытками унижения, или угроз в мою сторону. Унижать меня могли же что угодно, за слишком плохой уровень игры, за плохую коммуникабельность с другими игроками. Также часто оскорбления выходят за рамки игры, меня оскорбляли за детский голос, национальность, язык на котором я говорю, за мой возраст и т.д. Увы не всем так легко даётся перенести это как мне...» (мальчик 15 лет, 9 класс).

Приведенные выше высказывания школьников вызывают однозначную реакцию у взрослого: тревогу и страх за душевное состояние детей. Ребенок как объект травли не может сам прекратить ее, налицо присутствует дисбаланс сил между агрессором и жертвой. Здесь необходим комплексный план по созданию психологически безопасной среды через превентивные и профилактические меры, который охватывает школьный коллектив, педагогов и родителей.

В целом, тревожные тенденции роста масштабы проблемы, оценка деструктивных последствий для детей призывают научное сообщество признать проблему травли как одну из приоритетных и способных вызвать аутодеструктивное поведение в подростково-юношеской среде.

Данное исследование было профинансировано Комитетом по науке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (ИРН АР14869833).

#### **Список использованной литературы:**

1 Робин Н. Хаарр, Оценка насилия в отношении детей в школах Казахстана, Астана, 2013 г.

- 2 Psychische Gesundheit und Lebensqualität von Kindern und Jugendlichen während der COVID-19-Pandemie – Ergebnisse der COPSYS-Studie Deutsches, - Ärzteblatt | Jg. 117 | Heft 48 | 27. November 2020.
- 3 Fegert JM, Vitiello B, Plener PL, Clemens V: Challenges and burdens of the coronavirus 2019 (COVID-19) pandemic for child and adolescent mental health: a narrative review to highlight clinical and research needs in the acute phase and the long return to normality. Child Adolesc Psychiatr Ment Health 2020; 14: 20.
- 4 Xie X, Xue Q, Zhou Y, et al.: Mental health status among children in home confinement during the coronavirus disease 2019 outbreak in Hubei Province, China. JAMA Pediatr 2020; e201619. doi: 10.1001/jamapediatrics.2020.1619. Online ahead of print.
- 5 Langmeyer A, Guglhör-Rudan A, Naab T, et al.: Kindsein in Zeiten von Corona. Erste Ergebnisse zum veränderten Alltag und zum Wohlbefinden von Kindern. In. München: Deutsches Jugendinstitut; 2020
- 6 Ракишева Г.М., Сабитова Д.С., Лепешев Д.В., Жантемирова М.Б., Стукаленко Н.М. Коллективная монография «Психологическое здоровье личности: оценка, риски, перспективы». -Кокшетау: РИО КУ им.Ш.Уалиханова, 2022.- 270 с.



ӘӨЖ 364.27

## ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ: ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

**Ажибаева Роза Елибаевна – магистр, аға оқытушы**

**Пірәлі Фатима Елубайқызы – магистр, оқытушы**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада жасөспірімдер суицидінің алдын алуға бағытталған, білім беру үдерісін үйлестірілген психологиялық-педагогикалық қолдауды кешенді және жүйелі қамтамасыз ету.

**Кілт сөздер:** жаһандық суицид, психофизиологиялық ойлау, суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы, психодрама, тренинг.

**Аннотация.** Статъя направлена на профилактику подросткового суицида, комплексное и системное обеспечение скоординированного психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса.

**Ключевые слова:** глобальное самоубийство, психофизиологическое мышление, профилактика суицидального поведения, психодрама, тренинг.

**Annotation.** The article is aimed at the prevention of adolescent suicide, comprehensive and systematic provision of coordinated psychological and pedagogical support of the educational process.

**Key words:** global suicide, psychophysiological thinking, prevention of suicidal behavior, psychodrama, training.

Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау, яғни суицид қоғамда белен алып отыр. Осы мәселені шешуде ата-аналар, мұғалімдер, құрбы-құрдастары біріге жұмыс жасау арқылы суицидалды іс-әрекеттерді болдырмаудың алдын алу іс-шараларын жүргізу маңызды болып табылады. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр. Бұндай мінез-құлық жасөспірім

шақта 13 жастан бастап байқалады. Статистика бойынша суицидтік мінез-құлық 14-28 жас аралығында 30 пайыз, жасөспірім шақта 6-10 пайыз құрайды. Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады. Осындай келеңсіз жағдайлар барлығы жасөспірімдерді қылмысқа тартады, оның ішінде өз-өзіне қол жұмсау жиі кездеседі. Жасөспірім шақта түрлі кездерді бастарынан кешеді, кейбіреулері бір нәрседен қорыққаннан, махабаттың сәтсіз болуынан, қиыншылыққа төзе алмау салдарынан өмірден қоштасуды жөн көреді. Соңғы 15 жылдықта 15-24 жас аралығында өз-өзіне қол жұмсау 2 есеге артты, экономикасы дамыған елдерде бұндай жағдайлар жиі кездеседі.

Әсіресе, ер балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау қыз балаларға қарағанда әлдеқайда көбірек, ал қыз балалар демонстративті түрде көрсетіп отырады. Білім алушының өзін психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамыту және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру шеңберінде білім беру үдерісін қалыптастыруда жасына қарай психофизиологиялық ойлау өте маңызды. Оқушы өзі туралы көбірек түсінуге, өз дамуының ерекшеліктерін білуге тағы басқа өзінің жағдайын еңсеруді білуге тиіс, бұл мағынаны тануға жатады. Оны осыған үйрету керек. Мектептегі бұл жауапты жұмыс әлуметтік педагог және сынып жетекшісіне, пән мұғалімі мен педагог-психологқа негізделіп жүктелген.

Бұл бірқатар жағдайларда білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымы мен әкімшілігі жасөспірімдер мен балалар арасында өзіне өзі қол жұмсауға жеткілікті назар аудармайтыны бойынша, ең біріншіден, суицидтік мінез-құлық, профилактика технологиялары, өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуде технологияларды меңгерген кадрлардың аз болуы көптеген мектептерде қалыптасқан жағдайды талдауда көрсетеді. Бұл ретте көптеген жалпы білім беретін мекемелерде мақсаттылықтың және жалпы білім беретін мекемелердегі білім алушылардың ата-аналары мен педагог кадрларының тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырудың жеткіліксіздігінен, соның ішінде бірлескен қызметті ұйымдастыру бойынша суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы болып табылады. Осы сөзімде мен жасөспірімдер суицидінің алдын алуға бағытталған, яғни біліктілікті арттыру курсына келген мектеп психологымен әзірленген білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау моделінің ықтимал варианттарының бірімен бөліскім келеді. Бұл моделдің негізгі мақсаты - жасөспірімдер суицидінің алдын алуға бағытталған, білім беру үдерісін үйлестірілген психологиялық-педагогикалық қолдауды кешенді және жүйелі қамтамасыз ету.

*1.Кесте.Мектеп психологының жұмысындағы суицидтің алдын-алуды іске асыру моделі*

Жалпы алдын-алу профилактикасы	Психологиялық сүйемелдеу	Диагностика	Арнайы алдын-алу профилактикасы
Ғылыми-әдістемелік		Жеке-тұлғаға бағытталған психотехнологиялар	Әдіс, тәсілдері
Ақпараттық-аналитикалық, диагностикалық		Аутортенинг	
Түзету-дамытушылық		Психодрама, тренинг	

Профилактикалық		Рольдік ойын	
Консультациялық ағартушылық		Ақпараттық: памяткалар, буклеттер	

**2. Кесте. Тыңдаушылардың курс барысындағы құрастырған бақылау картасы**

Оқушының аты – жөні	Бақылау картасы					Түсінік темелер
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Жұма	Сенбі	

**3 Кесте. Тыңдаушылардың курс барысындағы құрастырған тапсырмалар**

Танымдық процесстер	Жеке адамның эмоциясы және ерік қуаттары	Жеке психологиялық ерекшіліктер

Мақсаты	Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Күтілетін нәтиже	Диагностика	Құралдар	Негізгі дереккөздер

Жасөспірімдер суицидін алдын алуға бағытталған, білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдаудың екі векторы ұсынылады: жалпы алдын алу-профилактика (элеуметтік дезадаптация -бейімделу мен олардың мектептегі қиындықтарының алдын алу және барлық оқушылардың мектеп өміріне тартылуын қамтамасыз ету) және арнайы алдын алу-профилактика педагогикалық назар аударуды ерекше мұқтаж ететін, олармен жекелеме жұмыс жасауды қажет ететін, барлық оқушыларды сүйемелдеу және анықтау). Білім беру үдерісі психологиялық-педагогикалық қолдау бағытының негізі ретінде білім алушылардың суицидтік мінез-құлқы бойынша ұсынылған ғылыми-әдістемелік модельдер, ақпараттық-талдау, элеуметтік-диспетчерлік, ағартушылық, кеңес берушілік, алдын алу, түзете-дамытушылық арқылы алдын алуды көрсетеді.

Модельдегі әдістер мен жұмыс түрлері, яғни тиімді іске асыру үшін ұсынылады:

- диагностикалық: педагогикалық пакетін және девиантты мінез-құлық туралы білім бойынша тәуекел балалар тобындағы экспресс-анықтау үшін психологиялық скринингтік әдістемелерін пайдалану;
- тұлғалық-бағдарланған терапия психотехнологиясы: жеке психокоррекциялық әңгіме, топтық психотерапия, аутотренинг, арнайы бағдарламалар (жүргізіледі шақырылған мамандар);
- оңалту психотехнологиялар (тренингтер): психодрама, интеллектуалдық тренинг, тренингтер, тұлғалық өсу тренингі рефлексисы, рөлдік ойын және т. б.;
- ұйымдастырушылық: педагогикалық кеңестер, консилиумдар, семиналар, топтық пікірталастарда талқылау, дөңгелек үстелдер;
- ақпараттық: жадынамалар, стендтік ақпарат, ақпараттық парақтар, буклеттер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Оның нәтижелері қандай болатынын енгізгеннен кейін: білім беру мекемесі оқушының психологиялық-педагогикалық жайлылығына жағдай жасауды, жастар мен жасөспірімдерді әлеуметтік және психологиялық қорғауды қамтамасыз етуді, бейімделмеген жасөспірімдер мен жастардың санын азайғаны; өмірлік қиын жағдайларға тап болған қылмыстық топтарының сатысында анықталғаны; алдын алу асқынулар, өмірлік жағдайларын уақтылы жолымен олардың бағдарламасына қосу, көмек көрсету; өзіне-өзі қол жұмсау алдын алу төмендеуі суицидтік қауіптері бар балалардың санын шектеуін көрсетті .

Қорыта келе, жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу және білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдын-алу психологиялық шаралар қажет. Мұндай алдын- алу шараларының тиімді жүйесі жеке тұлғаға бағытталған тәсілдеріне негізделуі мүмкін, бала тұлғасының психологиялық кедергісін жоюға бағытталған. Бұндай курстар, семинарлар, мектеп психологтары үшін күшті ықыласы пайда болды. Оларды әлдеқашан, өздері айтқандай, соншалықты сертификат алу емес, олар бірлесе отырып, тәжірибемен алмасып, жасаған еңбектері қызықтырады. Осының өзі, мүмкін, біздің біліктілікті арттыру курстарында жұмысымызда ең бастысы, білім беру жүйесіне көп ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР «Білім туралы» Заңы [Электрондық ресурс].-URL: <http://www.zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html>
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 -2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары [Электрондық ресурс]. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>
3. Абрамова Г:С., Практическая психология.-М.,2007 Балгимбаева З.М., Практическая психология образования: Учебное пособие. А., Қазақ университеті,2007
4. Овчарова Р.В, Технологии практического психолога образования: Учебное пособие для студентов и практических работников. – М.,ТЦ «Сфера»,2000



ӘӨЖ 159.923

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

**Едрисов Бауржан Сиендыкович, Кулжанова Наргиза Жумагалиқызы, Маханбет  
Руслан Мақсатұлы - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық  
институтының магистранттары**

**Аңдатпа.** Мақалада болашақ педагогтардың акмеологиялық ұстанымдарын жетілдіру мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** тұлға, ұлттық тәрбие, құндылық бағдары, отбасы.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о проблеме формирования ценностных ориентаций личности на основе национального воспитания.

**Ключевые слова:** личность, национальное воспитание, ценностные ориентации, семья.

**Annotation.** The article will focus on the problem of the formation of value orientations of the individual on the basis of national education.

**Key words:** personality, national upbringing, value orientations.



Акмеология – бұл тұлғаның өз шығармашылығын, яғни саналы жетілуін өзін-өзі жүзеге асыру кезіндегі біртұтас дамуы. Қазіргі уақытта тәрбие, білім беру, оқыту процестері өзіндік шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған біртіндеп өзін-өзі тануға – өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі жетілдіруге ауысып келеді [1].

Педагогикалық акмеологияда тұлғаның кәсіби және тұлғалық даму процестері бірлікте қарастырылады және оқуда, дамуда және өзін-өзі дамытуда, сонымен қатар адамның шығармашылық әлеуетін іске асыруға негізделген кәсіби шеберлікте жоғары нәтижелерге жету жолдары көрсетілген.

Акмеологияның дамуы және оның білімін қазіргі жоғары кәсіби білімде қолдану мүмкіндігі А.А. Деркач, Н.В. Кузьмина [2] атап өткендей бірнеше аспектілермен анықталады. Акмеологиялық ұстаным кәсіби өсудің жалпыланған өлшемдері мен көрсеткіштері. Кәсіби дегеніміз - біліктіліктің жоғары деңгейіне жеткен, кәсіби іс-әрекет барысында саналы түрде өзгеріп, өзін-өзі дамытатын, мамандыққа жеке шығармашылық үлес қосатын, мамандық бойынша жеке мақсатты көздейтін, жеке мүдделер мен қоғам мүдделерін үйлесімді үйлестіре отырып, жоғары жетістіктерге бағытталған адам екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогикадағы «акмеологиялық позиция» ұғымы мүлде жаңа. «Акмеологиялық ұстаным» категориясының тұжырымдамалық өрісі жеткілікті дамымаған, сондықтан әртүрлі авторлардың акмеологиялық ұстанымның мәні мен мазмұнын түсіну барысында пайымдаулардағы сенімділік пен бірлік әрдайым сақтала бермейді [3].

Мәселен, білім беру мекемесінің акмеологиясын Д. Ахметова [1] мұғалімге қатысты қарастырады және акмеологиялық ұстанымды мұғалімнің кәсіби, жеке және рухани дамуының туындысы ретінде анықтайды, оның әр білім алушының жетістігі мен денсаулығын қамтамасыз етуге, мұғалім мен студенттің өзара әрекеттесуіндегі шығармашылығын дамытуға деген гуманистік көзқарасы ретінде қарастырады. Автор мұғалімнің акмеологиялық позициясын әр студенттің жетістіктері мен денсаулығын қамтамасыз етуге, жоғары нәтижелер мен жетістіктерге, оның ішінде өзінің педагогикалық жұмысына, шығармашылық шығармашылық кәсіби белсенділігін дамытудағы гуманистік бағыт ретінде нақтылайды. Бұл ұстаным жаңа дамып келе жатқан білім беру технологияларын үнемі іздеуді, жаңа әдіс-тәсілдерді игеруді, кәсіби қызметтегі бірізділіктен бас тартуды және объективті өзін-өзі бағалауды және рефлексияны қолдайды. Сондай-ақ, «акмеологиялық позиция» түсінігі студенттерге валеологиялық білім беруде оны студенттің субъективті ұстанымы, жетістіктерге деген ұмтылысы, гуманистік негізделген іс-әрекеттегі шығармашылық әлеуеті мен өміршеңдігін өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыс деп санайды. Оның пікірінше, акмеологиялық позиция денсаулық, өмірлік сәттілік және руханият сияқты басымдықты құндылықтарды таңдаған адамның құндылық-семантикалық өзін-өзі анықтауы нәтижесі болып табылады. Бұл тұжырым дені сау тұлғаның, әлеуметтік және валеологиялық жетілуінің өзегі болып табылады. Бұл білім сапасының және білім берудің құндылығының ажырамас критерийі. Акмеологиялық позиция, кез-келген позиция сияқты, әлеммен, айналамыздағы адамдармен, салауатты өмір салтымен тұрақты қатынастардың жиынтығы. Кез-келген позиция сияқты, бұл сонымен бірге нәтиже, жеке және әлеуетті күшке жету, әрі қарай дамудың қозғаушы күші; ол бір уақытта жеке тұлғаның өмірлік құндылықтарының жиынтығын және оның болашақ өмірге деген негізгі қажеттіліктерін жинақтайды және білдіреді.

Осы мәселені зерттеген ғалымдардың бір тобы зерттеу жұмыстарында оқытушы мен студенттің акмеологиясын жеке алып қарастырады [4]. Онда мұғалімнің акмеологиясы аясында ол кәсіби мұғалімнің тұлғалық қалыптасуының жиынтығы деп түсіндіріледі, педагогтың «өмірлік мағыналарға» жетуге ықпал етеді. Студенттік акмеологияны қазіргі өмірлік мағыналарының, белсенділіктің басым мотивтерінің, тәрбиелік уәждеменің, білім

беру іс-әрекетінің қабілеттері мен дағдыларының жиынтығы ретінде ұсынады, ол жасөспірім кезіндегі коммуникативті, жетекші іс-әрекетпен қатар жүреді.

«Акмеологиялық позиция» ұғымын анықтауда біз А.А. Деркач, Н.В. Кузьминаның [2] көзқарасына сүйенеміз. Авторлар мұны жеке өзін-өзі анықтау деп түсіндіреді.

Акмеологиялық позиция белгілі бір өмірлік құндылықтарға, белсенділікке, болашақ кәсіпке, танымға ерекше, біржақты, субъективті маңызды қатынас ретінде әрекет ете алады, бұл оның өмірі мен мінез-құлқының тұрақты реттегіші болады.

Жақсы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің өзі оқушының акмеологиялық ұстанымының қалыптасуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Сонымен, ғалымдар мен оқытушыларының еңбектерінде жеке тұлғаның өзін-өзі өзгерту қажеттілігінің кезең-кезеңімен қалыптасатын білім беру іс-әрекетінің барлық құрылымына назар аударылған. Өзін-өзі өзгертуге арналған бұл негізгі қажеттіліктер өмір салтын, мамандықты және анықтамалық топтарды таңдауға бағытталған; тәуелсіздікке ұмтылу және дербестік болып табылады.

Студенттің акмеологиялық позициясы көбіне жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты және қоғамнан тыс жерде дамуы мүмкін емес. Осыған байланысты студенттің акмеологиялық жағдайы екі сапалы көрініске ие. Бір жағынан, бұл бірқатар ерекшеліктерге сәйкес қатынастар жүйесіндегі оның ұстанымымен анықталатын және оның мінез-құлқының стилін реттейтін элеуметтік позиция. Екінші жағынан, ол жоғары білім беру кезеңінде анықтамалық топтарда жүзеге асырылған және бекітілген жеке өмірге қатысты көзқарастармен, қабылдаулармен, тұлғалық көзқарастармен сипатталады.

Студенттің позициясын жоғары оқу орнында оқу процесінде бірлескен білім беру іс-әрекетінде пайда болатын тұлғадағы субъективті және объективті бірлік ретінде қарастырған жөн.

Студенттің акмеологиялық позициясын қалыптастыруда оның мақсат қоюға әсер ететін нақты құндылықтарға қатынасын, іс-әрекеттің сипатын, оларды жүзеге асырудың тәсілдері мен әдістерін таңдауды ескеру қажет. Шынында да, оқу процесінің кез-келген жағдайында білім алушыға еркін және тәуелсіз таңдау қажет, болашақ кәсіпті игеру процесінде өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіну қажет. Таңдау бойынша адамның белсенділігі, жеке тұлғалық қасиеттері барынша толық көрінеді. Бірақ сонымен бірге құралдар мен іс-әрекеттерді таңдау тек мақсаттармен ғана емес, сонымен қатар жағдайлармен, объективті жағдайлармен де анықталады. Студент әрдайым оқу процесінде өзін тұлға ретінде растап, өзінің жеке позициясын таңдап, қорғауы керек және оның болашақ кәсіби жетістіктерінің шарты ретінде осындай таңдау мен іс-әрекетке үнемі дайын болуы маңызды.

Біздің ойымызша, акмеологиялық позиция студенттің болашақ мамандығын сапалы деңгейде және сапалы түрде игеру бойынша іс-әрекетті жүзеге асыратын қабілетін анықтауда негізгі рөл атқарады. Акмеологиялық позиция жетістікке ұмтылу ретінде студенттің жоғары оқу орнындағы оқу процесінде рөлі мен орнын (белсенділігі / енжарлығы) анықтайды, кез-келген іс-әрекетке, оның ішінде болашақ маманға құнды және жауапты көзқарасты «тәрбиелеуді» көздейді.

Осылайша, акмеологиялық позиция өзіне еркін және тәуелсіз таңдау қатынасы, жетістік, жігер, белсенділік, кәсіби және жеке өсу сияқты құндылықтарға белсенді қатынас сияқты маңызды сипаттамаларды біріктіреді. Демек, студенттің акмеологиялық позициясы - бұл оның білім беру, жеке және элеуметтік салалардағы жетістіктерге бағытталған, әр болашақтағы өзінің белсенділігі мен болашақ кәсіби қызметіндегі жетістіктерге деген ұмтылысын анықтайтын, өзін-өзі анықтау әрекетіне әр нақты жағдайдағы дайындығы.

Акмеологиялық ұстанымның маңызды сипаттамаларын, сондай-ақ оның болашақ маманның кәсіби және тұлғалық қалыптасуындағы маңыздылығын талдау бізге өзін-өзі тану,

өзін-өзі растау, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі бағалау функцияларын негізгі деп бөлуге мүмкіндік береді.

Болашақ мамандардың арасында акмеологиялық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған адамның акмеологиялық позициясы және оқу орнының білім беру қызметіндегі басымдықтары ретінде қарастырсақ, төмендегідей сараптаулар байқалады.

*Өзін-өзі тану функциясы* акмеологиялық позицияны өзінің тұжырымдамасы, жеке мағынасы ретінде түсінуден тікелей туындайды және акмеологиялық ұстанымды үстемдік құндылық-семантикалық қатынастар жүйесі ретінде түсіну арқылы анықталады.

Егер адам философиялық, психологиялық және педагогикалық мәдениетті белсенді игерсе, яғни философ, психолог, мұғалім болып қалыптасса, білім өзін-өзі тәрбиелеуге, тәрбиеге - өзін-өзі тәрбиелеуге, оқуға - өзін-өзі тәрбиелеуге, әлеуметтенуге - өзін-өзі іске асыруға ауысады деген қорытындыға келеді. Бұл тұжырымдама В.Е. Ключко [4] зерттеулеріне сәйкес өзін-өзі тану функциясы мен өзін-өзі тану функциясы арасындағы байланысты көрсетеді. Оның негізгі күштерін анықтауға, ашуға және қарсылық білдіруге субъектінің әмбебап мүмкіндігі ретінде анықтауға болады. Сонымен, акмеологиялық ұстаным жеке тұлғаның негізгі күштерін, мүмкіндіктерін көрсетуге тұрақты бағдар ретінде қызмет етеді.

Жеке өзін-өзі жүзеге асыру функциясы тәуелсіздік (жоспарлау, реттеу, іс-әрекетті бағыттау, ойлау қабілеті), еркіндік (автономды мінез-құлық қабілеті, өзін-өзі реттеу, ерік-жігер және пәнаралық өзара әрекеттестік), шығармашылық (шығармашылық күш-жігерді шоғырландыру қабілеті, шығармашылық сияқты) сипаттамаларда көрінеді.

Педагогикалық акмеология аясында өзін-өзі бағалаудың төмендегідей компоненттеріне назар аударылады: нәтиженің өзін-өзі бағалауы (қол жеткен нәтижені бағалау) және әлеуетті өзін-өзі бағалау (олардың мүмкіндіктерін бағалау). Біріншісі өз жетістіктеріне қанағаттануды (немесе қанағаттанбауды) білдіреді, ал екіншісі - өз жоспарларына және ниеттерін жүзеге асыруда және өз көзқарасын құруда өз күшіне деген сенім. Сондықтан потенциалды жоғары өзін-өзі бағалаумен ұштастыра отырып нәтиженің өзін-өзі төмен бағалауы акмеологиялық дамудың факторларының бірі болып табылады.

Акмеологиялық ұстаным, сондай-ақ өзін-өзі бағалау іс-әрекетте барынша көрінетіндіктен, өзін-өзі бағалау құрылымы өзін-өзі бағалау қабілеті (іс-әрекетті жүзеге асыру, бір нәрсеге қол жеткізу мүмкіндігі), стратегия (алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің реализмі), процесс (мақсатқа жету жолдарының жеткіліктілігі мен жетімділігі) және нәтиже (қол жеткен белсенділік деңгейіне қанағаттану, өзіндік жетістіктер) ретінде ұсынылуы мүмкін.

Осылайша, біз бес негізгі функцияны сипаттадық (өзін-өзі тану, өзін-өзі білу, өзін-өзі растау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау), ол арқылы адамның акмеологиялық жағдайы көрінеді. Функцияларды талдау адамның мазмұнын ғана емес, сонымен қатар акмеологиялық жағдайының құрылымын да анықтауға көмектеседі. Позициясын «адамның кез-келген маңызды мәселедегі басымдықты сайлау қатынастарының интеграциясы» ретінде түсіну акмеологиялық позицияның эмоционалды-семантикалық, белсенділік-құндылық және мінез-құлық-норматив сияқты компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді. Алайда, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, талап ету деңгейі, өзін-өзі растау және әлеуметтік мәртебесі әр жағдайда әр түрлі қалыптасу және көріну деңгейіне ие болғандықтан, студенттер арасындағы акмеологиялық ұстанымның жеке ерекшелігі туралы тұжырым дұрыс болады.

Акмеологиялық жағдайдың жоғарыда аталған функциялары, олардың сипаттамалары мен құрамдас бөліктері жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ мамандарда акмеологиялық позицияны дамыту үшін тиісті педагогикалық міндеттерді жеткілікті түрде тұжырымдауға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова Д. ЖОО мұғалімі мен инновациялық технологиялар // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – Алматы: ҚазНПУ, 2014. - №4. – Б.138-144.
2. Асмолов А.Г., Ягодин Г.А. Образование как расширение возможностей личности // Вопросы психологии. – СПб.: ЭХО, 2013. – № 1. – С. 6-13.
3. Бодалев А.А. О субъектном акме человека и факторах его определяющих // Вопросы социальной психологии личности: сб. научных трудов. – Саратов: Изд-во СПУ, 2016. – Вып. 2. – С. 4–9.
4. Абакумова И.В. Дидактическая поддержка как технология развития смыслообразования учащихся // Психология перед вызовом будущего: материалы научной конференции. – Томск: ТГУ, 2016. – С. 342–344.



ӘӨЖ 37.035.6

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ОРЫН АЛУЫ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АДАСУЫНЫҢ КӨРІНІСІ

**Кушеров Несипбай Мананбаевич, п.ғ.к., доцент**  
**Рзатай Айнұр Қуатқызы, педагогика ғылымдарының магистрі,**  
**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**  
**Қадірова Еркеназ Болатбекқызы, әлеуметтік педагог, лицей-интернат «Дарын»**

**Аңдатпа.** Мақала жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының қалыптасуы мен олардың әлеуметтік-психологиялық адасуының арасындағы байланыс зерттелген. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық адасуының алдын-алудың педагогикалық жолдары қарастырылған.

**Кілт сөздер:** жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқы, әлеуметтік-психологиялық адасу, әлеуметтік-психологиялық адасуының алдын-алу, педагогикалық жәрдем

**Аннотация.** В статье рассматривается взаимосвязь между формированием суицидального поведения подростков и их социально-психологическим бредом. Приведены педагогические способы профилактики социально-психологических заблуждений подростков.

**Ключевые слова:** суицидальное поведение подростков, социально-психологическое заблуждение, педагогические способы профилактики

**Annotation.** The article discusses the relationship between the formation of suicidal behavior in adolescents and their socio-psychological delusions. Pedagogical ways of preventing socio-psychological delusions of adolescents are given.

**Keywords:** suicidal behavior of adolescents, socio-psychological delusion, pedagogical methods of prevention

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде бала құқығын қорғауға бағытталған тұлғаға бағдарланған тәсілдің дамуында психологтар, әлеуметтік педагогтар, мектеп инспекторлары және әлеуметтік жұмыскерлер үлкен рөлге ие. Бала тұлғасына құрметпен қарау, әлеуметтік өмірге дайындау елімізде қазіргі таңда болып жатқан бала мәселесіне қатысты барлық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру тиімділігін арттырады.

Осы өзекті мәселеге қатысты елімізде қаншама келеі іс-шаралар атқарылып жатқаны белгілі. Қазақ жастары әлемнің дамыған елдері мен дамушы елдерінің қатарында елеулі табыстарға жетуде. Оны бүкіл әлем халықтары мойындауда. Елімізде ТМД елдерінде алғаш педагог мәртебесі жоғары статус дәрежесіне көтеріліп, олардың қызмет сапасына

мемлекеттік дейгейде құрмет көрсетілуде. Сонымен бірге педагог кадрларға қойылатын кәсіби талаптар жаңа критерийлерге тап болуда. Өйткені біз өмір отырған ХХІ ғасыр адамзат тарихындағы ерекше дәуір: урбанизацияланған, цифрлық-технологиялық дәуір. Ол дәуірде азамат өзін-өзі танып, біліп қана қоймай, осы қоғамның біртұтас бөлшегі екендігін сезінуі тиіс. Сонымен баланы дұрыс тәрбиелеу үшін мектеп – ата-ана - тығыз байланыста болу керек. Әл-Фараби бабамыз айтқандай «Әрекетіміз дұрыс болу үшін соған баратын жолымыз қандай болуы керек екенін анықтап алуға тиіспіз».

Алайда, ХХІ ғасырда адам дамуындағы, оның ішінде балалар мен жасөспірімдердің дамуындағы өзгерістер тіпті басқаша міндеттерді жүктеп отыр. Оның бірі - қоғамдық өмірдің төрінен орын алып, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың арасында жаппай өрістеген әлеуметтік дерттің, келеңсіз құбылыстардың астары мен мәнін жас ұрпақтың тәртіпсізденуінің себебі мен салдарын бағындап оның алдын алудың, жас ұрпаққа тәлім – тәрбие беріп, оларды қоғамдық өмірге белсенді азамат ретінде қосудың жолдары мен айла амалдарын іздестіру мәселесі әлемдік мәселеге айналды [1].

Өйткені, халықаралық салыстырмалы зерттеулер жүргізуші [www.unicef.kz.org](http://www.unicef.kz.org) мәліметтері бойынша (2011ж) Қазақстандағы қылмыс жасаушылардың жасы жасарып, нашакорлық, тәртіпсіздік, девиантты тәртіптегі балалар саны өсіп отырғаны белгілі болды. Жекеленген балалардың мінез құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері және қалыпты нормадан ауытқуы, заң бұзушылық арқылы көңіл аударту, алынған ақыл мен міндеттерді орындамау, қоғам мен мектеп, сол сияқты мектептегі талаптарды тыңдамау салдарынан туындайтын іс-әрекеттердің үлес салмағы күннен күнге артып отырғаны мәлім. Бұл тәртіп бұзу, адамгершілік мінез-құлықты сақтамау және заң нормаларына бағынбаудан келіп туындататын жасөспірімдер. Бұл мәліметтер жасөспірімдердің өз өміріне қастандық жасау, тіпті өлімге бару әрекеттерінің жиі орын алып отырғанын көрсетуде. Аталған көрсеткіштер осы мәселенің себеп-салдары мен оның алдын-алу шараларын ғаламдық және мемлекеттік деңгейде қолға алу қажеттігін растауда. Бұл психология ғылымында суицидтік құбылыс деп аталып, оның қалыптасу себептері арнайы зерттеулер өтуде. Зерттеулер тек қана психикалық процестер мен механизмдерге емес, сонымен қатар жеке тұлғаны толық қамтитын психологиялық денсаулықты зерттеуге бағытталуы тиістігі басты мақсаттың бірі болып отыр.

Теориялық зерттеулерде суицидтік құбылыстың орын алу себебі әлеуметтік-психологиялық адасу болып табылады деп түсіндіріледі, ол көп жағдайда адамның өзіне жақын ортамен өзара қарым-қатынасының бұзылуынан болатын психожарақат әсерінен туындайды деп саналады. Алайда ол балалар мен жасөспірімдер үшін бұл тек отбасымен және жақындарымен болатын тәртіпбұзушылық болып есептеледі. Сондықтан, суицидті мінез-құлық категориясына мінез-құлқы мен белсенділігі төмен, өздеріне дене және рухани қауіп төндіретін балалар да жатады деп түсіндіріледі [2].

Бүгінгі таңда Қазақстанда суицидтің 5-14 жастар арасындағы балаларда және 14-24 жастағы жастар арасында өсу тенденциясының басқа дамыған және дамымаған елдермен салыстырғанда жоғары екендігін көрсетуде ([www.unicef.kz.org](http://www.unicef.kz.org)).

Қазақстанның да осы мәселе мемлекеттік мекемелер қызметкерлерімен жан-жақты талқыланып, балалар мен жасөспірімдердің суицидмен күресудің алдын-алу жоспарын әзірледі (2011ж). Аталған жоспарда мәселені шешудің негізгі бағыттарына ең алдымен суицидтің болу себептері мен онымен күресудің зерттелу жайын әлемдік тәжірибе деңгейінде және олар қол жеткізген табыстарды елімізде қолдану мүмкіндіктерін зерттеу міндеттері қойылып отыр.

Әсіресе, жасөспірімдердің қазіргі таңдағы мінез-құлықтарындағы ауытқушылықтар немесе девиантты мінез-құлық, дағдарыстар білім беру мен тәрбиеге және үлкендермен, жора жолдастарымен қарым-қатынас жасау барысында аса көзге түсіп, арнайы зерттеуді қажет ететін психологиялық проблемалардың бірі айналып отыр. Осы орайда жасөспірімнің

психология-лық проблемаларын зерттеу әлеуметтік-экономикалық және мәдени дағдарыспен бірегей көтеріліп өзекті мәселелердеңгейіне көтеріліп отыр [3,266].

Жасөспірімдік кезенді (15-17 жас) зерттеудің көптеген теориялары бар. Жасөспірімдік шақ бала мен ересектік шақтың аралығы, баланың ересектерге тәуелділігімен сипатталады, ересектер баланың өмірлік іс-әрекетін мазмұны мен бағытын белгілейді. Психолог-зерттеушілер бұл мәселенің күрделілігіне байланысты әр түрлі деңгейдегі себептердің арасынан жастар мен балалардың психикалық денсаулығын, оның негізінде денсаулық сақтау қызметінің құрылымын бөліп көрсететін: соматикалық, психикалық, психологиялық, әлеуметтік, рухани-адамгершілікке назар аудару міндеттерін бірінші орынға қойып отыр [3].

Ең алдымен жасөспірім тәртібінің өзін олардың іс-әрекеттері түрлері бойынша бірнеше топқа бөліп қарауымыз керек. Біз мысалға алған Халықаралық зерттеулерде (hello\_html\_m3657a7f4.jpg) оларды 5 топқа бөліп қарастырған атап айтқанда:

1. Делинквенттік тәртіп – іс-әрекеті ұсақ-түйек бұзушылықпен шектеледі: сабаққа қатыспау, әлеуметтік тәртіпке қарсы ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста болуы. Және бұзақылық, мазақтау, өзінен әлсіз адамдарды қорқыту арқылы ақша талап ету жолдарымен тікелей байланыста. Мұның бәрі әлеуметтік тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауынан туындайды. Олар 30 - 80 % толық емес отбасынан, 70% жасөспірімдердің күрделі мінез-құлықтың ауытқуынан деп саналады.

2. Маскүнемдікпен нашақорлыққа ерте салынуы. Жас жеткіншектердің отбасынан үлкен-дердің ішімдікке салынуы, баланы нашақорлыққа апаратын басты себебі.Топтық ұйым-дарда ересек боп көрінуге тырысу, соған қызығушылық арттыру, ойлау қабілетін өзгертуі.

Жасөспірім есірткені көңіл-күйінің көтеріңкі болуы үшін қолданады, кейін өзіне толық сенімді болуы үшін қабылдайды.

3. Гиперкинетикалық іс-әрекет бұзылуы: Бір істі аяғына жеткізбей, табандылық көрсетпеуі, қандай іс болмасын аяғына дейін жеткізбей тастап кетуі, жауапкершіліксіз қарауы болып табылады. Бұл балалар ақыл-ойы төмен, теріс қылықтарға бейім, үнемі түрлі жағдайға түсіп қалып жауапкершіліктен бас тартады. Үлкендермен қарым - қатынаста ара қашықта, өзін-өзі бағалауы төмен.

4. Отбасындағы тәртіп шектелуі: Ол әлеуметтік тәртіп бұзушылық немесе теріс қылықтар(қарсыласу, дөрекілік) үй ішінде және тума-туыс арасында көрсететін бұрыс іс әрекеттер.

5. Әлеуметсіздік тәртіптің бұзылуы

Сол себепті, психологиялық зерттеулерде жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жеткіншек жаста қалыптасып қойған туындысы болып табылады. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшейуі, сыншылдықтың көрінуі – бұлардың барлығы ерте жеткіншек жаста сақталады, бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында болады. Оның айрықша ерекшелігі болып, өзіндік рефлексиясы-ның күштілігі табылады. Яғни, өзін-өзі тануға, бағалауға, өз мүмкіншіліктері мен қабілеттіліктерін білуге талпынысы жатады.

Филип Роистың «Психология подросткового и юношеского возраста» -оқулығында: жасөспірімдердің өзінің уайым қайғылары ойлары, сезімдері мен қызығушылықтары, арман тілектері мен талпыныстары нақты зерттеу мен зейін салу мәніне айналады дейді. Бұл кезеңде оқушы өзінің ішкі әлемін енді ашады, субъективті уайымдарына «Өзіндік меніне» қызығушылық таныта бастайды.Өз тұлғасына қызығушылығына төмен жеткіншектерге қарағанда, жасөспірімдердің өзін-өзі тануы, өзіндік сана-сезімі белсенді және өз тұлғасын өз өзіне бағындыруы туа бастайды [4].

Жасөспірім тұлғасының ерекшелігі оның әлеуметтік адаптациялануды ерекше мойындауында болып табылады, атап айтқанда қоғамдық өмір талаптарына бейімделгендік;

бұл бейімделгендік деңгейінің төмендемеуі; адамның қылықтары мен қалыптарының нақты жағдайларға сәйкестілігі, яғни адекваттылық; психикалық қалыпты өзіндік тарапынан басқара алуы.

Осы ерекшелікті есепке ала отырып, ҚР қабылданған «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықты түзету» бағдарламасында жасөспірімдерің әлеуметтік-педагогикалық реабилитациясын жүзеге асырудың тиімді механизмдерін айқындау мәселесі – бұл жеке тұлғалық сапаларды, оның белсенді өмірлік позицияларын қалпына келтіруге бағытталған тәрбиелік сипаттағы шаралар жүйесін әзірлеу қажеттігі күн тәртібіне қойылды. Бұл реабилитация негізінде өзін - өзі қамтамасыз ету, әлеуметтік ролдер, қоғамдағы мінез-құлық ережелері бойынша іскерлік дағдыларды меңгеру қызметтерін дұрыс жолға қою міндеті шешіледі.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын психологиялық және педагогикалық түзету жұмыстарында жеке тұлғаның ауытқушы мінез-құлқын әртүрлі әлеуметтік институттар реттейді. Мінез құлықтық бұзылулардың күрделі сипаты, олардың алдын алу мен жою әлеуметтік ықпалдардың жақсы ұйымдастырылған жүйесін талап етеді. Сондай жүйенің деңгейлерінің бірі ретінде байланыстырушы рөлін атқаратын және айқын гуманистік бағытымен ерекшеленетін қызмет - психологиялық көмек болып табылады. Бұл факт психологиялық жұмыстың құпиялық, еріктілік және жеке мүдделілік, адамның өз өміріне жауапкершілігін өзіне алуы, өзара сенімділік, қолдау, жеке тұлға мен индивидуалдылықты құрметтеу секілді принциптерінде көрініс табады.

Біз пайдаланып отырған бағдарламада ҚР психологиялық көмек негізгі екі бағытта жүзеге асырылады: психологиялық превенция (ескерту, профилактика) және психологиялық интервенция (қиындықты жеңу, түзету, реабилитация).

Соның ішінде психологиялық интервенция (қиындықты жеңу, түзету, реабилитация) негізінде психологиялық-педагогикалық түзету іс-шараларының ұйымдас-тырудың педагогикалық шарттарын нақтылап және оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп беру осы мақаланың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Жалпы білім беру мектебінің мұғалімі оқу-тәрбиелеу үдерісінде және түзету-педагогикалық іс-шарасында ең басты тұлға болып табылады, ол айрықша педагогикалық ықыласты қажет ететін оқушылармен түзету-педагогикалық үдерісін ұйымдастырады, нақты мазмұнын анықтайды және жүзеге асырады. Ол оқушылар мен ата-аналардың ара-сында байланыс орнатады, қарым-қатынасты түзетеді, балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен мінез құлқындағы кемшіліктердің алдын алуға және жеңуге бағытталған нақты әдістер мен амалдарды іріктейді және қолданады.

Алайда, бүгінгі таңда, кез келген мұғалім түзетуші педагогикалық ықпалдардың толық әдіс-тәсілдерін қолдана алмайды. Мұғалімдердің 40%-70%-і дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылық бар балалардың әртүрлі санаттарымен тәрбиелеу және түзету жұмыстарын ұйымдастыруда түрлі қиыншылықтарға кездеседі. Олар баламен сенімді қарым-қатынас орната алмайды. Оларға тәрбиелеу жағдайын басқару қиын, баланың мінез-құлқының бұзылуына қатысты шешімді олар тым баяу қабылдайды. Олар тәрбиелеу міндеттерін шешуде айрықша амалдарды таба білмейді. Дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылық бар жасөспірімдермен түзету жұмысын ұйымдастыру және жүргізу- олар үшін өте қиын.

Жабық орта жағдайында девиантты мінез-құлықты жасөспірімде өзін-өзі реттеуді қалыптастыру қызметі үйлестіруде педагогикалық қызметтің тағы да бір маңызды аспектісі бар. Сондықтан біз, психологиялық интервенция (қиындықты жеңу, түзету, реабилитация) қолдану арқылы психологиялық-педагогикалық түзету іс-шараларының ұйымдастырудың педагогикалық шарттарының ең бастысы-педагогикалық әрекет *метаәрекет* екендігіне көңіл бөрудің маңыздылығына, яғни басқа әрекетті ұйымдастыра-тын әрекет оқушылардың оқу

әрекеті екендігінде нақты назар аударамыз. Сонда ғана мұғалімнің әрекеті оқушының әрекетіне икемделінеді.

Осылайша, кәсіби-педагогикалық әрекет формасы бойынша мектепте оқу-тәрбие үдерісінің мәні мен мазмұнын және ондағы баланың жеке тұлғасын өзгертуге бағытталған, басқа түрге өзгертуші әрекет болып табылады. Ол мәні мен мазмұны бойынша коммуникативтік, жанама және тікелей қарым-қатынасты қамтыса, құрылымы бойынша құндылыққа бағытталған, педагогикалық құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталған қатынасты, оларды оқушылардың санасына жеткізуді қамтиды.

Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, мұғалімнің түзету педагогикалық әрекеті бірыңғай педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі болып табылады, ал мұғалім — оның белсенді қатысушысы. Сондықтан, оқу-тәрбие үдерісі барысында баланың дамуы мен мінез-құлқындағы ауытқушылықтың алдын алу және жету міндеттерін жүзеге асыру үшін мұғалім тәрбиелеуші педагогикалық үдерістің қатысушысы ғана болып қоймай, оны жүзеге асыруға педагогикалық, физикалық және интеллектуалды, адамгершілік, ең бастысы - кәсіби тұрғыдан дайын болуы қажет.

Біз мақұлдап отырған әлеуметтік-психологиялық реабилитация жабық орта жағдайында девиантты мінез-құлықты жасөспірімде өзін-өзі реттеуді қалыптастыру қызметін үйлестіруде тәуелді жасөспірімдерге көмек көрсетудің ең қолайлы формасы болып санлады. Отбасына әлеуметтік көмек алудың қажеттілігіне жасөспірімнің көзін жеткізу қажет. Сол себепті, әлеуметтік-психологиялық тренингтерді пайдалану қызметін ұйымдастыру да арнайы педагогикалық шарттарға жатады [5].

Нақты мысал келтірсек, өз мінез-құлықтарын басқара алмай, өзін-өзі тәрбиелеуге бейімділіктері жоқ жасөспірімдер қоғамға жат мінез-құлықтары қалып-таспағаны сонша, олар өздерінің теріс қылықтарына талдау бере алмайды. Бұл топқа суицидтік мінез-құлыққа жақын(қатігездік, зорлық-зомбылық көрсетумен қатар ұрлық, тонау, ішімдік және наша тарту) істеріне әбден машықтанған жасөспірімдер енеді.

Осы топтар үшін тренингтер мен тест және ойындар жұмыстарын өткізуді төмендегі мазмұнмен жоспарлауға болады:

- «Жылы сөз» ойыны;
- “Менің ішкі әлемім”;
- «Алманы жұлып ал» ойыны;
- “Мен өз болашағымды қалай көремін”;
- “Қақтығыс және одан шығудың жолы”;
- “Менің отбасым, менің достарым, біз бәріміз біргеміз”;
- “Өзінді жағымды тәрбиелеу”;
- “Өзіңе-өзің көмектес”;

т.б. тренингтер.

Жабық орта жағдайында девиантты мінез-құлықты жасөспірімде өзін-өзі реттеуді қалыптастыру қызметін үйлестіруде психологиялық-педагогикалық қызметтің болуының аса маңызды шарты - олардың жасөспірімнің өзіндегі, және де әлеуметтік, табиғи ортадағы ыңғайсыздықтың түп – тамырын жою, осымен бірге жастардың жеке басындағы қиын мәселелерін шешудегі өздерінің қажетті тәжірибе жинақтау жағдай жасауға негізделуі. Одан басқа жасөспірімдерді қойылған мақсатқа көмектесетін жаңа икемдерге үйрету өте маңызды болып табылады.

Сол себепті, біздің қорытындылауымыз бойынша, көрнекті ғалым С.Л. Рубинштейн: «Баланы тәрбиелеу мен оқыту дамудың белгілі бір деңгейіне жеткенен кейін ғана барып жүзеге аспайды; ол дами отыра оқу-білімге үйренеді, оқу-тәрбиелеу барысында дамиды», - дегендей мұндай даму мүмкіндігі жасөспірімнің әлеуметтік мүмкіндіктері және қоғамдық позицияларымен байланысты болады. Сондықтан, отбасы мүшелерін терапиялық әсерге қатыстыру жақсы коррекциялық нәтижелерді береді. Әлеуметтік-психологиялық



икемділіктің, бейімділіктің қалыптаспауы баланы жалғыздыққа әкеледі, қарым-қатынастан, көңілді балалар ойындарынан шектейді, эмоционалды дискомфорт жалғыздық нәтижесінде туады. Ол өз кезегінде баланың психоэмоционалды қалпын бұзады. Мұғаліммен күрделі қарым-қатынас – мектептегі дезадаптацияға, конфликтіге, тұлғалық дисгармонияға, психологиялық денсаулықтың бұзылуына әкеледі.

Сондықтан, жасөспірімдерде суицидті мінез-құлық бағдарының пайда болуы жиі орын алып, когнитивті әдістер эмоционалды ауытқулардың пайда болуына алып келеді деген түсінікке негізделеді. Сондықтан, әлеуметтік реабилитация қызметі мұғалімдерді жасөспірімдердің ойлауды өзгерту, оны иррационалды нанымдардан босату, яғни, эмоционалды ауырсынуды тудыратын «ақыл-ой қоқысынан» тазарту үшін маңызды көмекші терапия бола алады.

Мақаламызды жасөспірімдердің суицидті мінез-құлық сезімдері мен дағдыларынан арылтуға болады, ол үшін ең алдымен жасөспірімдерді барлық адамдар және бүкіл дүние индивидтікі болуы керек, не керісінше, индивидті толық босату деген абсолютті құтқару ең маңызды болып табылады деп қорытындылаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықты түзету» бағдарламасы// [hello\\_html\\_m3657a7f4.jpg](http://hello_html_m3657a7f4.jpg)
2. [www.unicef.kz.org](http://www.unicef.kz.org)
3. Қожахметова К.Ж, Демеуова Н.Е. Жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік мектептердің, лицейлердің, колледждердің оқушылары мен жоғары оқу орындары арасында темекі шегудің, нашақорлықтың, ішімдікке салынудың алдын – алуға арналған көпсатылы білім беру бағдарламасы. Алматы – 2003. 5 – 20б.
4. Девиантное поведение подростков несовершеннолетних как педагогическая проблема. Педагогика. 1999. №7. С – 38.
5. Иманбекова Б.И., Төлеген М. М. Әлеуметтік дау-жанжалдар түсінігі мен туындау себептері// Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Әлеуметтік және саяси ғылымдар» сериясы, №1(69) 2020 ж.



ӘӨЖ 364.227

### **ҚИЫН ЖАСӨСПІРІМДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МЕКТЕП ҰЖЫМЫ МЕН ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ**

**Пірәлі Фатима Елубайқызы – магистр, оқытушы**

**Асқар Балауса Жақсыбекқызы – студент**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада қиын балалардың сыныптастары және пән мұғалімдерімен қарым-қатынасын өзгерту жолдары.

**Кілт сөздер:** абстрактілі ойлау, педагогикалық этика, қатаң жазалау, девиантты мінез, сауалнама жүргізу.

**Аннотация.** В статье представлены способы изменения взаимоотношений трудных детей с одноклассниками и учителями-предметниками.

**Ключевые слова:** абстрактное мышление, педагогическая этика, строгое наказание, девиантное поведение, анкетирование.

**Annotation.** The article presents ways to change the relationship of difficult children with classmates and subject teachers.

**Key words:** abstract thinking, pedagogical ethics, strict punishment, deviant behavior, questioning.

Ғылыми тұрғыдан зерттегенде, дәл осы балалардың оқуға қызығуларының жоқ екені, олар мектепке де сыймай, үйге де сыйлы болмай, мұғалімдердің береkesін кетіріп, түптің түбінде олардың басым көпшілігінен дайын заң бұзушылар мен қылмыскерлер шығатыны бұрын да дәлелденген. Олардың әр кезеңде әртүрлі аталғаны бізге белгілі: «тәртібі нашар», «қиын», «тәрбиесі қиын» тағы басқа.

Әрбір оқушының өзін қоршаған ортасымен тығыз қарым-қатынаста болатынын, солардың әсерімен дамитынын ескере отырып «қиын» балалардың мінезіне отбасы, мектеп және көшенің қалай әсер ететін жағдайларына жеке-жеке тоқталып көрелік.

Бала тәрбиесіне отбасының жағымсыз әсер ету жақтарын сөз еткенде, оны үш топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Бірінші топ – баланы қалай тәрбиелеуді біледі және дәл солай тәрбиелейді. Олар көп емес, алайда, өздерінің саналы өмірімен және сапалы іс-әрекеттерімен тек өз балаларына ғана тәрбие беріп қоймай, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қолғабыс етіп, басқа ата-аналарға үлгі көрсетеді.

2. Екінші топ – өз балаларына өнегелі тәрбие бергісі келеді, бірақ, қалай тәрбиелеу керек екенінен білмейді. Мұндайлар ата-аналардың басым көпшілігі. Олар білмегендіктен балаларына кері әсер етуі мүмкін.

Енді осы факторларды тарата айталық. Халық даналығы «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Не ексең соны орасың», десе ұлы Абай «тегінде адам аласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі - ақымақшылық» деп түйіндейді. Ал атақты физиолог И.Павлов «әрбір баланың мінез-құлқы ата-анасының жағымды іс-әрекеттерінен үлгі алу барысында қалыптасады» деп тұжырымдайды.

Бала отбасы жағдайында өмірдегі әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасында бірін-бірі сыйлау, қамқоршы болу, бірлесіп еңбек ету секілді игі дәстүрлер қалыптасқан болса, ол ортадан қоғамға қарсы тұратын тәрбиесіз адам шығуы теориялық жағынан алғанда мүмкін емес. Бұл әңгімеміз, әрине, бірінші топтағы ата-аналарға қатысты.

Отбасы тәрбиесінде ең маңызды мәселенің бірі – ата-аналардың педагогикалық көзқарасының қалай қалыптасуында. Қазіргі кездегі аса бай отбасылардың пайда болуы, оларда бала тәрбиесінің дұрыс тәжірибесі қалыптасты деген сөз емес. Міне, осындай отбасылардың кейбір ата-аналары балаларының кез-келген сұрансын мезетте қанағаттандыру, аламын деген нәрсенің бәрін сөзге келмей сатып әперу, үй тірлігіне қатыстырмауы баласының өзімшіл, тек қана тұтынушы, жалқау, басқаның есебінен жақсы өмір сүргісі келетін, арамтамақ болып қалыптасуына әкеліп соқтыратынын ескере де бермейді.

Дәл осыған қарама-қарсы әрекет істейтін ата-аналардың да түсінгі балаларын тура жолдан шығаруға итермелейді. Мұндай ата-аналар өз балаларын аса қаталдықпен тәрбиелеймін деп әртүрлі қысым мен тыйымдарды қолдану, сәл нәрсеге бола қатаң жазалау, ар-намысын қорлайтын әрекеттер жасау арқылы балаларын өздеріне қарсы қояды. Мұндай жағдай да әрине, балалар ата-анасын сыйламайды, олардың баласына айтқан «ақылы» кері әсер етеді. Осындай отбасында «тәрбие» алған баланың тәрбиелі болуы да екіталай.

Үшінші топқа жататан ата-аналар өз балаларының не істеп, немен айналысып жүргендерімен ісі жоқ, оны өзінің міндеті деп санамайтындар. Олардың балалары қараусыз

қалғандай әсер береді. Бұл – ең қауіпті әрі сөз жоқ, девиантты мінезді балалардың басым көпшілігін беретін тбасылар.

Девиантты мінезді оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орната білмеу немесе мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби деңгейінің төмендігі.

Кейбір мұғалімдердің сабақ беру әдісінің төмен болуының әсерінен оқушылардың сабаққа қызықпауы, үлгерімнің нашарлығы, сөз жоқ, оқушылардың тәртібін әлсіреді және ол мұғалімдердің де беделін төмендетеді. Енді осы девиантты мінезді оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне тоқтала кетелік. Бұл қиын балалар өздерінің интеллектуалдық қабілеті жағынан өз қатарларынан қалмайды. Алайда, олардың жоғары психологиялық қасиеттері: зейін, абстрактілі ойлау, есте сақтау тағы басқа әртүрлі жаттығулар мен дағдыларды дамытпағандықтан артта қалған. Соның салдарынан олар қисынды ойлай білмейді, өз ісінің ақырын болжай алмайды, сондай-ақ танымдық белсенділігі төмен, ғылым және саяси-қоғамдық мәселелер мүлдем қызықтырмайды, рухани мәдениеттің не екенінен тіпті бейхабар. Негізінен, олар қарапайым күнделікті өмірдің күйбеңінен аспайды, онда да тек даярға тап болып үйренген, салиқалы да пайдалы іс-әрекеттен гөрі уақытты босқа өткізгенді тәуір көреді.

Тәртіп пен заңды бұзуға бейім тұратын, сабақ үлгерімі нашар оқушыларды сынып және мектеп бойынша анықтау. Ол үшін біріншіден, әр тоқсан сайын бір немесе екі пәннен үлгермейтін оқушыларды анықтап отыру қажет. Үлгермейтін оқушылардың барлығының тәртібі нашар болмас, алайда, қиын оқушылардың басым көпшілігі бірнеше пәндерден үлгермейтіні ақиқат. Екіншіден, сауалнама жүргізу арқылы қиын оқушылар мен педагогтардың қарым-қатынасын анықтап, оны жолға қою мәселесін шешу қажет. Зерттеулер көрсеткендей, девиантты мінезді балалардың басым көпшілігі бір немесе бірнеше мұғалімдердің шиеленісті жағдайда болады, ондай қарым-қатынас олардың түзелуіне кері әсер етеді. Үшіншіден, қиын оқушылардың өз сыныптастарымен қандай жағдайда екенін анықтау және соған лайықты іс-шаралар жүргізу. Олардың көпшілігі өз сыныбында – басбұзар, іріткі салушылар және өзі сияқты бұзақылардың жетекшісі болып келеді. Төртіншіден, ата-аналармен және достарымен әңгімелесу арқылы тәрбиесі қиын оқушылардың бос кездерінде кімдермен жүріп-тұратынын, қандай топтарда, орталарда болатынын анықтау. Себебі дәл сол бейресми топтарда болу арқылы олар темекі шегу, арақ ішу, құмар ойындарын ойнауды әдетке айналдырады. Сонымен қатар, олар өзінен кішілерге әлімжеттік жасауын, жануарларды қаншалықты жәбірлейтінін анықтау да олардың мінез-құлқының бұзылығын көрсетеді. Жоғары да көрсетілген төрт көрсеткіштің екеуінің бар болуының өзі-ақ оқушыны тәрбиесі қиын балалар қатарына қосуға жеткілікті.

Аталған тәрбиесі қиын балалардың тәртібі мен адамгершілік қасиеттерін дамытудағы ауытқушылықтардың себебін зерттеу және жеке басының психологиялық ерекшеліктерін зерделеу. Қиын балалардың «қиындығы» неде екенін білу үшін оның себебін табу керек. Біріншіден, оның жүйкесі мен психикасында ауытқушылық бар-жоғын анықтап білу керек. Мамандардың пікірінше, ол ондай ауытқушылығы бар оқушылардың 10-15 пайызы жүйке немесе психикалық ауру жағдайына байланысты болады екен. Мұндай оқушыларды тәрбиелеуден бұрын емдеу керек.

Екіншіден, сау балалардың адамгершілік қасиеттеріне қандай факторлар жағымды, ал қандай факторлар жағымсыз әсер ететінін анықтап алу үшін ақпарат жинау. Ол үшін әңгімелер, бақылау сауалнама жүргізу, құжаттарды зерттеу әдістері қолданылады. Олардың бәріне дұрыс талдау жасау дегеніміз – қиын балаларды анықтауда қателікке бой ұрмау жағын қарастыру болып табылады.

Девиантты балаларған педагогикалық әсер ету жолдары. Ойланып жоспарланған түзету жұмыстары оқу-тәрбие жұмысында қиын балаларды қайта тәрбиелеу кезеңінде аса маңызды болып табылады.

Біріншіден, мектеп жоспарында қиын балалардың барлығы үшін жүргізілетін іс-шаралар белгіленуі тиіс. Екіншіден, әрбір қиын оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс жоспарының болуы ләзім. Осындай жоспарларда қиын балаларға отбасы тәрбиесінің жағымсыз факторларын болдырмау, кездейсоқ топтардың жағымсыз әсерінен оларды қорғау, сабаққа қызығуын арттыру, қандай да бір істерге ынталандыру сияқты мақсаттар қойылуы шарт. Сондай-ақ, қиын оқушылардың жағымды жақтарын нақтылап, оны олардың өзін түзету ісіне ұтымды пайдалана білу - әлеуметтік педагогтің нағыз ерлігі болып саналды. Әрине, әлеуметтік педагог барлық уақытта сабырлы болуы тиіс. Өйткені, түзету жұмыстары өз жемісін тез арада бере қоймайтынын саналы ұғынуымыз керек.

Қиын балалардың сыныптастары және пән мұғалімдерімен қарым-қатынасын өзгерту жолдары. Сондықтан мектеп мұғалімдері олармен болған қарым-қатынаста педагогикалық этиканы аса қатаң асқақтауы қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ағыбаев А. «Жасөспірімдер қылмысына не себеп?». Заң, №5, 2004.
2. Ақанов А.А., Жылқыайдарова А.Ж. «Мектептердегі нашақорлықтың алғашқы профилактикасының проблемалары», Валеология және дене тәрбиесі, спорт. №2, 2004.
3. Аманқұлова Р.К. «Жасөспірімдердің темекі тартуының алдын алу», Валеология және дене тәрбиесі, спорт. №1-2, 2005.
4. Алпысбаева Г. «Есіктен енді есірткі», Оңтүстік Қазақстан газеті, №74,26 маусым, 2001.



ӘӨЖ 616.89-008.441.44

## ЖАСӨСПІРІМ АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІҢ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ МЕН ЖОЛДАРЫ

Пірәлі Фатима Елубайқызы – магистр, оқытушы  
Ортикбоева Умида Норбой кизи – студент

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада суицидтік ойлар, суицидтік үрдіс, суицидтік әрекеттену, психолог мамандардың көмегі туралы айтылған.

**Кілт сөздер:** аутоагрессия, аутожарақат, психоз, тәуекел, кеңес беру.

**Ключевые слова:** аутоагрессия, аутоотравма, психоз, риск, консультирование.

**Аннотация.** В статье рассказывается о суицидальных мыслях, суицидальных наклонностях, суицидальных попытках, помощи специалистов-психологов.

**Annotation.** The article tells about suicidal thoughts, suicidal tendencies, suicidal attempts, the help of specialist psychologists.

**Key words:** autoaggression, auto-injury, psychosis, risk, counseling.

Суицид дегеніміз – бұл саналы түрде өмір сүруді тоқтату, яғни осы тұрғыдан қарағанда өзіне-өзі қол жұмсау адамның саналы мінез-құлық актісі болып табылады. Әдебиеттерде суицидтік әрекеттерді көбінесе «аутожарақат», «аутоагрессия» деген терминдермен байланыстыра қарайды. Егер аутоагрессия актінің соңғы мақсаты – өзіне-өзі қол жұмсау болса, онда оны суицидтік әрекетке жатқызу керек. Сонымен қатар, қасақана дене мүшесін зақымдауды, психоз күйіндегі адамдардың аутоагрессивті актілерін және осындай басқа да іс-әрекеттерді суицидтік әрекетке жатқызуға болмайды. Жәбірленушінің немесе есі дұрыс емес адамның абайсызда өз өмірімен қоштасуы өзіне өзі қол жұмсауға

жатпайды. Мұндай жағдайларда өмір үшін қауіпті іс-әрекеттер өзін-өзі өлтіруге бағытталмайды және олардың басқа да себептері мен мақсаттары болады, сондықтан оларды жазатайым оқиғалар санатына жатқызу керек. Осы анықтамаға сүйене отырып, «аутодеструктивті» немесе «мінез-құлықтың өздігінен бұзылуы»- деп аталатын жөнсіз тәуекелдің нәтижесіндегі өлімді де өзіне-өзі қол жұмсау деп есептеуге болмайды. Суицидтік мінез-құлық – бұл өзіне қол жұмсау туралы ойларға бағытталған психикалық актілердің сыртқы және ішкі нысандары. Ішкі нысандарға суицидтік ойлар (елестету, уайымдау); суицидтік үрдістер (ниет, мақсат) сыртқы нысандарға – суицидтік көріністер, суицидке оқталу (әрекеттену) жатады.

Суицидтік ойлар (елестету, уайымдау) – өмірдің мағынасыздығы, құнсыздығы туралы пассивті ойлар («Өмір сүруге тұрғысыз», «Өмірде бақыт жоқ», «Өмір сүрмейсің тек қана күнелтесің»), сондай-ақ өз өлімі туралы фантазиялар («Өлсем жақсы болар еді», «Ұйықтап содан қайта оянбасам»), бірақ өзіне-өзі қол жұмсамау. Қандай да бір қақтығысты немесе жүйкені зақымдайтын жағдайларды бастан кешкенде әдетте суицидтік ойлар барлық адамдарда кездеседі, бірақ олар суицидтік үрдіске ұласпайды.

Суицидтік үрдіс (ниет, мақсат) – өзіне-өзі қол жұмсауды жан-жақты қарастыру, суицидтің жоспарын әзірлеу, өзіне-өзі қол жұмсау әдістерін, оның уақыты мен жүзеге асыратын орнын белгілеу болып табылады. Бұл ретте суицидтік әрекетті тікелей орындауға ниеттенуге байланысты сыртқы мінез-құлықта қобалжу байқалуы мүмкін. Осы кезеңде суициденттер көп жағдайларда өзінің суицидтік ниеттерін туыстарына, достарына, тұспалдап немесе әзілдеп (суицидтік көрініс) жеткізеді. Суициденттердің ішінде шамамен 15% мұны ашық және көпшілік алдында білдіреді. Қоршаған орта осындай ашық жариялауларды әдетте шындық ретінде қабылдамай, көбінесе көңіл аудармайды. Алайда оларды бағалауға болмайды. Осындай барлық жағдайларда, яғни ашық пікірлер айтылған кезде міндетті түрде психологтың кеңесі қажет.

Суицидке оқталу (әрекеттену) – өзіне-өзі өлтіру мақсатында өз өмірін қиюға белсенді әрекеттену. Кейде суицидентке байланысты емес себептерден (жарақаттың ауыр болмауы, жіптің үзілуі, уақытылы көрсетілген медициналық көмек, реанимациялық көмек және т.б.) өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті өлімге әкеп соқпауы мүмкін. Соңына дейін жеткізілген өзін-өзі өлтіру мен демонстративтік сипаттағы өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін соңына жеткізілмеген суицид ажырата білу керек. Соңғысы өмірмен қоштасуды мақсат етпейді. Оның мақсаты көпшіліктің көңілін өзіне аудартуға немесе жоғалтқан назарын, зейінін қайтаруға қоршаған ортаның сезімі мен аяушылығына, жазалаудан құтылуға бағытталады. Өзіне-өзі қол жұмсау әдісі. Өзіне-өзі қол жұмсау әдісін, орнын және уақытын таңдау жанама түрде суицидтің аяқталуы сатысында суицидтік ниеттің қандай деңгейде күрделі екенін білдіреді.

Пайдалану бойынша өзіне-өзі қол жұмсаудың мынадай әдістері:

- ✓ Асылу;
- ✓ Қарумен жарақат келтіру;
- ✓ Химиялық заттармен немесе медикаменттермен улану;
- ✓ Жоғарыдан құлау, келе жатқан пойыздың астына немесе көліктің астына түсу.

Суицидке оқталу бойынша әдістер мынадай түрде өзгеше бөлінеді:

- Улану;
- Өзіне-өзі жарақат келтіру;
- Асылу.

Суицидтік тәуекел – жеке тұлғаның суицидтік және суицидке қарсы факторларының өзара қатынасы ретінде бағаланатын өзін-өзі өлтіруге ықтимал дайындалу. Жалпы, адамның жастық кезеңі ересек атану, бір кезеңнен басқасына өту сияқты жас шамасына ғана байланысты емес, сондай-ақ бір әлеуметтік-мәдениеттік кезеңнен келесі сатыға өтуді, алдыңғысының шектеулерінен шығуды білдіреді. Сондықтан, дәл осы өтпелі кезеңде

жастардың бойына ешқашан ажырағысыз мәңгілік құндылықтар дәнегін еге білу, ең алдымен, отбасының міндеті. Себебі, адамның әлеуметтенуі үдерісі дүниеге шыр етіп келген кезден басталады және оның тұлға ретінде қалыптасуына ең басты ықпал ететін – ата-анасы, одан кейін білім беру мекемелері. Мұнда оның денсаулығы, білімі іспетті шарттарға баса назар аударымен қатар, мейірім, жанашырлық сезімдерін егу маңызды. Қоршаған ортасындағы әлеуметтік ахуал, отбасындағы психологиялық климат, ата-анасымен, ұстаздармен өзара қарым-қатынас – оның бәрі баланың бойынан көрініс табады. Осылайша, жүргізілген сауалнама нәтижелері жалпы қазіргі жастардың ортақ мінездемесі деуге әбден болады. Бүгінгі бүкіл әлем халқын шарпыған ғаламдану, бұқаралық коммуникациялық құралдардың шарықтап дамуы және басқа трендтер ең алдымен жастар өміріне орасан зор ықпал етуде. Бұл үрдістен мүлдем бас тарту әлде оқшаулану мүмкін емес, бірақ, оның теріс, жағымсыз үрдістерін неғұрлым азайту, алдын алу бағытындағы іс-шаралар ғана нәтиже бере алады.

Жасөспірімділік кезең – алуан түрлі қарама-қайшылыққа толы, ата-аналардың көпшілігін алаңдататын, уайымға түсіретін күрделі шақ. Себебі осы шақта жеткеншектер өздерін отбасының, сыныптың, қоғамның тең құқылы мүшесі, яғни тұлға ретінде сезіне бастайды. Олар өздерін қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде сезінумен бірге, болашақтағы ересек өмірге жоспар құра бастайды. Олардың бұл жоспары тәжірибесінің аздығынан көмескі болып келеді. Әлі ақыл тоқтатпаған шалалық пен балалық аңғалдықты аңғартады. Бірақ осы жоспар өздері үшін өте маңызды, сондықтан ересек адамдардың араласқанын жақтырмайды, қызғанады себебі олар өз қиялдары жетегінде өмір сүреді. Бұл жастағы балалар ересектер қатарына да жатпайды, бірақ олар бала болғысы да келмейді. Сондықтанда жеткіншекке ересек адамның тығыз байланысы мен өзара терең түсіністігі аса қажет.

Суицидтік іс-әрекетке итермелеудің тікелей себебі – дау-дамайдың пайда болуы. Бұл дегеніміз – белгілі бір адамның маңызды, құнды ұстанымына әсер етуші жағымсыз әрекет, күйзеліс тудыратын жағдай. Суицид қаупі туатын жеткеншектерде жалғыздықты сезіну, ешкімнен көмек күтпеушілік, қайғырушылық, менмендік көріністерінің тереңдеуі басқаның қуанышы мен қайғысына ортақтасуға құлқы болмаушылық жиі кездеседі. Сондықтан кез-келген шағын түсінбеушілік дау-дамайдың өзі суицидтік әрекеттің алғы шарты болуы мүмкін. Осындай жағымсыз түсінбеушілік әрекеттердің алдын алу үшін ең бірінші бағыт тек дұрыс тәрбие беру болып табылады. Елімізде білім беру жүйесінде тәрбиені дамыту соңғы жылдары шын мәнінде өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Білімді, адамгершілікті таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар адам тәрбиелеудегі мемлекеттің тапсырысы – Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдауларында, Қазақстан Республикасы азаматтарының патриоттық тәрбиесі бағдарламасында және т.б. маңызды құжаттарда көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының Конституциясы әр адамға, соның ішінде балаларға, өмір сүру құқығын, қадір-қасиетін құрметтеуді, денсаулықты қорғауға және білім алуға кепілдік береді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 19 қыркүйекте «Мерейлі отбасы» Ұлттық сайысының жеңімпаздарын марапаттау салтанатында сөйлеген сөзінде балалардың құқығын қамтамасыз ету және олардың сапалы білім алуы – болашақтың маңызды инвестициясы деп атады. Мемлекет пен баланың жақындасуында оқу мекемелері маңызды орын болып табылатынын ескере отырып, әлеуметтік саясаттың осы бөлімін жүзеге асыруда білім беру мекемелері басты рөл атқарады. Баланың бойындағы ең басты, ең маңыздылар балалық шақта қаланады, сондықтан да адамның алдағы өмірі мен тағдыры көбінесе осыған байланысты болады. Одан кейінгі уақытта, мектеп қабырғасында болатын, шартты түрде алдын алу, түзету деп аталады, себебі жұмыс бала санасының деңгейінде ғана емес, түйсік бағдарламаларымен жүргізілуімен де маңызды. Мектебімізде оқу жылының басында бекітілінген жоспар бойынша жасалынған жұмыстар барысында

оқушылармен сынып ұжымын қалыптастыруға, оқушыларды әлеуметтік маңызы бар қызымет түрлеріне баулуға, өзін-өзі басқару ұйымын ұйымдастыруға, әлеуметтік тұрғыда мәдениет, спорт, өнер, ғылым және т.б әрекеттерге тарту бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып отырылады. Осы тақырыпта әңгімелесулер, сұхбаттасулар, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстар көбірек жүргізілініп тұрады.

Балалардың суицидтік мінез-құлқының алдын алуда отбасы, мектеп, педагог, психолог, әлеуметтік педагог басты рөл атқарады, олар жасөспірімдерді суицидтік әрекетке жеткізетін көңіл-күймен күресуде ата-аналармен жұмыс атқарады және оларға көмек береді. Ата-аналарды өз баласына сауатты көмек көрсетуі үшін, оны түсінуі мен қолдау көрсетуінде қажет жеткілікті біліммен қаруландыру керек. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті неғұрлым мол болған сайын, олар өз балаларына жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтарды соғұрлым көп меңгертеді. Тұлға қауіпсіздігі – қазақстандық қоғамда басты құндылықтардың бірі болуы тиіс.

Ендеше отбасы құндылықтарынан бастау алатын тәрбие дінгегінің негізі –тұлға қауіпсіздігі деп айтуға болады. Олай болса ата-аналар балалардың жабығуының алдын алуда үлкен рөл атқарады. Егер жасөспірімнің көңіл-күйі күрт құлазыса немесе жабығудың басқа да белгілері байқалса, төмендегі шараларды орындау қажет:

Баламен сөйлесу қажет, көңіл-күйінің неліктен түсіңкі болу себебін анықтау үшін сұрақтар қойып, оның арман-тілектері жайында сөз қозғап, болашаққа жоспар құруға бағыттайтын әңгімелерге жетелеу қажет. Балаға оптимистік серпін беріп, жарқын болашаққа «сендіру», алдына қойған мақсаттарына қол жеткізе алатынына қабілетті екенін, жүрегіне сенімділік отын қондыруға барынша әрекет жасау қажет. Оның «өкпелегіштігін», «күңкілдектігін» кінәламай, керісінше, оның тұлғасындағы жақсы жақтарын көрсетуге тырысу керек. Оны табысты, ақкөңіл, кішіпейіл және сергек балалармен салыстыруға болмайды, себебі бұл онсыз да төмен бағалауын тереңдетіп жібереді. Атасы мен әжесіне, туыс-туғандарға қонаққа, ауылға бару, дала жұмыстырына көмектесу. Сонымен қатар, ит, мысық, алақоржын, тотықұс, балық сияқты жануарларды қолға үйрету, оларға қамқорлық жасау. Қорғансыз үй жануарына қамқорлық жасау баланы іске жұмылдыртып, позитивті күйге шақырады. Жеткіншек күн тәртібін сақтауы қажет. Оның жақсы, мезгілімен демалуын, дұрыс тамақтануын, таза ауада жеткілікті уақыт өткізуін, спорттың қандай да бір түрімен айналысуын қадағалау қажет. Балаға дұрыс ұстаным беру, оның өз-өзіне сенімді болуына көз жеткізу және алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге қабілетті екендігіне сендірген абзал. Ата-ана баланы үнемі «қабағын ашпай, нашар мінез көрсеткендігі» немесе шектен тыс жиіркеншектігі үшін сөкпей, оның жақсы жақтарын көбірек атап, жеке басы мүмкіндіктерінің бар екендігіне сендіре алғаны дұрыс.

Сонымен қатар психолог-маман мұғалімдер мен ата-аналарға суицидтің не екендігін, оның көрініс беру факторларын, күйзелісте, жабығуда жүрген балалардың қандай күйде болатындығын жете түсіндіруде қажет. Ата-анасына қарсы шығып, темекі тартқан, төбелескен кез-келген жасөспірімнің күйзелісті күйде жүруі әбден мүмкін.

Суицидтік әрекеттердің алдын алу үшін психолог-мамандар:

1. Психологиялық жарақат алу жағдаяттарын жеңілдетуі;
1. Суицидтік әрекетке жетектеген себептен психологиялық тәуелділікті азайтуы;
2. Іс-әрекетті қалпына келтіру мүмкіндіктерін қалыптастыруы;
3. Баланың өмір мен өлімге деген дұрыс көзқарастарын қалыптастыруы қажет.

Баланың болар-болмас психикалық ауытқуы байқала бастаған сәтте-ақ ата-ана өзара ақылдасып, психиатрдың кеңесін алған жөн.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Изард К.Э. «Эмоциялар психологиясы» 1999 жыл.
2. Кобалев В.В. «Балалар жасындағы психотрея» 1979 жыл.

3. Елшібаева К.Ф. «Суицидтің алдын алу» Алматы 2008 жыл.

4. «Білім беру мекемелеріндегі суицидтің алдын алу жолдары» Алматы облыстық білім басқармасы, Алматы облыстық мамандарды кәсіби дамыту институты 2011 жыл.



ӘӨЖ 371

## ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ, ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Пірәлі Фатима Елубайқызы – магистр, оқытушы

Сайлаубек Әсел Бауыржанқызы – студент

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада суицидтің өзіне-өзі қол жұмсауды жан-жақты қарастыру, суицидтің жоспарын әзірлеу, өзіне-өзі қол жұмсау әдістерін алдын алу бағыты.

**Кілт сөздер:** суицид, проблема, денсаулық, эмоция, коммуникациялық құралдар, трендтер.

**Аннотация.** В статье рассматривается комплексное рассмотрение суицидальных суицидов, разработка плана суицида, направление профилактики суицидальных методов.

**Ключевые слова:** самоубийство, проблема, здоровье, эмоции, средства коммуникации, тенденции.

**Annotation.** The article deals with the complex consideration of suicidal suicides, the development of a suicide plan, the direction of prevention of suicidal methods.

**Key words:** suicide, problem, health, emotions, means of communication, trends.

Елімізде өзіне қол жұмсау факторы осыдан оншақты жыл бұрын өте өзекті мәселеге айналған еді. Онымен күресудің жолын мемлекет пен қоғам әртүрлі деңгейде іздеді. Соңғы жылдары бұрынғыға қарағанда суицидпен өмірден өтетіндердің саны сәл де болса азайғаны байқалады. Бұл мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралардың жүйелілігі мен қоғамдық ортаның осы дертпен күресуге ыждағаттылығы арқасында болды десек қателеспес едік. Денсаулық сақтау министрлігі мен барлық құзіретті мекемелер дертпен күресудің түрлі тәсілін қарастырып келеді.

Адамның өмірі – қоғамның құндылығы, мемлекеттің қазынасы, Алланың аманаты. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап о дүниеге аттанғанға дейін өз өмірінің қожасына айналып, соған сай ауыр жауапкершілік арқалайды. Ерте ме, кеш пе тіршілігін тоқтатып, мәңгілік мекеніне кетері хақ. Деседе осынау қысқа ғұмырында артына өшпес із қалдыратындар некен-саяқ. Өйткені, тіршілік – өмір, өмір – уақыт. Ал уақытты тек мықты адамдар ғана игере алмақ. Қалай десекте аз ғұмырымызды жақсы өткізуге барлығымыз құштармыз. Бірақ өмір деген даңғыл жол емес екені белгілі. Оның біліп болмас ойы мен шұңқыры, кедергісі мен кеселі жетіп артылады. Кейде тағдыр атты тас бұғаудың талабын орындап, дегеніне көнбеске амалың да жоқ. Соғыс майданындағы мина алаңынан өткен сарбарздардай тым сақ болуыңыз керек-ақ. Есесіне бақыт, шаттық, махаббат секілді жаныңды жадыратып, мерейіңді өсіретін сыйлығы да бар. Осынау қызығы мен шыжығы бірдей тартысқа толы тіршілікте мәнді өмір сүру баршамызға парыз. Бірақ алланың аманатына қиянат жасап, қасиетті парызына құрметсіздік танытатын, өмірін өз қолымен қиып, Әзәзілдің арбауында кететін жандардың да кездесетіні қалай? Бұл да бір кем дүние.

Дерттің асқынуы ғылыми ортаны да дүр сілкіндіріп академиялық деңгейде зерттеуге алып келді. Енді бізде суицидті ғылыми негізде қарастырып көрейік. «Суицид» латын тілінен



аударғанда «sui – өзін-өзі, cadere – өлтіру» деген мағынаны білдіреді. Бұл терминді итальян психологы Г.Дэзен 1947 жылы енгізген. Суицид ұғымы XVII ғасырда пайда болған. Бірақ XVIII ғасырдың ортасына дейін кең көлемде пайдаланылмаған. Тек XX ғасырдың басында өзін өзі өлтіру оқиғалары жиілеген соң «суицид» ұғымы қалыптасып, «суицидология» атты дербес зерттеу саласы өмірге келді. Қазіргі кезде суицидология социология, психология, медицина, демография, психиатрия, криминалистикатоғысында дамып, осындай әрекетке баратын тұлғалардың ерекшелігін, әрекетін, себептерін зерттеуге тырысады. Криминалистикада өзін-өзі өлтіру әрекеті ерекшеліктеріне қарай бірнеше критерий бойынша бөлінеді. Өзін-өзі өлтіретін алдында өз әрекетіне жауап бере алатын, бірақ өте қиын жағдайдағы түскен, ойлана келе болашағының жоқтығына көзі жеткен адамдардың өзін-өзі өлтіруі. Яғни, қорытынды өзін-өзі өлтіру. Мысалы: өтелуі қиын қарыз, жазылмайтын ауру және т.б. жағдайлар.

Ашық қарсыласу түріндегі өзін-өзі өлтіру. Оған бақытсыз махаббат, ажырасу сияқты жан күйзелісіне әкелетін әрекеттер. Ал аяқ астынан өзін-өзі өлтіру дегеніміз – жаман хабар алғаннан кейін немесе отбасындағы не жұмыстағы ойда жоқта пайда болған қиыншылықтан кейін өзін-өзі өлтіруге кенеттен бел буу жатады. А.Г.Абрумова және В.А.Тихоненко суицидтің екі негізгі типін атап көрсетеді: шынайы әрекет және демонстративті-шантажды әрекет. Демонстративті-шантажды әрекетте – өміріне сондай қауіпті емес әрекеттерге барады, яғни денеде ірі қантамырлар жоқ жерлерді кескілеу, онша қауіпті емес дәрілерді ішу. Бір сөбен айтқанда өзіне өлетіндей қауіп төндірмейді.

Шынайы әрекет деп – тұлғаға қатысты қиын проблемалары шешілмеген кезде өзін-өзі өлтіруін айтамыз. Суицидальді мінез құлықтың белгілі бір формасы, тәсілі, дамуы, тәуекел ету факторлары болады. Суицидальді мінез-құлыққа адамның жас ерекшелігі, жынысы, кәсіби ерекшелігі, өмірлік жолының ерекшелігі де әсер етеді екен. Адамның әрбір жас кезеңдеріне сай өзіне тән суицидальді белсенділік болады. Онда балалық шақ 12 жасқа дейін, ал жеткіншек кезең 12-17 жас аралығын құрайды. Жастар арасы 17-29 жас аралығында болса, ересектер арасы 30-35 жас аралығын қамтиды. Сонымен қоса 55-70 жас аралығындағы қарттық кезеңде бар. 5 жасқа дейінгі балаларда өзін-өзі өлтіру әрекетіне бару өте сирек кездеседі. Жанұялық қақтығыстарға байланысты 9 жасқа дейін 2,5%, ал 9 жастан кейін 80% өзін-өзі өлтіру әрекетіне барады екен. Жеткіншек кезеңінде суицидальді әрекеттің себебі болып ата-анасымен, мұғалімдерімен қақтығысқа бару салдары болып табылады. Жастар арасында, әсіресе, қыздар арасында өздерінің жігіттеріне байланысты суицидальді әрекеттерге баратыны анықталып отыр.

Суицидтың ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы. Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидальді кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің кемуімен сипатталады. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы т.б. Жапонияда тек 1986 жылы ғана 25524 жағдай тіркелген. Швейцарияда әскер қатарына шақырылған боз балаларды психологиялық тексеруден өткізген кезде олардың 2% өзін-өзі өлтіруге барған, ал 24%- де суицидальді ойлар айқын көрінгені мәлім болған. Польшада соңғы 10 жыл ішінде 12-20 жас арасындағы суицидтен өлген балалар саны 4 есеге көтерілген, ал оның 21% қыздар алса, қалған 79% ұлдар құрайды.

БӘДСҰ (Бүкіл әлемдік денсаулықты сақтау ұйымы) берген мәлімет бойынша дүние жүзінде жыл бойы шамамен 500 мың адам өз өмірлерін қияды екен. Ең жоғарғы суицид көрсеткіші ол Германия, Австралия, Швейцария, Венгрия, Чехословакияда болса, ең төменгі көрсеткіш Болгария, Ирландия және Үндістан. АҚШ-та өзін-өзі өлтіру деңгейі 100 мың адамнан орташа алғанда 25-29 адамнан келсе, ТМД-да шамамен 23-24 адамнан келіп отыр.

Өзіне өзі қол салу жағдайлары қарттық кезеңде де ұшырасып тұрады. Байыптап қарасақ асыраушысы жоқ, жалғызбасты, ауру мендеген, әлсіз қарттардың суицидке баруы таңданарлықта іс емес. Ал Қазақстанға келсек әлем бойынша жоғарғы деңгейден түспей

келеді. Орталық Азиядағы көршілерінен де ілгері тұр. БҰҰ есебінше, Өзбекстанда бұл көрсеткіш – 9,3 адам, Қырғызстанда – 17,7 адам, Тәжікстанда – 5,2 адам. Қазақстанда 2003-2009 жылдары әрбір 100 мың тұрғынға шаққанда 52,4 адамды құраған. Оның 9,4-і әйел болса, 43-і ер адам. Демек қазақ елінің де суицидтен аз зардап шекпегені көрініп тұр.

Э.Дюркгейм өлімге итермелейтін себептерден бастап зерттеп, бірнеше топқа бөліп қарастырған. Эгоистік себеп (қоғам мен индивидтің арасындағы қарым-қатынастың әлсіреуі), альтуристік себеп (шындық үшін немесе басқа адамдар үшін), аномикалық себеп (қоғамдағы дағдарыс жағдайлар). Әрине, ғылыми классификацияны білуіміз өте қажетті нәрсе. Деседе суицидтің болу себептерін кең көлемде ашалап таныстыра кетейік.

Суицидтің әуелгі себептерінің бірі – сенім. Ал сенім мәселесі діни мәселеге ұласатыны жасырын емес. Сіздің көкейіңізде не үшін деген сұрақтың туатыны заңды. Жапон самурайларының өзіне харакири (ішін қанжармен жару) жасап жатқанын талай кинодан көрген шығарсыз. Жауынан жеңілгенде, намысы тапталғанда немесе саясат пен билікке қарсы шыққанда тәкаппар да ержүрек, батыл да батыр самурайлардың дәл осы әдіске жүгініп жататыны шындық. Олардың мұнысы рухани кемістігінен немесе боркемік әлсіздігінен емес. Мүмкін жапондарға тән ұлттық мінез шығар. Деседе бұл әрекеттің түп негізі будда дінінде жатыр. Өйткені өзін-өзі өлтіруге тек будда діні ғана рұқсат береді. Ал жапондар осы будданың дзен-буддизм тармағын ұстанатыны белгілі. Буддистерде «сансара», исламда «тәсанух», ал ғылымда «реинкарнация» деген ұғым бар. Қарапайым түрде түсіндірсек қайта туылу немесе өлгенен соң қайта өмірге келу дегенді білдіреді. Олардың сенімінде жан мен тән бөлек нәрсе. Жан – өлмейтін абсолют, тән – тек сыртқы қабық қана. Бүгін тәнің өлгенімен жаның басқа формада қайта өмірге келуі мүмкін. Бейнелеп айтқанда жыланның қабық тастап түлегені іспетті. Қабық қалады, жылан ары қарай өмір сүреді. Олай болса жаныңды қимайтын несі бар?! Ертең-ақ өмірге қайта келесің емеспе. Самурайлардың өлімге қорықпай-ақ мойынұсынуының себебін енді түсінген шығарсыз. Кезінде бүкіл қытайды дүрліктірген Ли Хұң Жыда будданың осы сенімін дамытып, суицидті уағыздайтын «Палунгұн» кітабын шығарғанына да көп жыл бола қойған жоқ. Осы кітапқа мүлгіміз деп талай қытай өз-өзін өлтіріп, соңында мемлекеттің күшімен әрең ауыздықталған болатын.

Ал ислам дінінің адам өмірін алланың аманаты санап, «тәсанухты» жоққа шығаратыны бәрімізге белгілі. Демек исламда суицидке итеретін ешқандай түсінік пен догма жоқ. Бұл турасында қасиетті Құран Кәрімде: «Өз-өздеріңді өлтірмеңдер (және соған апаратын бұзықтыққа бармаңдар). Расында (сіздерді бұдан тыйған) Алла сендерге ерекше мейірімді» («Ниса» сүресі, 29-аят), – деген аяты анық дәлел. Сонымен қоса, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әл-Бұхариден жеткен сахих хадисінде: «Кімде-кім өзін темір қарумен өлтірген болса, ол тозақта әрқашан сол темірді көтеріп жүреді. Ал кімде-кім у ішіп өлетін болса, ол адам тозақта мәңгі у ішіп жүретін болады. Егер кімде-кім өзін өлтірмек болып таудан құласа, ондай адам тозақта мәңгі құздан құлап бара жатады», – делінген. Бірақ исламда да өзін өлтіруді бақыт санайтын теріс ағымдардың бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Шиттердің исмаилия тармағының белді өкілі Хасан ибн Саббах тәрбиелеген әскери өнерді жетік меңгерген жендеттердің болғаны тарихтан мәлім. Атақты Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайда осы жендеттердің қолынан мерт болған. Олар аяуды білмес қатыгез де қатал, батыл да жүректі болғаны үшін емес, өз жанын ойланбай қиятын жанкештілігімен басқалардың зәресін ұшырып отырған. Жанкешті болуының себебі олардың сенімінде еді. Олар қайта өмірге келуге иланбаса да, шейіт болу арқылы мәңгілік ұжмақтың төрінде отыратынына сенетін. Осы сенімдері өздерін өлімге жетелеуге итермелейтін. Қазіргі терактілер мен жарылыстарда осы сенімді ұстанған жат пиғылды ислам атын жамылған теріс бағыттағы діни сенімдегілердің әрекеті екені белгілі. Ондай теріс ойдан тек таза исламдық көзқарас пен ұлттық құндылықтар ғана құтқара алмақ.

Келесі суицидке жетелейтін басты себептердің бірі махаббат мәселесі болуында мүмкін. Мұнда махаббаттың қатысы қанша дерсіз. Бірақ өзіне қол салуға бейім адамдардың

түсінігіндегі махаббат өлімге жетелейтіні жасырын емес. Ғашығынан жауап ала алмай немесе қатты қарсылыққа ұшырау, сүйгенінің сатқындығы, онымен қосылуға кедергілердің көп болуы сияқты істер олардың рухын жасытып, жүрегін жаралайтыны айдан анық. Оның шешімін таппаған соң, өмірден түңіліп, тіршіліктен баз кешетіні тағы бар. Оның соңы өліммен аяқталып жатады. Олардың қатарында ойнап жүріп от басып, аяғы ауыр болып қалған аруларда бар. Ағылшын әдебиетінде ғана емес, әлем әдебиетінде де шедеврге айналып, рухани қазына, мәдени құбылыс болып саналатын Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясы есіңізде шығар. Қазақ әдебиетінде де «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты теңдессіз жыр бар. Екуінде де арманына жете алмай қыршынынан қиылған қос ғашық. Ондай аңыздар мен жырлар басқа халықтарда да қаншама. Бүгінде ондай трагедияны кинофильмдерден де көп көреміз. Сіз үшін ол махаббат үшін құрбан болған қос ғашық туралы сұлу жыр, әдемі кино болғанымен, олар үшін еліктейтін әрі оларда махаббат үшін жан қиған деп өздерін ақтайтын орай болмақ. Өзін өлтіруге бел буған соң, өзінің махаббат үшін осындай әрекетке барғанын хат ретінде артына тастап кететін оқиғалар жиі кездеседі. Мұндайды психологияда «Вертер синдромы» деп атайды. Ғашықтық жолында өз өмірін қиюға дейін барған махаббат құрбандарының іс-әрекетін теріс бағытта қабылдап, қате түсінген жастардың санасы улануына осы жағдайда әсер етуде десек қателесе қоймаймыз. Сондықтан оларға махаббаттың өлім үшін емес, өмір үшін керек екенін ұғындырған абзал.

Отбасындағы таусылмас жаңжалда суицидтің қайнар көздерінің бірі болуы мүмкін. Отбасындағы ұрыс-керіс пен түсініспеушіліктер ең бірінші балаларға әсер ететіні рас. Өз ата-анасынан қамқорлық пен жылылықтың орнына қаталдық пен ызғар сезінген баланың психикасы да дұрыс болмасы ғылыми дәлелденген нәрсе. Маскүнем әке, жанарынан жас кетпеген бейшара ана, оны мазақ ететіп масқаралайтын басқа балалар, қорлану мен кемдік жас баланың жігерін жасытып, өмірге деген қызығушылығын жоятыны бесенеден белгілі. Олар өлімі арқылы өзіне көңіл аудартуды мақсат тұтуы да ғажап емес. Соңында не дөрекі, даңғой, мейірімсіз, қоғамға пайдасы жоқ адам болып ер жетеді, не өзіне қол салып суицидке жол береді. Егер өзіне өзі қол салу тек жағдайы төмен отбасыларда ғана кездеседі десеңіз қателескеніңіз. Мұндай қателікке шектен тыс ерке шолжандарда ұрынады екен. Мәселен, ата-анасымен не мұғалімдерімен тайталасқан жағдайда олардан осы арқылы өш алғысы келеді. Ата-анасы мен басқалардың қабірінде жылап, қайғырып тұрғанын елестетіп, оларды осылайша жазаламақ. Оның соңы, әрине, қайғылы өлім болмақ.

Суицидтің тағы бір себебі денсаулық салдары. Өйткені атының өзі адамды қорлайтын немесе жазылуы мүмкін емес ауыруға ұшыраған адамдардың да өз өмірін ерте қиюы кездесіп тұратын жайт. Тіптен олардың қатарында психологиялық ауытқушылығы бар адамдарда ұшырасып жатады. Суицидке бейім балалардың кейбірінің мінез-құлқында ауытқулары бар және олардың шизофрениямен ауыратыны анықталған. Дегенмен, өзін-өзі өлтіргендердің көбінің дені сау, психикасынан ешқандай ауытқу байқалмағандар. Суицидтің тағы бір себебі қылмыстың әсерінен. Байқамай ауыр қылмыс істеп, оның жауапкершілігінен қорқып өзіне қол салғандар ара-тұра болса да болып тұратын оқиғалар.

Суицидтің тағы бір үлкен себебі құмарлық пен ойын. Кеше ғана бүкіл елді дүрліктірген «Синий кит», «Тихий дом», «4:20» дейтін ғаламтордағы ойындар туралы естіген шығарсыз. 2015 жылы Ресейде Филипп Лисс есімді 21 жастағы жігіт ұйымдастырған. Шын аты Филипп Будейкин. «Лис» деген лақап атты қосып алғанының да өз себебі бар. Әдетте түлкілер өз жемтігін алдап құртатыны мәлім. Ол да өз құрбандарын осылайша өлімге итермелеген. Ойынның «Синий кит» аталуы да негізсіз емес. Көк кит - суицид жасаушылардың символы болып саналады. Өйткені көк киттер суицид жасайтын жалғыз жануар. Ойын 50 кезеңнен тұрған. Ойынға қатысушылар алғаш білегіне ұстарамен көк киттің суретін салудан бастап, соңы өліммен аяқталып отырған. Ең қызығы берілген тапсырмаларды сағат 4:20-да орындап отырған. Бұл адамның ұйқылы ояу жүретін шағы. Осындай қитұрқылықтың кесірінен алғашқы құрбан Рина Полинковадан бастап жүздеген

бала ажал құшты. Оның ішінде қазақстандықтарда бар. Кіп-кішкентай ғана ұялы телефонның өзі адам өмірін жалмауға қуатты екенін байқаған боларсыз. Ендеше балаңыздың ойынына да көңіл бөлу керек екенін біле жүргеніңіз артық болмайды.

Суицидке итермелейтін тағы бір себеп өмір сүрудің ауыртпалығы мен қаражаттың жетіспеушілігі немесе қысқаштай қысқан қарыз. Өмірдің сан қабат батпан-батпан қиыншылықтарына төтеп бере алмай, қайраты мүжіліп, жігері құм болған адамдардың тек өлімнен тиянақ табатыны жасырын емес. Өзіне рухани қазық таба алмай, құштарлығы кеміген, жүйкесі жұқарып, санасы сансыраған адамға өлімнен төте жол көрінбесі анық. Құтылар жолы болсада тұтылуға бейім болып, басқаны байқамауы да мүмкін. Ары тартса бері жетпейтін тапшылық, жұмыссыздық, тұрақ табар жайының болмауы жығылған үстіне жұдырық болары сөзсіз. «Сорлыға сойыл бірінші тиеді» дегендей оның үстіне қарыз қысса не істеуі керек? Бүгінде банктен несие алып, сол қарызы үшін үй-жайынанда айырылып жатқандар аз емес. Деседе, өмірдің ауыртпалығынан екінің бірі өлмесі анық. Ең қызығы суицид дамыған, экономикалық әлеуеті зор, әлеуметтік тұрмысы жоғарғы деңгейдегі Германия, Швецария, АҚШ, Жапония секілді елдерде жоғарғы көрсеткішке жетсе, дамымаған Африка елдерінде нөлдік көрсеткішке жақын.

Байқап қарасақ, аталғандардың ешқайсысы суицидтің негізгі емес, қосалқы себептері. Ең негізгі себебі рухани дерт. Яғни, рухының әлсіздігі, қажыр-қайратының кемдігі, қиындыққа берілгіш шарасыздығы. Виктор Франклше айтқанда: «Өзіне-өзі қол жұмсайтын адам өлімнен қорықпайтын, өмір сүруден қорқатындар». Ал рухы биік адамдардың өз-өзін өлімге итермейтіні хақ. Олар өмірге құштар жандар.

Ғалымдар өзіне-өзі қол жұмсаудың себептері мен түрткілері адамның өмірдің мәнін жоғалтуына байланысты деп санайды. Жан-дүние құлазып, кеудесі бос қалғандай аңырып қалған адам үрей мен өзін-өзі кіналауға бой алдырады. Өзін ешкімге қажетсіз сезініп, жан жарасы тереңдей түседі. Осындай түпсіз терең шыңыраудан шығудың жолы тек өмірмен қош айтысу деп түсініп, жаңылыс қадамға баратындар жиі кездеседі.

Бұл арада жақын жандарыңның күнделікті мінез-құлқында, қарым-қатынасында байқалатын өзгерістерге мән беру аса қажет. «Өзін-өзі өлтіру жөнінде шын ойлап жүрген адам өзінің осындай ойы туралы қайткенде де айналасындағы адамдарға әйтеуір бір белгі береді дейді ғалымдар (Гроллман Э. «Суицид: превенция, интервенция, поственция»). Суицид аяқ астынан пайда болмайды, ол біртіндеп, импульсивті түрде келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазіргі мектеп оқушысының социологиялық портреті (Социологиялық зерттеу). - Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 141 б.
2. Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу. (Оқу-әдістемелік басылым). Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2012 ж. К.Ғ. Елшібаева.



УДК 159.9

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

Эгамбердиева Айзада Гаппаровна, педагог-зерттеуші

Астана қаласы әкімдігінің «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицей» КММ

**Аңдатпа.** Қазіргі кезеңде қазақ педагогикасында туындап жатқан суицидке байланысты мәселелердің түпкі себептерінің негізін қарастыра отырып, бұл тығырықтан шығудың жолдары қарастырылады, қоғамдағы нақты мәселелермен тығыз байланыстыра отырып педагогикалық тұжырымдар жасайды, бұл тұңғыықтан шығудың жолдарын қарастырады, ұсыныстар білдіреді. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесін, өзіндік өмір сүру салт-санасын, мәдениетін зерттеген ғалымдар еңбектеріне назар аудара отырып, сыни пікірлер беріледі, түйіндеулер жасалады

**Кілт сөздер:** ұлттық құндылық, отбасы, тәрбие, рухани, жасөспірім, рухани байлық, суицид.

**Аннотация.** В настоящее время в казахстанской педагогике рассматриваются основы первопричинных проблем, связанных с суицидом, пути выхода из этого затруднительного положения, делаются педагогические выводы в тесной связи с реальными проблемами в обществе, даются рекомендации и рассматриваются пути выхода из этой бездны. Обращая внимание на труды ученых изучавших национальное образование, образ жизни и культуру казахского народа, приводились критические мнения и подводились итоги.

**Ключевые слова:** национальная ценность, семья, воспитание, духовность, молодежь, духовное богатство, суицид

**Annotation.** Currently, Kazakh pedagogy examines the basics of the root causes of problems associated with suicide, ways out of this predicament, pedagogical conclusions are drawn in close connection with real problems in society, recommendations are given and ways out of this abyss are considered. Paying attention to the works of scientists who studied the national education, lifestyle and culture of the Kazakh people, critical opinions were given and the results were summed up.

**Keywords:** national value, family, upbringing, spirituality, youth, spiritual wealth, suicide

Бүгінгі адамзат өркениетінің дамуында Табиғи ғылым мен Рухани ғылымның үндессіздігінен, адам тәрбиесі мен тәлімінде орасан кемшіліктер көріне бастады. Сол кемшіліктердің көзге ұрып тұрған екі түрлі сипаттарын ғана атап өтуді жөн көрдік. Ол бүкіл адамзат қауымының өзіншідігі мен құмарпаздығының салдарынан табиғаттағы экзоэкология бұзылып жатса, адам ұрығының улануынан өзінің эндоэкологиясы аса ауыр күйге душар болып отыр. Сондықтан да, бүгінгі Адам тәрбиесі дұрысталмай, қоғамда әділеттілік пен қайырымдылық орнауы мүмкін емес. Ендеше, бүкіл Педагогика мен Психология ғылымдарына батыл көзқарастарға иек артқан, мүлдем жаңа-Методология- Жүйе-Негіздердің ұсынылуы қажет.[1,99]

Қоғамда оқтын-оқтын жасөспірім балалардың және жастардың, кейде ересектердің өзіне қол жұмсау оқиғалары айтылатыны қалыпты жағдайға айналып бара жатқаны бүкіл қоғамды ойландыратын жайт. Маған келіп-кетері жоқ,-деп салғырт есітіп қоя салу да күнә, ертеңіне, ұрпағына немқұрайлы қарамайтын жандарды ойландыратын мәселелер қазіргі кезде ұлттық құндылықтарға терең мән беруіміз қажет сипатты сөздер жиі-жиі айтылып жатыр, бірақ нақты қадамдар байқалмайды, Тәуелсіздік алғаннан бері қаншама жыл өткенмен, бұл мәселе нақты істің жүрмеуінен шым-шытырық болып шатысып бара жатыр.

«Қаншалықты мықты қағанат болмасын, оның халқының арасында пәтуасыз жандар (жалқау, жігерсіз, оңбаған) табылса, онда ол халықтың соры қаншалықты қалың десеңші»,-

деп Тоныкөк бекер айтпаған, заманында пәтуасыздықтың салдарынан елдің қалі қарап болғанын көріп ашына айтқан.

Әр халықтың болашағы жастарына тәуелді, өйткені олар елдің тірегі, жүрегі, ажары. Егер бүгінгі жастар өз халқының рухымен тәрбиеленіп өспесе, онда елдің келешегі бұлыңғыр болмақ. Өйткені ұлттың барша мұрасы жастарға аманат етіледі. Ал жастар оны сақтамаса және өзінен кейінгілерге тапсырып кетпесе, біртіндеп ұлттық атау да өшіп жоғалады.

Олай болса, бүгінгі жастарға көп көңіл аударуға тиіспіз. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Балам» деген жұрт болмаса; «Жұртым» дейтін бала қайдан болсын?» «Болашақта қазақ жастары қандай болу керек? деген сұрақ өте күрделі. Бұл мәселеге баяғыда Абай бабамыз да ой жіберіп, жастар өз ұлтының толық жетілген тұлғасы болып қалыптасуы керек деп, оның үлгісін де жасап, сол жолда кездесетін қазақтың көптеген кемшіліктерін де нағыз психологша айтып кеткен. Ал Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз:» Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген.

Ғұлама Қожа Ахмет Иассауи жастарымызды бүгін қалай тәрбиелесек, ертеңіміз солай болмақ деп ескерткен. Өйткені тәрбие болмаған жерде озық мәдениеттен де, өркениеттен де бос қалады. Яғни, имансыздық орын алады.

Қоғам имансыздығы қоғамның рухани тоқырауға ұшырауы. Ол қоғамдағы адамгершілік ережелерінің бұзылуына, адалдық пен арамдықтың ара салмағының өзгеріне келіп соғады. Сөйтіп қоғам қоғам болудан қалып, қатерлі бір тобырға айналады.

Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінде тарихта рухани тоқырауға ұшырап, құрдымға кеткен империялардың болғанын ескертеді. Ол адамзат қоғамының алға жылжып қозғалыста болатындығы, ол қозғалыспен бірге адамның рухани дүниесі де жетіліп отыруы да қажет дейді. Егер қоғамның жағдайы дамып, рухани дүниесі онымен бірге дамып отырмай, көш кейін қалатын болса, онда ол қоғамның өзін-өзі іштей жеп тынатыны, оның келешегінің болмайтындығын ескертеді. [2,72,73]

Жоғарыдағы ойларды сараптай келе, қоғамдағы өз-өзіне қол жұмсау, беймезгіл өлімге әкелетін жағдайдың түп тамыры, рухани түпқазықтың мығым болмауынан екендігінен көрініс табады. Рухани жұтандық әлемді жаратушы бар екендігі, сол жаратушының да өзін өлтіруді құптамайтын екенін және суицид жасаған кісі жаназасыз жер қойнына қойылатындығын, бұл жөнсіз өлім екендігін, бір алланың қош көрмейтіндігін жасөспірімдер санасына ұялататын сабақтар жүргізілуі қажет. Мектеп қабырғасында діни түсініктерін қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрлеріміз негізінде ақпарат жеткізу, көркем әдебиетті оқыту арқылы тәрбиелеу, тарихқа назарын аудартып қызығушылығын тудыру, еңбек тәрбиесін жандандыру, баланы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу астарында астарында көп мағына жатыр.

Ғылымның, техниканың жетістіктерінің арқасында жеңіл өмірге үйренген жасөспірімнің өмір сүру ортасы, ата-ананың назарынан тыс қалуы салдарынан түрлі-түрлі келеңсіздіктерге кездесуі, баланың рухани тоқырауы кей жағдайда өлімге себепші болып жатыр. Бұл жағдайда қазіргі педагогика, психология ғылымдары мен қоғамның бірлесіп шешетін кезек күттірмейтін мәселесі болып қалу қажет

Әсіресе А.Левшиннің ертедегі қазақтардың бала тәрбиесіне, қыз баланы тәрбиелеуге баса көңіл бөлуіне тоқталып, «Олар қыздарын оқытуға, түрлі қолөнерін үйретуге, ою-өрнек, шілтер тоқуға, ас даярлауға жастайынан бейімдейді. Оны ауыз әдебиетінің асыл үлгісі» қыз анадан үйренбей өнеге алмас, ұл атадан үйренбей сапар шекпес» деген мақалынан байқауға болады», - дейді. [3,354] Бұл еңбектен, қай кезде де, өмір сүру үшін еңбектену қажет, әрқашан да ананың, әкенің баланың қалыптасуына, рухты болып ержетуіне әсері үлкен. Тілін, тарихын білмейтін, жаман әдеттерге әуес жасөспірімнің рухани тоқырауы қоғамымыздың сырқау екендігінен хабар береді.

Қорыта айтатын болсақ, ата-ананың саналы тәрбиесі, отбасылық тәрбие мен балабақша, мектеп сабақтастығы негізінде ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақты

қалыптастыру біз бен сіздің парызымыз. Жігерлі, қайратты, рухани бай жастары бар елдің болашағы мәңгілік екендігі айқын.

### Қолданылған әдебиеттердің тізімі:

1. Үлгілі үйдің ұл-қызы – Народ – истинный воспитатель. Составитель С. Калиев. – Алматы: «Санат», 2000. – 208 с
2. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. Оқу құралы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 448 бет
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. г. Алматы, Санат, 1996. – с 329
4. Оразбекова К.А. Ұлттық психология (жан сырым – жантану). Оқулық 2-кітап. – Алматы. – 200 бет



УДК 159.9

## ТӘУЕЛДІЛІКТЕРДІ КОРРЕКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Мырқасымова М.А. М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті  
«Әлеуметтік психология» кафедрасы

**Аңдатпа.** Алкоголь мен құмар ойындарға тәуелділік психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік салдары бар күрделі мәселелер болып табылады. Нашақорлықты емдеу тәсілдерінің бірі ретінде психокоррекция нашақордың ойларын, мінез-құлқын және эмоционалдық реакцияларын өзгертуге бағытталған әртүрлі әдістерді, әдістерді және стратегияларды қамтитын күрделі және көп қырлы процесс. Психокоррекцияның негізгі мақсаты пациентке тәуелділік мәселесін түсінуге көмектесу, есірткіге, алкогольге немесе құмар ойындарға құмарлыққа қарсы тұрудың жаңа дағдылары мен стратегияларын дамыту, стрессті жеңу механизмдерін және эмоционалдық реттеуді жақсарту, әлеуметтік қызметті қалпына келтіру болып табылады.

**Кілт сөздер:** Құмар ойын, психокоррекция, тәуелділік, психодинамика, психобілім.

**Аннотация.** Зависимость от алкоголя и азартных игр-серьезные проблемы с психологическими, физиологическими и социальными последствиями. Психокоррекция как один из подходов к лечению зависимости-это сложный и многогранный процесс, включающий различные методы, методы и стратегии, направленные на изменение мыслей, поведения и эмоциональных реакций наркомана. Основная цель психокоррекции-помочь пациенту понять проблему зависимости, разработать новые навыки и стратегии противодействия тяге к наркотикам, алкоголю или азартным играм, улучшить механизмы преодоления стресса и эмоциональную регуляцию, а также восстановить социальное функционирование.

**Ключевые слова:** Азартные игры, психокоррекция, зависимость, психодинамика, психообразование.

**Annotation.** Alcohol and gambling addiction are serious problems with psychological, physiological and social consequences. Psychocorrection as one of the approaches to the treatment of addiction is a complex and multifaceted process that includes various methods, methods and strategies aimed at changing the thoughts, behavior and emotional reactions of an addict. The main goal of psychocorrection is to help the patient understand the problem of addiction, develop new

skills and strategies to counteract cravings for drugs, alcohol or gambling, improve stress coping mechanisms and emotional regulation, as well as restore social functioning.

**Keywords:** Gambling, psychocorrection, addiction, psychodynamics, psychoeducation.

Тәуелділіктерді психокоррекциялау қазіргі қоғамның өзекті және күрделі мәселесі болып табылады. Тәуелділіктер есірткі мен алкогольден құмар ойындар мен әлеуметтік желілерге дейін болуы мүмкін. Олар адамдардың денсаулығына, әлеуметтік жұмысына және өмір сүру сапасына теріс әсер етеді, сонымен қатар жалпы қоғам үшін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Тәуелділіктерді психокоррекциялау – бұл тәуелділіктің негізінде жатқан психологиялық механизмдерді өзгертуге бағытталған шаралар мен әдістер кешенін қамтитын кешенді тәсіл. Оған мотивация, қабылдау, эмоциялар, мінез-құлық сияқты тәуелділіктің психологиялық аспектілерімен жұмыс істеу, сондай-ақ тәуелділікті қолдауы мүмкін ішкі қақтығыстар мен мәселелерді шешу кіреді.

Тәуелділіктен емдеу саласында көптеген жаңа зерттеулер мен тәсілдер бар, оларды тәжірибелі дәрігерлер үнемі әзірлеп, қолданады. Төменде нашақорлықты емдеудің жаңа әдістері мен олардың тиімділігінің кейбір мысалдары берілген: Нейробиологиялық тәсілдер. Нейробиологиядағы зерттеулер мидың тәуелділікте қалай жұмыс істейтінін жақсы түсінуге көмектеседі және бұл емдеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бұл әдістердің кейбіреулері мидың қалыпты жұмысын қалпына келтіру үшін дәрілік терапияны қолдануды қамтиды, мысалы, ауыстыру терапиясы, рецепторлардың блокаторлары және басқа фармакологиялық тәсілдер. Бұл әдістер абстиненция белгілерін азайтуда, заттарға құмарлықты азайтуда және қалпына келтіру процесін жеңілдетуде тиімді болуы мүмкін.

Психотерапиялық тәсілдер. Нашақорлықты емдеуде тиімді болатын бірнеше психотерапевтік тәсілдер бар. Кейбір жаңа тәсілдерге когнитивті мінез-құлық терапиясы, мотивациялық сұхбат, диалектикалық мінез-құлық терапиясы және т.б. кіреді. Бұл тәсілдер пациенттерге теріс ойлау үлгілерін өзгертуге, өзін-өзі басқару стратегияларын дамытуға, эмоцияларды реттеу дағдыларын жақсартуға және өзгерістерге мотивацияны дамытуға көмектеседі.

Технологиялық инновация. Технология дамыған сайын тәуелділікті емдеудің жаңа тәсілдері пайда болады. Мысалы, мобильді қосымшалар, онлайн қолдау, телемедицина қызметтері және басқа да технологиялық шешімдер қолдау көрсету, емдеуді қадағалау және психологиялық білім беру үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл инновациялар емделушілерге, әсіресе ұзақ мерзімді қолдау аясында емдеуді қолжетімді және ыңғайлы ете алады [1, Б.24].

Интеграциялық тәсілдер. Нашақорлықты емдеудің интегративті тәсілдері әртүрлі психологиялық пәндердің әртүрлі әдістері мен әдістерін біріктіреді. Мысалы, фармакотерапияны психотерапиямен, отбасылық терапиямен, психобілім берумен және басқа әдістермен біріктіру тәуелділікті емдеуде тиімді болуы мүмкін. Интегративті тәсілдер пациенттің жеке қажеттіліктеріне бейімделген кешенді емдеуді құруға мүмкіндік береді және емдеудің тиімділігін және ұзақ мерзімді нәтижелерді жақсарта алады.

Профилактикалық бағдарламалар. Тәуелділіктен емдеудің жаңа тәсілдерінің бірі - олар пайда болғанға дейін тәуелділіктің алдын алуға бағытталған алдын алу бағдарламалары. Мұндай бағдарламаларға затты қолданудың қауіптілігі туралы ақпарат беру, заттарға төзімділік дағдыларын дамыту, стресс пен эмоцияларды басқаруды үйрену және салауатты өмір салтын насихаттау кіреді. Алдын алу бағдарламалары нашақорлық қаупін азайтуда және жастар мен басқа тәуекел топтарында салауатты әдеттерді насихаттауда тиімді болуы мүмкін.

Дегенмен, тәуелділікті емдеудегі жаңа тәсілдердің тиімділігі клиникалық жағдайларда одан әрі зерттеу мен бағалауды талап ететінін атап өткен жөн. Әрбір науқас бірегей және емдеудің тиімділігі көптеген факторларға байланысты өзгеруі мүмкін, мысалы, тәуелділік түріне, оның даму дәрежесіне, әлеуметтік жағдайға және т.б. Нашақорлықты емдеу кешенді



және жеке болуы керек, сондай-ақ тәсілдерді таңдау керек. әр пациенттің қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, тәжірибелі мамандар жүргізеді. [2, Б.75].

Бұл жерде бізге қызық әрі де керегі психотерапиялық әдістер. Психотерапиялық тәсілдер тәуелділікті емдеуде маңызды рөл атқарады және пациенттерге тәуелділік мінез-құлқының психологиялық аспектілерімен күресуге көмектеседі. Нашақорлықты емдеуде кеңінен қолданылатын кейбір психотерапиялық тәсілдер:

**Мінез-құлық терапиясы:** Бұл тәуелділікті емдеудегі ең көп таралған әдістердің бірі. Мінез-құлық терапиясы пациенттерге тәуелділікпен байланысты пайдасыз немесе зиянды мінез-құлықтарды тануға және өзгертуге көмектеседі. Мінез-құлық терапиясы арқылы пациенттер заттарға құмарлықты немесе деструктивті мінез-құлықты бақылауды үйрене алады, оларды тәуелділікке қайта оралғысы келетіндей күресу дағдыларын дамытады және салауатты баламаларды дамытады.

**Психодинамикалық терапия:** Бұл тәсіл тәуелділіктің негізінде жатқан бейсаналық эмоционалды және психологиялық факторларды зерттеуге бағытталған. Психодинамикалық терапия пациенттерге қанағаттанбаған эмоционалды қажеттіліктер, жасырын қақтығыстар және өзімен және басқалармен жағымсыз қарым-қатынастар сияқты жасырын факторларды білуге және зерттеуге көмектеседі. Осы факторлар туралы біле отырып, пациенттер жағымсыз эмоциялармен және тәуелділікпен күресудің сау жолдарын дамыта алады [3, Б.45].

**Когнитивті мінез-құлық терапиясы:** Бұл когнитивті және мінез-құлық терапиясының элементтерін біріктіретін біріктірілген тәсіл. Бұл пациенттерге тәуелділікті қолдайтын және стресстік жағдайларға дұрыс ойлау және жауап беру әдістерін дамытатын пайдасыз сенімдер мен ойлау қателерін анықтауға және өзгертуге көмектеседі. Когнитивті мінез-құлық терапиясы сонымен қатар эмоцияларды реттеу дағдыларын дамытуды, стрессті басқаруды қамтиды.

**Топтық терапия:** Топтық терапия - бұл тәуелділікті емдеудің тиімді тәсілі, әсіресе әлеуметтік оқшауланумен немесе жалғыздық сезімімен күресетіндер үшін. Топтық терапияда пациенттер нашақорлықпен күресетін басқа адамдармен араласып, өз тәжірибесімен, сезімдерімен және алаңдаушылықтарымен бөлісе алады. Топтық терапия қолдауды, түсінуді және өзгерістерге мотивацияны қамтамасыз ете алады, сондай-ақ эмоционалды реттеуді, тұлғааралық өзара әрекеттесуді және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

**Отбасылық терапия:** Нашақорлық көбінесе науқастың отбасы мен жақындарына әсер етеді. Отбасылық терапия тәуелділік мәселелерін шешуге және оның мүшелері арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектесу үшін отбасы жүйесімен жұмыс істеуге арналған. Отбасылық терапия отбасына дені сау науқастарды қолдау, қарым-қатынасты жақсарту және тәуелділікті тудыруы мүмкін отбасылық жанжалдарды шешу стратегияларын жасауға көмектеседі [4, Б.91].

**Психобілім беру:** Психобілім нашақорлықты емдеудің маңызды бөлігі болып табылады. Пациенттер тәуелділіктің физиологиясы, оның себептері, тәуелділік мінез-құлқын қолдайтын механизмдер және денсаулыққа тигізетін салдары туралы біле алады. Психобілім сонымен қатар күресу дағдыларын дамытуды, құмарлықты басқаруды және дұрыс күресу стратегияларын әзірлеуді қамтуы мүмкін.

**Интегративті тәсіл:** Кейбір нашақорлықты емдеу бағдарламалары жеке пациенттің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді біріктіретін тұтас тәсілді пайдаланады. Бұл пациенттің нақты жағдайына және қажеттіліктеріне байланысты жеке терапия, топтық терапия, отбасылық терапия және басқа терапевтік әдістердің комбинациясын қамтуы мүмкін.

Нашақорлықты емдеудегі психотерапиялық әдістердің тиімділігі науқастың жеке ерекшеліктеріне, тәуелділік дәрежесіне, қатар жүретін аурулардың болуына және басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін екенін атап өткен жөн. Бір немесе басқа тәсілді

немесе олардың комбинациясын таңдауды тәжірибелі психотерапевт нақты жағдайларды ескере отырып жасауы керек.

Жоғарыда аталған тәсілдерден басқа, когнитивті мінез-құлық терапиясы, психодинамикалық терапия, экзистенциалды гуманистік терапия және т.б. сияқты басқа да психотерапиялық әдістер бар, олар да науқастың жеке қажеттіліктері мен денсаулық жағдайына байланысты тәуелділікті емдеуде тиімді болуы мүмкін. психотерапевттің айтуы бойынша кәсіби.

Нашақорлықты психологиялық деңгейде емдеудің психотерапиялық әдісінің тиімділігі жоғары болуы мүмкін және әртүрлі факторларға байланысты, мысалы, тәуелділік дәрежесі, мәселенің ұзақтығы, қатар жүретін психологиялық немесе психикалық жағдайлардың болуы, мотивация және оған дайындық деңгейі. өзгеруі, психотерапевттің біліктілігі мен тәжірибесі және тандалған психотерапия әдісінің науқастың жеке ерекшеліктеріне сәйкестігі. [5, Б.21]

Зерттеулер көрсеткендей, психотерапевтік тәсілдер тәуелділікті емдеуде тиімді болуы мүмкін. Мысалы, когнитивті мінез-құлық терапиясы (МҚТ) пациенттерге тәуелділікке байланысты теріс ойлау мен мінез-құлықты өзгертуге және эмоцияларды реттеуде, проблемаларды шешуде, стрессті басқаруда және қайталанудың алдын алуда жаңа дағдыларды дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, психодинамикалық терапия тәуелділіктің негізгі себептерін түсінуге және тәуелділікпен байланысты эмоционалды қақтығыстармен жұмыс істеуге көмектеседі.

Дегенмен, психотерапиялық әдістің тиімділігі нақты жағдайға және науқасқа байланысты өзгеруі мүмкін екенін атап өткен жөн, және барлық пациенттер психотерапияға бірдей жақсы жауап бере алмайды. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау, басқа емдеу әдістерінің болуы, пациенттің мотивациясы және т.б. сияқты басқа факторлар психотерапия нәтижелеріне көмектесуі немесе кедергі келтіруі мүмкін.

Сондай-ақ, психотерапия тәуелділікті емдеудің жалғыз әдісі емес екенін және кейбір жағдайларда дәрі-дәрмектерді, медициналық оңалтуды, әлеуметтік қолдауды және басқа да шараларды қамтитын кешенді тәсіл қажет болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Нашақорлықты емдеудің оңтайлы тәсілін психотерапевт пациенттің ерекшеліктерін және психотерапевттің кәсіби тәжірибесін ескере отырып, жеке негізде әзірлеуі керек.

Осыған қарамастан, зерттеулер мен клиникалық тәжірибе психотерапевтік тәсілдер тәуелділікті емдеуде тиімді болуы мүмкін екенін растайды, әсіресе олар тәуелділікке әсер ететін көптеген факторларды ескеретін кешенді тәсілді қамтитын кезде. Психотерапия пациенттерге өздерінің тәуелділігін жақсы түсінуге, эмоцияларды реттеуге, стрессті басқаруға, тұлға аралық және өзін-өзі басқару дағдыларын жақсартуға, өзгертуге және ұзақ мерзімді ремиссияға мотивацияны арттыруға арналған бейімделу стратегияларын дамытуға көмектеседі.

Алкоголь мен құмар ойындарға тәуелділік психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік салдары бар күрделі мәселелер болып табылады. Нашақорлықты емдеу тәсілдерінің бірі ретінде психокоррекция нашақордың ойларын, мінез-құлқын және эмоционалдық реакцияларын өзгертуге бағытталған әртүрлі әдістерді, әдістерді және стратегияларды қамтитын күрделі және көп қырлы процесс. Психокоррекцияның негізгі мақсаты пациентке тәуелділік мәселесін түсінуге көмектесу, есірткіге, алкогольге немесе құмар ойындарға құмарлыққа қарсы тұрудың жаңа дағдылары мен стратегияларын дамыту, стрессті жеңу механизмдерін және эмоционалдық реттеуді жақсарту, әлеуметтік қызметті қалпына келтіру болып табылады [6, Б.63].

Дегенмен, тәуелділіктерді психокоррекциялаудың тиімділігі көптеген факторларға байланысты өзгеруі мүмкін, мысалы, тәуелділік дәрежесі, проблеманың ұзақтығы мен ауырлығы, қатар жүретін психологиялық немесе медициналық жағдайлардың болуы,

пациенттің өзгеруге мотивациясы, сондай-ақ біліктілігі. және психокоррекцияны жүзеге асыратын маманның тәжірибесі.

Осылайша, тәуелділіктерді психокоррекциялау тәуелділікті емдеудегі маңызды тәсіл болып табылады, ол тәуелділіктің дамуы мен сақталуының психологиялық механизмдерін түсінуге, сондай-ақ тәуелділікпен күресудің және оны жеңудің жеке стратегиясын жасауға негізделген. Психокоррекцияның тиімділігі көптеген факторларға байланысты және пациентпен, оның қоршаған ортасымен және кәсіби мамандармен жұмыс істеуді қамтитын жаһандық және терапевтік көзқарасты талап етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2016 — 2017 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 мамырдағы N 784 Қаулысы.
2. Баландин А., Баландина Л., Джанибеков В. Самые опасные наркотики. — Изд. «Гроссмедиа», 2018.
3. Сердюкова Н. Б. Наркотики и наркомания. Ростов н/Д., 2014.
4. Коляева М. "Отбасындағы балалардың арасындағы бәсекелестік деңгейін анықтау шкаласы" тесті/ М. Коляева, Ф. Бизақова, Г. Канищева (стр.30.) 2014
5. Семенова О. Самоубийцы// Рудный Алтай, 2015, 20 ноября.
6. Осипова А.А. Справочник психолога по работе в кризисных ситуациях, А.А. Осипова. — Ростов-н/Д: Феникс, 2015. - 315 с.



**ӘӨЖ 37.013.77**

## **ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚЫЛЫҚ АУЫТҚУЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

**Нағашыбаева Сағым Көпбайқызы**

**Психологиялық қолдау орталығы, ЖШС «Psychology orkeni», Алматы қаласы**

**Аңдатпа.** Қоғамның кез-келген орындарында, экономикалық даму және дамымау деңгейіне қарамастан, ерекше назар аударуды қажет ететін әлеуметтік топтар болады. Олар, физикалық немесе дамуында психикалық тұрғыдан белгілі бір ауытқулары бар адамдар. ҚР Мемлекетімізбен қоғамымызда оларға деген ерекше қатынас қалыптасқандықтан ол өзгерістер әлеуметтік психологиялық мәселе болып саналады. Себебі, «қиын жасөспірімдермен жеткіншектер» жағдайларды шиеленістіріп, сандық өсуін сипаттайтынын атайды.

**Тірек сөздер;** Жасөспірімдер, жеткіншектер, өзін-өзі өлтіру, мінез қылық, денсаулық, депрессия, әлеуметтік фрустрация, ДДҰ (Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымдары).

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема суицида в подростковом возрасте, характерные черты подросткового суицида, а так же суицидальное поведение учащихся старших классов. Изучение проблемы суицида среди молодежи показывает что в целом ряде случаев подростки решались на самоубийство в целях обратить внимание родителей, педагогов на свои проблемы и протестовали таким страшным образом против бездушия, безразличия, цинизма и жестокости взрослых. Решаются на такой шаг, как правило, замкнутые, ранимые по характеру подростки от ощущения одиночества, собственной ненужности, стрессов и утраты смысла жизни. Своевременная психологическая поддержка, доброе участие, оказанное подросткам трудной жизненной ситуации, помогли бы

избежать трагедии.

**Annotation.** The article is devoted to the suicide problem at teenage age, characteristic features of a teenage suicide, and also suicide behavior of studying senior classes. Studying a suicide problem among youth shows that in a number of cases teenagers decided on suicide for paying attention of parents, teachers to the problems and protested in such terrible way against callousness, indifference, cynicism and cruelty of adults. As a rule, closed, vulnerable teenagers decide on such step from feeling of loneliness, own uselessness, stresses and loss of meaning of the life. Timely psychological support, the kind participation rendered to teenagers in a difficult life situation, would help to avoid the tragedy.

Қазіргі кезеңде, ХХІ ғасырға үлкен ғылыми-техникалық жетістіктермен жетіп отырмыз. Сол себепті, жеткіншектердің мінез-құлықтарының ауытқуы жайлы мәселе кең шеңберде зерттелуде. Мектеп мұғалімдерімен тәрбиешілердің және ата-аналардың негізгі көкейкесті мәселесінің бірі болғандықтан заман талабына байланысты бұл мәселе, яғни жеткіншектердің мінез-қылық ауытқуы ерекшелігінің жағдайы толыққанды зерттелмегендіктен, мақала тақырыбын «Жеткіншектердің мінез-құлық ауытқуының ерекшеліктерін зерттеу» деп алдым. Сондықтан да, бұл мәселе шеберлік сыныптағы семинармен өзектілігінде түйінделеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте осы мәселеге айрықша тоқталып: «Болашақ ұрпаққа қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп - мектептеде, көшедеде тіпті үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр. Тіпті ата-аналардың өздері баласына қорлық көрсетіп, оның арты қайғылы жағдайға ұласып жатады. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы әлсіз. Жауапты мекемелер мен құқық қорғау органдарының қызметі ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарауымыз қажет. Бұл тұрғыда әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау іс-шараларын заңмен күшейту керек», деп атап өтті. Президент аталған мәселе кешенді іс-шаралар қабылдауды қажет ететін өткір проблема екенін баса айтты. Себебі әрбір педагог психологтарда оқушымен жұмыс жасауға сағаттың жоқтығынан келеңсіз жайлар еліміздің әр өңірінде жыл сайын қайталануда. Суицидтің себеп-салдарымен күрес мәселесіне бағытталған түрлі іс-шаралар қолға алынғанымен, нәтиже көңіл көншітпейді. Статистикалық есеп бойынша, ДДҰ сақтау деректері бойынша – өз өміріне қол салуына себеп болатын факторлар; денсаулығы нашар - 1,2 пайыз, қаражат қиындығынан – 3 пайызы, өмір сүру ауыртпалығынан - 6 пайызы, құмарлықпен отбасы келіспеушілігінен – 18 пайыз, рухани дерттен - 19 пайыз. Сонымен қатар, жазасын өтеуден жалтару және т.б өзіне қол салу фактілерінің - 41 пайызы айғақсыз күйде қалып отырған [1].

Ал енді мен айтып отырған Қазақстандағы жасөспірімдер мен жеткіншектер арасында өз болашағына балта шабу фактілері азаймай тұр. Айталық елімізде 2018 жылы 3 533 адам суицидке барған болса, оның 200-ге жуығы – кәмелетке толмаған жеткіншек. 2019 жылы өзіне қол салған 3 794 азаматтың 180-і – өрімдей жас. Оның 47-сі – 14 жасқа толмаған уыздай балалар. Ең өкініштісі, жыл өткен сайын бұл статистикада айтарлықтай өзгеріс жоқ. Қыруар жұмысты жеңілдеткенімен, ақпараттық технологиялардың кеңге құлаш сермеуі адамзат алдына жаңа қауіп-қатерлер әкелді. Жаһандық мамандар соңғы 10 жылдың бедерінде жасөспірімдермен жеткіншектердің ғана емес, жалпы әлем жастарының психикалық денсаулығында айтарлықтай кедергілер туындағанын айтып дабыл қағуда. Дамыған елдердегі сияқты, дамушы елдерде де жастар психикалық дертке ұшырауда. Мәселен, табысы жоғары елдердің өзінде 11 мен 15 жас аралығындағы балалардың төрттен бірі күніне екі не одан да көп рет әлсіреу, ашушаңдық, күйгелектену немесе ұйқының бұзылуы сияқты психологиялық белгілерді бастан өткеретін көрінеді. Егер оларға дер кезінде көмек

көрсетілмесе, өмір сүру сапасының төмендеуі Девиантты қылыққа әкеліп соғуы әбден мүмкін.

Елімізде ХХІ ғасырдың бас кезінен бастап, Жеткіншектермен жасөспірімдер арасындағы «Суицид» мәселесі өзекті проблема болып келеді. Негізінде, Суицидтік қылық әрекеті адамзатта көбінесе, қатты күйзеліске ұшырағандықтан депрессиялық жағдайларда болып отырады. Торығу – депрессия деген ұғымды береді. Торығудың торынан құтылу жолы – өзіне қол салу шешімі деп қабылдауынан жеткіншектер арасындағы суицидтің салдары сан алуан болған. Отбасындағы жанжал, жауапсыз махаббат, қоғамда өзін төмен сезінуі, қатарластарынан теперіш көру және т.б. Психология ғылымы тұлғаның өз өміріне қол салуын психикалық нормадан ауытқумен байланыстырады.

– Психикалық қалыптан ауытқу – адам психикасын жаралайтын қиын жағдаяттардың ықпалымен өмірден өтудің ұғынылған түріндегі әктісі болғандықтан адам өмірі ең қымбат құндылық ретіндегі мәнін жоғалтады. Ол – адамның ішкі болмысына жасалған жауыздығы. Суицидке көбіне-көп рухани әлсіз, психикалық тұрғыдан тұрақсыз адамдар шалдығады. Ортасындағы күнделікті күйзеліс, қысым, адамға әсер етеді. Жоғары суицидтік тәуекелдік шеңберінде жүргендердің қатарына депрессиядағы адамдар, ішімдік және темекі, кейбір наша қолданатын жеткіншектер, отбасы мүшелерінің өз-өзіне қалай қол салғанына куә болған балаларда жатады. Дегенмен кей жағдайда аса дарынды балалар, оқу үлгерімі төмен жеткіншектер, аяғы ауыр қыздар, зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандар, негізінде діни секталардың ықпалына түскендер де бұл санаттан орын алады. Суицидтік әрекетке ұшыраудың факторлары – болашаққа шарасыздықпен қарау, арман-мақсаттың болмауы, өмірден түңілу, әлеуметтік қолайсыздық, қоғамнан оқшаулану һәм шеттетілу – қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуден қашу. Ата-ана тарапынан балаға тиісті көңіл бөлінбеу, мейірімсіздік, қаталдық көрсету, ата-ананың айырылысуы, отбасындағы жағымсыз ахуал, елеусіз қалу, тұрмыс тапшылығы, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастағы жағымсыз әсерлер. Қазіргі біздің қоғамда суицидке баратындар – өмірдің мәнін іздеп таппаған өрімдей балдырғандар. Суицидке қарсы тұратын факторлар – рухани жаңғыру, тәлім-тәрбиелік құндылықтарды оқып түсіну, психикалық тұрақтылық, кез-келген жағдайға бейімделе білу, өмірлік құндылықтарды ескеру, өмір сүруге құштарлық, суицидтік ойлардың күнә екенін сезіну мен діни сенім деңгейінің жоғарылығы. Бұлар адамның психологиялық қорғанысын қуаттайды. Өзіне жақын тұлғалардың айрықша құрметі, аманат сезімін және жауапкершілікті сезіну, өзіне зақым келтіруден қорқу, денсаулығына мән беру, шығармашылық һәм өмірлік жоспар құру тұлғаны жаман ойдан арылтады. Күйзелістен құтылудың жолын қарастыру қажет. Біреу мақтаса, мейлі әлдекімнен ауыр сөз естісе де оны жүрекке жақын қабылдамау жеткіншекті бұл бағытта шындай түседі. Болған жағдай сол орында қалуы керек. Осы қағидатты ұстанған адам күйзелістен міндетті түрде арылады. Адам шарасыздыққа ұшырағанда әртүрлі сайттардан «өмір сүруден шаршаның ба?» деген сауалға жауап іздей бастайды. Атыс-шабыс, қарақшылық бағытындағы сюжеттерге негізделген фильмдерді жан-тәнімен тамашалап, ішімдік пен есірткіні татып көргісі келеді. Ғылымда суицидтік кезең екіге бөлінеді. Алғашқысы суицидке қатысы бар кезең ретінде бағаланып, ал екіншісі секунд аралық және жыларалық болып жіктеледі. Мәселен, қатерлі шешімге біреу санаулы сағаттар ішінде бел байласа, біреулер жылдар бойы осы ойлардың шырмауында жүруі мүмкін. Адамдардың кез-келгенін байқасаңыз тәуелділік нысанысыз өзін жақсы сезіне алмайды. Себебі, тәуелділік оны әрқашан қажет етіп тұрады. Тәуелділік мәселесі еліміздің өткір әрі күрделі әлеуметтік мәселелерінің біріне айналды. Тәуелділік мінезі деген не? Тәуелділік мінезі - өзінің психикалық жағдайын психобелсенді заттарды қолдана отырып өзгерту жолы арқылы шынайылықтан кетуге ұмтылуы болып саналады[2].

– Қазір жеткіншектер арасында буллинг пен кибербуллинг қарқын алып тұр. Бұл – үлкен проблема. Буллинг дегеніміз – бірнеше адамның із кесіп, қудалап-қорлауы, кемсітуі, күш көрсетуі. Оқушылар арасында бір-бірін қорқыту, бопсалау, ар-намысқа тию өтпелі

кезеңде тұрған жеткіншектерге қатты әсер етеді. Мектеп психологтері мен мұғалімдер, ата-аналар балалармен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы мұның алдын алуы керек. Ата-аналарға балаларын кибербуллингтен қорғау үшін мынадай кеңес айтар едім. Компьютерді үйдегі ортақ бөлмеге орналастырыңыз. Балаңыз қолданатын сайттардың мекенжайы көрсетілген «Тандаулар тізімі» сақтық үшін болуға тиіс. Желіде құпиялылық ережелері болатынын үйретіңіз. Балаңызға желідегі алаяқтар мен қаскүнемдердің теріс пиғылдары жайлы мысалдар айтып алдын ала сақтандырыңыз. Өзі танымайтын виртуалды таныстық бойынша кездесуіне тыйым салыңыз [3].

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Ұлттық тәрбие. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Республикалық ғылыми көпшіл журналы. С.Ж Пірәлиев, Г.К Шолпанқұлова Алматы, -2011. -208 б.
2. Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы «Психология ғылымы мен тәжірибесінің қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешудегі ролі». «Қазақ психологиялық қоғамының» ІІ-ші съезіне арналған халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның *материалдары 17 мамыр Алматы. – 2021. – 336 б.*
3. <https://egemen.kz/article/341418-zhas-orim-dgane-omir-daghdarysy>  
Суицид. Жас өрім және өмір дағдарысы. Республикалық Егемен Қазақстан газеті А.Октябрь, С.К Нағашыбаева 02 мамыр Алматы. -2023ж.



ӘӨЖ 347.9

## ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Абенова Айнура Бақбергеновна

7М03130-«Психология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты

Айтенова Эльмира Абдикалиевна, PhD, доцент

М. Әуезов атындағы ОҚУ., Қазақстан, Шымкент қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада құқықтық сананың психологиялық құрылымы ашып көрсетіледі. Құқықтық сана табиғаты бойынша көпөлшемді сипатқа ие. Бұл тұлғаның санасындағы құқықтық құбылыстардың бейнелену тетіктеріне байланысты құқықтық сананың құрылымын зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан құқықтық сананың құрылымын, мазмұнын, функцияларын және қалыптасу тетіктерін қолданбалы сипатта және теориялық тұрғыдан зерттеу өзекті мәселенің біріне саналады. Оны жалпы психология мен әлеуметтік психология ғылымдарының категориялық және инструменталдық аппараттарын қатыстырып дайындалған заманауи әдістемелермен түсіндіруге болады. Осындай жаңа әдістердің ішінде психологиялық тренинг құқықтық сананы қалыптастырудың психологиялық негіздерін ашуда маңызды рөл атқарады.

**Кілт сөздер:** құқық, құқықтық тәрбие, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық сана құрылымы, құқықтық сана мазмұны, құқықтық сана функциясы.

**Аннотация.** В данной статье раскрывается психологическая структура правового сознания. Правовое сознание по своей природе носит многомерный характер. Это свидетельствует о необходимости изучения структуры правосознания в зависимости от механизмов отражения правовых явлений в сознании личности. Следовательно, изучение структуры, содержания, функций и механизмов формирования правосознания в прикладном характере и теоретическом контексте считается одной из актуальных проблем. Это можно объяснить современными методиками, разработанными с участием категориального и

инструментального аппаратов общей психологии и социальных психологических наук. Среди таких новых методик важную роль в раскрытии психологических основ формирования правового сознания играет психологический тренинг.

**Ключевые слова:** право, правовое воспитание, правовое сознание, правовая культура, структура правового сознания, содержание правового сознания, функция правового сознания.

**Annotation.** This article reveals the psychological structure of legal consciousness. Legal consciousness by its nature is multidimensional. This indicates the need to study the structure of legal consciousness, depending on the mechanisms of reflection of legal phenomena in the mind of the individual. Therefore, the study of the structure, content, functions and mechanisms of the formation of legal consciousness in an applied and theoretical context is considered one of the urgent problems. This can be explained by modern methods developed with the participation of the categorical and instrumental apparatuses of general psychology and social psychological sciences. Among these new methods, psychological training plays an important role in revealing the psychological foundations of the formation of legal consciousness.

**Keywords:** law, legal education, legal consciousness, legal culture, structure of legal consciousness, content of legal consciousness, function of legal consciousness.

Қазақстан Республикасы демократиялық зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет, адам, қоғам, мемлекет мүддесіне адал қызмет атқаруды көздейді, құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс.

Сондықтан тұлғаның құқыққа қатынасын қалыптастыру кезінде оның санасына әсер ететін барлық факторларын, мінез-құлықтың қалыптасуының әлеуметтік және психологиялық аспектілерін зерттеуде субъектінің мінез-құлықтың белгілі бір түрін таңдауының шарттылығы, сондай-ақ оларды заңға сәйкес әрекет етуге итермелейтін құқыққа деген көзқарасты санада бекіту маңызды болып табылады. Бұл адамның санасының маңызды жағын, оның тиімді әлеуметтік өмір сүруіне, сондай-ақ адамгершілік әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтық санасының қалыптасуымен тығыз байланысты. Себебі, құқықтық сана әлеуметтік немесе қоғамдық және тұлғалық санадағы құқықтық құбылыстарды бейнелеу функциясын, яғни құқық және оны қолдану тәжірибесі туралы білім саласымен анықталды.

Құқықтық сананы зерттеудің теориялық аспектісінде құқықтық сананың қоғамдық сана жүйесіне енетіні, оның негізгі формалардың бірі екендігі, қоғамдық сананың басқа формаларымен өзара әрекеттесетіні және оның бөлігі ретінде қоғамдық сананың барлық элементтеріне ортақ заңдылықтарға бағынатындығы анықталған.

Құқықтық сана біріншіден, өмірдің материалдық жағдайларымен анықталатын белгілі көзқарастар, сенімдер, идеялар, бағалаула, көңіл-күйлер жүйесін құрайды; екіншіден, осы аталған жүйенің қалыпты жұмысына жауап беретін қоғамдағы белгілі бір құқықтық режимді орнатуға бағытталады; үшіншіден, қоғамның құқықтық режимі, мемлекеттік билік және нақты мемлекеттік құралдармен қамтамасыз етілетін құқықтар, міндеттер, талаптар мен нұсқаулар құқықтық санамен айқындалады.

Осы орайда «құқықтық сана» ұғымына берілген анықтамаларға талдау жасалып, құқықтық сананың психологиялық құрылымы ашып көрсетіледі. Өйткені, құқықтық сана қай жағынан болмасын анықталса да ол, құқықтық санаға тән белгілерге, сондай-ақ жалпылай өзгешеліктерге ие, қоғамдық сананың бір нысаны ретінде қарастырылады. Бұл құқықтық сананы психикалық іс-әрекеттің нысаны мен салдары, яғни нәтижесі ретінде қарастырудың қажеттілігін анықтайды.

Ғ.С. Сапарғалиевтың пікірінше, құқықтық сана қоғамдық сананың жеке бір саласы ретінде адамдар мен әлеуметтік бірліктердің қоғамдағы ынта-ықыласына сай келетін

құқыққа қатыстылықтарын білдіретін көзқарастары мен идеяларының, түсініктері мен сана-сезімдерінің жиынтығы, ол құқықтық мақсаты мен құндылық бағдарының заңды мәні бар жағдаттар туындағанда адамдардың құқықтық болмыс жөніндегі білімдерін, құқықты бағалау және оны жүзеге асыру тәжірибесін, жүріс-тұрыстарын реттейді [1].

Р.С. Байниязов құқықтық сананың құрылымына құқықтық мақсат, көзқарас, ниет, әдет, дәстүр, иллюзия, құқықтық сендіру, еліктеу, құқықтық мәдениет, мінез-құлықты жатқызады [2].

Кез-келген құқықтық нормалар адамзат санасына бағытталған. Сондықтан ғалымдардың пікірінше, құқық сана тілі бойынша сөйлейді және саналы тірі жандарға қарай бағытталады. Адамның санасында объективті шынайылық бейнесі көрініс табады, демек сана да құқықтық категориядағы білім, түсінік, құқықтық тәжірибе секілді әрекет етіп тұрған қатынастардан көрініс табатын объективті белгілерге ие [3].

С.В. Широ құқықтық сананың құрылымының үш компонентін: когнитивті, бағалау және мінез-құлық бөліп көрсетеді:

- когнитивті компонент субъектінің санасында оның жеке басына қатысты құқықтық шындық туралы түсінік, сондай-ақ құқық нормалары, құқықтық ұғымдар мен пайымдаулар, принциптер туралы идеялар;

- бағалау компоненті заңды оқиғаларға, фактілерге, нормаларға қатынасты бағалауда анықталады. Құқықтық білім, сатып алу, беру, оларды пайдалану да бағалау объектісі болып табылады;

- мінез-құлықты орнату компоненті құқықтық нормаларды жеке қабылдаумен сипатталады. Өз іс-әрекеттерін жалпы қабылданған ережелер мен нормалармен байланыстыру арқылы жеке тұлғаның құқықтық қатынастары қалыптасады [4].

Г.Г. Гасанов адамдардың заңдарға және тұтастай алғанда құқық институтына қатынасын талдай отырып, келесі элементтерді бөліп көрсетеді: бірінші элемент – ақпараттық, бұл санада заң туралы белгілі бір ақпараттың болуын білдіреді. Ақпарат толық және жан-жақты болуы мүмкін (мысалы, Заңның мәтінімен танысу, Заңның қабылданған күндерімен танысу, қабылданған заңға түсініктемелермен танысу) және үстірт фактілермен расталмауы тиіс. Ақпараттық элемент ретінде құқықтық сананың құрылымдық бөлігінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Екінші элемент – бағалау, нормативтік-құқықтық акт туралы ақпаратты зерттей отырып, адамның оған деген көзқарасы бар екенін көруге болады, ол оны бағалайды, санада өзінің құндылықтарымен, қағидаларымен салыстырады. Құқықтық сананың үшінші элементі – ерік-жігер ақпараттық және бағалау элементтері негізінде қалыптасады. Заңда көзделген жағдайларда қандай мінез-құлық түрін таңдау керек, адам нормативтік құқықтық актілер мен оларды бағалау туралы білімге сүйене отырып, өз бетінше шешім қабылдайды. Заң өз міндеттерін шешуде қалай қолданылады, адам оны айналып өтуге ұмтыла ма, берілген заң қаншалықты қатаң сақталатынын немесе субъектінің мүдделері мен қажеттіліктеріне жауап беретін басқа құқықтық актілермен алмастыру қажеттігін, яғни шешімдердің барлығы құқықтық сананың ерікті элементіне кіреді [5].

И.В. Фабрика құқықтық сананы келесі үш компоненттің ажырамас бірлігінде қарастырады: құқықтық идеология (құқықтық идеялар, мағыналар), оның доминанты табиғи заң шығарудың классикалық тұжырымдамасында жасалады; аксиологиялық менталитет (тұлғаның құндылық-құқықтық бағдарлары); табиғи құқық ұғымдарын қарастыра отырып, менталитеттің көрінісін құқық нормаларының құндылық сипаттамалары түрінде анықталады; құқықтық психология (құқықтық қатынастар). Құқық нормаларына субъективті бағалау қатынасын көрсететін эмоционалдық, коммуникативтік, тұлғалық көзқарастардың жиынтығы [6].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, аксиологиялық менталитет детерминантты құқықтық идеология және құқықтық психология деп тұжырымдауға болады. Тұлғаның



құқықтық санасының құндылық сипатын анықтай отырып, аксиологиялық менталитет оның құрылымдық компоненті ретінде әрекет етеді. Сондықтан аксиологиялық немесе құндылық элементтер құқықтық сана құрылымының өзегін құрайды. Құндылық адамның құқықтық ортадағы мотивациялық мінез-құлқын қалыптастырады. Жеке тұлғаның құқықтың нақты құндылығын түсінуі құқықтық нормалардың сыртқы қоғамдық және ішкі өзіндік көзқарастарына ауысу үдерісін қамтамасыз етеді.

Құқықтық сананың негізгі элементі құқықтық құндылықтар мен құқықтық идеялармен анықталады. Құқықтық құндылықтар адамның жеке қызығушылығының, жағдайының немесе басқа факторлардың әсерінен игерілетін, бейімделетін әлеуметтік-топтық идеялар.

Сонымен, адамның әлеуметтену үдерісінде идеяларды игеру барысында оның құндылық бағдары қалыптасады, адамның мінез-құлқын үйлестіруші функцияны құқық субъектілерінің мінез-құлқына дейінгі және детерминистік құқықтық қатынасты орнатады.

Сондықтан, құқықтық сананың негізгі көрінісі таным элементтерінде, құндылық бағдарында және коммуникацияда практикалық әрекеттер арқылы көрініс табады.

Құқықтық сана теориясында оны құрайтын элементтер құқықтық онтология, құқықтық аксиология және құқықтық праксиология ретінде қарастырылады. Мұнда құқықтық онтология құқық туралы ұтымды идеямен анықталады. Құқық ұғымы, оның құқықтық жүйедегі орны, құқықтың белгілері, принциптері мен функциялары құқықтық онтологияның мазмұнын құрайды. Оны зерттеу құқықтық онтологияны заңның метафизикасының бір түрі ретінде қарастыра отырып, табиғи-құқықтық тұжырымдамамен айқындайды.

Құқықтық аксиология классикалық емес табиғи-құқықтық көзқарас тұрғысынан заңға құндылық қатынасы ретінде қарастырылса, ал құқықтық праксиология ең алдымен, құқықты көрсетудің ерікті аспектісімен байланысты және қоғамдағы құқықтық шындыққа әсер ету жолдары мен құралдары туралы идеялар жиынтығы арқылы қарастырылады. Құқықтық аксиология құқықтық позитивизм тұрғысынан да зерттелінеді.

Құқықтық сана құбылысын зерттей отырып, ғалымдар (М.Д. Антипина, В.А. Захарова) құқықтық сананың негізгі функцияларын ерекше атап көрсетеді:

- танымдық функциясы құқық саласындағы білімінің нәтижесі, заңмен бекітілген және қоғам қабылдаған нормалар мен ережелерге қатысты жеке идеялардың қалыптасуы ретінде анықталады. Құқықтық сананың танымдық функциясы адамның өз қажеттіліктерін, мүдделерін анықтауға және басқалардың мүдделері арқылы оларға деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді;

- бағалау функциясы құқықтық факторлар мен құбылыстарға, құқыққа, қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің құралы ретінде заңнамаға, құқықтық мемлекеттің негізі ретінде өзіндік көзқарасын дамытуға ықпал етеді. Өмірлік және ғылыми тәжірибеге, моральдық көзқарастарға, әлеуметтік және тұлғалық құндылықтардың арақатынасына сүйене отырып, құқықтық сананы бағалау (объективті және субъективті шынайылық тұрғысынан) жүзеге асырылады;

- реттеу функциясы тұлғаның қабылдаған және игерген құқықтық көзқарастарын ескере отырып, қандай да бір әрекетін жасауына түрткі болады. Ол қоғамдық қатынаста тұлғаның құқықтық нормалары мен құқықтық қатынастарының тепе-теңдігін қамтамасыз етеді [7].

Сонымен, құқықтық сананың құрылымын білім, эмоционалдық-рефлексивтік және іс-әрекет компоненттері диалектикалық бірлігі ретінде қарастырып, оның мәні танымдық, бағалау және реттеуші функциялар арқылы анықталады деп қорытынды жасауға болады.

Құқықтық сана қоғамның өмір сүруінің материалдық жағдайларына байланысты мазмұны мен дамуы бар құқықтық нормалармен реттелетін немесе реттелуі керек қоғамдық қатынастарды көрсететін қоғамдық сананың бір түрі. Бұл құқықтық сана қоғамдық сананың нысаны екенін, оның мазмұны қоғамның объективті өмір сүру жағдайларына тікелей байланысты болатынына назар аудартады.

Құқықтық мәдениет рухани және материалды құндылықтардан тұратын жалпы мәдениеттің сан алуан түрлілігі. Осы тұрғыдан алғанда, құқықтық мәдениет қоғамның, белгілі бір әлеуметтік топтың, индивидтің құқықтық мәдениеті түрінде қарастырылады. Сонымен бірге құқықтық мәдениет тұлғаның заңды мінез-құлығы, құқықтық дамуының сатысы ретінде көрініс табатын құқықтық білімді меңгеріп, оны құндылық ретінде қабылдауына және оларда заңды мінез-құлыққа бағытталған әлеуметтік-құқықтық ұстаным, құқықтық сананы қалыптастыру мақсатына жауап береді [8].

Қорыта келгенде, адамға құқықтық әсер етудің негізгі объектісі сана болып табылады. Құқықтық ережелердің әсерінен болатын санадағы өзгерістер заңды маңызды жағдайларда адамның құқықтық мінез-құлық бағытын таңдау кезінде саналы түрде шешім қабылдауға ықпал етеді, сондай-ақ нормативтік-құқықтық база әлеуметтік үдерістердің тікелей реттеушісі болып табылады.

Құқықтық нормалар адамға, оның мінез-құлқына тікелей әсер етіп, белгілі бір әрекеттерді жасауға ынталандырады. Осыдан адам санасына құқықтық әсер етудің негізгі міндетінің бірі оның мінез-құлық нормаларының өзіндік жүйесін қалыптастыру. Бұл адамның қолданыстағы заңнамаға сәйкес келетін нормалары, ережелері және құқықтық қоғамдық тәртіп туралы хабардар болу дәрежесін көрсетеді.

Демек, құқықтық сана тұлғалардың құқықтық нормалар, құқықтық ережелер мен міндеттер туралы түсінігін білдіреді, яғни адамның ішкі тәжірибесінің тәсілі ретінде қарастырылады:

- қоғамдық қажеттіліктер, мүдделер тұрғысынан белгілі бір қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу, қоғамда құқықтық режим орнату қажеттілігі туралы хабардар болу;
- құқық нормаларымен реттелген және құқықтық реттеуді қажет ететін қоғамдық қатынастардың, сондай-ақ құқықтық нормалардың, құқықтық қатынастардың, құқықтың әрекетімен байланысты және қоғамның құқықтық құрылымын құрайтын басқа да құқықтық құбылыстардың көрінісі;

Құқықтық сананың көрінісі: заңмен реттелетін немесе осындай реттеуді қажет ететін нақты әлеуметтік қатынастар; құқық нормаларының жүйесі ретінде; құқықтық қатынастар; құқықтық реттеу тетігі; құқық қолдану; құқықтық мінез-құлық.

Сонымен, құқықтық сана білім, идеялар, сенімдер, көзқарастар жүйесі ретінде құқықтың салаларында түрлі түсініктерге ие болады, атап айтқанда: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек.

Құқықтық сананың психологиялық жағы адамның тәжірибесі, көзқарасы, сенімі, қолданыстағы құқыққа және оның талаптарына қатынасын сипаттайды, оны қалыптастыруда психологиялық тренинг маңызды рөл атқарады.

Психологиялық тренингтің мақсаты құқықтық сананы қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады. Мұнда тренингтің функциялары ретіндегі келесідей құрамдас бөліктері қарастырылады:

- танымдық құрамдас бөлігі құқықтың өзекті мәселелерінде өз мүмкіндіктері туралы білімді қалыптастырады;
- дамытушы құрамдас бөлік әртүрлі өмірлік жағдайларда өз жауапкершілігінің дәрежесін, қалыптасып отырған өмірлік жағдайлардағы өз рөлін айқындау дағдысын дамытады;
- психологиялық және профилактикалық құрамдас бөліктері тағдырына жауапкершілікпен және саналы көзқараспен қарауды, заң шеңберінде жағдайларды өз пайдасына өзгерту мүмкіндігін түсінуді қамтиды.

Сондықтан құқықтық сананы қалыптастыруда психологиялық тренингтің әрбір құрамдас бөліктері бойынша ұйымдастырылатын сабақтарда келесі әдістер қолданылады: рөлдік ойындар, ойға шабуыл, үлестірме материалдармен немесе карточкалармен жұмыс, пікірталастар.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сапарғалиев Ғ.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. - 127б.
2. Байниязов Р.С. Теоретические вопросы правосознания. - Саратов, 2001, - С. 17.
3. Ильин И.А. О сущности правосознания. - М., 2001. - 235с.
4. Широ С.В. Проблемы формирования правовой культуры и правосознания несовершеннолетних в образовательном процессе / С.В. Широ // Технологии формирования правовой культуры в современном образовательном пространстве: материалы II Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. – Волгоград, 2017. – С. 180-185.
5. Гасанов Г.Г. Особенности правосознания молодежи Дагестана: дисс... канд. юр. наук. – Москва, 2008. -160с.
6. Фабрика И.В. Ценностная природа правосознания / И.В. Фабрика // Проблемы права. – Москва, 2006. – №4. – С. 198 – 200.
7. Захарова В.А. Методика правового обучения и воспитания: Учебное пособие. – Симферополь, 2019. -226с.
8. Ахметов А.С. Правосознание как элемент правовой культуры казахстанского общества//Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2014. №4 (72). – С. 37-38.



**ӘӨЖ 378.14.014.13:**

**ДЕНСАУЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ ӨМІР САПАСЫНЫҢ МӘНІ**

**Ержанова Меруерт Келесбаевна**

**7М03130-«Психология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты**

**Лекерова Гульсим Жанабергеновна, пс.ғ.д., профессор**

**М. Әуезов атындағы ОҚУ., Қазақстан, Шымкент қ.**

**Аңдатпа.** Мақалада денсаулық психологиясы контекстіндегі өмір сапасының мәні ашып көрсетіледі. Теориялық талдау: психикалық денсаулық мәселесінің даму дәрежесін; әртүрлі психологиялық және психотерапиялық тәсілдер критерийлері мен нормалары көзқарастарының эклективтілігін; психикалық денсаулықты әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде; психикалық денсаулықтың кең таралған қалыптан тыс көріністерінің детерминанттарын, олардың ішінде психологиялық факторлар басымдылығын анықтауға; өмір сапасы ұғымын өмір психологиялық категория ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Өмір сапасы ұғымының әртүрлі түсіндірмелері көптеген зерттеушілердің түрлі контексте өмір сапасын жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүдделерінің даму дәрежесі мен толықтығын жан-жақты сипаттайтын белгілі бір кешенді сипаттаманы, интегралды индикаторды түсінуге бейімділігін анықтайды.

**Кілт сөздер:** денсаулық, психикалық денсаулық, психологиялық денсаулық, физикалық денсаулық, әлеуметтік денсаулық, өмір сапасы, өмір сүру стилі, өмір сүру деңгейі.

**Аннотация.** В статье раскрывается значение качества жизни в контексте психологии здоровья. Теоретический анализ позволяет определить: степень развития проблемы психического здоровья; эклектичность взглядов в определении критериев и норм различных психологических и психотерапевтических подходов; психическое здоровье как социокультурное явление; детерминанты наиболее распространенных аномальных проявлений психического здоровья, среди которых преобладание психологических

факторов; понятие качества жизни рассматривать как психологическую категорию жизни. Различные трактовки понятия качества жизни обуславливают склонность многих исследователей понимать комплексную характеристику, интегральный показатель, всесторонне характеризующий степень и полноту развития потребностей и интересов личности в различных контекстах.

**Ключевые слова:** здоровье, психическое здоровье, психологическое здоровье, физическое здоровье, социальное здоровье, качество жизни, стиль жизни, уровень жизни.

**Annotation.** The article reveals the importance of quality of life in the field of health psychology. Theoretical analysis makes it possible to determine: the degree of development of a mental health problem; eclecticism of views in defining the criteria and norms of various psychological and psychotherapeutic approaches; mental health as a sociocultural phenomenon; determinants of the most common abnormal manifestations of mental health, among which the predominance of psychological factors; the concept of quality of life is considered as a psychological category of life. Various interpretations of the concept of quality of life determine the tendency of many researchers to understand a complex characteristic, an integral indicator that comprehensively characterizes the degree and completeness of the development of the needs and interests of an individual in various contexts.

**Keywords:** health, mental health, psychological health, physical health, social health, quality of life, lifestyle, standard of living.

Бүгінде денсаулық өркениеттік дамудың деңгейін анықтайтын фактор болып табылады. Осыған байланысты, зерттеуімізде денсаулық психологиясының контексіндегі өмір сапасының мәнін ашуда оны психологиялық категория ретінде қарастырылады. Мұнда адам өзінің өмір сүру сапасын субъективті түрде сезінуі, қабылдауы, бағалауы және өмір сапасының адамның психикалық денсаулығын нығайтуға ықпалы зерделенеді.

Әлемдегі адамзаттың жаһандық мәселенің бірі ретінде психикалық денсаулықтың өзектілігі психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету керектігіне басты назарды аударады [1].

Сондықтан өмір сапасы мәселесін теориялық және қолданбалы аспектіде зерделеген шетелдік, соның ішінде АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріндегі зерттеу жұмыстарына талдау жасалады. Сонымен бірге «өмір сапасын адам өмірінің маңызды көрсеткіші ретінде» әлеуметтік және тұлғалық қажеттіліктер мен мүдделердің арақатынасы тұрғысынан зерттеген ресей ғалымдары (А.П.Бутенко, И.В.Бестужев-Лада, И.В.Толстой, А.Годоров және т.б.) еңбектеріне талдау жасалады.

Адамның психикалық денсаулығын зерттеу мәселелері өзекті және өмірдің көптеген салаларында талқыланады. Белгілі психологтар (А.Адлер, В.Франкл, К.Роджерс, А.Маслоу, З.Фрейд, Б.С.Братус, Г.С.Никифоров, В.Н.Мясищев) психикалық денсаулық мәселесін тереңірек зерттеді.

Дегенмен, өмір сапасы мәселесі жөніндегі отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді талдау қандай да бір құбылыстарды өмір сапасы ұғымымен белгілеу керектігін түсінуде ортақ пікірдің әлі де қалыптаспағандығын көрсетеді.

«Денсаулық психологиясы контексіндегі өмір сапасы» өмір сапасы мәселесінің жай-күйіне қысқаша теориялық шолу жасаудың қажеттілігін көрсетеді. Бұл тұжырымдаманың пайда болу себептері ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына реакциялар және қоғамның тек жеке тұлғаның қажеттіліктерінің деформациясына алып келетін материалдық тауарлардың өсуіне бағдарлануы, нәтижесінде «адам өміріне лайықты сапа беру» қажеттілігінің бірінші орынға шығуы болып табылады. Дж. Тэлбрейттің пікірінше, егер материалдық әл-ауқаттың өсуіне

физикалық және психикалық денсаулықты жоғалту арқылы қол жеткізілсе, онда қоғам дамуының бұл бағыты өмір сапасына қайшы келеді [2].

Алғаш рет «өмір сапасы» ұғымын ғылыми айналымға Дж. Гэлберт пен Форрестер ХХ ғасырдың 60-жылдарында өнеркәсіптің динамикалық траекториясын модельдеу әрекетіне байланысты енгізді. Бір жағынан, адам мен қоғам өмірінің барлық үдерістерін қамтитын осы категорияның кеңейтілген түсіндірмелері көп болса да, екінші жағынан, адамдардың өмірін қамтамасыз ету үдерістерінің тар бөлігі ғана өмір сапасының көрсеткіштеріне енгізіледі. Өмір сапасы категориясымен анықталатын жақын терминология жиі қолданылады: өмір сүру деңгейі, өмір салты, өмір сүру стандарты, өмір салты және т.б. кейде осы категорияларды сәйкестендіру де орын алады, бұл өмір сапасының мазмұнын түсінуді қиындатады [3].

Халықаралық тәжірибеде жалпы қабылданған, әлеуметтік әл-ауқатты бағалаудың жоғары тиімді, сезімтал әдісі «өмір сапасы» ұғымы болып табылады, ол қоғамдағы жеке тұлғаның өмір сүру факторлары мен жағдайларының кешенді сипаттамасы, сондай-ақ осы факторларды жеке тұлғаның өзі бағалайды.

QOL (Quality of Life) – ағылшын тіліндегі әдебиетте өмір сапасы ұғымының халықаралық аббревиатурасына назар аударатын болсақ, адам өмірінің барлық аспектілерінің тиімділігін, материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру деңгейін, интеллектуалдық, мәдени және физикалық даму деңгейін, сондай-ақ өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету дәрежесін сипаттайтын пәнаралық түсінік [4].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) анықтамасына сәйкес, бұл термин адамның қоғамдағы орнын қабылдауға негізделген физикалық, психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік денсаулығын қамтиды [5].

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) өмір сапасын елдер халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалау және салыстыру үшін пайдаланады. Өмір сапасы көбінесе денсаулық сақтау, білім беру, демография, экономикалық, экологиялық, өмір сүру жағдайлары, жұмыспен қамту және конституциялық құқықтарды іске асыру көрсеткіштерімен сипатталады [6].

Өмір сапасының мәселелерін түрлі ғылыми салалардың мамандары талқылайды. Өмір сапасы жеке тұлғаны, мемлекетті, жалпы әлемдік қауымдастықты дамытудың мақсатына айналды. Ғылымның көптеген салалары адамның өмір сүру сапасын зерттейді. Медицинада – физикалық денсаулыққа, экономикада – әл-ауқат пен әл-ауқат деңгейіне, экологияда – қоршаған ортаның жағдайына ерекше назар аударылады, психология адамның қажеттіліктерін, адамның өмірдің мәнін іздеуін, оның бақытқа деген ұмтылысын зерттейді. Өмір сапасының мәселесін зерттеу 60-жылдардың ортасынан басталды, Батыстың дамыған елдерінде қоғам дамуының постиндустриалды кезеңіне көшу басталды, бұл адамзаттың экономикалық прогрестің гуманитарлық мазмұнына деген қызығушылығын тудырды [7].

Өмір сапасы мәселесін зерттеушілер (Б.В. Бойцов, Ю.В. Крянев, М. А. Кузнецов) жүйелік тәсіл парадигмасындағы өмір сапасының өзара байланысты төрт жазықтықтағы құрылымын ұсынады: халықтың денсаулығы; білім сапасы; табиғи ортаның сапасы; руханият.

Д.Н.Леонтьевтің пікірінше, психикалық денсаулық «адамның қоршаған ортамен динамикалық тепе-теңдік күйі, оның биологиялық және әлеуметтік мәніне тән барлық қабілеттер барынша толық көрінетін және барлық өмірлік маңызды ішкі жүйелер оңтайлы қарқындылықпен жұмыс істейтін» ретінде анықталады [8].

Өмір сапасының психологиялық көрсеткіші өмірдің әртүрлі салаларына қанағаттану дәрежесі және тұлғаның психикалық жеткіліктілігімен оң үйлесімділік, ол адамның субъективті қабылдауына негізделген физикалық, психологиялық және әлеуметтік жұмысының интегралды сипаттамасы. Интегралды денсаулықтың жеке категориясы психикалық денсаулық. Бұл адамның қалағанын алу, өзін-өзі қамтамасыз ету, қол жеткізгеніне қанағаттану қабілеті ретінде түсіндіріледі [9]. Демек, психологиялық

денсаулық адам мен қоғамның қажеттіліктері арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін және жеке тұлғаны өзінің өмірлік міндетін орындауға бағыттайтын адамның психикалық қасиеттерінің үнемі дамып келе жатқан жиынтығы.

В.А. Бодровтың пікірінше, психологиялық денсаулық жеке тұлғаның дербестігі мен тәуелсіздігі; руханият; өз проблемаларын өзіңіз қарастыра білу; өзін және айналасындағыларды сол қалпында қабылдай білу; шындыққа бағдарлау; психикалық тепе-теңдікті қалпына келтіру үшін жалғыздықтың қажеттілігі (шудан, қарбаластан, адамдардан демалу); адамдармен тығыз қарым-қатынас жасау қабілеті; қабылдаудың стереотипінің болмауы; адамзатпен сәйкестендіру; әзіл сезімі; шығармашылық және төмен сәйкестік секілді қасиеттермен анықталады [10].

Е.Ю.Рубанованың пікірінше, өмір сапасы адамның өмір сүру жағдайларын, сондай-ақ даму деңгейі мен адамдардың жоғары дамыған қажеттіліктері мен мүдделерінің кешенін қанағаттандыру дәрежесін сипаттайды. Өмір сапасы объективті және субъективті компоненттерді қамтиды, әл-ауқаты және оның психологиялық денсаулығы маңызды ресурс болып табылады [11].

Сондықтан, ғылыми көзқарастардың сан алуан түрлілігі психикалық норманы анықтауды екі тұрғыдан бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- норманы (ғылыми - табиғи) парадигма контекстінде қарастыру, бұл эталон ретінде ұсынылған және ең жақсы, идеалды, нені мақсат ету керек және нені сақтау керектігін білдіреді;

- норманы гуманитарлық (сипаттамалық, феноменологиялық) парадигма контекстінде қарастыру, мұнда нормотиптілік көпшілік бөлісетін және нақты әлеуметтік-мәдени факторлармен анықталатын норманың сипатымен ұсынылады. Адамның психикалық денсаулығымен қатар кейінгі кезде оның психологиялық денсаулығы туралы зерттеулер көбейе түсті. Сол себептен денсаулықтың осы екі түрін ажырата білу қажет. Психикалық денсаулық тек жеке психикалық үдерістер мен психикалық механизмдердің күші және қозғалғыштығымен байланысты болса, психологиялық денсаулық тұтас жеке тұлғаға қатысты оның толыққанды өмір сүруі мен дамуының негізгі шарты ретінде қарастырылады. Өмір сапасы категориясы адамның өмір сүру жағдайларын, сондай-ақ даму деңгейі мен адамдардың жоғары дамыған қажеттіліктері мен мүдделерінің кешенін қанағаттандыру дәрежесін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, өмір сапасы мынадай индикаторлармен сипатталады деуге болады:

- өндірістің даму деңгейімен сәйкес материалдық қоғамдық әл-ауқат (қажеттіліктердің қанағаттануы мен дамуын қамтамасыз ететін табыс, тұтыну);

- әлеуметтік әділеттілік нормаларының сақталуы (қоғамның басым көпшілігінің құндылықтық көзқарастарымен сәйкестілігі);

- жұмыссыздықтың табиғи шарттарында жұмысбастылық, кәсіпкерлікке және еңбек іс-әрекетіне еркіндік;

- тұлғаның жан-жақты дамуына қажетті шарттармен қамтамасыз етілуі (білім беру, мәдениет және т.б.);

- қоршаған ортаның жағдайы;

- сыртқы саяси жағдай;

- ішкі саяси жағдай (азаматтық және ұлтаралық ынтымақтастық, әлеуметтік бейбітшілік);

- құқықтық қорғаныс және жеке өмір мен мүлктік қауіпсіздік;

- халықтың, отбасының, некелік қатынастағы одақтардың, аналар мен балалардың денсаулығын қорғау;

- өндірістің әлеуметтік факторлары (әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік-психологиялық климат, еңбекті қорғау жағдайы және т.б.).

- зейнеткерлікке шыққанда, жұмыссыздық болған жағдайда және уақытша жұмысқа қабілетсіз болған жағдайда әлеуметтік қорғанысқа сенімділік. Сондықтан белгілі бір сәтте өмір сапасының салыстырмалы өлшемін тек бағдарлаушы психологиялық индикаторлар жүйесінің көмегімен табуға болады.

Қорыта келгенде, өмір сапасының әртүрлі анықтамаларын қолдану олардың эволюциясы қоғам деңгейінен жеке адамға және объективті өмір сүру жағдайларынан өмір сүру жағдайларын субъективті бағалауға дейін дамығанын көрсетеді. Өмір сапасы төмендегідей сипатталады: жалпы қоғам деңгейінде өмір сүрудің объективті шарттары; жалпы қоғам деңгейінде өмір сүру жағдайларын субъективті бағалау; жеке адамның өмір сүруінің объективті шарттары; жеке адамның өмір сүру жағдайларын субъективті бағалау; объективті өмір сүру шарттары және оларды бағалау қоғамдар; болмыстың объективті шарттары және оларды жеке адам деңгейінде бағалау; болмыстың объективті шарттары және оларды қоғам мен жеке адам деңгейінде бағалау.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-224/2020 бұйрығы.
2. Новая философская энциклопедия: в 4 т. – Т. 2. – М.: Мысль, 2001. – С. 237-238
3. Субетто, А.И. Управление качеством и выживаемость человека // Стандарты и качество. - 2011. - № 1,2,3. – С. 39-48.
4. Ковынёва О. А., Герасимов Б.И. Управление качеством жизни. – Тамбов: Тамбовский государственный технический университет, 2006. -89с.
5. Окрепилова И. Г., Венедиктова С.К. Управление качеством жизни. –СПб.: СПбГУЭФ, 2010. - 104с.
6. Ушаков И.Б. Качество жизни и здоровье человека. – М.: «Истоки», 2005. - 130с.
7. Тищенко, П.Д. Геномика, здоровье и биотехнологический антропогенез //Мир психологии. – 2010. - № 1 (21), Москва-Воронеж, С. 31-54.
8. Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. – М: Смысл, 2003. – 487 с.
9. Бодров В.А. Современные исследования фундаментальных и прикладных проблем психологии профессиональной деятельности. Ч I. // Психологический журнал. -2008. № 5. С. 83-90.
10. Слободчиков, В.И. Психология развития человека / В.И. Слободчиков, Е.И. Исаев. – М: Школа-Пресс, 2000. – 416с.
11. Рубанова Е.Ю. Теоретические аспекты качества жизни в контексте психологии здоровья//Электронное научное издание «Ученые заметки ТОГУ» 2014, Том 5, № 3, С. 108 – 115

ӘӨЖ 378.14.014.13

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ТҰЛҒАСЫН ДАМУДЫҢ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ****Мырзахметова Молдир Сериковна****7M03130-«Психология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты****Айтенова Эльмира Абдикалиевна, PhD, доцент****М. Әуезов атындағы ОҚУ., Қазақстан, Шымкент қ.**

**Аңдатпа.** Мақалада болашақ мұғалімдердің шығармашылық тұлғасын дамытудың педагогикалық шарттары қарастырылады. Қазіргі психологиялық ғылымда шығармашылық қабілеттер, яғни креативтілік тұлғаның әр түрлі іс-әрекеттерге бейімділігінің көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Адамның мінез-құлқын мен іс-әрекетін ескере отырып, екі негізгі әрекет түрі бөліп көрсетіледі. Әрекеттер өндірушілі немесе репродуктивті, бұл әрекеттің жадпен байланысын білдіреді. Олардың мәні мінез-құлық пен іс-әрекеттің бұрын жасалған және дамыған әдістерін көбейту немесе қайталау болып табылады. Адамның мінез-құлқында ескі әсерлер мен әрекеттерді қайталамайтын, бірақ жаңа бейнелер мен әрекеттерді жасайтын шығармашылық іс-әрекет бар. Шығармашылық қабілеттер осы қызмет түріне негіз болады. Шығармашылық қабілеттердің анықтамасын келесідей тұжырымдауға болады: шығармашылық қабілеттер – бұл адамның әр түрлі шығармашылық іс-әрекеттерді орындаудағы жетістігін анықтайтын жеке ерекшеліктері. Сондықтан, шығармашылықты дамыту тәжірибе жинақтауды қамтамасыз ету міндетін қою керек, әсіресе оның шығармашылық іс-әрекеті үшін жеткілікті негіздер құру қажет.

**Кілт сөздер:** креативтілік, креативті тұлға, психологиялық ерекшеліктері, тұлға.

**Аннотация.** Статья рассматривает педагогических условия развития креативной личности будущих учителей. В современной психологической науке творческие способности, т.е. креативность рассматриваются как показатели predisposition людей к различным видам деятельности. Рассматривая поведение человека и его деятельности, как правило, выделяют два основных вида действий. Действия воспроизводящие или репродуктивные, в которых подразумевают взаимосвязь деятельности с памятью. Сущность их заключается в воспроизведении или повторении ранее созданных и выработанных приемов поведения и действий. В поведении человека присутствует творческая деятельность, которая не воспроизводит старые впечатления и действия, а создает новые образы и действия. Творческие способности составляют основу для этого вида деятельности. Определение творческих способностей можно сформулировать следующим образом: творческие способности – это индивидуальные особенности человека, которые определяют его успешность в выполнении творческой деятельности различного вида. Таким образом, говоря о развитии творческих способностей, необходимо ставить задачу обеспечить накопление опыта, особенно если требуется создать достаточно прочные основы для его творческой деятельности.

**Ключевые слова:** креативность, креативная личность, психологические особенности, личность, условия, педагогические условия.

**Annotation.** The article considers pedagogical forecasts for the development of a creative personality of the future. In modern psychological science, creative abilities, i.e. creativity is considered as the degree of people's predisposition to a long-term activity. Considering the behavior of a person and his activities, as a rule, two main types of actions are distinguished. Actions are reproducing or reproductive, in which they imply the relationship of activity with memory. Their essence lies in the reproduction or repetition of previously created and developed methods of behavior and actions. There is creative activity in human behavior, which does not reproduce old



impressions and actions, but creates new images and actions. Creativity forms the basis for this type of activity. The definition of creative abilities can be formulated as follows: creative abilities are the individual characteristics of a person that determine his success in performing creative activities of various types. Thus, speaking about the development of creative abilities, it is necessary to set the task of ensuring the accumulation of experience, especially if it is necessary to create a sufficiently strong foundation for his creative activity.

**Keywords:** creativity, creative personality, psychological characteristics, personality, conditions, pedagogical conditions.

Қазіргі таңдағы кәсіби білім беру педагогикалық іс-әрекет аясындағы жеке жетістіктеріне көзқарастарын өзгертуге бағытталып, креативті тұлғасын дамытудың белгілі шарттарды тудыру мәселесін алға қойып отыр. Педагогикалық жүйе белгілі педагогикалық шарттарды сақтағанда ғана қызмет етеді және дамиды. Қарастырылып отырылған ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау нәтижесінде болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамыту және осы үрдіс кезіндегі тиімді әдіс-тәсілдерді қамтитын шарттардың арасында объективті өзара тәуелділік бар екені айқындалды.

Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамыту жоғары оқу орнында бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға, өзіндік ерекшеліктерге ие маңызды міндет. Сондықтан педагогикалық шарттарды теориялық негіздеу болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытуға мүмкіндік береді.

Алдымен шарт дегеніміз не екендігіне талдау жасасақ, ол белгілі бір жағдайдың туындауы, оқу, еңбек ету, өзгерістер, түрлендірулер үшін қажетті объектілердің жиынтығы. Әрбір объектінің бір-бірімен тікелей және жанама байланыстары бар, жиынтық мөлшерде жеткілікті педагогикалық шарттарды құрайды. Әр құбылыстың соңғы нәтижесі әсер ететін себептерді ғана емес, ішкі және сыртқы шарттардың нәтижесінің арақатынасынан туындайды.

Ғылыми әдебиет көздерінде «шарт» ұғымына бірнеше анықтамалар берілген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «шарт - біріншіден, өзара міндеттер алу жөніндегі келісім; екіншіден, міндет, борыш; үшіншіден, керектілік, қажеттілік» деп аталса [2], ал С.И.Ожегов сөздігінде «шарт» ұғымын өзіне кез-келген нәрсе тәуелді, бағынышты болатын жағдай деп түсіндіреді [3].

Философиялық түсіндірме сөздікте «шарт» біріншіден, онсыз өмір сүру мүмкін емес орта, екіншіден, бір жайт жүргізіліп жатқан жер деп анықталады [4]. Бұл анықтамалардағы негізгі ортақ идея «шарт туғызу дегеніміз - заттың қоршаған ортамен қарым-қатынасын орнатып, онсыз тіршілік ете алмауы деген категория» екендігін көрсетеді.

Педагогикалық шарттар педагогикалық іс-әрекетпен байланысты жағдайлар. Демек, «педагогикалық шарттар» түсінігі болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамыту үрдісінің барлық бағыттарының тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті объективті және субъективті факторлардың жиынтығы, дидактикалық мақсаттарға жету үшін оқытуды ұйымдастыру мақсатын, мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін, формасын таңдау нәтижесі болып табылады.

Кез келген педагогикалық үдеріс белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда табысты жүзеге асатыны белгілі деп тұжырымдаған қазақстандық ғалымдар (Н.Д.Хмель, Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев және т.б.) оқу-тәрбие үдерісін шартты түрде оқу және оқудан тыс іс-әрекетке бөліп қарастырып, зерттейді [5].

Осыдан педагогикалық шарттар қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен оны ұйымдастыру түрлерінің объективті және оларды іске асырудың материалдық мүмкіндіктерінің жиынтығы, жоспарланған нәтижені қамтамасыз ететін, міндетті түрде сақтауды қажет ететін сыртқы

талаптар ретінде олардың іс-әрекетте жүзеге асырылуы жоғарыда санамалап берілген педагогикалық шарттардың қызметтік жүйесіне тікелей байланысты.

Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдап, зерделей келе, болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытудың педагогикалық шарттарының үш тобы бөліп көрсетіледі:

- болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытудың өзіндік тәжірибесі арқылы өз бетімен білім алу траекториясын құру;
- болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытуда кәсіптік міндеттерді шешу бойынша іс-әрекетке қатыстыру;
- білім беру үрдісінің мәселелік сипатын қамтамасыз етуде шығармашылық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру.

Білім мазмұны жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беру бағдарламаларымен айқындалады.

И.Я. Лернердің пікірінше, білім мазмұнын білім алушыға берілетін білім, білік және дағды жүйесі, шығармашылық іс-әрекет, эмоциялық қатынастар жүйесі ретінде тұлғаның үйлесімді дамуын көздейді. Дидактикада «тәжірибе» терминін жалпы білімнің мазмұнын анықтау үшін жас ұрпаққа жинақталған әлеуметтік тәжірибені беру мақсатында қолданады [6].

Аристотель өз заманында «тәжірибе барлық білімнің өлшемі болып табылады» - деп атап көрсеткен. Ол кейбір білімдерді тәжірибенің көмегімен ғана меңгеруге болады деп есептеген [7].

В.Л. Даль «тәжірибені – сынақ, талап, әрекеттену, байқап көру, ал тәжірибелі адамды көпті көрген, білікті, білімді» - деп сипаттайды [8].

Педагогика ғылымы мен ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «тәжірибе» зерттеу пәні ретінде бірнеше мағынада қарастырылады: оқу тәжірибесі, әлеуметтік тәжірибе, тәжірибе (эксперимент), педагогикалық тәжірибе. Сонымен бірге витагенді (биологиялық), когнитивті (танымдық), еңбек, коммуникативтік (қарым-қатынастық), этикалық (әдептілік) түрлері кездеседі. Әрбір тұлғаның өзіндік меңгерген тәжірибесінің мазмұны жалпы тәжірибе ретінде бағаланып, адамдар үшін абыройлы өмір сүруінде маңызды рөл атқарады. Ал жеке тәжірибе адамның тұлға ретінде қалыптасуы, өзінің мінез-құлқын игеруі, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі ұйымдастыруы. Тұлғаның жеке тәжірибесі оның өмірінің мәні, объективті құндылығы, көзқарасы, ұстанымы, сенімі, дүниетанымы, іс-қимылын, әрекеті, дағдысы, өмірлік практикасы.

Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытуда шығармашылық үдерістегі тәжірибенің рөлін студенттің жаңа білімді алу үшін өзіндегі бар білімді пайдалану және білімді бір саладан басқасына тасымалдау тәсілі, шығармашылық міндеттерді шешу үшін зерттелінуі тиіс қасиет деп анықталады [9].

В.Н. Дружинин «креативтілік қоршаған орта мүмкіндік берген жағдайда өзектенетін қасиет болып табылатынын айта отырып, оны дамыту үшін шарттар (регламенттелген мінез-құлық үлгісінің болмауы; шығармашылық мінез-құлықтың жағымды үлгісінің болуы; шығармашылық мінез-құлыққа еліктеу үшін жағдай жасау; шығармашылық мінез-құлықты әлеуеттік бекіту, т.б.) қажет» - деп есептейді [10].

Демек, «креативтілік» ақыл-ой және тұлғалық ерекшеліктердің жиынтығы, жаңаны, дәстүрлі емес ойлауды қабылдау және жасау, пайдалы идеяларды ұсыну, шығармашылыққа қабілеттілік деп сипатталады.

В.А. Петровскийдің пікірінше, оқыту білім алушылардың өмірлік тәжірибесіне ғана емес, білім мазмұнының негізі ретінде қолданылатын танымдық тәжірибесіне сүйенгенде ғана тұлғалық-бағдарлық деп аталады [11].

Сондықтан болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытуда креативтілігін дамыту үшін креативті мінез-құлықтың жағымды үлгісінің болуы маңызды, мысалы: шығармашыл

адамдардың іс-қылықтарын, биографиясын және шығармашылық іс-әрекеттерін тандап алу, т.б. Жалпы алғанда, шығармашыл үлгі идеалы педагог болуы тиіс, ол білімді беруші ғана емес, студенттің вербальды және вербальды емес креативтілік дамытуға бағыттайды.

Э.Ф. Зеер «тұлғаның субъективті тәжірибесі» деген ұғым енгізіп, білім алу функциясын орындайтын эмоциональдық, әлеуметтік, оқу-кәсіптік және тұлғалық жағдаяттардың жиынтығы деп түсіндіреді. Автордың пікірінше, оқу материалына субъективті тәжірибені енгізу меңгерудің білім мен біліктілікке тұлғалық мән беретін, жаңа нақтылықты, шынайылықты тудырады [12].

Зерттеулер көрсеткендей, креативтілікті дамытудың тікелей байланысы шығармашылық іс-әрекеттегі адамның саналы құзыреттілік деңгейімен қадағаланады. Адамның білімді меңгеру үрдісінде тәжірибе маңызды рөл атқаратыны анық. Өмірлік тәжірибе өзіндік ерекше қайталабайтын синтез, білім, білік, дағды, сезім және басқа да әрекеттерден тұрады. Ол жеке адамның өмірінде оның мәселелерін шешу барысында қалыптасады.

Сондықтан студентті болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытуға бағытталған оқу әрекетінің кәсіптік әрекетке бірізділікпен тасымалдануын сипаттайды. Бұл білім беру үрдісінің мәселелік сипатын қамтамасыз етуді, студент пен оқытушының шығармашылық өзара әрекетін ұйымдастыруды ашып көрсетуге мүмкіндік туғызады. Бірқатар ғалымдар зерттеулерінде креативтіліктің негізгі сипаттамалары бұрынғы жалпы қабылданғаннан басқа жаңаны, күтпеген идеяларды, аз уақыттың ішінде соны идеяларды ұсыну, т.б.

Шығармашылық жағдаяттар болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру құралы болып табылады. Шығармашылық жағдаяттар тұлғаның ішкі белсенділігін ұйымдастыруға бағытталған, эмоциональдық-құндылықты қатынастардың және креативті қабілеттің дамуын ынталандыратын, жаңа білім мен өзіндік тәжірибесі арасындағы қарама-қайшылықтардың туындау барысында пайда болатын жағдаяттарды шешу болып табылады. Шығармашылық жағдаяттар тұлғаны әрекет етудің жаңа әдістерін, тәсілдерін, құралдарын іздеуге итермелей отырып, нәтижесінде тұлғаның креативті әлеуетінің дамуына себепші болады.

Сондықтан креативтіліктің қалыптасуына қолайлы жағдайлардың ықпалын зерттеуге шоғырландырылған. Креативтілікте «Мен-тұжырымдаманың» қалыптасуына қажетті шарт болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытуда оған құрметпен қарау болып табылады. Креативтіліктің негізгі көрсеткіші интеллектуальдық белсенділік (танымдық, мотивациялық) болып табылады. Психологтардың зерттеулері бойынша адамзаттың кез келген іс-әрекеттерінің табысты болуы оның мотивіне байланысты.

Сондықтан болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамыту кәсіби іс-әрекетін саналы таңдауға дайындығын айқындайтын, бірін-бірі толықтыратын және динамикалық бірлікте болатын құндылық, қажеттілік, шығармашылыққа қабілеттілік пен әлеуметтік ортаға қатынасын сипаттайды.

Қорыта келгенде, болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамыту үшін белгілі педагогикалық шарттар қажет. Олар педагогикалық іс-әрекетпен байланыста оқу үрдісінің нәтижелілігін анықтайды, оны өтуі үшін қолайлы орта құрады.

Сонымен болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытудың педагогикалық шарттары: білім мазмұнын болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын өзіндік тәжірибесімен жеке білім алу траекториясын құру; болашақ мұғалім ретінде студентті кәсіптік міндеттерді шешу бойынша іс-әрекетке қатыстыру; болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын дамытуда білім беру үрдісінің мәселелік сипатын қамтамасыз ету, шығармашылық өзара әрекеттетігін ұйымдастыру деп айқындалды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. М.Бұралқыұлы. – Алматы: Мектеп, 2007. - 680б.

2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Оникс, 2008. - 940с.
3. Философский энциклопедический словарь. 2-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1989. - 814 с.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. – Алматы: Қарасай баспасы, 2013. - 384 б.
5. Аристотель. Сочинения. В 4-х т. – М.: Мысль. 1976. – Т. 1. -550с.
6. Лернер И.Я. Развивающее обучение с дидактических позиций// Педагогика. -1996. №2. – С.4-10
7. Даль В.Л. Толковый словарь живого русского языка. В 4-х т.Т.1. – М.: Терра, 1994.
8. Меерович М.И. Технология творческого мышления. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2008. - 495с.
9. Дружинин В.Н. Психология общих способностей: Монография. 3-е изд. – СПб.: Питер, 2007. - 368с.
10. Петровский В.А. Психология. – М.: Академия, 2006. -512с.
11. Зеер Э.Ф. Психология профессионального образования. Учеб. пособие. -2-е изд., перераб. – М.: Изд-во Московского психолого-социального института, 2003. - 480с.



ӘӨЖ 159.922.8

## ИНТЕРНЕТТЕГІ ДЕСТРУКТИВТІ ЖЕЛІ САЙТТАРЫ МЕН ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

**Ақтымбай Аяжан, 7M03102 Психология мамандығының 1-курс магистранты  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Қазақстан, Алматы  
Ғылыми жетекші: Бапаева М.К. психология ғылымдарының кандидаты., профессор  
Қазақстан, Алматы**

**Аңдатпа.** Мақалада интернеттегі деструктивті желі сайттары мен жасөспірімдердің суицидтік мінез құлықпен байланысы жайлы мәселе қарастырылады. Әсіресе, аталмыш мақала барысында мінез акцентуациялары және суицидтік мінез-құлықтың қалыптасуының байланысына ерекше назар аударылады. Сондай-ақ, суицидтік мінез-құлыққа бейім жасөспірімдер басқалармен салыстырғанда көбірек шынайы өмірде бейтаныс адамдармен интернет желісінің кеңістігінде қарым-қатынаста болатыны анықталды.

**Кілт сөздер:** жасөспірім, суицидтік мінез құлық, мінез акцентуациясы.

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос о связи подростков с деструктивными сетевыми сайтами в интернете и суицидальным поведением. Особое внимание уделяется взаимосвязи акцентуаций характера и формирования суицидального поведения. Выявлено также, что подростки, потенциально склонные к суицидальному поведению, по сравнению с остальными, больше общаются в социальных сетях с незнакомыми в реальной жизни людьми.

**Ключевые слова:** защита чести, достоинства, деловой репутации; гражданские права, гражданское законодательство.

**Annotation.** The article discusses with the issue of the connection of adolescents with destructive network sites on the Internet and suicidal behavior. Particular attention is paid to the relationship between character accentuations and the formation of suicidal behavior. It was also revealed that teenagers who are potentially prone to suicidal behavior, compared with others, communicate more on social networks with people unfamiliar in real life.

**Keywords:** adolescent, suicidal behavior, character accentuation.

Қазіргі таңда интернет желілерінің жасөспірімдер мен жастардың суицидтік мінез құлқына әсері күн өткен сайын артуда. Аталмыш тақырыпқа байланысты сайттардың сандары көбейіп, бұл тақырып төңірегіне бұқаралық ақпарат құралдары да барынша назарын аударуда. Көптеген баспасөз мақалаларында, сондай-ақ теледидар бағдарламаларында топтық жасөспірімдердің суицидін оқиғалары жайлы баяндағанда суицидтік оқиғалардың құрбандарының бір бірімен интернет желісіндегі суицидке арналған арнайы ресурстарда кездесетіндігі туралы айтады.

О.В. Хухлаеваның пайымдауынша, жасөспірімдік кезең 10-11 жастан басталып, жасөспірімдер 15-16 жасқа аяқ басқанда аяқталады [1]. Психологиядағы бұл кезең жас дағдарысымен сипатталады. Бұл балалық шақтан ересек кезеңге аяқ басу сәті. Аталмыш кезеңдегі ерекшелік ретінде «ересектік сезімінің» пайда болуы байқалады. Дегенмен, жасөспірімдер әлемі ересек өмірдің құндылықтары мен өзара әрекеттесу формаларына сай қалыптаспағаны айқындалады. Жасөспірім кезеңіндегі жетекші қызмет - құрдастарымен қарым-қатынас. Бұл жас дағдарысының күрделілігі- ішкі қақтығыстардың пайда болуы ғана емес, сыртқы әлеммен қақтығыстардың өрбуімен де сипатталады.

Суицид яғни өзіне-өзі қол жұмсау – бұл адамның өзін өз өмірінен қасақана айыру. Е. В. Змановскаяның айтуынша, суицидтік мінез-құлық біржақты патологиялық деп саналмайды. Көп жағдайда бұл психикалық қалыпты адамның мінез-құлқы [2]. Суицидтік мінез-құлық идеяларға негізделген өзінді өмірден айыру туралы саналы әрекеттер деп аталады.

Жасөспірім кезіндегі суицидтік мінез-құлық, көптеген ересек адамдардағы аналогиялық мінез-құлықпен ортақ ұқсас тұстары болғанымен, бірқатар айырмашылықтардың болуымен ерекшеленеді. Бұл физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерге байланысты өсіп келе жатқан жас ағзаға тән қалыптасатын механизмдер әлеуметтік-психологиялық факторлармен араласу нәтижесінде өскелең жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуындағы бірқатар ерекшеліктеріне бағынады [3].

Жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесін зерттеу, сол топқа жататын жастардың бойынан депрессиямен, мазасыздықтың жоғары деңгейімен және агрессиямен сипатталатынын көрсетті.

Жасөспірімдердің суицидті таңдауының бірден бір себебі, олардың өлімге деген адекватты емес қатынасы болып саналады. Олар үшін, өз өзіне қол жұмсау – өлім мен болмыстың екі жақтылығымен сипатталады. Олардың санасында екіжақты процесс көрініс тапқандай қиял пайда болады. Олар өздерінің өмірін өлім кезеңінен кейін де көре алатынына сеніммен қарайды. Өздерін табытта елестетіп, жақындары мен достарының жерлеу рәсімінде оның қадірін түсініп, өзектерін өкініш өртейтін сәттерін елестетеді. Осылайша, олар өлімді өмірдегі «уақытша» орын алатын жағдай ретінде бағалайды. Тек жасөспірімдік кезеңнің соңғы уақыттарында өлімнің өмірдің қайтарымысыз соңғы сәт екендігі жайлы адекватты түсініктер қалыптаса бастайды.

Е.В. Змановская пікірінше, суицидтік мінез-құлық жасөспірімдік шағында жиі демонстративті сипатта болып, оның ішінде өз қалағанына қол жеткізу мақсатымен бопсалау құралы болады [2]. Ал, А.Е. Личко болса жасөспірімдердің тек 10% -ын шынайы жасөспірімдерде өз-өзіне қол жұмсауға деген шынайы ниетте болатынын атап өтіп, тек 90% жағдайда бұл көмекке шақыру екенін бағамдаған [4]. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жасөспірімнің өз-өзіне қол жұмсауы өлімге деген шынайы ниеттен емес, эмоционалдық және жеке тұлғалық жетілмегендік себебімен шартталғанын дәлелдеуге болады.

Зерттеушілер (А. Е. Личко, Е. В. Змановская, В. Ю. Рыбников, О. О. Андронникова және т. б.) суицидтік мінез-құлықты мінездің айқын акцентуацияның болуымен байланысты екендігін қарастырған. Аталмыш тақырыптар тоғысындағы әдебиеттерге шолу жүргізіп, теориялық талдаудың нәтижесінде жасөспірімдерді суицидтік мінез құлыққа алып келетін акцентуацияның бірнеше түрін жіктедік. Олардың арасындағы, ең жиі кездесетіні сензитивті,

эмоционалды-тұрақсыз, эпилептоидты және истероидты түрлерін айтамыз. Л.Шмишектің жіктеуі бойынша, бұл эмоционалды, қобалжу, аффективтік және демонстративті тұлға типтері.

Әрине, суицидтік мінез-құлық мәселесіне интернет желісінің тікелей қатысы бар. Ол суицидтің алдын-алушы күшті құрал әрі суицидті мінез-құлықтың дамуын ынталандырушы ақпарат көзі болуы ықтимал. Көпшілікке қол жетімді ашық виртуалды кеңістікте өз-өзіне қол жұмсау технологиясын егжей тегжейлі сипаттамасын табуға болады. Кейде әлеуметтік желі мен интернеттегі қарым-қатынас суицидті қолдауға бағытталған ұмтылыстарға алып келеді. Жасөспірімдердің мінез-құлқына құрдастарының, суицид тақырыбына арналған интернет-ресурстар көп жағдайда оларды өз өзіне қол салуға итермелей отырып, бұл жолдың олардың өмірінде кездескен мәселелердің «қалыпты» жол екендігіне сендіреді.

Осы орайда жасөспірімдердің өміріне виртуалды қарым-қатынастың ықпалын, олардың интернетке деген көзқарастарын анықтау мақсатында кәсіби білім беру колледжінің 16-17 жастағы 1-курс студенттерімен арнайы сауалнама жүргіздік.

Зерттеу жұмысында жасөспірімдердің интернетке деген көзқарас маңыздылығын зерттеуге бағытталған «Жасөспірімдер - интернет желілері жайлы» авторлық сауалнамасын қолдандық.

Интернетке деген көзқарас маңыздылығын зерттеуге бағытталған «Жасөспірімдер - интернет желілері жайлы» сауалнама нәтижелері бойынша, жасөспірімдердің көпшілігі тәулігіне интернетте 9 сағаттан (62%) астам уақыт өткізеді.

Халықтың 100% кем дегенде бір әлеуметтік желіде тіркелген. Көбінесе жасөспірімдер дүниежүзілік желіні коммуникация мақсатында пайдаланады, бұл көрсеткіш респонденттердің 31% көрсетілген, сондай-ақ музыка тыңдау және фильмдерді көру үшін жасөспірімдердің 10% интернет желісін пайдаланады. 34% жасөспірімдер тобы интернет кеңістігін виртуалды ойындарды ойнау үшін пайдаланып, оның 20%-ы суицидтік көзқарастардың қалыптасуына әсер ететін сипаттағы айқын акцентуациялар типіндегі жасөспірімдер. Респонденттердің 17%-ы интернетті пайдалану кезінде суицидке арналған сайттарға кірген. 20% суицидті мінез-құлықтың алдын алуға арналған веб ресурстарды көріп, 25% өз-өзіне қол жұмсау туралы ақпараттарды зерттеп, 10% осы форматтағы екі сайтты да көргендерін баяндап, тек 28% мұндай интернет ресурстарының ешқайсысына да кірмегенін белгілеген.

Тәуекел тобындағы респонденттердің 56% сайттарға кірген кезде, өмірдің мәнін түсінуге мүдделі екендігін, 28% өз-өзіне қол жұмсау жолдары туралы қызығушылықпен оқитыны, ал 16% бұл тақырыпты қызығушылық танытпайтындарын айтты.

Интернетке деген көзқарас маңыздылығын зерттеуге бағытталған «Жасөспірімдер - интернет желілері жайлы» сауалнамасы бойынша алынған зерттеу нәтижелері (1,2,3,4 диаграммаларда) көрсетілген.



Диаграмма-1. Интернетке деген көзқарас маңыздылығын зерттеуге бағытталған «Жасөспірімдер - арналған интернет желілері жайлы» сауалнамасы бойынша алынған зерттеу нәтижелері

([https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdHon6oQ6UY3-tjvNzvb4zdoP4\\_DPQOxzmYUz5hSQA6d5dQ3A/viewform?usp=sf\\_link](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdHon6oQ6UY3-tjvNzvb4zdoP4_DPQOxzmYUz5hSQA6d5dQ3A/viewform?usp=sf_link))




Диаграмма-2. Интернетке деген көзқарас маңыздылығын зерттеуге бағытталған «Жасөспірімдер - интернет желілері жайлы» сауалнамасы бойынша алынған зерттеу нәтижелері



Диаграмма-3. Интернетке деген көзқарас маңыздылығын зерттеуге бағытталған «Жасөспірімдер - интернет желілері жайлы» сауалнамасы бойынша алынған зерттеу нәтижелері

Суицидке қатысты сайттарға кірген кезле, қандай тақырыпта ой түйесіз?



- Өмірдің мәнін түсінуге мүдделімін.
- Өз-өзіне қол жұмсау жолдары туралы қызығушылықпен оқимын;
- Бұл тақырыпқа қызығушылық танытпаймын;
- 

Диаграмма-4. Интернетке деген көзқарас маңыздылығын зерттеуге бағытталған «Жасөспірімдер - интернет желілері жайлы» сауалнамасы бойынша алынған зерттеу нәтижелері

Осылайша, көптеген жасөспірімдерге тән жалпы тенденцияларды ажыратуға болады. Бұл интернет желісінде өткізілетін көп уақыт пен әлеуметтік желідегі қарым қатынасқа қызығушылықта көрініс табады. Сонымен қатар, жастардың бұқаралық онлайн ойындарға кірігуін айта аламыз. Суицидке қатысты сайттар көпшілік жасөспірімдер үшін аса қызығушылық тудырмағанымен, сауалнама нәтижелеріне сәйкес белгілі және белгісіз себептер бойынша, берілген тақырып тоғысында аталмыш сайттарға студенттердің кіруі қоғамдағы суицид мәселесінің белең алуының айқын көрінісі ретінде қазіргі қоғамда жасөспірімдерде жоғары мазасыздықтың болуымен байқалады.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге назар аудара келе және сауалнама нәтижесін есепке ала отырып, суицидтік мінез құлыққа бейім жасөспірімдер өзгелермен салыстырғанда, әлеуметтік желілерде бейтаныс адаммен танысып, виртуалды кеңістікте етене жақын сырласатыны, не болмаса, ойындар ойнайтыны анықталды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хухлаева О.В. Психология подростка: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – 3-е изд., стер. / О.В. Хухлаева. – М.: Академия, 2008. – 160 с.
2. Змановская Е.В. Девиантология: (Психология отклоняющегося поведения): Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Академия, 2003. – 288 с.
3. Попов Ю.В., Пичиков А.А. Особенности суицидального поведения у подростков (обзор литературы) // Обозрение психиатрии и медицинской психологии им. В.М. Бехтерева. 2011. № 4. С. 4-8.
4. Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. – М.: Речь, 2010. – 256 с.





УДК 159.9

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУДЕГІ ОҢАЛТУ-ТЕРАПИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Алпысбаева Бағдат Мааратқызы

№3 жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада суицидтік мінез-құлықтың себептерін анықтау осы тұжырымдаманы нақты түсінбестен мүмкін емес. Сондықтан біздің алдымызда теориялық дереккөздерді талдау негізінде өзіне-өзі қол жұмсауды сипаттау міндеті тұрды.

**Кілт сөздер:** Психолог, маман, бойжеткен зорлық-зомбылық

**Аннотация.** Определение причин суицидального поведения в данной статье невозможно без четкого понимания данного понятия. Поэтому перед нами стояла задача: описать суицид на основе анализа теоретических источников.

**Ключевые слова:** Психолог, специалист, девушка, насилие.

**Annotation.** In this article, it is impossible to identify the causes of suicidal behavior without a clear understanding of this concept. Therefore, we faced a task: based on the analysis of theoretical sources, a description of suicide was presented.

**Keywords:** Psychologist, specialist, girl, violence.

Қоғамның экономикалық, әлеуметтік, табиғи факторлары саласындағы біртіндеп өзгерістерге байланысты адамдар өмірінің қазіргі қарқыны күрт, динамикалық, спазмодикалық сипатқа ие болды. Бұл адамдардан физикалық және психологиялық төзімділікті талап етеді. Бірақ барлық адамдар мұндай қиындықтарға төтеп бере алмайды. Содан кейін күйзеліс, стресс және депрессия жағдайлары пайда болады, бұл адамды өз-өзіне қол жұмсау ойларына әкеледі. XX ғасырдың соңғы онжылдықтары мен XXI ғасырдың басы бүкіл әлемде суицидтер мен суицидтік әрекеттер санының тұрақты өсуімен сипатталды. Бұл проблемаға өзіне-өзі қол жұмсаудың орта жастағы "жасаруы" фактісі ерекше мән береді, яғни өзіне-өзі қол жұмсаудың көпшілігі жасөспірім және жасөспірім кезінде жасалады.

Қолайсыз әлеуметтік ортаның болуы, әдетте, жасөспірімді өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтін негізгі себеп болып табылады. Осы тұрғыдан суицидтің себептерін талдау оларды үш негізгі факторға топтастыруға мүмкіндік береді:

1) Ата-аналармен өзара қарым-қатынас, олардың өз балаларын түсіну дәрежесі, жанашырлық, нормативтік қатынастар;

2) мектептегі мұғалімнің жеке басына, сыныптағы социометриялық мәртебеге және оқу үлгерімі мен өмірлік перспективалар факторларына жеке көзқарасқа байланысты проблемалар;

3) құрдастарымен, достарымен, қарама-қарсы жыныстың өкілдерімен қарым-қатынас.

Суицидтік мінез-құлық нұсқаларын талдау осындай мінез-құлыққа ие жасөспірімдердің жеке ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді: алаңдаушылықты арттыру, көңілсіздік, қоршаған ортаны теріс қабылдау, оны өзгертуге деген ұмтылыс және мәселені шешудің жолын өз бетінше таба алмау (М.в. Горская).

Өз - өзіне қол жұмсау әрекеттерін түсіндіретін мотивтердің ішінде жасөспірімдер мен психологтар басқа адамдарға әсер етудің әртүрлі тәсілдерін көрсетеді: "адамға сенің үмітсіздігіңді түсіндіру"- 40% жағдай; "жаман қарым - қатынасқа өкіну" - 30%; "басқаны қалай жақсы көретіңді көрсету" немесе "өзіңді жақсы көретіңді білу" - 25% және соңында жағдайлардың 18% - ы - "көмекке шақыру, айқайлау".

Суицидтің психологиялық мағынасы көбінесе реакцияға, әсер ету кернеуін жоюға, кетуге, қиын өмірлік жағдайдан шығуға байланысты. Демонстрациялық сипаттағы суицид

әрекеті жасалған кезде, жасөспірімнің агрессиясы сыртқы жағынан бағытталған: кек алу, зиян келтіру, біреуді азаптау, жауапкершілікке тарту. Суицидтік әрекеттері бар жасөспірімдер арасында шекара жағдайлары, жүйке жүйесінің бұзылуы және ситуациялық реакциялары бар адамдар басым. Бұл жағдайда өлімге нақты тілек жоқ. Аяқталған суицид жағдайында өзінің "Мен" - ге қарсы агрессия басым болады. Тілек өліп, кетпес өмір байланысты жұмыс өмір сүру мағынасы, наразылықпен, ниетін болдырмау бақытсыздық, самонаказанием.

А. Г. Амбрумова суицидтік мінез - құлық, яғни суицидпен байланысты ойлар, ниеттер мен іс-әрекеттер кешені қазіргі микросоциалдық қақтығыс жағдайында адамның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің салдары деп санайды. Жанжал жағдайы үш фактордың қатысуымен суицидтік әрекеттерге әкеледі: жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері, мысалы, жеке мазасыздық, ашуланшақтық толеранттылық; қоршаған ортаны теріс қабылдау, өмірге саналы ұмтылыстың болмауы; қолайсыз әлеуметтік орта.

Бүкіл дүние жүзін алаңдататын жайттардың бірі жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау немесе суицид. 1989 жылы әлемдік көшбасшылар «БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенциясы» атты құжатты бекітті. Қазақстан 1994 жылы бұл Конвенцияны қабылдап, балалардың құқықтарын осы деңгейде қорғауға міндет алды. 5 жасқа дейінгі сәбилер өлім-жітімін төмендетуге қатысты оң көрсеткіштерге қол жеткізді. Елімізде әр бала толық білім алуға мүмкіндік жасалған. Дегенмен, түрлі жағдайларға байланысты баланың барлық құқықтары толық көлемде іске асырылмайды. Балаларды айналасындағы қатыгез қарым-қатынастан қорғау, шет елден көші-қон үдерістерінде балаларға көмек көрсету, мемлекет қарауындағы жетім, жартылай жетім балаларға жан-жақты қолдау бағдарламалары үздіксіз тексеру мен қадағалауды қажет етеді. Өйткені ала тәрбиесі – қиын да жауапты міндет.

Мемлекет қарауындағы әр баланың алдағы өмір жолында қандай қиындықтар тұр және мемлекеттік мекемелердегі жинақталған тәрбие мен білім балада мәселелердің шешімін таба алатындай ішкі ерік-күші қалыптастыра ма? Сондай-ақ кез келген ата-ана баласының тәрбиелі де білімді, талапты да өнегелі болып, қатарының алды болғанын қалайды. Бірақ балаға осындай мақсаттарды жүктей отырып, соған сай бала тәрбиесімен айналысу керектігіне көпшілік мән бермейді. Ұрып-соғып, қорқытып, аш қалдырып, жұмысқа салынып, түрлі былапыт сөздерді естіп, жаны да, тәні де жараланып өсіп келе жатқан қаншама бала бар десеңізші! Терең үңілмей-ақ сырттай назар аударғанда-ақ түрлі сұрақтардың туындайтынын көреміз.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық бұл жаһандық сипаттағы проблема болып жайылып жатыр. Әлем бойынша 1 миллиард кәмелетке толмағандар, яғни 2 жастан 17 жасқа дейінгі барлық балалардың жартысынан көбі бір жыл ішінде эмоциялық, физикалық және жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. 1-4 жастағы балалардың 53%-ы отбасында психологиялық агрессияға немесе физикалық жазаға ұшырайды. Елімізде қыздардың 50%-ы отбасындағы қатаң тәртіп пен қысымда өседі. Оның ішінде 21%-ы физикалық жазаға тартылып, ал 45%-ы психологиялық қысымда өседі. Осы қысымдарға шыдамаған бала жүрегі өмір есігін енді ашқанына қарамастан өмірден түңіліп, өз қатарластары сияқты ойын қуып, қызық іздеудің орнына тұйықтала береді. Қысым, ұрыс-керіс, сабау көбейген сайын одан қашып құтылудың жолдарын өзінше іздей бастайды. Ақырында тапқан шешімі өзіне қол жұмсау болады.

Соңғы бес жылда 15-19 жас шамасы арасындағы суицид 7 пайызға өскенін көрсетеді. Ал статистикалық мәліметерге жүгінсек қазіргі таңда 2\3 бөлігі депрессияның себебінен көз жұмады екен. Депрессияға ұшыраған адам өзін ешкімге керегі жоқ екенін сезінеді, сонымен қатар оларда жалғыздық сезім пайда болады. Осылардың салдарынан өзінің өмірімен қош айтысуға тура келеді. Тығырықтан шығудың жолын осылай шешеді. Бүгінгі біздің қоғам өмірінде баланы теріс бағытқа апарар түрлі жолдар бар. Олардың арасында әлем дабыл қаққан жасөспірімдер арасында көбейіп бара жатқан суицид проблемасы. Жалпы

жасөспірімдік кезеңде адам түрлі қиындықтарға қарсы тұруға қабілетсіз және бұл кезең психикалық және денелік тұрақсыздықтың айқын көрінетін кезеңі. Адамның өміріндегі 14-25 жас аралығы оның аутоагрессивті әсерлерге жоғары сезімталдығымен сипатталады. Жасөспірімдер кез-келген жаңа нәрсені тез қабылдауға дайын тұрады. Сондықтан жасөспірімдерде девиантты мінез-құлық белгілерінің пайда болуының алдын алушылары бұл алдымен оның отбасы және оқу орны. Кез-келген жасөспірім де, ересек адам да сәтсіздікке, қиын жағдайларға ұшырап жатады. Бірақ олардың ешқайсысы текке кетпейді. Оған біз төзе білуіміз қажет. Өзіне-өзі қол жұмсау ісі, көбінесе, үмітсіздіктен, мақсатсыздықтан, келешекке сенімсіздіктен, жан тыныш-сыздығынан туындайды. Қи-налған сәтте адам өз-өзіне деген сенімі болу керек.

Суицидтің ең жоғары жиілігі 15-24 жас аралығында тіркелген. Бұл кезеңде адам қиындықтарға қарсы тұруға қабілетсіз, психикалық және денелік тұрақсыздықтың көрінетін кезеңі. Жасөспірімдік кезеңдегі суицидті мінез-құлықтың мәні бұл көмекке шақыру, өзінің жеке қиындықтарына, проблемаларына қоршаған ортадағы адамдардың назарын аудартуға тырысу. Жасөспірімдерде өлім туралы түсінік қалыптаспайды, олар оның мәнін түсінбейді.

Суицидтің ресми статистикасы мен оның нақты сандары арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар (мөлшерлеп алғанда 4 есе), себебі онда суицидтің нақты жағдайлары ғана ғана тіркеледі. Сот сарапшыларының пікірінше, былайша айтқанда «бақытсыз жағдайлардан болған өлімдердің» басым бөлігінің себебі болып (дәрі-дәрмектің мөлшерден тыс қолданылуы, құрбандары бар автокөлік апаттары, биіктен құлау және т.б.) Шын мәнінде өз-өзіне қол жұмсау табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- А.С.Макаренко. Тәрбие туралы лекциялары. — Алматы, 1968.  
 В.А. Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. — Алматы, 1976.  
 Обухова Л.Ф. Возрастная психология. — М., 1999.  
 Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. — СПб., 2000.  
 Караковский В.А. О подростках. — М.: Педагогика, 1970.  
 Божович Е.И. Личность и ее формирование в детском возрасте.-М.,196



**ӘӨЖ 374.31**

### **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҚАДАМДАРЫ**

**Ахметова Эльмира Айдарқызы, педагог-психолог  
Темірбек Қожакеев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясы  
Қазақстан, Мерке ауданы**

**Аңдатпа.** Мақалада жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының әлемде өршіп тұрған өзекті мәселе екендігі, өзіне-өзі қол жұмсау ойының пайда болу себептері, суицид дертіне рухани әлсіз, психикалық тұрғыдан тұрақсыз адамдардың шалдығуы, мұндай жолға түскен жасөспірімдерге көмектесу жолдары туралы айтылады.

**Кілт сөздер:** жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқы, суицид, өз-өзіне қол жұмсау, суицидке тән қасиеттер, депрессия.

**Аннотация.** В статье рассматривается актуальная проблема суицидального поведения подростков, обостряющаяся в мире, причины возникновения суицидальных мыслей,

страданий духовно слабых, психически неуравновешенных людей от суицидальных наклонностей, пути помощи подросткам, оказавшимся на таком пути.

**Ключевые слова:** суицидальное поведение подростков, суицид, самоубийство, суицидальные черты, депрессия.

**Annotation.** The article deals with the actual problem of suicidal behavior of adolescents, which is escalating in the world, the causes of suicidal thoughts, the suffering of spiritually weak, mentally unbalanced people from suicidal tendencies, ways to help adolescents who find themselves on such a path.

**Keywords:** suicidal behavior of adolescents, suicide, suicide, suicidal traits, depression.

Қазіргі таңда қызығы мен қиыншылығы, қуанышы мен реніші қатар жүретін заманда адам жүйкесіне салмақ түсіретін нәрселер көп. Бүгінгі таңда суицид әрекеті жасөспірімдер арасында орын алуда. Қоғам дертіне айналып отырған суицид мәселесі, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен сан түрлі қиындықтар бала психологиясына кері әсер етуде.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді елеңдетіп, қоғам дертіне айналып отырған жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауы – дүние жүзіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Суицидті зерттеп жүрген мамандардың пікірінше, дүниежүзінде әрбір 20 секунд сайын бір адам өзіне-өзі қол жұмсайды екен. Тіпті жылына 1 миллион адам өзін ажалға қиып, шамамен 20 миллион тұрғын өмірмен мәңгілікке қоштасуға әрекет жасайды. Сорақысы сол, бұлардың 8 мыңы қазақстандықтар екен. Ал бұл дегеніңіз, республика бойынша сағат сайын бір адам өз еркімен өмірмен қоштасады деген сөз. Әсіресе, бұл дерттің жасөспірімдер арасында кең етек жайғаны алаңдатады. Оған жасөспірімдік «өтпелі» шақта кездесетін қиындықтарды көтере алмау, айналадағылармен тіл табыса алмау, бала психологиясының толық қалыптаспауы, т.б. жағдайлар себеп болуда [1].

Практическая конференция «Сохранение и укрепление психологического благополучия участников образовательного процесса через формирование жизненных навыков». Участники-педагоги- психологи организаций образования. С целью повышения профессиональной компетенции педагогов – психологов была предложена форма ко-терапии. В ходе конференции предоставлены практические кейсы по профилактике буллинга, интернет-зависимости, формированию коммуникативных навыков, аутодеструктивного поведения, конструктивных взаимодействий семьи в кризисных ситуациях, позитив-технологиям при эмоциональном выгорании педагогов. Обсуждены и практически проработаны разнообразные формы работ со всеми участниками образовательного процесса. Каждому участнику выдан сборник материалов конференции.

Большое внимание уделяется аттестации специалистов психологической службы. Педагоги-психологи принимают участие в профессиональных конкурсах, таких как «Лучший кабинет психолога», «Лучший психолог года». Ежегодно педагоги-психологи достойно представляют нашу область, занимая призовые места и показывая отличные результаты.

С целью эффективной реализации деятельности Психологической службы, с целью оказания практической помощи педагогам – психологам, созданы интерактивные платформы такие как YouTube канал «Психологическая служба Акмолинской области» <https://www.youtube.com/channel/UCpUIPHyurGiloaV3YtSDUsw>, электронная почта [psihologiakmola2020@mail.ru](mailto:psihologiakmola2020@mail.ru) (пароль SAMOPOZNANIE2020@+), имеются ссылки на уже размещенный материал на образовательных сайтах, в частности на сайт учебно – методического кабинета управления образования Акмолинской области.

#### Список использованной литературы:

1. Немов, Р. С. Общая психология / Р.С. Немов. - М.: Владос, 2018. - 400 с.
2. Общая психология / Под редакцией Е.И. Рогова. - М.: МарТ, Феникс, 2020. - 560 с.
3. <http://metodcenter.aqmoedu.kz/>
4. <https://www.instagram.com/p/CrnotW9oNOB/?igshid=MDJmNzVkMjY=>



ӘӨЖ 159.972

### СУИЦИДАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ МЕН ДИАГНОСТИКАЛАУ ПСИХИКАЛЫҚ САУЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ

**Макашқұлова Гульжан, әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы,  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, қ. Тараз**

**Аңдатпа.** Мақалада суицидтің себептері, ерекшеліктері, қоғам үшін ауыр зардаптары мен теріс мінез-құлықтың салдары қарастырылады. Өмірден қол үзуге шешім қабылдауға итермелейтін суицидтік әрекеттер талданып, өзіне қол жұмсауға бейімділікті диагностикалауда ұсынылатын әдістер, суицидтің алдын алу мәселесі жайлы сөз қозғалады.

**Кілт сөздер:** девиация, делинквенттілік, күйзеліс, суицид, жалғыздық, дағдарыс, бас тарту, диагностика, алдын алу.

**Аннотация.** В статье рассматриваются причины, особенности суицида, их тяжелые последствия для общества и негативное поведение. Анализируются суицидальные действия, побуждающих к принятию решения отказа от жизни, методы диагностики для определения склонности к суициду, проблемы профилактики суицида.

**Ключевые слова:** девиация, делинквентность, стресс, суицид, одиночество, кризис, отказ, диагностика, профилактика.

**Annotation.** The article discusses the causes, features of suicide, their severe consequences for society and negative behavior. The article analyzes suicidal actions that encourage the decision to give up life, diagnostic methods for determining suicidal tendencies, problems of suicide prevention.

**Keywords:** deviation, delinquency, stress, suicide, loneliness, crisis, rejection, diagnosis, prevention

Әлемде суицидтік жағдайлардың көбеюі, бұл құбылыстың себептері жайлы ойлануға және оның алдын алудың оңтайлы жолдарын қарастырудың қажеттілігін жоғарылатады. Суицид мәселесі өсімтал және еңбекке қабілетті жастағы адамдарға басымырақ қатысты болып келеді және оның маңыздылығы бүкіл әлемде суицидтік зерттеулердің қарқын алуына себеп болды. Суицидке түрткі болатын күйзеліс-жаһандық дерт, оның басты белгілері: көңіл-күйдің бұзылуы, өмірге қызығушылықтың төмендеуі, жағымсыз ойларға бой алдыру және белсенділіктің азаюы. Күйзелісте жүрген адам қалыпты күйде жүргендерге қарағанда шешімді шапшаң қабылдайды. Халықаралық анықтама қызметінің дерегіне жүгінсек, 1950 жылдан бүгінгі дейін суицид оқиғасы 60 пайызға өскен, бұл суицид оқиғасының әлемде көп орын алуының дәлелі болып табылады. Суицидтік жағдайлар көктем мезгілінде жиі орын алады, басым бөлігі мамыр айына, ең азы желтоқсан айына сай келеді. Бұл құбылыс маусымдық биоритмдердің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Сондай-ақ 30-35 жастағы адамдарда суицидтік әрекеттер жиі байқалса, 55-60 жаста аяқталған суицидпен сипатталады.

Түрлі салт-дәстүрлерде суицидке көзқарас бірдей болмаған. Ежелгі Грецияда суицид кешірілмейтін қылмыс ретінде қабылданса, Қытайда суицидке сабырмен, түсіністікпен қарап адам осылайша өз жанын босатады деп сенген, осыған біршама жақын көзқарас Ежелгі Үнді халқында да болған. Жапондықтар харакири дәстүріне сай өзіне қол жұмсауды даналық, шынайылық, ұқыптылық деп білген. Өзін-өзі өлтіру, яғни «өмірден түңілу» тарихи және этнографиялық деректер бойынша ежелгі замандарда аз орын алған, болған жағдайда ол адамды қолынан айырған, дегенмен қоғамда өзіне қол жұмсауға қатысты жағымсыз көзқарас қалыптасқан.

Суицид әлеуметтік құбылыс ретінде белгілі әлеуметтік себебі бар және зерттеу мен себебін түсіндіруді қажет етеді. Девиантты мінез-құлыққа адамның, әлеуметтік топтың сол қоғамда ресми түрде қабылданған немесе қолданылатын нормаларға сәйкес келмейтін қылықтары, іс әрекеттері жатады. Осы түсінікті анықтау үшін әлеуметтік нормаларға не жататынын білу керек. Қоғам қандай да бір нормаларды мінез-құлық үлгісі ретінде қабылдай отырып, оларға сәйкес келетін қоғамдық моральдық және құқықтық қолдау механизмін құрады, яғни қоғамдық және мемлекеттік әсер етудің санкциялары. Адамның күйзелуі және оның ұзаққа созылуы стресстік сезімдерге душар етеді. Күйзеліс адамға қауіп-қатер төнгенде, іс-әрекеттің өте ауыр да жауапты кезеңінде, әл қуатқа және зиятына салмақ түскенде пайда болады. Теріс мінез-құлықтың басқа да түрлері бар:

- реактивті негізделген (қашу, суицид), әдетте психиканың зақымдану негізінде болады;
- бұрыс тәрбиенің негізінде болатын жеке адамның төменгі моральдық деңгейінен болатын түрі (есірткі қолдану, маскүнемдік);
- биологиялық фактор негізінде болатын патологиялық дерт (садизим).

Жалпы девиация екі негізгі бағытта қарастырылады: бұзылулардың пайда болу формалары бойынша- делинквенттілік, үйден қашып кету, қаңғыру, ерте маскүнемдік, суицидалды мінез құлық. Әлеуметтік психологиялық негіз бойынша: қоршаған орта мен адамның жас ерекшелігінің сипаты. Балалық шақта психикалық бұзылыстардың қауіп факторларына тұқым қуалаушылық, конституциялық-морфологиялық, биологиялық, физикалық, химиялық, экологиялық, этнографиялық, созылмалы психогения жатады.

Суицидалды мінез-құлыққа: антивитальды қапаланулар (өмірдің құндылығын жоғалту, «мен өмір сүріп жүрген жоқпын, тек тіршілік етемін» деген ойлар), селқос суицидті ойлар -өзінің өмірінен айырылудың жеңіл өтуі туралы қиялдар («ұйықтап кетсе оянбау» сынды ойлар), суицидалды ниеттер-өзін-өзі өлтіруге деген тілектер, өзін-өзі өлтіру туралы шешімдерді, тәсілдер мен ыңғайлы жағдайларды іздеу арқылы жүзеге асырулар жатады. Суицидалды ниеттер қайтымды фазадан қайтымсыз фаза арқылы- биологиялық өлімнің келуімен өтеді [1].

Тұлғаның даму жолында деструктивті үрдістер орын алады, мұндай элементтердің болуы патология емес, дегенмен ол адаптация мен ынтымақтастықты біршама қиындатады. Тұлғаның өмір күшінің, психикалық дамуы мен оның психикалық саулығының жеке деструкциясының қатарына агрессивтілік, стереотипизация, элеуметтік бағалаудың жеткіліксіздігі, тұлғаның суицидалды мінез-құлқы, диссинхрония, қызғаныш жатады. Барлық жеке деструкцияларға себеп болатын екі жүйе құраушы негіз бар:

1. Адам өз күшімен қиындықтан шығудың жолын үнемі таба алмайтын немесе мәселені шеше алмайтын, түрлі дәрежедегі тұлғаның ингартуалды күйлерінің пайда болуы.

2. Тұлғаның прогрессивті қалыптасуы мен дамуын, оның сәйкестігін, қазіргі қоғамның талаптарын тоқтататын психологиялық қорғаныстың қалыптасуы.

Шынайы суицидтік мінез-құлықты мақсаты өмірін қию емес бір нәрсені дәлелдеуге бағытталған демонстрациялық-бопсалау әрекетінен ажырата білу маңызды. Суицидтік әрекетке барудың басты себебінің бірі-жалғыздық болып табылады. Бұл тәуекел топ категориясында зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, жұмыссыздар, ажырасқандар, босқындар бар. Жалғыздықтың себептері қандай болмасын қоғамдағы элеуметтік және отбасылық тұрақсыздықтың артуы, қарым-қатынастың бұзылулардың көбеюі оның көп қырлы екендігін көрсетеді. Жалғыздықтың қандай себептері болмасын ол адамды мұндай әрекеттен ақтап ала алмайды. Өмірден қол үзуге шешім қабылдауға итермелейтін суицидтік әрекеттерді талдау келесі жағдайларға негізделетінін көрсетеді:

- өмір мен өлімді қайта бағалау арқылы адамды жер бетінде ұстап тұратын барлық нәрсенің жеңіліске ұшырауы;

- соққының адамгершілік құндылықтарға ауыр түсуі;

- өмір мәнінің өлімнің мағынасына ауысуына себеп болатын моральдық-психологиялық таңдаудың көрінісі (инверсия). Моральдық-психологиялық аспектіде суицидке бару жайлы шешімге келуде жеке және элеуметтік субъективтілікке байланысты сапалар маңызды. «Өзін - өзі жазалау» жайында тұлға жауапкершілікті өзіне алады, «бас тарту» жайында жауапкершілікті «жазымышқа» артады. Адам психологиялық дағдарысты басынан өткеру кезінде суицидке бару шешімі жеке және қоғамдық сана факторларының күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады. Дегенмен, дағдарыс адамның жастық шағында немесе отбасылық қиындықтар мен дәрменсіздік жағдайында болса түрліше даму көрінісін береді. Жастар үшін дағдарыс «қалағанының болмауына» сай белгілермен, неғұрлым есейген сайын «жеткенінен айырылып қалу» сипатына орай өтеді [2].

Э.Шнейдман алғашқы рет өзіне қол жұмсаудың жақындағанын білуге болатын белгіні «суицидке кілт» деп атады. Ол суицидке қатысты аңыздарды тереңірек зерттеп, индивидтің саналы түрде өз өлімін жақындататын іс-әрекеттерді қарастырды:

- өлімді іздеушілер, әдейі өз өмірімен қоштасушылар;

- өлім инициаторлары, оны жақындатушылар (мысалы, қатты науқастар);

- өліммен ойнаушылар, олар өз өмірлерін қорған ретінде, өмір сүру мүмкіндігі аз болған жағдайда тәуекел етеді.

- өлімді қолдаушылар, яғни өзінің суицидтік талпыныстарын жасырмайтындар

(мысалы, жалғыз қалған қариялар немесе эмоционалды тұрақсыз жасөспірімдер) [3].

А. Г. Амбрумова суицидалды мінез-құлықты микроэлеуметтік қақтығыс жағдайында тұлғаның элеуметтік-психологиялық бейімделуінің салдары ретінде қарастырады. Ал А. А.

Султанов денсаулығы қалыпты жасөспірімдердегі суицидалдық мінез-құлықтың себептерін зерттеуде негізгі келесі факторларды анықтады:

- әлеуметтік құрылымдағы жас адамның орны оның талаптарының деңгейіне сәйкес келмейтін әлеуметтенудің бұзылуымен байланысты болатын дезадаптация;
- аға буын өкілдерінің құндылықтар жүйесін қабылдамауынан туындайды отбасылық қақтығыстар;
- суицидтік жағдайдың пайда болуына және оны тез жүзеге асырудың алғышарттарының негізі ретіндегі алкогольизм және есірткі қолдану [4].

Суицидтің алдын-алудың өзектілігін ескере отырып, зерттеушілер суицидентті алдын-ала танып, оның ниетіне кедергі жасау мүмкін бе? деген сұраққа жауап іздейді. Суицидке баруға шешім қабылдаған адамның бойынан сөздік, жағдайлық, мінез-құлықтық белгілерді байқауға болады. Сөздік белгілер:

- өлім жайлы ашық айту («мен өлгім келеді», «бұлай өмір сүргім келмейді»);
- ойын жанамалап жеткізу («бұдан былай ешкімге де қиындық тудырмаймын», «енді мені ешкімнің уайымдауының қажеті жоқ»);

- суицид мәселесіне қатысты көп қалжың айту;

- өлімге қатысты жағдайларға қызығушылық танытып, қисынсыз сұрақтар қою;

Мінез-құлықтық белгілер:

- өзі үшін құнды заттарды тарату, істерін жүйеге келтіріп аяқтау, тіл табыспай жүргендермен достасу;

- мінездегі өзгерістердің орын алуы (тамақты аз немесе көп жеу, аз немесе көп ұйықтау, күнделікті әдеттердің бұзылысы- мектепке бармау, үй тапсырмасын орындамау, қатарластарымен байланысқа түсуден қашу, жақындарынан алшақтау, әсершіл болу);

Жағдайлық белгілер:

- ортамен байланысы шектеулі болса (досы, араласатын адамының болмауы);

- қалыпты емес отбасында өмір сүрсе (отбасы мүшелерімен, достарымен тіл табыса алмау, ішкілік және т.б);

- өзін зорлықтың құрбаны ретінде сезінсе (денелік, жыныстық және эмоциялық);

- таныстарының арасында болған жағдайларға еліктеп, суицидке икемділік танытса;

- өмірінде қайғылы жағдай орын алса (жақынының өлімі, ата-аналарының ажырасуы);

- өзіне шектен тыс сыни көзбен қараса.

Аталмыш белгілердің барлығы суицидтің шынайы, жариялы, жасырын түрлерінің барлығында көрініс беруі ықтимал. Шынайы суицид жағдайында өмір сүрудің мәні жоқ екенін түсініп нақты шешімге келу, жариялы суицид жағдайында басқалардың назарын өзіне аудартып, өзгелерді үрейлендіру, жасырын суицид жағдайында өзіне қол жұмсаудың дұрыс еместігін түсінгенімен басқа жол жоқ екенін тандау болады [5].

Психологиялық әдебиеттерге талдау жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының көрсеткіштерін диагностикалауда ұсынылатын келесі әдістерді жүйелеуге мүмкіндік берді:

№	Әдістеме	Мақсаты	Дереккөз
1	Суицидалды қауіпті анықтау сұрақнамасы А. Г. Шмелев	Суицидалды қауіпті диагностика- лау, суицидтік ниеттің қалыптасу деңгейін анықтау	Шмелев А. Г., Белякова И.Ю. Опросник суицидального риска./ Практикум по психодиагностике. – М.: МГУМ, 1992.
2	Өзіне-өзі қол жұмсау қауіпінің дәрежесін анықтау әдістемесі. И.А. Погодин	Суицид қауіпі бар топ балаларын анықтау; суицидтің алын алу мақсатымен балаларды және отбасын сүйемелдеу	Погодин И.А. Суицидальное поведение: психологические аспекты: учебное пособие –2-е изд. М.: «Стереотип:Флинта», 2011.
3	Жасөспірімнің суицидтік мінез-құлыққа бейімділігі М.В. Горская	Жасөспірімдердің суицидтік мінез- құлыққа бейімділіктерін зерттеу	Горская М.В. Диагностика суицидального поведения подростка. // Вестник психосоциаль- ной и коррекционно-реабилитацион-

			ной работы. –2008, № 1.– С. 44-52
4	«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі (Джозеф М., С. Леви)	Өзіне, қатарластарына, отбасыға ересектерге, басынан өткен үрейге, өткені мен болашағына, өмірлік мақсаттарына қатынасын бағалау	Проективная психология: [пособие: перевод с английского] / [ред.: Бутенко Г.]. - [2-е изд., сокр., испр.]. - Москва: Психотерапия, 2010. – 412 с.
5	«Суицидтің қауіп картасы» әдістемесі Шнейдер	Жасөспірімдерде суицидтің қауіп факторларының ауырлық дәрежесін анықтау	Профилактика суицидальных проявлений среди несовершеннолетних: Методические рекомендации / Бадина Н.П., ГАОУ ДПО ИРОСТ. – Курган, 2011. – С. 57-59.
6	Цунг әдістемесі	Депрессияны бағалау тесті	Райгородский Д.Я. Практическая психодиагностика. Методики и тесты М.: Бахрах-М, 2011.
7	«Айзенктің психикалық күйлерді бағалау» сауалнамасы (М. В. Хайкин бейімдеген)	Мазасыздық, көңілсіздік, агрессивтілікті бағалау	

Суицидке түрткі болатын **күйзелісте** ішке енген «құбыжықпен» күресуде кәсіби мамандардың қызметіне жүгіну заманауи адам үшін маңызды. Күйзелісті жеңу стратегияларына эмоцияларды білдіру ептілігі; жағдайды қайта бағалау, оқиғаның басқа кейпін құрастыру және жағымсыз жағдайдан өзі үшін пайдалы нәрсені таба білу машығы; қайта бағалауға келмейтін жағдайды өзгертуге мүмкіндік беретін мақсатты бағытталған әрекеттер жатады. Негативті ойлар күйзелістің пайда болуының негізі десек, одан арылу үшін келесі ережелерді білу қажет:

- негативті ойды ығыстырмай, керісінше оның басқа ойлар секілді орын алуға құқығының бар екеніне түсіністікпен қарау;

- ойдан арылу, себебі одан да қызық, маңызды, пайдалы ойлар бар екенін ұғындыру [6].

Олай болса, келтірілген дәйектер тәжірибеде суициденттермен жұмыс жүргізуде бағыт беретін ережелерді ұсынуға негіз болды, олар:

1. Суицидке бел буудың кілтін табу, яғни адамның суицид арқылы қандай мәселені шешуге тырысатынын анықтау.

2. Суицидентті тұлға ретінде қабылдау, яғни үмітсіз адамды сенімді түрде қабылдау позициясын ұстанғанда, алға қадам жасалады.

3. Өзара сенімді қарым-қатынас орнату, яғни өзін ешкімге қажетсіз сезінетін адам үшін жанашыр маманның қамқорлығы мен қолдауы ерекше жігерлендіруші күш болып табылады.

4. Мұқият тыңдаушы болу, яғни суицидент маманның ұсыныстарын қабылдағаннан гөрі, өз толқуларын талқылауды қажетсінеді. Оны тыңдау баға жетпес көмек болып табылады.

5. Дауласпау, оның әрекеті дұрыс емес екенін дәлелдеу кері нәтиже береді.

6. Сұрақ қою, яғни жанамалап сұраудан гөрі, тура сұрақтар қою маңызды (тыйым салынған тақырыпты талқылауға бір адамның бар екенін ұғындыру).

7. Негізсіз жұбаныш ұсынбау, олай болған жағдайда бұл өздерін одан да қажетсіз және жалғыз сезінуге негіз болады.

8. Мәселені шешудің сындарлы тәсілдерін ұсыну, яғни үмітсіз адамды сезімдері жайлы ұялмай, ашық айтуға сендіру.

9. Үміт ұялату, яғни болашаққа деген үміт толығымен жоғалған кезде, оларға қандай да бір балама ұсыну үшін қолдау көрсететін кеңес қажет.

10. Өзіне қол жұмсау қауіп жоғары жағдайда адамды жалғыз қалдырмау, яғни дағдарыс сейілгенше немесе арнайы мамандар келмейінше туыстарының немесе достарының бірге болуын қадағалау.

Суицидтің алдын алуда ата-аналар, педагогтер, психолог мамандар, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі қажет. Бала бойында болып жатқан өзгерістерді аңғару, дер кезінде көрсетілген көмек, түсіністік таныту, мейіріммен жасалынған қолдау қайғылы жағдайдан аман алып қалудың жолы болады. Ең бастысы өмірде бәрін мінсіз ету мүмкін емес екендігін

ұғыну. Әр тұлға өзінің дербес, әрі даралығының болуына құқы бар. Барлығы ойыңыздағыдай болмаса немесе қолыңыздан келмесе онда тұрған ештеңе жоқ, кеудесінде жаны бар әр пенде кателесуі әбден мүмкін, ал барша жұрттың үдесінен шыға беру мүмкін емес. Сондықтан басқалар үшін жақсылықты аямау, қиындыққа кезіккен адамға қолынан келгенше көмектесу маңызды болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ефремов В. С. Основы суицидологии. - СПб.: «Издательство «Диалект», 2004. - 480 с.
2. Демина Л.Д. Психологическое здоровье и защитные механизмы личности: учебное пособие / Л.Д. Демина, И.А. Ральникова. -2-е изд. - Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2005 - 132 с.
3. Морев М.В. Социально-экономические и демографические аспекты суицидального поведения [Текст]: монография /М.В. Морев, А.А. Шабунова, К.А. Гулин; под. ред. д.э.н., проф. В. А. Ильина. – Вологда: Ин-т социально-экономического развития территорий РАН, 2010. -188 с.
4. Алимова М.А. Суицидальное поведение подростков: диагностика, профилактика, коррекция. Барнаул, 2014 – 100 с. (Электронный ресурс).
5. Шелехов И. Л, Каштанова Т. В., Корнетов А. Н., Толстолес Е. С. Суицидология: учебное пособие / И. Л Шелехов, Т. В. Каштанова, А. Н. Корнетов, Е. С. Толстолес – Томск: Сибирский государственный медицинский университет, 2011. – 203 с.
6. Психологические аспекты суицидального поведения детей и подростков. Методические рекомендации для педагогов- психологов/сост. А.М. Акимова, В.Ф. Крапивина, О.В. Степанова/ ред. Д.В. Насонова. – Воронеж: ГБУ ВО «ЦППиРД», 2021 – 207 с.



ӘОЖ:316.642:314.4

## ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОТБАСЫ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

**Мамбетова Айбала Мамбетқызы, аға оқытушы, психология магистрі**  
**М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**  
**Шерметова Жұлдыз Мураталиевна**  
**Шайқорық орта мекбінің психологі, Тараз қаласы, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада девиантты мінез-құлықты зерттеудің негізгі тәсілдері талданады: биологиялық, психологиялық және социологиялық, сонымен қатар жеке тұлғаның жағдайын уақтылы анықтау қажеттілігіне байланысты зерттеудің өзектілігі. Жұмыста жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алу және түзету сипатталған.

**Кілт сөздер:** жеткіншек, жас, мінез-құлық, девиация, агрессия, аутоагрессия, бихевиоризм, гештальтпсихология, деликвентті мінез-құлық, қылмыстық мінез-құлық, суицид.

**Аннотация.** В статье анализируются основные подходы к изучению девиантного поведения: биологический, психологический и социологический, а также актуальность исследования в связи с необходимостью своевременного определения состояния личности. В работе описывается профилактика и коррекция девиантного поведения подростков.

**Ключевые слова:** подросток, возраст, поведения, девиация, агрессия, аутоагрессия, бихевиоризм, гештальтпсихология, делинквентное поведение, криминальное поведение, суицид.

**Annotation.** The article analyzes the main approaches to the study of deviant behavior: biological, psychological and sociological, as well as the relevance of the study in connection with the need to timely determine the state of the individual. The paper describes the prevention and correction of deviant behavior of adolescents.

**Key words:** adolescent, age, behavior, deviation, aggression, auto-aggression, behaviorism, Gestalt psychology, delinquent behavior, criminal behavior, suicide.

«Девиантты мінез-құлық» терминін психологияда көбіне жастық категориямен, яғни жеткіншектік кезеңмен байланыстырады. Бұның себебі жасөспірімдік кезең әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және әлеуметтік жағдайлардың дамуына жоғары сензитивтілікпен ерекшеленеді. Дәл осы жаста баланың мінез-құлық девиациясы отбасы, мектеп ұжымы шекарасынан шығып, қиын мәселені туындатып, қоғамға, өзіне қауіп төндіре бастайды. Девиантты мінез-құлықтың пайда болуы мен салдары оның тұлға ретінде дамуына қатты әсер етуі мүмкін.

Жалпы, баланың қиын тәрбиеленуін, қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация (латынның «deviatio» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді) деп атайды [1]. Соған орай көптеген әдебиеттерде «қиын бала» түсінігінің орнына «девиантты» терминінің қолданылуы жиі кездеседі. Жалпы, «қиын мінез-құлық», «девиантты мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады. Қиын бала туралы ұғымда қай терминді алсақ та қателеспейміз.

Негізінен, ғылыми бірлестікте девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептері туралы пікірлестік жоқ. XX ғасырдың басында девиацияның себептері туралы биологиялық және психологиялық тұжырымдар кең тарады. Италияндық дәрігер Ч.Ломброзо адамның асоциалды мінез-құлқы мен биологиялық ерекшеліктерінің арасында тікелей байланыс бар деп есептеген. Ол атап көрсеткен «туа біткен қылмыскер» типі астыңғы жақ сүйегі шығыңқы, бір жерінің ауырғанына сезімталдығы төмен және т.б. азып бара жатқан индивидті көрсетеді. Американдық психолог У.Х.Шелтон адамның дене бітімі оның мінез-құлқын анықтайды деп есептеген. Оңалту орталығында 200 ұл балаға жүргізілген зерттеуге сүйеніп, Шелтон девиацияға атлеттік дене бітімі бар адамдар анағұрлым бейім деген қорытынды жасайды. Кейіннен психологиялық тұжырымды қолдаушылар девиацияны психикалық ерекшеліктермен (психиканың тұрақсыздығымен, эмоционалды ерікті саланың дамымауымен) байланыстырады.

Жеткіншектің даму кезеңдеріне назар аударған ғалым Ж.Ж.Руссо болды. Ол өзінің «Эмиль» атты романында осы кезеңнің адам өміріндегі психологиялық маңызын атап көрсеткен. Жеткіншектік шақты «екінші рет дүниеге келу» ретінде сипаттап, аталмыш кезеңнің мына ерекшелігін - өзіндік сана – сезімнің өсуін атап көрсетті. Бірақ жасөспірімдік кезең идеясының ғылыми тұжырымдамасын С.Холл 1904 жылы жарық көрген «Есею: оның психологиясы, сонымен қатар физиологиясымен, антропологиямен, әлеуметтанумен, жныстық қатынаспен, дінмен және білім берумен байланысы» атты еңбегінде берген. Холлды жеткіншектік жас психологиясының «атасы» деп әділ атаған, себебі ол аталған құбылысты түсіндіретін тұжырымды ғана ұсынып қоймады, сонымен қатар, әдетте жасөспірімдік кезеңмен байланыстыратын мәселелер шеңберін анықтады. Неміс романтизмі философиясының ізімен Холл жасөспірімдік кезеңнің мазмұнын сананың дағдарысы («құйын мен басымдылық») деп көрсетті, бұл дағдарыстан өткеннен кейін адам «жеке тұлғалқ сезіміне» ие болады деген пікір айтады. Холл өз үлгісін адамзат тарихындағы романтизм дәуіріне сәйкес тұжырымдайды, яғни жасөспірімдік кезең – балалық шақ пен ересектік күйдің арасындағы аралық кезең.

Жеткіншектік жастың теориялық үлгісі батыс психологиясының басты бағыттарының бәрінде көрсетілген. З.Фрейд пен А.Фрейдтің (психологиялық сараптама), К.Левиннің (гештальтпсихология) және Р.Бенедиктің (бихевиоризм) теорияларының бір-бірінен

айырмашылықтары болғанымен, бұл теориялардың барлығы онтогенетикалық дамудың жалпы үлгісінен бастау алатындығы оларды біріктіреді. Жеткіншектік кезеңнің мазмұндық жағынан өзгеше батыс теориялары дәл осы жерде, жалғыз тармақта психикалық даму үдерісін болмысынан бейімдегіш ретінде түсінуде тоғысады, себебі эволюциялық үлгіде даму ағзаның ортаға (қоғамға) бейімделуінің шартты қажеттілігі ретінде қарастырылады [1]. Алайда «әлеуметтік ортаның» факторларына бихевиоризмге, гештальтпсихологияға, психологиялық сараптамаға және басқаларға батыс теориялары әр түрлі түсінік береді.

Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылу себебі түбегейлі түрде зерттелініп жаңа сипатқа ие болуда және әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық (М.А.Алемаскин, А.С.Белкин, Л.М.Зюбин, Д.В.Колесов, Г.П.Медведев, М.Ф.Мягков, Д.И.Фельдштейн және т.б.); клиникалық (Г.А.Власова, В.Я.Гиндикин, О.В.Кербиков, В.В.Ковалев, М.З.Певзнер, Г.Е.Сухарев және т.б.); криминологиялық (М.М.Бабаев, К.Е.Легошев, Г.М.Миньковский және т.б.) аспектіде қарастырылуда. Қазақстандағы девиантты балалар мәселесі В.Г.Баженов, В.П.Баженова еңбектерінде сипатталса, Ж.Қайырова, Р.Қойлыбаева, Г.Қалиева, Қ.Серікбаев, А.Аңламасова т.б. мақалалары түрлі педагогикалық-психологиялық журналдарда жариялануда.

Тараз қаласы жоғары оқу орындарының профессорлары, оқытушылары, магистранттары осы мәселеге байланысты көптеген ғылыми мақалалар, еңбектер жазған. Атап айтсақ: Т.К.Булеев, Д.А.Ускенбаева, А.Ш.Стыбаева және т.б. көптеген педагогтарымызды айтуға болады. Сонымен осы заманға дейінгі ғалымдардың еңбектеріндегі ой-пікірлері мен тұжырымдамаларын талдай келе, біз мынадай қорытында жасай аламыз: девиантты мінез-құлық - әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейде бір әдебиеттерде «антидисциплинарлық» деп те атайды.

Девиация бірнеше типтен тұрады:

- Девиантты
- Делинквентті
- Криминалды мінез-құлық

1. Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкогольизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

2. Девиацияның екінші түрі – делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшеленеді. Оның мынадай типтері бар:

- Агрессивті – зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерден көрініс береді.
- Ашкөздік мінез-құлық: ұсақ ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.
- Наша сату және тарату.

3. Криминалды мінез-құлық – заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады [2,3].

Зерттеу объектісі ретінде девиантты мінез-құлықты ғылыми білімдердің түрлі сфералары зерттейді: психология, (тұлға психологиясы, әлеуметтік психология), медицина, юриспруденция, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика.

Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формасының профилактикалық, яғни алдын-алу жұмыстары – бұл жағдайы нашар отбасы және олардың әлеуметтік-психологиялық белгілеріне негізделген жұмыстар есебінде жүргізілінеді. Мұндағы ескерілінетін жайт: жағдайы нашар отбасы - девиантты баланың пайда болуының ең басты себебі. Сондықтан да, мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының түрлерін алдын-алу – бұл отбасында оқушылар мен ата-аналардың, ал мектепте оқушылар мен мұғалімдердің белгілі бір мақсатқа



бағытталған іс-әрекеті және өсіп келе жатқан жас ұрпақтың салауатты өмір салтына тікелей әсер ететін биологиялық, адамгершілік, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мақсаттарға бағытталған нақты шарттарының қалыптастырылу негізі.

Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының әлеуметтік белгілеріндегі алдын-алу жұмыстары оқыту мен тәрбиелеу процессінде өте жоғары әсерлілікпен жүзеге асырылынатын жүйе. Мұндай жүйе оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын байланыстыратын психоәлеуметтік, педагогикалық және профилактикалық міндемелерінің арақатынасын, оқу мазмұнымен, оқытудың әдістері және құралдарымен, онымен қоса оқыту формаларын ұйымдастыру жүйесімен және оқудан тыс жұмыстары арылы көрініс табады.

Әлеуметтік ортадағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формасын алдын-алу жүйесінің арақатынастары бір-бірімен байланысуы келесідей компоненттерді құрайды:

1. Аутоагрессияның формалары мен зиянды әрекет етуі туралы білімдерді оқыту мен тәрбиелеу процессінде тек сабақта ғана емес, сонымен қоса сабақтан тыс жұмыстарда да жүйелі хабарлап отыру;

2. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының алдын-алу жұмыстарына әлеуметтік, яғни қоғамдық ортадағы белгілерді ескере отырып даярлау;

3. Отбасы жағдайындағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу жұмыстарының ерекшеліктері;

4. Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу жұмыстарына бағытталған мерекелік іс-шараларға қатысушыларды белсенді араластыру[1,4].

Зерттеу процесінде, біз осы берілен жүйелердің компоненттерінің қайсысын көбірек қолданыла алатынымызды жан-жақты қарастырдық. Берілген жүйеде, тек отбасында және мектепте барлық қажетті шарттар сақталынып, орындалып жатқан жағдайларда ғана, қатысушылардың барлық жастарында салауатты өмір сүру салты дұрыс деңгейде қалыптастырылатындығы анықталынды. **Девиантты балалар мен ата-аналар арасындағы қарымқатынас ерекшеліктерін эксперимент арқылы зерттеуге** Тараз қаласының №38 орта мектебінің оқушылары қатысқан болатын.

К.Роджерс, Р.Даймондтың құрастырған әлеуметтік-психологиялық бейімделу шкаласы. Бұл әдістеме арқылы девиантты балалардың әлеуметтік ортаға бейімделе алу ерекшелігін анықтай алдық: өзін қабылдау немесе өзін қабылдамау, басқаларды қабылдау немесе басқалармен конфликтте болу, эмоционалды комфорт немесе эмоционалды дискомфорт, ішкі контрольді күту немесе сыртқы контрольді күту, доминанттылық немесе басқаларға тәуелді болу, қиын мәселелерден қашу т.б. Тесттің қорытындысы бойынша жауап берген оқушылардың тек өте жоғары деген көрсеткіштері қарастырылды. Оны кесте бойынша талдап көрейік:

Бейімделгіш пен бейімделе алмаушылықты анықтайтын факторлар	«Өте жоғары» деген көрсеткіш бойынша оқушылар саны	График																																				
1 Өзін қабылдау	3 10,71%	<p>Әлеуметтік психологиялық бейімделу шкаласы</p> <table border="1"> <caption>Әлеуметтік психологиялық бейімделу шкаласы</caption> <thead> <tr> <th>Фактор</th> <th>Саны</th> <th>Процент</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td>1</td><td>3</td><td>10,71%</td></tr> <tr><td>2</td><td>9</td><td>32,14%</td></tr> <tr><td>3</td><td>5</td><td>17,86%</td></tr> <tr><td>4</td><td>15</td><td>53,57%</td></tr> <tr><td>5</td><td>7</td><td>25%</td></tr> <tr><td>6</td><td>17</td><td>60,71%</td></tr> <tr><td>7</td><td>5</td><td>17,86%</td></tr> <tr><td>8</td><td>10</td><td>35,71%</td></tr> <tr><td>9</td><td>10</td><td>35,71%</td></tr> <tr><td>10</td><td>4</td><td>14,29%</td></tr> <tr><td>11</td><td>8</td><td>28,57%</td></tr> </tbody> </table>	Фактор	Саны	Процент	1	3	10,71%	2	9	32,14%	3	5	17,86%	4	15	53,57%	5	7	25%	6	17	60,71%	7	5	17,86%	8	10	35,71%	9	10	35,71%	10	4	14,29%	11	8	28,57%
Фактор	Саны		Процент																																			
1	3		10,71%																																			
2	9		32,14%																																			
3	5		17,86%																																			
4	15		53,57%																																			
5	7		25%																																			
6	17		60,71%																																			
7	5		17,86%																																			
8	10		35,71%																																			
9	10		35,71%																																			
10	4	14,29%																																				
11	8	28,57%																																				
2 Өзін қабылдамау	9 32,14%																																					
3 Басқаларды қабылдау	5 17,86%																																					
4 Басқалармен конфликтте болу	15 53,57%																																					
5 Эмоционалды комфорт	7 25%																																					
6 Эмоционалды дискомфорт	17 60,71%																																					
7 Ішкі контрольді күту	5 17,86%																																					
8 Сыртқы контрольді күту	10 35,71%																																					
9 Доминанттылық	10 35,71%																																					
10 Басқаларға тәуелді болу	4 14,29%																																					
11 Қиын мәселелерден қашу	8 28,57%																																					

К.Роджерс, Р.Даймондтың құрастырған әлеуметтік-психологиялық бейімделу шкаласы бойынша көріп тұрғанымыздай, балалардың көпшілігі 60,71% эмоционалды дискомфортты сезінеді. Бұл дискомфорт ішкі үрейден, түсініспеушіліктен, ішкі дағдарыстан т.б. болуы мүмкін. Яғни агрессияның негізгі себебі эмоционалды дискомфорттың әсерінен деп тұжырым жасауға болады. Екінші орында яғни 53,57% басқалармен конфликтте болу факторы. Сондықтан да бұл балалардың көп пайызы жағдайды компромисс түрінде емес, конфликт арқылы шешетіні көрініп тұр. Ал Басс Дарки әдістеме көрсеткішімен сәйкестендіретін болсақ, балалардың көпшілігі конфликтті физикалық агрессия арқылы көрсететіні анық болды. Үшінші мен төртінші орында доминанттылық пен сыртқы контрольді күту. Сыртқы контрольді күту дегеніміз өмірлік міндеттерді шешуде пассивтілік көрсету, сыртқы көмекті қажет ету. Оның жалпы пайыздық көрсеткіші 35,71%.

**Ата-аналардан Желдақтың тестінен алынған нәтижелерінің мысалдық көрсеткіштері:**

№	Сипаттамалардың мазмұны	Келіскен жауаптар саны	%
1	Ұйқыға кеш жатады.	10	28,6

2	Алдайды: мысалы, 1 жерге барамын деп, мүлдем басқа жерге барады; сабақты істедім дейді, шын мәнінде істемейді; менің қалтамнан ақша алмадым дейді.	15	42,8
3	Өзінен кейін ас бөлмені, жуынатын бөлмені, т.б. еш тазаламайды.	19	54,3
4	өзінің үй жануарларына мүлдем қарамайды (тамақтандырмайды, далаға шығармайды, жинамайды).	4	11,4

Бұл нәтижелерді қорытындыласақ, ата-аналардың ең негізгі уайымы өтірік айтуына, рұқсатсыз басқа жерге кетіп, қараңғыда келуіне, көріксіз киінуі, түнімен қыдыратынына, дәрекілік айтып, дауыс көтеруіне шоғырланған.

Бұл мәселелерді, жасөспірім мен ата-аналармен жүргізілетін тренингтік жұмыстарда ескерілуі шарт. Бұл тесттен ата-аналардың өз балаларының жолдастарын ұнатпайтынын, қоршаған ортасына риза еместігі байқалады және ата-аналардан гөрі жолдастарымен уақыт өткізгісі келетіні анық. Сол себептен, коррекциялық бағдарламада ата-аналарға жасөспірімдік кезеңнің негізгі ерекшелігі, баланың қажеттіліктері мен талаптары жөнінде толық ақпарат берілуі керектігі байқалды. Өйткені қатынастағы қайшылықтар көбіне ата-ананың баланы еш түсінгісі келмейтінімен және түсіне алмайтынымен байланысты.

**Девиантты балалар мен олардың атааналарына арналған коррекциялық жұмыс арқылы күтілетін нәтижелер . Оқушыларға арналған тренингтен күтілетін нәтижелер:** үрей мен агрессивтілікті төмендету, адекватты өзіндік бағалауды қалыптастыру, жасөспірімдерді өз істеріне жауапкершілікпен қарауға талпындыру, мінез-құлықты басқару мен талдау қабілеттіліктерін дамыту, позитивті өмірлік мақсаттарды қалыптастыру мен қабылдау, оларға жетуде мотивацияны дамыту, шығармашылық потенциалын ашу, оларды жүзеге асыруда талпынысты актуализациялау, өзіндік өзектелуге бағытталған құқық бұзушылықты қайта жасау қаупін төмендету.

Тренингтегі жаттығулар балалардың психикалық, жас, индивидуалды ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылады.

**Ата-аналарға арналған тренингтен күтілетін нәтижелер:** баланың жан-жақты дамуы үшін жағымды отбасылық микроклиматты қалыптастыру, бала тәрбиесі аясында ата-аналық құзіреттіліктің деңгейін көтеру, ата-аналардың балалармен конструктивті өзара қарым-қатынастық дағдыларды қалыптастыруы мен пайдалана алуы, ата-аналық рөлдерде адекватты өзіндік бағалауды қалыптастыру. Девиантты бала мен отбасы арасындағы жағымды қарым-қатынастың іс-әрекеттерін автоматты түрде дағдыландыру және отбасы берекесін екі жақтың келісіміне сәйкес орната алу.

Ал оны қалпына келтіру үшін әр баланың жағдайының ерекшелігіне негізделген психокоррекциялық жұмыстар қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:

- балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;
- оның жағымды қасиеттеріне сүйену;
- оның адамгершілік күшіне, потенциалдық мүмкіндіктеріне сену;
- оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану;
  - салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;
  - девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құруастыру және оларды тәжірибеде пайдалана білу.

Жасөспірімдердің мінез-құлқын түзетуде тиімді нәтижелерге жету үшін, бала өсіп жатқан отбасымен комплексті, яғни кешенді түрде жұмыс істеу қажет. Ол үшін отбасылық өзара әрекеттесу стилін өзгертіп, тәрбиелік әсер ету әдістерін тиімді болатындай таңдау керек.

Агрессивті балалармен жұмыс жасаудың негізгі ережелері:

1. Баланың сұранысы мен қажеттілігіне мұқият болу;
2. Агрессивті емес мінез-құлықтың үлгісін көрсету;
3. Баланы жазалауда бірізді болу, тек нақты іс- әрекеті үшін жазалау керек;
4. Жазалау баланың абыройына нұқсан келтірмеуі керек;
5. Ашу-ыза кезінде оны тарқата білу тәсілдерін үйрету;
6. Белгілі бір себепті жағдайдан кейін балаға өз ашу-ызасын білдіруге мүмкіндік беру;
7. Айналасындағы адамдардың және өзінің жеке басының эмоциональдылық жағдайын танып білуге үйрету;
8. Эмпатияға деген қабілеттілігін дамыту;
9. Баланың мінез-құлқы аясын кеңейту;
10. Дау-жанжалды жағдайларда өзін ұстай білу дағдыларын пысықтау;
11. Өзіне деген жауапкершілікті сезіне білуге үйрету.

Жоғарыдағы барлық аталынып, айтылған мәселелерді ескере келе, бізде «Девиантты балалармен қалай ойнау керек», - деген үлкен сұрақ туындайды. Осы сұрақ төңірегінде жауап іздеп көретін болсақ, біз агрессивті балалармен жұмыс істеудің алғашқы кезеңдерінде қандай да бір ойын немесе жаттығулардың көмегімен бала өзінің ашу-ызасын көрсететіндей ойын-жаттығуларды тадап алуды ұсынамыз. Бұл жағдайда, балалармен мұндай жұмыс жасау тәсілі пайдасыз және одан бетер агрессивті күшейтуі мүмкін деген пікірдің болуы заңды. Ойын терапиясын өткізуіміздің көп жылдық тәжірибесі көрсеткендей, алғашында бала шынымен де одан сайын агрессивті болуы мүмкін (біз мұны ата-аналарға үнемі ескертіп отырамыз), бірақ та 4-8 сабақтан кейін, өзінің шынайы ашу-ызасын білдіретін «кішкентай агрессор» біртіндеп өзін дұрыс ұстай бастайды. Егер мұғалімге баланың ашу-ызасымен жұмыс жасау қиындық туғызса, онда мамандарға жүгінуге және жұмысты бірге жүргізуге болады.

Сондай-ақ девиантты бала бойындағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу, бір жағынан, мектеп пен обасы ынтымақтастығынан, ал екінші жағынан, мектептегі мұғалімдердің, сынып жетекшілер мен дәрігер қызметкерлердің бірлескен іс-әрекетінің сапалылығы мен әсерлілігіне тәуелі болады.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Кравцова Т.М. Психологические аспекты изучения проблемы девиантного поведения // ҚазҰУ хабаршысы.
2. Тесленко А.Н, Керимбаева М.С, Джакупова Г.А. Профилактика подростковой девиации: теория и практика. Астана, 2005. – 320с.
3. Психология және социология сериясы. №3/4 (18/19), - С. 33-3. Формирование личности в переходный период: от подросткового к юношескому возрасту. – М.: Педагогика, 1987. – 486 с.
4. Психология: словарь. – М.: Политиздат, 2004. – 389с.



## СПЕЦИФИКА АСОЦИАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

Сманова Улданай Калдыбаевна, магистр педагогических наук, Международный Таразский инновационный институт им. Ш.Муртазы  
Тальке Светлана Владимировна, школа-гимназия им.А.С. Пушкина, Казахстан, г.Тараз

**Аңдатпа.** Мақалада элеуметтендірудің кейбір факторлары көрсетілген және элеметтену процесінің антиподы ретінде асоциалды мінез-құлыққа қысқаша талдау жасалынған. Элеуметтенудің бөлігі ретінде жасөспірімнің ортаға бейімделуі келтірілген.

**Кілтті сөздер:** асоциалды мінез-құлық, элеуметтену, бейімделу.

**Аннотация.** В статье сделан краткий анализ процессу социализации как антипода асоциальности, рассмотрены отдельные факторы социализации. Как часть и разновидность социализации представлена адаптация подростка к среде.

**Ключевые слова:** асоциальное поведение, социализация, адаптация.

**Annotation.** In the article a short analysis is done to the process of socialization as an antipode of asocialness, the separate factors of socialization are considered. As part and variety of socialization are presented adaptation of teenager to the environment.

**Keywords:** asocial behavior, socialization, adaptation.

Рассмотрение специфики асоциального поведения подростков на современном этапе поднимает вопрос об её антипode, то есть того, к чему личность нужно направлять, на что ориентировать, что у личности воспитывать. Несмотря на многочисленные психологические исследования о коррекции, реабилитации, мы предупреждение и преодоление асоциального поведения рассматриваем как процесс педагогический, несущий в себе созидающие компоненты, связанные с воспитанием, обучением, образованием. Как следствие, он всегда связан с постановкой цели воспитания и обучения и хотя бы одного ориентировочного образца, к которому надо стремиться. Таким образом и одновременно целью является, на наш взгляд, адаптированная личность. Отрицательное явление - асоциальное поведение имеет свой антипод - социализацию и как её разновидность социальную адаптированность.

Речь идет о социальной адаптации личности в широком смысле. Обращение к рассмотрению данного феномена, вызывая необходимость раскрытия сущности социальности, вне которой изучение социальной адаптации не представляется возможным. Термин «социализация», все чаще употребляющийся в последние годы (первоначально он появился в зарубежной социальной психологии, затем в 60-е годы XX столетия перешел в отечественную психологию), несет огромную смысловую нагрузку и разными авторами трактуется далеко не однозначно. Так, социализация определяется как «усвоение индивидом социального опыта, в ходе которого создается конкретная личность» [1] - и такое определение вполне правомерно. Подобной же позиции придерживается достаточно большой круг авторов, но как представляется, несколько развернутой рассматривает понятие, что: «Социализация - это процесс и результат включения индивида в социальные отношения. Она осуществляется путем усвоения индивидом социального опыта и воспроизведения его в своей деятельности» [2]. Личность здесь уже не рассматривается как существо пассивное, поскольку речь идет не только об усвоении опыта, но и его воспроизведении. Близка данному определению мысль, что социализация - «... процесс усвоения и активного воспроизводства индивидом общественного опыта, в результате которого он становится личностью и приобретает необходимые для жизни среди людей знания, умения, навыки, способность общаться и взаимодействовать с ними в ходе

решения тех или иных задач» [3]. Из множества определений социализации считаем необходимым остановиться на определении Г.М.Андреевой, как наиболее полном, отвечающим истинной сути этого сложного явления: «Социализация - это двусторонний процесс, включающий в себя, с одной стороны, усвоение индивидом социального опыта путем вхождения в социальную среду, систему социальных связей, с другой стороны, процесс активного воспроизводства системы социальных связей индивидом за счет его активной деятельности, активного включения в социальную среду» [4].

Итак, при определении процесса социализации в одном случае говорится только об усвоении индивидом определенных норм и ценностей; в другом - об усвоении социального опыта и воспроизведении его в деятельности; в третьем - об усвоении и воспроизведении опыта не только за счет деятельности, но и за счет включения во взаимоотношения.

Если рассматривать факторы социализации, которые действуют на каждую личность то в них тесно переплетаются явления стихийные и целенаправленные. К стихийным, неорганизованным воздействиям можно отнести условия обитания (экологию, экономику, национальные отношения, средства коммуникации), к целенаправленным - специально организованное обучение и воспитание в семье, школе, колледже, институте. Все эти условия, образуя систему, детерминируют развитие личности, способствуют ее самодетерминации как на сознательном, так и на неосознанном уровне. Второй нередко формируется под влиянием стихийных факторов и содержит инстинкты, неосознанные мотивы, влечения, установки, идеалы, самооценку.

Долгое время в официальной науке пристальное внимание обращалось только на организованные факторы социализации (обучение, воспитание в школе, семье, детский сад) и нередко игнорировались стихийно возникшие факторы, роль которых также весьма велика. Очевидно, что иногда в благополучных семьях и отличных школах бывают лживые, ленивые, агрессивные дети и подростки, что вызывает растерянность сторонников ограничения факторов, воздействующих на ученика, только двумя - семьей и школой.

Личность, активно взаимодействуя со средой, избирательно усваивает то, что ее окружает. Причины этой избирательности в тех предпосылках, которые у личности есть (это ее природные данные, чувства и установки, воспитанные в детстве, психологическая предрасположенность к чему-либо или кому-либо, определенные потребности). Поэтому нередко наблюдается явление разности социализации, мотивированное всеми этими предпосылками даже у монозиготных близнецов. Вместе с тем не исключено, что какие-то факторы традиционно имеют типично большее или меньшее влияние на целые группы людей. Для этого и существуют социологические исследования, призванные изучить факторы массового восприятия, сознания, осмысления, эмоционального реагирования, т.е. тех феноменов, которые изучает социология и социальная психология [5]. Эти исследования обнаруживают именно типичность влияния некоторых, даже стихийных, факторов на личность, вызывающих мнения, настроения, отношение, словом то, что мы называем массовым сознанием.

Однако стихийность факторов вовсе не свидетельствует о том, что их нельзя как-то регулировать. В их влиянии есть свои закономерности, которые активно изучают социологи, психологи, социальные педагоги. Их умелое использование - показатель мастерства педагогов, родителей, всех, кто занимается воспитанием. Особое внимание к стихийным факторам при социализации личности не означает, что надо полагаться только на них. Нет сомнения, что не теряет свою ценность и хорошо организованное воспитательно-образовательное взаимодействие педагога с учеником. Однако, говоря о влиянии стихийных и организованных средств, мы в большей степени имеем в виду то, что именно личность усваивает, оставляя в стороне факт воспроизведения. А, воспроизводя, личность не всегда при этом гармонично вписывается, "притирается", приспособляется к данной среде. Иногда, чтобы это произошло, она старается самооткорректироваться, в других случаях как-

то откорректировать то, что ее окружает (в противном случае ее будут сопровождать конфликты, дискомфорт, стрессы, фрустрация). Этот процесс и есть, на наш взгляд, социальная адаптация, которая предполагает активность приспособления, вплоть до корректировки и преодоления чего-либо (не важно, лежит ли это в сфере сознания или существует в обществе). Целью такого приспособления должна стать гармонизация отношений личности и среды, личности самой с собой, со своим внутренним миром.

Обратим более пристальное внимание на сам термин «адаптация», который в последние годы становится все более употребим. Нельзя рассматривать социализацию в отрыве от её адаптации. Бесспорно, социализация, адаптация, развитие - это те базовые понятия, без которых невозможно говорить о любой личности. Суммируя определения многих авторов, можно заключить, что социальная адаптация - это процесс и одновременно результат внутренней и внешней гармонизации личности со средой, процесс активного приспособления личности, уравнивающий потребности человека и требования среды. Показателями социальной адаптации человека являются его сбалансированные взаимоотношения с окружающими людьми, успешность в деятельности, гармоничность в поведении.

Итак, можно сделать вывод, что:

- адаптация - это бесспорно часть социализации и ее разновидность;
- адаптация предполагает обязательную активность личности, чтобы гармонизировать свои отношения со средой (путем изменения социальных ролей, формирования навыков общественного поведения, стремления к цели и т.д.);
- социальная адаптация предполагает процесс приспособления, но она одновременно и условие успешности процессов развития личности, её расцвета.

Однако необходимо учитывать, что не всякая социальная адаптация, особенно в современных условиях, полезна для личности. Таким образом, социальная адаптация, как антипод явлению асоциального поведения, с одной стороны является компонентом социализации и ее обязательным этапом, а с другой – условием, обеспечивающим эффективность функционирования личности в обществе [6].

Асоциальное поведение подростков представляет собой совокупность действий и поступков учащихся, которые не соответствуют социальным нормам, способствуют возникновению различных негативных элементов в социальном окружении и граничат с социально-психологической деградацией личности. Каковы же основные характерные черты подростков с асоциальным поведением? Если обратиться к истории, то в публикациях дореволюционного времени указываются такие виды асоциального поведения как бродяжничество, жестокость, половая развращенность, воровство. Все другие отклонения в поведении считались естественными у психически здоровых детей.

В первые годы после революции к негативным чертам стали относить анархизм, жестокость, воровство, недоверие к советской власти. В последующие времена, по мере развития науки о трудных подростках, исследователи сузили сферу социально-психологической адаптации до рассмотрения только отклоняющегося и нормативного поведения. Это привело к тому, что в своих исследованиях они стали ориентироваться на выявление большего количества негативных черт, к которым относили драчливость, грубость, воровство, легкую внушаемость, безволие, неустойчивость поведения, неуверенность в себе, озорство, рассеянность, неорганизованность, пассивность, нерешительность, безынициативность, показное безразличие, склонность к бездушным зрелищам, ложь, лицемерие, невыдержанность, вспыльчивость, озлобленность, недоброжелательность, конфликтность, эгоизм и т.д. (всего более 50 негативных черт).

Практика показывает, что большинство черт и странностей, относящихся к негативным (озорство, рассеянность, неорганизованность, неуверенность в себе и др.), свойственны всем здоровым детям и находят проявление в процессе общения. В ряд

негативных они попали, по нашему мнению, из-за стереотипности подхода к рассмотрению поведения учащихся через призму отклонений. С целью проверки этой мысли мы обратились к преподавателям школ с просьбой перечислить положительные и отрицательные качества учащихся. Ими были отмечены 7 положительных и 15 отрицательных. Из этого следует вывод, что большинство учителей психологически готовы к рассмотрению учащихся с негативных позиций. Здесь налицо профессиональная некомпетентность учителей, которая выражается в нежелании или неумении видеть положительные черты учащихся. Вывод достаточно жесткий.

То, что в оценке исследователей на современном этапе происходит увеличение числа негативных черт можно объяснить тем, что в процессе общения, не имея на руках достаточно доказательного в научном и прикладном плане причинного круга отклоняющегося поведения, они начинают приписывать учащимся черты, не присущие им или являющиеся актуальными. Приписываемые характеристики, во многом, определяются особенностями субъекта восприятия. Одни исследователи в процессе общения обращают внимание на психофизиологические особенности, другие на – психологические. Помимо этого, значительна роль субъективного, границы которого четко не очерчены и во многом зависят от личности воспринимающего, его практического опыта, общей подготовленности к аналитическому восприятию и сравнительному анализу. Известно, что в стандарты обыденного восприятия невозможно вписать конкретного человека, так как это часто не соответствует истине.

Несмотря на большое число предположений, в науке до сих пор не выделены общие признаки, по которым бы определялись "трудные" учащиеся. Простое же перечисление отклонений в поведении, предлагаемые различными учеными, приводит к тому, что в число «трудных» учащихся необоснованно включаются и те, поведение которых у неподготовленных педагогов вызывает трудности в работе.

Результаты исследований ученых показали, что слабая восприимчивость педагога и негибкость в общении с подростками асоциального поведения, довольно часто к концу педагогической карьеры приводят к неврозу. Это отражается и на самих подростках, вынужденных обучаться у такого педагога. Такие учителя со временем становятся все более конфликтными, с все более усиливающимся внутренним напряжением, что снижает сопротивляемость организма стойко переносить нервно-психические нагрузки, все это может приводить к очередным конфликтам. Главное не заикливаться на конфликтных ситуациях, оптимистично усматривать в поведении подростка не шаг к преступности, а оригинальность задатков, которые при умелом направлении могут дать обществу новый талант. Учителю необходимо научиться уважать подростка, даже в том случае, когда он отклоняется от норм. Это объясняется тем, что на сегодняшний день у учителя не сформирована профессиональная направленность к работе с подростками асоциального поведения. Усугубляет положение и то, что на сегодняшний день, в общеобразовательных школах ведется неправильная организация работы по предупреждению асоциального поведения, не способствующая сохранению здоровья школьников, своевременному устранению возникающих отклонений, что, несомненно, должно являться одной из основных задач современного учителя.

### **Список литературы**

1. Столяренко Л.Д. Основы психологии.- Ростов на Дону: Феникс, 2016.,стр.55





УДК:316.6

**БУЛЛИНГ КАК ФАКТОР ВОЗНИКНОВЕНИЯ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ**

**Ускенбаева Джулдуз Аманкелдиевна, к.п.н.,  
Международный Таразский инновационный институт им. Шерхана Муртазы  
Ускенбаева Акмарал Курманбековна, магистр психологии  
средняя школа им. А.Бокейханова Казахстан, г.Тараз**

**Аңдатпа.** Мақалада мінез-құлықтың заңдарға бағынуының негізгі заңдылықтары талқыланады, суицидтік мінез-құлықты қалыптастыратын құбылыс ретінде қорлаудың ерекшеліктері айтылады.

**Кілтті сөздер:** қорлау, жасөспірім, қолдау, суицидтік мінез-құлық

**Аннотация.** В статье рассмотрены основные законы подчиненности поведения законам, озвучена специфика буллинга как явления формирующего суицидальное поведение.

**Ключевые слова:** буллинг, суицидальное поведение, подростки, поддержка

**Abstract.** The article represent the basic principles of the subordination of behavior to principles, motives of a adolescent's choice of a certain behavior model were announced

**Key words:** bullying, suicidal behavior, teens, support

Современный мир характеризуется нестабильностью социально-экономических процессов и требует от нас принципиально нового отношения ко всему, что нас окружает. Мы живем в условиях, требующих от нас непрерывной адаптации к внешним изменениям и постоянного поиска ответов на вызовы времени, одним из которых является проблема буллинга.

Под буллингом мы понимаем агрессию одних подростков против других, характеризующейся превосходством сил агрессора и жертвы, с тенденцией повторения агрессии при котором ярко проявляется чувствительная реакция жертвы.

Теоретический анализ и практические наблюдения показывают, что виды буллинга весьма разнообразны, а в условиях современности, буллинг-не только физическая, а чаще - психологическая агрессия.

Вот как определяет типичные черты учащихся, склонных становиться булли, норвежский психолог Д. Ольвеус:

они испытывают сильную потребность господствовать и подчинять себе других учеников, добиваясь таким путем своих целей;

они импульсивны и легко приходят в ярость;

они часто вызывающе и агрессивно ведут себя по отношению к взрослым, включая родителей и учителей;

они не испытывают сочувствия к своим жертвам;

если это мальчики, они обычно физически сильнее других мальчиков.

Типичные жертвы буллинга также имеют свои характерные черты:

они пугливы, чувствительны, замкнуты и застенчивы;

они часто тревожны, не уверены в себе, несчастны и имеют низкое самоуважение;

они склонны к депрессии и чаще своих ровесников думают о самоубийстве;

они часто не имеют ни одного близкого друга и успешнее общаются со взрослыми, нежели со сверстниками;

если это мальчики, они могут быть физически слабее своих ровесников. [1]

Согласно статистическим данным, школьному буллингу в той или иной форме подвергаются от 40 до 50 процентов подростков. Некоторые случаи носят ситуативный

характер, но иногда систематическая травля со стороны одноклассников приводит к фатальному исходу.

Конечно же, никакая школа не может давать гарантию отсутствия актов агрессивного поведения, но могут давать детям инструменты взаимодействия, отреагирования, управления эмоциями.

К сожалению, анализ реальной практики школ показывает, что школа недостаточно осведомлена о причинах и формах буллинга во взаимоотношениях между подростками. Как правило, педагоги порой не представляют масштабов распространения проблемы и не знают, как противостоять набирающему обороты, явлению. Вследствие чего, педагоги, часто оказываются в роли пассивных наблюдателей.

Опасным моментом подобного пассивного наблюдения может быть то, что в случаях постоянного буллинга, дети могут рассматривать самоубийство как ход из этой тупиковой ситуации страдания. Дети, которые безжалостно подвержены буллингу, не видят надежды на решение проблемы. Переживания страдания и безнадежности усиливается за счет специфических иррациональных мыслей. Смерть кажется единственным способом избавления от отчаяния и боли, вызванных унижениями и отвержением со стороны сверстников. Часто молодые люди считают, что их проблемы непреодолимы, при этом они уверены, что те, кто их окружают, их родители и друзья, также страдают из-за них и их неудач. Поэтому их уход из жизни, по их представлениям, может оказать помощь тем, кого они любят.

По мнению австрийского психоаналитика Гельмута Фигдора, одним из факторов, провоцирующих буллинг в организациях образования, является редукция социальных отношений. Она проявляется в том, что школа ориентируется на формирование ригидного характера, требуя и закрепляя в учащихся определенные черты или даже провоцируя множество конфликтов, выражающихся в школьных трудностях. Одним из путей выхода изменения данной ситуации является, на наш взгляд, является изменение характеристик школьной среды, вследствие переосмысления педагогами своей роли в жизни каждого ученика.

Насилие в организациях общего среднего образования является серьезной проблемой Казахстана. Обучающиеся и воспитанники стали чаще сталкиваться со школьным насилием и дискриминацией (т.е. психологическое насилие, физическое насилие, вымогательство, оскорбления и притеснения сексуального характера, кибербуллинг и дискриминация).

Известно, что педагогические действия основанные на незнании характеристик буллинга могут провоцировать проявления агрессивности учеников, поэтому педагогу важно иметь знания о подчиненности поведения учащихся трем основным законам:

- ученики выбирают определенное поведение в определенных обстоятельствах. Подросток должен понимать, что у него есть право выбора того или иного сценария поведения, так вот, задача педагога-психолога, признать право выбора за каждым учеником, но через взаимодействие с учеником продемонстрировать модели адекватного поведения взамен не соответствующего правилам.

- Любое поведение учеников подчинено общей цели - чувствовать себя принадлежащими к школьной жизни. Известно, что базовая потребность любого человека – чувствовать свою значимость, поэтому нормально желание каждого ученика занять свое место в школьном сообществе. Это потребность может реализоваться через интеллектуальную состоятельность- в учебной деятельности, коммуникативную состоятельность- поддержание адекватных взаимоотношений в школе, состоятельность в действии- участие в жизни класса и школы. Как правило, ученики реализуют эту потребность разными способами, а в случае недоступности приемлемых способов, могут возникнуть суицидальные мысли.



Одним из современных инструментов, доступных педагогу в содействии пошаговому уменьшению доли суицидального поведения и, постепенному построению позитивного представления о себе и увеличению внутренней свободы является тренинг развития социальных умений, которое включает в себя:

-моделирование, предполагающее демонстрацию лицам, не имеющим базовых социальных умений, примеров адекватного поведения;

-ролевые игры, предлагающие представить себя в ситуации, когда требуется реализация базовых умений, что дает возможность на практике проверить модели поведения, которым участники могут обучиться в процессе моделирования;

-установление обратной связи - поощрения позитивного поведения;

-перенесение навыков из учебной ситуации в реальную жизненную обстановку. Он рекомендован в случае работы с учащимися в проработке избавления от агрессивных паттернов поведения и обучению сдержанности.

Таким образом, мы полагаем, что одним из путей разрешения вопросов связанных с буллингом, является расширение профессиональных знаний педагогов в понимании природы подчиненности поведения учащихся законам, углубления понимания своей роли в данном процессе и развития умений и навыков противостояния буллигу.

#### **Список использованных источников:**

- 1.Olweus, D Bullying at school: what we know and what we can do. NY: Blackwell, 1993
2. Бреслав Г. Э. Психологическая коррекция детской и подростковой агрессивности: Учебное пособие для специалистов и дилетантов. СПб.:Речь, 2016



ӘӨЖ 159.99

### **МУҒАЛІМ МЕН ЖАСӨСПІРІМ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ.**

**Ускенбаева Жұлдыз Аманкелдіқызы, п.ғ.к.**

**Шерхана Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
Бисенғалиева Мадина Сурагановна**

**Д.М.Қарбышев атындағы орта мектептің директоры, Қазақстан, Тараз қ.**

**Аңдатпа.** Мақалада қарым-қатынасты ұйымдастыруда субъектінің психологиялық жағдайын ескеру маңыздылығы қарастырылады. Адамның қоршаған ортамен, олардың іс-әрекетімен және қарым-қатынасымен тығыз байланыстығы дәлелденеді.

**Кілтті сөздер:** қарым-қатынас, субъект, жасөспірім

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы взаимосвязи процесса общения с деятельностью и окружающей средой. Особое внимание уделяется важности учета психологического состояния субъектов общения.

**Ключевые слова:** общение, субъект, подросток

**Annotation.** The article discusses the relationship between the process of communication with activities and the environment. Particular attention is paid to the importance of taking into account the psychological state of subjects of communication.

**Key words:** teens, subjects, communication

Бүгінгі жастар осы заманның сыншысы да, тарихшысы да болғандықтан, олармен жүйелі жұмыс жүргізуге баса назар аудару қажет. Осыған байланысты оқу-тәрбие процесіндегі мұғалім мен жасөспірім қарым-қатынасын ізгілендіру мәселелері бүкіл психологиялық-педагогикалық ғылымның өзекті аспектілері болып келеді. Оқыту процесіндегі мұғалім мен оқушы қарым-қатынасын ізгілендірудің ерекшеліктері мен ролін негіздеу үшін ең алдымен осы мәселенің шығу тегі мен дамуын зерттеуіміз керек. Ғұлама ғалым, философ, ойшыл әл-Фараби еңбектерінде адамдар қарым-қатынасының мәселелері негізгі орын алған. Ол еңбектерінде адамның ойлы, парасатты болу қажеттігін, адам деген ардақты атақты алып жүру бақыттылық екенін айтқан.

Адам қоршаған ортамен, олардың іс-әрекетімен және қарым-қатынасымен тығыз байланыста. Адаммен қарым-қатынас тек қоғамдық моральдық негізгі көрсеткіші ғана емес, ол әрқайсымыздың өнегеміз. Бұл қарым-қатынас жақсы да, жаман да болуы мүмкін, ықыласты немесе дұрыс пікірде болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда ададар арасындағы іс-әрекет пен қарым-қатынасқа және жеке тұлғаның қалыптасуына міндетті түрде әсер етеді. Педагогикалық процесте қарым-қатынасты басқару бұл мұғалім мен жасөспірімнің жеке тұлға болып қалыптасуымен басқару деген сөз. Сондықтан да педагогикалық ғылымның классиктері оқу-тәрбие процесіндегі мұғалім мен оқушы қарым-қатынасына көбірек мән беріп, жеке тұлға ескі әкімшілі-авторитарлық әдіспен қалыптаса алмайды деген тұжырымға келді.

Мұғалімер жасөспіріммен дос болғанын қалайды. Өзара тіл табысып, тату болсын деген мақсатпен оларға: «Сендер бір-біріңмен дос болыңдар, көмектесіңдер, нағыз достар қиын кезеңде қасыңнан табылады, адал дос болу керек т.б.» дегенді жиі айтып, достықтың мәнін түсіндіруге тырысамыз.

Мұғалім баламен нағыз дос болуы үшін оның ең сенімді адамдарының бірі болуы керек. Баланың мұғалімге деген сенімсіздігі жойылған кезде бала бойында еркіндік пайда болады. Оның ішкі сырын бөлісетін адамы болу – бала үшін үлкен бақыт. Өйткені, айналасындағылардың басым көпшілігі оны бала деп санайды да, оның шын көңілімен ақтарып, салғысы келіп тұрған ой-пікіріне көңіл бөле бермейді.

Ал, мұғаліммен қарым-қатынасын шынайы достықтың деңгейіне жеткенде оқушы үлкен табыстарға қолы жеткендей қуанады. Мұғалім болса, оқушымен достасудың арқасында биік мұратына жетеді. Мұғалім жасөспірімдермен достықты нығайта түсу үшін, үнемі олардың жақсы істерін мақұлдап, арман-тілектеріне ортақтасып отырады.

Жасөспірімдердің ішінде шеттеп қалған бала болмауы керек. Мұғалім әрқайсысымен жеке-жеке сырласуға тырысады. Бірінің ісін біріне мадақтай отырып, өзара сыйластығын нығайтуды көздейді. Сенімнен шыққан оқушылар тм елгезек, тапсырманы тез орындауға, шамасының келгенінше еңбектеніп жатады. Олардың мұғалімге деген ыстық ықыласы мен білімге дегенінтасы мұғалім шабытын оятып, жанын қамшылауға ықпал етеді.

Жоғарғы сыныптарға барғанда ұстаз беделі төмендей бастайды. Өйткені, қазіргі оқушылардың сыртқы ортадан алатыны, көңілге тоқитыны өте көп. Сондықтан да оқушылардың ұстаздарға қояр талабы да өте зор. Осы арада ізденбейтін, білім таяз, эстетикалық талғамы төмен ұстаз әрқашан да беделін жоғалтатыны даусыз. Ең қынжыларлығы, оқушылармен тіл таба алмай, оларды сабаққа қызықтыра білмегендердің тыныш отырмаған немесе сабақтан шығарып жіберуі. Керісінше, ұстаз жасөспірімнің ойына, талап-тілегіне жол шып, сабағынтартымды да қызықты өтетін болса, ешбір шәкірт сабақтан қалмауға, кешікпеуге тырысады.

Жасөспірім өзінің мүмкіншілігін дұрыс бағалап, өзіне дербес азамат деп қарауы тек өзгелермен үздіксіз қатынас жасап, соларды жақсы білуден пайда болады.

Жеке тұлғаның қалыптасуына жасөспірім мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың орны ерекше. Қандай адам болсын, мейлі оқымысты, мейлі қарапайым жұмысшы болсын,

мектеп өмірі туралы, мектеп қабырғасында жүргенде өзіне үлкен әсер еткен мұғалім туралы аса бір жылылықпен еске түсіруге жиі кездеседі.

Мұғалім мен жасөспірім қарым-қатынасы ғылыми тұрғыдан қаралатын күрделі мәселе, өйткені оқушының өзін қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы оқушы мен мұғалімі екеуінің қарым-қатынасы негізінде қалыптасады, сондықтан бұл қарым-қатынас жасөспірімнің жеке қасиеттерінің қалыптасуна зор ықпал етеді. Ал екінші жағынан, ғалым М.Шульцтің көзқарасынша: «Мұғалім мен оқушының жеке қарым-қатынастары әс-әрекеттер атқару нәтижесінде туындауы қажет», осы пікір мен ол этиканың фетишизмге қарсылығын білдіріп, бүкіл педагогикалық назарды оқу-тәрбие жұмылдыру қажет деп табады.

Мұғалім мен оқушы - әр түрлі екі субъект. Мәселенің негізгісі осы әр түрлі рухани дүниені бірлестіру. Педагогикалық тұрғыдан қарағанда, тәрбиеленушіге нәтижелі ықпал ету үшін тәрбиеленушінің мұғалімді қабылдауы ғана емес, керісінше, мұғалімнің тәрбиеленушіні қабылдауы қажет. Егер күнделікті тұрмыста біз «Мен» ұғымының «Сен» ұғымымен сәйкессіздігіне үнемі кездесе берсек, педагогикалық қарым-қатынаста қателік жібергеніміз. Бұл «Мұғалім – оқушы» қарым-қатынасының бұзылуына әкеп соғады. Қарым-қатынас мұғалім мен оқушының рухани баюы. Бұл нәтижеге тек қана мұғалім оқушыға өзінің дәрежесіндей тең қарағанда ғана жетуге болады. Бұл қандай қарым-қатынасты білдіреді?

Біріншіден, мұғалім жасөспірімнің рухани дүниесіне үлкен құрметпен қарап, оның еркіндігін мойындап, оның келісу-келіспеу құқына және іс-әрекетті таңдау құқығына ие екендігін тануы.

Екіншіден, оқушының дүниеге деген көзқарасын түсініп, оның қайғысы мен қуанышына ортақтасу.

Үшіншіден, оның өзіне тән жеке қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдай білу.

Кері байланыс, біреудің екіншіге деген қызығу қарым-қатынасынан туындайды. Жатсыну, бір-біріне селқостық өзара қызығу жоқ жерде пайда болады. Мұғалімдер қалыптасқан әдет бойынша өзімен әңгімелескен оқушыға өз сырларын айта бермейді. Өзінің оқушылары, жұмысы туралы бәріне әңгімелеп бергісі келіп тұрса да, ол басқа әңгімелесушінің жан дүниесіне саңырау болады. Жасөспірімдермен қарым-қатынаста да осы «Мамандық қасиеті» айқын көрінеді, көп жағдайда мұғалімнің оқушымен өзінің монологіне, ал мазмұны ескеру мен үйретулерге толы болады. Мектеп мұғалімдеріне мынадай сөйлемді аяқтауларын ұсынғанда: « Мен қарама-қарсы келе жатқан оқушыны көрген кезде...» Көпшілігі «Оған ескерту жасағыш келеді» деп аяқтаған. Мұндайда педагогикалық қарым-қатынас мүмкін емес, өйткені оқушы бұл жағдайда тек қана объект болып саналады.

Қарым-қатынас басқа біреудің жан дүниесіне, «Мен» ұғымына ену. Бұл оңай емес, өйткені өзіне ұқсамайтын басқаның жан дүниесіне ену үшін психологиялық дайындық қажет.

Сондықтан қарым-қатынасты ұйымдастыруда субъектінің психологиялық жағдайын ескеру өте маңызды болып табылады. Өйткені, субъектілердің кез-келген қарым-қатынасы психологиялық кеңістікте өзгеріс туғызады. Мысалы, ұлы кітап оқып отырады, ал шешесі өзінің жаңа көйлегіне пікірін білдіруді сұрайды немесе бала мұғалімге үйде салып келген суретін көрсетіп, оның сурет туралы пікірін білгісі келсе, мұғалім оған көңіл аудармай, «саусақтарыңды бояумен осынша неге былқытырғансың» деп ұрсады. Мұнай шұғыл өзгерістер біреуінің тарапынан міндетті түрде келіспеу, наразылық туғызады. Егер керісінше бұл жағдайды түсіне қоймаса, онда жанжал туып кетуі мүмкін. Мұны төмендегідей рөлдік жағдайларда тексеруге болады.

а) «Жүр менімен! Сен маған көмектесің!»

- оқушы есебін шығарып отырған досына бұйырып сөйлейді.

ә) Жаңа сабақты қабылдауға дайын отырған оқушыларға мұғалім кенеттен: «Бүгін және тап қазір бақылау жұмысын өткіземін» дейді.

б) Театрға жиналған қызына шешесі: «Кіре берістің еденін жушы» деп өтінеді.

Тіпті шебер ұйымдастырылған ситуацияларда болсын, біз психологиялық жағдайдың бір-біріне ауысуының оңай емес екеніне көз жеткізгендейміз. Бұл үлкен күшті қажет етеді және біреуді қарым-қатынасқа түсіретін адам оның жағдайымен санасып, алдын-ала дайындық жүргізуі керек. Мысалы, ақылды ана ойнап жүрген ұлына «аздан соң ұйықтау керек» юеп ескертеді. «Жұмысты аяқтауға екі минут қалды» деп хабарлайды мұғалім. «Енді тағы біраз ойнаңдар, сосын жұмысты бастаймыз» деп, тәрбиеші тірбиеленушілеріне бағдарлайды. Қарым-қатынас көлденең жазықтықта ( мұғалім мен жасөспірім бірдей ) және тік жазықтықта ( мұғалім жасөспірімнен биік, ал мүмкін кей жағдайда жасөспірім мұғалімнен биік ) болады. Көлденең қарым-қатынас жемісті, ал тік қарым-қатынас үнемі оқушыны қарама-қарсылыққа итермелейді. Көлденең қарым-қатынасқа жету үшін, біріншіден, оқушыны ойша өзіңмен қатар қою, екіншіден, оқушыға жоғарыдан төмен қарамауға төселу қажет. Бұл үшін әуелі оқушылар отырса отырып, тұрса тұрып сөйлеу керек. Біріншіні іске асыру жеңіл, ал екіншісі ыңғайсыз, өйткені мұғалімдер көбіне оқушыларды бақылау үшін орындарынан тұрып қарым-қатынас жасайды.

Бірақ, ересектер осы көлденең қарым-қатынастың аса қажет екенін іштей сезеді, олар баламен еңкейіп сөйлеседі, олармен қатарласып отырады, алдына отырғызады.

Қарым-қатынаста мұғалім ұстанатын арақашықтықтың да өзіндік маңызы бар. Бұл әр мұғалімнің балаға деген көзқарасының әр түрлілігінде. Мұғалім балалардан неғұрлым қорықса және өз күшіне сенбесе бұл арақашықтықтың алыстауына әкеп соғады және мұғалімнің беделіне нұқсан келтіреді. Әрине, арақашықтықты құралмен өлшеп, оның математикалық өлшемі бар депайту мүмкін емес. Оның негізі – мұғалімнің тәрбиеленушіге селқос көзқарас танытуды, сонымен қатар оның жеке өміріне де қол сұғынбауы. Қарым-қатынасты дұрыс анықтау шығармашылықта талап етеді, әр мұғалім бұл мәселені өзі шешеді. Мектеп тәжірибесін бақылағанда мынаны байқауға болады, мұғалімдер жасөспірімдерге өздерін сөзсіз тыңдату үшін өте алыс арақашықтықты ұстап, одан айырылмауға тырысады. Өз жұмыстарында жасөспірімдерге өмірді, айналадағы әлемді таныту мақсатын қойған мұғалімдер оқушылармен өте жақын араласуы мүмкін. Арақашықтықты оқушыға білдірмей өзгертіп отырады. Оқушының тәртіпсіз қылығын көргенде қаталдау қарап, ал керісінше жағдайда жақын тартады.

Арақашықтық өлшемі сонымен қатар мұғалімнің оқушымен сөйлесуінен «сіз» және «сен» түрінде – еркелету мен ресми дауыс ырғағынан (суық және жылы, жұмсақ және қатқыл) көрінеді.

Ақылды мұғалім еш нәрсені назардан тыс қалдырмай, оқушыны білдірмей жетелейді, байқатпай-бағдар береді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Т.Әтемова, Әлеуметтік педагогика [Мәтін]: Оқулық / Қ.Т.Әтемова.- Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012ж.
2. Тұрысбаева А. Оқушыларды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. / Бастауыш мектеп. 2006. №1. 21-2366.



ӘӨЖ 159.96

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ОҒАН ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Алибаева Рауан Нургалиевна

психология магистрі, лектор С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті» КЕАҚ, Алматы қ., Қазақстан

**Аннотация.** Мақалада жасөспірімдерде кездесетін суицидалды мінез-құлықтың ерекшеліктері, суицидалды әрекетке ықпал етуші факторлар мен себептер қарастырылған. Сонымен қатар, жасөспірімдік шақта жиі орын алатын суицидтік әрекеттің түрлеріне сипаттама берілген.

**Негізгі сөздер:** жасөспірімдер, суицидтік мінез-құлық, аутоагрессия, шынайы, демонстративті-манипулятивті, аффективті суицид әрекеттері, психологиялық факторлар.

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности суицидального поведения подростков, факторы и причины, способствующие суицидальному поведению. Кроме того, дана характеристика видов суицидальных действий, которые часто происходят в подростковом возрасте.

**Ключевые слова:** подростки, суицидальное поведение, аутоагрессия, истинный, демонстративно-манипулятивный, аффективный суицид, психологические факторы.

**Abstract.** The article discusses the features of suicidal behavior of adolescents, factors and causes contributing to suicidal behavior. In addition, the characteristics of the types of suicidal actions that often occur in adolescence are given.

**Keywords:** adolescents, suicidal behavior, autoaggression, real, demonstrative, manipulative, affective suicide attempts, psychological factors.

Қазіргі таңда балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік әрекеттер мен оның алдын алу шараларын жан-жақты зерттеу, өте өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі, соңғы жылдары, елімізде суицидке деген бейімділік пен жастар арасындағы суицидтік әрекеттер артып келеді. Бұл әрине, еліміз үшін өте қауіпті, әрі баса назар аударылуы тиіс өте өзекті мәселе екені анық.

Аутоагрессивтік мінез-құлықтың ең жиі кездесетін кезі 14-25 жас аралығы деген кеңінен тараған ақпарат бар, дегенмен бұл көрсеткіш жыл өткен сайын кеңейіп келе жатқандай, оған себеп соңғы уақыттары жасөспірімдік шақта ғана емес, мәселенің шешімін өмірмен қоштасудан іздейтін балалар да көбейіп келе жатқаны байқалады. Өзіне-өзі қол жұмсамас бұрын, балалар мен жасөспірімдердің көбі дайындық кезеңі – суицид алды кезеңінен өтеді, бұл адамның қорсаған ортамен қарым-қатынасының төмендеуімен сипатталады. Яғни, ол адамдардағы көптеген жағдайларға деген қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, қобалжудың артуы, эмоционалды тұрақсыз болуы және т.б. Жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау фактілерінің әрбір екінші жағдайында, балалар мен жасөспірімдер өмірден кеткісі келмейді, тек осындай шарасыздықтан туған ауыр әрекеттерімен өздеріне назар аудартқысы келеді. Бұл, әрине қауіпті жағдай, себебі, балалардың көптеген осындай әрекеттері қайғылы қазаға әкеп жатады [1].

Көптеген адамдардың, оның ішінде балалар мен жасөспірімдердің де өзіне-өзі қол жұмсауларының басты себептерінің бірі, қиындық туған сәттегі адамдардың өзін жалғыз сезінуі. Мұндай жасөспірімнің ата-анасы болуы мүмкін, ол толық отбасында өсіп жатқан

бала да болуы мүмкін, дегенмен қандай да бір қиын жағдайға тап келгенде, балалардың өз проблемасын ешкіммен бөлісе алмауы, көмек сұрай алмауы, тіптен ересектерден, оның ішінде ата-анасынан барынша проблемасын жасыруы, өз қиындығымен бетпе-бет жалғыз қалуына, проблемаға шырмалып, оны шеше алмауына, проблеманы шешуде шарасыз боп, жалғыз күресіп, одан әрі қианлуына әкеледі. Мұндай жағдайда, мектепте қандай да бір қиындық туындап жатса – ата-ана балаға уақытында назар аударып, көмек көрсетулері тиіс, ал отбасында проблема туындап жатса – ұстаздар балаға мән беріп, көмекке келгені, әрине, балаға үлкен қолдау болатыны, әрі қайғылы жағдайдың алдын алуы да мүмкін екені анық [2].

Суицидтік әрекеттер жалпы екі үлкен топқа бөлінеді:

- аяқталмаған суицид – бұл қазалы жағдаймен аяқталмайтын, өзіне назар аудартуға бағытталған әрекет, демек, суицидтік іс-әрекет белгілі бір жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

- аяқталған суицид - соңы қазамен аяқталады, яғни, өкінішке орай, көбінде суициденттің басты мақсаты өмірмен шынайы қоштасу болып табылады.

Жасөспірімдер мен балалар арасында, айтылған екі форманың бірінші түрі жиі кездеседі, тек өкінішке қарай, ол әрекеттер үнемі назар аудартумен ғана аяқталып жатпайды. Кейде, бұл әрекеттердің соңы шындығында қайғымен аяқталып та жатады. Мұндай жағдайда, шын мәнісінде жасөспірімдердің қалауы өмірден кету емес, тек олар мұны суицидке әкелген мәселенің шешімін табу жолы деп қана қарайды [3].

Түрлі психологиялық факторлар, адамның қоршаған ортаға, жаңа жағдайларға деген бейімделе алу деңгейі және оны қоршаған адамдар суицидтік мінез-құлық формаларын тудыруға себепші болады. Жасөспірімдер неғұрлым әлеуметтік ортаға жақсы бейімделе алатын болса, соғұрлым суицидтік мінез-құлыққа деген бейімділік деңгейі төмендейді. Осыған орай, жасөспірімдердің суицидке деген бейімділік деңгейін мына жағдайларға қарап анықтауға болады:

- Өзіне деген сенімсіздік; өзін бағалау деңгейінің төмендігі; уайымшылдық және күнделікті өмірде белсенділіктің болмауы; өзін кінәлауға бейімділік, өзін қорғансыз сезіну, инфантилділік (эмоционалды тұрғыда есеймегендік).

- Тұйықталып кету және шешімге келе алмау, шарасыздық, ашуланшақтық, адамдардан оқшаулану, шешім қабылдағанда ерік жігерінің болмауы, ұзаққа созылған күйзеліс [4].

Қандай болмасын, өмірлік дағдарыстың шешімі болады, ол конструктивті және тіпті деструктивті де болуы мүмкін.

Көптеген жасөспірімдер психологиялық дағдарыстың шешімін деструктивті жағынан, яғни ішкі күйзелісін, сыртқа агрессия түрінде көрсетеді. Бұл жағдайда, жасөспірімдер өзінің жан дүниесіндегі рухани қиындығын басып ұстауға тырысып, бүкіл күш-қуатын соған жұмсайды. Ол үлкен қысым тудырып, жасөспірімдер біртіндеп, сол ішкі қысымды агрессивті әрекеттері арқылы шығара бастайды, яғни ашулану, айқайлау, ішімдік пен шылымға әуестену, бұзу, сындыру, лақтыру, ұрып-соғу т.с.с.

Жасөспірімдердің аутоагрессивті әрекеттері, көбінесе сыртқы агрессияға ұқсас келеді, бірақ, бұл әрекет адамның тек өзіне ғана бағытталады. Демек, жасөспірімдер, ішкі ашу-ызасын, өкпе-ренішін, өкініш-қайғысы мен шарасыздығын сыртқа, басқа адамдарға көрсете алмағандығынан, оның ішкі қысымы, ішкі тебіренісі, ішкі конфликтісінің деңгейі тым күшейіп, оны тұншықтырып ұстауға, оны бақылауда ұстауға шамасы жетпей, ауыр агония жағдайына түседі және одан шығу жолы, оны шешу жолы тек өмірмен қоштасу ғана деп түсінеді.

Жасөспірімдер арасындағы суициденттердің 60%-ы толық емес отбасындағы, яғни тек анасының тәрбиесін көрген балалар болып табылады. Сонымен қатар, көбінде ата-анасы ажырасып кеткендер немесе отбасында ата-анасы үнемі конфликтіге түсетіндер. Ал, олардың жартысына жуығы қалыпты, тіпті әлеуметтік-психологиялық жағдайы өте жақсы деп



танылған отбасылардан шыққан балалар құрайды. Бұның басты бір себебі, ата-аналар арасында рөлдік қарым-қатынастың бұзылғандығы болып отыр: яғни, шектен тыс қамқорлыққа алу, мейірімді бола тұра, сезімін білдіре алмау, саналы түрде мейірім, махаббатын көрсетпеу, талапшыл ата-ана, қатал, өктем әке, сенімсіздік танытатын, үнемі қатал бақылауда ұстайтын ата-ана т.б.

Көптеген зерттеулер бойынша, өз-өзіне қол жұмсайтын жасөспірімдердің 50% -ның әкелері немесе аналары ішімдікке бейім болып келеді, бұл жасөспірімдердегі суицидке бейім болудың басты психологиялық факторы болып келеді. 10-15% жағдайда өз ортасында сәтті және жақсы қарым-қатынас орнағанмен, балаға шектен тыс тыйым салатын, ата-аналары өте қаталдық танытатын, баланың қалауы еш ескерілмейтін жанұялар.

Ата-аналарына наразылық білдіруде батылдық таныта алмайтын балалар мен жасөспірімдер, әдетте, қиыншылыққа төтеп бере алмайды, айналасындағылардың пікіріне тәуелді болып өседі. Сонымен қатар, ата-ананың қатал, өктем, мазасыз және тым мейірімді, кейде қамқоршыл әрекеттерінің бір уақытта қатар келуінен, балалар, әдетте, өмірге бейімделе алмайтын, шешім шығара алмайтын, өзіне сенімсіз, өзбетінше әрекет ете алмайтын, психологиялық тұрғыда өте әлсіз болып қалыптасады.

Көптеген отбасыларда, кейбір бар ата-аналар балаларымен «монолог түріндегі диалог» құру арқылы қарым-қатынас жасайды. Яғни, бұл жағдайда, ата-аналар өзінің баласымен емес, өзінің сол туралы ойымен ғана сөйлесіп, қарым-қатынас жасайды. Мұндайда, ата-аналардың баланың ойымен санаспауы жасөспірімдерде «мені түсінбейді», «менің ойым оларды қызықтырмайды», «мен не айтсам да, ұққылары келмейді», «мені қабылдамайды», «мені жақсы көрмейді», «мен жалғызбын, сондықтан, өмір сүргім келмейді», - деген ойлардың тууына және бекуіне алып келеді [5].

Суицидтік әрекет – кез-келген ішкі және сыртқы психологиялық факторлардың, нәтижесінде, өз -өзіне қол жұмсауға әкеледі.

Ішкі психологиялық факторларға жасөспірімдердің ойлары, бағыты, түпкі ниеті жатады. Пассивті суицидтік ойлар - «ұйықтап, оянбай қалсам», «өліп қалсам жақсы болар еді» деген ойлары, жасөспірімдердің өз өлімі туралы емес, өздерінің проблемадан шығу жағдайын сипаттап елестетуі. Бұл ойлар, кейде олардың қиындықтарды шеше алмай, тығырықта екенін көрсетеді.

Жасөспірімдердегі «суицид алды» түпкі ойлар суицидтік әрекеттің белсенді формасы болып табылады, бұл жағдайда, өмірден кету жоспары құрылады, яғни, қалай оны жүзеге асыратыны жөнінде нақты амалдар ойластырылады, орны мен уақыты таңдалады.

Суицидтік ниеттің болуы, бұл өмірден кету туралы шешім қабылдау және тікелей суицидтік әрекетке көшу дегенді білдіреді. Яғни, жасөспірімдердегі суицидтік мінез-құлықтың сыртқы формасында, бұл нақты суицидтік әрекеттің жасалуы болып табылады.

Суицидалды ойлардан бастап, нақты әрекет жасағанға дейінгі кезең «пресуицид» деп аталады. «Өмірден кету алдындағы» қатты күйзелістің ұзақтығы бірнеше күндерден, бірнеше айларға, тіпті бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Мақсатына сәйкес суицидалды мінез-құлық шынайы және парасуицидалды болып бөлінеді [6].

Қазіргі таңда, көп кездесетін демонстративті немесе манипулятивті, яғни суицидтік іс-әрекет – қоршаған адамдарға әсер ету мақсатында жасалатын суицид. Мәселен: жағымсыз нәрселерден арылу, аяушылық тудыру немесе жай ғана өзіне назар аударту, тіпті ата-анасы мен жақындарын саналы түрде, әдейі жазалау әрекеті болуы да мүмкін. Суицидтің бұл түрінде жасөспірімдердің ойында шынайы өмірден кетем деген, ой болмайды. Олар өзін құтқарып қалу мүмкіндігін ойлап, суицидтік әрекетке барады. Бұл кезде өмірден кетудің тек қана қауіпсіз тәсілдері, ойластырылған әрекеттер жасалады, өте жиі кездесетін жағдай, қолының қан тамырын кесу, аса қауіп тудырмайтын дәрі қабылдау, төменгі қабаттардан секіру және тағы басқа әрекеттер таңдалады. Жасөспірімдер суицидтің бұл әрекетін, орыны мен уақытын басқалар дер кезінде байқап қалып, көмек көрсететіндей етіп, алдын ала

таңдайды. Бұл суицидтік әрекет әлде кімнің көз алдында немесе ересектердің келуінен бірнеше минут бұрын ғана жасалады. Жасөспірімдер арасындағы орын алатын суицидтік әрекет, көбінесе суицидтің осы типіне жатады. Бұл типке жататындардың көпшілігі қоштасу хатын жазады, астарлы түрде досына құпиясын айтып бөліседі, қалаулары мен тілектерін айтатын соңғы сөзін айтып аудиожазба қалдырады. Ал, бұл әрекетке баруға жасөспірімдерді итермелейтін негізгі себептердің бірі, ол "ата-анасымен дұрыс, жылы қарым-қатынастың болмауы" [7].

Кей жағдайларда, жасөспірімдерде аффективті суицидтік әрекеттер де кездеседі, мәселен, қатты ашуланғанда, ұзаққа созылған психологиялық қысым кезінде, сәтсіз махаббаттан соң, буллинг, кибербуллинг, яғни қатарластарынан психологиялық, физикалық қысым алғанда. Жасөспірімнің санасын, жан-дүниесін реніш, ыза, намысының аяққа тапталуы және қорқынышты ойлар, шектен тыс уайым билеп алады. Яғни, бұл суицидтік әрекет күтпеген жағдайлардан, аяқ асты болған сәтсіздіктер салдарынан орын алады [8].

Жоғарыда айтылып кеткен әрекеттерден басқа, шынайы суицидтік әрекеттер ерекше айтылып, ерекше назар салуды талап етеді. Себебі, бұл жасөспірімнің өмірмен қоштасуға ойланып, саналы қабылдаған шешімі болып табылады. Жасөспірімдер арасында бұл әрекетке бару, әлсіз тұстарынан қандай-да бір соққы алудан болады, әсіресе соның салдарынан жасөспірімдерде жалғыздық, өзін ешкімге керексіз сезіну күйзелісі орнайтын болса, бұл шынайы суицидтік әрекетке әкеп соғады. Кейде, бұл әрекетке барған жасөспірімдер артында хат жазып қалдырып кетеді. Хатында көбінесе басқалардың күмәнін сейілту үшін, бұл әрекетке ешкімді кінәләмауды, бұл шешімге өзі келгендігін жазып кетеді.

Суицидтік әрекетке баруға тек бір ғана жағдай түрткі бола бермейді, бірнеше жағдайлардың қатар келуі себепші болуы да мүмкін, бірақ, сол себептердің бірі көбінесе басты, шешуші рөл атқаруы мүмкін.

Бірқатар зерттеушілер, оның ішінде Ю.В. Попов, А.В. Бруг жасөспірімдер арасындағы суицидтің бір формасына ерекше мән береді, ол - аддиктивті мінез-құлық. Олардың ойынша орын алатын суицидтік әрекеттің көпшілігі ол - «көмекке шақырудағы, баланың жан айқайы», яғни стресс жағдайынан орын алған жағдай, отбасындағы жағымсыз эмоционалды атмосфера, туындаған мәселеден шығудың оң шешімін таба алмауы, оның орнына бұл қиын жағдайдан шығудың тек жалғыз шешімі, өмірден кету деп ойлауы. Суицидтік әрекет, жасөспірімдер үшін ең болмағанда уақытша, тіпті тез арада отбасылық немесе жалпы мәселенің шешімін беретін жалғыз жол болып қалады. Балалар мен жасөспірімдер, өте қатты ауыр жағдайда, өзі үшін туындаған қиындық ситуацияларда, оның шешімін таппай, аффективті шешім қабылдаса, яғни бір рет қана суицидтік әрекеттерге баратын болса, кейінгі өмірінде осыған ұқсас қиын жағдайларда, кез-келген туындаған мәселеге де «клише» әсерімен осы бір жолды шешім деп тауып, суицидтік әрекеттерді қайталайтын болады. Жақындарын жазалау, болмаса қорқыту мақсатында проблеманың шешімін табуда, осы әрекетті таңдайды. Себебі, жасөспірімдер мәселені шешудің басқа жолын білмейді [9].

«Суицидтік мінез-құлық қоршаған ортаның талаптарына бейімделе алмау, көптеген ұсақ қақтығыс салдарынан туындайды» деген пікірді ұстанатын зерттеуші А.Г. Амбрумованың пікірінше, жасөспірімдер арасындағы суицидтік әрекеттің ерекшеліктері төмендегідей:

- суицидтік, яғни аутоагрессивті әрекетті қалыпты түрде, жеткілікті бағаламау. «Өлім» ұғымын бұл жас кезеңінде көпшілік жасөспірімдер терең түсіне алмайды, мұны уақытша жағдай деп қабылдайды. Ересектер мен жасөспірімдер арасындағы айырмашылық, шынайы суицидтік әрекет пен демонстративті-манипулятивті аутоагрессивті әрекеттің нақтылы шекарасының болуы.

- жасөспірімдердің қалауларының айқын болмауы, сезімдерінің өз жас кезеңіне сай келмеуі, тұрақсыз болуы салдарынан өз-өзіне қол жұмсауға деген ой туады.

- жасөспірімдердің аутоагрессивті әрекетке баруы, мынадай іс-әрекеттерден басталады: оқу үлгерімінің төмендеуі, үйден қашу, шылым шегуге, ішімдікке деген ерте жастан әуестену, ұсақ заң бұзушылықтар, ата-анасымен конфликтіге жиі түсу, тіпті нашарлыққа салыну, жыныстық қатынасқа ерте түсу және тағы басқа деструктивті әрекеттердің жиіленуі. Осы жағымсыз мінез-құлық, жасөспірімдер өміріндегі қиындықтар салдары ретінде, суицидтік әрекетке бағыттап, итермелеуші әсер тудырады, күйзеліс жағдайына әкеледі [10].

Жасөспірімдік кезеңде әлеуметтік-психологиялық туындаған мәселелерге, қалыпты түрде қарай алмау, оны тым жанына жақын қабылдау, проблеманың маңыздылығын тым жоғарылату, бұл проблеманың шешілмейтініне сену, өмірден кетуден басқа жолды көре алмау және өмірден кетуіне ешкімді араластырмау сияқты ойлар басым боп келеді. Жасөспірімдер арасында, саналы түрде өмір құнын ұғына алмағанымен, міндетті түрде өлімнен қорқу сезімі болады. Өзін-өзі бағалаудың күрт төмендеуі және болашаққа сенімінің жоғалуы, оның өз өмірінің құнын жоғалтуына әкеп соғады. Жасөспірімдерде жағымсыз эмоция тудырады және суицидтік әрекетке итермелейтін конфликтілер туындатады. Сонымен қатар, жүрекке жақын қабылдағыштық, сезімталдыққа, әсершілдікке, уайымшылдыққа әкеп соғады. Жасөспірімдік және балалық шақта, олар өлімді көбінесе, өз қабылдауымен біржақты қабылдайды, яғни, ол өмірмен «мәңгіге қоштасу, өліп кету» деп емес, олар өлімді айналасындағыларға өлген болып, олардың қайғысын бақылай алатын, тіпті өз жерлеуіне қатысып, өкпелі адамдарының өкінішін көре алу, осылайша, жақындарын, ата-анасын жазалау, кегін қайтару ретінде елестетеді. Мұндай ойлардан жасөспірімдер үлкен қанағаттану сезімін алып, сол арқылы жеңілдік сезіне алады, ақыр соңында, өкінішке орай, осы әрекетін шынайы өмірде жүзеге асырады [11].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абрумова А.Г., В.А Тихоненко. Диагностика суицидального поведения. –М.:1980. -55 с.
2. Амбрумова А. Г., Вроно. Е. М. О ситуационных реакциях у подростков в суицидологической практике // Журнал невропатологии и психиатрии им. С.С. Корсакова. 1985 №10, с 157-160 с.
3. Алимова М.А. Суицидальное поведение подростков: диагностика, профилактика, коррекция. – Барнаул, 2014. – 100 с.
4. Әділбекова М. Суицидке бейім адамдардың мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері // Жантану мәселелері. -#1 /2010. 15 б.
5. Бадмаева В.Д., Шкитыр Е.Ю. Факторы риска суицидального поведения несовершеннолетних (по материалам посмертных комплексных судебных психолого-психиатрических экспертиз) // Научные результаты биомедицинских исследований. 2019. Т. 5, № 4. С. 117 – 128.
6. Банников Г.С., Вихристюк О.В. Раннее выявление актуальных и потенциальных факторов риска суицидального поведения среди несовершеннолетних // Психическое здоровье и образование. Сборник научных статей по материалам II Конгресса «Психическое здоровье человека XXI века». 2018. С. 237—240.
7. Ефимова О.И. Суицидальное поведение в подростковом возрасте и возможности его профилактики // Успехи современного естествознания. - 2005. - № 11 –с 93-95
8. Каримова Р.Б.,Казахбаева Г.И.Психолого-педагогическая интервенция острых кризисных состояний в подростковом возрасте. Уч.пособие. Алматы,2012
9. Каримова Р.Б.,Казахбаева Г.И. Мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығын превентивті алдын алу. Оқу құралы. Алматы,2012
10. Ожгибесова В.М. Проблема суицидального поведения подростков: формы, факторы и профилактика // Научное сообщество студентов XXI столетия. общественные науки: сб. ст. по мат. XVI. Междунар. студ. науч.-практ. конф. № 1. 14.01.2014. [электронный

ресурс]. – режим доступа: [http://sibac.info/archive/social/1\(16\).pdf](http://sibac.info/archive/social/1(16).pdf). Хорошко В. Г. Самоубийство детей. // Росс. Психиатрический журнал, 1998, № 3, 70-80 с.

11. Султанов А.А. К вопросу о суицидальном поведении практически здоровых лиц молодого возраста//Научные и организационные проблемы суицидологии. М., 1983.-94-96 с.



## ӘОЖ 159.1

### ТИРЕК МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЕКТИСІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Абильдаева Г.Ж., Оштанова Г.Ш., Жарылкапова И.Ж.  
Жуалы ауданы, Ақтөбе ауылы. № 25 Ақтөбе тірек мектебі  
(ресурстық орталық)

**Андатпа.** Мақалада жасөспірімдердің эмоционалды интеллектісін дамытудың маңыздылығы мен оны арт-терапия техникасын қолдану арқылы дамыту тиімділігі қарастырылған.

**Кілт сөздер:** арт терапия, жасөспірім, өнер, эмоционалды интеллект, эмоция.

Енді осы факторларды тарата айталық. Халық даналығы «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Не ексең соны орасың», десе ұлы Абай «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі - ақымақшылық» деп түйіндейді. Ал атақты физиолог И.Павлов «әрбір баланың мінез-құлқы ата-анасының жағымды іс-әрекеттерінен үлгі алу барысында қалыптасады» деп тұжырымдайды [3].

Бала отбасы жағдайында өмірдегі әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасында бірін-бірі сыйлау, қамқоршы болу, бірлесіп еңбек ету секілді игі дәстүрлер қалыптасқан болса, ол ортадан қоғамға қарсы тұратын тәрбиесіз адам шығуы теориялық жағынан алғанда мүмкін емес. Бұл әңгімеміз, әрине, бірінші топтағы ата-аналарға қатысты.

Отбасы тәрбиесінде ең маңызды мәселенің бірі – ата-аналардың педагогикалық көзқарасының қалай қалыптасуында. Қазіргі кездегі аса бай отбасылардың пайда болуы, оларда бала тәрбиесінің дұрыс тәжірибесі қалыптасты деген сөз емес. Міне, осындай отбасылардың кейбір ата-аналары балаларының кез келген сұрансын мезетте қанағаттандыру, аламын деген нәрсенің бәрін сөзге келмей сатып әперу, үй тірлігіне қатыстырмауы баласының өзімшіл, тек қана тұтынушы, жалқау, басқаның есебінен жақсы өмір сүргісі келетін, арамтамақ болып қалыптасуына әкеліп соқтыратынын ескере де бермейді [4].

Дәл осыған қарама-қарсы әрекет істейтін ата-аналардың да түсінгі балаларын тура жолдан шығаруға итермелейді.

Мұндай ата-аналар өз балаларын аса қаталдықпен тәрбиелеймін деп әртүрлі қысым мен тыйымдарды қолдану, сәл нәрсеге бола қатаң жазалау, ар-намысын қорлайтын әрекеттер жасау арқылы балаларын өздеріне қарсы қояды. Мұндай жағдай да әрине, балалар ата-анасын сыйламайды, олардың баласына айтқан «ақылы» кері әсер етеді. Осындай отбасында «тәрбие» алған баланың тәрбиелі болуы да екіталай.

Үшінші топқа жататан ата-аналар өз балаларының не істеп, немен айналысып жүргендерімен ісі жоқ, оны өзінің міндеті деп санамайтындар. Олардың балалары қараусыз қалғандай әсер береді. Бұл – ең қауіпті әрі сөз жоқ, девиантты мінезді балалардың басым көпшілігін беретін отбасылар [5].

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктердің де бала тәрбиесіне кері әсер етері даусыз. Олардың бірнеше түрін атап өтсек мына төмендегідей:

1. Тәртіп бұзуға бейім тұратын оқушылардың дер кезінде анықтап, олармен алдын ала жұмыстар жүргізбеу.

2. Мектеп ұжымының осы мәселеде алаусыз болуы немесе жүйелі жұмыстың болмауы. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысының дұрыс жүрмеуі. Сыныптан тыс, мектептен тыс өтілетін іс-шаралардың сапасының төмен екендігі. Тәрбиесі қиын балалардың отбасыларымен қарым-қатынастың нашар ұйымдастырылуы.

3. Девиантты мінезді оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орната білмеу немесе мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби деңгейінің төмендігі.

4. Кейбір мұғалімдердің сабақ беру әдісінің төмен болуының әсерінен оқушылардың сабаққа қызықпауы, үлгерімнің нашарлығы, сөз жоқ, оқушылардың тәртібін әлсіреді және ол мұғалімдердің де беделін төмендетеді.

5. Кейбір мұғалімдердің педагогикалық этиканы білмеуі немесе сақтамауы оқушыларды өзіне қарсы қоюға әкеліп соғады да, ұзаққа созылған шиеленісті туғызады.

6. Көшедегі кездейсоқ топтардың оқушының теріс мінезін қалыптастырудағы қосар үлесі де аз емес. Өйткені, қазір көшелерді, аймақтарды белгілі бір топтардың бөліп алып, сол жерлерде билік жүргізілетіні ешкімге де құпия емес. Олар өз түсініктері бойынша өмір сүреді және өз қатарын өзі сияқтылармен толықтырып отырады. Ал олар сол ортада өздерін еркін әрі ыңғайлы сезінеді. Себебі отбасында, мектептегі қағидалары мен адами құндылықтары өздерінше қалыптасқан. Сондықтан қоғамдық мораль мен нормалар олардың түсінігіне сай келмейді [6].

Енді осы девиантты мінезді оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне тоқтала кетелік.

Бұл қиын балалар өздерінің интеллектуалдық қабілеті жағынан өз қатарларынан қалмайды. Алайда, олардың жоғары психологиялық қасиеттері: зейін, абстрактілі ойлау, есте сақтау тағы басқа әртүрлі жаттығулар мен дағыдыларды дамытпағандықтан артта қалған. Соның салдарынан олар қисынды ойлай білмейді, өз ісінің ақырын болжай алмайды, сондай-ақ танымдық белсенділігі төмен, ғылым және саяси-қоғамдық мәселелер мүлдем қызықтырмайды, рухани мәдениеттің не екенінен тіпті бейхабар. Негізінен, олар қарапайым күнделікті өмірдің күйбеңінен аспайды, онда да тек даярға тап болып үйренген, салиқалы да пайдалы іс-әрекеттен гөрі уақытты босқа өткізгенді тәуір көреді.

Дегенмен, олар өздерінің алдына қойған мақсатын орындау үшін (темекі, ішімдік, есірткі зат, ұрлық жасау) әртүрлі тапқырлық көрсете алады. Сабақ оқу, уәдеде тұру, режимді сақтау, саналы тәртіпке бағыну сияқты оқушыға тән міндеттер мен парызы орындауға келген олардың ерік-жігері тым төмен, табандылығы жетіспейді.

Қиын балалардың «қиындығы» неде екенін білу үшін оның себебін табу керк. Біріншіден, оның жүйкесі мен психикасында ауытқушылық бар-жоғын анықтап білу керек. Мамандардың пікірінше, ондай ауытқушылығы бар оқушылардың 10-15 пайызы жүйке немесе психикалық ауру жағдайына байланысты болады екен. Мұндай оқушыларды тәрбиелеуден бұрын емдеу керек [7].

Екіншіден, сау балалардың адамгершілік қасиеттеріне қандай факторлар жағымды, ал қандай факторлар жағымсыз әсер ететінін анықтап алу үшін ақпарат жинау. Ол үшін әңгімелер, бақылау сауалнама жүргізу, құжаттарды зерттеу әдістері қолданылады. Олардың бәріне дұрыс талдау жасау дегеніміз – қиын балаларды анықтауда қателікке бой ұрмау жағын қарастыру болып табылады.

#### **Қолданған әдебиеттер тізімі:**

1. Ағыбаев А. «Жасөспірімдер қылмысына не себеп?». Заң, №5, 2004.
2. Атемова Қ. «Қазақ отбасындағы тәрбие үрдісі», Қазақстан мектебі, №1, 2006.
3. Ахметжанова Н. «Мінез-құлқы қиын балалар», Ұлағат, 2001ж. №1.

4. Ахметжанова Н. «Қиын балалар қиғылығының қыры», Ұлағат, №2, 2000.
5. Бикенов К.Ү., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы.- Алматы.- 2003.
6. Байтабанова А. «Сынып жетекшінің қиын оқушымен жұмысы», Сынып жетекшісі, №4, 2004.
7. Батгалханов Е. ««Қиын» оқушылармен жұмыс ерекшелігі», тәрбие құралы, №4, 2003.
8. Байшуақова М. «Ата-аналармен жұмыс», №3/2005.



ӘОЖ 347.157

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШІЛІКТЕРІНІҢ КӨРІНІС БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сайлыбаева Құралай Әбдімәлікқызы - психология ғылымдарының магистрі  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Аңдатпа.** Мақалада әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесу қажеттілігі, педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәні, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормалары ашылады.

**Кілт сөздер:** жастық шақ, девианттық мінез-құлық мәселелері, қоғамдық құндылықтар, әлеуметтік-экономикалық себептер, Әлеуметтік девиация.

**Аннотация.** В статье каждый профессиональный педагог не только исправляет некоторые недостатки характера ребенка, но и возвращает его к правильному способу общения в сочетании с требованиями общественной жизни, необходимостью помочь ему развиваться и социализироваться, содержанием педагогической деятельности. , раскрываются нравственные качества, которые они укрепили в жизни общества, то есть нормы отношений между людьми (дружбы, товарищества, родства, привязанности, любви и т. д.).

**Ключевые слова:** молодежь, проблемы девиантного поведения, социальные ценности, социально-экономические причины, социальная девиация.

**Annotation.** In the article, each professional teacher not only corrects some of the shortcomings of the child's character, but also returns him to the correct way of communication in combination with the requirements of social life, the need to help him develop and socialize, the content of pedagogical activity. , reveals the moral qualities that they strengthened in the life of society, that is, the norms of relations between people (friendship, camaraderie, kinship, affection, love, etc.).

**Keywords:** youth, problems of deviant behavior, social values, socio-economic causes, social deviation.

Жастардың ауытқитын мінез-құлыққа жасайтын социологиялық зерттеулердің маңызы қазіргі кезде өте зор, себебі, бір жағынан алғанда қоғамдық тәртіпті бұзушылардың ішінен жас ұрпақтың, әсіресе біздің қазіргі кездегі студенттеріміздің үлесі мол, ол халықтың басқа да жастық топтардың арасынан салыстырғанды, екінші жағын алғанда, бағыттылықтың құрылуы (қажеттіліктердің, қызығушылықтардың, мотивтердің, бағалы құндылықтардың) осы

жастық кезеңде өтеді. Осыдан барып жастардың девианттық мінез-құлықты бастан кешіруі жастардың ортасындағы негативті құбылыстардың болуымен байланысты болып келеді [1].

Қазіргі кездегі жастар үшін ең маңызды мәселе ретінде бірнеше кедергілер, қиындықтармен ұшырасып отырады, ол жұмысқа орналасу, тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесіндегі бастапқы капиталдың жоқтығы, осының барлығы едәуір толғандыратын мәселелер болып табылады. Сонымен қатар еңбек нарығындағы төмен бәсекелестік жағдайлары, профессионалдык білімдер мен тәжірибенің жетіспеуі, осының салдарынан еңбек нарығындағы тұрақты орындарын таба алмай жастар ортасындағы девианттық мінез-құлықтың өсуі мен жұмыссыздық мәселесінің бел алуы таң қалдырарлық жәйт емес. Қоғамдағы қалыптасқан вакуумдағы моральдық құндылықтардың жоғалуы мен қатар, орындарын таба алмай жас тұлға ішімдікке, нашакорлыққа әуестене бастайды, өздерін қоғамдық ағымға қарсы коюмен жол табуға үйір бола бастайды. Бұндай құбылыстар жастар арасында массалық көлемді алып келеді, яғни бұл құбылыстар қоғам моральдық-психологиялық жағдай өз әсерін тигізеді. Бірақ та әлеуметтік шындық жастардың қылмыстық әлемге бой алдыруға жол бермейтін механизмдерді әлі ойлап таба қойған жоқ. Девианттық мінез - құлықтың әлеуметтік алғышарттарының барлығының себептері, ол Қазақстан Республикасында өндірістік қатынастағы адамдардың теңдігі мен материалдық жағдайларындағы теңсіздігі арасындағы қарама-қайшылық бар. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы экономиканың әлсіз дамуы объективтілігі мен тұтыну заттарындағы теңсіздік мәселесі жастардың өзіндік материалдық жағдайларымен қанағатсыздық танытуының бірден-бір себептері және қоғамнан алатын жақсылықтары өздерінің қажеттіліктерін әртүрлі жолдармен қанағаттандыруға белсенді ете түседі [2].

Әсіресе қазіргі кезде жастардың үлкен-үлкен қалаларда, ауылдық жерлерде тұратын басым көпшілігі үшін кейінгі кезде рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру мәселесінің әлеуметтік әділдігінің жоқтығы жанға бататын жағдай. Көптеген қалаларда немесе ауылдарда тіпті кинотеатрлар және мәдениет үйлері жоқ. Сонымен қатар олардың тұрғындарының негізгі бөлігін жастар құрайды. Әрине бұндай аймақтарда девианттық мінез-құлықтың деңгейі республикамен салыстырғанда өте жоғары болып саналады. Бірнеше әлеуметтік мәселелерді біз кейінге қалдырамыз, оларды «қалдықты үйлесім» дейді, яғни ондай мәселелерді біз күн тәртібінде бірінші орынға қоймағандығынан олар әсіресе біздің жастарымыздың өмірінен көрініс табатын жағдай болғандықтан және жас қыздар мен жігіттердің санасынан орын тебетіндіктен жастар арасындағы әлеуметтік әділ мәселесінің шиеленісуіне алып келді [3].

Девианттық мінез-құлықтың дамуына арнайы бір қоғамдағы әлеуметтік шындықтың бұзылуы, негізгі демократиялық принциптердің бұзылуы, экономикалық реформаларды жүргізгенде кеткен қателер нәтижесінде осы жастар арасындағы қиындықтардың пайда болуына алып келеді. Девианттық мінез-құлық мәселелері әлеуметтік жанжал теориясының негізінде қарастырылады. А.Коэн әлеуметтік топтарға нақты қауіпті оның ұйымшылдығын қалыптастырып, топтық нормалардан оның мүшелерінің ауытқуын азайтады және сонымен қатар ауытқитын мінез-құлық жасайтын топтың мүшелеріне қатысты топтық репрессияға ұшырататындығы басым көрінеді. Жанжал теориясына қатысты, әлеуметтік жүйедегі мінез-құлықтың мәдени бейнелері ауытқитын мінез-құлық болып табылады, егер ол басқа мәдениеттің құндылықтарына негізделген болғанда. Девианттық ауытқитын мінез-құлық теориясы арнайы социологиялық теория ретінде құрылымдық функционализм теориясының аясында дамиды. Р. Мертон аномия теориясын қолдана отырып, девианттық мінез-құлық теориясын мәдениеттің жасайтын мақсаттарымен әлеуметтік-ұйымдасқан оларға жету жолдарының құралдары арасындағы пайда болған келіспеушіліктер деп түсіндіреді. Оның пікірінше әртүрлі топтар үшін біркелкі емес мақсаттарға жетудің ресми жолдары қоғамның ресми құрылымымен қамтамасыз етіледі және осылардың функционалдык жетіспеушіліктері мақсатқа жету үшін қолданатын бейресми құрылымдардың пайда болуына негіз болады [4].

Девианттылықты бағалау критерийі бұқаралықтың достастығына, «өзіне» және «басқаларға» деген бірлігінен, бір біріне келісімге келу мүмкіндіктерінің тудыруы өздерінің «мендігін» шектеу арқылы. Бұл жерде адамның қай шекте девианттық мінез-құлықтағы екендігін анықтайтын шекараны анықтау қажет. Осы критерийдің негізінде жеке және қоғамдық қызығушылықтардың принциптерінің сәйкес келуі негізделген. Бұл жерде менің еркіндігім басқа адамның еркіндігімен шектеледі - бұл ең басты принцип, осыны бұзған адам, яғни девиант болып саналады. Сол үшін де девианттық мінез құлықтың ең негізгі рационалды критерийі ретінде осы мінез-құлықтың түрінің зияны мен қоғамдық пайдалылығын қарастырамыз.

Девианттық мінез-құлыққа баға беру критерийін анықтау бір жақты емес, себебі біздің қоғамымызда қандай мінез-құлықты девианттық деп айту және оны ажырата білу өте қиын. Девиацияның әсіресе айқын көрінетін мысалдары ретінде адамгершіліктің жоқтығын көрсететін іс-әрекеттер, олар әрқашанда талқылауларға түсіп отырады, бірақ бұл жерде оларға толықтай, нақты анықтама беру өте қиын. Бірақ кісі өлтірудің өзі арнайы жағдайларда ақталып жатады. Мысал ретінде алғашқы қауымдық кезеңде ашығу кезеңінде кісі өлтірушілік талқыға түспейтін, яғни ол жағдайдың қысымымен жасалған іс-әрекет деп түсінген. Ол айып тағулардан босатылған, ол өндірістік күштер қатайған кезден бастап және қоғам материалдың жағдайларды жасай алатын кезеңнен бастап, яғни бала шағасын асырау үшін, денсаулық үшін неше күш керек соның барлығына есеп бере алатын болған кезеңнен бастап ол барлық жеңілдіктерден болады, яғни біз үшін қылмыс болып табылады. Біз көріп отырғанымыздай іс-әрекеттің бағасы тарихтан бері заман өткен сайын өзгеріп отыруда және олар әлеуметтік-экономикалық себептермен ұлттық дәстүрлер мен мәдениетпен өзгеріске ұшыраған құндылықтар қатар ажыратылады [5]. Девиацияны ең алдымен әлеуметтік құбылыс ретінде адамдық іс-әрекеттердің массалық формасы ретінде қарастырады, ол арнайы қоғамның тарихи дәстүрмен қалыптасып келе жатқан және ресми қалыптасқан әлеуметтік нормалардан ауытқуын қарастыруға болады. «Девианттық мінез-құлық дегеніміз - бұл жалпымен қабылданған моральдық, құқықтық және әлеуметтік нормаларға сәйкес емес адамдар өмірінің бейнесі немесе іс-әрекеттер, ол тұлғаға, әлеуметтік топтарға және қоғамға тұтастай зиян келтіретін (немесе пайда әкелетін), сол сияқты қоғаммен талқыға түсетін (немесе қолданатын) пікір және қоғамның қолдауын табатын немесе істелінген зияндары үшін жауапкершілікке түседі» [6].

*Әлеуметтік девиация мынадай жағдайларда пайда болады:*

- қоғамдық тәртіптің, теңдіктің бұзылуы, нәтижесінде кері ұйымдастыру пайда болады.

- Индивид пен қоғам арасындағы қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы қайыршылыққа, отбасылық байланыстардың тарауына, тұлғаға әлеуметтік институттардың және басқа әсер етулердің әлсіреуіне алып келеді. Қоғамдық қатынастарға тигізген зиянның деңгейіне байланысты, әлеуметтік жиынтықтардың, топтардың, және жекелеген азаматтардың қызығушылықтары, сол сияқты бұзылатын әлеуметтік нормалардың ішінен девианттық мінез-құлықтың негізгі түрлерін ажыратуға болады: деструктивтік мінез-құлық, ол тек қана тұлғаға және жалпымен қабылданған нормаларға сәйкес келмейтін мораль нормаларына (жинақылық, фанатизм, конформизм, мазохизм және т.б.) зиянын тигізеді; заңға қайшы мінез-құлық (қылмыс және басқа да заң бұзушылықтар) [7].

Жастар ортасындағы әлеуметтік әділдік сезімінің пайда болуы және шиеленісуі, әлеуметтік аймақтағы қалдықты болып табылатын еңбекке деген қызығушылықтың төмендеуіне алып келді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Оразбаева Е “Қиын” оқушылармен педагогикалық қарым-қатынастағы белсенді спорттың рөлі // Бастауыш мектеп 2006 № 11 , 18-20 бет.

2. Қазбеков Ж. «Қиын» бала тәрбиесі // Валеология 2007 № 3, 18
3. Ағыбаев А. «Жасөспірімдер қылмысына не себеп?». Заң, №5, 2004.
4. Атемова К. «Қазақ отбасындағы тәрбие үрдісі», Қазақстан мектебі, №1, 2006.
5. Ахметжанова Н. «Мінез-құлқы қиын балалар», Ұлағат, 2001ж. №1.
6. Ахметжанова Н. «Қиын балалар қиғылығының қыры», Ұлағат, №2, 2000.
7. Бикенов К.Ү., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы.- Алматы.- 2003.
8. Қайырова.Ж, «Ауытқушы мінез-құлықтың шығу себептері мен фокторлары», Қазақстан мектебі, №1.2006.
9. Қалаубек С. «Қиын балаларға көмек», Ұлағат, №5, 2004.



ӘӨЖ 159.9

## ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ БЕЙІМДЕЛУ ЖӘНЕ РЕЗИЛЕНТТІЛІК

Шукеева Аяужан Муратхановна – Тұран университетінің 1 курс докторанты  
Алматы қ., Қазақстан

Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич-Психология ғылымдарының докторы, профессор  
Тұран университеті. Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа.** Біздің қоғам дамуының қазіргі кезеңінде ғалымдардың көзқарасы резиленттілік құбылысын пәнаралық проблема ретінде зерттеуге бағытталған. Мақалада әскери қызметкерлердің бейімделу мәселелері, бейімделу процесін сәтті жүзеге асырудың негізгі сапасы және ішкі, сыртқы факторлардың әсерінен қалыптасатын тұлғалық резиленттілікті (өмірлік, төзімділік) зерттеу мәселелеріне теориялық шолу жасалған. Сонымен қатар «резиленттілік» құбылысы адамның ішкі ресурстарының категориясы екендігі анықталды: адамның стресстік жағдайларда эмоционалды өзін-өзі реттеу қабілеті, физикалық, психикалық және психологиялық өміршеңдік дәрежесі. Адамның қолайсыз өмірлік жағдайларды жеңу, ішкі және сыртқы ресурстарды пайдалана отырып қалпына келтіру және дамыту, тұлғаның туа біткен динамикалық қасиеті ретінде резиленттілікті түсінуге және тәсілдерді біріктіруге мүмкіндік беретін отандық және шетелдік басылымдардың мазмұнды талдауын ұсынды.

**Кілт сөздер:** резиленттілік; резилентті мінез-құлық; психологиялық тұрақтылық; бейімделу, әскери қызметкерлер, өміршеңдік; төзімділік;

**Аннотация.** На современном этапе развития нашего общества взгляд ученых обращен к изучению феномена резильентности как междисциплинарной проблеме. В статье рассматриваются проблемы адаптации военнослужащих, ключевым качеством для успешного осуществления процесса адаптации автор называет личностную резильентность (жизнеспособность, жизнестойкость), которая формируется под воздействием внутренних и внешних факторов. А так же выявлено, что феномен «резильентность» представляет собой категорию внутренних ресурсов человека: способность человека к эмоциональной саморегуляции в стрессовых ситуациях, степень физической, психической и психологической жизнеспособности. Авторами представлен содержательный анализ отечественных и зарубежных публикаций, который позволил объединить подходы и прийти к пониманию резильентности как врожденного динамического свойства личности, выражающегося в способности индивида преодолевать неблагоприятные жизненные обстоятельства.

**Ключевые слова:** резильентность; резильентное поведение; адаптация;

военнослужащие; психологическая устойчивость; жизнестойкость; жизнеспособность;

**Abstract.** At the present stage of development of our society, the look scientists is turned to the study of the resilience phenomenon as an interdisciplinary problem. It is revealed that the term "resilience" in foreign literature is based on the understanding of a person's ability to overcome difficulties in adverse life circumstances, and the ability to maintain psychological balance during potentially dangerous situations.

The authors present an informative analysis of domestic and foreign publications, which allowed us to combine approaches and come to an understanding of resistance as an innate personality trait, expressed in the individual's ability to overcome adverse life circumstances, recover and mature using internal and external resources, as well as to use the prophylactic potential of resistance in working.

**Keywords:** resilience; resilience behavior; psychological stability; viability; vitality;

Қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі- адамның нарықтық өзгермелі заманда тұлғалық біртұтастылығын сақтай отырып, әлеуметтік ортаға әр түрлі келеңсіз жағдайларда бейімделе алуы. Халықаралық саяси жағдайдың, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қауіп-қатерлерінің күшеюіне байланысты қазіргі таңда Ұлттық қауіпсіздік мәселесіне ерекше мән берілуде. Осыған байланысты әскери қызметшілерді жауынгерлік тапсырмаларды орындауға кәсіби даярлау, жауынгерлік жағдайда, төтенше немесе дағдарысты жағдайларда әскери қызметшілерге психологиялық көмек көрсету, әскери қызметкерлердің күйзеліске төзімділігін арттыру мәселелері бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға шектен шықпай қарсы тұруға мүмкіндік беретін белгілерінің бірі-тұлғалық резиленттілігі. Яғни ол дегеніміз, экстремалды жағдайларға бейімделу.

Шетел әдебиетіндегі «resilience» термині мынадай мазмұнға ие: адамның қолайсыз өмірлік жағдайларды қалпына келтіру оның барлық көріністерімен өмір сүру қабілеті және дамуы үшін барлық мүмкін болатын ішкі және сыртқы ресурстарды пайдалану мен жеңу қабілеті. Осылайша, «резиленттілік» анықтамасын теориялық талдау барысында отандық және шетелдік ғалымдардың пікірінше тұлғаның стресстік жағдайларға төзімділігі ретінде қарастырылатынын байқадық. Сонымен, С.Маддидің көзқарасы бойынша, төзімділік – бұл өзі туралы, әлем туралы, әлеммен қарым-қатынастар туралы сенімдер жүйесі. С.Мадди ұсынған «hardiness» терминін Д.А. Леонтьев төзімділік деп аударып, оны адамның берілген жағдайларды жеңу дәрежесін және сайып келгенде, адамның өзін-өзі жеңу дәрежесін сипаттайтын қасиет ретінде анықтайды [1].

Алайда, әскери қызметшілердің қақтығыс жағдайларында жоғары жауынгерлік әзірлікпен әрекет етуінде жеке басының психо-эмоционалды және әр түрлі стресстік жағдайларда өзін-өзі басқара алуы туралы зерттеулер іс жүзінде жоқтың қасы. Әскери қызметкерлердің кәсіби және тұлғалық өсуін қамтамасыз етуде резиленттілік мәселесінің өзектілігі көрініс табады. Олардың қазіргі заманғы ең қиын қызмет жағдайларына бейімделуі, жалпы алғанда осыған қатысты бірегей және көптеген ауыр мәселелерді сипаттуға және зерттеуге бағытталған себебі, жауынгерлер мен офицерлердің жауынгерлік әзірлігі, психологиялық жағдайы олардың кейінгі қызметін өтеу барысы бейімделу кезеңімен байланысты.

Бұл процесс әскер контингентіне шақырылу жасындағы жастардың денсаулық жағдайы, мінез-құлқы, әдет-ғұрыптары, олардың жеке төзімділігінің (ағылшын тілінен. resilience – психологияда, педагогикада, әлеуметтануда – өміршеңдік, төзімділік) қалыптасу деңгейі сонымен қатар жалпы психологиялық және физикалық денсаулығы мамандар арасында алаңдаушылық туғызады. Ресейлік авторлары Н.В. Марков және С.Г. Рютин жастардың денсаулыққа деген көзқарасының қазіргі тенденцияларын талдап көрсетті.Зерттеу нәтижесі бойынша 2018 жылы әскерге шақырылу жасы жастар арасында 40%-дан астамы денсаулығына байланысты әскерге алынбайтыны жайлы атап өтті [2].



Студенттік жас кезеңі - бұл оқу мерзімі кезеңінде әскерге шақырылудан объективті кейінге қалдыру жолы болып табылады бірақ, И.Б. Меерманова, Н.Н. Седач, И.А. Болшакова, Ж.А. Қалбеков, осы оқу жылдар аралығында жастардың денсаулық жағдайы тек нашарлап кететіні жайлы айтып өтті. Авторлардың пікірінше студенттік жастар арасында денсаулықтың нашарлауының себептері физикалық белсенділіктің болмауы, темекі шегу, алкоголь, есірткі қолдану, психоэмоционалды шиеленіс, рационалды емес тамақтану, жиі күйзеліс, өмір сүру мен жұмыс істеудің материалдық-тұрмыстық жағдайлары, денсаулық жағдайының әлсіреуіне әкеліп соғатыны байқалған [3].

Қазіргі ғалымдарды ойландыратын сұрақтардың бірі неліктен кәсіби міндеттерін атқаруда кейбір әскери қызметкерлердің қолайсыз жағдайда қиын әскер жағдайларына бейімделеді, әрқашан көңілді, қиындықтарды әзілмен шешеді, ал басқалары бұл проблемаларды ешқандай жолмен жеңе алмайды, агрессивтілік танытады, режимді анық орындай алмайды және де соның салдарынан олар депрессияға түседі. Осы мәселеге байланысты зерттеушілер О.А. Селиванова, Н.В. Быстрова, И.И. Дереча, Т.С. Мамонтова, О.В. Панфилов резиленттілік феноменіне, яғни адамның қиын өмірлік жағдайлардан шығуға, психологиялық проблемаларды жеңуге өз бойында күш таба білу қабілетіне назар аударып, оны пәнаралық тәсілдер призмасымен қарастырады. Тұлғаның осы қасиетін талдай отырып, авторлар оны адамның ішкі резервтеріне жатқызады, сонымен бірге оның сыртқы, атап айтқанда, әлеуметтік факторлардың әсерінен қалыптасатынын айта отырып, «физикалық, психикалық және психологиялық өміршеңдігене» оның мінез-құлқына әсері ететіндігі жайлы да атап өтеді [4]. Осыдан логикаға сүйенетін болсақ бұл қасиет әскери қызметкерлердің әскери өмірге бейімделу процестерін реттеді, сондықтан оны жастар арасында әскерге дейін де және де әскери қызмет барысында да дамыту қажет. Шетел ғалымдары (М.Руттер, Э.Вернер, Э.Д.Миллер, Г.А. Бонанно, Н.Хендерсон, С.Акерман және т.б.) және отандық (Л.А. Александрова, А.В. Махнач, А.И. Лактионова, Е.Б. Забелина, Е.Қ. Кузнецова, Ф.И. Валиева, Қ.М. Ушаков, А.А. Муравьев, О.Н. Олейникова, Е.Г. Шубникова, О.А. Селиванова, Н.В. Быстрова, И.И. Дереча, Т.С. Мамонтова, О.В. Панфилова және т.б.) өзара өз зерттеулерінде көрсеткендей «резиленттілік» терминін түсінуде өміршеңдік пен төзімділіктің бірігуі маңызды екенін атап өтті. Мазмұны бойынша резиленттілік осы ұғымдарға өте жақын және моральдық құндылықтарға негізделген бейімделу ұғымымен бір синонимдік қатарға қоятын жеке тұлғаның позициясы. Шетелдік және отандық зерттеулерге сілтеме жасай отырып, А. Нестерова өміршеңдік пен бейімделгіштік арасындағы байланысты атап көрсетеді, икемділік, экстраверсия, мейірімділік, ашықтық (М. Dumont, & М.А. Provost, 1999; N.A. Garmezy, 1990, A.S. Masten, A. Tellegen, 1984; M. Rutter, 1979; E.E. Werner, & R.S. Smith, 1982); өзін-өзі бағалау (N.A. Garmezy, 1990, N.A. Garmezy et al., 1984; E.E. Werner, 1995; E.E. Werner, & R.S. Smith, 1992, А.И. Лактионова, 2010; А.А. Нестерова, 2011); өзін-өзі бақылау (М. Rutter, 1979; 1987); интеллект (Masten et al., 1990); проблемаға бағытталған стратегиялар мінез-құлық (N.A. Garmezy, 1990, Garmezy et al., 1984; А.А. Нестерова, 2011); эго тұрақтылығы және эго бақылау (К.Е. Flores et al., 2005); қауіпті, қауіпті жағдайларды болжай білу (G.Affleck, & Н.Tennen, 1996) оптимизм, үміт, шығармашылық, кешірім (G.E. Richardson, 2002) [5].

Сондықтан, егер біз әскери қызметшілерде төзімділікті қалыптастыру, дамыту және белсендіру процесіне байыпты және кәсіби түрде кіріссек, онда өміршеңдік пен төзімділіктің ашылған ішкі әлеуеті Көбейтетін маңызды факторлардың бірі екені бейімделуі қиын әскери қызметшілерге көмектесетіні сөзсіз. Әскери қызметкерлердің өзін-өзі сақтауға негізделген резиленттілік, олардың отбасы мүшелерінің де сәтті бейімделуі болып табылады. Л.А. Кулумбегова пікірінше әскери қызметшілердің табысты бейімделуінің маңызды шарты, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуі болып табылады, ол «бейімделудің барлық кезеңдерімен бірге жүретін және оның бүкіл барысы мен соңғы нәтижесін алдын ала белгілейтін кәсіби, материалдық және отбасылық-тұрмыстық» сияқты аспектілерден

тұрады[6].

Гарнизондағы немесе әскери қалашықтағы медициналық көмек те жоғары деңгейде жүргізілуі керек, өйткені оған әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің физикалық, психикалық және психологиялық жағдайы тікелей байланысты.

Сонымен, бейімделу резиленттілік процесін көптеген Ресей және шетел ғалымдары зерттейді, бірақ әскери қызметкерлер мен олардың отбасыларының сәтсіз бейімделу себептері әскерде қызмет ету жағдайлары жеткілікті зерттелмеген. Көп жағдайларда өзін-өзі сақтаумен байланысты төзімділіктің төмен деңгейімен сипатталатын әскер жасындағы жастар және жасөспірімдердің жалпы денсаулығына көңіл бөлінеді, олардың резиленттілігінің төмен деңгейін көрсететін факторлар негізінен дұрыс емес тамақтану, отырықшы өмір салты, алкоголь, есірткі және т.б. Сондықтан білім беру мекемелерінде жасөспірім кезінен әскери қызметке дайындайтын, олардың бойында ерте жастан резиленттілікті қалыптастырудың психолого-педагогикалық әдістерін жасап, қолдануы керек. Әскери қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің табысты бейімделуінде жан-жақты әлеуметтік жұмыс маңызды рөл атқарады. Яғни ол дегеніміз әскери қызметшілердің өз борышын атқаруда психо-эмоционалды тұрақтылығына, стресстік жағдайларға төтеп беруіне және де оның әскери қызметке бейімделуіне өз септігін тигізеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Maddi S.R. On hardiness and other pathways to resilience // *American Psychologist*. 2005. V. 60. № 3. P. 261-262.
2. Маркова Н.В. Здоровье студенческой молодежи: современные тенденции / Н.В. Маркова, С.Г. Рютин // *MODERN HIGH TECHNOLOGIES – 2020*. – № 3. – С. 168-172.
3. Меерманова И. Б. и др. Современное состояние и проблемы здоровья студенческой молодежи / И. Б. Меерманова, Н. Н. Седач, И. А. Большакова, Ж. А. Калбеков // *Медицина и экология*. - 2019. -№ 2. С. 5-12
4. Селиванова О.А., Быстрова Н.В., Дереча И.И., Мамонтова Т.С., Панфилова О.В. Изучение феномена резильентности: проблемы и перспективы // *Мир науки. Педагогика и психология*, 2020 № 3, <https://mir-nauki.com/PDF/04PSMN320.pdf> (доступ свободный). Загл. с экрана. Яз. рус., англ.
5. Нестерова А.А. Жизнеспособность личности как условие снижение факторов риска в развитии детей и подростков / А.А. Нестерова // *Психическая депривация детей в трудной жизненной ситуации: образовательные технологии профилактики, реабилитации, сопровождения*. – URL: <https://psyjournals.ru/childdeprivation/issue/69143.shtml> (дата обращения: 21.01.2021).
6. Кулумбегова Л.А. Региональные особенности социальнопсихологической адаптации семей военнослужащих / Л.А. Кулумбегова // *Проблемы современного педагогического образования*. -2018. - № 2. - С. 322-326.

## ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ БАР ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

**Кыдырбаева М.**

Болашақ ұрпақты сапалы білімді, жоғары деңгейлі мәдениетті, тәлім-тәрбиесі заманы мен өмір сүретін ортасына сай етіп даярлау білім беру саласына қойылатын жетекші міндеттердің қатарынан саналады. Адам баласы қоғамда өмір сүргендіктен, оның әрқилылығы, түрлі әлеуметтік, психологиялық факторлар оқу-тәрбие үдерісіне әсер етпей қоймайтыны сөзсіз. Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік дағдарыстық үдерістер адам психологиясында үрей, қорқыныш, қатыгездік сезімдерінің көрініс табуына әсер етуде. Еліміздің нарықтық экономикаға өтуі, материалдық игіліктерге қызығушылықтың артуы, балаларға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбеуі девиантты мінез-құлқы бар балалардың пайда болуына және көбеюіне теріс ықпал етуде. Одан бөлек әрбір тұлғаның дұрыс қалыптасуы үшін сандаған ішкі және сыртқы факторлар да, үздіксіз әсер ететіні тағы бар.

Девиантты мінез-құлық дегенде, көз алдымызға бірден теріс сипатқа ие тұлғалар елестейді. Девиантты мінез-құлқы бар оқушылар – оқу-тәрбие үрдісіне көне алмай, қоғамға жат нәрселермен әуестенген (аутоагрессивті мінез-құлық (суицид), қылмыс, бопсалау, буллинг, зиянды әдеттерге әуестік (темекі, наша), бейберекет жыныстық өмір (ерте жүктілік), отбасы мен білім беру ошақтарынан, айналасындағылардан үлкен көмек қажет ететін қоғамның мүшелері. Қандай теріс сипатқа ие болса да, оларды түзету, «қатарға қосу» гуманизм мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделетін әрекет деуге болады.

Девиантты мінез-құлқы бар оқушылардың келешекте жақсы азамат болып қалыптасуы үшін мектеп пен отбасы ықпалдастығын арттырудың, қоғамның басқа да тәрбие институттарын (арнаулы оңалту орталықтары, фондтар, бірлестіктер т.б.) жұмылдырудың маңызы зор.

Мақала аясында девиантты мінез-құлқы бар оқушылармен мектепте жүргізілетін психологиялық жұмыстарға тоқталмақпын. Білім беру жүйесінде психологиялық қызмет жеткіншектердің өзін танып, бойындағы теріс әрекеттерді тану және оның алдын алу, дамыту-түзету жұмыстарын толық қамтитын эффектілігі жоғары іс-шаралардан тұрады.

Еліміздің бірқатар мектептерінде бүгінде қолданысқа ие болып, тиімділігін көрсеткен әдіс-тәсілдердің бірқатарын назарларыңызға ұсынбақпын.

Девиантты бала өзіндегі мәселені көре білу үшін бірқатар әдістемелерді қолдануға болады. Әдістемелер психодиагностикалық, психокоррекциялық бағыттарды қамтиды.

1. «Өзімді бес саусағымдай білемін!» әдістемесі. *Мақсаты:* оқушылардың өз бойындағы жақсы-жаман қасиеттерін сараптап, өзіне сыни көзқараспен қарауға дағдыландыру.

Әдістемені жүргізу үшін А3 форматындағы парақ, түрлі-түсті фломастерлер қажет. Қағазға оқушыларға өз қолдарының контурын салдырып, оң қолының әр саусағына «Сіздің бойыңызда кездесетін бес артықшылығыңыз бен жақсы қасиеттеріңізді жазыңыз», ал сол қолына керісінше «Сіздің бойыңызда кездесетін бес нашар қасиеттеріңізді жазыңыз» деген тапсырма беріледі.

Әдістемені жүргізу кезінде оқушылар тарапынан, «Өзімді қандай екенімді білмеймін», «Өз-өзімді мақтай алмаймын», «Кемшілігім мүлдем жоқ» т.б. сияқты жауаптарды естуге болады. Мүмкіндігінше әр баланың жауаптарына көңіл бөлуге тырысқан жөн. Бес қасиеттерді жазған соң, оң алақанға оқушы өзі жазған қасиеттерді дамыту үшін, ал сол алақанға жазылған теріс қасиеттерді жою үшін не істеуге болатын өз ұсыныстарын жазып шығады. Оқушылардың жауаптары ұқсас болуы мүмкін, дегенмен сезімтал маман

оқушылардың жұмыс жасау кезіндегі эмоциясына, белсенділігін де назардан тыс қалдырмау керек. *Әдістемені жүргізуден күтілетін нәтиже:* өз басына сыни көзқараспен қарап, рефлексия жасауға қабілетті тұлға. Аталған әдістемені тренинг, сұхбат барысында, тәрбие сағаттарында қолданудың да артықшылығы жоқ. Аталған әдістемені ата-аналармен де, педагогикалық ұжым мүшелерімен де жүргізуге болады.

2. «Эмоционалды шарлар» әдістемесі. *Мақсаты:* адамның түрлі психологиялық күйі мен эмоцияларды тану, олармен жұмыс жүргізе білуге үйрету.

Электронды тақтаға әр түрлі түстер көрсетіледі. Оқушылар сол түсті көргенде, қандай сезімде болатынын, сол түспен немен ассоциация жасайтындығын айтады. Оқушылар кезектесіп жауап береді. Әр түске жеке-жеке тоқталып, бірнеше пікірлер тыңдалады. Мәселен: «қызыл – агрессия, қатты қуаныш, махаббат, қызғаныш түсі. Қызыл түсті көргенде Қытай, Туркия мемлекеттерінде жүргендей, қызықты мерекелік іс-шарада жүргендей күй кешемін», «Қан төгіс пен адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төніп тиірғандай қорқыныш сезімі болады» т.б. түрлі диапазондағы жауаптар тыңдалады. Кейбір оқушылар осы тапсырма барысында ішкі сезімдерін жазбаша (сурет) түрінде жеткізуі де мүмкін. Сол себепті суреттік нұсқасын да салдыртып, оқушыға өз жауабын әңгімелеп беруді ұсынуға да болады.

Әдістемені сынып оқушыларының жас. жеке ерекшеліктеріне қарай икемдеуге болады. Бұл әдістемені одан әрі психокоррекциялық бағытын дамыта түсу үшін арнайы үрлемелі шарлардың қызыл және көгілдір түсін әр оқушыға бере отырып, мынадай нұсқаулар беріледі:

- ✓ Ең алдымен тыныштық күйге түсеміз.
- ✓ Соңғы кезде бізді толғандырған мәселені ойымызға ала отырып, терең тыныс аламыз.
- ✓ Бұл жай тыныс емес, сіздің ішіңізге сыйып тұрған мәселеніз.
- ✓ Ол бүкіл жан-дүниемізді жайлап алмас үшін, алдымыздағы қызыл шарларды үрлейміз, яғни мәселемізді шарға жібереміз.
- ✓ Алдымыздағы шар енді қарапайым шар емес, біздің мәселемізді ішіне сыйдырған «кішкене қойма». Оның аузын байлап, мықтылап бекітеміз.

Бұл қызыл шар оқушының проблемасына арналады, оның сыртына балалар өз эмоциясын білдіретін смайликті салады. Бұл шарға ат қояды. Мысалы: «Ашуланшақ», «Ренжігіш бала», «Қызғаншақ» т.б. Дәл осы әдіспен, көгілдір шарға тек жағымды, қуанышты сәттерді үрлеп, саламыз. Оған да оқушылар ат қойып, сәйкес смайлик салады.

Оқушылардың бәрін шеңбер бойымен тұрғызып, әр оқушы екі шарын көпшілікпен таныстырады, салған суретін көрсетеді. Психолог барлық жауаптарға қысқаша комментарий жасай отырып, қажет жағдайда толықтыра түседі. Содан кейін әр оқушыға бір-бір инеден беріп, мынадай нұсқау береді: «Қолдарыңыздағы инемен тек бір шарикті жаруға рұқсат. Шарикті жару кезінде мәселенізге бір нақты команда бере отырып, өзіңізге бір комплимент айтыңыз!».

Оқушылар көгілдір не қызыл шарикті таңдау өз құзырында. Шарикті инемен тесу кезінде алынатын жауаптарға тоқталып өтейік. Оқушы өз проблемасына «Жойылып кет!», «Бұдан былай жолама» т.б. деп, артынан «Менің қолымнан келеді!», «Мен мұны да жеңіп шықтым!», «Арман жарайсың!», «Мен ақылдымын!» т.б. деп комплимент айтуы ықтимал. Оқушылардың жауаптарының сан алуан болуы және барынша эмоционалды түрде шарды тесуі қуанатын жайт, себебі бала бойындағы жинақталған теріс әрекеттерді жеңуге құлшыныс танытып жатыр деп түсінеміз. Күтілетін нәтиже: эмоционалды реңктерді ажырата алатын, өз мәселесін өзі шеше алатынына көзі жеткен тұлға.

Әдістеме аяғында бірқатар рефлексиялық сұрақтар қоюға болады:

- Қай шарды жарамын деп шештіңіз? Не себепті?
- Шарды жару кезінде қандай сезімде болдыңыз?
- Қалай ойлайсыз, мәселені тудырған және шешкен кім болды?

Жұмыс жасау барысында кейбір әсершіл, эмоционалды (жылап, айқайлап т.б. әрекет жасаған) оқушыларға психологиялық кеңес беру қажет болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде психологтан елгезектік пен мәселені дер кезінде шешуге креативтілікті қажет етеді.

3. «Мен саған сенемін» әдістемесі. *Мақсаты:* оқушылардың жеке бас қасиеттерін танып, олардың өзіне және айналасындағыларға деген сенімін қалыптастыру.

Әдістемені жеке, жұптық, топтық формада да жүргізе беруге болады.

*Жеке формада* оқушының алдына бір-бірінің ішіне салынған 3-4 шеңбер жиынтығын беріп, өзің сенім артатын адамдарды шеңберлерге орналастыруды өтінеміз. Ең ортаңғы шеңбер – оқушының сенім артатын тұлғасы, ол өзі, ата-анасы немесе досы т.б. атын жазуы мүмкін, кейінгі шеңберлерде жазылған есімдер сол оқушы үшін маңызды, сенім артатын тұлғалар және ортадағы шеңберден алыс-жақындығына қарай бала өміріндегі рөлі де сәйкесінше бағаланады. Егер, оқушы өзін жазбаса оның өзіндік бағасын көтеруді, өзіне сенім артуды үйрету қажет болады.

*Жұптық формада* оқушылар жұп болып бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады, психолог нұсқауына сәйкес тапсырмаларды орындайды. Ол тапсырмалар «әр жұптан бір сақина, бір сағат, бір кітап» әкелу т.б. түрінде беруі мүмкін. Тапсырманы орындау барысында жетекшілікті ала берген оқушының көшбасшылық, ал нұсқауды орындағанда өз заттарын оңай беріп, жетекшіге бағынышты болған екінші сыңарының бағыныштылық қасиеті басым екендігін байқаймыз. Ойынды түрлендіріп, ойындағы жұптарды ауыстырып, екі белсенді, екі енжар адамды жұптастырып та өткізу қызықты болады, оқушылар туралы бірқатар мәліметтер алуға мүкіншілік жасайды.

*Топтық формада* оқушылар шеңбер болып тұрып, кезектесіп қасындағы оқушыға «Мен саған сенемін, өйткені сен жақсы адамсың!», «Мен саған сенемін, өйткені сен сыныптағы ең батыл жансың!», «Мен саған сенемін, өйткені сен ешқашан өтірік айтпайсың!» т.б. деген сияқты комплименттерді атап өтеді.

Жүргізілетін әдістемеден күтілетін нәтиже: өзіне және айналасындағылармен ілтипатты қарым-қатынас жасай алатын, сенімділігі қалыптасқан тұлға.

Қорыта келгенде, мектептің психологиялық қызметінде біз ұсынған әдістемелермен қатар көптеген тренингтер, сұхбат, коммулятивті әңгіме әдістерін т.б. көптеп жүргізуге болады. «Ең жақсы әдіс – тиімді әдіс» демекші, кез-келген мәселенің шешімін табу үшін әдістерді дұрыс іріктеп алудың, оларды шебер қолданудың маңыздылығы зор. Девиантты мінез-құлқы бар оқушыларды қайта тәрбиелеп, оңалтқаннан гөрі, не нәрсенің де алдын алу әлдеқайда тиімді екені даусыз. Сол себепті, мектеп психологтарына оқушыларға психологиялық қызмет көрсетуде ғылыми-теориялық және әдістемелік жағынан сауатты әдістемелерді қолдану, өз әрекетіне рефлексия жасау, өз жұмысының нәтижесіне мониторинг жасау бірізділікте жүруге тиіс деп санаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әлқожаева Н.С., Ертарғынқызы Д., 2013 © Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013.
2. Сматова К.Б., Махашова П.М. Жеткіншектердің ауытқушылық мінез-құлық психологиясы. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз: «Дулати университеті», 2020. – 85 б.
3. Даулетқұлова А., Оқушы тәрбиесіндегі мектеп пен отбасы ықпалдастығын арттыру жолдары. Әдістемелік құрал. – Тараз, 2021. – 56 б.
4. Рахмбердиева Г., Қиын оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері. – Тараз, 2022. – 34 б.



**«ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН АЛДЫҢ АЛУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ  
КӨЗҚАРАС: МӘСЕЛЕЛЕР, ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ШЕШІМДЕР» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ  
11-12 мамыр 2023 жыл**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«МУЛЬТИДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД В ПРОФИЛАКТИКЕ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ  
ПОДРОСТКОВ: ПРОБЛЕМЫ, ВЫЗОВЫ И СОВРЕМЕННЫЕ РЕШЕНИЯ»  
11-12 мая 2023 года**

***COLLECTION OF WORKS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
«MULTIDISCIPLINARY APPROACH IN THE PREVENTION OF SUICIDAL BEHAVIOR OF  
ADOLESCENTS: PROBLEMS, CHALLENGES AND MODERN SOLUTIONS»  
May 11-12, 2023***

**Конференция материалдар жинағында жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына,  
грамматикалық қателеріне редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді, жауапкершілік мақала  
авторларына жүктеледі**

**Сверстано и отпечатано с авторских оригиналов  
Ответственность за научное содержание и грамматические ошибки несут авторы**

**Есепті б.т. 42,3 Шартты б.т. 37,4  
Қағазы офсеттік  
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана  
Тапсырыс № 57**

---

**ХТИИ баспаханасы,  
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 75А**









